

МҰХАМЕДҚАЛИ БАЙМҰХАНОВ

# АДАМДЫ ӨЗ АТЫМЕН АТАЙТЫН ХАЛЫҚ

## Сыр - әсер, ой - толғам, ғибрат

МҰХАМЕДҚАЛИ БАЙМҰХАНОВ

# АДАМДЫ ӨЗ АТЫМЕН АТАЙТЫН ХАЛЫҚ

Сыр- әсер, ой- толғам, ғибрат

Қарағанды 2011

**УДК 821.512.122**

Б-20

Б-20 Баймұханов. Адамын өз атымен атайтын халық: Қарағанды қ., 2011 ж., 472 бет.

ISBN 978-601-7020-27-9

Бұл еңбегімді;
**Қазақстан Тәуелсіздігінің**
**20 жылдығына,**
**Бұрын – соңды тәуелсіздік**
**үшін күрескен қазақ**
**халқының арыстан жүректі ер-азаматтарының рухына арнаймын!**

Осы кітапты мереке қарсаңында шығаруға қолдау және көмек көрсеткені үшін; Қарқаралы ауданының Әкімі, қазақтың айтулы, халқының қамқор азаматы - **Халел Мұқатайұлы Мақсұтовқа** автор аса ризашылық білдіреді.

Пікір жазғандар: «Қағанат» мәдени-ғылыми зерттеу орталығының Президенті, Президент жанындағы адам құқықтары жөніндегі комиссияның сараптама-талдау кеңесінің мүшесі, «Экология» Халық академиясының академигі, ҚР Мәдениет қайраткері, белгілі жазушы, ғалым Бейбіт Төлеубайұлы Сапаралы;

Арман Бақтиярұлы Қани, белгілі қазақ ақыны, Павлодар облысы Тіл басқармасы шығаратын «Ертіс дидары» газетінің Бас редакторы, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі.

Редакторы және баспаға әзірлеген:
Шанышқұлбаева Жанара Кенжеғарақызы

**УДК 821.512.122**
**ББК 84(каз-7**

**ISBN 978-601-7020-27-9**

© Баймұханов, 2011

# ТӘУЕЛСІЗДІК АЯСЫНДА

## (Алғысөз орнына)

Қарағанды жаңарып келеді, жаңғырып келеді. Бұрын қалай еді, есімізге түсірейікші. Қала тарихы алыс емес. Кеңестік қайнаған қазаншық жыртық шалбар, көп етікпен салынған Одақ аталатын кебеже қарын, кең құрсаққа темірді де, көмірді де өндіру үшін салынған индустриалды деп аталған қала бұл. Иә, 1933-1934 жылдары салына бастап орысқа да, қазаққа және басқа қаптап келген ұлт өкілдеріне нан жегізгені рас. Нан берді, одан артық ештеңе бермегені де рас. Қарағанды сол кезде Кеңестік жүйенің нағыз прототипі болып тұрды. Ірі заводтар мен шахталар жұмыс істеген соң, жұмысшылар көп болған соң, жабдықталу жағынан бірінші орында болды. Басқадан артықтау ақшаны шахтерлер алды, завод жұмысшылары алды. Ақша табылған жерде қызғалдақтың қызығы әлі де аласұрды. Сырттан келген келімсектер есіктен кіріп, төр менікі деп шығып алды төрге, шахтаға солар түсті, заводқа жұмысқа солар түсті. Яғни бұл өмірдің қызығын да солар көрді, курорт, демалыс үйлері тағы басқа әртүрлі жеңілдіктер, үй алу, пәтер мәселесі деген солар үшін болды. Ал біздің қазақ өз жерінде өзі өгей болды. Қалаға келіп жұмысқа түсейін десе, әртүрлі мүйіздеулер әлгі келімсектер тарапынан болды, олардың айтқаны бірі бастық, бірі кәсіподақ. Үй жоқ, ол уақытта үй сатылу деген ұғым жоқ. Үй алу үшін кезекке тұру керек. Оның жайы болмайды. Болмайтыны жұмысқа түсе алмайды, себебі не мамандығы сәйкес келмейді, не құжаттары дұрыс емес. Қайтсе түсек болғандардың да тауы шағылады, өйткені тұратын жері жоқ. Қалада бір-екі мейманхана болды, онда қанша келсе тығыз, оның алдында отыратын мейманхана әкімшілігінің әйелдері

сылаң қағып жүргенде жер-су бастайды, дәл бір ханымдар секілді еді. Мейманхана демекші, мейманханалар неге екенін кім білсін, Кеңестік жүйенің бір осал жері еді. Кейтеп салып тастау әміршілдік жүйенің қаперінде болмады ма, әйтпесе адамды мұқтаждыққа әдейі тәуелді етіп қою үшін жасаған арам бақай-есебі ме оны білу қиын еді. Әйтеуір жетіспейтін нәрсе өте көп еді. Қазіргі ең арзан дүкен сөрелерінде үйіліп тұрған үнді шайлары, ауылдағы шопан-шомыт, сақманшы-сақпыт, қойшы-қолаңтарға жағымпаздық тәуір еңбегі үшін сыйлыққа берілген. Сіздерге бұрынырақтағы бір өзім куә болған көрінісін айтайыншы, Қарқаралы ауданына қарасты бір кеншарда Кеңес дәуірінің дүрілдеп тұрған шағында әр күзде қараша айының ортасында «механизатор күні» деген өтетін. Ауылдың дені осы «механизаторлармен» байланысты болған соң, бұл өзі үлкен халықтық мереке ретінде аталып жатады. Сонда ең озат деген трактор, комбайн айдаушыларға бір жыл қорытындысында деп ең алдыңғысына бірер кілем, одан кейінгісіне сағат, одан кейінгісіне бір келі шай, осындай дәрежеде сыйлықтар берілетін. Айтпақшы сақал қырғыш, радиоқабылдағыштар берілетін. Ортаңғы күні түкке тұрмайды. Кеңес дәуірінің күштеңдік, теңсіздік психологиясы қалыптастырғаны сонша әлгі бишаралар соған риза болатын. Ал әлгі сыйлықтардың өзі бәріне бірдей тие бермейді ғой, жетпегендері қатты өкпелейтін, мұның аяғы партұйымдарға, одан жоғары партұйымдарға шағымдар, арыздар жөнелтумен бірге аудандық, облыстық газет-журналдарға ұшырасып жағдайлары болушы еді. Сонда осындай сыйлық ала алмай ренжіп, ашуланып шыққан «К-700» тракторының айдаушысын бір жұбатқаным бар еді. Сонда мен оған айттым, -әй, пәлепиле, елге таратып жатқан сақал қырғыштың сенің жыл бойғы түгің, анау ашып трактордың ішінде отырып бір сағат ыстық пен құлақ тұндырар дауысының әсері болмас, ол еңбекке өлшеу жоқ деп иландырғандай болып едім.

Тағы сол уақытты, айталық осыдан он бес жыл бұрынғы уақытты еске алайықшы, ондағы қай қалаға барсаң да, өң жоқ, түс жоқ сұрқай үйлер, нөмері, цифры болмаса айыра алмайсың, бір-біріне сондайлық ұқсас. Адамды мәңгүрттендірудің Кеңестік жүйе ойлап тапқан айласы. Осы үйлер Қарағандыда әлі де әрине көп. Бірақ олар жаңа түр, жаңа сипат ала бастады. Бірінші сипат адамдар ауылдардан ағылып келіп тұрақтап жатыр, олардың барлығы дерлік халқымыздың өкілі. Яғни қазақ халқымыз. Майқұдықтағы әрбір үйлердің ауласы шүпірлеген балаға толы, қазақша балалар сөздері құлағыңды қуантады, бал-бұл жүздері жүрегіңді уантады. Келіп жатыр, бұл дұрыс қимыл меніңше. - Ойбай, ауыл босап қалды, жер босап қалды дейді. Қарап отырсақ, бүкіл қазақтың саны қаласы бір қаласы бар. Қытайдың Ухань деген бір орташа қалада тұратын ғана халықтың санына тең екен. Жер өзіміздікі ешқайда кетпейді, қайта онда (ауылда) тұрғындардың көшкен кеткені дұрыс. Қайта онда жүргенде бір-бірінің малына көз алартатын әдет бар қой, ал негізінде онда халық аз қалса малды да көптеп өсіруге болады. Ал ол өскен малды қалаға әкелмей қайда апарады. Сондықтан да біздің халық үшін дәл қазір бір миграциялық қажет үрдіс болып жатыр. Дүниелік интеграцияға кіру үшін қалаға келген өте дұрыс. Ауылда отырып мың жерден өркендедім десең де қаладағыдай болмайтыны және айқын.

Әттең ақылы жұмыс орындары болса!

Жетіспейтін нәрсе осы ғана. Қазір біздің халықта талап та, мықта да бар. Тек ақылды халық қой. Қолма-қол қалыптасқан жағдайға дұрыс ақылды баға бере алады. Қазір Қарағанды жаңа бір бояуға ене бастады. Сонау Майқұдықтың басынан сағаттап аса жүріп жолаушылар вокзалына дейін келсеңіз, көп жаңалықты көресіз. Көшелер тазаланып жатыр, әрленіп, боялып, жөнделіп жатыр. Жол жиегіне электр бағандары ор-

патылып жол тегістелін айтулы-айтулы жұмыстар атқарылып жатыр. Қаланың үлкен бір ауданы Қазыбек би бабаның атымен аталады. Қазіргі істелген, жасалған пәрселердің көбісі бір түске кіре ме? Анау бір мектеп жанындағы орыс баласы, алтын түсті шаштары жалтырап Қазақстанның көк байрағын көтеріп жатыр ойлап көріңізші, әрине, бұл ұрпаққа көп пәрсе әлі түсініксіз болуы мүмкін. 1950-60-70-80 жылдары өліп қалған қазақтардың біреуін алла тағала шексіз құдыретімен тірілте қалса, оған міне қазақтың ақшасы мынау Фараби, Абай, Әбілқайыр деп көрсетсеқ уалғаннан жүрегі жарылып кетіп қайта құлап қалар-ау!

1993 жылы қазақ ақшасы алғашқы айырбасталғанды есіңізге алыңызшы. Ғажап емес пе?

Сонда мен ақша айырбастап алып тұрған жас жігіттердің бір шоғырына көзім түсті. Тамашалап Абайға, Фарабиға, Сүйінбайға қарап тұр екен. - Әй, қазақ балалары мына аталарыңның суреті бейнеленген ақшаға арақ алып ішпеңдер, онда олардың рухы сендерден алыстап кетеді деп едім. Қаншалықты ұққанын қайдан білейін. Құптағандай бастарын изеп еді.

Он жылда білген адамға, ұққан адамға көп пәрсе жасалды, жасалуда. Қазіргі осы Қарағанды да жасалып жатқан көп құрылыстар, әдеби, мәдени шаралар бұрын жасалып па еді. Таяуда Академиялық лауазым алған Тәттімбет оркестріне барып тамашаладық. Арқа шымырлатар әсем саздар, әттең осы біздің әндер мен күйлер неге қысқа текті болады екен. «Сарыарқа» да, «Сарыжайлау» да басқасы да қысқа-қысқа. Әндерімізде сондай көбі екі, әрі барса үш шумақтан аспайды. Бірақ жақсы, дәмді пәрсенің қысқа болғаны да жақсы шығар. Қарағанды туралы ой толғағанда бұл туралы Ғабит Мүсіреповтың «Оянған өлке», Ғабиденнің «Қарағанды» романдары ерекше жазылып еді. Бергіндеу Зейін Шашкиннің

іргедегі «Теміртау» романы да Қарағанды бейнесін берген-дей еді. Ғабиден Мұстафиннің «Көз көргендері» осы өңірдегі қазан төңкерісінен кейінгі оқиғаларды өте жақсы суреттейтін шығарма еді. Бұдан кейінгі уақытта дәл қазақша жағынан Қарағандыны суреттейтін ұрпақ есіне түсірерліктей дүние туғанын естігеміз жоқ. Жайық Бектұров сияқты ағаларымыз бұған қабілеті болғанмен лагердің ащы азабы бойына жеткендіктен «тағы бірдеңедей жазып қаламыз ба» деп терең тақырыптарға бара қойған жоқ. Бірақ, Жайық ағамыздың бағы бар екен, қысылып іштегі шерін шығара алмай жүр екен. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында-ақ қарымды қаламын сілтеді-ақ!

Бұған дейін жеткізгенін осы төрт-бес жылда жазғаны тең шығар-ау. Кезінде бағы болғанда, күнінделік бегі қайтпаса талай үлкен дүние жасайтын ағамыз еді. Бірақ енді осыған да тәубә дейміз. Кейінгі ұқсататын, ұғатын ұрпаққа ғибрат боларлық талай дүние тастап кетті.

Қарағандыда бұрын-соңды да, қазір де әдеби орта қалыптасқан жоқ деуімізге болатын шығар. Мұның ба-сты себебі әміршілдік-кеңестік жүйенің тек әр республика астаналарында ғана бір-екі баспа қоғамы жазушылар және журналистер Одағы құруы «салты аздқа ас құйып, сабына қарауың» қоғы бистің себеп еді. Әйтпесе Қарағандыда әдеби орта талапты лық аздығынан, кемдігінен болған жоқ.

Кезінде Шашубай, Доскей, Ғаблиман Игенсартовтар, іле талантты Әлмажар Теміржанов, Мақсұт Байсейітов, орыс ұлтынан Д.Осыкин, М.Балыкин, Ю.Попов сияқтылар әрі за-мандау буындерек, бертінде тіпті талаптылар мен талаптылар көптен шықты. Қожымағанбет Алматы кетті, қиын, шаршан-шылдыққаны елде қалды, кейіннен бойындағыларды жоғалтты. Айтыстар қазіргі тәуелсіздіктің бір атрибуты ретінде өтіп жатыр. Талантты халықтың бір ғажап сипаты.

Жоғарыда аталған ақындар өздерінің бар мүмкіндігін аша алмай кетті. Әрине, тағдырдың жазуына дауа бар ма, олар өтті, енді олардың соңында жаңа буын олардың бастағаны іспетті, інілері іспетті жаңа ұрпақ жаңа заманды, тәуелсіз қазақ елін жырлауда.

Өзім қалам ұстаған адам болған соң өзіме жақсы белгілі, кейбірімен таныс, біліс сол заманның қиындықтарына жеңіп бүгінгі күнге қаламдарын мықты ұстап, өз мамандықтарынаа, тілге тағынтынның алдында адалдық көрсетпей келген қаламгерлердің атын айта кету де орынды деп білемін. Серік Ақсұңқарұлы бастаған қаламгерлер: Қарағанды облысының оның ішінде Қарқаралы, Ақтоғай өңірінен шыққан Әбзал Бөкенов, Дәуітәлі Стамбеков, Сұлтандік Жапысбаев, Төкен Әлжапов, Сәбит Бексейітов, Аманжол Қанафин, белгілі жазушы-романист Сапарғали Ләмбеков, Мақсым Омарбековтар бұрынғы жүйемен өздерінің аңыттерін аямай арпалысып бүгінгі күнге жеткені аян. Бұлардың қай-қайсысы болса да, мемлекеттің де халықтың құрметін иеленуге құқығы бар адамдар.

Қарағанды туралы сөз болғанда бұрынғы Кеңестік жүйе кезінде басқа ұлт өкілдері пайызы жағынан ең жоғары орында болған облыс еді. Сол уақыттарда 14% пайыз ғана жергілікті ұлт өкілдері облысты жайлайды деуші еді. Ендеше Қарқаралы, Егіндібұлақ, кейіннен қайта қосылған Ақтоғай, Шет аудандарын және Жаңа-арқаны қосқанда жергілікті ұлт деп сонда тұрғанда. Қарағанды қаласының басын елестетіп көріңіз, әрі барса 2-3% пайыз ғана қазақтар болды. Олардың өзі студенттер еді көбісі. Көшеде де, автобуста да, ресторан, мейрамханаларда да қазақ сөзі естілмеді. Бір үйде бір қазақ жанұясы не бар, не жоқ кез болды.

Сол кезде арақідік келіп қайтқанда жүрек жылап күйзеліп қайтушы едік. Сол заманның әсерінен бұл күнге

Қарағанды қаласының өзінде тұрғылықты жастардың басым көпшілігі дерлік өз тілін білмейтін мәңгүрттер. Ал мәңгүртте отансүйгіштік болмайды, өйткені ол орыс та емес, қазақ та емес дүбәра. Міне, осылардың проблемасы бар деп білуіміз керек сияқты. Өйткені бұлардың ата-аналарының дені жұмысшы-шахтер кеңілдері қалалану болып келіп, енді дүниенің бәрі орысқа айналады деп түсініп, өз тілдеріне сатқындық жасаған. Сондықтан бұларды құжатына қарап қазақ дегенмен, қазақтық ештеңе қалмаған, яғни түрі ғана қазақ. Сондықтан бұларға ауылдан келген қазақтар тілден, әдебиеттен мақұрым қалған бұл бейшараларға көмек, көмек болғанда рухани көмек беру керек. Өткен жүйе кезінде тіліміз өте жүдеу тартты. Өз елімізде өз тілінде сөйлей алмаудан өткен қасірет бар ма, бұл тілдегі полигонның зардабы сияқты өте ауыр нәрсе еді. «Қарнымның ашқанына емес, қадірімнің қашқанына ренжимін» деген бабалар мақалы осыған дөп келмей ме. Тілдің қолданысының азаюы, өте көп жағдайда шұбарлануына әкеліп соқты. Орыс сөздері мен көптеген терминдердің ауыз екі сөзде көптен қолданылуы тіліміздің әдеби нормаларын өте жүдетті. Бірақ «Қорғында да бар оңалар»-деген даналық тағы бар, қазіргі тіліміз, мың тәуелсіздік алған он жылда табиғат бар шуағын мейірімін төгіп тұрғаны сияқты, тілімізде бар шұбарлықтан арылып мәйектеліп, өзектеліп келе жатыр. Әсіресе бұрын-соңды сілкініс қалада байқалады. Қарағандыға Ақтоғай, Егіндібұлақ, Қарқаралы, Шет өңірінен көшіп келушілер қазақ тілін өте жақсы біледі, сөйлейді, қолданады. Әсіресе жас бүлдіршіндер сыңғырлаған дауыстарымен қазақ тілінің бар болмысын бере сөйлейтіні үлкен әсерге бөлейді. Түркі тілдерінің ішінде баяуы бай, тілге ең бір жетік тіл-қазақ тілі екені мәлім. Ол таяу уақытта Ел басының қамқорлығымен және облыстардың басшылары, яғни облыс әкімдерінің

арқасында жүзеге асады десек қазірдің өзінде оған көзіміз жеткендей.

Қарағанды облысының әкімдігі және оның басшысы Серік Ахметов қала халқы үшін маңдай терін төгуде. Қала әкімшілігі, жылы жүзді Әбдешев мырзаның көптеген шаруа атқарылып жатқанын көзіміз көруде. Қала әкімінің сәулеттендіру және абаттандыру жөніндегі орынбасары аса іскер азамат Халел Мұқатайұлы Мақсұтовтың үнемі іс үстінде жүретінін көп ел біледі. Алты жүз мыңдай адам тұратын Қарағанды үлкен архитектуралық сәулеттелу үстінде. Оңтүстік-Шығыстағы Тәуелсіздіктің он жылдығына арнатпап сұхапа-демалыс жайы бірегей құрылыс. Үлкен мешіттің құрлысы қызу қарқынмен жүруде. Тұрғын үй қорлары да салынуда, әрине, оның бағасы жөнінде әңгіме қозғау қиын. Ол жөнінде әңгіме басқа болар.

Қарағанды облысының әкімшілігі құрамының атқарып жатқан жұмыстары өте ауқымды, айдынды көрінекті.

Облыс Әкімі Серік Ахметов бастаған мемлекет қызметерлерінің қазіргі қызметі тыңғанлегі тәуелсіздіктің айнасындай. Өйткені бұл лек тағдырдың өзі берген, ешкенге өкпе қылмайтын, шын мәнінде Қазақстанды өркендетуге, сол арқылы халқын, елін, жұртын өркендетуге күш салатын өрендер екенін, көңілі соқырлардан басқаның көзі жеткендей. Көзбен көргенді айтайықшы. Қарағанды ішіндегі жүріс-тұрыс артериясы істейтес бес бірдей көпір күрделі жөндеуден өтуде. Стадион швейцарлық технологиямен жөнделіп, халықаралық стандарттарға сәйкес жабдықталуда. Мақсат: Халықаралық жарыстар өткізу жағдайында болу. Қала орталығындағы фонтан 25 метрге су шашыратпақ, Қазақстанда әзірше бірдің- бірегейі. Вокзал алаңы, тағы айтайық, этнопарк ғажап құрылыс! Онбір жылдай діңкелеп тұрған орталық мешіті тікелей облыс әкімінің араласуымен бітіп, елбасы өз

қолымен шыққаны еріп өсіп келе. Су бұрқақтар көптеп салыну-да. Майқұдық паркі жаңартылып, жақсарып қалды. ҚарМУ маңайында да әдемі бұрқақ ашылуда.

Не нәрсе жасалса да өз бетімен жасалмайды, оның басы-қасында мәртебелі адам тұрады. Ендеше Қарағанды облысы әкімшілігінің тәуелсіздіктің жиырма жылдығы қарсаңында істеп жатқан жан жадыратар жұмыстарына қас күйініп, дос сүйінтерлей. Көңілдің адамы едік, өтірік мақтанға қас едік. Сондықтан сенбегендер болса көзімен көрсін дейміз. Осы жұмыстардың барлығы нәсіп болса Тәуелсіздіктің он жылдығына дейін аяқталмақ. Теміртау қаласы әкімшілігіне бір соққанымызда үлкен бөлім бастығына телефон шалып жатты, әңгіме бұрынғы Ленин проспектісін Республика даңғылы етіп атау туралы ономастика комиссиясына ұсыныс, және бұрынғы Бейбітшілік бульвары «Тәуелсіздік» мүйісі бола ма, орамы бола ма осы туралы ұсыныс жасалмақ екен. Қуанайық, тәуелсіз елдің азаматтары. Өйткені елде өзіміздікі, жер де өзіміздікі!

Сәулеттендіру әр көше бойында жүруде. Сүреңсіз үйлерге осы жұмыстар келбет беруде. Кейінгі кезде бағы жанбай кет-кен, бір кездегі үлкен байлардың ойрайлы, жұтымды қонысы болған Майқұдықта сәулеттендіру қолға етек алды. Сүреңсіз-ден тұрған ескі трамвай темір жолдары алынып тасталып көше тазалығы мен сәулеттендіру бір мезгілде жүргізілуде. Жасы-ратыны жоқ, Тәуелсіздік пен екі ортада иессіздік сияқты бір кезең болған, сол кезенде Ресейге де, басқа жұртқа да От-ансыз жүргізер жөңкеліс жанелді, соның салдарынан босап, қаңырап қалған біраз үйлер де қайтадан өз халқымыз қоныс тебуін жатыр. Кейінгі үш жылда жылу да, жарық та газ да қалпына келді. Алайда келіп жатқан халық үшін тағы айта-мын, ақылы жұмыс орны жетіспейді. Әрине, бұл жөнінде об-лыс, қала әкімшілігі қарамы қол қусырып жатқан жоқ, қолдан

кентеннің бәрін жасауда. Бірақ сонда да, ауылдан келген мұғалім, дәрігер, зоотехник, айдаушы тағы басқа мамандық иелерінде қалада жүрулік болмай отырған сияқты. Осыдан барып олар қоныстануын қоныстана да пәтерақы, жылуақы, электрақысын төлеуде үлкен қиыншылықтарға тап болуда.

Қазақтың қасиетті жері Қарқаралыда да көптеген өзгерістер: оның Әкімі болып қарымды, ақылды, шешімді , Отаншыл азамат Хален Мұқатайұлы Мақсұтов барған соң көп өзгерістер, өзгеріс болғанда көркейе түсер деп үміттенеміз.

Ие, заман басқа, заман жаңарды. Дүниелік үлкен кеменің үстінде тереземіз тең. Біріккен Ұлттар Ұйымының Мүшесі-тәуелсіз Қазақстан да өз Байрағын көтеріп дүниелік мұхит айдарында жүзіп келеді.

Өткен жылғы Европадағы ынтымақтастық ұйымына жетекшілік еткен Қазақстан енді Ислам Конференциясына Төрағалыққа дайындалуда.

Сапар алыс, жол ұзақ, бірақ өзі ізгі, өзі батыр халықтың ұлдары, ұландары, қызғалдақтай желпілдеген қыздары қоңыр өңдерімен, нұрлы қара көздерімен алысқа, өте алысқа көз тігеді. Жол алыс болса да жететініне кәміл сенгендей. Сенгенде өздерін біреу алып барды деп емес, елінің, жерінің кеңдігімен, ақылдарымен қайраттарына сүйеніп үш миллион шаршы шақырым ұлан-ғайыр аймаққа сіңіп жатқан байлығын ұқсата пайдалана отырып жеткісі келеді. Бас-аяғы жиырма жылда осындай дәуірлеу кезеңіне жеткен Астана апқан, бүкіл дүниелік мемлекетке болған халық бірден дүр сілкінді. Сілкіндіде қара ауыр жамылғыны лақтырып тастады. Өз данышпанының соңына ерді, көтелесе өз көтелігі, көтерілсе өз биігі, алар асуы он асуы болмақ. Текті халық қандай қиын жағдайда жүрсе де өзінің тектілігін көрсетті. Жалынған жоқ, жалбарынған жоқ, қайсарлығын көрсетті. Енді міне оның да күні туды. өлгені тірілді өшкені жанды. Биылғы тәуелсіздік

жылы қарсаңында ақ жаңбыр, ақ нөсер домаласып жауып тұр, біз осы шығармамыздың басынан бері шиырлап келіп тоқтаған түйініміз, сүйікті қазақ халқының жайы-күйі еді, осы халықтың сүйген бір ұлы болған соң, осы кітаптың өзегі, осы халыққа деген сүйіспеншілік пен махаббат еді, айтыңызшы келгені, қандай дәрежеде оқушы көңіліне жеткізе алдық, төреші оқушылар сіздер! Іші өскен сезімге ерік беріп отырған жерлеріміз көп. Тәуелсіздігіміз құтты баянды бол-сын!

## Көп келдің, жаңа Заман – тәуелсіздік хабаршысы.

*Ұйықтаған ойды кім түртпек,*
*Көңілде сәуле болмаса.*
***Абай.***

Өткен ғасырдың соңғы жылдарында бүкіл қазақ қауымы үшін бір үлкен оқиға болды. Қарқаралыда, Сарыарқаның самалды өңірінде, таулы орманды аумағы Қарқаралыда Құнанбай қажы мешіті ашылды. Оқушыларымызға Құнекең жөнінде (олардың білгендерінің үстіне) бір-екі ауыз сөз айтсақ деміз.

Құнанбай Өскенбайұлы – Ұлы Абайдың әкесі, өткен ғасырдағы қазақ қауымының аса ірі тұлғасы. Оған осы жолдардың жазушы автор пайымдаған бір ойды айғақтпы. Қазірде бір адамды радиодан, газеттен, тіпті кино – видео-фильмдерден көрсетіп, қатты дәріптеп жатамыз. Бірақ, сол адамның аты ел жадында не аптаға, не айға жетпей ұмытылып қалып жатады. Ал Құнекең жөнінде бұлай салыстыруға да болмас. Бір айғақ – ол 150 жыл төңірегіндегі уақытта бүкіл

халқының рухани көсемі ретінде ел биліген, халқының азаттығы үшін қол бастаған, айта берсек дін таратушы (рухани көсем деген сөз), тағы-тағы қазақ даласына бүкіл жаңалықты да, жақсылықты да таратушы кемеңгер де, данышпан. Бірде-бір газетте аталмай-ақ, халқының жадында сақталып келеді. Сөз өнерінің сан-салалы ғажайып сыры бар ғой. Соның өзім байқаған бір кереметін оқушыларға айтайықшы. Мұхтар Әуезов-Мұхаң,халқын рух табалдырығынан төрге қарай жинайта сүйреген ғажап Мұхаң «Абайды» жазғанда Құнанбайды іштей отырады ғой. Мен өзім осы «Абайды» бастауыш класта оқып жүргенде оқыдым. Әрине, кейін де ізденіп, оптеп зерттей де оқыдық. Сөз өнерінің ғажабы деп отырғаным, «Абайды» оқығаннан кейін осында біздің көптеген әдебиетшілеріміз, айтпесе оқымыстыларымыз «біз кітаптан ұлы Абайдың жағымды бейнесін көре отырып, Құнанбайдың кесапаттылығын да көреміз», - деген сөзді мен сөз өнерін, тіл өнерін дұрыс пайымдайтын адам осы кітапты оқығанда, Құнанбайды жек көріп шықпайды, қайта оның ақылына тәнті болып, ерлігіне сүйсініп, данышпандығына тамсанып шығады. Мұхаңның жамандаған болып отырып кереметі астарлап, Құнанбайдың ұлылығын жеткізуі ғажап емес пе? Нағыз сөз өнерін түсінетін адам мұны сезу керек. Әрине, біздің жазып отырғанымыз әдебиет сыны емес, басқа нәрсені қамтуы себепті біз «Абайдан» бұған дәлел «мына жерде былай жазылған»,-деп келтірмей-ақ қоюды жөн көрдік.

Міне сондықтан да Құнанбай Өскенбайұлы өткен ғасырдағы Семей өңірі-мына жағы Қарқаралы, Шыңғыстау, Абыралы ғана емес, ұлан – байтақ қазақ даласына, елінде сол заманда – ақ аса белгілі болған қазақ халқының біртуар көсемі делінуі керек, келесі ұрпақ оның еңбегін, болмысын зерттей келе, оны тек ұлы Абайдың әкесі деп қана емес, халқының біртуар көсемі делінуі керек, келесі ұрпақ оның еңбегін, бол-

мысын зерттей келе, оны тек ұлы Абайдың әкесі деп қана емес, халқының қамын жеген үздік қайраткер, дипломат, саяси басшы ретінде қабылдауы даусыз. Өткен ғасырдағы қазақ қоғамы-өзі сияқты басшылар болмаса ассимиляцияға түсіп кету қаупі де болған.

Құнанбай қажы кейінгі зерттеулерден белгілі болғандай, Сауд Арабиясына, дәлірек айтсақ, Мекке шаһарына бірнеше рет барған. Алғашқы жолы өзі алла алдындағы парызын өтеу үшін барса, кейінгі жолдары «қажылыққа бірнеше барғаны, өзімен қоса маңайына да «шапағаты тиеді»,-деген ислам шариғаты қағидаларын ұстанған болу керек. Яғни, осы жолда сопы халқының күнәсін жеңілдетпек болған ардагерлігі көрініп-ақ тұр емес пе? Құнекең саясат, ел басқарумен бірге діп жолында өте аскет адам болған, пасықбай атқамінерлердің мұрнын сетік жіберу жазасымен өз ұлтын жамандықтан тыйып отырған.

Бірақ ол заман бұл заман емес екенін де еске алып отырған жөн секілді. Яғни, Күнекең ол уақытта қазіргі ел басшыларына қойылатын талап тұрғысынан қарау дұрыс болмас еді.

Міне, оқушыларымызға белгілі болғандай, дербес қайраткер - Құнанбай Қарқаралыда мешіт ашуды ойлапды. Бұл тұрғыда даланың саяси қайраткерлері, түстастары Жалпұтты Боташайұлы, Алшынбай сияқты ел басшыларымен ақылдасып және аға сұлтан ретінде қазіргі Қарқаралыда музей болып тұрған, аға сұлтан, артынан ояз кеңсесі ақ үйге тиісті нұсқаулар жасайды. Көптеген әртүрлі үкіметтік, шаруашылық, техникалық, қаржылық кедергілердің бәрін жеңіп, Қарқаралыда мешіт салдырады. Мешіт құрылысы сол уақытта деңгейімен алғанда өте ауқымды болған. Қарағай арнайы дайындалған, арнайы қарағай арасын жылымен мүк салу, шүйлерді қолдану, тағы басқа күрделі элементтерді

қолдаға отырып. 1856 жылы мешіт 3 жыл мүгдарында салынып бітіп, ашылған. Ашылу рәсімі, салтанаты қалай болады, өкінішке орай жазба деректер таңқызбады.

Бірақ әңгіме. Құнанбай қажы мешітінің бүгін өмірге қайта келуі болмақ. Бұл біз әрбір жаңа істің басталуы, аяқталуы жөнінде, шыныбызды айтсақ, сол жолда еңбек қылған адамдардың аты жөнін айқыныз келеді. Неге десеңіз, келешек ұрпаққа ғибрат, үлгі болсын деген пейілмен. Және осы жолдағы кедергі, қиыншылықтар да аз болған жоқ. Сондықтан да, Кеңес заманда салғызған мешіттің қалпына келуіне Қарқаралы ел жұрты. ниеттес, тілектес болды. Көбісі тамашалау ниетінде болды. Үлкен адамдар жағы, көзі қарақты адамдар жағы, Құнанбай қажы мешіті қалпына келеді дегенге сенімсіздікпен қарағандай күйлер де болды. Бір кішкене шегініс жасасақ, 1970 жылдардың басында халқымыздың айтулы ұлы - Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев Қарқаралыға келген. Ол кісі өткен жұмхурият жүйесіндегі ірі қайраткер болғанын жастар осыны оқып білсе дейміз. Кәрілер, орта жастағылар ол кісінің парасаттылығын, халқын ерте сүйгендігін біледі. Димекең Қарқаралыға келгенде маңайына адам жолау қиып, өйткені аяқ астынан жау іздеген сонау Сталин, Берия заманынан қалған қорықтан арылмаған қауіпсіздік комитетінің қызметкерлері еріп жүреді екен. Қарақаралының ағашы бар көрікті бір жерінде сый-сияпаттың мәзірлерін дайындаған облыс, аудан басшыларында және бүкіл халық бір жағы тамашалап, бір жағы көріп дегендей, алыс ағаш арасынан сығалаған күй кешкен. Көпшілік арасында таяқын тоқылдатқан, өңірлеріне орденін тағып, төс қалталарына басқа да документтерін салған, кейбір арыз айтқысы келген дербес зейнеткерлер де жүрінті осы арада. Димекең тиісті жерге түсіп, нөпір болып тұрған халыққа қарай жүргенде, алдынан сәлем беріп шығуға жараған бірде-бір адам болмапты.

Сол уақытта Қарқаралы Мәдениет үйін басқарған Сейітқұл Махметұлы сурет тартуышыны оңтайлап, реті келсе суретке түсіріп алмақ болып, бірақ «үлкен кісі» жанындағы ресми «үндемсетерлеп» жақындай алмай жүрінті. Сол уақытта Сәкең айтқенмен де басқалардан ұрымтатдау жерде тұрса керек, Димекең айнала көз тастай келе Сәкең Махметұлы өзі ер көңілді жайсаң жігіт:-Ассалаумағалейкум аға, -деп алдыша бір-ақ аттам жерге қас-қағымда желіп барғанда, Дінмұхамед Ахметұлы: «Амансың ба айналайын»,-деп, қолын алып мейірленіп, жүзіне шырай жүгіртіпті. Содан бір уақытта, діңгыршелтно пионерлерді алып келіп, өздері ылги қазақ балалары дейді, ішінен бір-еусуі: «Здравствуйте»,-дегенде, Димекең ұнатпай басын шайқапты. Мыналар неге қазақша амандаспайды?-деп, жанындағы обком, райком хатшыларына бимаза көңіл білдірткенді дейді, естіген, көрген жұрт. Міне осы жолы Д. А. Қонаев бір қағаберістеу кезеңде, аудан басшысы Махмет Сәкенұлы Бекіпке Құнанбай мешітінің халін сұрап, оны қалпына келтіруді тапсырған көрінеді. Бұл әңгіменің ішінде сол уақытта аудан басшылығының ішінде болған, Қарқаралы халқының өркендеуіне қолдарынан келген үлес қосқан Әріпов Ахметбек, Фазілкәрім Әбдірайымов, Хасен Әлиев, Мәди Беков, Ысмағанбет Дүйсетаев сияқты білімді, зерделі ақсақалдар болған.

Екінші бір сол, Ғабит Мүсірепов Қарқаралыдағы «Шахтер» санаторийінде 70-жылдардың жаз кезінде келіп дем алыпты. Міне Құнекең мешіті жөнінде, оның бұзылып тұрған халін көріп Ғабең: «Осыны қалпына келтіру керек, тіпті қорықсаңдар, әзірше мешіт деп емес, музей (мұрағат) деп жасаңдар. Одан кейін бір жөні болады ғой»,-депті. Бұл әңгіменің басы-қасында Сұңғат Нығыметжанов ақсақал болған. Шәкәрім Құдайбердиев: «Оуке деген-өмірде білгені, түйгені, оқығаны көп адам ғайыптан хабар береді. зулпе

дегені сол болса керек»,-деп сынық еткізіп, тастай салған. Шынында да қаншама оқып, көргеніміз көп болса да, бұдан үлкен, дөп айтылған анықтаманы өз басым кездестірген емеспін. Бұл жерде Ғабеңнің «зор жағында бір жөні болар»,-дегені, сол уақытта әлі қаймағы шайқалмай тұрған ескі системаның құлайтынын сезіп білген-ау деп ойлайсың.

Міне, Д. А. Қонаев сияқты, Ғ. Мүсірепов сияқты халқымыздың бір бастарына ақыл да, адамдық та сыйған азаматтарының қозғау салуымен және ескі системаның іргесі шайқалуы орайлас болып, 90-шы жылдар басында, Күнекең мешітін жаңғырту сол кездегі аудан басшыларының қолымен жасала бастады. Халық жоғарыда айтқанымыздай тілектес болды. Мешіттің сол кездегі жағдайы өте мүшкіл еді. Жоғарыда айтқанымыздай, 1857 жылы іске қосылған мешіт, 1930 жылға дейін халықты ислам жолына шақырушы, иесі Сары-арқаның сеңгірі  Қарқаралыда орнап, руханият орталығы болған. Көнекөз қариялардың айтуынша, сол кездегі дала халқын бас асаулықтан арылтуға үлкен себеп болған, ғылымға, білімге, дінге, адамдыққа үгіттеген үлкен мешіт-медреседе 1930 жылы соңғы рет азан шақырылып, тоқтап еді деседі. Бұдан кейінгі жағдайдың оңбағанын бүкіл халық біледі, асыра сілтеу, аша тұяқ қалдырмау, оңқай, солақай басшылар, қараңғылық түнегіне қайта бату, 1932 жылғы ашаршылық, соңғы мешіт имамының қала ортасында, базар алдында көптің бірі болып аштан өлуі, оқыған көз, естіген құлақ бәрімізге де жағымды бола қоймас. Содан бері көп су ақты, өмірдің көп ағындарынан кейін 90-шы жыл келді. Осы жерде Құнанбай қажы мешітінің өзі өткен ғасырдың 1857 жылы ашылған дедік қой, содан бері ғылым, білім, оқыту халдеріне кішкене тоқталайықшы. «Біздің Қарқаралы өңіріне діннің келуі ерекше, әрі қызықты»,-дейді ғұлама, осыдан бірер жылдың жүзінде өмірден озған

халқымыздың Қаныш сынды, Санжар сынды, Әлкей сынды, Мұхтар сынды, Ғабит сынды энциклопедист, эрудит-ғалымдар салатындағы соңғы көз, сол үлкен ғалымдар легінің соңғы тұяғы ізеттес болған аяулы ұстаз, ұстаз болғанда бір адамның емес, халқының ұстазы дәрежесінде күй кешкен. Әл-Фарабиді әйгілеп, халқымызға, бүкіл дүниеге сыйға тартқан, ғұлама абайтанушы, фарабитанушы, өзі маркшейдер бола тұрып (техникалық мамандық қой) әдебиеттің, өнердің, көптеген ғылым салаларын дилетант (дүмше) дәрежеде емес, терең дәрежеде ұғынған, халқына әр ғылым салаларынан кітап жазып, ғылым сәулесін таратқан, қадірлі Ақжан Жақсыбекұлы Машанов айтады: «Қазақ даласына дін біржағы Бұхарабағытынан азиялық түрде бояна келсе, екінші жағынан Қазан, Уфа бағытынан европалық түрде келген»,- дейді. Бұхари, Тәшкен бағытынан кірген Ислам көбіне мистикалық, софылық бағытты ұстанса, европалық бағыттан кірген Ислам қағидалары ағартушылық бағытты ұстанып, дінді тек тыңдаушы ретінде ұстануды ұсынады, яғни оның сырын, қырын түсіндіре оқытуды жақтаған. Ал, Бұхара, Тәшкен, Қоқан, Түркістан бағыты мистикалық-софылықты ұстана отырып құранды түсінбесе, оқып білген сауап деген ұғымды көбірек қағидаға айналдырған сияқты. Ал Қазан, Уфа бағытынан келгендер, тәпсірлер(түсіндірме сөздіктер) арқылы қасиетті құранның алла сөзі екенін оның мағынасын ұқтыру арқылы түсіндіретін интеграциялық прогресс бағытын ұстанды. Бір айтарлық жайт, осы жолдардың авторы көп уақыт бойы осы екі бағытқа да шама-шарқынша зерттеу жүргізген болатын. Сонда бір түсінгеніміз, татар ғылымдары өте үздік болған, яғни олар Исламды ғылым ретінде зерттеп, тіпті Шакабаддин Маржани секілді ғалымдары 200-300-ге дейін кітаптар жазған. Әрине, бірен-саран болмаса, Маржанидың көп еңбектері біздің қолымызға түспеді.

он Қазанда, Уфада мешіт-медреселерде, архив музейлерде болуға керек. Әрине қазіргі араб, түрік дін ғалымдарымен кездесіп пікірлескенімізде: сол Маржани сияқты татар ғалымдары жинаған шариғат канондарының, неше түрлі дұғалықтардың, шипалық-тұмарлардың байлығына таң қалғасыз. Және дін шыққан жерден гөрі, қабылдаған халықтар өте риясыз, бар болмысымен қабылдағанына риза болсын.

Жоғарыда келтірілген Маржани туралы оның үлкен жиһанкер-ғалым болғаны туралы деректер. Осының бірі-басы және аяғы жыртылып, өткен ғасырдың аяқ кезінде, Шахабаддин Маржанидің қайтыс болуының 10 жылдығына арнап, оның шәкірттері және әріптес болған әр елдегі Ислам ғалымдары ғажап естеліктер кітабын шығарған екен. Қазан татарлары тіліндегі осы кітапқа сол кездегі Қазан, Уфадағы дін ахуалдары туралы қызықты деректер өте көп. Оның көбісі Маржаниге қатысты болумен қатар бүкіл дін ахуалын ашуға көмектеседі. Бір қызық жері, осы кітапқа өткен ғасырдың ортасында Қарқаралыдағы Құнанбай қажы мешіті ашылғаннан кейін алғашқы имамы болған Хасан Хайрулла, тап осы Шахабаддин Маржанидің шәкірті. Осы аталған естеліктер кітабында Шахабаддин Маржани туралы Хасан Хайрулланың естелігі бар. Біздің осы баяндауымызға да арқа болып отырған жайт сондай үлкен ғалымның-Шахабаддин Маржанидің шәкіртінің Қарқаралы мешітіне имам болуы, сол уақыттағы діннің дилетантизмнен (дүмшелік) жоғары болуы қуандырады. Ашылғаннан күннен бері 80 жылдай уақыт сахара халқын, білімге, ғылымға, дінге шақырған қасиетті Құнанбай мешіті Сарыарқаның кіндігі-Қарқаралыда халықтың, елдің құты болып 1930 жылға дейін тұрған.

Маржаниды қазіргі Ислам және түрік дүниесі үлкен реформатор ғылым ретінде ардақтайды. Қазір Қазанда Маржани мешіт-медресесі бар. Осы естеліктер кітабындағы деректер

бойынша Шахабаддин Маржани теңдессіз ірі ғалым болған. Қазанның бір бай көпесі бұл кісінің бірнеше рет қажыға баруы-келу қаражатын көтеріп шығып. Сол қажыға баруы арнау сияқты әрі сауапты, әрі құрметті жолда, әрі қауіп-қатер мол қиын жолдан бір жолы Стамбул арқылы қайтқанында түрік сұлтаны сарайында Исмет-пашпа ма екен жоқ, Мехмед-пашпа ма екен, әйтеуір осылардың бірсуінің қабылдауында болған. Бұл өзі еуропаша білім алған, балаларының да еуропаша оқуын жақтаған, прогресті бағыттағы адам болса керек. Бұл пашпаның сарайындағы, қабылдауындағы болған адамдардың ой-өрісін байқап көру салты бар екен, білімі таяз күрмекірекгерді ұнатпайтын, білім, ғылымды қадірлеп соған қамқорлық жасайтын адам болса керек ниеті бар болғандай екен. Сол бала жағалай отырған хажыларға құрметтей сәлем бере, әрі арабша, ағылшынша, грекше, латынша, француз тілдерінде сөз тастапты. Сөйтсе, жағалай отырғандардың ішінен ешқайсысы әлгі сөздерге жауап бере алмапты. Сонда Шахабаддин әлгі бала қай тілде сөйлесе сол тілде жауап қылыпты. Анадай жерде төрдегі тақта отырған жассы бала сұлтанға: «апеу кісі ғалым екен, шырағым құрмет қылып қолынан сүйіңіз»,-депті. Сонда бала әлгінеп Маржани туралы естеліктер кітабында баяндалған. Маржани хәзірет үлкен тағылымды 300-ден аса кітап жазған делінген әлгі кітапта.

Бұл естеліктер кітабының 1880 жылдардың соңында шыққан нұсқасы, марқұм болған, қадірлі қазақ, ғалым Ақжан Әл-Машанидің болған. Сол кісінің нұсқауымен екінші бір нұсқасын осы жолдар авторы тауып алып оқуына оқып еді. Сонда осы Маржани туралы әттеген-ай, егер ол кісі мына ақпараттың, интеграцияның заманында өмір сүргендей болса, бүкіл дүниеге танылған ұлы ғалым ретінде танылар еді-ау деп ойлайсың. Бұл кісінің бір кітабы сол өткен ғасырдың аяғында ағылшын тіліне аударылып басылған болу керек.

Өйткені бұл кісінің жалғыз бізге мәлім суреті жоғарыдағы естеліктер кітабының ішінде жүр. Бұл суретті ағылшындар әлгі аударылған кітапқа көрсету үшін кәзіреттен рұқсат алып түсірген екен. Міне, бұл исламның реформатор ғалымы туралы азын-аулақ деректеріміз осындай. Қай заманда болмасын, дүмшеліктің жауы аз болады да, ғалымның жауы көп болады ғой. Ал, Ислам діні ғылымында да мұндай жағдай жетерлік. Естеліктер кітабы айтуынша, Марджанидің жаулары да көп болыпты. Біздің айтпағымыз, міне осындай ұлы ғалымнан дәріс алған Хасан Хайрулланың Құнанбай қажы салдырған мешітке имам болуы шын ғылымды таратуға үлкен әсер етті деуге болады. Мұның бір дәлелі-Қарқаралы мешітінің жанында он бір қари болған. Көзқарақты халық біледі, қари-профессор дәрежесімен салыстыруға болатын ислам ғалымдары. Олар Құранды таза мүдіріссіз жатқа біліп, шариғат, фиқһ кітаптарын насихаттап, жатқа айтатын болған. Тігіншілік, етікшілік, зергерлік сияқты кәсіптерді жан-жақты игерген. Өйткені ол уақытта дін оқуына осындай өнерлі балаларды қабылдаған. Себебі, діннің саудаға түсіп кетуінен сақтану, өз өнерлерімен кәсіп қыла білу, осымен күнкөріс табу. Осы қарилардың соңғы өкілдері Мәжит қари, Имам қари, Әбіш қари деген ғалымдар осы заманның жетпісінші жылдар басында дүние салған. Мәжит қари ойған марқұм мұсылмандар басына қойылған көктастар-тек көркемөнердің бір ғажап туындыларына жатады. Қарқаралы өңірінде осындай ғажап тастардың ондаған үлгісі бар. Оны сақтап, келесі ұрпаққа көрсету керек. Осындай бір көктасты жылдай ойып істейді екен. Не деген ерінбес еңбек! Шынында да осы көктастардың қарапайым аспаптарымен ойылып жазылуы. (әрине, тасты ою, өңдеудің өте ауыр жұмыс екені белгілі) биіктігі екі метрге таяу тастың бетіндегі каллиграфиялық араб жазуы көркемөнердің бұрынғы-соңғы көз-келген ту-

ындысымен таласатындай. Жалпы мұндай көктастар Қарқаралы өңірінде біршама жерде кездеседі, көршілес Егіндібұлақ, Ақтоғай аймағында да аракідік. Қарқаралы тыратында қазақтың тұңғыш дәрігері Сәдуақас Шалымбе-ков зиратының басында, осындағы орталық зиратта осы тек-тес көркем көктас ескерткіштері бар. Сонымен, қарилар аса өнерлі адамдар болған. Ғалымдығы боса-болмаса, олар түркі тілдерін аса жақсы білген, мұнымен қоса араб, парсы тілдерін білген. Бұған айқын дәлел сол кісілердің аттары жазылған көп оқылғандықтан тоз-тоз болған араб, парсы тіліндегі кітаптар. Ол кісілердің жазулары өте әдемі болған. Жалпы араб оқуында ол уақытта нақыштап әдейілеп жазу өнері және ғылым ретінде қарастырылған. Оқырмандарымызға айта кетейік, сол уақыттағы қағаз сапасы, кітап басу өнері айтарлықтай болған. Қазірге дейін ескі кітаптар күн көзінде қанша жатқанмен бояулары, жазулары оңбаған. Жалпы қарилар туралы көп айта алмайтынымыз өте өкінішті, себебі, өткен системаның құрбандығына шалынған дін адамдары болса, оны таратқан қасиетті қарилердің атын халық жады-нан өшіруге неше түрлі айла-амалдар, қорқытулар істелінген соң, олардың аты-жөні, жасаған еңбектері жоқ болған. Сол жергілікті халық арасында болып қанша күш жігер жұмсағанымен сол онбір қарилардың аты-жөндерін түгендей алмадық. Өйткені олардың көзін көрген адамдар жастары асып бұл дүниеден көшіп кеткен. Кейінгі жас ұрпаққа сол бір жазба дерек қалмаған сияқты. Қалар еді, бірақ, 1930 жыл-дардан бері дінге қарсы жүргізілген наландық, кересоқырлық науқаны дегенін істеп тынған. Құнанбай қажы мешітіндегі үлкен кітапхана аяқ асты болып, кеңестегі содыр-сорлылардың арбамен тасып орларға, жырларға көміліп кет-кен. Мұны өз көзімен көрген адамдар көп. Ол адамдардың осы сойқанды істегендері де, куә болып көргендері де бұл

күнде дүниеден көшіп кетті не амал бар. Ал осы әңгімеге өзек болып келе жатқан сол кездегі Қарқаралы дуанының аға сұлтаны-Құнанбай Өскенбайұлы, яғни Ұлы Абайдың, қазақтың ғана емес, дүниенің мақтанышына айналған Абайдың әкесі Құнанбай осы мешітті үлкен күш-жігер жұмсап салдырып, іске қосқан.

Сонымен 1980 жылдар соңына қарай жоғарыда айтылған Д.Қонаев, Ғ.Мүсірепов сияқты үлкен адамдардың түрткісі себеп болып өткен ғасырда қазақ діни-ағарту ордасы іспеттес Құнанбай қажы мешітін қалпына келтіру қолға алына бастады. Бастапқыда мешіттің өз қалпына сақтап жөндеу жоспарланды. Бірақ кейінгі көп замандары қараусыз қалған ағаштар су, жел өтінде қамқорсыз тұрғандықтан шіріп кеткен ағашты ауыстыру керек болды. Осы мешіт жөнінде қатты еңбек қылған, яғни қалпына келтіру жұмыстарын сол уақыттың аса қиыншылығына қарамай қолға алған сол кездегі аудан басшылары еді. Қарқаралы аудандық партия комитетінің бірінші секретары болған К.Қ.Жақыпов үлкен азаматтық жасады. Ол уақыттағы системаның дінді де, мешітті де жек көретінін білетін Қажекең қалпына келтіру барысын «Дүшпан көзі» қылып Құнанбай мешіті деп емес «медресесі» деп өзгертіп, соның өзінде қалпына келтіргеннен кейін музей ретінде ұстаймыз деп жоғарыдағыларға амал қолданды. Жөндеу барысында «Казкультреставрация» деген мекеменің Қарағанды қаласындағы бөлімі қолға алды. Тыңғылықты зерттеулерден кейін мешіттің ағаштан салынуы себепті бүлініп, шірігендіктен бұрынғы қалпына келтіру қиын екені белгілі болды.

Кейінен хатшы, әкім болған Төлеутай Шахарбаев, сол кездегі атқару комитеті председателінің орынбасары Серік Смағанбетұлы Дүйсенгаев, сол уақытта үлкен басшы қызметтер атқарып, құрметті демалысқа шыққан, та-

рихи – мәдени ескерткіштерді қорғау қоғамын басқарған Сұлтан Нығметжанов секілді белгілі азаматтар мешітті тек жаңадан салу керек деген шешімге келді. Қарқаралы орман шаруашылығының бастығы Түгелбек Тохметов деген азамат көп көмек жасады. Ол үшін Қарқаралы ағашынан емес, Сібірден арнайы қарағай алдырып жергілікті механикаландырылған орман шаруашылығы мекемесінде өңделіп сол мешіт салынған материал технологиясына барынша жақындатылды. Құрылыстың басы-қасында елдің ертеңгі үшін, жердің жерлігі үшін, халқы, елі үшін білек ауыртқан азаматтар жүрді. Құрылыстың технологиясының сақталуы, сапасы аудандық мәдениет бөлімінің сол кездегі бастықтарының міндетінде болды. Ал тікелей құрылыс жүргізуді басқарған елдің есті азаматы, тынымсыз еңге-жек. әрі сол бір системалық құрбашы болып қыраған, әйтпесе үлкен қайраткерлік білім-қабілеті бар Сейітсұл Махметұлы Түсіпбеков еді. Ал пенсионер қарттар Мыңжасар Әдекенов, Әрінов Ахметбек, Бүркін Елеусіз, Төле Мұқсынов, Фазылкәрім Әбдірайымов, Зейнолла Сейсенбеков, Ахмадия Жұманбаев және елдің есті азаматтарының бәрі де мешіттің ашылуына тілектес болды. Мешітті қалпына келтіру барысы «Қарқаралы» газеті арқылы, оның редакторы Нәзипа Асқарованың күш-жігерімен халыққа жеткізіліп отырылды. Жоғарыда айтқанымыздай осы кітапқа ұсынып отырған азын-аулақ жазбаларымызда көптеген бөлімдер, тараулар, шегініс, эпизод, диалог түріндегі техникалық, құрылымдық әдіске айналған әдеби нормаларды сақтаймыз деп әуре болмадық. Мақсатымыз халқымыздың төгіліп тұрған сөз мәйегін ұқсата отырып оқушыға мемуарлық тұрғыдан көргенімізбен, осыны еске ала отырып айтқымыз келген әртүрлі ойларымызды төгіп тастауды мақсат тұттық.

Сөз арасында кетпей айта кетерлік бір нәрсе: Қарқаралы

мешіті халқына келтіріліп ашылғаннан кейін сол уақыттағы басшылығы құлап қалған кеңшарлардан да мешіттер ашыла бастады. Тіпті идеология деп айдар тағылған халықтың санасын уыттауға бағытталған салада көп өзгерістер болды. Ең басты өзгеріс ата-баба діні қайта кеңінен орнай бастады. Бір айтатын нәрсе: мешіті жоқ жердің халқында «бас асаулық» болады. Түсінген адамға мешіттің діни тәрбиесі ғана емес, бүкіл адами мінез-құлықты жөндеуге әсері орасан. Кеңшарларда ашылған шағын ғибадатханалардың имамдары әжептәуір өзіндік қолтаңбалы жұмыстар жасады. Мұны айтып отырғаным: әрбір жақсы іс өзі жасалмайды, сенімділікпен әрбір істе күресу қажет болады. Алдай Қарқаралы дегенмен бұрын зейнеткерлікке шығып алған партия, кеңес қызметкерлерінің ішінде кеңестік жүйенің құлы болып кеткен адамдар да баршылық еді. Әрине, бүгін олардың ұрпақтарын жерге қаратпай-ақ қоямыз деп аттарын атамай отырмын. Қарсылық, имам, молдаларға қарсы әртүрлі өсек, өсіт көп болды. Бірақ, «таң атпайын десе де күн қоймас» дегендейін қасиетті ата-баба діні орнай бастады. Сол уақытта имандылыққа қатты бет бұрған адамдар көбейе түсті. Мен өзім: «жеті жастан жетпіс жасқа дейін» сауат ашуға келгендерге сабақ бере бастадым. Солардың көбісі сауат ашып кетті. Жас шәкірттерімнің біразы кейін жоғары араб тілі институттарын бітіріп жер-жерге имам немесе басқа да қызметтер істеді. Бақыткүл Айтқалиқызы Жексенова деген шәкіртім сол кезде көп қиыншылықпен Қарқаралыдан барып Құландыдағы жалғыз ашылған қыздар медресесін бітірді. Кейін Шымкенттегі араб тілі институтын бітіріп Президенттің Мәдени орталығында шетелдіктермен келген арабтарға гид қызметін атқарды. Отбасы жағдайына байланысты кейін Қарағандыға келіп мешіттерде әйелдерге сабақ беріп жүр. Бақыткүл қызымыз өте иманды, халықтың жау-

лысына, сүйіктісіне айналған жан, мен оны мақтан етемін. Бәрін айта бермейін, мақтанғандай боламыз. Ауылдық мешіттерде белсенді имандылыққа деп қойған, ал әкесі кезінде діндар болған Сержан Дәулетбаевты ерекше атауға болады. Өз білімен арабистиканы игеріп, біраз уақыт «Жаңа жол» ауылында имам болған Сержан бүгінде Қарағанды қаласында халықты имандылыққа шақыруда. Халықтың әнін, сөзін басқа да төл өнерлерін игерген Сержан шын иманды адам деп білемін өзім. Қарқаралыда Жуманбаев Ахмедия ақсақал, Қасым Османұлы дейтін иманды, биязы аса мен үшін қадірлі адам. Әлімбаев Құсайын ақсақалдар мешіттің аяғынан тұрып кетуіне көп көмектесті. Менің батамды алған Қонысбергей Құмарұлы да кейін үлкен дінбасы дәрежесінде.

Сондықтан ойларымыз, пікірлеріміз халқымыздың жақсылы-жаманды азаматтарының, ел адамдарының аттары араласа жүруі, кейбір оқиғалар легі де осыған орайландырып жалғаса берердей. Сонымен мешітті аудан, облыс басшылары арасындағы көптеген қатынас келісімдерден кейін облыстағы «Қазкультреставрация» деген Фуртов деген басшысы бар мекеме жүргізе бастады. Мешітті қалпына келтірудің алдында шіріген, тозған жаңбыр өткендіктен істен шыққан ағаш материалдары тазалаған кезде мешіттің сиямен салынған архитектуралық сызбасы табылды. Сол уақыттағы аудандық тарихи, мәдени ескерткіштерді қорғау қоғамының төрағасы Ныгметжанов Сұңғат ақсақал осы макетті кабинетінде ұстаған елге тамаша қылып көрсетіп жүрді. Сәкелде мұнымен қатар сол іргетасты бұзып отырғанда табылған ескі кітап парақтары да жиналып тұрды. Кітап демекші, Құнанбай мешітінде көп кітап болған. Әлімбаев Құсайын деген қазір өте қарт адам осы мешіттің жанындағы үйде ғұмыр бойы тұрған. Кезінде мешіт жанындағы медреседе оқыған. Осы кісінің айтуынша, жергілікті белсенділердің

мешітті бұзу жоспарлары орындалған соң, шатырдағы және мешіт ішінде кітапхана сәкілерінде сақталған араб, парсы тіліндегі, түркі кадимше және жәдитше көптеген діни кітаптарды, дүниелік кітаптарды сол кездегі 1930-1940 жылдар арасында алдымен негіз қандырып, артынан желмен, жауынмен парақтары үгіліп, көлемі басып кеткендіктен қалалық Совет өкіметі қиып, бірнеше арбаға артып, қаланың шеткі көшелерінің ойпаңдарына көмдіріп тастаған. Шала көмілген кітаптар желмен ұшып, кейбір қорықпай жүрек тоқтатқан тұрғындар ол кітаптардан алып, кейбірі үйлеріне тығып сақтап, осы уақытқа дейін жеткізді. Көпшілік тұрғындар отыз жетінің ызғары арқаларына таңбасын қатты түсіргендіктен, сол шашылып жатқан кітапты жинап сақтай салуға да қабілеттері жетпеген.

Бір кішкене естелік Кенжебаев Мейірхан деген көзі қарақты, кезінде қызмет істеген Қарқаралының ескі тұрғыны айтады: «1934 жылы осы әңгіме қылып отырған мешіт балалар үйінің жатақханасы болып еді», - дейді. Бір күні екі-үш бала біреуімізге әлдекім беріп жіберген бе, атын ұмыттым, бір-екі уыс талқанды бөліп, қақала-шашала жеп жатқанымызда үстімізге А.Асылбеков, Нүрсейітов деген адамдар кіріп келді. Біз онан сайын құрғақ талқанға қақалуға айналдық. - Ой, айналайындар, қысылмаңдар - деп келгендер бізге жылы жүзбен мүсіркей қарады. Бұл кісілер бұрын да балалар үйіне келіп жүретін, сондықтан есімін кіріп келген кезімізде танитынбыз, аядай Қарқаралы той деп еске түсіреді. Бұл кішкене мөлтек естелікті айтып отырғанымыздың артында мынадай бір астар бар. Бұрынғы-соңды отыз екінің ашаршылығын, отыз жетінің қысымын еске түсіргенде сол уақыттағы халқымыздың бетке шығар біраз азаматтарына өкпе білдіргендей, ей, азаматтар-ау, көре біле тұра мына нәубетті неғып тоқтатпайсыңдар-деген кейінде өкпе арта салатынымыз бар. Сұмпайылықтың,

филантропизмдықтың шегіне жеткен сол система біз сияқты аз халықтан шыққан бірен-саран қайраткер түгіл орыстан да аузын айға білеген революцияны өз қолымен жасағандарды жойған мұхитына жұтылады ма? Ендеше, өздері сорлы халде болып ақырғы дауысқа қарсы тұра алмай жұтылып кеткен ардагер азаматтарымызға өкпе артуымыз артық сияқты. Әсіресе өзімді көрмеген бірақ әке-шешелерімізден, үлкендердің айтуынан үлкенді-кішілі жазылған көптеген кітаптардан оқыған отыз екінші жылды алыңызшы. Мұның парадокстары өте көп, біріншісі: біздің ойымызша қай заманда қай патшаның тұсында адам, адамның етін жегенді естідіңіздер ме? Екіншіден сондай ауыртпалықты басынан өткізген адамдар сол өткен Сталиндік жүйені жақсы көреміздейді, неге? Үшінші қазақ халқының асыл ұлдарының сол кездегі ең төменгі бишараның халі не? Бір үзім нан беріп жіберуін сұрап «паек» алғызуға Фатима Ғабитоваға хат жазған қазақтың тұңғыш профессионал деңгейде болған ұлы режиссері Жұмат Шанин, неге бір үзім нанға жете алмайды? Төртіншіден сол жылдары құрылған (1927ж. болу керек) ҚазМИ-дің бес жылдығын жаңылмасам, драма театрда салтанатты атауға келген Голощекин бастаған сол партия серкелері жиналыс өткізіп отырғанда парадтың есіктен театр ішіне кіріп кеткен соң шыққанда сол маңайдағы парк ішінде аштықтан өліп қалып жиналмай жатқан өліктердің сасық иісі қолқаны атып отырғызбады-деп бір көз көрген белгілі ағамыз жазып еді, осы жерде қандай адамдыққа тән нәрсе бар ма, жоқ жабайы садизм емес пе екен? Бесіншіден отыз екінші аштығы жөнінде, отыз жетінің құрбандары туралы кейінгі ұрпақ, яғни соғыстың аяғына қарай туған ұрпақ өкілдері біздің ойымызша осыны білуге көп талпынғанбыз, алпысыншы жылдар аяғында осы мәселелердің беті ашыла, айқындала басталғанда көптеген дебаттарға қатысушы едік. Сонда қазір

ертоқымдары ауып, атының мойнына кеткен сорлы коммунистер өкілдері Сталин бұл жағдайларды білмеді, бәрі оның сыртынан жасалды - дейді. «Қанша қырық кісінің ақылы болады» дейді халық, олай болса елде орын алған, халық үшін үлкен трагедияға ол екі дүниеде де жауапты. Мұны жазып отырғанымыз, кітабымыз қазіргі ұрпақтарға, тәуелсіздік аясында өмір сүріп отырған ұрпақтарымызға арналғандықтан, сол өткен уақиғалардың халық басынан өткен зобалаңды олар да сезініп, бұл тәуелсіздіктің өзінен-өзі келмегенін білсе деген тілектен туады. Сол аласапыран кезеңде ел ортасында сөз ұстаған, жөн айтатын адамдардан жазаға ұшырамаған ешкім қалмаған деуге болады. Әсіресе дін адамдарына отыз жетінші жылдың зұлматтары қырғидай тиген. Үйінен арабша кітап, жазбалар шыққан адамдар кейіннен неше түрлі жаламен ит жеккен айдалған. Көбісі неше түрлі зорлық-зомбылықты көріп, артынан осы зұлымдықтың құрбаны болып алынып кеткен. Егерсол өткен зұлматтың құрбандарын еске ала отырып қазіргі көзқараспен екшесек неше түрлі надандықтың солақайлықтың куәсі болғандаймыз. С.Сейфуллиннің тәрбиесінде болған кейін үлкен ғалым, жазушы болып осы жазалау шараларына нақақ ұшыраған Сәйділ Талжановтың өмірін алыңызшы. Марқұмның жұбайының естеліктерінде қатыгездіктің, оңбағандықтың қандай екенін көруге болады. Сталиндік қағалдық заманында қайтып шыққан тергеушілер тіпті қолжазбаларға дейін қайтармаған. Әртүрлі сылтауларды сынаққа сылтау қылған белсенділер оқығандармен бірге ақынды деген қойыны, малшыларды да ұстап «үштіктің» қарауына жібере берген. Көбінесе осы жазалау шаралары кезінде күлкілі жағдайлар да көп болған.

Жобалай деген жасы тоқсанға жақындап отырған жақсы ақсақалды бай деген желеумен «үштіктің» алдына апарса жиырма бес жыл кесілген, соңынан біз «советтік заңды аялай-

тын әдіс сотының. соттадған адамның тілегін айтуға қақысы бар, ал ақсақал не айтасың-десе, ол «қарақтарым-ау, сендерге рахметтен басқа не айтамын, жасым келіп өлейін деп отырған шал едім, құдайдың қолынан келмейтін іс сендердің қолдарыңнан келді, жасымды жиырма бес жылға ұзартып бердіңдер». -депті. Сол сияқты ауылдағы сорлы колхоздың қойын бағып жүрген бейшара қойшыны «Жапония тыңшысы» деп алып барып ұрып-соғып мойындатпақ болды. Соған зығырданы шыққан әлгі «жылдам мойындамасаң азаптап жылдам құтыласың» деген соң «ия мойындадым» депті әсерсоқ тергеушіге. Сонда әлгі енді ол жаққа қалай барып келіп жүрдің деп, сұрап қоймапты. Сонда әлгі қойшы «таңертең ерте қой өргізіп шыққан соң ащы таудың астында айыртолан күтіп тұрады. Мен атымды жылдам бір тобылғыға байлай сала әлгі айыртолапга отырып Жапонияға ұшып барып бәрін айтып берген соң қайта әкеп тастайды, түк көрмегендей жайбарақат қойымды бағып жүре беретінмін» -деп жылдам соттатып кете барыпты.

## Ескі болмай жаңа жоқ

Құнанбай қажы мешітінің қайтадан іске қосылғанын айтып отырып бұл жайтарға тоқталмай кету мүмкін емес сияқты. Неге десеңіз сол өткен сұрықсыз дәуірдің әсіресе біздің халқымыз үшін ауыр дәуірдің оқиғаларын атап кету мүмкін емес. Ягни отыз жетінің зорлық-зомбылықтарымен халықпен бірге оның мәдениеті де ұшырады.

Ақмоланың сол кезде Асанқайғы ауданы аталған бесінші ауыл тұрғыны Әділбаев Ахмет деген кісі Ақмолада алдымен медреседе оқып соңынан қалай барғанын кім білсін Араб, еліне Мединеде «Иифха» деген медреседе екі жыл оқып

бұдан кейін Египетте Каирде «Әль-Әзхар» университетін тамамдайды. Өзінің жазбаларында Әділбаев Ахмет оқу бітірген соң сол жақтан араб тарихшылары ибн-Халдун, ибн-ал-Асир, Тал-фикун Акбар және ибн-Халикеннің тағы басқа оқымыстыларының шығармаларын алып келгенін айтады.

Бұл Сарыарқа ғалымының сол уақыттағы өресіне таңғалуға болмайды. Бұл кісіге Медине және Каир университетін тамамдағаны жайлы дипломды Константинопольде (немесе Стамбұл) шейх-уль-Ислам тапсырған екен, шейх-уль-Ислам- ислам ғалымдарының жоғары дәрежесі, нақты академик дәрежесі. Әділбаев Ахмет өзінің жинаған қырық бес пұт кітаптары, оның көбісі әрине араб тілінде, біршама татар, түрік, шағатайшасы бар өзінің кітаптарымен шұғылданып Ислам тарихын жаза бастайды. Оқушыларымыздың санасына жеткізе кетейік, 45 пұт кітап 720 килограмм яғни тоннаға жуық кітап. Салыстырып қарасақ поезы жоқ машинасы, кемесі жоқ. Сахараға осындай далаға келіп ислам тарихын жазған осындай феномендерді де құртып жіберген. әрине өкінішке орай бұл кітаптардың ішінде басқа тілде, тым құрса ағылшын , француз тілдерінде де кітаптар болуы керек және Әділбаев Ахмет ол тілдерді де «әл-Азхарды» оқи жүріп оқу және игеруі тиіс. Оның өз сөзімен келтірсек «Ертедегі араб коммунизмі «Интракунді» зерттей отырып, Маркстен Лениннің коммунизмімен байланыстырсам, қазақтарға ұтымды етіп жеткізсем бе деген талабына Ақмола Окрткомы күмән келтіреді. Міне осы әрекеттерінің өзі жергіліксіз қайырымсыз, сауатсыз коммунистерге, мені тәркілеп жер аударуға жеткілікті болды»-дейді. Бұдан әрі ол ГПУ-дің бүкіл кітаптарын және қос дипломын тартып алып із-түсіз қайтармай қойғанын айтады. Өзіне, өзінің араб еліндегі ұстаздарының бірі Ак-Иманның Түркістанға тауап ете келгенін, өзінің оныменен кездесуге барғанын, ойтмені өзі

ғалым бола тұра басқа да Ислам ғалымдарын құрмет тұтуды өзінің парызы санайтынын айтады. Бір қызығы Сталиннің атына жазған осы баяндама тағлымында Әділбаев Ахмет араб-ислам ғалымдарының өткен дәуіріндегі Грек және Рим ғылымының сақталып қалуына және дамуына үлкен үлес қосқан деп өзі баға беріп өтеді. Әрине бұл кісінің басындағы оқиға сонау отыз жетінші жыл зобалаңына дейін-ақ болған. Мұрағат деректері бұдан әрі осындай абзал, асыл қасиетті қазақ топырағында болған ғалымның тағдыры белгісіз. Еңбектері қайда? Кітаптары қайда, мәлімсіз!

Сайып келгенде осындай оқта-текте жеректердің барлығы бір жағы Исламият руханиятына қатысты болып әңгімемізді әртүрлі шегініс, эпизодтық желілер араласты. Өйткені дін сөз болса мешіт сөз болады, мұнан сөз жоқ, бірінші орынға адам келеді , өйткені адам бұл дүниедегі өркениетті жасайды, өйткені жоғары жаратушы алла оны осы дүниені жерді билеуші етіп жаратқан. Осы жерде көп айтылмаған да жазылмаған да шығар дейміз, ешкімнің Исламнан шет-теп қорқуының жөні жоқ, өйткені бұл бүкілғаламдық ілім, ал дін сонау үлкен бір бұтағы яғни алып бәйтеректің бұтағы, осы бұтақта жапырлай мінгендер екі дүниеде бақытты болады. Ал Исламға неше түрлі айла-шарғылық компоненттерді, мистизмді, ваххабизмді, фанатизмді, таңушылар олар надандардың атақ құмарлары. Біз дін туралы оның ішінде Ислам туралы сөз болғанда оқушыларымыздың қазір көбісінің-ақ «Имандылық шарттарын» білетінін, оқытатынын үйренгендігін еске алғымыз келеді. Сондықтан да біз күнде айтылып ел құлағын ығыр қылған нәрселерді айтпай, көбінесе Ислам әдептері жөнінде және бұдан басқа да біздің күнделікті өмірімізде аса маңызды нәрселерді оқиға, сөз желісінде айта отырамыз келеді. Бұндағы мақсатымыз осы күнделікті деріек радио, теледидарда, мерзімдік газет-

журналдарда басылып жатқан пәрселер, дін туралы айтылып жатқан уағыздар қазіргі адамдар санасына жетуі қиындау сияқты. Қиындығы қазіргі ақыл-ойы зиялылық таным деңгейі, білімі ғылымы үлкен ғылымды өз мәнінде лайдап тұщыра қабылдауға жеткіліксіздеу көрінеді. Екіншіден Ислам бүгінгі дүниенің бір феномені, он бес ғасыр бойы бүткіл болмысымен дүниені. адамдардың ақыл ойын жаулауда. Ал қазақ халқы адамзат пен ғаламзат өркениетінің ішінде ен жас, ең алдыңғы қатардағы прогрессивті дінді туғына отырып, бұрыннан бері бар дүние қызығын өзгелерге беріп шеттеп келгенімізбен тағы да шеттеп қалғанымыз дұрыс болар ма еді. Бұл құр үндеу, декламация емес. Мұсылмандылық өзінің бар болмыс, білімен бүкіл жақсылық қасиеттерімен бүгінгі күннің де келер заманның да өмір нұсқасы, заң нұсқасы болуға лайық. Құнанбай қажы мешітінің қайтадан қалпына келтіруінен бастаған хикаямызды осы бір жолдармен тоқтата тұрсақ дейміз. Нәсіп болса алдағы әңгімелерімізде мемуарлық тұрғыдан оралып отырармыз. Келесі әңгімелеріміз жаңа заманның адамдары жайлы болмақ. Өйткені өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарына дейін қойшыны, сауыншыны әдебиет кейіпкері етіп мақтап келдік. Өйткені өткен жүйе күлтеленушілік жүйенің бір жабықтау, жасырыншау келген екі жүзді формасы еді. Құлдарды дәріптеген жүйе, өзі құрт жеген тұт ағашының қураған тамырындай бір күнде құлап түсті. Данышпан қазақ мақалы айтады:

«Құм жиылып тас болмас»

«Құл жиылып бас болмас»

Сөйтіп біз сияқты ұлттарды езе жаныштаған, шындықты жентектеп өтірікті өрістеткен социализм деген абстракт атаумен елдің миын шірткен, дүниенің әр түкпірінде жымысқы лаңды бастап қойып басқа біреулерге жауып сумпайылдық әрекеттер жүргізген жүйе келмеске кетті.

## Жаңа заманның адамдары

**Халел Мұқатайұлы Мақсұтов**

Адам дүниеге келіп өмір сүргеннен кейін екі нәрсеге күнде кезігеді, оның біреуі жақсылық, екіншісі-жамандық.

Бұл екі қасиеттің ара жігін ажырата қою да оңай емес. Өйткені екеуі де тісін ақситып айқайлап, мен мұндалап тұрмайды. Көбінесе жақсылық көлеңкелеу жерде елеусіздеу жүріп, жарқырап көрінбей-ақ өз шапағатын тиісті жанға, елге, халқына тигізіп жүреді. Жамандықта солай «жақсылық соңына ырылдаған итін қосып», білмесе де, танымаса да сол адамға өші бардай соңына түседі. Жақсылық-атқан таңға қуанады, бұл өмірде болғанына, жер басқанына, күні көргеніне, жаратқанның аз-көп ризығына тәубе қылып, ризалықпен күн кешеді, біреуге кішкентай да болса шапағатын тигізеді. Жамандық батқан күнге, атқан таңға риза емес, жел соқса, күн шықса өлім қырықты дейді, тоңбаса ыстықтадым дейді, біресе тоңады, біреуді көрсе оңбаған дейді, ол үшін дүниеде жақсылық жоқ сияқты. Бар болсада көргісі келмейді.

Дүниенің барын жиып оған берсе де риза емес. Қасиетті халқымыздың бір қайран қалдырарлық қасиетті қанатты сөзі бар. «Дүние біреуге аз, екеуге көп» Ойлап отырсақ ұлы далада кейінгі тарихқа енбей қалған, енуді де мақсат етпеген ұлы философтар болған. Кім айта алады осыған бара бар сөзді. Коммунистік дәуірдің жетпіс жылында бүкіл дүниенің марксшілері осыған келер бір постулат жасаған жоқ.

Ғажап!

Сонымен жақсы, жаман деген екі категорияны сөз етіп келе жатып, жамандыққа тоқтамай-ақ қояйық, өзі де әр жерде қылаң беріп тұрар делік.

Жарқыраған жақсылыққа тоқтасақ деп түйдік. Жоғарыда

айтып келе жатқан ойымыздың жалғасы осы, өмірде күнде жамандық кездесуі мүмкін тіпті ықтимал, ал жақсылық күнде кездеспейді, кездессе де табу қиын, кейде байқамай жіберіп алуыңда оңай. Себебі жақсылық, тіпті жақсы адам деп алайықшы, күңгірттеу, қоңырқай болып кездеседі, ал жаман адам күле, жайдарланып, жымысқылана келеді.

Бойы бұлғаң,
Сөзі жылмаң
Кімді көрсе
Содан қаш

Деген сияқты еді ұлы Абай, мен қазір Абай кітабін ашып отырғаным жоқ, елу жыл бұрын есімізде қалған шумақ қой. Мүмкін, біздің ұрпақты өткен дәуірдің ащы мінезіне мінгізбей, жол бастаушы болып періштедей жол бастап келген де кім біледі, ұлы ақынның осы бір шумақтары шығар...

Сонымен «жақсының жақсылығын айт нұры тассын, жаманның жамандығын айт құты қашсын»-дейді мәртебелі халқымыз.

Сонау тоқсаныншы жылдардың басында Қарқаралыда ұлы Құнанбай қажы мешітін қалпына келтіруге ел-жұрт болып жабылып жатқанымызда қолымызға тиген аз ғана нәрсе қаржы болса да қанағат қылғандай болушы едік. Сондай, жаңа мешіт салдырып алу деген бұрын-соңды біздің ұрпақтың жиырмасыншы ғасырдың басларында бұрын болмаған оқиға еді. Жоғарыда Қарқаралыдағы тарихи Құнанбай мешітінің қалпына келтіруді қолға алғанымызды айттым. Бір қызық жері жұрт жаппай осы үлкен іске осы жолдардың авторын лайықтағаннан соң, қалай болғанын білмеймін, тіпті істеп жүрген жұмысымнан шығып осы бір сауапты да үлкен іске кірісіп кеткен екенмін... Мен ол уақытта Қарқаралы ауданының Кеңестер Одағының Батыры атақты ұшқыш Нұркен Әбдіров атындағы кеншілердің клубын басқарушы едім. Орайы кел-

генде, ептеп бұл жұмыс туралы да айта кетейін. Кеңестер уақытындағы атақсыз, айдарсыз қызметтер көп болды. Өйткені жүгіре берсең жақсысың, тоқтап қалсаң жамансың. Міне, мен атқарған жұмыс осындай еді. Еңбекақысы және мар-дымсыз. Жұмыстың белгілі бір өлшем, критерийі жоқ бола-тын. Кеңшар еңбеккерлері жұмыстары жемісті болса сонан сыйақы алып жатса, клубтың ақ қызметкерлеріне ол да жоқ. Ең бастысы ол емес. Көптеген мәдени шаралар өткізу үшін тер төгесің. Енді үкелыш келе жатқанда шаруашылық басшы-лары ескерусіз қалдырмай, дінкеңді құртады. Өйткені жұмыс солай. Олардан қой қорасы, малдың жайын сұрайды, жауап береді. Ал, клубтың жұмысы ешкімнің мойнына мінбейді. Мен өз басым, оқыған жылдар, Ақтоғай және Қарқаралы мәдени орындарында қызмет жасағанымызда қанша күш салғаныммен бұл жұмыстың өркендегенін көрген жоқ. Мұның мен білетін басты екі себебі бар еді. Біріншіде бюджет жоқ. Екіншісі Кеңестік жүйе негізінен өтірік айтып, өтірік есепті мадақтайтын психозға толық ұшыраған жүйе еді. Оның айқын дәлелі бірақ күнде кұлағаныңдар. Мәселен, сол кезеңде Нұркен кеншарының «Өжелер» ансамблін сол жердегі кітапхана меңгерушісі Бибізада Ақбергенова екеуміз Республикада, тіпті Одақта бірінші болып ұйымдастырып халықтың үлкен қызығушылығын туғызған үлкен оқиға болып еді. Бүкіл сце-нарий, керекті режиссура бәрі өзімізден. Осы қойылым атаққа шығып Қарағанды циркіне әкеліп қойғанымызда адам сима-ды. Бірақ, осыны жасаған біз бір тиындық пайда көргеніміз жоқ. Көптеген атағы болса біздің жұмысымызға ылғи қарсы болатын жаман, надан басшыларының пайдаланып кетті. Ол, ол ма, ауылға қайтқаннан кейін осы қойылымды тағыпдан ел аралатуға дайын тұрғанымызда –надан басшылар жаман жыртық автобусты ауылына алмай қалдық. Бұл туралы сол кез-де сол өңірге келген әнші Әзкербек Ішкебаев «Қазақ әдебиеті»

газетіне сүйеніп жазып еді. Кейіннен осы қойылымдарды Оңтүстік облыстар әжептәуір дәрежеде іске асырып жүрді... Міне, осындай жұмыстан кетудің есебі өзінен -өзі табыла кетті дейтіндей жағыдай болды. Жалпы кеңестік дәуірде «түрі ұлттық, мазмұны социалистік» деп аталған ұлттық мәдениетке қысым көп болды. Ол туралы кейіндері жазбақпыз.

Қарқаралы қаласындағы өткен ғасырдан Сарыарқадағы діннің ошағы болып тұрған Құнанбай қажы мешітін. қалпына келтіріп, қайтадан ашу әңгімесі сексенінші жылдардың аяғында тіпті көбейіп кетті. Сол заманда сол мешітті салуға рұқсат алудың өзіне ел жақсыларының көп күш-жігері кеткен болса, осы жағыдай жиырмасыншы ғасырдың сексенінші жылдарында тағы қайталанды.

Алғашқы қиындық, мешітін қарағай ағашынан тұрған, сақталған сұлбасы қайта қалпына келтіруді көтере ме, осы бір мәселе мамандарға жүк болды. Жергілікті халық мешіттің өз сұлбасының бой көтергенін қалады. Құрылысшы- сарапшылар жөндеу-реставрацияның негізсіз екенін анықтады, себебі жүз жылдан астам уақыт тұрған, ашық аспанның астында шатыры тозған соң жаңбырмен қарының әбден шірітуге жақындағаны мәлім болғандықтан , сол архитектураны сақтай отырып, сол орнына қайта салуға шешім болды. Сол уақытта тарихи-мәдени ескерткіштерді сақтау қоғамының аудандық филиалын басқарған Сұлтан Нығыменжанов – зейнеткер болса да мешіт құрылысының басталуына көп еңбек сіңірді. Ерте кезде мешіт құрылысына қолданылған кірпішті тіпті сонау Томскіден алдыруға күш салған осы кісі еді. Жалпы халық осы мешіттің құрылысы және ашылуын асыға күтті. Кеңестік жалтақ, тоталитарлық жүйеден қажыған халық жина бір жаңалық күткендей еді. Қарқаралы мешітінің ашылуы да расында Тәуелсіз Қазақстанның жарияланған күнімен сәйкес келіп еді....

Реті келіп тұрғанда айта кетейін: Халықаралық «Семей-Невада» қозғалысының Қарқаралыдағы филиалының Төрағасы Мақсым Омарбеков бастап, осы полигонның жабылуын дәл осы кезеңде атап өтіп едік. Белгілі қоғам қайраткері Мақсым бастаған осы қозғалысқа мен де мүше едім. Бір қызық жайтты айта кетейін: сол уақыттарда оқтын-оқтын митингі өткізіп, осы қозғалыстың белсенділері түрлі қарсылық актілерін өткізіп жатқанда сол кездегі басшылықтан бірде-бір адам бұған қатыспайтын. Қайта шет-қақпай жерде «қайтесіздер, жамандатты болып, бұны тоқтату ешкімнің де қолынан келмейді» деп ақыл айтпаушы еді. Полигон жабылды – деп Елбасы Указынан кейін адам таңғаларлық оқиға болды. Қарқаралы Мәдениет үйінің алдындағы біздің жүрекжарды жиынға бірінші басшыдан бастап бәрі де келіп, дәл бір өздері жанқызғандай ентелеп , езеурей сөйлегенін қайтересің.

Мешіт ашылу алдында оған керекті нәрсе қаражат еді, өйткені кілем, жабдықтар керек, ол уақытта кілем деген ең қымбат заттардың біреуі болатын. Кеңестік дәуірде қойшы-қолаңшыларға жыл аяғында марапат қылатын ең қымбат сыйлығының бірі осы кілем болатын.

Төлеутай Шахарбаев сол кезде Қарқаралының бірінші басшысы болды. Еңбек жолын жоғары білімді ауылшаруашылық маманы болып бастаған Төкең үнемі қызметте өсу жолында болды. Кеңшардағы бас мал маманы, кеңшар директоры, аудандық ауылшаруашылық басқармасының бастығы, аудандық атқару комитетінің Төрағасы, Қарқаралы аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы міндеттерін атқарғаннан кейін жаңа Тәуелсіздік заманы басталғанда Қарқаралының тұңғыш Әкімі де осы кісі болды. Жалпы мінезі жайлы, адамға болмасын демейтін адам. Өзіне жақпаған адамның соңына шырақ алып түсетін басшылар болады. Бұл кісі он-

дай емес. Мәрт мінезі бар. Бұрынғы шалдар ата-тегін тегін сұрамайды екен, текті жерден шыққан адам жаман жерде жүрсе де бір жақсылығын көрсетеді. Ал жаман текті адам жақсы жерде жүрсе де жамандығын көрсетеді. Мен өзім Нұркен атындағы кеншарда клуб меңгерушісі болып он үш жыл қызмет атқардым. Төлеутай Шахарбаев осында директор болып тұрды. Жалпы кеңестер кезінде жетілмей келген жүйенің бірі осы клуб болатын. Бұған соқпай кететін жұмыс жоқ еді. Тойлап жатқан мейрам, мерекені осылар өткізетін. Бірақ өзіне бөлінген қаржысы жоқ. Көрінген мекемеге көз түрткі болып жүретін сұрамшақ мекеме болатынбыз. Мәдениет бөліміне қарайтын клуб мекемелері тәп-тәуір. Өйткені қаржысы бар. Кәсіподаққа қарайтындардың халі мүшкіл еді. Осындай мекеме Нұркен атындағы кеншардың да клубы болатын. Осы жағдайларды түсінген Төкең мүмкіндігінше клубқа қол ұшын берді. Ақша аудару арқылы не тауып алсақта қолымызды қаққан жоқ. Әділеттілік үшін мұны айтқанымыз жөн болар. Қалаға жақын тұрған Нұркен ауылына ат ізін салушылар өте көп болатын. Артистерден гастрольмен жүргендерден бізге ойып соқпай кетпейтіні болмайтын.Клуб үйі де үлкен еді. Оны жылыту, жөндеп отыру да оңай емес еді. Әрине , сол уақыттың өлшемімен алғанда. Оның Нұркен Әбдіров атындағы ауыл болғандықтан сын да көп еді.Төкең директор болып тұрғанда ауылдың жағдайын жан-жақты көркейтті. Ал біз сөз қылып отырған Мәдениет үйінің алдындағы Нұркен ескерткішімен оның маңайы сәулеттеніп тұруы керек еді. Кезінде көп қаражат жұмсалып көп жұмыстар жасалды. Төкең жоғарылап кеткеннен кейін директор болып келген Нарымбеков Сайлаубайдың тұсында да бұл жұмыстар тоқтаған жоқ.

Міне, Қарқаралы мешітін ашу жұмысы да бір кезде бір кеншарда қатар қызмет қылған Төлеутай Шахарбаев

екеуміздің мойнымызға түсті. Төкен бұл жұмыстың мәнімен маңызын өте жақсы түсінді. Айта кететін бір нәрсе: мешіт есебі ашылғаннан кейін жиналған қаражатты Төлеутай Шахарбаевтың пәрменімен Қарқаралы әкімшілігі аударды.

«Жақсының жақсылығын айт нұры тасысын» деген той. Осы орайда Тайыр Айтмұхаметұлы Мансұров туралы арнайы айтқан жөн. Сол мешіт ашылып жатқан кезеңде Қарқаралыға жұмыс бабымен келді-ау деймін... Арнайы мешітке келді, оның бүкіл жағдайымен етене танысты. Тіпті жанындағы еріп келген адамдар «аттары тұрмай» мешіттен шығып кетіп ол кісіні бөгеліп кісі келмесе де ол өзіне тән ыждағаттылығымен мешіт жағдайына қатты жанашырлық білдіретінін жеткізгендей болды. Ол кезде ол кісінің лауазымды қызметі Мәскеуде болатын, яғный ол жаңа да Тәуелсіздік алған Қазақстан даму қорының Президенті еді. Ол қайтып кеткеннен кейін көп кешіктірмей біздің есепке жүз мың сом аударып жіберіпті. Ол кезде бұл көп ақша болатын. Біз бұған қатты қуандық. Тіпті кейіннен бұл кісімен Мәскеуге телефон шалып сөйлесіп тұру дәрежесіне дейін жеттік.

Қуаныш Сұлтанов, қазіргі елге белгілі қоғам қайраткері Қарқаралы мешітінің ашылуына көмектесті...

Төкен бір күні сол кезде комсомол өз жұмысын тоқтатқаннан кейін Жастар Одағы аталатын ұйымның басшысы сол кезде жақсы өсіп келе жатқан жылы жүзді, шырайлы азамат Халел Мұхатайұлы Мақсұтовты шақырып алды да оған қарап: -Халел қарағым, қазір жұмыстарың бір жөнге түскенге мына мешіт ашу да халық үшін бір айтулы жұмыс болып тұр, осыған көмектескенің дұрыс, деді. Халел бірден құптады. Ал мен болсам тығыз араласып кетпесем де бұрыннан ұнатып жүретін таныстығымыз да бар еді, өйткені Халелдің туған ағасы Қайыр Қарағайлыда тәртіп орнату мекемелерінде қызмет атқарған, менің туған

інім Кежегарамен жолдас еді. Жаңылмасам, бір жиында он шақты баяа жас кезеңінде әке-шешелері бірдей қайтыс болған жақцыдан жетілген осы азаматтардың бәрі де бүгінде айтулы биіктен ер жетті...

Осы күннен бастап қазіргі ел басқарып отырған, өзі Қарқаралының тол түмасы Халел Мақсұтовпен арамызда тым жақын қызмет атқару, мешіт кәжеттеріне деген сауапты жұмыс атқару тағдырымызға жазылыпты.

Халел Мақсұтовтың бұдан кейінгі қызмет баспалдақтары тым жылдам көтерілді. Сонау тоқсаныншы жылдардың басында Қарқаралы комсомолының бірінші хатшысы болып келіндегі ауданы Ғани Мұратбаевқа ұқсап жастарды өз соңына ерте білді. Бұдан кейін Жастар одағы болып құрылғанда да талай жақсы істерге арқау болды. Алдыңғы Т.Шахарбаев сияқты ағаларының лайықты көмекшісі бола білді. Тоқсаныншы жылдардың орта кезінде Қарағанды Жастар одағының басшысы ретінде құлап бара жатқан құрылысты алып қалмаса да еңсесі түсіп бара жатқан жастарға рухани көмек бере білді. Халықтың терең ортасынан қайнап шыққан қабілетті жас Қарағандыдан сонау Атырау облысына қызметке ауысты. Әрине, лайық көріп шақырған соң. Алғашқы қызметтен жылдам сүрінбей өткен соң Атырау облыстық Төтенше жағдайлар Департаментінің басшысы болып, табиғи кризистенді аймақтағы апаттың алдын алудағы айтулы жұмыстары үшін жоғары басшылықтың назарына ілінді. Сөйтіп жүргенде мұнайлы, өндірісті аудан Құлсарының Әкімі болып бір сәтте тағайындалды. Мұндағы атқарған жақсы істерінің біз жанында жүріп куә болмасақта, баспасөзден, ақпараттардан оның көп нәрсе атқарып жатқандығын естіп, біліп отырушы едік.

Халел қайда жүрсе де әрине, сүйікті, балалық шағының қызыққа толы күндерін өткізген Қарқаралыны бір сәтке де

есінен шығарған емес. Ақыры бірер жылдай ғана бұрын Қарағанды қалалық Әкімінің орынбасары болып кейін, сағындырған достарын, тілеулестерін бір қуантып тастады. Енді бір қызық жері жаста болса дос көретін, осы жолдардың авторы осы кітапты дайындауға кіріскенде **Хален Мұқатайұлы Мақсұтов** қасиетті Қарқаралының, яғный Қарқаралы ауданының Әкімі болып кетті!

Осы жерде ел білмейтін бір сырды кітапқа ашқым келді: Хален өте ақынжанды азамат. Бірге жүрген кездерімде машина рөлінде келе жатып кейде бірдеңені іштей күбірлегендей болатын. Бұл қандай әдет деп ойлап жүрсем өлең шығаратын да қасиеті бар болып шықты. Бірақ, оныңсын ешкімге ашқысы келмейтін сырбаз жігіт.

Тіпті кейінде мына бір шумағын әзер дегенде өз рұқсатымен алып едім:

Туған топырақ, тау-тасым.
Тізілген бейне алқасың.
Қарқаралы қара орман
Саялап жүргем қалқасын.

Шөбін жасыл қиякты.
Қарағай, қайың миятты.
Шырылдап ұшқан торғайың
Туысқаным сиякты...

Елім, жерім тынысым.
Арнаған келем гүл ішін.
Қызмет қылдым көп жерде,
Соның бәрі ел үшін...

Сөз түсінетін адамға осы азаматтың кім екенін, мақсаты,

кредосын не әкеліп осы өлең шумақтарынан артық ешкім ай-
тып бере алмас деймін.

Енді біраз шегініс жасап Халел екеуміздің сонау тоқсаныншы жылдардың басындағы жолсапарларымыз жөнінде айтқым келді. Жалпы осы жолда оның қандай азамат екенін танығандай болдым, және Халел сенің келешегің алда, әлі халқыңның үлкен жүгін көтере алатындай азамат боласың! Деген, сөздерімді айтып, дін адамы ретінде сан рет батамды бергенмін, Халелдің осындай көтерілгеніне мен қуанбағанда кім қуанады.

... Қарқаралының батыс жақ шетіндегі шағын кел-ген оңаша әдемі үйде Халелдың жездесі Думан және үлкен апайы Күлзия тұрады екен. Семей сапарына біз осы үйден тай ішіп аттандық. Айта кетейін бұл Думан деген азамат-нағыз жігіттің тірегі. Бекерден сөзі жоқ, өз ісін, жұмысын атқарып жүре беретін, қаң-соңсыз жұмысы жоқ адам еді. Кейіннен қатты араласып өте жақсы көріп кеттім. Халел жастау кезінде осылардың қолында өсіпті. Осы апайының қамқорлығында болыпты.Тура бір анасының орнында деп, анасындай сыйлайды екен.

Қарқаралыдан Семейге қарай тартатын үлкен жол... Кей жері асфальтсымақ, әйтеуір ескі уақыттың өлшемімен алғанда жүруге келеді. Қарқаралыдан Семейге жарты мың шақырымнан асады. Астымызда бабындағы жаңа «Мо-сквич» аса жол талғамайтын бабындағы машина. Рульде Халелдың өзі. Екеуміз емін-еркін әңгімелесіп отырамыз, тіпті қалжыңдасып та қоямыз. Халелдің бойдақ кезі. Шілде айының ыстығы. Үдере тартып келеміз. Әңгіме арасын-да кейбір естімеген мақал-мәтелдер немесе айшықты бір сөздер кездесе қалса Халел бір тоқтағанда дәптеріне жазып ала салады. Өз халқының фольклорына, әдебиетіне сүйсіне қызығатын осы бір аяулы азаматты сол кезден жақсы көріп

кеттім. Сол жылы жазда аса ыстық күндер көп болды. Ыстық күндер деп біздер-Арқа адамдары отыз градустан асса айтамыз.

... Қуаңдата. Кеңестер заманында жетпісінші жылдардың ортасынан тоқсаныншы жылдың басына дейін қуаңшылық болғанын барлық ел біледі. Тәуелсіздік жарияланғаннан кейін ақ жаратушы бірден бізді жарылқай бастады. Ақ жаңбыр дегілін тұрғын болды. Иә, күні бүгінге дейін.

Жолда әрлік жайлаусымақ құрып отырған шопан қыстары. Қатты ыстықта көлеміз көуіп бара жатқан соң қойын түскі дамылға айдап келе жатқан бір шопан вагонсткасына бұрылдық. Бір қыз бала соляркаш тамызық етіп шай қайнатып жатыр. Жайлаудың қымызы қайда, қымызы қайда деп ойлап қоямыз. Тіпті осы бір жерде жайлаудың кісі де жоқ. Бір тақырдың үстінде тұрған вагон. Шаймен бірге солярка. Оған біздің қарағымыз жоқ. Бірақ, малын өріп жатқан шопанмен сәлемдескендей болып тезірек аттанып кеттік. Күн кешке Семейге жақындағанда алдымыздан бір мол сулы, басында қайың өскен бұлаққа кез болдық. Ырымшыл халық әлгі бұлақ басындағы қайыңға шүберек «жыртық» байлап толтырып тастапты. Ішімнен ойлап отырмын, «шаманизмнен» қалған осындай ырым-жырымның біздің халықтың санасынан әлі де өшпей келе жатқанына кейде өзің таңғаласың. Бұлаққа аунап кішкене жуынып шайынып алып дегендей, біраз жүрген соң, бір жолдың үстінде жақын тал-тұйнақтай бір жайға кез болдық. Керемет қымыз сатады екен. Әлі жер басы жолдың үсті. Біз сұрағанын беріп қымызға, жақсы қымызға әбден қарық болдық. Тіпті, қайтар жолымызда тағы келеміз деп уәде беріп жатырмыз. Олар да бізге риза.

Семейдің бас шаһарына кірдік. Бір кезде Ертістің екі жағы Семей және Алаш қаласы болып бөлінгенін тарихтан білетінбіз. ... Семей бергінгі қазақ тарихында ұмытылмас

орны бар қала. Абайдан бастап қазақ зиялыларының мекені болған, тіпті соңау заманда Федор Михайлович Достоевский және Шоқан Уалихановты достастырған қала. Достоевский кім десек, сол кездегі де кейіннен де орыс ұлтының бірінші адамы. Шоқанды сонымен теңдестірмей бағалаған.

Кеңес уақытында мейманханаларда орын ешқашан бос тұрмайтын. «Ертіс» деген ең тәуір мейманхана бос қалудың ар-жақ бер жағында екен. Бірен-саран қытай ұлтының өкілдері келе бастаған екен. Солар жүр мейманханада.Күн ыстық дедім ғой. Мейманханаға орналасқан соң жаңылмасам жетінші қабат болу керек, даяшы өзіміздің қазақ қызы біздің не қылайтынымызды білуге келіпті. Менің үстімде ақ киім, ақ тақия, оның қазіргідей көп тарала қоймаған кезі. Өзгінде Жа-лел оларға қалжыңдап мені шетел адамы деп қойыпты. Шетелде солай екен, деп естіген олар тамақты әкеп беру керек, деген шешіміне келген ғой.

Ертесіне облыстық атқару комитетінің ғимаратына барып, оның Төрағасы Мәркен Жакиянұлы Шайжүнісовке кірдік. Оқушыға түсінікті болу үшін біздің Семейге баруымыздың мәнін қысқа айтайын: Құнанбай қажы Семей-ге таныс ғой.Кезінде Қарқаралы дуанының аға сұлтаны болған. Сол кезде он алты болысты ұйымдастырып патшаның жоғарғы ұлықтарына хат жазуды ұйымдастырған қайраткер. Сондықтан да сол кездегі ел жақсылары мешітті Құнанбай атына берген. Сол тұрғыдан біз кейбір мешіттің осы заман-да қайта ашылуына керекті нәрселерге көмек болама деген ниетпен барғанбыз. Өйткені жоғарыда айтқанымыз: керекті нәрсенің бірі кілемдер еді, сол уақытта кеңес заманында азар дегенде қолы жеткен бір-бір кілемін сыпсі де мешітке сүйреп алып келмес деген ойымыз бұдан кейін де дұрысқа шыққан. Яғный бізге қаражат керек еді. Егер мүмкіндігі бол-са ол қаражатты біздің ашылған есебімізге аудару керек еді.

Мәркен Жақиянұлы жарқын, ашық жүзді келген ақсары кісі екен. Сол кезде жасы жер ортасына келген сияқты. Бұл кісі туралы азын-аулақ мәліметтерді бұрын да білетінбіз. Бір қызығы бұл кісінің әкесі жаңылмасам, Жақиян Шайжүнісов деген кісі Семейде үлкен балалар үйінің директоры болып тұрып, Социалистік Еңбек Ері атағын алған. Балалар үйінің бұл кісіден басқа мұндай үлкен марапатқа ие болған басқа бастығын бүкіл Кеңестер одағы бойынша естіген емеспіз... Жөнімізді айтқан соң ол кісі көмектесуге әзір екенін, бірақ дәл қазір жағдайдың жоқтығын, бұйырса бір екі айдан кейін қайта айналып келуімізді сұрады. Қазір-ақ қалталарыңызға салып берер едім, ренжімей кетіңіздер және тым асығыс болмасаңыздар, Абай басына, Қарауылға да бара кетіңіздер, ондағыларға да нұсқау берем,-деді. Шайжүнісовтың жанында белгілі жазушы, қоғам қайраткері Роллан Сейсенбаев отыр екен, бұрын суретін танығандықтан таный кеттім. Ол мешіт жөнінде қатты қызығушылық жасады, енді қайтсін жазушы емеспе, және менен мешіттің фирмалық бланк деп аталатын, түрлі мекемелермен қарым-қатынас үшін қолданылатын қағаздың бірнешеуін сұрап алды. Бұл бланкілер бұрын - соңды мешіттердің ешқайсысында болмаған еді, мұны сауаттылық және зиялылық тұрғысында болсын деп мен жасаған едім. Бұл бланктің макетін сол уақыттағы облыстық орыс және қазақ тіліндегі газеттердің суретшісі Жукон және мен жасап едім. Мешіттің мөрімен штемпелі де солай еді. Араб жазуымен айшықталған соң мөр де, бланк те ғажап болып көрінетін. Міне, осы бланкті сұрап алған белгілі жазушы Шайжүнісовтың алдында емін-еркін екен, көмектесу керек, деп өз ойын білдіріп жатты. Бұдан кейін осы үлкен облыстың атқару комитетінің төрағасы біздің кезімізде біздің машинамыздың номерін өзімізден сұрап алған әлгінде, облыстың автоинспекция бастығына айтып жатты. Бақсақ,

біздің машинамызды еш жерде ұстап жүрмеңдер деген, бізге шетелдіктерге ғана көрсетілетіндей құрмет, бұл облыста осындай үрдіс бар екен.

Тағы басқа жайлар жөнінде бие сауымынан артық уақыт отырып елді жинап бергенімізде бір жігіт кіріп келді. менің тақияма қарап: сізге біреуін берейінші, деп бір хатталған әдемі өрнектеліп жасалған шақыру билетінің бірсуін маған және Халелге ұсынды. Жаңылмасам, «Жиырмақан Бозанбайұлының туғанына 300 жыл» деген асқа шақыру билеті екен. Кезінде Торғайдың белгілі биі және қоғамшыл қайраткер адам болуы керек.Шайжүнісов мырза әлгі адамға: «осындайды қойыңдар деп едім ғой, тағы сол әуендеріңе басыңдарма» деп зілсіз ұрысқан болды, тегі сол уақытта көбейіп кеткен атаға ас беру деген науқан өрісінеу болған шығар. Осы орайда «ас беру» туралы ойымызды айта кетейікші. Негізінен «ас» Құранда да, басқа діни құқықтарында жоқ нәрсе. Бірақ, мұсылмандар жиналып, аллаһыны еске алып, бұрын қайтыс болған адамды еске алып жиын жасаса оған қарсы болмайды да. Бірақ, атақ шығару мақсатында ысырапқа барса және күнә болатынын да ескеру керек. Естеріңізде болса кезінде Құнанбай әкесі Өскенбайға ас бергенін елдің бәрі біледі. Ал Абай әкесі Құнанбайға ас берген жоқ. Тіпті осы жөнінде Абайды мұқатқысы келетіндер де бар. Қарап тұрсақ, Абайдың асты қалай берем десе де қабілеті жететін еді, бірақ ол саналы түрде бұған барған жоқ. Себебі, кезінде Құнанбай ақылды адам болғанымен қазақ даласына діп тереңдеп жаңа тарап келе жатқан кезінде ас беруді бұрынғы қазақы дәстүрмен атқарған. Ал, Абай болса исламды терең білуі себепті, көрнеу ысырап жасап күнәға шарасыз жол екенін айқын түсінді, сондықтан ас бермеді.

...Осы сапар жөніндегі әңгімемізге қайта оралайық. Облыстық атқару комитетінде отырғанымызда: Мәркен

Жақияұлы Шайжүнісовпе, Роллан Сейсенбаевпа, Хамлет жөнінде білген соң. Жастар Олжастың осы жұмыспен айналысып жүргеніне бір жағы қайран қалды, екінші жағынан күптап та қойды, және Мәркен Жақияұлы өзі де тәрбиелі адам, Халелге қарап «шырағым, түбі ақылың бар, өсетін азамат екенсің, Абай атамыз бір сөзінде «Адамның адамгершілігін бітірген ісінен емес, тіпті бастаған ісінен білуге болады» деп еді, деп бір қойды. Біздің бұл екі адаммен әңгімеміз, тіпті келіссөзіміз бес сағаттай уақыттан артық жарасымды жалғасын тапты. Жақсы келісімдерге қол жеткіздік. Арасында Мәркен Жақияұлы газет редакциясына, мұражайға телефон шалып біз туралы айтып ол жерлерге соға кетуге де ұсыныс білдіріп жатыр. Біраз уақыттан кейін телефон трубкасын қайта алып, құлағына апарып тұрып біздің машинамыздың нөмерін сұрады. Сол инспекцияның бастығына қоңырау шалып тұр екен, біздің машинамызды ешкімнің ұстамауы жөнінде құзыр жасады. Әрине, мұны естіп отырып, бізге осындай құрмет көрсеткені үшін біз де рахмет айттық.

Күні бойы Семей қаласының тарихи-мәдени ескерткіші бар жерлерін, мәдени мекемелерін аралап «Семей таңы» газеті редакциясына соқтық. Редакторы Рысқан Мұсақұлы деген зор дауысты, үлкен денелі адам екен. Кезінде белгілі ғалым, зерттеуші журналист, «Қарқаралы» журналын алған шығарушы Рамазан Сағымбекұлымен бірге оқып жолдас болыпты.

...«Семей таңы» сол уақытта республика бойынша шығатын қазақ тіліндегі газеттердің біреуі. Тілі мүмкіндігінше таза. Кезінде алғашқы қазақ газеттерінің көбісі осы Семейден шыққан. Семей-біздің ертедегі қазақ зиялыларының бас қосқан жері ретінде де қызық, әрі қымбат. Осында әңгімелесіп отырғанымызды қазіргі тілде курьез деп

айтатын қазақша тосын деп атауға болар, кішкене қызық оқиға болды. Редактор Рысқан Мұсиннің үстелінің оң жағына қарай газет тігіндісі жатыр, ең үстіңгі газетте үлкен тақырыппен «Әсет Қызылтарайда туған» деген Ж.Тәтиев деген автордың көлемді мақаласы жатыр екен.

Қазақтың биік дауысты әншісі, Абайдың шәкірті Әсет Найманбайұлы ресми де қазіргі Ақтоғай ауданына қарасты Қызылтарайда дүниеге келген. Руы Шордың ішінде Қожамберді деген батырдан тарайды. Әсеттің өзі де атасына тартып жауырыны жерге тимеген балуан да болған. Жиырмасыншы жылдардың басында Қытайда қайтыс болған. Жергілікті газетте Әсеттің туған жері туралы біраз айтыс, таластар болған екен. Сол таластардың аяғына осы мақала нүкте қойған сыңайлы. Өйткені автор - Әсетпен ағайындас болып келетін адам еді. Бұл кісінің есімі Қарқаралы-Қызылтарайға да таныс еді. Қызылтарай негізінен Қарқаралының алтыншы ауылы аталған, Темірші болысына жатқан. 1930 жылдары Ақтоғай (сол кездегі атауы Қоңырат) ауданы құрылған, жаңа құрылған ауданға бөліп берілген. Тосын қызық дегенім - Қызылтарайда мен де туған едім.

Халел екеуміз сол кісімен біраз әңгімелестік. Біздің мәселе: сол біреу, Қарқаралыдағы байырғы Құнанбай мешітінің сол кездің тілімен айтқанда «пайдалануға беру». Семейдегі осындай кездесулерде іс жөніндегі әңгімелерде Халел үлкен «мәмілегерлік» танытатын. Бір-екі күнде мұндағы шаруаларымыз шешімін табатын болып, Абай ауданының орталығы Қарауылға қарай жол тартпақ болдық. «Жақсыдан шарапат» демекші Ұлы Абай тумаса Кеңес заманында Семейден Қарауылға дейін асфальт жол салынар ма еді кім білсін. Өйткені шалғай аймақ қиыншылығы көп. Семейден шығар алдында жағар май құятын жерде бағана басындағы термометр 51 градус ыстықты көрсетіп тұр екен. Халел де, мен де шидай

бетпен қайтпайтын сияқты бір ортақ мінездеріміз бар бо-латын. Қарауылға қарай жол тарттық. Жолдың ұзына бойы жөндеуде екен. Себебі, Абайдың 150 жылдығы жақындап келе жатқан. Күн ыстықта көп жол машақатын шектік. Жол жиегіндегі байырғы сүрлеу әрі жайсыз, шаң. Өзен дөңесте үдере тартып орта жол дердік Күшікбай бұлағына жеттік. Бұл Ұлы Мұхтар Әуезовтың шығармаларына арқау болатын тарихи атаулы бұлақ. Суы керемет таза әрі мұздай суық. Сол жерде бұлақтың суын аздап жылытып барып ішкесін рас керемет мұздай екен. Анандай жерде Кимаз көліктері тоқтап тұр, үстінде жүктері бар. Бұлақтан әртамандау қырға қарай ескі қорымдар... М.Әуезовтың «Қорғансыздың күні» тарихи трагедиялық көркем әңгімесі., Ғазиза атты қыз... оның борапта үсіп өлуі, тағы, тағы немене, айтпақшы Күшікбай батыр... Ол ауырып жатқанда жаулары өстіп ауылын шауып кетеді. батыр ақырғы күшін жинап түрегеліп атына мініп жаулардың артынан шабады. Олар әрине бұл келеді деп күтпеген. Бұл оларды шауып, шабақтан кейін қайтарып, малын айдап келіп, есіктің алдына жетіп атынан түсе бере жан тапсырады... Қорымдардың басына құран оқыдық.

Машинамыз аса ыстықтан қызып кетті. Біраз демалып, жолға шықтық. ...Қалақтың кең даласы. Жүріп келе жатқанда тынысың кеңіп, кеудеңді де сананды «қосыша жеріміз бар» деген бір басқа елдің басында жоқ мақтаныш бойыңызды кернеп отырады. Түс ауа Жидебайға жеттік. Абай ескерткіші басына барып құран оқыдық. Ол кезде кейін Сайын Назарбек салатын үлкен архитектуралық кешен әлі басталмаған да болатын. Бірақ, сол уақыттың өлшемімен алдында Абайдың граниттен жасалған ескерткіші бірегей дүние еді. ...Кеңес заманындағы жүдеу күй, сол маңайда ауылда біз сауын отырған ешкім жоқ. Совхоздың жұмысынан қол тимейді деген көрсеңау тоғышар адамды жақсылыққа бастамайтын неме-

холгия бұл ауылды да жайлаған екен. Сыртқы қабырғаларын жауын сойып кеткен «саман» үй деп аталатын сүреңсіз үйлер. Елгезекте көңіл күй жоқ халық. Біржағынан «әйтеуір үкімет өлтірмейді» деген сорлылыққа мойын ұсынған халық. Кеңестік заман деген құл неленушіліктің құйтырқы манипуляция жасаған осы заманға лайықталған келешегі жоқ қоғамдық құрылыс болатын. Ақыры құлап тынды.

... Сол күні Ешкі-Көбектің ескерткішіне бардық. Олардың басында едәуір бөгеліп ескерткішті айналсоқтап жүрдік. Халелдің жас кезі, керемет әсерленгенін сезінде.

-Қап, сурет тартқызып ала шықпағаным бекер болған екен, деп, ол қатты өкінді. Өзіміз жолсыраш келе жатқанмен керемет серпін кештік. Абай басына, тағы басқа жерлерді аралап кешке қарай қонуға бет алып Қарауылға келдік. Өне қазақы село екені алдайдан мен мұңдалап тұрады. Шеткергі үйлердің қоршаулары жоқ. Қамсыз қазақылық. Құнанбай, Абай ұрпақтарынан кім бар екенін сұрастырып жүріп, Алдажар Ниязбек деген (бұрыннан да есгін жүретінбіз) кісінің баласының үйіне келдік. Жаңылмасам сол кезде тұтынушылар одағы деген мекемеде шофер болып істейді екен. Келіншегі де сонда қойма меңгерушісі. Жақсы тұрады. Бізді өте жылы қарсы алды. Әкесінің Абай мұражайының меңгерушісі болғанын, атқарған көп жұмыстары жөнінде бізге жақсы айтып берді. Алдажар Ниязбек соғысқа қатысқан бір аяғын оқ жұлып кеткен мүгедек болған екен. Соған қарамастан мұражайды жабдықтау, экспонаттармен байыту жөнінде көп жұмыс істепті. Осы кісінің еңбегінің арқасында Абай мұражайы ұялмай көрсетуге болатын дәрежеге жетіпті. Әрине, ол кезде шетелдіктер бірен-саран. Дегенмен де, әр жерден ғалымдар, әуесқойлар сол кездің өзінде Абай туған, жасаған жерді іздеп келеді екен.

Ертесіне Қарауылдың ағылшы Абай ауданының

бастыларының алдында болдық. Газет редакциясында біздің суреттерімізді түсіріп алды. Кейінгі номерлерде сол суреттермен Халел екеуміздің сапарымыздың мән-жайы туралы толық, тіпті әсіре. сипаттама беріліп ықтиятты жазған екен. Өйткені сол газеттен оқып едім деп, бірсыпыра адамдар бізге алғыс білдірмек болып хаттар жіберіпті. Осындай бір-екі ризалық хаттың мазмұны облыстық «Орталық Қазақстан» газетінде де басылып шықты. Көп шаруаларымыз тиянақталғандай болғаннан кейін Батыс-Қарқаралыға қарай жол шектік. Жолай арнайы бұрылып Бөрілідегі қазақтың Ұлы жазушысы Мұхтар Әуезов мұражайына соқтық. Айтатын нәрсе: Әуезов мұражайы сол кездің өзінде экспозицияға бай екен. Жақсы күтімде екені көрініп тұр. Жазда гүлзарлар егуге салақсымай кірісілгені көрініп тұр, жалпы су мәселесі скважина құдығы арқылы шешіліпті. Келетін көрушілерге сол уақыттың оңдемімен ескерткіш ретінде беруге мұражай туралы толық мәлімет деңгейінде жасалған көркем буклет шығарылған екен. Әрине, мұражай бізге өте жақсы әсер қалдырды. Ұлы Әуезов туған, тұрған үйді, жерді көріп кеткің келмейді. Негізі, қуаңдау жер екен. Жазда шаңдауылды болатыны көрініп тұр. Осындайда ойға келеді: неге көрнекті адамдардың туған, тұрған жерлері сұрқай, көріксіз, экстремалды ауа райына бейім болады екен. Әлде мұнда біз білмейтін бір құпия барма. Жаратқанның құпиясы көп. Абай айтты емес пе: «Алланың ақылы өлшеусіз, адамның ақылы өлшеулі» деп. және айтады: «өлшеулімен өлшеусізді біле алмайсың» деп.

Халелдің бір өзгешелігі әңгіме арасында тосындау бір мақал-мәтел, әйтпесе, қанатты сөз орамдарын естісе құлақ түре қалатыны бар. Тіпті ерінбей тоқтай қалып өзімен бірге алып жүретін қойын кітапшасына түртіп алатыны да бар. Мен өзім Халелмен бірге жүрген сапарларымда байқағаным то-

лып жатқан адами қасиеттері үшін өзімнен екі мүшелге таяу жас болса да Хелелді жақсы көріп кетіп едім. Екеуміз жол жүріп келе жатқанда әртүрлі тақырыптарды сөз етіп қоямыз. Әңгіме әдебиет, философиядан басталса, кейініректе өндіріс, шаруашылық салаларына дейін әңгіме тақырыбы бола шы-тын. Осындай әңгімелердің бірінде мен жел двигательдері жөнінде өз ұстанымымды білдірдім. Өйткені жел тегін энергияның көзі. Мәселен, Латын Америкасы елдерінде бұл энергия белсенді түрде пайдаланылады. Көршілес Қытайда да бұл шешімін тапқан. Түптің түбінде бұл мәселеге біздің елде де басымдылық берілуі өте ықтимал ғой деп әлі күнге өз көзқарасымды ұстанудамын.

...Қарағанды қаласында да Хелелмен бірнеше келіп көп мәселелерді шештік. Атап, айтқанда сол уақыттағы тосын нәрселер: мешітті әділет органдарына тіркеу, іс қағаздарын жасау, ең бастысы мешіт толыққанды жұмыс жасау үшін қаражат мәселесі күн тәртібінде бола беруші еді.Екеуміз көп мекемелерге барып жүріп тоғыз жүз мың теңгедей ақша түсірдік. Бір қызығы сөз ретінде айта кетейін, бұл ақшаны кейін «күйдіріп» алдық. 1993 жылы қараша айында қазақ ақшасы шыққанда біздің бұл ақшаларымыз құнсызданып қалды.Тағы бір «курьез» деп атауға бола ма, Қарағанды қаласының бірнеше өндіріс мекемелері Хелел Мақсұтов екеуміздің «мәмілегерлігіміз» арқасында берілмей тұра алмай-тын. Барған жердің бәрі де сол уақыттағы аумалы-төкпелі жағдайға қарамастан көмектерін берді. Бір қызық оқиғаны айта кетейін, Қарағанды қаласындағы шахталардың ең мықтысы Т.Күзембаев атындағы шахта екен. Жалпы сырттан келгендерге көрсетуге дайындап қойған, жасандырған шахта екен. Бастығы 1990 жылдардың басында Штейман деген кісі екен. Біз оны көргеніміз жоқ, себебі ол біз барған кезде де-малыста екен. Бұл шахтаға біздің баруымызға себеп болған

марқұм Мыңжасар Әдекенов еді. Бұл кісі Қарқаралының тумасы, мал шаруашылығы маманы, осы салада кандидаттық диссертация қорғаған, соншасына қарамастан адамгершілікті, тіпті діншілдігі де бар, адамға болмасын демейтін адам еді. Кейінде аудандық атқару комитетінің Төрағасы және аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметіне көтерілген адам, сол кезде жаңылмасам, Қарағанды облыстық ауыл шаруашылығы Басқармасының қой шаруашылығы салалық басқармасының бастығы қызметінде еді. Қарқаралыда Құнанбай мешітіне көмек қолын алғашқы созушылардың бірі болды. Кейіннен өз зерттеулерінің нәтижесінде ислам діні туралы жақсы кітап жазып кетті. Осы Мыңжасар Әдекенов Қарағанды қаласында тұрып бізге Т.Күзембаев шахтасының Бас инженері Мұхамеджанов Кеңес деген азамат бар екенін және оның жай адам емес, Абайдың баласы Тұрағұлдың қызы Мәкеннен туғанын осы Мыңжасар бауырымыз бізге айтты. Ендігі мәселе осы іс басында отырған азаматты пайдаланып мешіттің көркейіп кетуі үшін қаражат аударуын сұрап бару ғана қалды. Айтқандай Халел екеуміз осы кісінің алдына бара қалдық. Бұрын кім барған, Т.Күзембаев шахтасы дегенді әйтеуір еститінбіз. Біз барғанда шахта бастығы Штейман демалысқа шығып кеткен екен деп жоғарыда айттым. Біз тіпті қуандық. Себебі шахтаның сол кездегі уақытша бастығы Абайдың жиені болса неге қуанбасқа! «Ұлы адамдардың кейінгі ұрпағы нәжіс кетеді, бірақ, кейінгі заманда , барын-барын жақсы туу мүмкін» деген халық даналығы рас па деймін. Әлгі байғұс қабілетсіз адам болып шықты, бір тиын аудару қабілеті болмады, тіпті әңгімеден ат-тонын ала қашқан соң бас экономисін шақыртуын өтіндім онымен Халел сөйлесіп еді, ол тіпті қазір осы салаға дайындалған қаражат та бар екенін, бастық келісе қазір-ақ бірден ақша аударып жіберуге болатынын айтты. Бірақ, Кеңес Мұхамеджановтың

қорқақтығынан ол ақша бізге келмеді, әрине, біз де оған қарап тұрған жоқ едік.

...Тоқсаныншы жылдардың ортасында Қарқаралының Мамыраев атындағы ауылда қазақтың Ұлы актері Қалибек Қуанышбаевтың тойы болды. Осыған арнайы шақырылған соң Бас имам Зейнолла Сейсенбеков екеуміз де барғанбыз. Әлгі Кенес Мұқамеджанов сол тойға қартайып отырған шешесі Мәкенді алып келген екен. Өзі мені танып (әрине, мен де оны тани кеттім) қыбыжықтап елдің алдында өзін қоярға жер таппады. Мен оны жұрттың алдында масқаралар деп қорықты ғой деймін.Рас, болса осы жігіт кейінінен психозның ауыр түріне ұшырапты деп естідім...

Жас келсе іске, дегендейін Халел тоқсаныншы жылдардың бас кезінде, әлі жиырманың ішіндегі жігіт, осы облыстың Абай қаласының әкімшілігінде жұмыс істеген уақытта –ақ іскерлігімен, ақылдылығымен, әр нәрсеге дұрыс шешім таба білгендігімен қызмет саласында жылдам көтерілді.

... Мен осы жолдарды жазып отырғанда Халел Мұқатайұлы Мақсұтовтың Қарқаралы ауданының Әкімі болып тағайындалғаны жөнінде Қарқаралыдағы респондентіміз болып жүретін , бір кездері менен арабша сабақ алған Ерлан Мұстафин деген жақсы қаламгер болып өзі де тоселіп келе жатқан тілектес, тілеулес інімтымыз қуанышт хабарлады, маған. ... Есіме бұдан бір жылдай бұрын болған оқиға түсе кетті. Мен Қарағанды қаласындағы Бұхар жырау даңғылының бойымен екі жыл бұрын ғана бой көтерген Сәкен Сейфуллин атындағы қазақ драма театрының жанына келіп қалған екенмін. Таңертеңгі мезгіл еді. Театрдың алдында бірнеше мемлекет қызметкерлерімен бірге Халел тұр екен. Қала Әкімінің орынбасары болып келгенін білетінмін. бірақ әбден оршуксын. мазасын алып, ығыр қылғандай

болмайын» деген ниетпен бармай жүргенмін. Құшақтасып амандастық. Біраз ғана сөйлесуге шама келді, қызметтің игі қызмет. Бір үлкен шараның қамымен жүр екен. Мен қалжыңдап «Қарқаралыға қашан әкім болып барасың» дедім. ... Періштенің құлағына шалынған шығар. Халел сияқты Отаншыл, әрі іскер азаматтар көп болса игі... Халелдің жиырма жылға тяжу республикамыздың басқа өңірінде абройлы қызметтер атқарғанын білеміз, бірақ оның бәріне тоқталмадық, бұйырса оны айтатын да кез келер.

## Досыңа – достық қарыз іс

Тигенде метіп қамына жарпса, қаражат қамыня жаратсаңыздар құба-құп, деп сәлем айтып сонау Алматыдан бес жүз данасын беріп жіберіпті. Біздер үшін бұл күтпеген жиндай болды. Бұл қазіргі үлкен гуманитар, жазушы, ғалым, академик, қажы, кітапқұмар, баспагер, көсемсөзші, сөйлесе кетсе шешен, әр салада халқына пайдасын тигізуге тырысып жүретін, тигізін те жүр, үлкен жүректі жас азамат Бейбітқажы Сапаралин еді. Сексенінші жылға дейін әдеби ортада «Жұлдыз», «Жалын» журналы шығатын да, газеттен «Қазақ әдебиеті» шығатын, талапкер қаламгер, ақын, әдебиетшілер көп болатын, солардың сынаулысының ғана жазғаны, журнал газеттерге қолы жетін шамалы бірдеңесі (көлемі жағынан) жарияланса үлкен нәрсе еді. Сол жетпісінші жылдар басынан-ақ Бейбіттің әдебиетіміздің толғақты мәселелері жөнінде жиырма жасар шағында-ақ «Жұлдызда» кішірек мәтіндері жарық көре бастады. Талғамды тың ойлары бар жасты сырттан байқап жүргенімізде тікелей Құнанбай есімімен кітап жазған соң, көп ұзамай Қарқаралыға шақырудың сәті түсті. Ұзын бойлы, үлкен тұлғалы, жарқын,

әдемі жүзді, ойлы көзді, биік маңдайлы мұндай тұлғалы жігіттер расында біздің халқымызда көп кездесе бермейді. Оқушыларымыздың кейбіріне мәлім, жастарымыз біле бермес, тәуелсіздік алғанымызға дейін жақсымызды жақсы деп айта алмадық, әсіресе біздің жырықтар сияқты текті халықтың жақсылықтарын атай алмадық. Атағауға да көп айла-шарғылар жасалды. Тірі адамды ұлықтаса, ол асқақтап бұзылып кетеді деген желеу тапты. Өлген жақсыларымызды айтайық десек, ол не хан болып шығады, не би болып, не батыр болып шығады. Бұның кейінгі шаруасы белгілі, хан халықты езген қаскүнем, би ет жеп, қымыз ішкен масқүнем, батыр болса орысқа қарсы соғысқан «жау» болып шығатын.

Қазақтың мықты ақыны Ғафу Қайырбеков айтқандай бір жерде «мен түсінбеймін орыс патшасы неге жақсы болады, біздің ханымыз неге жаман болады»-деп. Құдайға шүкір, «әділеттілікті» күткен заман келді, енді бір қызғанышсыз адами түрде жақсымызды неге жақсы демеске? Біз білетін Бейбіт Сапаралин әрі қырықты елді орталаса да бір туарлығы халқына атақ үшін, даңқын шығару үшін емес, таланты, талабымен мойындатқан халқының қадірлі, «Болсаң бол» дейтіндей азамат. Ұлы Абай туған топырақта туған Бейбіт ондаған ұл-қыз тәрбиелеп өсірген Төлеубай ақсақал жанұясында ұлағын орталаған. Ана бір жылдары Төлеубай ақсақал жетпіс жасқа толып Бейбіт сияқты ұл өсірген ақсақалдың мерей тойын халқы-елі туған-өскен мекені Абай ауданының орталығы Қарауылда атап өтті. Сол 1996 жылы осы жолдардың авторы және белгілі жазушы «Сәттімбет», «Арыстар» деген эпикалық туындылар жазған Қарқаралылық қаламгер Сагиргали Нәмбековпен бірге барып қатысып қайтып едік. Төлеубай ақсақал ол кезде құнақ, сергек, астарлы сөз, бояулы қалжыңға шебер, өзі де көпті көрген өнерден құралақан емес. Өз мерейтойы қарсаңында өмірбаяндық-хронологиялық

«Ілге айтар сырым бар» - деген кітап жазған. Кезінде суреттартқыштықпен шұғылданғанын аудан газеттерінде фототілші, жауапты хатшы қызметтерін атқарған. Бұдан сол кездегі маңызды мекеме «Заготскотта» бастық, аудандық кәсіподақ төрағасы қызметімен зейнетке шыққан.

Айтатын нәрсе: Төкеннің жеке мұрағатында және орталық, облыстық мұражайларға да берген сонау 1957 жылы Мұхтар Әуезов өзінің алпыс жылдығы қарсаңында елге келгенінде әсіресе ат үстінде түскен суреттерді Төкен ақсақал түсірген.

Қарауылда өткен Төлеубай Сапаралин ақсақалдың осы тойы тек ішіп-жеудің емес, жарының басы да соңы да Абай есімімен рухани тойға айналды деуге болады. Өйткені жер-жерден келген қонақтардың көбісі мәдени саланың адамдары болды. Әсіресе Алматыдан бір топ ақын, жазушы, ғалымдар Бейбітпен келді. Әкесін қанша құрметтеп жатса, Бейбітке деген халықтың құрметі, осы бір ақылды жас азаматқа деген мақтаныш көңілі жалғанып жайлары сол бір кешінде ерекше бір жарасымдылығымен және де «мен Абайдың аяғы басқан жерді басып тұрған шығармын»- деген бір абстрактылау сезімнің жетегінде бәріміз де, халқымызға, қазаққа деген мақтаныш тудырғандай еді. Төлеубай ақсақалдың тойы жайлы айтып келе жатқанымыздай Жидебайға, Кеңгірбай мазарына барумен, бұдан кейін Абай - Шәкәрімнің таяуда ғана салынып біткен сәулетханасына барып тамашалаумен жалғасты...

Қарауыл... Абай ауданының орталығы шағын село. Тіпті көп үйлердің сыртындағы қоршауда бола бермейді екен. Нағыз қазақ иісі шығып тұрған жер. Абай тойы қарсаңында әдемі Европалық үлгідегі мейманхана салыныпты. Абай тойына келген мәртебелі елбасы осында аялдапты. Төкен ақсақалдың тойына келген біздер осы мейманханада елбасының бала күніндегі ұстазы, тіпті мектеп директоры болған Сейітқан

Исаев ақсақалмен бірге болдық. Президент мұғалімімен бірге болу, оның сөзін есту, бір кездерде осы сөзді Нұрағаңа да айтқан шығар» деген сезімде біле білген адамға үлкен мақтаныш болар. «Жақсыдан шарапат»-дейді ғой халқымыз.

Қараүйлда өте сәнді, кең айтулы мәдениет үйі бар екен, осында үлкен сауық, оң кеші Тоқең ақсақалға арналды. Тоқең тым қарапайым көрінгісі келгенімен қарапайым адам емес. Сөйлесе тілге жүйрік, оқығаны, тоқығаны, үйренгені кең, ең бастысы соларды іске жарата білген адам. Жасында жетім өсіп,1944 жылы жасы жаңа он сегізге аяқ басқанда қоярда-қоймай соғысқа өзі тіленіп кетіп, соң соғысқа Польша жеріне кіріп жарақатып, сол жақта әскер қызметінде болып қырық алтыншы, қырық сегізінші жылдар аралығында Ленинград-та арнайы әскери қаруларды нұсқаушылар мектебін бітіріп, тағы әскери қызметте болып елге мың тоғыз жүз елуінші жылы алты жылдан кейін оралыпты. Одан кейінгі өмірі туған халқының ортасында солардың мұң-мұқтажын рет-теумен өткен. Осы тойда Төлеубай ақсақал елінің ең қадірлі адамы екеніне көзім жеткендей болды. Содан алдында сырт елде шыққан сол кезде қымбат бұйым есебінде болған «Абай ауылы» альбомына белгілі қазақ гуманитары Сұлтан Оразалин-нов Тоқең сол альбомға «Абай елінің алтын қазығы»... деп жазыпты. Сол тойда бір ерекше есте қалған жағдай, ертесіне Тоқең өз қолымен тұрғызған, салынуынан, орналасуынан жинақылығын, іскерлігін кісі аңқып тұрған жас кейінде Бейбітте тұрған село шетіне таман салынған үйден ертесіне дәм татуға бүкіл қонақтар қоярда-қоймай шақырылды. Кең-көсір әрі өте мәдениетпен, талғаммен орналасқан дастарқан мәзірі көп адамның есінде шығар. Кейде біздің ақын-жазушыларымыздың біреуі бір жерге барғанда қазақтың дәмі туралы, әсіресе қымыз, қазы-қарта туралы әдемі, әсем жаза-тындары көп. Бірақ басқа бірсулері әсіресе кеңестік дәуірде

бұлар ішкен тамағын айтады, кеңестік идеологияны айтудың орнына» деп сыбанып сынап шыға келуші еді. Адам ең алдымен пенде-кішкене қасиеттерден ең үлкен қажеттіктерге дейін осы өмір үрдісі. Сонысымен бұл өмірде ғұмыр кешеді. Ескі қазақ ақындарының бәрі де қай заманда болмасын бұл айтылған, айтыла берер де. Төлеубай ақсақалдың үйінде екі айтулы домбыра бар екен. Біреуі әкесінен қалған, ол турасы кітабында да айтылады. Осы домбыра ұстауға оңтайлы тегінен нағыз домбыраның үні шығып, бала кезімізде киіз үйдің сыртынан өтіп бара жатқанда дың ете түскен домбыра дыбысына тоқтай қалғанымды дәл осы домбыраны шерткенде есіме түсіріп еді. ...Бір дың еткен үнді тағы қашан естігер екен деген үмітпен көп тұрып ем. Сөйтсем керегенің басынан жүгенторын іліп жүргенде олақ әйел жерге түсіріп алған екен. Сонда шыққан жалғыз нота жадымда қалғандай екен. Мұны айтып отырғаным сөз орайында айта кетейік, қазіргі домбыралардың көбісі нағыз домбыраның дыбысын бере алмайды. Көбісінің үні қаңқыл, шаңқылдап шығады. Әсіресе көптеген ай-әншілер домбыра шегін қағып тартып алып сүйемелдеп ән айтқан уақытта домбыра таза өз дыбысынан жұрдай болады. Әрине көп жұрт дарылдатқанға риза болады. Тыңдарман талғамы өте төмен. Осының әсерінен де болар, сөз орайында айта кетейік, қазіргі кезде тіпті тәуелсіздігіміздің атын жамылып немесе түрлі биік ат қойып, айдар таққан өздері ән шығара алмайтын, бірақ қазақтың көптеген асыл әндерін қор қылып жүндей түткен («аранжировка» деген музыканың «жаңалығы» деп түсінуге болар деймін) талғамсыз, талапсыз, өз тілін білмейтін, тіпті «қ» әрпін айта алмайтын сүреңсіз ансамбльдер қаптап, қолдап кетті. Не нәрсе адамға зиянды санасыз болса, соның тез көбейетін әдеті ғой. Өкінішке қарай олар көбейіп. Жасыратыны жоқ, микрофон болмаса аузын да аша алмайтын дауыс жоқ, бірақ айту техникасын меңгергендер

біздің халыққа өнерден жүлде алып береді дегенге кім се-нер. Бұларды, бұлардан өткен талғамсыз осы саланың бас-шылары «әлең» топ, «түтін» топ деп дәріптеп, қасиетті сахналардан халыққа телім ұсынып жатады. Талғамсыз әннің, музыканың жігін ажырата алмайтын жас ұрпақ бұған үйренуде бірақ көндіге алар ма екен. Мыңдаған жылдар бойы ата-бабалардың, Біржандардың, Ақандардың, Әсеттердің жа-сап кеткен асыл дүниесін, тек шабыт пен сезім, махаббаттан туған есіл әндерді қор боп кейінгі келер талғамды ұрпаққа жетпей қалар ма екен деп қатты қауіптенеміз, шіркін, заң болса халық әніне тиісуге тоқтам салатын. Осы жолдарды жазып отырғанымызда сол уақыттар бұрын мәдениет сала-сына Мұхтар Құл-Мұхаммед сынды өнер, әдебиет, мәдениет және осы заманғы бизнесті пыр айналдырған ақылды, да-рынды басшы келгені көңілге көп үміт ұялатады. Ұзағынан сүйіндіргей дейміз! Бұл кітапты оқып отырған жастары-мыз бізді түсінбеуі де мүмкін-ау, «консерватор» деп ойлап. Біз соғыстан кейінгі туған ұрпақ өкілдері балалықты өз мәнінде сезінгеміз жоқ, көрсеміз жоқ. Біз қатарларымыз жеті-сегіз жастан кеңес колхозының өгізіне мініп құлдарша еңбек қылғанымызды кім жоққа шығарар. Сонда болашаққа сүйреген қазақ әндері еді. Осы орайда айтайықшы, түсінейікші, кейінгі ұрпақ деп ән өнерінен қазақ әнін бүкіл дүниенің ең алдына апарып қойсақ ұнамасының, сондай әнімізді, әлдилеген жаны-мызды қорғауымызға бола ма? Халықтың-халықтығын, елдің-елдігін білдіретін әні, өнері, әдебиеті дейміз, олай болса осының бәрі тек бір ғана емес, жетіп артылады ғой бізде. Әдебиетті айтсақ, ауыз әдебиетінің өзінде жүздеген эпикалық дастан, хиссалар бар ғой. Дүниеде көптеген халықтар бір ғана осындай нәрсесі үшін аузын толтыра мақтанғанда біздікі айтсайшы. Сүйекке сіңген кең даладай кеңдік тән ғой бізге. Жоғарыдағы ән туралы ойымызға қайта оралайықшы

«Қарқаралы басында», «Баянауыл», «Қанаттады», «Тонай көк», «Жиырма бес», «Ғайни», «Мақпал» тағы осы сияқты әндерімізге мен өз басым қаншама операны, симфонияны, еуропа мәдениетімен сонша таныс, етене бола тұра жаңағы әндерге яғни құлақтың бір әнін мың «Севиль шаштаразына» айырбастамас едім. Қазіргі жас ұрпақ, біздің талғамымыздың төмендігінен бе осы? Бағалап, түсініп, толғанып көріңіздер. Әп жоппенде сөз қозғалып кетті ғой, осыдан біраз уақыт бұрын Шәмші Қалдаяқов мерейтойын өткізді. Марқұм сазгердің көп жақсы қасиеттерін, еліне сіңеулі еңбегін айта жатты. Менімше осының бәрі Шәмші ағамыз еңбегінің өлшеуі бола алмайды. Елуінші жылдар басы, алпысыншы жылдар ортасына дейін, соғыстан, тағы басқа шайқылған Кеңестік науқандардан жүдеу болған халықты бұрынғы төл қазақ әндерімен бірге әлдилеп сілген еңсесі көтерген еді Шәмші әндері. Ол уақытта қазақтың көбі ауылдың: қырықтық науқаны, шөп шабу науқаны, егін егу, ору ісінің бәрінде де «Ақмандайлым» «Ақсұңқарым» әндері халықтық еді. Жақсы ән тіпсмей-ақ жүректі, сезімді жаулап кетеді ғой. Шәмші әндері сол уақытта еңбектеген жас, еңкейгенкәріге дейін айтып, естіп, тыңдап жүрді десек болады. Менімше осы тұрғыдан Шәмші данышпан сазгер. Оның өміріндегі пенделік жағдайларын біле бермейміз, көбінесе талантты адамдардың сөзге нoқай, өмірлік іске оршалақ келетіні рас. «В творчестве велик, в жизни мелок» деген Гете сөзі бар ғой. Пенделік кемшілік Шәмшіде де көп болған дейді. Бірақ, тәуелсіз халқымыздың кейінгі ұрпақтары оны данышпан ретінде таныса деп ойлаймыз. Бұл әулиетейлік емес, оның еңбегіне талантына берілетін шын баға емес пе? Сөйтсе Шәмші көзінің композиторлар Одағына мүше бола алмапты. Кеңестік қасаңдық қорғаушылар әрине талантты жақтамады. Олар өздері кемеңгер, өздері талантты сияқты, дүние

екенін біле ме, әрине, білмейді. Ақымақ өзін ақымақпын деп ешқашан мойындамақ емес. Өкінішке орай талғамсыздық, талантсыздық, дарынсыздық көлеңкеде жүруі, дүниенің алға түсуі бұл өмірдің құпияларының бірі.

Бейбітқажы Сапаралин - 1962 жылы туған. Қазақ мектептерінде бір-біріне қия бермейтін Алтын медальді Бейбітке амалы-қалмай берген сияқты. Талантты жас Қазақ университетіне емтихан ұстап (бір сабақтан) бес алып журналистика факультетін бітіріп «Білім және еңбек», (соңынан «Зерде») журналында, «Қазақстан пионері»—«Ұлан» газетінде орынбасар, соңынан Бас редактор, халықаралық «Заман-Қазақстан» газетінде бас редактордың бірінші орынбасары, «Қазақстан теледидары мен радиосы республикалық корпорациясында вице-президент қызметтерін атқарды. Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, Қазақ халық «Экология» академиясының академигі, «Қағанат-ҚС» ғылыми-мәдени орталығының президенті. Шығармаларынан ең көлемділерін айтсақ дейміз; «Адалбақан» 1992 жылы жазылып біткен үлкен кітап, 1995-те «Байтөбел» 1995-те, «Президенттің балалық шағы» 1995-те жарық көрген. Ал 1996 жылда «Олжастың балалық шағы» кітабын шығарған. Бейбіт бұдан басқа «Құтты болсын тойларың», «Дүние жүзі қазақтарының құрылтайы»- деген жинақтардың құрастырушысы. 1997 жылы «Өнеге баба» кітабын тағы шығарды. Басқа толып жатқан қазіргі газет-журналдарда жарияланып жататын дүниелерін былай қойғанда, теледидар хабарларына қатысады. Интервьюлер береді. Бұдан басқа сала-салалы қызмет және көп. Қазір біз осы бір дүниені даярлап жатқан Бейбіт қажы «Дүниедегі Ислам ғалымдары симпозиумын» Алматыда, Қазақстанда өткізу үшін қаншы күш жұмсап жатқанын білеміз. Алматыда Бейбіт қажы Сапаралинді зиялы ортаның білмейтіні жоқ. Ондаған мықты кітаптар жазған сарабдал қазіргі қарт жа-

зушымыз Қалмұқан Исабаев «Он бір қажықтың маңдайында мына заманда біткен ақылды азамат» деп еді.»

Бейбіт 1994 жылы Мәртебелі Елбасымыз бен бірге Меккеде парыз қажылықты өтеді. Бұдан кейін тағы барды. Сол 1994 жылы «Хабар» арнасының үстінде ихрам бар, Меккеден тікелей хабар тараткан бойынан әдемі, тұлғалы азамат Бейбіт Сапаралин екенін біреу білін, біреу білмес. Бейбіт қазір Исламның кең арнасында. Оны кейбір жадағай фанатизм, мистицизм ретінде қабылдамайды, дүниелік ілім, ғылым ретінде қазіргі адамзат қоғамның өркендетуші күші ретінде қарайды. «Барлық темір жол Ташкентке барады»-деп өзбектер қалжыңдайтындай түптің түбінде бүкіл дүние Исламға келмек. Айткені зердені ой, терең жүрек осында. Ол адамзатты екі дүниеде алып шығатын, жаратушының алдында ақтап аларлық күш осында ғана бар. Сөз басында да біраз айтқанымыз, тегінде Абай: «Жүректің түбіне терең бойла»... дегенде Исламды айтқан. Жетпіс жыл бойы надандықтың түнегіне батқан халқымызға жарқыраған күн туды. Дінді ұстайтын күн туды. «Надандық» деген ұғымға шамданбаңыз халайық. Шын мәнінде солай. Дінде құдайды танымайтын, дінді ұстамайтын елді, адамды «надан» деп атайды. Ардақты ағамыз, жазушы, сыршыл Тұрсынбек Кәкішев өткен телеарналардан (Кеңес заманында) бір сөйлегенде «Алланы-Абайдай айта алған ешкім жоқ» деп еді. Ақылды адамның бәрі дін ұстайды. Қара халықтан бастап патшаға дейін «Құдайдан қорықпағаннан қорық»-деп тағы айтады.

Осы уақытқа дейін халқымыздың басқа діндегі халыққа тәуелді болып келгені. 1917 жылғы Қазан төңкерісінің біздің халқымызға ештеңе алып бермегені. 20-шы жылдардағы «құлаққа» тарту науқандары бәрі де біздің халқымызға жайсыз тиді. Әлі-күнгі қорғап қамқорлықтай жағдай жоқ болған жоқ. Өйткені ел бастаған «серкелер» алғашқы құрбандықтар

болып кете берді. Бұдан кейінгі 37-ші жыл біздің халқымызды біржола тұралатып кетті. Жас ұрпақ мына бір феноменге қатты көңіл аударыңызшы. Қазан төңкерісінің үндеу-идеясы құдайсыздық болды. Бұл қым-қуыт саясат 20-шы жылдары апогейге жетті. Тіпті «құдайсыздар» ұйымы құрылып көп адамдар оған мүше болған. Осы ұйымдардың жиналыстары өтіп, онда алла-тағаланы, дінді шенеу, әжуалау кең етек алған. Осындай жиналыстарда оның бір мүшесі «Кәлен таудың қайқаңынан құдайды ұстап алып қамшымен сабадым» деп ұйым мүшелерінің күлкісін маз қылған. Феномен деп отырғанымыз тегін емес. Медресе «Ғалияны» бітірген Бейімбет Майлин, дінді тиісті дәрежеде білетін Сәкен Сейфуллин, араб оқуын «нахуы» яғни грамматикасын оқып бітірген Жүсіпбек Аймауытов, тағы басқалар, қысқасы сол уақыттағы қазақ зиялыларының дінді, исламды білмейтіндері жоқ десе де болады. Бәрі де атеистер болып шыға келді. Бұлар кеңес үкіметін қазақ елінде аса берілгендікпен, ыждағаттылықпен орнатысады. Міне осы қазан төңкерісіне қатысқандардың бетке шығарынан отыз жетінші жылдары ешкім қалмай, бәрі дерлік жазаға ұшырап, қатты ұрып-соғу, басқада азаптың түрін арқалап, атылып өлді, қалғаны түрлі концлагерьлерде қорлықпен өлді. 1917-1927 жылдар, тіпті отыз екінші жылдар аралығында бұлар қазақ даласындағы байларды ескі дүниенің жақсыларын, ел ішінде мал ұстаған, сөз ұстағандарын, елдің еркелері мен серкелерін жазаға ұшыратқан болатын. Алла тағала, сол үшін оларды жазаға ұшыратқан жоқ па екен? Біздер соғыстан кейінгі туған балалар жоғарыда айтылғандардың еңбектерін оқып, жаттап өстік, оларды мақтаныш етеміз. Бірақ, солардың көп қылығын түсінбейміз. Кеңес үкіметіне көбісі көзсіз еріп, өз халқына жаны ашыса да онысы не халқына, не өзіне соққы болып тие берген.

Білеміз, мүмкін саясаткерлеріміз, ғалымдарымыз, әдебиет-шілеріміз қинаудың әртүрлі көтеру тетіктері дәрежесімен түсіндірер, бірақ ол айқын дәлел бола алама?

Алла тағала біздің халқымызға көп сынақ берді. Сол сынақтардан жығылып, сүрініп өтіп келеміз, көп қателестік. Меймандостықтан аңқаулығымыз көп болды. Кеңдігіміз жеріміздей кең еді, жетер бәрімізге дедік. Бірақ, келімсектер соны түсінді ме, қадірледі ме жергілікті халықты. Осының еліне, жеріне келіп жанымыз қалыпты деді ме. Бір халық екінші халықтың жоғын жоқтап береді дегенге кім сенеді. Енді мықты болайық ағайын. «Алтау ала болса ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса төбедегі келеді» деген атамақал бар емес пе. Жалғыз бұл емес бірлікті дәріптейтін билердің де сөзі көп. Мақал-мәтел, қанатты сөздер тіпті көп. Үйренейік, солардан. Тілімізді қорғайтайық, әнімізді айтайық, ділімізді ұстайық. Қызғаныш деген, қызғаныш болғанда басқа біреуден қызғанбаймыз, өзімізден. Бір-бірімізден қызғанатын жаман әдет бар. «Күнтеке» қасиет. Осыдан арылсақ дейік бір-бірімізге. Біріміздің жақсылығымызға екіншіміз сүйініп тұрсақ па, шіркін.

Іслам Жарылғапов деген атамыз қазақ тілінің корифейі дәрежесінде болған. Қазақ тіліне бес мың сөз қосқан. Өзі өлең де шығарған. Мұхтар Әуезов «Іслам-словотворец»–деп қатты ризалық білдірген, тегі Жаңаарқалық. Неге ұлы емес? Ол түгілі ұмытылмаққа айналып барады. Орыс тілін аса жетік біліп, елу-алпысыншы жылдары әдеби жиналыстарда қазақ жазушылары Мәскеу сияқты жерлерде ірі әдеби форумдар-да сол кісіні сөйлетеді екен, сонда орыс әдебиеттанушылары бұл кісінің алдында айтарынан жаңылып қалушы еді дейді. Ел өзінде жоқты бар қыламыз деп жүреді, біз барымыздың қадіріне жетпейміз. Шынында да қазақ аса талантты халық қой. Топырағы торқа болғыр Бейімбет Майлин атамыз тура-

ғы естеліктер оқи отырып бір қызыққа тап бола кеттік. Жиырмасыншы жылдары орыс тілінен қазақ тіліне кеңінен аудару мәселесі қолға алынып, аудармаға төленетін гонорар да ауқымды болыпты.

Би-ағаң айтады дейді: Қазақстан баспасында директор болып тұрғанымда маған таныс бір жазушы аударатын кітап сұрады. Оның аты-жөнін айтпай-ақ қояйын депті. Би-ағаң оған ағылшын жазушысы Ф. Дюпеннің «Тамилла» деген повесін аударуға келісім беріпті. Ол жазушы сол сәтте-ақ бір айға келісім-шарт жасап, авансқа ақша алып бес-алты күннен кейін Би-ағаңа жетіп қалыпты. Би-ағаң неге келгенін сұрапты. Бітіріп әкелдім аудармаңы депті ол. Би-ағаң оған нанбай, -Рас па?. Міне...-деп қалтасынан бума-бума қағаздарды суырып алыпты. Би-ағаң оқып көрсе тамаша-дейді. Өте көркем аударылған, әрі әріптері маржандай дейді. Әкімшілікке оңай сыпайылығына басып Би-ағаң сол қайран қалдырарлық жазушының аты-жөнін айтпапты. Бұл бір ғана мысал ғой. Дәл Бейімбет Майлиндей сөздің шебері енбір халықта жоқ шығар деп ойлаймын. Бірнеше мыңдаған кітап оқығаннан кейін оның ішінде Шығыс, Европа классиктері бар, полсидей кітапті оқи қоюың да оңай емес. Бейімбет Майлинді осы уақытқа дейін жаңа көргендей болып оқимын оқ басым. Медресе «Ғалия» деген не нәрсе деп көп уақыт ойланып жүрүші едің, ағырау қыздың аты ма?-деп. Бертінде араб тілін білген соң түсіндім, «жоғары» деген сөз, яғни «жоғары» медресе. Би-ағаң соны бітірген, Сайфи Құдашпен тағы басқа татар-башқұрт классиктерімен жолдас болған. Қолжазба «Садақ» журналын шығаруы, елі оқу білімге үндеуі. Соныcына қарамастан мінезінің аса кішіпейіл-қарапайымдылығы, бастық болудан қашқақтындығы әрі қызық, әрі таңқаларлық. Шәкәрім айтады ғой: «Өмірден жиған тергені көп, оқығаны көп, осындай адам ғайыптан хабар береді, әулие деген сол» деп. Сол

айтқандай Бейімбет Майлиннің аса қарапайымдылығы ұлылығының сипаты болса керек. Би ағаң сияқты қызмет ете берер, марқұмның рухы қашанда халқына жақын тұрар деп үміттенеміз. «Қияметке дейін» деген сөзді әдейі қолданып отырмын. Өйткені біздің бұрын сонды жазылып, айтылып, оқылып келе жатқан сөзімізде аса мән берілмей, бірақ, артық, асылық айтылып келе жатқан бір сөз тіркесі бар. Ол-мәңгілік деген сөз. Мәңгілік жасай берсін деген мадақтау кешегі Кеңес дәуірінің көп көпірмесіне сәйкес келетін, мәңгілік есте қалады дегенді солай, тағы басқа орынсыз мәңгілік сөзінің қолданылуы. Ақындарымыздың кітаптарында тіпті көп... Мәңгілік махаббат... тағы-тағылар. Мәңгілік сөзі адамға үлкен күш жамап берді, өйткені Жаратушыдан басқа бірде-бір жанды-жансыз нәрсе мәңгілік бола алмайды. Енді ұрпақ сақ болар осы сөзге.

Латын әрпіне көшу жөнінде қазір созылып кетті. Бір байқағанымыз белгілі ақын-жазушыларымыздың көбісі осыған қарсы сияқты. Неге десеңіз, Кеңес дәуірінде жазылған олардың кітаптарының көбі кириллицамен жазылған. Енді оларды латын әрпіне көшіріп кім басады. Сондықтан олар өз шығармалары оқылмай қалады деп қорқады. Шындығында солай. Осы айтылғандар, қоғамымыздың дамуына тежеу боларлықтай көп нәрселер, әрі қоғам қайраткері Бейбітқажы Сапаралинді қатты толғандырады. Осы жолда бар күш жігерін жұмсап жүр. Жаратқан ұзақ ғұмыр берсін оған. Қарқаралы жерінде бір қызық ескерткіш бар. Ол Қызылкеніш деп аталады. Қарқаралы қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай қырық шақырым мөлшерінде. Кент тауы мен мұндалап тұр. Ғалым-жазушы қоғам қайраткері жас досымыз жақын бауырымыздай болып кеткен Бейбіт Сапаралиннің Қарқаралы өңірінің тарихи-мәдени өлке тану ескерткіштерін аралап, көріп жүргеніне бірнеше күн болып еді. Былтайға уақытта өзің тұрған өлкені

ға бетімізбен аралай бермейтін бойкүйез мінезіміз бар екені рас. Енді Бейбітпен бірге кең көркем дүниені көріп тұшынып қалдық. Бұл жөнінен біз Бейбітке қарыздармыз.

Тохметов Тыныбек Қарқаралы орман-тоғай мекемесінің бастығы еді сол кезде. Балық жердің жағдайын, қайда не барын біледі. Шатқалдардағы үңгірлер, тастағы криптограммалар бәрі оған таныс. Қай сайда не өнді, ырғайлы тырнағайдың айырмашылығына дейін біледі. Туған жерін бір кісідей сүйер-ақ. Кеңес заманында өз орнына қойылған жалғыз адам шығар Тыныбек. Егер мұндай адам екеу болса онда соның біреуі Тишекең алып тау шатқалында келе жатқанымызда «әне жерде құмырсқаның илеуі бар, мына жерде иілген құстың ұясы бар, басып кетпеңдер» деп ескертіп отырады. Шөптің жапырылмауын, жаңа өсіп келе жатқан ағаштардың сынбауын қатты қадағалайды. Қарағай өте баяу өсетін ағаш,- дейді Тишекең, елу жылдарда ортаща жетіле бастайды, жаңа жыл деп бір күндік тамаша үшін көптеген шырша орталып алынады, оған қатты тыйым болу керек-дейді бас орманшы. Онысы рас, Сарыарқаның сайын даласында ортасынан ойып бір алқапта қолмен қойып, отырғыза салғандай әсем бір әлемі дүние. Жан-жағын тым зәулім емес, аялы тау шатқалдары қоршаған қарағай орманның ортасында Қарқаралы тұр. Өткен заманың ұлы ақындарының бірі Күдеріқожа Көшекұлы:

Қарқаралы, қайран тау,
Тиюші еді пайдаң тау.
Бағалы қаздай байтаңдап,
Бейбітіс дәурен сүрген тау.
Азаматым бас құрап,
Басына дәурен сүрген тау,-деген.

Қайран Қарқаралы осы. Қарқаралыдан жаңағы айтылған Қызылкенішке Бүркітті тауы етегінен түскен соқпақ алып барады. Бір жақ шашақайы күз болып біткен тау етегінде үлкен

жұмыртқадай екі үлкен тас тұр. Тура жұмыртқа кейіптес. Осы тастар туралы және Қызылкенің жайында ана бір жылдары ғалым-жазушы Ақселеу Сейдімбеков біраз мағлұмат беріп еді халыққа. Егер біздің жазғанымыз соны толықтырып жатса нұр үстіне нұр. Жұмыртқадай екі тас сонау құдаң жер сілкініп, тау жаңғырғанда ма, кім білсін, әйтеуір тау үстінен анау шың тастардың бір бөлшегі секілді, үзіліп түскені көрініп тұр. Осы бір екі тас тұрған шатқалдың жан-жағы бүлдірген, қарақат, неше түрлі гүл мен шөп, тамыз айында көзіңді сүріндіреді, қарықтырады. Ұшып жүрген жабайы ара бұл төңіректің тәтті дүниеге бай екенін білдіреді. Осы екі домалақ тастардың әрқайсысы мың тонна болар-ау деп топшыладық. Әрі қарай тау шатқалына қарай үш шақырымдай жерде әйгілі Қызылкенің сарайының жұрнағы бар. Кеңес дәуірінің надандығының кесірінен ескі дүние ескерткіштері жоқ болып кетуге шақ қалған, көбісі жоқ болып та кеткен. Колхоздардың құрылысына ескі қорымдарды, Қызылкенің сияқты сарайлардың бұзып пайдаланған. Осы көрсоқырлықтың көрінісі Қызылкеніңке айқын таңбасын түсірген. әдемі жігі бар тастарды бұзып орталық бөлімнен төмен түсіріп жіберген. Сарайға алыстан барып қарасаңыз негізінен крест формасына ұқсайды. Бұл қай замандағы қай халықтың, ұлттық дүниесі екені мәлімсіз. Орыс зерттеушілері де бұл туралы бірен-саран жазыпсады деген деректер бар. Өткен ғасырда Броневский деген генерал арнайы зерттегенін деген деректер бар дейді. Біз Ақселеудің мәтінінен басқа кездестіре алмадық. Жас тарихшыларымызбен археологтардың бір зерттейтіні осы болар. Сөз жоқ бұл ғажайып ескерткіш біздің ұлы даламыз үшін Сахарадағы «Баалбек» сарайы қандай жұмбақ болса сондай жұмбақ сияқты. Маңайдағы халықтың бірен-саран ертедегі үлкен кісілерден естіген әлгі деген ауыз-әңгімелерінің көбі көңіл көншітпейді. Қиыусыз, толымсыз әңгімелер. Басында солардың айтқанының

зерттелдік пе немесе, осы сарайдың маңына қырық қыз қырғын тауып жерленіпті деген соң дәл бір қазақ қыздарындай көріп құран аятын оқығанымыз бар... Артынан ойлап қарасақ, қырық қыз туралы қандай жұмбақ болса, бұл сарайды кім салған, кім мекендеген, не жағдайда бірде-біреуіне жауап жоқ сияқты. Екі аңызда да әйтеуір «қалмақты» кейіпкер қыла салатынымыз бар ғой. Дәл сол заманда өзіміз сияқты көшпелі қалмақтар өз елінде сарай салмайтын, мұнда біздің жерімізге келіп сарай салды дегенге нану қиын. Мүмкін қытайлардың осы оқиғаға қатысы болуы, құрылысқа олар шебер ғой. Рас, сол заманға сәйкес коммуникация бар. Цитадель (сарайдың өзін айтамыз) ішінен құдық қазылған орын көрініп жатыр. Сыртынан аса алыс емес құдық қазылған ор да айқын көрініп жатыр. Мүмкін бұлар құдық емес екі құдықтың арасын жер асты жолдары жалғастырағын шығар. Сарайдың белуарға келетіндей бөлігі аман тұр. Оның өзін сол кезде мәдениет бөлімі бастығы Сейітқұл Махметұлы Түсіпбеков қамқорлыққа алып тазалап, жинап қойған екен. Аңызда Қызылкеніш сарайы ертегіде «Мың бір түндегі» айтылатын патша сарайындай болыпты деседі. Негізінен қазан төңкерісіне дейін Қызылкеніш-тегі архитектурасы ешкімге ұқсамай бөлекте салынған осы сарай, сан аңызға, батырлар туралы әңгімелерге өзек болса керек. Оны келіп көріп тамашалаушылар да көп болғанға ұқсайды. Кеңес дәуірінде өткенге ала көзбен қарағандықтан Қызылкеніш көп құрбандықтың бірі болып кете берген. Жоғарыда айтқанымыздай колхоздардың сиыр, қой қораларының іргетасына пайдаланылған. Сондықтан бұл сарайдың жұмбағын ашу оңай болмас. Жазба деректер болса шұқшия іздеу керек. Сарайдың айнала көп деген қабірлер бар екені байқалады. Бұлар сол сарайға байланысты ма, жоқ, сарайды паналап ашаршылық кезінде көптеп қырылған отандастарымыздың мәңгілік мекені болып қалған жайлар ма, ол тағы мәлімсіз.





## Толстой, Шәкәрім және Ислам...

«Жазушының міндеті деректі ойлап табу емес, бар деректі ашуға тырысу», дейді ғой Алексей Толстой. Кейде ақын жазушыларымыз (Қазір) тәйірі басқа жұрттыкіне, әсіресе орыс жазушыларына сілтеме жасап не тындырмыз дегендей. Менімше «жаман» мен «жақсы» категориясына қарағанда орыс халқында ақылды да көп, жақсы да көп. Ақылмен жақсылықты ұқса білгендерде көп. «арым солдығын алмаймын, Л. Толстойдың тырнағына»-дейді Шәкәрім. Бір ғажабы Л. Толстой-орыс жұртының бетке ұстары Исламды өте қолдаған, кейде мұсылмандықты қабылдаған деп те айтады. әрине орыстар олай айтудан безе қашады, қатты қорқады. Себебі: Олай болса бүкіл дүниенің алдында үлкен мін болар еді, орыс халқына. әрі христиандыққа үлкен кемшілік, орны толмас кемшілік болар еді. Қалай десек те христиан шіркеуінің анафема (діни қарғыс) жасағаны Л. Толстойға тарихтан белгілі ғой. әрине бұл жай нәрсе емес. Сол уақыттың өзінде дүние мойындаған адамға мұндай қаттылық ұсақ-түйек үшін істелмесе керек. Шәкәрім ағамыздың онымен хат алысып тұруы, Л. Толстойға аты-жөні қазір жадымызда болмай тұр, ана бір жылдары өзі пақ Мәскеуден жарық көрген «Литературная газетінің», «Ислам» деген қосымшасы болған сонда бір татар мұғалімімен хат жазысып осында Исламды өте құптайды (Магометанское вера) деп. Және де бір орыс мұжығының әйелі балаларымен мұсылмандықты қабылдағысы келетінін, сосын ақыл кеңес сұрап-жазған хатына өте құптап жауап берген. Негізінен христиандық туралы сөз болғанда дін танушы ретінде оқушыларымызға кішкене түсінік бере кетуді жөн санадық. Христиандық кітаптарда (Інжіл, Евангелия, Таурата) Исаны (Иисус Христос) Құдайдың баласы деп біледі, бізді шоқынтатыны. біздің көпір

(біз бойынша мұсылмандар қауымын айтамыз) деп айтуымыз осы жерде. Өйткені мұсылмандықтың бірінші шартының өзі Алланы бір деп тану. Оған теңдес екінші бір серікті оған теңестіруге ешқашан болмайды. Бұл тек шариғаттың заңы үшін емес, ақыл мен ойлауымызбен Алланың жалғыз екеніне көзіміз жетеді ғой. Негізінен христиандардың қасиетті кітаптарының Құран сияқты түп нұсқасы жоқ. **Қасиетті** Құран өзінен бұрынғы кітаптарды жоққа шығармайды. Қайта болғанын растайды. Алла тағала өзін тануды сұрайды адамдардан. Ал адамдар қызғаншақтық пен атақ құмар сияқты дертке дендей ұшырағандықтан өздерінің пайдасына бола Алланың сөзі жазылған кітаптарды бұрмалап өз пайдаларына икемдеп әкеткен. Бұл жөнінде өте терең ықтиятты зерттеліп жазылған кітаптар баршылық. Оның бәрін бұл жерде баяндауды шағын кітапша көтермес. Әсіресе Інжілдің алғашқы нұсқасын апостол Павел (Саул) қатты өзгертіп жібергенін христиан ғалымдары да мойындайды. Христиан ғалымдарының түрлі соборларында (жиындарында) Інжіл, Таурат, Ескі Өсиет т.б. қайсысының түп нұсқасы деген жөнінде полемика әлі аяқталған жоқ. Өйткені бұлардың түп нұсқасы қайда қалғаны белгісіз. Ал, христиандардың (несториан) дейтін бұтағы Исаны құдайдың елшісі деп, осы арқылы Исламға бір табан жақындайды. Негізінен біздің халқымызда қай дінді ұстаса оны ұстасын, әйтеуір бәрі жақсы бол деді екен ғой, әйтеуір мына заманда арақ ішпей. темекі шекпесе болды ғой деген-де түсінбестік қоңырасының қалыптасуда, бұған өте айыптап қараймыз. Біріншіден өз дінің, ата дінін тастап басқа дінге кеткен адам қияметте азапқа душар болады. Бұрын дін туралы бір нәрсе айтылса кітапта, шариғатта немесе Құранда солай делінген – деп сырттан, сырдаңдап сөйлейтін, қазір тәуелсіздігіміздің аясында ненің жаман, ненің жақсы болатынын ашып айтқанымыз жөн деп отырмыз.

Христиандармен біздің ең басты келіспеушілігіміз олар Пайғамбардың падишасы біздің Пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафа салла-аллаһу-аләйһиссаламды мойындамайды. Ал Ислам Исаны мойындайды, мойындап қана қоймайды, оны жарылқауын сұрап құран аяттарын оқығанда бата да қылады. Бұл жерде осыған себеп объективті бір жағдай Исламның Исадан кейін бес жүз жылдан кейін таралуы. Құранда солай. Құранда өткен Пайғамбарлар, кітаптар айтылады да одан бес жүз бұрынғы кітаптарда бұл постулаттар айтылмаған делінеді. Бірақ осының бәрі христиандық кітаптардың түп нұсқасының болмауынан болу керек, өйткені, түп нұсқада біздің пайғамбарымыз жөнінде әбден айтылуы керек еді. Өйткені Ислам тарихында сол христиан дініндегі Варака деген адам біздің пайғамбарымыздың келетінін, оқып біліп отырған ғой. Ол түпнұсқа адамдар еркімен өзгеріп кеткен. Алла тағала дүниені жаратпас бұрын он мың жыл бұрын біздің пайғамбарымыздың нұрын жаратқан. «Кім өз дінін білмесе оған сенімі де жоқ» делінді шариғат, фикх кітаптарында. Біздің халқымыз әлі біліп-кірмей жатыр ғой. Ислам тарихы ұлан-ғайыр бір дүние. Онда екі дүниенің заңдылықтары туралы айтылмаған сөз жоқ десе де болады. Түрік тілінің өзінде он сегіз томдық Ислам тарихын өз көзімізбен көрдік. Исламды тұтынатын елдердің ішінде Исламды зерттеуден өз түгіл, тұтынудан ең кенже қалған халық біз екенбіз. Мықты дін танушы (теолог) ғалымдар әлі шыға қойған жоқ. Ислам ғалымдары десе де олар тек Исламды емес, дүниедегі христиан, будда, иуда, синтоизм, даосизм, шаманизм, конфуцизм сияқты үлкен бұтақтарын да салыстырмалы түрде түсіндіретін үлкен ғалымдар. Өзіне мұндай ірі ғалымдар әрине араб елдерінде және түрік бауырларымызда бар. Олардың бұл жерде аты-жөндерін келтіріп құр хронологияға ұрына беруді жөн санамадық.

Оқушыларымызға бір қызықты дерек айтып көрейікші, ауғанстандық көпшіл халық құрайтын пуштундар өздерін этникалық Израильдікпіз деп санайды екен. Олардың біздің эрамызға дейінгі жетінші ғасырда ассириовавилондықтар Азияның түкпіріне қуған дейді бір деректер. Бұлардың халық жиысы «Шах-нама» емес «Ветхий завет» (Ескі өсиет) көрінеді, қызықты қараңыз. киімдері, дәстүр-ғұрыптары, тарихи Иудеянікі. Олар Афган деген атты библиялық патша (жоғарыда айттамыз) Саул (орыс інжілінде Павел-әулие делінеді) ия, Саулдың жақын туысы деп біледі. Тарих өте ғажап, қызық дүние. Ал Ауғанстанның мұсылмандықты қатты ұстынатын ел екенін білеміз. Мұхтар Әуезов «Қонаққа қой басын тарту қазақта, одан кейін бәдәуилерде бар» дейді. Бәдәуилер тұрмысы бұрын қазақ тұрмысы сияқты көшпелі болған, көбінесе құм арасында су таппай ауыр тұрмыс кешкен, қазіргі араб елінің денін құрайды деуге болады. Салыстырмалы түрде түсінікті тілмен айтсақ біздің халықтың Арғын, Найман, Керей, Үйсін деп келетін үлкен тармақтар сияқты бір тармағы. өңдері қаратору. Бала күнімізде «түрін қарашы, бәдәуи сияқты» деген қараторылау балаларға қалжың ретінде үлкен қариялардың айтатыны есімізде. Содан-ақ бәдәуидің қара болатыны бізге белгілі болушы еді. Бұдан басқа ерте кезде Қарқаралы, Қызыларай төңірегінен қажыға Жазбек, Алшынбек деген жылқыға қадірменді адамдар барған сол жақта Алшынбек қажы қайтып келе жатқан жолында бәдәуи тонау мақсатымен ба кім білсін шоқпармен, шоқпар болғанда «бос мойын» шоқпар деген қарулары болады екен, сонымен ұрып қалған Алшекең жаппатыл-бақиялда қалыпты дегенді көп еститін едік. Алшынбек қорасы Қызыларай қойнауында әлі бар. Сөйткен бәдәуилер (кәдімгі негір текес қой) жаңа айтқанымыздай арабтар болып сіңісіп кеткен. Арабтардың антропологиясы да біздің қазақтар сияқты қызық.

Кейбіреулері тіпті келбеті еуропеоид, көпшілігі азиялық нұсқа, монголоидтықтар да бар, негізінде ассимиляцияға көп түскен халық екені көрініп тұр».

## Түрік туыстарымыз жайлы

Мысалы біздің тұқымдас бауырларымыз түріктердің қазіргі тұрғындары толықтай дерлік еуропалық антропологияны қабылдаған. Қараторы, сары өңділері де көп. Тіліміз бірдей, түріміз әртүрлі. Тарихтың бір қызық феномені. Арада алты жүз жыл салып қазір қайта қауышудамыз. Мақтанышқа тұратын нәрселер өте көп. Дүниені дерлік билеген түрік туыстарымыз, түріктер бойынша Османдар деп те атайды себебі, Осман Империясының негізін салған Осман Қазының есімімен аталып кеткен. Ерте кездерде Орта ғасырлар тарихынан түріктер туралы өте сараң нәрселер айтылушы еді. Өйткені Кеңестік, Коммунистік, орыстың жүйе бір кезде жау боп тиген түріктер өте жек көретін. Тіпті орыстар жек көрсе «ой, түрік» деп те шекесінен баса-баса шығар біз жақсы білуші едік. Соңғы заманда Түркістан топырағынан жол тартып, ала кесін етіп Азиямен Еуропаны бірдей тітіреткен ер түріктер емес пе булар. Руханият туралы.

Заратуштра...Қазақ тілінің транскрипциясына бағынып «Жаратушы» деген сөз осыдан қалуы да мүмкін-ау... Кейінгі кезде халқымыз дінімізбен қайта қауышып жатқан кезде, мұсылмандықты айтамыз. немесе түрлі Кришна, Иегова тағы-тағы немесе түрлі діндік кейіптегі адамдар жасап алған «[illegible]» діндермен қабаттасып зороастризм деген де пайда бола кетті. Бола берсін-ау бірақ осы діннің негізін салушы Заратуштра оның өзі тегі Маңғыстау жағынан шыққан екен деген сияқты алып қашпа деректер толып кетті. Осыны күмпілдете

жаңаруын бірсыпыра жас жазушыларымыз тағы басқа зиялыларымыз бар.

Рас, ерте парсыларда ол болған, мүмкін дін ретінде ұстанған да шығар, бірақ біздің өмірімізге, халқымызға төнуінің қажеті бар ма деп ойлаймын. Тіпті бір жазушымыз әдеби басылымда «Заратуштра-дала пайғамбары» деп көсілгенін. Ол бауырымызға айтарымыз өзі көп адасқан халықты енді адастырмасақ дейміз. Өйткені пайғамбарларды адамдар сайламайды. Оны Алла тағала жердегі пенделерінің бұрын білмеген нәрселерін білдіру үшін жіберген. Біз әлі де «өзіміздікі болу керек» деген менталитетке көңіл береміз, бейім тұрамыз. Көбіне айту керек творчестволық интеллигенция діни сауатсыз, көбісі енді-енді біртіндеп біліп келе жатқан сияқты. Бекболат Тілеуханов, Мұхамеджан Тазабеков сияқты біртуар жігіттер дұрыс жолға түсті. Түскенде кездейсоқ емес, ізденіп, ойланып бір хақтың барлығына көзі жетіп түсті.

«Ислам киелі орындарын бірнеше көру менің осы заманғы процестерде оның алатын орны мен қызметі жайындағы көзқарасымды өзгертуге мәжбүр етті».

*Н.Назарбаев,*
*Ғасырлар тоғысы. 234 бет.*

Қазір көбіне зиялылар әкімдерімен кездесіп әңгімелесе, пікірлесе қалсаңыз өте қарапайым нәрселерді білмей қайран қалдырады. Олар, уәзипені жақсы сөйлейді, алланың да дінінің де буларға қатысы жоқ сияқты. Бұлар бұл тіршіліктен бөлек, басқа дүниедегі бізге не болып жатыр екен деп, кетіп біліп қайтуға жіберілген бөлек жаратылыстың жан иелері сияқты. Өлетінін біледі, бірақ оны еске алудан қорқады. Дінді жоқ көреді, қандай түрі болса да. Дінді тек зейнеткерлікке шыққандар, жұмыстан қолы бостар, молдалар ұстау керек

сияқты, булардың көзқарастары солай «Трагедия специализаций – учёный дурак» - дейді, дүние мойындаған чех жазушысы Карел Чапек деген кісі. Біздің ғылыми қауым мұнды білмейтіндігін, ұстамайтындығын міне деп біле бермейді, білгендей болса да өткен жүйенің тұсында сенімнің үйретпегендігіне жабады.

Қалай жаба сіріңдесек те бұлар елу-алпыс-жетпіс жастағылар имандылық жолінен өте қауіпті халде. Тіпті болмаса алланың бірлігіне сену жолындағы жігер де көбінде жетіспейді. Бірақ сөйлесе келсеңіз кейбіреуі тіпті біздің қазақ аса дінші емес, дінге мойынсынбаған таза халықпыз деп те уәж келтіреді. Ана дүние шаруасы алаңдатпайды. Олар үшін осы дүниеде ішіп-жеп, тойлап, қыдырып қалу керек. Пайғамбарымыз келгенге дейінгі араб еліндегі жаһилия(надандық) кезі сияқты. Сенім өте осал. Бұрынғы жүйенің кезінде көбіне өтірік айтуға үйретілген, үйреткені бойдан, ойдан қолма-қол шығып кете қойсын ба!

Қадірлі Адам-ата перзенттері! Осы жазбадан сәл жоғарырақ түрік бауырларымыздың тарихынан елі сөз қозғадық. Шәкәрім Құдайбердіұлы болса біздің қазір ғана, осы заманда ғана біліп жүрген білесін деп ұсынып жатқан нәрсемізді баяғыда-ақ жақсы білген екен. Біз сіздерге ұсынған тарихи кітапшаны дерекі түрік тарихынан(ол бізде бұрын болмаған) алып ұсынып отырсақ Шәкәрім ағамыз оны өлеңмен былай деп өрнектеп кеткен екен.

Жоғары айтқанымды қылсаң пайым,
Құй бер құлағыңа уққан сайын,
Бұл күнде Стамбулды билеп тұрған
Айтайын еді Османлы түрік жайын.
Түріктің «Сақа» деген бір тобы еді ол,
Тауына Гималайдың барыпты ол.

Сақадан Қаңлы деген тап бөлініп,
Баруға Рум жеріне тартыпты жол.
Солардың көшкеніне жеті жүз жыл,
Артылады біраз олар мұны да біл.
Кез болған кезін жүріп зор бақытқа
Қандай бақ берді қайран соны есеп қыл.
Қаңлының ханы болған Қия деген
Жер алып, ерлік қылып, ел билеген.
Ол өліп, жалғыз ұлы ер Сүлеймен
Ол жерден қайта көшіп, жөнеп берген.
Фераттың дариясына келіп жеткен
Су тасып, нөсер жауып, асқан шектен
Алды-артына көз келсе қарата ма?
Қапыда ер Сүлеймен суға кеткен.
Талантты тағдырды оңдап бала берген,
Қайраты ақылы артық дана берген.
Ер Тұғрыл Сүлейменнің жалғыз ұлы.
Сол жерде төрт жүз үймен қала берген.
Көшсе де өзге Қаңлы көшпей қалған,
Ерлікпен маңындағы елдерді алған.
Бір талай, аз уақытта, әскер жиған,
Ер Тұғрыл өсті батыр деп аталған.
Хан емес көп әскердің басы болып,
Қартайып сүйтіп жүріп жасы толып.
Орнына Осман деген ұлы отырып,
Ер Тұғрыл тоқсан жасқа шақ болған.
Осы Осман көп ел алып, хан болыпты.
Ақылды, әлем асқан жан болыпты.
Келгенше осы кезге сол ат өшпей,
Османлы түрік деген дан болыпты.
Ұғып ал осы сөзді, жас ұландар,
Өз бауырың ол түрік те есіңе алғар.

Қорыққа біз құл болып отырсақ та,
Көп шыққан атамыздан арыстандар,

деп өрнектеген Шәкәрім атамыз. Соңғы төрт жолына зер салыңызшы, өлең де, өсиет те, біз кешкен бодандық дәуірді де, келешекке деген сенім мен үмітті де, тарихты да сидырып тұр емес пе. Шәкәрім атамыздың осы жыр шумақтарын күндердің күнінде түрік те, қазақ та ортақ жатқа айтар күн алыс болмас. Осыдан соң Шәкәрім атасының рухы ұрпақтарына онан сайын жақындар! Риджаут дейтін Батыс шетел оқымыстысы айтады. «Османдардан басқа дүниеде бір-бір ел осындай үлкен империяны бөлшектенуден сақтап ұзақ уақыт ұстап тұрған жоқ» дейді.

Мың үш жүз елу тоғызыншы жылы Осман империясының екінші сұлтаны Орхан бей ұлы Мұрат ханға мынадай өсиет қалдырыпты: Ұлым! Мен өлгенде күңіреніп жылама! Дініміздің заңдылығына сүйен, ол сені екі дүниеде де бақытқа жетектеп апарушы. Сөзіңмен де, ісіңмен әділ бол. Өз халқыңның жанында бол, оларға қызмет қыл! Олардың адамдық құқығын қорға, мұның құдіреті күшті алла тағаланың ұлағаттарына сәйкес істе. Мұсылмандықтың туын жоғары ұста, адамзат баласы осы діннің туы астында ғана бақыт табады! Ешқашан да мықты мемлекетті ұстап тұрмын деп, асып-таспа! Мұның бәрі өткінші нәрсе екенін біл, саған дейін де хандар мен билердің болғанын есіңнен шығарма. Өмір қанша ұзын болса да өлімнен қашып құтылу жоқ.

Менің тұмарым таусылып келеді. Ана дүниеге аттанып барамын. Менің сенен өлім үшін сұрайтын бір-ақ нәрсем бар, ол маған дұға қыл! Менің мемлекетім мен халқым үшін. Оның тыныш өмірі үшін тырыс, жұмыс қыл!

Түрік бауырларымыздың тарихы біздің де тарих. Олардың ерлігіне Мағжан ақын сүйсінгендей біз де сүйсінеміз. Алла түрік халықтарына мәртебе берсін!

Қазақ халқы болса өмір бойы езгіде болып келе жатыр, дінінен-ділінен де айырылмады, рух күштілігі осы біздің халықтай-ақ болсын. Қазан төңкерісінен бері дүркін-дүркін жазалау, отыз екінің аштығы, отыз жетінші, үрсейілі қырғыны, қырық бестің қырғыны, елуінші жылдардың жұты қайсар қазақты тәубесінен жаңылдыра алмады. Алла тағаланың сынағына шыдаған ұлы халық бұл. Алла енді шапағат, мейірімін төгуде. Мың тоғыз жүз жетпісінші-тоқсаншы жылдар арасында ұлы қуаңшылық болды. Қазақстанда кім мұны өтірік дей алады. Совхоз-колхоз малына тоя өспегендіктен жем-шөп цехтарына ұнтақтап беру үшін тобылғы, қараған, ши тағы басқа өсімдіктер дүниесін қырқып алып жойып жіберді. Қыста қар жөндеп түспеді, жазда жаңбыр болмады. Дала шаңға айналды. Гүл түгілі шөп өспеді. Енді халқымыз тәуелсіздік алғаннан кейін, аллаға шүкір, қар да бар, жаңбыр да бар, нөсер де бар, табиғат өз қалпына түсіп келеді. Алла тағала халқымызға шапағат-мейірімін төгетін сияқты.

## Той туралы ой

Әттең халқымыздың бірен-саран жаман қасиеттерінен арылсақ бұдан да алла мейірімін төгер еді, рахметінен құр қалдырмас еді деп іштей толғанасың. Шамадан тыс тойшыл халық. Өзінде жоқ болса қарызданып той жасайды. Адам баласы бір әрекет жасарда ойлау керек; осы жасамақ әрекетінің пайдасы бар ма, тіршілік үшін пайдасы бар ма, ақырет үшін яғни сауап табатын жұмыс па деп. Немесе бала-шағасының игілігіне пайдасы бар шығар, оқуға-ғылымға, тұрмысқа пайдасы бар нәрсе шығар. Міне осы параметрлердің ешбіріне сәйкес келмесе ондай пайдасыз нәрседен қашсақ керек!

Жоқ, біз ойтпейміз, бір жұмысымен бір қалаға жолаушы-лап кете алмай отырған жерлесіміз тойға шақырса жалаң аяқ барса да жетеді, ақшасы жоқ болса қарызданады, болма-са үй орнының сатса да сол тойға жету керек. Тойшылдық-тарықшылығымыз кейде үнді тайпаларын еске түсіреді, япыр-ау біздің солармен туыстас емеспіз бе, деп те ойлайсың. Кейде құс қауырсынынан үкі тағу да бар ғой шынында. Бүкіл дүние халықтары ғылым-білімнің, қажеттілік дәрежесінде өмір сүру қамында жүргенде біздікі қалай? Адамдарда алпыс-жетпіс ме-рейтойлар өз алдына жиырма беске, отызға, қырыққа келгенін тойлау етек алып кеткен. Басқа жұмыстары жоқ десе болады. Бұларың қалай, одан да бұл ақшаңа балаларға үй-жай, оқу тағы басқа қажеттерге неге жұмсамайсыздар десең ақылдың бір қызығы «той» деп уәж айтады өзіңді жақтырмайды. Тойшыл-дар өздері жатқау келеді, соларына қарамай ішкіш әрі меш-кей. Барлық пас адамдардың денсаулықтары мықты келеді ғой, бұлар да солай. Бір кезде көбісі колхоз-совхоздың ма-лын баққан, оның желкелерінен бастықтар түйіштеп жүрген де жақсы баққан. Бірсыпырасы Кеңес жүйесінің сүйіктісі болып, кілем, шай алып тұрған Қызыл ту, грамота, орден-медальдармен марапатталғандар да көп. Көбісі ескі жүйеде оқығансымақ, бірақ ештеңені байыбына барып түсінбейді. Қазіргі басындағы нақты жағдайға дұрыс баға бере алатындай жағдай да емес. Жаңа айтқанымыздай, Кеңес малын баққан, енді еркіндік тигелі өз мал емес бақпайды. Бұлар тойға шақ-ырылаумен жүргенде қорадағы малды қасқыр мен ұры тауы-сқан. Бұларға ой, жарықтығым-ау, бүкіл мың-мыңдаған Кеңес малына жетіскен жайлауың мен жем шөп сенің он тақты тұяғына неге жетпейді десең жауап бере алмайды. Көбісі тракторға май жоқ деп желеу етеді. Көбісі үкіметтен жағын азын-аулақ пенсияға қарап отыр. Оның өзін алып ішіп қояды. Немесе тойға шашумен келеді. Мектеп бітірген бала, ол да

тий қолымқанар, тырнақалды тағы басқа толып жатқан «жүук» жолдарын тапқан. Өстіп бірін-бірі банкротқа отырғызған ауылдар мен адамдар... Адамдар болғанда бұлар арақ ішкен соң одан тараған қызық тұқымы жақсы бола ма, ақылды бола ма? Ондайлар түбінде жатыр. Біздің ұлтымызға бұлар жақсылық әкелмейді. Кемтар туған баланы бұлар полигонға жаба салады. Жеті ұрпағына дейін кетіп жатқан улы арақтың әсерін олар мойындамайды. Бейшара, қулықты мойындамаған халық ердің той, қуанышы мына пәледен дегің келеді, оны естір, ғындар құлақ болса. Бірақ бәрі бірдей ондай емес әрине, жерге, міне не болып, қалада баласын оқытып, мерейленіп, күйленіп отырғандарда бар, оған қуанамыз әрине. Ал қазіргі той қалай өтеді? Қазіргі тойлар, әсіресе үйлену тойлары, қазақтың бос уақытын өткізудің, талғамсыздықтың, түрлі анайылықтың, арақ ішіп мас болудың көрінісі десек те артық айтқандық болмас. Шал-шауқан, кемпір-кемшіктер де тойға көптеп шақырылады. Әдетте мұндай тойлар кем дегенде алты-жеті сағатқа созылады. Екі жасқа басында бақыт тілеген тамаданың аузынан шыққан бір-екі жаттанды шумақтар болады. Одан арғысы сүреңсіз сценариймен жалғасады. Қолына қалт-құлт еткен арақ құйған шыны ұстаған дірілдеген қолдар, не айтарын білмей тұрған тойға шақырылушы, жан-жағынан, бол енді тілегіңді айт, деп зарлай шұмалаған халық, ең соңында ғұмырында үйінде әйеліне бір ауыз сөз айта алмайтын бишара тамам топтың алдында есі шығып не айта алсын, әйтеуір жұрт тілегіне қосылатындығын білдіріп міңгірлеп бірдеңе деген болады. Осы мезетте қиқулаған жүргізуші шынының түбіне дейін ішейік, ойпырым-ай, деп мына сөзге ішпесе болмас, тіпті қазір өліп кетсем де ішпейінші деген жабайы әдетіміз көрініп-ақ қалады. Қазақ-қазақ болғалы той оның менталитетін білдіретін фактор еді, оның үлкен тәрбиелік мәні болушы еді, әлі-қажып ең басты сөз айтылып, күй тартылып адал ас ішіліп, адам үлкен

рухани ләззат алмаушы ма еді. Тіпті халқымыздың айтулы ән өнері мен айтыстың бесігі осы тойлар емес пе еді. Жастар жағы қылығын дұрыс дейік, ал осы тойға шақырылған қарттар мен қариялар ше олар сүреңсіз тостар мен арасында ұзаққа созылатын тақырыпсыз бидің тұтқыны болып отырады. Оны қой деп айтарлық дәрмен бар ма оларда. Сонда да қазір қазақтардың үйлену тойлары еуропалықта, азиялық та үлгіге ұқсамайтын дүбара бір дүние әлемдіктен жұрдай, әдептен жардай. Ол тойлардан шаттығың қайтпайды. Той ертеңіне кереғі «пәленшенің тойы жақсы өтті» деген жалған мақтан, даңғаза атаққұмарлық жатыр. Қазіргі тойлар біздің талғамсыздығымыздың, рухани құлдырағанымыздың айқын көрінісі. Кей тойда бір-ауыз қазақша сөз, бір ән айтылмағандығын көрдік.

Бұл рухани жағы, екінші жағы қазақты банкрот қылатын және осы той. Қарызданып, қаужаланып ақшасын желге шашқанмен бірдей. Зияннан басқа еш бір пайдасы жоқ бұл тойдың. Рухани жұдеуліктің негізі бұл. Қазақтың тойына реформа керек-ақ. Тойдың өзі жастықтың, махаббаттың мерекесі, бұлардан кейінгі бүлдіршін-ұрпақ үлгі тұтынатындай болу керек қой. Ақылды ұрпақ осыны оқығаннан соң ойланар, аға-апалар да ойланар.

Орыстың ұлы ақыны Некрасов: «Мен өз халқымды жек көру арқылы, жақсы көремін»- депті. Біздің сезім де солай. Той жасалу керек, өмірдің сәні еді ғой, жұрттың мерейі, ата-ананың мерейі, жастықтың, махаббаттың сәні, осылар арқылы өмірдің де мәні. Қазақ деген текті халыққа сәйкес, орынсыз, даңғазасыз, тапырықсыз болып өтсе, ел мен жұрттың мерейі, осыны көріп отырған басқа ұлт өкілдері де қызықпай ма? Мүмкін біз жеткізіп айта алмай отырған да шығармыз. Арақты жамандасаң ұнатпайтындардың көп екенін де білеміз. Өз мінімізді өзіміз айтып, өзіміз жөндемесек кім жөндейді?!

## Тағы Толстой...

Он тоғызыншы ғасыр Мұхтар Әуезовке дейін он жеті алып адамды беріпті-дейді ақсақал жазушымыз Әлжаппар Әбішев. Осы он жеті ұлы адамдар не бітірді, несімен ұлы десек ең бірінші елді ел, халықты халық қылу үшін күресті емес пе? Мінез деп тұрып елдің елдігін көрсететін нәрсе. Ен-деше Абайда осы қазақтың жаман мінезімен күрескен пе еді. Жаманға жүгіре жөнелетін мінез, қылық көп, жақсыға басқа қоймайтын қылдыр мінез және бар. Ертеректе мықты ақын Сабырхан Асановтың бір шумағы дәл қазір есіме түсе кетті:

Жанымда жүр қыржи қабақ сан адам
Қалт жібермей қимылымды сапаған,
Бәсе, несіне ренжимін, жұрт қой бұл
Мен түгілі Абайды да сабаған,

деп еді. Данышпан Абайдың да тінін ала қойған жоқ. Иә, онда сана аз, оқу-білім жоқ еді, түсінік төмен еді. Ал қазір ше?

Құрметті оқушылар, жоғарыда Лев Толстойдың Исламға қатты іш тартқаны туралы айтқанбыз, мұндай дүние зиялылығына үлкен салмақ қосқан адамның ой пікірін кішкене кеңірек айтсақ: Мың тоғыз жүз төртінші жылы он үшінші мамырда Мүфти Мұхамед Абдулға (татар мүфти болса керек) жазған хаты:

Қымбатты досым.

Мен сіздің аса мақтау жіберген хатыңызды ала отырып, бұл хатыңыз мені аса қуантқанын және үлкен ләззатқа бөлегенін айтқым келеді. Сіз бұл хатыңызда мені білімді, оқымысты адамдардың қатарына қойыпсыз, бұл үлкен құрмет деп білем. және басқа дінде бола тұра, сенім мен шындық біреу-ақ деп ұққанымды сізге мәлімдеймін. Сондықтан да сіздің хатыңызды оқи отырып шын жүрегімнен

қуанып қалып, байқасам сіздің сеніміңіз бен менің сенімім бір-ақ нәрсе болып шыққанына, құдай тағала жақынына мейірім қылғандай жақсы айтқан. Сондықтан осы сенім барлығымызда де, яғни тіпті еврейлерде, буддистерде, христиан және Мұхамед дінін ұстаушылар үшін діннің тұрағы екені анық.

Менің ойымша әртүрлі догматтар, тұрып пен әдет ерекшеліктері адам-арасында іріткі-таласу салып тіпті ұзақ уақытта жауласуға дейін шығарады. Осының бәрі бір қалыпқа түссе буларға жаратушының біреу-ақ екеніне көзі жеткен сайын адамзат баласының бірігуіне болар еді. Қадірлі муфти Мұхамед Абдул сізді аса құрметтейтін досыңыздың сенімін қабыл етіңіз»-деп жазыпты.

Және тағы бір хаты: Мың тоғыз жүз сегізінші жылы июннің онында Ясная Поляннадан жазылып жөнелтілген Р.М.Елікбаев деген адамға, оқыңыз:

Сүйікті бауырым Рахматулла Мыңгалиевич!

Мен бұдан көп жылдар бұрын өзімнің 1881 жылдан кейін жазылған шығармаларымда және аудармаларымда басам деушілер болса жол ашық деп келемін. Ал сізге мынау ұсынысыңыз және жеке маған деген ілтипат ықыласыңыз үшін рахмет айта отырып жеке рұқсат сұрағаныңыз тіпті үлкен құрмет. Осы жағдайда пайдаланып сізге өзімнің шығармаларымның әрине қолымда барының біразын жіберіп отырмын. Ал енді сіздің Ислам туралы менің пікірімді білгіңіз келетіні туралы айтсам, онда ол нағыз дін біреу-ақ деймін, және ол дін адамзат үшін толық ашылған жоқ, бірақ кейбір бөліктері қазірдің өзінде уағыздалуда. Адамзаттың алға басуы да осы ортақ, нағыз діннің қаншалықты жылдам таралуына байланысты болмақ. (Осы хаттың аяғындағы ұзын тұрпы-бес сөйлемнің түпнұсқаның жыртылуы себебінен аударылмады.)

Бұл Р.М.Елікбаев деген адам (1877-1919) жылдары Се-

мейде панасыз мұсылман балалар үйін басқарып, кейіннен кітап дүкенінде қызмет қылған екен. Ұлты белгісіз, әйтеуір түркі, не қазақ, не татар болар дейміз. 1912-1914 жылдары мұсылман журналдарында Лев Толстой туралы бірнеше мақалалар жазып бастырған дейді. «Литературная газета», №7, 1991 жыл. Өзі Семейде тұрып сол уақытта Лев Толстоймен хат жазысқан, ол туралы сол кездің өзінде зерттеу жасап, мақалалар жариялаған бұл Еникбаев кім екен? Лев Толстоймен хат алысып тұрған Шәкәрім оны тануы да білуі де әбден мүмкін, тіпті Л.Толстоймен олар бірлесіп байланыс жасауы да мүмкін-ау деген ойға қаласың. Осы жерде ұмытпай айта кетпек бір деталь бар. Ол Шәкәрімді II-Мемлекеттік думаға Әлихан Бөкейхановтың депутат етіп сайлау жөнінде халыққа жасаған үндеуі бар көрінеді. Ол кісі өзі I-Мемлекеттік думаның депутаты болған ғой, ол таратылған соң, неге екенін тарихшылар байыптай жатар, оның депутаттарының көпшілігін заң бұзушы ретінде жауапқа тартқан. Сондықтан да келесі думаға депутат болу құқығы жойылған болуы мүмкін. Ә.Бөкейханов Шәкәріммен бірге бес адамды, тағы біреуінің аты-жөні Темірғали Нуржанов деген кісі көрінеді, ол кісінің сол кездегі мүддесін жоқтай алатын дәрежедегі адамдар екені айқын. Осы мәліметті Қазақстан Білім Академиясының Президенті Өмірзақ Озғанбаевтың айтқанынан келтіріп отырмыз.

Лев Толстой сияқты бүкіл дүниесі мойындаған адамдар көп емес қой. сөйтсе де осы ұлы адамның Исламға айқын іш тартқандығын білдіретін тағы бір хат мазмұнын оқушыларымызға жолдай кетсек өте артық болмас деп ойладық.

Елена Ефимовна Векиловаға. 1909 жылдың 13-16 наурызы.

Елена Ефимовна, сіздің ұлдарыңыздың татар халқына

оқу-ағарту істеріне қатысу ойларын құптамауға болмайды. Сондықтан да бұл үшін Магометан дініне өтудің де реті бар деп ойлаймын. Бұл жөнінде шындап келгенде мен өзім мемлекетті мойындамастан қатты дауыстап нақты дінге кірдім, өттім демеспен-ақ, іштей шешімге келуге болады деп есептеймін. Егер сіздің ұлдарыңыз Магометандық қолдарастарды игеруге ұмтылса және бұны православиядан артықшылықтары бар деп пайымдаса, олар мұны әйгілемей-ақ істеуіне болады, мүмкін бұл жөнінде мемлекет орындарына мәлімдеу қажеттігі бар ма екен, оны мен біле алмадым. Егер де әңгіме сіздің ұлдарыңыздың біржола Мұхамед дініне көңіл қойып, осы дінге пейілін беруі туралы болса мен мұны өте сезінемін және құптаудан басқа амалым жоқ. Бір ғажабы мен өз басым бүкіл идеалдарымен христиан идеалдарын ден жоғары қойып жүретін адам едім, бұл жөнінде турасын айтқанды жөн көріп отырмын, біздің қазіргі шіркеулердегі православиялық ілімнен сыртқы және ішкі көріністерінің көркемдігі, ілімінің нақты, адамға жақын да жылылығы себепті, Мұхамед діні жоғары артықшылықтарға ие екенін мойындамауға болмайды. Бұл жөнінде мен сізге тіпті басқаша айтайын: егер бір адамның алдында осы екі сенімнің яғни дiннің қайсысын ұстау керек екендігі туралы мәселе тұрса, сөз жоқ ақылы бар адам; бірақ жаратушыны мойындайтын оның пайғамбарларын мойындайтын, православиедегі үштік, құдай туу, күнәден арылу сияқты өте күрделі қарапайым адамдар үшін түсініксіз ұғымдардан безіп, Мұхамед діні христиан дінінен кейін 600 жыл кейін шыққанын ескерсек нағыз қолайлы, сенімді, көп ырым-жырымдардан аулақ таза ілім екені анық.

Дүниеде бәрінің де өзгеру үстінде, жетілу үстінде. Жеке адамдар қалай өзгерсе, қоғам және бүкіл адамдар да өзгереді, өйткені адамдардың ақыл-ойының әлемі оның

дінді ұстауына байланысты деуге болар. Дінді қарапайым адамдарға түсінікті етіп жеткізу қажет; неге десеңіз, ол өзінің жұмбақ, құпиялығымен адамдарға түсініксіз болып келді. Енді бәрі басқаша болу керек. Осы бостандық үшін, дін бостандығы үшін дүниежүзі бұрын соңда ғалымдары, данышпандары күресіп келді деуге болады. Дін жөніндегі жоғары түсінік үшін күрес Индияның «Веда» кітаптарында, бұдан кейін Муса, Будда ілімдерінде. Конфуций, Христос және Мұхамед осындай адамдар еді. Міне осындай данышпандар дін жөнінде қарапайым түсінік емес жоғары. Түсінік үшін күресті, бірақ барлығы да сол адамдар санасын бұрынғы қордаланып қалған ескі саяз түсініктерден арылта алмады. Осы және басқа да көптеген ой-пікірлерді ұштастыра келе менің өзім қазіргі жоғары ілім және сенім Мұхамед діні екенін айтпай тұра алмаймын. Бұл дін қазір басқа діндердің барлығынан да алдыңғы орында тұр. Егер бұл діннің бойындағы кейбір тым жадағай, қарабайыр Канондарды есепке алмасақ, Мұхамед дінінің Исаны пайғамбар ретінде танитыны, осы арқылы христиандықты танитынымен емес пе. Егер осы екі үлкен діндегі шындықты, айқындықты бірге тоғыстырса өте ғажап болар еді. Сізге өте ұзақтау жауап жазып отырғаным, өзіңіздің ақылды ұлдарыңызға менің ойымды кеңірек жеткізсе деген пікірден туып отырғанын айтқым келіп еді, олардың көздеген тамаша мақсаттарына жетуіне тілектестік мақсаттан туғанын түсінерсіз. Жаратушы адам балаларына нысап қылған шындықты айқын білудің алдындағы кейбір бөгеттерді алып тастаса, сөз жоқ, адамзат баласы бірақ жаратушы бар екенін танып еді және оған сөзсіз көз жеткізер еді.

Бұл хат жөніндегі қысқаша түсінік мынау:

Елена Ефимова Векилова Тифлисте тұрған, өз хатында бір ұлының Петербург Технологиялық Институтында оқитынын, екінші ұлының Москвада Александр әскери

училищесінде юнкер екені, олардың Ислам дініне кіргісі келетінін, осыған Толстойдың пікірін білгісі келген.

«Литературная газета», №7, 1991 ж.

Бүкіл дүние зиялыларының арасындағы үлкен авторитет (бұл сөзді әдейі қолданып отырмыз. Авт.) Лев Николаевич Толстой жоғарыда да келтіргеміз. Исламға жақын іш тартқан, тіпті қабылдаған деп те айтады, бірақ біз мұндай үлкен адамның Исламды қабылдағаны жөнінде айқын дәлеліміз жоқ, сондықтан «жерден жеті қоян тапқандай» жағдайда барғымыз келмеді. Л.Толстой Исламды Христиандықпен жақындастырғысы да келеді. Өйткені ол адам баласының бәріне де алла тағала Исламды ишарат еткенін жақсы білген болу керек. Әңгімеміз дініміз туралы болған соң тым атүсті кеткеніміз жарамас, бұрыннан бүгінге келгеніміз рас, енді мемлекетіміз бен бірге тәуелсіздік алған дініміздің тек ұстау, шариғат (заңдары) мәселелері ғана емес, көбіне біздің сөз етіп отырғанымыз Ислам тарихына байланысты жайлар. Біз көңілі зерек оқушыларымызға арнаған осы жазбаларымызда әйтә-әйтә жауыр болғандай жайларға жолағымыз келген жоқ. Ислам туралы айтқанда оған басқа қырынан, тарихи деректер тұрғысынан келгіміз келді. Өйткені кітапшаның бас кезінде айтқанымыздай «намаз оқы, ораза ұста»-деген схоластикалық консервативтік догманы негізге алған кітапшалардың толып кеткені өтірік емес. Иманшарттан, тағы басқа көптен шығып жатқан діни кітапша, брошюралардың жадағайлан жөнірін, авторлықты өздерінің телін «бәлен қажы», «түген сулиев» деп сатуға қойып қойғандар да баршылық. Ақыретке қызмет қылмақ болып жүріп мына дүниенің байлығына малтығып қалғанын білмей қалып жүр олар.

Пайғамбарымыз Мұхамед Мұстафа с.а.с. Жәбреил періштемен бірге миғражға көтерілгенде оған алла тағаланың құдіретімен жасалған біршама ғажаптар көрсетілген ғой.

Біз оның бәрін айтпай-ақ үш қысқаша рисалаға тоқталайық. Бұл әңгімелердің нені меңзейтінін көңілі жүйрік оқушы өзі-ақ тауып ғибрат алар.

Біріншісі пайғамбарымыз бір мәуелі баққа тап болады. Бақтың да-рақтарының түбінде сақалдары белдеріне түскен, шаштары, самайдан ғана ағарыңқы, аппақ, бастарында кіршіксіз сәлде бір топ ғалымдар отыр екен дейді. Оларға пайғамбар сәлем қылады және не істеп отырғандарын сұрайды. Сонда ішіндегі ең ғалым біреуі бұл отырыстың мәнін түсіндіреді.

-Біздер ғұмыр бойы дінді ғана насихаттадық, оқығанымыз намаз ұстағанымыз ораза, Исламның шариғатынан кішкене ауытқыған жеріміз болған жоқ. Бұл дүниенің қызығын тәрк еттік. Енді қартайған шақ келді, алдағы өміріміз бүтін болмаса, ертең бұл дүниеден көшетін күн келеді ғой, соны күтіп отырмыз. Енді осы мәжіліске келсек, бұл дүниеде еш бір күнә жасамағандықтан өлген соң жұмаққа (жаннатқа) кіреміз ғой. Сонда сегіз жаннаттың қайсысына кіреміз, деп тартысып отырмыз, дейді. Міне осыларды алла тағала күпірлігі үшін азапқа бұйырған екен дейді.

Екінші оқиға, осыған қарама-қарсы:

Шөл даланың бір қуарған түкпірінде бір топ жалаңаш адамдар күн ыстықта шөл далада өскен сексеуіл тәріздес бір өсімдікті жинап лаулатып, отты жағып, оның екі жағына мықты тас тұғырды биік орнатып қойып, бірнешеуі жабылып біреуін от үстіне жақындатып бақыртып қақтайды екен. Одан кейін мұны қоя беріп екіншісін, үшіншісін бәрін қақтайды. Алдыңғы қақталғандар келесі қақтаушыларға көмектеседі. Бұл ғажапқа таң қалған пайғамбарымыз бұл жан иелерінің жан түршігерлік түрінен сескене де сұрақ қойыпты, не істеп жатқандарын. Сонда ішінен біреуі тұтығып айтыпты: Біздер бір сорлы бишаралармыз, алланың қарғысына шайтаннан

кейін лайық адамдар біз шығармыз. Өйткені бұл дүниеде бір дұрыс іс-әрекет не аллаға, не адамға жағатындай жасағамыз жоқ. Соның үшін ана дүниеде тозаққа біз бармай кім барады, өйткені бұл дүниеде айтқанымыз өтірік, істегеніміз ұрлық, қарақшылық. Не сөзімізде, ісімізде бір жақсылық болған жоқ. Аллаға құлшылық жасағамыз жоқ деп күңірене жылапты. Енді өлер шағымыз жақындады, қартайып келеміз. Мынау істеп жатқан әрекетіміз сол өлгенде тозаққа барғанда отқа күйеміз ғой, тым болмаса үйрене берейік деп жасап жатқан айламыз ғой депті.

...Осыларының күнәсін алла кешкен екен дейді.

Үшінші оқиға бір сәт Пайғамбар бір үлкен таудың үстінен шығыпты. Қараса бөтен-бөгде ештеңе көрінбейді, тек таудың төменгі етегінен қалың ну ағаш жинап алған болу керек, бір арқа құрғақ ағашты буып алып арқалап тауға қарай өрмелеп келеді екен. Таудың ұшар басына шыға бергенде жаңағы арқасындағы ағаштың салмағымен, артқа қарай құлап түсіп, денесін игере алмай етекке дейін домалапты. Пайғамбар оның ендігі әрекетін қарап тұрыпты. Сонда әлгі бейбақ арқасындағы отынды азайту орнына тағы бір-екі тал шөңгек қосыпты. Енді осыны арқалап жаңағы әрекетін тағы қайталапты. Таудың ұшар басына жақындай бергенде, алдындағы оқиға тағы қайталаныпты. Бұған пайғамбар қайран болып тұрғанда Жебірейіл, міне бұл ақырзаманның адамы депті, өзінің күнәсін көтере алмай жүріп ақталу орнына тағы да қоса береді, қоса береді... депті. Әрине, дін мистицизмсіз болмайды. Ол пәк нәрсе, арабша «тасаууф» дейді. Бұл адамдар санасына дінді жеткізудің бір формасы, және бұл дүние адамзаттың уақытша тұрағы десек, одан соң екінші дүние басталады және ол мәңгілік дүние десек, мистиканың өзі реалияға айналады. Сондықтан оған ертегі ретінде қарамау керек. Исламның бірінші постулаты ғылым, ілім, іздеу. Сон-

да айныны тануға болады дейді. Исламды ғылым ретінде қабылдау керек. Көбінесе былайға жұрт оны тым жадағай түсінеді. Ырым-жырымдар мен салт-ғұрыптарды Исламға теңеу өте қолайсыз нәрсе. Бұл жөнінде тағы әңгімелерміз. Оқушыларымыз аңғарып отырған шығар, біздің көбінесе тілге тиек қылып отырғанымыз мұсылмандылықтың өзінен гөрі оның тарихына қатысты жайлар. Оқушыларымызды қатты сыйлап құрметтегендіктен олардың мезі болатындай узақсонар дүниенің соңына түскіміз келмейді. Әңгімеміз тарихты жиынтап соң, оп Құран-кәрімге апарып соқтырмай қоймайды. Өйткені алладан қашып қайда барамыз, барар жер, басар тау жоқ қой. Әйтеуір дүниедегі «Ғылымды Қытайдан болса да ізде» дейтін адам баласына нұр шуақ төгіп жол көрсететін қасиетті кітаптың біз ішкі мазмұнын емес, осының дүниеге таралуы, оның ішінде біздің халқымыздың алланың бұйрығы шығар бірнеше жүз жыл тағдырымыз тығыз байланыста болған, Россия және оның қарамағында болған басқа да елдерге таралуын сөз қылсақ, оқырман қауым өзін қызықтырған нәрсесінен біраз дұрыс мағлұмат алған болар еді. Сөз арасында айтайық «оқы, оқы және оқы» деген сөзді біздің пайғамбарымыз осыдан 1500 жылдай бұрын айтқан ғой. Осы сөздің кейінгісі кімге тиетінінің көпшілік қауым біледі. Кітапшамыздың аяғына дейін бұл әңгімеге соғып қалуымыз мүмкін.

## Ең дамыңшан кітап жөнінде

Сонымен құран ең алғаш рет Европада XI-XIII ғасырлар кезінде атақты крест жорықтары кезінде сиппеп зерттеле бастады деуге болады. Әрине ғылым мақсаттары үшін емес. Қайта оны өтірік ғылым ретінде, христиандықтың жауы

ретінде түсіндіру мақсаттары үшін. Бұл екі ортада IX-X ғасырларда оның жеке тараулары Грек, Сирия тілдеріне аударыла бастаған көрінеді. XVII-XVIII ғасырлардағы қайта өрлеу дәуірінде ағарту жұмыстары алға шықты. Міне осы кезде Құранға әдеби-философиялық мұра ретінде Вольтер, Гете, Вашингтон, Ирвинг сияқты белгілі адамдар бет бұра бастады. Бұлардан кейінгі қызығушылар ең алғаш Құранға «не нәрсе» екен деген қызығушылық таныта келе оның нұрлы келешегі, алланың сөзінің ғажабы оларды өзіне тартып күткен. Гете өлеңдер арнаған, Пушкинде құранға арналған көптеген өлеңдер бар. Сөйтіп бірте-бірте Еуропа Құранды мойындай бастады, осы арқылы исламтану дүниеге келді. Ресейде XVI ғасырда христиан философы Максим Грек деген жекелеген аудармалар жасаған. Бірақ ол бұл аудармаларда 1453 жылы Константинопольді жаулап алған түрік бауырларымызды мұқату, жамандау мақсатымен, аударылған сөздердің өзін айналдыра жасаған. Мысалы оның бір аударма трактаты «Христиан-православие дінін білмейтін ағаряндарға қарсы сөз», «Ағаряндардың әшкерелейтін және олардың алдаушысы туралы» деп аталады. Жоғарыда айтқанымыздай христиандар яғни олардың поптары Исадан 500 жылдан кейін шығуы себепті, тағы басқа өзіндік дәлелдерімен Исламды да, пайғамбарымызды да мойындамайды.

Бірақ түбінде дүниенің Исламға келуі жөнінде шыпандар қайырда көп екенін айтқымыз келеді. (Ватикандағы Рим папасы-үлкен ғылым адам, өзі он төрт тіл біледі, осы жолда жұмыс жүргізіп жатыр, деп естиміз. Авт.) Сонымен ең алғаш аударма Максим Гректікі ме десек, ең алғаш Славян тіліне осылай басталды деуге болатын сияқты. Мұнан кейін Иван Пересветов, Андрей Курбский деген христиан уағызшылары өз дәрежесінде аудармалар жасап көрген. Арабшадан емес әрине, ол кезде араб тілі Ресейде мүлде таныс емес еді. Бұл

аудармаларға бет бұруы себептері айқын, мұсылмандықты ұстайтын көптеген халықтармен ұлыстар өз еркімен деген желеуді сылтау етіп Россияға қаратыла бастап еді.

Алғашқы қызық аударма Литва князьдарының қызметінде жүрген татарлардікі екен. Аудармашының өкінішке орай аты-жөні мәлім емес. Бұл аударма араб тілінен белорус тіліне аударылған, аударылғанда ол славян әріптерімен емес, жаңағы белорус тіліне араб графикасымен аударылыпты. Оқушыларымыздың бұталессіні үшінайтарығын, біз мағлұматтарды бірнеше бұлақтардан кездестірдік. ең басты есеуінің бірі «Литературная газета», екіншісі башқұрттың «Акиделья» журналы, бұл екі басылымда осы туралы жақсы баяндалған. Бұл аударма қандай мақсатта жасалды, оны кім оқыды, қанша дана басып шығарылды ол бізге мәлімсіз. Ең бастысы ол тарих үшін маңыздысы бұл Құранның араб тілінен бірінші рет славян тіліне аудармасы. Мүмкін келешекте белорустар бұл үшін мақтаныш ететін күн де келер. Он жетінші ғасырдың аяғында «Алкоран Мухаммеда» деген алғашқы аударма жарық көрді. Оны Иоанникий Галятовский деген Киев-Могилян коллегиясының ректоры құрастырған. Кейіннен бұл осы атаулы академия болып құрылған. Ол мұны патша-задалар Иоанн мен Петрге оқуға сыйлайды. Соңғысы әйгілі Петр I. Осы Петр I-нің атымен Ресейде құранның елдігі тарауы мен үйретілуі тығыз байланысты. Қандай ойы болғанын кім білсін Петр патша құранға қатты ден қойған. Оның пәрменімен «Шығыс тілдері» мектебі құрылады, сирек дүниелерді жинайтын (шығыстың) кабинет құрылады, осының негізінде жүз жыл өткеннен кейін Азия музейі және құрылады. Бұл музей сол құрылғаннан бастап жүз жылдай Азияны зерттеудің қайнаған орталығы болды. 1930 жыл Шығыстану институты болып қайта құрылған, шығыс тілдерін үйрену, үйрету жөнінде Кеңестік мемлекеттердің орталығы болды деуге болады.

Петрдің үлкен еңбегі мұнымен ғана шектелмейді, 1722 жылы жылжымалы шрифтері бар, арабша баспахана іске қосылады. Осы кезеңде Петрдің бұйрығымен Петр Посников ғалым адам, шығыстанушы, дипломат, Францияның Египеттегі жәнеКонстантинопольдегі (Стамбұл) консулдері қызметін атқарған Андре дю Рие француз тіліне жасаған тәржімеден орысшаға аударып бастырып шығарады. Бұл тәржіме «Алкоран Магомет туралы немесе түрік заңдары» деп аталған. Айта кету керек, кейінгі зерттеушілердің айтуынша тәржіме өте нашар болыпты. Өйткені Андре дю Рие аударма кезінде көптеген қате, түсінбеген жерлерге ойынша келген өз сөздерін қоса салса, бұл қателікті Петр Посников онан сайын өрбітіп жіберсе керек. Ең бастысы кемшілік олардың мұсылманшылық жөніндегі түсініктерінің өте төмен дәрежеде болуы еді. Әйтсемен де осы талпыныстар осы жұмыстың басталуына жол көрсетіп берді деуге болады. Посниковтың осы тәржімесі қызыққан жұртқа қасиетті дүниемен алғашқы танысуға жол ашты, әсіресе Петр патшаның үлкен қызығушылығын тудырады. Енді Петр патша өзінің сенімді серіктерінің бірі Дмитрий Кантемирге бұл туралы үлкен тапсырмалар береді. Кантемир әжептәуір дипломат және түрік елінде дипломатиялық қызметте жүріп шығыс тілдерін үйреніп біліп, әрі мұсылмандық ілімді ғылым ретінде әжептәуір зерттеп білген болатын. Осының нәтижесінде тағы бірнеше аударма тектес үзінді дүниелер басылып шықты және бірнеше кітап басылымдары да бар. Бұл кезде Батыс елдерінің, оның ішінде Ресейдің де Шығыс елдеріне деген қызығушылығы артып тұрған. Сөз жоқ осының әсерінен Шығыс туралы аңыздар, әңгімелер тағы басқа журналистік жарияланымдар көптеп басыла бастады. Көбіне бұл басылымдардың мақсаттары әртүрлі болды. Кейбірі зерттеу мақсатында болса, бірсыпырасы Құран аудармалары арқылы жат діннің кемшілігін тауып, православияның артықшылықтарын мадақтады. Ресейдегі Құран

тарихындағы жаңа кезең Екатерина II патшаның билік құрған кезінде гүлдене түсті деп айтуға болады. Түрік-орыс соғысында біршама қолайлы жағдайларға тап болған, Ресейдің әйел императоры сол кезде өзінің қарауына көптеп кірген бұратана халықтарды билеуге үстемдіктің үлкен құралы олардың діні, тілі екенін айқын түсінген сияқты. Сондықтан да Ресейдің мұсылман халықтары туралы қала, мекендерде сол халықтар тілінде немесе орыс тілімен аралас оқытатын мектептер, медреселер ашыла бастады.

Екатерина II-нің кезіндегі айта қаларлықтай бір оқиға Петербургтағы Ғылым Академиясының типографиясында 1787 жылы Құранның араб тіліндегі тексті толық басылым шықты. Әрине сол кездегі орыс патшаларын басқа халықтардың мүддесін қорғаушы деп айту қиын. Бірақта сол уақытта осындай шараны ешкім де жамандап айта алмас. Салыстырмалы түрде айтсақ, мұсылмандықты да бәрін біліп алып жүрміз, осы Ислам туралы кітап жазамыз деп жүргенде әлі де өз Отанымызда Құран басылып шыққан жоқ. Әрине Құран-Кәрім қазір көп, одан жетімсіздік жоқ екені рас, бірақ өзімізде осы заманғы жетілген құран басатын баспахана болғанға не жетсін. Сонымен Петербургтегі Құран басылымы сол кездегі Европа елдеріндегі бүкіл басылымдардан артық болды. Ол ең каллиграфиялық үздік үлгісі негізінде арнайы құйылған шрифтымен басылған. Бір деректерде осы жазу үлгісі молла Осман Ибраһим деген кісінікі екен дейді. Осы шрифт негізінде Құран әлденеше рет басылып шығыпты. Осындайда есімізге бір дерек түсті. XX ғасырдың бас кезінде Петербургке барған бір қазақ азаматы жүзге тарта Құран әкеліп елге таратқан екен дейді. Қазір аллаға шүкір Халифа Алтай ғалымның аудармасы Мекке-Мединадағы король Фахд Габдул-Газиздің өзінің жеке Құран басатын комбинатынан әлденеше жүздеген мың данамен шығып, халқымыздың ру-

хапи қажетін қанағаттандыруға кірісті, және қағазы, басылу сапасы айтарлықтай!

Бұдан кейінгі үлкен оқиға 1800 жылы 15 декабрьде императрица Указымен бүкіл Россияда мұсылман дінін насихаттайтын, ұлттық әдебиетті, басылымдарға қойылған шектеулер түгелдей алынып тасталды. Қазан қаласында 1802 жылы мұсылман баспаханасы ашылды. Бұдан бұрынғы Ғылым Академиясындағы құйылған шрифт берілді. Күн бүгінде айналасы 20-30 жыл ішінде 200 мыңдай Құран басылып шықты деген деректерге сенуге болады. Бұның бір дәлелі ретінде біздің төңіректің өзінде яғни Қарағанды облысының Қарқаралы, Ақтоғай,Қу, Жаңаарқа, Нұра төңіректерінде мұсылмандар үйлерінен аталарынан мирас болып қалған сол 1800-1900 жылдардың әр кезінде Қазаннан басылып шыққан Құран кітабі көптеп кездеседі. Сол кітаптарға тән бір қайран қаларлық ерекшелік, бояуы онбайды, тіпті Күн көзінің өзінде шыдамды, оқуға көзді қажытпайды, әріп бояулары өте анық. Кейбір осындай Құран кітабі тіпті сол жаңа күйінде сақталған. Сөз арасында айта кету керек, көптеген зобалаңдардан өткен халқымыздың қолында дегенмен де жанқиярлықпен сақтап қалған тарих үшін аса құнды сан мұралар бар. Осы Құранның және шариғат, тәпсірлердің жалғыз Қазаннан емес, сонау Марокко, Стамбул, Ташкент, Тбилиси қалалары да кездесуі аса қызықты. Мысалы осы жолдар авторының қолында 1882 қажы Үлен-Заде деген кісінің баспаханасынан Тифлисте басылып шыққан кітап бар. Сол уақытта Петербург, Қазаннан басқа Оренбург, Ташкент, Баку, Тифлис және Бақшасарайда баспаханалар ашылды. Жұртқа мәлім Орынбор баспаханасы кейіннен араб графикасы негізінде «Айқап» «Түркістан уалаяты» газеттерін шығарған.

Құран тәржімалары туралы сөз болғанда бұдан кейін сол кездегі Қазан Гимназияларының директоры М.И.Веревкин деген кісі 1790 жылы бұрынғы француз дю Риеден аударып

Құранды бастырады. Оның еңбегі Қазан гимназияларында оқытуға Шығыс тілдерін кіргізу жөнінде болды. Бұдан екі жылдан соң Петербургте Құранның төртінші тәржімесі пайда болды. Оны А.Колмаков деген кісі сол уақытта жан-жақты орындалған Дж.Сэйлдің ағылшын нұсқасынан аударған. Осы жерде айта кеткен дұрыс шығар М.И.Веревкин аудармасы өте сәтті болған дейді. Өзі талантты драматург, жазушы және аудармашы бола отырып ол жасаған аударма А.С.Пушкиннің қолына түсіп оны қиялмен тербетіп ғажап таңғалдырған сияқты. Негізі ұлы дүниені түсінуге де ұлылық керек. Материя мен сананың да ара салмағы қатарлас болу керек. Дүние мойындаған орыс халқының екі ұлысы Пушкин мен Толстой қалай бағалаған қасиетті Құранды қараңыздаршы! Дүние дилетанттардың көңілі соқыр пенделердің қолына түссе көңіліне ашылмайтын теңдессіз асыл дүние ол, күн өткен сайын, келер күн туған сайын өзінің ғаламатымен баурап алына беретін тылсым дүние, иә, тылсым сиқыр емес! Сондықтан Құранды ұстаған адамның бәрінің мейлі кім болса, ол болсын өресі жете бермейді. Біз осы сөзді жауапкершілікпен айта отырып бұған дәлел ретінде құранның өз ішінен дәлел келтірмей-ақ қоюды жөн көрдік. Бірақ «Құранға еліктеу» деген Пушкин өлеңінен екі шумақты оқыңызшы:

Алдауымен оңбағанды жек көріп,
Адалдықты-жақсылықты бөктеріп.
Сүйермін мен Құранды тек жетімді
Тұрсам дағы бастап бәле өткеріп.
Сенің тылсым жаулап алған сананы
Бір сені оқып таптым анық пананы
Сені іздемей қайда бұрын жүргенмін
Тек жүрекке сенің атың қалады,- дейді Пушкин.

*(ауд. Автор)*

Ол Құрандағы 33 сүреге лайықтап өлең жазған. Кезі қарақты оқушы оны іздесе табады. Бұдан кейін 1864 жылы К.Николаев тәржімесі, шығыстанушы-арабист Л Казимирскийдің тәржімесі пайда болды. К.Николаев тәржімесі 1901 жылға дейін бес рет басылып шыққан. Бірақ аударма әрине түпнұсқадан емес, Европа тілінің біреуінен. Бұдан кейінгі деректерге көңіл аударсақ, XIX ғасырдың 70-ші жылдары араб тіліндегі түпнұсқадан бір мезгілде дерлік екі тәржіме үлгісі жарық көрді. Қызық оқиға! Мұның біріншісі деп айтайық, өзі 1871 жылы бітеді, генерал Д.Н.Богуславский деген кісінікі. Бұл кісі туралы мынадай мәліметтер бар. Атақты тау көтерілісшісі Шамиль Таганрогте қамауда отырғанда сол кісінің күзетін басқарған дейді. Мүмкін, қадарынша ол кісі сол кезде Шығыс тілдерінен хабары болған шығар, немесе Исламды қатты ұстанған Шамиль әсер етті ме, әйтпесе қажыға барғанда серік болды ма ол жағы мәлімсіз. Әйтеуір ол Шығыстық рухқа жақын болған адам. Петербург университетінде араб тілін оқыған дейді. Ол уақытта сол университетте араб тілін арабтар оқытуы мүмкін, жетілген арабистер Ресейде бола қойды деп айту да қиын. Бірақ бұрынғы оқу орындарының білімді өте қиын еңбекпен беретінін ойласаң әрине генерал Богуславский аудару дәрежесінде болуы мүмкін, әңгіме Құран тәржімасы болған соң, егер басқа кітап жөнінде әңгіме қылмауға да болады ғой. Ол мұнымен бірге Стамбулда орыс консулдығының драгоманы қызметінде болыпты. Қысқасы қасиетті кітапты тәржімалаушы адамдардың біреуі болып тарихта оның ішінде Ресейдегі Ислам тарихында қалғаны сөзсіз. Бүгін айтып отырғанымыз бұл кісінің тәржімасы біздің қолымызға түспеді, бірақ бірсыпыра деректерге жүгінгенде оның тәржімасы өте дәлдігімен көңіл аударарлық екен, өзі негізінен әдеби қабілеті мол, дарынды, талантты адам болған дейді. Ол 1878 жылы Қазанда Г.С.Саблуковтың

тәржімасы шыққанның естіп, өз тәржімасын сыпайылық сақтады ма екен, бастырудан бас тартыпты. Енді осы таяу кезеңдерде оның аудармасы баспаға дайындалыпты деген деректер естідік. Солымен ең алғашқы араб түпнұсқасынан Құранды аударып бастыру Қазан-шығыстанушысы бір кезде Н.Г.Чернышевскийдің ұстазы болған Г.С.Саблуковтың үлесіне тиді. Орындалу техникасы жағынан (бетінің екі жағы бар, арабша, орысша) Саблуков аудармасы айтарлықтай деуге бойлады. Осы бүгінгі күнге дейін өз маңызын жойған жоқ десек артық емес. Бұл аударманың аса құндылығы мұнда тенденция (икемдеу) жоқ. Тек таза ғылым үшін, ғылыми мақсаттар үшін аударылған таза аударма. Сол кезенде 1861-1863 жылдары Құранға И.Ф.Готвальдтың дайындаған түсіндірме-словарь (тәпсір) пайда болды. Әрине бұл сол кезде үлкен жетістік екенін айту керек. XIX-ғасырдың аяғына қарай және XX-ғасырдың бас кезінде Құран туралы Ислам және ақырзаман пайғамбары Мұхамед Мұстафа туралы В.Ф.Гирнас, В.В.Розен, В.В.Бартольд, А.Э.Шмидт, И.Ф.Крачковский және А.Н.Крымский сияқты үлкен ғалым арабистердің еңбектері жарияланды. Олар әртүрлі дәрежеде Шығыстану ғылымының дамуына аса үлес қосты, есімдерінен байқап отырғандай бұлардың көбі неміс ұлтының өкілдері. Осыған сәйкес Шығыстануға деген ықылас Ресейде қаулап өсті. Баспа ісі одан әрі өркендеді, 8 қалада баспахана арабша және араб графикасымен Ресейде мұсылман ұлттары тілінде кітап баса алатын, газет баса алатын болды. Бұл мезгілдерде Құранның басылып шығу есебін санауға мүмкін болмады көптігінен. Бұл басылымдар баяғы Петербургте құйылған шрифт үлгісінде «Қазан құраны» деген атпен 1956 жылға дейінгі басылымдардың бәрі осындай үлгіде болды. 1960 жылдары Ташкентте басылып шыққан Құран Каир үлгісінде болды, содан бері осы басылым етек алды. Осы жерде Құранның шрифтерінің

Қазан, Стамбул, Мысыр басылымдарында қолданылған шрифт үлгілері бар. Оқуға ең жеңілі Қазан басылымы. Құран басылымдарының тарихында айтқанда И.Ф.Крачковский аудармасы үлкен орын алды. Бұл аударма кезінде «Всемирная литература» сериясына жатқызылып көптеп шығарылмақ екен, бірақ партияның үлкен жағымпаз функционерлерінің бірі А.А.Жданов дегеннің кесірінен шықпай қалған. Тіпті 1963 жылы алғаш жариялануы бұдан кейін 1986, 1990 жылдары көптеп басылып шықты. Осы аударма араб түпнұсқасына ең жақын келетін нұсқа. Басылу көркемдігі де жоғары. Түп-түбінде дүниенің бірінші кітабына айналмақ. Мисхаф (Құранды осылай атауға болады) X немесе IX ғасырларда-ақ ұйғыр тіліне аударылған дейді. Боса-болмаса түріктер, татарлар баянында бірнеше дүркін аударған. Қазақ тіліне тікелей 1912 жылы Мұса Бекеев деген кісі аударған деген деректер бар, бірақ ол аударма түпнұсқаның қайда екені, қандай екені белгісіз. Ратбек Нысанбайұлы, Уақап Қыдырхановтар аудармасы дегеніміз түркі аудармаларының синтезі. Нұралы Өсеров аудармаларының қолымызда болмаған соң сапасын біле алмадық. Үлкен аударма, көркем аударма (орыс тіліне) 1990 жылдары дүниеге келген Валерия Порохова аудармасы, араб тілін өте жақсы білетін әдебиетші әйел түпнұсқаға барынша жақындатқан деп Мысыр ғалымдары арнайы комиссияда жоғары баға беріпті. Құран екі дүниеге де айқын жол көрсететін кітап. Ол әр ұрпақтың санасының, оқу-білімінің дәрежесіне қарай сол деңгейде түсінікті болып отырады. Оқу-білім. адамдардың Исламды қабылдауы өскен сайын ол да жарқырай түсетін тылсым кітап. Өйткені ол алланың сөзі.

**Исламның ғылымға үлесі.**

1.Даххак бин Кайыс деген Табийн, табийн атауына анықтама бере кетейік: олар пайғамбарымызды көрмеген, бірақ оны көрген сахабаларды көрген мұсылманды айтады.

Осы кісі үлкен ғалым болған, құран аяттарын терең зерттей келе дәл қай жылы екені мәлімсіз, жер домалақ, ол өз кіндігімен айналады және Күн айналады деген тоқтамға айтқан.

2.Нуреддин Батруджи 1170 жылы өзінің « Әл-Хайиа» (Өмір)кітабында осы ойды айтқан.

3.Фахреддин Рази 1200 жылдары өз еңбектерінде осы ойды бекіте түскен.

4.Қази Бейдави 1275 жылы «Энваруттензил» деген еңбегінде жердің, күннің домалақ екендігін және жоғарыдағы теорияны одан әрі бекіте түскен.

5.Қазы Әбуд 1340 жылы «Шерхи Мувахыф» деген кітабында осыны тағы да айтады және қуаттайды.

Тағы бір айтуға тұратын нәрсе Ресейдегі алғашқы мешіттердің салынуы. 1800 жылдары тарізі алғашқы Ресей мұсылмандары муфтий Мұхамеджан Гусейнов осы кісі болған болу керек, ол уақытта Орынбор рухани жиналысы (президиум сияқты. Авт.) басшысы болған белгілі адам екен. Бұл мұсылман дінбасшылығымен бірге сол уақытта Екатерина II – императрица жанына құрылған «Еркін экономикалық қоғам» мүшесі болған. Бұл қоғамның құрамына ол уақытта тек дворяндардың князь, граф атақтылары және тумысынан бай, ақсүйек болып есептелетін жоғарғы үкіметте үлкен лауазымды шенеуніктер ғана оның қатарына алынатын болған. Ол кісі Мәскеуде генерал-губернатор Беклешовтың алдына мешіт салуға және ашуға рұқсат беруді сұрайды. Көптеген себептер алға тартылып бұл жолы мешіт салуға рұқсат алынбай қалады. Негізінен Мәскеуде 1782 жылдан бері жамиғат намаздары Абдулла Ожбеков деген молданың имамдығымен Сулиманит Мирза Семенов деген Иностранная коллегияның тілмашы болып істеген адамның үйінде мешітке айналдырылған үйде өтіп тұрған. Мұнымен бірге Макай Аб-

дулов, Абдул Исаков деген көпестер үйінде намаздар өткізіліп жүрген. Сонымен қып-қысқасы 1823 жылы Мәскеу генерал-губернаторы Д.В.Голицын мешіт салуға ашуға рұқсат етеді. Ол Назарбай Әлібаев деген I-гильдия көпесінің меншікті жайының аумағына салынады. Басында ол жай үйлер сияқты болсын, минарет болмасын, елді үркітпеу үшін азан айғайлап шақырылмасын деген нұсқаулар, шектеулер көнейту үшін емес, сол уақыттағы жағдайлармен түсінбестік себептерге байланысты болған шығар. Оған тоқталмадық. Сондықтан оның архитектурасына кейінгі 1880 жылы кіреді, осы мешіт мұнарасы, бүкіл сәнімен қазіргі күнге дейін Мәскеудегі Выползов мүйісімен Мир проспектісінің түйіскен жерінде. маңайына асқан әдемілігімен, мұсылман символикаларымен шұғыла шашып тұрған сияқты…

Ал Петербургта 1904 жылы мешіт салынарда Ресей патшасы Николай II- өте ыңғайлы жерден 250 шаршы жер бөлуге өзі нұсқау берілті. Оның құрылысы 1916 жылы бітеді. жобалау және құрылыс жұмыстарын христиан дініндегі Д.Кричинский деген кісі жүргізген. Жоғарыда Исламды әлемдік дін дегенбіз, сонымызға орай сөз ретінде айтайық, Гарольд Роджерс, Жак Ив Кусто, Майк Тайсон, Майкл Джексон деген осы заманғы әлемдік аттары бар адамдар Исламды қабылдаған. Майкл Джексон 20 млн. Долларға Чикаго қаласынан мешіт салдырған. Францияда күніне орташаменен 5 адам Исламды қабылдайды дейді. Көптеген қатардағы адамдар қабылдамаса да іштартады, қабылдар еді, бірақ менталитет-психология бөгет болып жатыр. Жетінші ғасырда Халифа әл-Уәлидтің тұсында Меккеде пайғамбар мешіті салынып жатқанда христиан дініндегі Византия императоры оған көмек ретінде 100 мың алтын динар (ақша өлшемі) 100 құрылысшы-жұмысшы және 40 теңе мозайкалық-әшекейлік құрылыс материалдарын жібергендігін қалай түсіндіруге болады...

Ресейдегі мешіттер және дін жағдайы, ислам жағдайы сөз болғанда, кейбір әңгімелер осындай. Орыс императоры Николай II-большевиктердің басшыларын олардың үкіметке қарсы жүргізген жұмыстарының барысында сан рет ұстап алғанын және жұмсақтығынан қатты жазаға тартпағанын білеміз тарихтан. Ең арысы жер аударумен шектелді емес пе, оның өзінде асы бар, аты бар дегендей. Ал олар ше, бірақ рет қолына түскенде сорлы патшаны төрт қызымен, аспазымен, дәрігерімен, әйелімен бірге өлтіріп жіберді. Және қинап, кейіннен шахтаға тығып, неше түрлі айуандық қылықтармен өлтірді емес пе. Ендеше зерделі адам түсінеді, ізгілігі үшін жұмсақтығы үшін опат болды бишара!

Оны біз мұсылман болмағаны үшін жек көруімізге болмайды ғой. Қай дінде де ізгі адамдар көп. «Өз дінің өзіңе, өз дінім өзіме»- деген пайғамбарымыз. Адамды Исламға кірмегені үшін шенеуге болмас, ел бір дінді ұстамайтындығы үшін шенеуге болар. Алла сақтасын, біздің отандастарымыз бен халқымыздың ішінен ондайлар ұшыраспаса екен деген тілек бар. Кітап дегеннің өзі шығарма дегеннің өзі менің түсінігімде жұрт айтпаған ойды айту. Яғни айтылған ой, ғибрат аларлық нәрсені бұрынғы соңғы жазушылардан басқаша айту ғой деп ұғамын. Ұлылық бір халықтың басына ғана телініп қойған нәрсе емес. Біздің халқымыз да көптеген ұлыларды тудырды. Ұлылықтың анықтамасы не өзі? Сіңірген еңбегі ме, жеткен атақ-даңқ па? Біздіңше ұлылық бойына біткен талант пен таланты өз халқының игілігіне жұмсай отырып өнер деген үлкен сүйіспеншілігінді шығару, оны жақсы түсінген халық ол адамға үлкен құрмет қылады, сол құрметті қабылдап асып төгіліп қалмай ұстап тұру ғой деймін.

# Жақсы туралы тағы бір сөз

Бүкіл дүние Абай тойын 1997 жылы атап өткеннен кейін Сайып Назарбек Тоқтамыс тегі деп аталатын үлкен бір азаматпен Қарауылда таныстық. Адамның қарым-қатынасы, ойы, пайымы басқаша ерек көрінді. «Жеті атасын білмеген жетесіз» деген бар ғой. Сонда мәжілісте бос отырғанымызда бір үлкен адам жұрт көзіне мақтаншысы келгендей, қыза келе қылығын көрсеткісі келгендей өзінің анадай жерде жүрген 4-5 жасар немересіне-балам бері келші, мына кісілерге жеті атаңның атын айтып берші деді. Сонда әлгі бала мүдірер-мүдірместен жеті адамның атын айтып берді. Сонда елдің бәрі міне жігіт, жақсы бала екен деп ризалық білдірді. Үндемеген анандай жерде көп дырду сөзге өнеге араласа бермей отырған қияқ мұртты, қоңыр шойыннан құйылғандай мүсінді де тұлғалы жігіт ағасы жай ғана сабырмен, қоңыр дауыспен жұртқа қарап былай деді:

-Балаңыкі дұрыс қой, бірақ құлақ қойсаңыздар, жеті ата жөнінде менің ойым басқаша деді.

-Жеті атаны білу сіздер ойлаған өзіңнен бастап ары қарай жеті атаның аты емес, менімше ол мынадай формуланы бейнелейді деді, - бірінші өз әкесі екінші кіндік әкесі, үшінші сүндет атасы, төртінші нағашы атасы, бесінші қайын атасы, алтыншы өзінің атасы, жетінші ел-жұрт атасы. Міне осы аталарды өткерген ылғи тәрбиесін көрген бала болу керек – деп түйді әлгі кісі. Сонда «жеті ата» деген ұғым қалыптасады, әрі біле білсек, тәрбиенің халықтық көзі осында жатыр. Ал балаға жеті атаның атын жаттата салу өте ұшқары, жадағай нәрсе деді. Бұл адам ұлы Абай мен Шәкірімге қойылған сәулетхананың құрылысын жүргізген, өнері өрге жүзген, Кеңес тұсында бағы ашылмаған, тәуелсіздік алғаннан кейін өз талантының көп мүмкіндіктерін жарқырай көрсетіп

жүрген сәулетші, одан ерек ақын, зергер, шешен, өзі ресми экологиялық академигі, атақ та, даңқ та бір басында қазақ халқының жоғын жоқтаушы, бұрын көрсетуші Сайын Назарбекұлы деген бүгіндері қазақ еліне түгел белгілі азамат еді. Сәкенді қатты дәріптесе де артық емес. Өмірде күнде бір ерлік жасап жүрген адам десек артық айтпаспыз. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» - деп халық деп осындай адамдарға қарап айтқан шығар. Бағы ашылған адам деп текке айтып отырғанымыз жоқ, Сәкен ұлы сәулетші, зергер, ауыз-екі шешендігіне сай үлкен ақын, бұрын іште бұғып келген ақын екен. Тәуелсіздігімізден соң елу жастан аса бері алғашқы кітабында-ақ бұрын айтылмаған ойлар, сырлар, көксегені, арманы сұлу жыр жолдары болып түсті. Өздеріңіз тыңдап көріңіздерші оқырман, Сәкен былай толғайды:

Ау, Мұңсыздар! Әлі де мұңсызбысың,
Хабарласпай жатыр ма, үнсіз бе ішің?
Ел еңіреп, жер жылап жатқан шақта,
Біржақ күлкі не деген жөнсіз ішің.
Талай қырқып жал берді арсыз үшін,
Сарқып берді мұңсызға бар тынысын.
Ұлттың атын арқалап жүргендер-ау
Бір тамшы тер төкпеген халқың үшін,

деп тебіренеді. Мына өлеңдегі ой бұрын сонды айтылған жоқ еді:

Тәңір жалғыз, тәңірдей адам жалқы,
Өз тіліндей сөйледі ғалам халқы.
Ана бірсу, жалғыз-ақ Отаным да,
Қайталанбас, ерекше. Дидар-жалқы!
Екі Отан, егіз тіл керек кімге?-
Жетімбісің елінде демек сізге.
Асыл-тасың айбынын жатпаса өсер.
Өз анаңнан басқаға көрексің бе?

Ой жүгіртші ағайын, айтқанды ұқ та-
Талап етсе елің тіл, екі Отан-
Аңқаулықтан жақын ғой сатқындық!

Оның әрбір өлеңі, сомдалған сөздері, қазақ халқының гимнінің бір элементтері сияқты. Әр өлеңінде көл-көсір бай қазақ тілінің оралымдары, еркін төгілген қиналыссыз жымдасқан ұйқас, бұрын айтылмаған ой, жүрегіңе кіріп, санаңды еріксіз жаулағандай. Сәкең қазір үшінші өлең кітабын шығару үстінде. Қазақ өлеңін сүйетін халық Сайын Назарбекұлы өлеңдерін де сүйетініне өз басым сенімдімін. Сәкең өлеңдерінде Мағжан қолданған европалық жарқырау бар да, қазақ өлеңінің Кеңестік дәуірде көп ақындарымыз қолданған тақтауырын болған жалған айғайға толы пафос жоқ.

Ана туралы:

Әулиедей көремін, таза ұғымым,
Ажарына көз тоймас анасыңды.
Әрбір елден, ел жерден көрген екен
Ақжаулықтың соншалық жарасымын.
Ауырсынбай емшектің жарасын да,
Ұрпақ үшін жан берер шарасына.
Әйел бағы неде еке, ол бір жұмбақ,
Ана бағы ер жеткен баласында.
Құмда жусан айналған ана шыңда,
Өз бағы емес ел қамы -- санасында
Ердің бағы неде екен, ол бір жұмбақ,
Елдің бағы сөз ұстар баласында.

Бұрынғы дәуірде сыншыларымыз пәленге еліктеген, түгеннен үлгі алған деуші еді. Бір қазақ жазушысы немесе ақыны бір тәуір нәрсе жазса бәрібір оны соған басы бүтін қимаушы еді, пәленнен үлгі алған, ұқсап баққан, түк болмаса жері тиген деп ұлы халыққа жалпақтанушы еді. Енді шамаға

шүкір, күніміз туғандай. Бірақ оған қарап әдебиеттегі дарынсыздар, орынсыз сөз қыстыратындар кейін қалмас. Сайын Назарбекұлы сөзімге де ұқсамайды, өлеңге де өмірге келгендей өз үнімен, өз ойымен келген. Алғашы, үйренгені көп, ел халқының даналығы. Осы арқылы өзінің де кейінгі ұрпаққа ұсынған осы бір өлеңдері — маржан дүниелер. Тек сөзіме сенің келеді. Бұл ақындығы жөнінен. Ал Федерико Майордың өзін таңғалтқан ұлы Дала төсінде тұрған, ақшаңқан Абай – Шәкәрім сәулетханасы ше? Ұлан далада келе жатып алдыңыздан осы бір дүние шыға келгенде еріксіз, Мың бір түске тап болғандай боласыз. Арағын көріңіз, гранит тасты қалай ұқсатқан Маңғыстаудың ақтасы (кальцит) бар мүмкіндігін аша пайдаланған. Қиюласуын, орналасуын айтса тіл жеткісіз. **Біздіңше** бұл қазақтың жаңа дәуірін бірінші бейнелейтін ғажап ескерткіш, бұрын соңды қазақ баласының өз даласына қойған Абайға, Шәкәрімге ғана емес, халқының тәуелсіздігінің де бір үлкен бейнесі деп білдік. Сәкен айтады: «Осы ескерткіштің жобасын жасаған Бек Ыбыраев деген азамат». Ең алғаш тоқсаныншы жылдардың басында Сәкен осы ескерткіш салынатын жерге келіп, асыл жеңгеміз Хантөре екеуі тағы да өздерімен бірге жинап ала келген құрылыс бригадасы жігіттерімен кәдімгі итарқа қос тігіп жатқан. Осындай біреулер жатыр деп естіген ауыл адамдары, үлкендері де кішілері де бәрі іштерінде, келіп сұрайды ғой, не істемексіңдер деп. Сонда Сәкең оларға мұнда ұлы Абайға айта қаларлықтай сәулетхана салынатындығын, оның екі мұнарасы болатынын-біреуі 37 метр, екіншісі 39 метр болатынын, бәрін көркемдеп, суреттеп баяндап беріпті. Тыңдап болып былай шыққан соң әлгілер бұлардың басында жеңілсуушілік бар екен, болмайтын нәрсені айтып отыр деп өзара бірауыздан келісіпті.

Абай кесенесі — дүниенің алдындай, ұялмайтындай жасалған бірегей дүние. Күмбездің ішінде құран сүрелерінен

келтіріліп жазылған каллиграфия өте көркем жасалған. Қазақстанда тұратын адамның бұл архитектураны кешеніне келуі, көруі, тамашалауы керек-ақ. Қазақ ұлының қолынан шыққан ғажайып өнер туындысы. Сәкеннің әр сөзінде құлаққа жағымды ырғақ бар, ол айтады: осыны жасаған 22 адам сәулетшілер екен, кең жағдайда мини-құрлыс техника, тетіктері өзімізде болмаған, шетелден әкеле қоятын мүмкіндік те жоқ. Сондай жағдайда күмбездің сонау жоғарғы жағындағы өрнектерін жасау үшін тек қана арқанға байланып алып, оны Сәкен жасап орнатқан блок-белдемір арқылы тартып көтеріп, өрнек жасалатын жерге қолы жетердей ұстап тұрып жасайтын болған. Осындай жағдайда шалқадан ғана жатып өрнек жасап көріңіз, оны бояумен сыру керек, ұшқан үгінді тек қана көзге, бетке ұратыны түсінікті. Бес-он минуттан кейін келесі шеберді көтеріп ауыстырып отырған. Шынында осы құрылысты көріп, аралап қарағанда әдемілікке көз суарасыз, әдемілік дегеніміз не екенін көзімен ұстағандай боласыз. Бұл өзіміздің қазақтың Тәж-махалы деуге әбден болады. Сол бір сәттердегі жүрек толғанысымызды жасыра алмай Сайын Назарбекұлына: - Сәке, Абай қандай ұлы болса, тағдыр бұйыртып осыны басқарып, тіпті өз қолыңызбен жасаған шына сізді де ұлы деп әбден айтуға болады дегенімізде, Сәкен ұяла ғана жымиды. Шынында да қызығып та, қызғанып та айтсақ бұл- ұлы кешен. Сәкеннің біраз қасиеттерін айттық. Ол – зергер, өрімші, ұста, ақын, әнші, шешен, халқын сүйген үлкен жүрек иесі. Осыдан біраз уақыттан кейін Сайын Назарбек сонау Маңғыстаудан Алматыға келіп орналасты, өзінің жан-жақты өнерімен халқын тәнті етті. Қазақ даласындағы кесене, кешен, атақты адамдардың, ардагер билердің басына орнатылған құрылыс жұмыстарының көбіне Сәкен басшылық етті, әлі де ол кісінің бұл қол-аяғын жерге тигізбейді деуге болады. Сәкене қолқа көп, бәріне де уақыт табуға тырыса-

ды, ол ұлы даланың – ұлы перменті. Аспай таспай өлеңімен, өмірімен, өнерімен төрт аяғы тең жорғадай өнерге, өмірге қызмет етіп, халқының үлкен қажетін қанағаттандырып келеді.

## Ауыл суреттері

Жасымыздан қазақ өнерін сүйіп, қиған өстік. Өзіміздің халқымыздың әніндей ән, күйіндей күй жоқ сияқты еді. Әлі күнге солай. Сонау жаһан соғысының аяқ кезінде, тіпті елуінші жылы туған балалар нағыз балалықтың дәмін татқан жоқ. Ойыншық дегеннің не екенін олар білмеді. Бірақ сол балалар қазіргі балаларға қарағанда рухани бай еді, олардың ес біле бастағандары ән салуды білуші еді. Ол кезде табиғат, жер мұндай емес. Қыстаулар маңайы жазғытұрым тақыр боп қалады да, күзде жайлаудан қыстауға оралып келгенде ел өз қыстауларын өздері танымай қалатындай күйде болатын. Өйткені ол кездегі аласа қыстаулар шөптің қаулап қалың өсіп кеткендігінен солардың тасасында көрінбей қалушы еді. Табиғат бірақ тамылжып тұрушы еді. Жазғытұрым қар суы кеткен соң-ақ көбісі жалаңаяқ балалар, жұмыстан бос болса көбінесе асық ойнаушы еді. Жұмыстан бос деп тұрғанымыз, қазіргі балаларға оғаш көрінуі мүмкін, ал ол кезде расында олар ала-мала тіршілік қамымен қолы тимейтін, ата-аналары колхоздың еңбек жұмысында. Өңдағы адамдар тағдырға да, басқармаға да көнбіс келуші еді. Табиғат дедік қой, ия, табиғат басқаша болушы еді. Жаздыкүні жайлауда шалғынға қарай тамам бала қуана жүгіргенде түрлі шөп пен гүлдің аңқыған иісі шығушы еді. Ауыл қонған төскейдің аяқ жағында қуалай жайылған шалғында бар өмірдің қызығы бар сияқты. Иісі аңқыған, бозторғай дамылсыз шырылдаған дала. Дала өте

әдемі, айнала көкпеңбек. Бірақ осы далаға жараспай, оның көрініп тұратын нәрселер болушы еді. Ол — ала-құла, тіпті кейбірі қара-қураққа айналған киіз үйлер. Осы киіз үйлер қандай жүдеу болса, ішіндегі балалар да жүдеу болушы еді. Ол уақытта ауру-сырқау өте көп болушы еді. Қазіргідей емес. Айлап-жылдап төсек тартып жатқандар болды. Бір есімізде қалғаны соғыстан тірі оралған, бірақ мүгедек, ақсақ, соқыр, шұнақ көп болушы еді. Олардың көбі алпысыншы жылдарға дейін келіп, өліп бітті. Бетінде шешек дағы бар адамдар да көп болатын. Оларды шұбар деп атайтын. Ал қазір мына заманда аяқ та қисық емес, ақсақ та, шұбар да жоқ толыққанды халыққа айналдық. Бірақ сол уақыттың бір ғажабы адамдар кітапты өте жақсы көретін. Жақсы, ежелемей оқитын балаларға кешке кітапты дауыстап оқытатын үлкендер, көбісі кисалар. «Мың бір түн», Сәбеңнің «Ботакөз», «Мөлдір махаббаты» үлкен беделге ие еді. Сәкең кітаптары, шығармалары елуінші жылдар ортасынан көбейе бастады. Әуезов Мұхтардың «Абайы», Қ.Әбдіқадыровтың «Қажымұқаны» болды сол уақытта. Өлең кітаптардан есімде қалғаны сұлу үнімен жырлары Қалижан Бекхожиннің «Дуларай» дастаны болды. Бір есімде қалғаны, поэманың бас жағында «Қазақстан искусствосына еңбегі сіңген өнер қайраткері Мария Егоровна Рыкинаға арнаймын» деген арнау еді. «Советтік Қарағанды» деген газет болды, алғашқы бетінде-ақ қалың қара қапсағай әріптермен «Пәрменді үгіт жүргізейік» деген алтамса сөздер есте қалды.

1953 жылы Сталин өлгенде балалардың көбі жылағаны есімізде. Мен өзім бала қиялым ғой, өлген адамның суреті де жоғалып кететін шығар деп ұқсам керек, әліппенің алғашқы бетінде суреті болатын. Жүгіріп келіп қарасам ешбір өзгеріссіз тұр екен, қайта қырындау түскен суреті (мұндай сурет деп қарағандай. Алпысыншы жылдардың басында со-

хоз (кеңшар) құрыла бастағанға дейін ақшаның өңін халық танымайтын еді деуге болады. Әр үйде соғыс кезінде заем деп тараған болу керек облигациялар өздері әдемі, иісі шығып шытырлап тұратын сапалы қағаздарға басылған болатын, жалғыз біз емес, сол кездің балаларының бәрі ойыншық орнына жыртып, қалап ойнап отыратынбыз.

Ол уақытта күнделікті тамағы сүт, айран, құрт, ірімшік. Бірді-екілі сиыр елдің бәрінде бар, ат бие елдің бәрінде жоқ, яғни қымызды елдің бәрі ішпейді. Нан өте тапшы болды. Алпысыншы жылдарға іліне бере нан молайды. «Родина», «Искра» деген радиоқабылдағыштар екі үйдің бірінде пайда бола бастады. Концерт жиі берілуші еді. Қазақ әндері өз мәнінде, сәнінде айтылатын. Әрбір ән айтылып біткес, құлағыңда қалып қойғандай инсценировка дегендер өте көп берілетін. «Инсценировканы дайындаған Мақсұтбек Майшекин»,- дейді Онуар Байжанбаев ағамыз. Жарықтықтың даусы біздің құлағымызда әлі қалып қойды. Сол уақытта көп берілетін әншілер Жүсіпбек Елебеков, Ғарифолла Құрманғалиев, Жамал Омарова, Рақия Қойшыбаева, Тұрсынхан Әбдірахманова, Мағауия Көшкімбаев, Нығыман Әбішев деген әншілер біздің қазақ әнін сіңіріп өсуімізге үлкен үлес қосты. «Жүсіпбек Елебеков» Мәскеуде, шамасы 1957 жылғы онкүндік болу керек, пәленбай әнді бір-ақ айтыпты дейді бір ұстазымыз сабақ үстінде. Бізге дүниедегі ең үлкен әнші Жүсіпбек ағамыз сияқты. Халқымыздың биік әндері, (кей әуендері сол кезден құлағымызда қалып келеді, неткен консерваториямыз біз, сол ұрпақтар, әлі күнге дейін қазақ әнінен жақсы әндер бар деп білді қалдыра алмайды ешкім).

Сәкен Сейфуллин ағамыздың «Өтпілдек» әңгімесінен мына бір детальды қараңызшы: «Серігім татар жігіті Ғалымжан екеуміз жаңағы ән кешінен қайтып келе жатқанымызда: - Но. Сәкен, қазақты мен жаңа ғана білдім. Халық музыкасының

не екенін жаңа ғана аңладым. Мен, уаллаһи, қазақ болмағаныма өкінемін. Қазақ ішінде өспегеніме өкінемін! — деді және: -үйленбей тұрған кезімде қазақтың мұндай екенін білсем, міне, уаллаһи, қызыңды беріп, қазақ арасында сіңіп кетер едім! — деді. Шынында қазақ күйлері қандай ғажап. Менің өзіме қазір де және бұрын да — сонау Европа тұстың опера, симфонияларын қаншама тыңдап жүрсем де «Қанаттанды» сияқты асқақ әдемі әнді өз халқымнан басқа халықтың айта алғанын ешбір естігенім жоқ, «Сарыжайлау», «Бестөре» не деген ғажап дүние. «Қосбасар» ше? Тәттімбетті де, Құрманғазыны да, Дайрабайды да ешбіреумен салыстырудың қажеті жоқ. Олар өз ұлылықтарымен дара. Баяғыда Паустовский айтыпты ғой — Лермонтовтың «Желкенін» оқып түсінген адам кісі өлтіруге дәті бармас деп. Сол сияқты «Сарыжайлау» өзі бір жатқан дүние, орындау тәсілі де өзгеше. Осындай күйлерді де, әндерді де орындайтын адамдар кеңінен кездеседі. Халқымыз өзінің сәф өнерінен айырылмаса деп тілейміз.

## Тағы да түрік бауырларымыз туралы

Баяғыда орта мектепте оқып жүргенімізде, біз ескі әдебиетіміздің дені халыққа түсініксіз шағатай тілінде жазылған деген тіркестер болатын. Қазір ойлап қарасақ, бұл түркі деп аталатын әдебиет тілі. Сол кездің бүкіл әдебиеті түркімен жазылған, бүкіл діни-шариғат кітаптары осы тілде баяндалған. Осы Жағатай (шағатай) туралы сіздерге түрік тарихынан алған мағлұматтарымызды айтайық. Оқымысты, әрі мемлекет қайраткері, түрік халқының тарихында із қалдырған ұлы Жағатай 1441 жылы Гератта туған, және1501 жылы қайтыс болған. Атақты Хұсайын Байқарамен бір сыныпта оқыған. (Әлішер Науаи туралы кітапта Хұсайын Байқара

туралы өлеңбойы айтылады). Гераттың тағына отырғаннан кейін Хұсайын Байқара Әлішерді Гератқа шақырады. Мұнда ол патша сарайында мөр сақтаушы уәзір болады. Бос уақытында кітап оқып, ғылыммен шұғылданады, зерттеулер жасайды. Көп ұзамай оның маңайына ғалымдар, жазушылар, ақындар жинала бастайды. Сарай маңынан әдейі қор ашып, мұқтаждық көрген ақын-жазушыларға көмек көрсетеді. Ол деректер бойынша өлеңнің барлық түрімен шұғылданған. Әлішер мемлекет қайраткері, саясаткер еді, оқымыстылығы мен ақындығы жеңіп кете беретін. Түрік бауырларымыздың оған берген бағасы, ол Махмұд Қашқариден кейінгі ең үлкен түрік әдебиетшісі, түрік тілін жетілдіруде үлкен еңбек қылған. Ол өзінің «Мұхакемат-ул – Луғатейн» деген шығармасында түрік және парсы тілдерін салыстыра зерттеп, қорытындысында түрік тілі үстем деген пікірге келген.

Түрік дүниесі біздің халқымызға аса таныс емес деп айтуға болады. Өйткені, тәуелсіздік алғанымызға дейін түрік бауырларымызды Кеңестік жүйе жаман қып көрсететін. Оны Еуропа мен Азияда әлі де соғыс өртін тұтандырушы, аяусыз басқыншы етіп көрсететін. Міне, тәуелсіздігіміздің алғашында түрік бауырларымыз дәл сол күні-ақ біздің тәуелсіздігімізді танып, шын бауыр екенін көрсетті. Бұдан кейінгі жылдарда жасаған көмектері, оқуға Түркияға жіберуі, Қазақстандағы құрылыс, тағы басқа жұмыстарға етене араласуы. Инвестициялар ол бір төте. Ұлы туыстықты көрсетуде. Осы байланысқа көп еңбек қылған Тұрғыт Озал ақсақал еді. Ол кісі өткен жылдар Орта Азия мемлекеттерін аралап жүргенде жүрек талмасынан қайтыс болғаны бәрімізге мәлім. Бұл кісінің жаназа намазы бірнеше миллиард долларға салынған Қожатөбе мешітінде жүздеген мың адам жиналуымен өткен. Бұл кісі 1927 жылы Малатья қаласында туған. Министрлер кеңесінде, Мемлекеттік жоспарда, басқа да

көптеген мемлекеттік мекемелер жұмысын жандандырған, жаңа Отандық партияның негізін салған. Түрік Республикасының сегізінші Президенті болған. 1983 жылы Премьер-министр болып сайланады. 1989 жылы 31 қазанында Республика Президенті мәртебесіне ие болады. Ол мемлекетте көптеген маңызды реформалар жасаған. Оның саясаты өте сергімді еді. Ең бастысы, ол бүкіл түріктерді «Адриатика теңізімен ұлы Қытай қорғанына дейінгі аралықта біріктіру» идеясын қолдаған еді. Оның кредосы «Идея, әрекет, тілдер бірлігі» болатын. Ең бастысы, марқұм XXI ғасыр Түрік халықтарының ғасыры болады деп сеніп кетіпті.

Шерхан Мұртаза ағамыз айтпақшы «біз осы күнге қалай жеттік» деп. Социализмді мақтаумен, капитализмді жамандаумен жеттік. Америка президенттерін, Ватикан папасын, Германия канцлерін, Ағылшын королін, Жапония императорын және Премьер-министрін өткен Кеңестік жүйе еш қашан мақтаған емес. Әрине мақтамаған сайын, жамандай берген соң, бұл неге? - деген қызығушылық пайда болушы еді. Сол жамандалғандардың біреуі Пәкістан Президенті Зия-уль-Хак болушы еді. Оны соғысқұмар, халқына қысым көрсетіп жатқан адам ретінде сол кездегі партиялық баспасөз қатты жамандайтын. 1990 жылы Лахор қаласында шыққан «Зиндегі» деген журналдың 95-бетінде былай деп жазылады: «Бір күні Президент Зия-уль-Хак Исламабадтағы Ислам Идеологиясы Орталығына соғып, аралайды. Оның бастығысы Мәулана Метин Хашимиден қандай проблемамен айналысып жатқанын сұрайды. Ол: - Мәртебелі Президент мырза, біз Ислам заңдарын мемлекетімізде қолдануға лайықтап жасадық дейді. Таяуда оны сіздің алдыңызға апарамыз, бірақ ол Заңды сіз мемлекетте қолдануға рұқсат етпессіз деп қорқамын,- дейді. Президент Зия-уль-Хак бұл сөзге жымия күліп қойды да: - Мәулана, Сіздің арманыңыз таяуда жүзеге

асады, бірақ білш қойыңыз осыдан соң маған бұл дүниемен қоштасуға тура келді,- дейді. Мәулана бұған таңқалып: -Президент мырза, не айтып тұрсыз, мен сізге түсінген жоқпын дейді. –Мәулана, мен өкімет басына келген күннен бастап Батыс менің Ислам заңдарын енгізуімді қаламайды, тіпті қарсы деуге болады. Бірақ олар Ауғанстандағы соғысқа барлық күштерімен көмектесуге әзір, ал Ислам тәртіптеріне жауыдықпен қарайды,- депті». Осыдан кейін бірнеше апта өткен соң, Президент Зия-уль-Хак елдің премьер министрі, Ислам тәртіптерін енгізуге қарсы топ басшысы Мұхаммед Хан Джунежоны орнынан тұрғызады. Бұдан кейін мәжілісті таратады. Ислам ғалымдарымен пікір алысқаннан кейін, елде мұсылман заңдарын қолдануға шешім қабылданғаны жөнінде Президент жарлығын жариялайды. Осыдан небары аз уақыт өткен соң, Мұхаммед Хан Джунежоның Зия-уль-Хаққа қарсы астыртын, өте құпия ұйымдастырған әуе апатынан қаза табады. Бұл әңгімені түрік басылымдарынан алдық. Оның ішінде аса айтуға тұрарлық басылым «Түркие» газеті. Бұның шыға бастағанына 29 жыл болған, бірақ Түркияда шығатын бүкіл газет-журналдардың ең алдыңында деуге болады. Бірнеше жүз мың данамен Стамбулда, Анкарада, Измирде, Аданада, Эрзерумде, Самсунда және Алманияда шығып, көптеген абоненттерге мекені бойынша жіберіледі. "Түркие" газеті ағылшын тілінде шығады, өзі қызмет көрсету жағынан жалқан бір кешен. Атап айтқанда апталық балалар журналы, оның да аты «Түркие», тиражы 100 мың дана, «Текстиль» журналы, «Медикаль» журналы, тарих және әдеби журнал, «Бутя» деген компьютер журналы, тағы басқа сан-салалы мамандықтар бойынша журналдар шығарады. Кітаптар жөнінен ислам ғалымдары кітаптарын ағылшын, француз, неміс, орыс, араб, парсы тілдеріне аударып таратады екен. Мұның қызығы алда, энциклопедияны

қараңыз: Мемлекет басшыларының, Жаңа энциклопедиясы XX том. Ислам ғалымдары энциклопедиясы XVIII том, Ислам тарихи энциклопедиясы X том. Әулие адамдар энциклопедиясы XII том, Пайғамбарлар тарихи энциклопедиясы VI том, Осман тарихи энциклопедиясы VI том, Денсаулық энциклопедиясы том, Діни терминдер сөздігі II том. Менің сүйікті Пайғамбарым XX томдық етіп шығарылған екен. Иншалла азаттығымыздың аясында біздің оқымыстыларымыз, жазушыларымыз бүгін өз үлестерін қосып қазақ халқының да осы дәрежедегі энциклопедияларын шығарып жатса нұр үстіне нұр. Бұған қарап Түркияны Ислам тәртіптерін ұстанатын мемлекет екен деп қалмаңыздар. Мұстафа Кемаль Ататүріктің кезінен бері яғни өткен ғасырдың 20 жылдарынан бері ол зайырлы мемлекет. Бірақ та іштей әр түріктің нағыз мұсылман екені, алланың бірлігі, құранның шындығы, пайғамбардың хақтығы әр түріктің бұлы мойындайтынына сене беріңіз. Осы шыққан кампиган энциклопедиядан үлкен үзінді келтіруге бұл жүкті біздің кішкентай кітабымыз көтере алмас деймін. Алайда сөзіміз құр болмас үшін олардың ішкі мазмұн, стильдерімен қазақ оқушыларын хабардар ету мақсатында біраз Ислам әдептері туралы үзік-үзік пәрселерді келтіруді жөн көрдік. Өрнек бұрынғы аталарымыздан мақалдап кеткен заман міне біздің түсымызда қолымызға келді. Бар түріктің адамзат тарихына қосқан үлесі бірақ елдің қосқан нәрсесі болып бағаланатын заманда да келер, онда мұндай цитаты түсіндірменің қажеті де болмас. Кейінгі ұрпақ оған күліп те қарар. Бірақ дәл қазіргі жағдайда бұл бауырларымыздың оқу-білім, зайырлық деңгейімен хабардар болу үшін жасадық десек жасырын ойымыз жоқ. Осы журналдан: Бұрынғы ғалымдар айтып кеткен екен: Жер әр күн сайын адамдарға он ғибрат айтады екен, біріншісі, О, адам, сені менің басып жүрсің, бірақ түбінде маған жатасың! Екінші, мені ба-

сың жүріп күнәлар жасайсың, түбінде менде жатып, сол үшін азап шегесің! Үшінші, менде жүріп күлесің, түбінде жылайсың! Төртінші рахат көріп жүрсің, түбінде қиналасың! Бесінші менің арқамда мүлік, зат жинайсың, түбінде менің қарнымда жатып соған өкінетін боласың. Алтыншы, мені басып жүріп тыйым болған нәрсені ішіп-жейсің, кейін сені құрт-құмырсқа жейтін болады! Жетінші, менде жүріп сұмдық-пәлелерді ойлап табасың сол үшін жазаңды тартасың! Сегізінші, менде жүріп күліп-ойнайсың, кейін реңжитін боласың! Тоғызыншы, менің үстімде жарық дүниеде жүрсің, кейін сені түн қараңғылығы құшағына алады! Оныншы менің үстімде сен өзгелермен бірге жүрсің кейін жалғыз өзің маған кіресің!

Адамдағы жаман қасиеттер; Немесе күпірлікке апаратын нәрселер:

1. Оңбағандық (кәпірлік);

2. Надандық;

3. Мазақ болудан қорқып, дінді пайғамбарларды мойындамау;

4. Өзін-өзі дәріптеу, сәндеу, сыдап-сипап басқа еш нәрсеге көңіл қоймау;

5. Дін жөнінде өзі неше түрлі жаңалық, жамандық ойлап табу (ересь);

6. Бірыңғай көңіл, нәпсі еркіне берілу (құмарлық, аңсау, нәпсіні қанағаттандыруға ғана тырысу);

7. Басқа бір сенім жолын таппақ (адасқан бір жолға еру);

8. Мұнафиқ (екіжүзділік, ақырет үшін іс қыламын деп, мына дүние мүлкіне қызығу);

9. Алысқа кететін тілек (Ұзақ өмір сүргісі келу, мына дүниенің игіліктерін көп пайдаланғысы келу);

10. Ашкөздік (мына дүние қызықтарын тыйым салынған жолдар арқылы іздеу);

11. Тәкаппарлық;

12. Өлгенше пәстік (төмендік);

13. Өзіне-өзі көңілі толу (өзінің ғибадаттары немесе істеген нәрселеріне риза болу;

14. Қызғаныш (көре алмау, жек көру, біреудің алып отырған нәрсесінен айыруды көздеу);

Бұл жөнінде өткен заман ғалымы Әбілләйс Самарқанди айтады: Үш адамның дұғасы қабыл болмайды дейді, харамды ішіп-жейтіннің, өсекшінің, қызғаншақтың:

15. Өзін-өзі ардақтау (басқаларға менсінбей қарау)

16. Жамандыққа, қайғыға (біреудің) қуану;

17. Өкпешілдік, кіділік (болмашыға өкпелеп достықтан кету кінәмшілдік);

18. Қырсықтық (өз мақсаты жолында)

19. Қатты ашушаңдық (өлгенше жаһаннама түгін ашулану, қаталдық, қырып жіберердей болу);

20. Сатқындық (келісім, антты бұзушылық);

21. Оңбағандық (бүліктілдікке бейімдік, біреуді-біреуге айдап салу, адамның, елдің тыныштығын алатын әртүрлі қасиеттер тарату);

22. Уәде бұзушылық (Қасиетті хадистерде бұл туралы былай делінген: Үш түрлі оңбағандық бар: Шындықты айтпау, уәдені орнына алмау, сеніп берген нәрсеге қол салу, қастық қылу);

23. Пасық пікір (күдікпен қарау) Бұл өзі харам нәрсе. Егер мұның кінәсін кешірмейді екен деп ойлау, Аллаға жаман пікір білдіру болып табылады;

24. Дүниеқоныздық (дүниеқұмарлық) сараңдық;

25. Тесбих (жақсы іске бастайтын әрекетті кейінге қалдыру)

Пайғамбарымыз айтқан:

Бес нәрсенің құнын біліңіздер деп: Өлім келмей тұрып өмірдің құнын, жерге мәңгілікке кету құнын, жастықтың

құнын-кәріліктен бұрын, кедейлік келмей тұрып барлықтың, байлықтың қадірін.

1944 Пасықтарға сүйсіну ( күнәкарлармен, арам адамдарға) (Пасық деп харам нәрселерді тұтынатындарды айтады);

27. Алла сөзін насихаттаушы, уағыздаушы ғалымдармен жаулық. (Бұл күпірлік әрі онбағандық);

28. Айдап салушылар, бұлар адамдарды қайғыға ұшыратады;

1944 Жағымпаздық (харам нәрселердің тыйымын біле тұра, оларды тұтынуға тосқауыл болмау, күні келе тұра кәпірдің көңіліне қарағандай болу);

30. Сіреспелік (дұрыс екенін біле тұра, есті тұра қырсығып, қисықтық қылу);

31. Екі-ойлылық (өзімен ісінің үйлеспеуі).

32. Камсыздық (Ақырет қамын ойламау, күнәні ойламау, өзі туралы да өзге туралы да);

33. Мұсылмандарға қарғыс айту;

34. Мұсылмандарға мазақтап ат қойып, айлар тағу;

35. Кешірімді қабылдамау;

36. Қасиетті Құранды қате түсіндіру;

37. Харамды тұтына отырып, оны тұтынуға болады деп іреу;

38. Өсекшілдік;

39. Өткен жамандығына, қылығына, күнәсіне өкінбеу;

40. Бай болуға, қызмет дәрежесін өсіруге құмарлық.

Сондай-ақ жаман мінездерден аулақ болу керек. Мінезді байытуға тырысу керек. Шамшылдық, ұрысқақтық, өкпешілдік, кінәшілдік, орынсыз сөгушілік, өсек-өтірік, жасқаулық, тағы басқа толып жатқан мінез кемшіліктерінен арылу қажет. Талапсыздық та жаман қасиет. Өнегін жерді білмей өнбекке жүгірушілік, жағдайды дөп дұрыс бағаламай

білмеушілік – бұлардың бәрі адам мінезіндегі кемшілік. Бұларды жою үшін білім, оқу керек.

Негізінен исламның өзі көптеген мінез – қылық, ғибадаттармен бірге үйлесімділіктің жиынтығы.

Дұғаның қабыл болатын уақыттары:

Азан шақырылған сәттен соң тізе бүге бергендегі алладан тілек дұға, ауырып жатқандағы тілек дұға, қажыға не басқа сапарда болсын Қағба көрінген беттегі тілек дұға, жаңбыр жауып тұрғандағы тілек дұға, ерекше діни мейрамы және халықтың мереке күндеріндегі тілек дұға, Феджер айының бірінші түні, ауыз ашардан (ифтар) кейін түн жарымында, Рамазан айында, Ораза тұтып жүргенде, бейсенбіден жұмаға қараған түні, соғыс майданы даласында, колакта отырғандағы дұға, қатты сағынғанда, сәждеге бас қоя бергенде, мереке күндері қасиетті Құранды хатым қылғаннан кейін, ауыз ашарда, Арафа тауында, Қағба тасының алдында, зәмзәм суын ішіп тұрғанда, тарифа күндерінде.

*Балалардың өз ата-аналарын риза ету үшін істеуге тиіс міндеттері (қысқаша):*

1. Ата –аналарын тағаммен, азық- түлікпен қамсыз қылу;
2. Оларды киім –кешекпен қамтамасыз ету;
3. Егер олар қызметші керек етсе, мұқтаждығын қанағаттандыру;
4. Егер олар шақырса, дереу істеп жатқан жұмысыңыз болса да тастап бару;
5. Олардың барлық әмір бұйрықтарын орындау, егер күнә боларлықтай нәрсе болмаса;
6. Олармен өте сыпайы сөйлесу, әңгімелесу;
7. Оларды аттарымен атамау;
8. Қыдыруға, серуендеуге шыққанда олардың алдында немесе жанында емес, артын ала жүру;

9. Оларға өзіңе қандай жақсылық тілесең, сондай жақсылықты тілеу;

10. Ғибадат негізінде Алладан олардың күнәсін кешіруді жалбарынып сұрау;

*Ата-аналары қайтыс болғаннан кейін:*

1. Туысқандарымен толыққанды қарым - қатынас жасап жүру.

2. Олар үшін дұға қылу.

3. Әкесінің достарымен байланыс үзбеу. (Әкең өлсе де, әкеңнің көзін көргендер өлмесін - деген тілек бар ғой халқымызда). Жақсы әке жаман балаға қырық жыл азық дегенде түбінде осы айтылған ғибрат көзделінсе ғой. Міне, кішкене сұрақ - жауап әңгімеге көз жүгіртіңізші:

Сұрақ: Кейбір адамдардың кейде байыбына бармай жатып-ақ балаларына: өзіңді дұрыс, тыныш ұста, әйтпесе Алла-әкені ренжітесің деген қорқытулары естіліп қалады, осы дұрыс па?

Жауап: Христиандар құдайдың «үштік» қағидасына сенеді, яғни құдай-әке, құдай-ана, құдай-бала деп. Көбінесе мұндай сөздер теледидардан көбіне Христиан фильмдерін көріп, кітаптарын оқығаннан жұққан әсер болуы да ықтимал. Бұдан әрине, қатты сақтану керек.

Ықылас сүресінде: Ол тумайды, ол тудырмайды, делінген ғой. Ендеше Алланы әке деп ешқашан айтуға болмайды. Бұлай айтып алла сақтасын діннен шығып кетуге болмайды. Негізінен «дінінен шыққан» «имансыз» деген сөз тіркестері қазір халқымыз арасында айтылмайды деуге болады. Бұл сөздер ерте кездерде көп айтылады екен. Мұның ең қарапайым түсіндірмесі, исламға жат нәрселерден аулақ болу. Яғни істе де, сөзде де. Тыйым салынған нәрселерді тұтынбау. Ал ең бірінші Канон тыйым салынған нәрселерден тыйылмай тұрып мұсылмандық туралы айту өте қиын деуге болады.

Осы жерге біраз нәрселерді қосып айтайықшы, қасиетті хадистерде айтылады: ұят-сеніммен, кімнің ұяты жоқ болса оның сенімі де жоқ, ал сенімі жоқтар жұмаққа бармайды.

«Ұят пен сенім ажырамас нәрселер, егер біреуі кетсе, екіншісі де тұрмайды». «Алладан адамдар алдында ұялмаған адам, жалғыз өзі қалғанда да ұялмайды». Дәуіт пайғамбар Хазірет Лұқманға-бір қойды сойып оның етінен екі бөлек тәтті нәрсе әкелуді депті. Ол барып тілімен жүрегін әкеліпті. Енді маған екі бөлек ең жаман нәрседен әкел-депті. Ол барып тағы тілі мен жүрегін (қойдың) әкеліпті. Сонда Дәуіт пайғамбар мұның себебін сұрағанда ол былай түсіндіріпті: - Тіл мен жүрек ізгі болса бүкіл дене ізгі, тіл мен жүрек жамандыққа ұмтылса бүкіл дене де іске алғысыз және жеккөрінішті болады-депті. Халқымызда бұған лайық көптеген мақал-мәтел және ұлағат, қанатты сөздер көп екені мәлім. Кітапшамыз тым сұрқай көрінбесі үшін олардың көңілін жадырату үшін бір кішкене әңгіме жазбақпыз. Христиан елдерінің бірінде еліне сүйкімсіздеу бір король болыпты. Сол елде корольді ұнатпайтын әжептәуір ақылы бар бір адам өмір сүрген екен. Сол адам король сақшыларының біреуімен қалжыңдасып тұрып бір сөздің ретінде «сен екі күннен кейін өлесің» депті. Міне қызық, расында әлгі сақшы екі күннен кейін ат ойнатып жүріп, аттан құлап мертігіп өліпті. Бұл оқиғаны естіген король, өзі ұнатпайтын адамнан кек алудың оңтайы келді деп, оны өзіне шақыртып алады да: - Сен менің ең жақсы жауынгерімнің өліміне себеп болдың, сондықтан мен сені жасауылдарыма жазаға тартуға бұйырдым- депті. Мұны естіген әлгі адам қорыққанынан дірілдеп, қалшылдап кетіпті. Оны мұндай жағдайда көрген король риза болған кейіпімен бұдан сұрапты: - Сен менің жауынгерімнің қашан өлетінін білдің, ал өзіңнің қашан өлетініңді айтшы енді? - дейді. Сонда корольдің қулығын сезген әлгі адам, - білемін жоғары мәртебелім, дейді, - Сіз өлетін күнге екі күн қалғанда. Мұны естіген корольдің түсі құбылып

кетіпті. Өзінің уәзірін дереу шақырып, осы адамды қапы күтіп, сақтауды тапсырыпты. Сөйтіп әлгі адам өз өмірінің ақырына дейін тапқырлығының арқасында қамсыз өмір сүріп өтіпті.

Түрік бауырларымыз туралы тағы әңгімелейік. Дүниенің көп жерін жаулап алып, дүниені тітіреткен түрік ағайындарымыз бертінде кеңіттен жаулап алған жерлерінен әртүрлі себептермен айырылып қалғанын білеміз. Бақ, дәулеттің бір адамның басында тұрмайтыны сияқты, ол бір мемлекеттің басында да тұра бермейді ғой. «Дүние – кезек» деген қазақтың ұлы мақалы бар. Бірақ түрік патшаларының ақылдылығы, тәуекелшіл батылдығы, түрік жауынгерлерінің көзсіз ерлігі, сөз жоқ адамзат тарихынан үлкен орынға ие болып қалды. Бұл бәріміздің ортақ мақтанышымыз.

Сонау Византияны құлатқан түріктер, орта ғасырларда теңіз ісін де керемет меңгерген. Түріктердің біздің үлкен көршіміз – Ресейге де көп заман тісі батқан деуге болады. Сондықтан да жек көрген біреуді «турок» деп жамандайтыны содан қалған. Қазіргі түрік мемлекеті Евфрат, Тигр сияқты 3000 шақырымға таяу ұлы өзендерге ие, әрине Иракпен да жеріне өтеді. Кавказ төңірегінде Агры деген тауының биіктігі 5 мың метрден асады. Десмерказык тауы 4 мың метрге таяу. Ван көлі 4 мың шаршы шақырым аумақты алады. «Туз» деген көл 1500 шаршы шақырым аумақпен және қолдан жасалған Ататүрік су қоймасы 817 шаршы шақырым. Бауырларымыздың жағырафиясына көз жүгіртсек, ең үлкен қала Стамбулда (Константинополь) 8 жарым млн. халық тұрады екен. Будан кейін, Анкарада 3 жарым млн.-ға таяу халық тұрады. Салыстырып көрсек, біздің ең үлкен Алматыда халық 1 млн.-нан сәл асатын шығар, ал Қарағандыда 600 мыңдай адам өмір кешуде. Олардың ең орташа қалаларының өзі біздің үлкен қалаларымыздай.

Бір қызық жағдай, түрік тарихында Қожа Насыр (Ход-

жа Насреддин) өлген жылы 1284 жылғы июльдің 6 күні деп кесіліп айтылған. Өздеріңізге мағлұм құрметті оқушылар, қазақ аңыздары бойынша Қожа Насыр бейіті Сырдария жағасында екен, суға құлама жарқабаққа салынған бейіт суға қарай қисайып тұр, тіреу құлама жақтан қойылмай, керісінше, қыр жағынан қойылыпты, мұны көріп адам еріксіз езу тартады екен, тіпті күлмеген адамның аузы қисайып кетеді екен – деген аңыздар бар. Түрік тарихында бұл әулие адам Ақшехирде жерленгені айтылған. Қожанасыр әңгімелерінің қазақ еліне жайылғандығы сондай оны ешкім қазақ емес екен деп айтпайды. Сол уақытта түрік бауырларымызбен байланыс әжептәуір дәрежеде болған, бірақ ол байланыстар туралы жазылып қалған мәліметтер, түріктерді кім білсін, бізде көрінбейді әзірше. Мүмкін зерттеу жасаған жастарымыз оны да табар. Қожекеңнің бұрын бізде таралмаған бір әңгімесін келтірейік: Қожа маталарды бояумен бояп істейді. Бір күні оған бірсу мата алып келіп, -мына матаны дүниедегі жоқ түспен бояп беріңіз- депті. Ақ болмасын, қара болмасын, қызыл, жасыл, көк, күрең, қоңыр, ешбір түрге ұқсамайтын болсын, жарай ма?-Қожеке депті. Жарайды- депті Қожа шіміріктпестен. Дайын, боялған матаға қашан келейін?- дейді әлгі қу. Сонда Қожекең айтыпты: -Дүниеде жоқ күні кел, яғни дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі күндерден басқа бір күні кел – депті.

Қожа Насреддин де, Жүсіп Баласағұн, Махмуд Қашқарлы (біз Қашқари дейміз) барлық түріктерге ортақ перзент. Кейде бірақ ешбір әлеп пен сыпайылыққа жатпайтын әртүрлі адамдардың ойдан шығарған біркүлпайларын Қожаға телін жіберу дұрыс емес. Қожаның ең біріншi діни адам екенін ұмытпау керек.

Түріктер Исламды қашан қабылдаған? Аббасидтер кезінде оның сақшылары толығымен түркітер болыпты. Бұл

кезде түріктің ең күшті мемлекеті Түркістанда болатын және олар мұсылман емес еді. Билеуші Қарақанид династиясы болатын. Бұл кезде билеуші Сатук Бұғрахан болатын, ол Алпер Тұнга мен Метэнің шөбересі еді. Осы Сатук Бұғрахан 901 жылы Қашқарда туған екен. Қыс айы еді. Осы кезде жер сілкініп, бұл жердің адамдары ғажайып құбылысқа тап болды. Бұл осы бала туған кездегі оқиға еді. Патша сарайындағы көріпкелдер осы баланың Исламды қабылдайтынын болжаған. Түрік державаларында үлкен өзгеріс болатынын да айтқан. Хакан мұны естіп сәбиді дереу өлтіруге пәрмен қылады. Сол кезде сәбидің шешесі: «Бұл баланы тек мұсылман болған соң ғана өлтіре аласыңдар»,-депті. Сонда осы балаға, яғни Бұғраханға 12 жас толғанда қырық адаммен бірге аң аулауға барыпты. Кенет бір қоян қашып, бала әлгі қоянды жолдастарынан бөлініп қуа жөнеліпті. Басқалар көре алмастай тасалау жерге шыққанда, әлгі қоян ақсақалды қарияға кенет айналыпты да, өзінің Хызыр екенін, балаға мұсылмандықты қабылдау керек екенін, адаспау керек екенін айтыпты. Аңнан оралып сарайға келсе, Әбу-Насыр Самани деген қожаны кездестіріпті, ол мұны әдейі күтіп отыр екен. Бұл қожа өзінің Хызыр ғалайһы салэмнің қызметшісі екенін, бұған Құранды, Исламды үйретуге келгенін айтады. Қысқасы осы қожа аз уақыттың ішінде Бұғраханды Исламға толық үйретіпті. Оның ағасы бауырының басқа дінге кіргенін естіп қатты ашуланады, өз дініне, ата-баба дініне қайтуға шақырады. Бірақ шаһзада тіпті өлім алдында тұрса да Исламнан бас тартпайтынын мәлімдейді. Ағасы мұны жазаламақ болып ұмтылғанда жер ойылып, жібі ашылып оны жұтып қояды. Бұдан соң Сатук Бұғрахан өзіне қосымша Әбдулькерим деген атты алып таққа отырады. Бүкіл ұлы Түрік Державасының діні Ислам болатындығын жариялайды.

## Жақсыдан шарапат немесе түрік дүниесінің ғұлама ғалымы Ақжан Жақсыбекұлы Машанов ақсақалмен кездескендеріміз жайлы

Сонау елуінші жылдары бұл кісінің атын кітаптардан оқитынбыз. «Білім және еңбек» журналында неше түрлі тақырыпқа қызықты ғылыми әңгімелер, фантастикаға да бой ұрған кездері көп еді. Біздің бала қиялымызда ұсынса қол жетпейтін асқар таудай көрінетін адам еді. Шығармаларының тілі бай, қарапайым, әсіресе балаларға өте ұғымды, жағымды келетін еді. Сол кезден есімізде қалғаны, бұл кісінің әртүрлі кітаптары мен шығармалары шығып жататын, сол кезде профессор және мүше-корреспондент атанушы еді. Осы ағамыз жаңылмасақ, академик болмай-ақ кетті. Бұл кісі туралы аңыздар көп еді. Бұл кісі сол кезде намаз оқиды екен деген әңгіме тіпті басым болушы еді. Сонда академиядағы күншіл қарабайыр ғалымсымақтардың кейбіреуі «академияға молда кіріп кетті» деп өсектепті. Тіпті бұл мәселе сол кездегі билеуші партияның орталық комитетіне дейін мәлімделіпті, сонда кісілігі бар Димаш аға әлгі есепті басыпты дейді, «қайтер дейсің бір шал жүре берсін»,-деп. Әлгі дінсіз оған тоқтады ма, тоқтамады ма, ол жағы беймәлім, бірақ қадірлі Ақаңның, бүкіл қазақ халқына еңбегімен де, атақ іздемейтін әдеп-сыпайылығымен де сүйкімді болғаны мәлім. Ақаң Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтпаев, Әлкей Марғұлан сынды қазақтың, бүкіл дүниенің алдында алдына ұстаған, былай айтқанда «алтын алты қарыс» энциклопедист-ғалымдары дәрежесінде екеніне ешкім таласпас. Жеке басы жөнінде жаңағы, дінін де, ділін де сақтаған асыл текті адам. Біле білгенге Әл-Фараби бабамызды өмірге алып келген, ғылым дүниесіне Отырардың екенін дәлелдеген тыңғылықты еңбегінің өзі неге тұрады. Ал Әл-Фарабиді бүкіл түркі дүниесі бүгіндері мақтаныш етеді.

Ақыжан Жақыпбекұлы Машанов ақсақал қасиетті Қарқаралы топырағында өткен ғасырдың алғашқы онжылдығының соңында дүниеге келген. Үлкен әкесі Машан би әулеті, өз дәуірінің, өз қоғамының айтулы адамы дәрежесінде болған. Бұған бір-ақ дәлел келтірсек те жеткілікті болар: Ілияс Есенберлиннің атақты тарихи «Қаһар» романындағы Масан би осы Машан би, әрине Кешегі Кеңес заманының үрдісіне қайшы келмеу үшін бірер әріптің транскрипциясын өзгерткен ғой. Машан би Жамантай ханның ең жақсы көретін биі болыпты. Кейде бір-екі күн Ордаға Машан келмесе Жамантай оны көксей — сағынып тамақ та ішпей қоятын екен дейді. Тіпті ондайда хан аузынан «Машан, Машандай тағы ұл туғанша қашан» деп күрсініп отырады екен дейді. Хан аузынан әлі қара бола тұрып осындай баға алған Машан би кейін Ақжан Машановтың үлкен әкесі сол заманның қайраткері болған деуге толық негіз бар. Расында сол қазақ қоғамында ел іргесін ақылды билер, айбынды хандар ұстап тұрған ғой. Жамантай (Түрсын) ханда ақылды адам болған, айналасына Үш жүздің әр табынан адамдар көп топтырлатын ші-ілетатын көрген. Әлі күнге дейін Кіші жүздің Рамадан Тама, Жағалбайлы рулары, Наймаңнан шыққан Сыдыр руларының ұрпақтары сол маңда өсіп, өніп жатыр. Оларға бөліп жер берген, ақылды адамдарды, өнерлі адамдарды маңына көптеп топтастырған Жамантай хан әлі күнге дейін ел аузында. Бірақ, тарихтан белгілі бұл кісінің тұсында хандық жойылып аға сұлтандық тағайындалған кез, орыс бодандығына біржолата бойлай кірген кез болғандықтан Жамантай ханнан еліне тәуелсіздік алып бермедің -- деп орынсыз талап қоймауымыз керек қой. Жамантай хан туралы осы жолдарды пайдаланып айтар ойымыз: Бұл кісі Қарқаралы ауданының Нүркен ауылының Зиратында жұпыны ғана жатыр. Өз әлінше қадари-хал халқын басқарған адам елеусіз қалмай-

ды ғой деп ойлаймыз. Бүгіндері Астанада бір кездері атын атауға сескенген Кенесарыға 13 метрлік ескерткіш қойылса, алла бұйыртса тап қазір болмаса да бір күндері бұл адам да елеусіз қалмас, тіпті тарихымыздың бір бөлігі ретінде болса да белгі қойылар деп ойлаймыз. Ақжан Машанов жөніндегі әңгімемізді бір-екі ауыз сөзбен қоя салмаспыз. Алғаш осы тұлама адамды көруім 1989 жыл еді. Күз айында туған жері Қарқаралыға тіпті оның тап жанында 30 шақырымдай ғана жердегі Нұркенге келді. Сол кездегі Ислам жолына бет қойып енді Қарқаралыдағы Құнанбай қажы мешітін халық болып қалпына келтіріп аппақ болып тазалап қойған кез еді. Тоқабиенің Қамария деген апайымыз Ақаңның жақын қарындасы екен, кезінде көп шапағатын көріпті. Ақаңды қай жерде болмасын әспеттеп айтып отыратын. Нұркен ауылында бұдан да басқа Ақаңның аталас туыстары көп болатын. Сол кезде ауданның атқару комитетінің орынбасары Үмзила Мұратқызы Қадырова деген сыпайы, мәдениетті қыз бала сол кезде сексеннен аса бастаған Ақаңды ел аралатқан сапарында бастап жүрді, жанында Ақаңның жұбайы Жамал және Алматыда тұратын жақын қарындасы еріп келген екен. Әйкен есімді ауылдың бір үлкендігі бар, сөз білетін жөн білетін адам Ақаңа күйеу екен, жұбайы Райса деген апайымыз дәмді өте тәрбиелеп ұстайтын адам еді және қымызды да өзгеше баптап ұстайтын. Күн жоғы келісінде Ақаң осы үйге түсіпті. Қарқаралыдан ресми еріп келген адамдар өз алдына, тағы кетіпті. Мен сол Нұркен ауылының Мәдениет үйін басқарушы едім. Түстен кейінгі мезгілде үйімдегі телефон шырылдады, звондаған телефон шалған жоғарыда айтқан Қамария апайымыз екен.

– Ай қарағым, жылдам Әйкеннің үйіне келіп қал, өзіңе айтып жүр едім ғой. Ақаңмен таныстырамын деп, ал жылдам кел, бұл кісі қазір аттанып кетеді деп асықты апай. Бұл кісінің өзі кезінде белсенді, беделді қызметтер атқарған мәдениеттен

өнерден мол түсінігі бар адам болатын. Мен барған кезде Ақжан ақсақал көп кісінің қоршауында тамақтан соң есіктің алдына шыққан беті екен. Есіктің алдынан жылтырақ бірнеше жеңіл машина тұр. Есік алдындағы сапырылысқа қарағанда Ақаңның аттанып кетуге дайындығы байқалып-ақ тұр. Мен қасына келіп сәлем бердім. -Ә, әлгі сен айтып жүрген азамат сенсің бе, сен туралы Қарқаралыдан да естіп едім, атың кім болады – деп сұрады. Мұхамедқали деп едім, иншалла бір пайғамбардың әрі шаһарияардың аты түбі тегін нәрсе болмас деп маған бұрын білетін адамдай жарқылдай үн қатты. Орта бойлы, ақшыл өңді, кең маңдайлы, қарапайым ғана бірақ өте таза киінген екен. Басында жұқа қамыс шляпа. Қолында өңі нығыздау, қағаз екені көрініп тұр ішіндегісінің, қалың конвертіндеу қара папка. Өзін көрмеген жұртқа жағымды қоңыр даусымен өзімсіне сөйледі,- бәріне де кейін келіп қонақ боламын. ал қазір рұқсат етіңдер, жұмыстар бар деп көпке қарап. Сөйтті де маған:-Мыналарды көрдің бе, бұлар бізді әңгімелестірмейді, машинаға отыр, Қарқаралыға жолай сөйлесеміз, содан соң… деп сөз аяғын айтқан жоқ. Мен дереу ол кісі отырып жатқан қызыл «Жигули» машинаға артына, жеңгейдің жанына және жоғарыда айтқан қарындасының жанына жайғастым, машина иесі Ақаңның жақын туысы Хаят (арабша «өмір» деген сөз) деген өз ауылдың әр нәрседен хабары бар, ойы, пайымы, түсінігі бар жігіт, әдейі соның машинасына отырған екен. Ақаң қазір бұл өмірде жоқ, сондықтан Ақаң сияқты халқымыздың қайталанбайтын ғалым адамына кездесуімді әдейі бүге- шігесіне жете айтып отырмын, мақсатым кейінгі ұрпақ бұл кісілер туралы молырақ білсе деген тілек. Жоғарыда айттық, Қарқаралы мен Нұркеннің арасы 30 шақырым екі арасы майда асфальт лезде жетіп баруға болады. Жайырақ жүргейсің- деді үлкен кісі қозғала бере, жан-жағына қимағандай көз тастап, содан маған қарап туған

ауыл, туған жер, қанша ғұмыр қалды алла біледі, енді жол сапар түсе ме кім біледі деп даусы дірілденкіреп толғанып қалды. Сол кезде жолға түсе бергенде артта отырған қарындасы мен жұбайы қосарлана:- Аға, Шоқатайдың шешесіне үйіне барып құран оқимыз деп едіңіз, тәрізі ұмытып кеттік пе?- десті. –Жүре бер, Хаят деді Алаң, сендерге түсіндірейік. Бағана зират басына барғанда күллі жақын-жұрағаттарға тіпті ол әке-шешеме бір құран оқыдық емес пе? Ол да соның ішінде, мысалы сәлемді бір берген соң тағы қайтып бермейсің ғой, сол сияқты бұл да әдепті қалайды дейді. Егер Құран –кәрімнің мұсылмандар тілеген бір аятын алла тағала қабыл қылса соның өзі бүкіл мұсылмандарды жарылқауға жетер еді деді –ғалым кісі. Ол кісінің аузынан бірінші естіген ғибрат осы еді. Ол кезде арабистиканың дамымаған кезі, әрине қазір де кең көлемде дамып кеткен жоқ, осының басты себебінің бірі Құранның, діннің араб тілінде болуы. Мұны және істеп отырған әріптестей отырған өзіміз, халықтың ішінде әсіресе елу-жетпіс жастағыларда ескіден сіңген патология. Түбінде араб тілі бүкіл дүниеде орын алып келе жатқанындай біздің елімізде де өзінің лайықты орнын алады. Ерте дүниеден келе жатқан ғылымның өркендеуіне тек ол ғана емес, Ислам өркен жаюы араб тіліне көп байланысты. Көп ғылымның тегі арабтан, қадау-қадау болса да тарихта айтылған. Араб тілі және де өзінің морфологиялық, фонетикалық құрылысы бойынша өте қызық, өте қиын да тажал тіл. Ол семиттік тілдер тобына жатады, яғни ассирия, арамей, иврит, идиш, араб. Алайда араб графикасы мен тілін үйрене бастаған адамға ол өте ауыр көрінеді. Өйткені әріптерде бас әріптің, кіші әріптің болмауы көп қиыншылық келтіреді, және графиканың өзінің сөз басында бір түрлі, орта-сына келгенде өзгеріп кетуі, сөз аяғында тағы өзгеріске түсуі көп қиындық келтіреді. Бірақ, графика-

ны игере келе бұл әріптердің өте ақылды, ойластырылып жасалғанына көзіңіз жетеді. Негізінен бұрынғы заманда медреселерде араб әрпі демей, «исламның әрпі» деп оқытады екен. Ақаңмен жол үстінде келе жатып: -Аға, айып етпеңіз, араб тілін қай дәрежеде білесіз?- деп сұрадым. «Мен өзім медреседе оқығаным жоқ, әкем Жақсыбек секілді жақсы білім алған адам еді, сол кісіден оқуды, жазуды үйрендім, әрі қарай өзім дамыттым, бірақ Әл-Фараби мұраларын зерттеуге дейін басқа ғылым саласында болуыма байланысты қанша қызықсам да арабистикаға мойын бұруға жағдай да, уақыт та келген жоқ»- дейді Ақаң. Бұл жердегі мәселе, оқырмандарға түсінікті де шығар, дегенмен Ақаң ол жылдары партия тарапынан, дүмше ғалымдар тарапынан діндар ретінде қуғындалған ғой. Сондай жағдайда мұрнасы келмеген ғой. – Содан, дейді үлкен кісі,- елу жастан асқан кезімде қайтадан қолға алуыма тура келді. Қазір шүкір, аса бір ғылыми формулаларға келіп қатпасақ, тәржімасыз-ақ сөйлесіп қаламыз,-дейді Ақаң. 1990 жылы Алматыда Қазақстан мұсылмандары діни басқармасын сайлаған тарихи II құрылтайы болды. Ақаң сонда үзілістерде Кувейт, Оман сияқты елдерден келген жас араб діндарларымен арабша сөйлесіп тұрды, екінші арабша сөйлесіп тұрған адам Халифа Алтай, бұл көзіміздің көргені. Ал Рәтбек қажы болса-болмаса 1969 жылдан бастап Ливияда оқыған, бұл тілді жақсы біледі. Ұлты шешен менің досым – Мұхамед-Хұсайын Осман ұлы арабша жақсы біледі, ол да Араб елдерінде оқыған. Негізінен Кеңестік дәуірде басқа тілдерге жол жабық болды. Бір Қазақстан сияқты республикада бір-ақ шетел тілі институты болды. Араб тіліне сұраныс та болмаған шығар, Қазақ университетінде бір бөлім, шетел тілі институтында бір бөлім болды. Міне, енді барлығына жол ашылды, талабы бар жас болса сіміре бер, сіміре бер!

Ақжан Жақсыбекұлы өзі геолог, Алматы политехникалық

институтында сол геомеханика кафедрасын басқарған, Қазақстанда геомеханиканың негізін қалап, дамытушы, Құсмұрын, Қарағайлы, Ақшатау кен орындарын ашуға көп еңбек сіңірген. Бұл өзі міндетті қызмет қылған білім саласы. Ал әдебиеттен, өнерден, діннен, мәдениеттің басқа қай саласы болмасын үлкен білім иесі. Ұлы Мұхтар Әуезов сол уақытта өздері шығармас қайтыс бола қалған біреулердің үйіне бара қалса, дұғаны Әлкей Марғұлан да емес, Қаныш Сәтпаев та емес, тағы басқа да емес, Ақа сіз оқыңыз дейді екен. Әрине күнделікті оқи бермеген шығар, заман солай ғой, аракідік болса да оқығаны анық. Мәдениетті өркендету жөнінде бір жиналыста Ақаң өнер адамдарына үлкен қамқорлық керек екенін нақтылап айтып, солардың ойындағысын тауып және оны партия басшыларына батыл жеткізіпті. Сонда Күләш Байсейітова қатты риза болып: «Қайран ағатайым-ай»,- деп мойнынан құшақтап, Ақаңа қатты ризалық білдірген екен. Қаншама кітаптар жазған: «Геомеханика», «Абай мен Фараби», «Ғажайып от құшағында», «Ғибадаттың дәптері», тағы басқа көп еңбектер жазған. Сексенінші жылдардың басында Ақаң өзі айтты, көп жазған мәселелерді шығаруға мүмкіндік жоқ, үлкен бір том қолжазбаны аманат қылып Димаш Ахметұлына апарып беріп едім дейді. Мұны кейінгі ұрпақ іздеп табу керек. Жалғыз бұл емес,- дейді Ақаң, -Сәдуақас Ғылмани дейтін үлкен діни ғұлама кісі Алматыда бетегеден биік, жусаннан аласа болып жүрді, сөйтсек арабтан, парсыдан аударған, жинаған, зерттеген дін туралы, дүниелік кітаптар туралы жиырма томдық еңбекті сол Димекеңе беріп жіберіпті, кейінгі ұрпаққа аманат қылып дейді. Мұны да іздеп табу керек. Димаш Ахметұлы ешқашан Ақаңды ренжітпепті, қайта бұл кісінің дүмше ғалымдар тарапынан намаз оқығаны үшін қуғындап, қағажу қыла бастағанда «қайтесіңдер бір шалды» дегендей, елеусіздей қылып әкімдерді тоқтатыпты.

Осы үлкен ғалыммен, өнер кесімен, биік адамгершілік, өз халқының ғылымы мен мәдениетінің өркендеуі үшін өлшеусіз еңбек қылған Ақжан ақсақалмен үш рет кездестім, соңғы рет ол кісінің жасы ұлғайып қалған, тіпті науқастанып жүрген шағында кездестім де, көңіл көншітте әңгімелесе алмадым. Бірақ осы жолдардың авторын құптап, ұнатып кеткені және анық. Осы үш кездесуде көп-көп ғибрат алдым. Кітапшаның басында айтқан едім, жақсы адам адамның өміріне көп кездеспейді, кездессе, әрине хас жақсыны айтам, онда биігің, көкірек сарайың ашылғандай болады, өзіңді бақытты сезінесің. Өз өмірімде осындай ғибрат аларлық үш-төрт игі жақсыға кездескеніме шүкіршілік етемін. Ақаңның маған жазған хаттары да бар, әрине ол хатты ол кісі менің ақылыма мұқтаж болып жазған жоқ, қайта менің мұқтаждығым үшін жазды. Бірақ мақтанып кетерліктей сезімнен сақтанып, оқушыны ренжітіп алудан сақтанып, ол хаттарды жарияламадым.

Ақаң ауыз әдебиетіне, тіпті ертегілерге қандай мән береді десеңізші! Әрбір ертегіге ғылыми негіз, дәйектеме береді. Қожа Ахмет Яссауи кесенесіндегі Тайқазанды байғұс Эрмитажға алып кетіп, кейін қайтып берді ғой. Ақаң осыған қатты қуанып отырып, бұдан соң: «Ол біз ойлағандай тамақ асатын қазан емес, ол обсерватория сияқты нәрсе, әшекейлерінің бәрі астрономиялық символдар, күннің, жердің айналысы, уақыт, меридиан өлшемдеріне дейін бар оның бойында. Егер оны өз орнына қойып, әлі басқа құралдың компоненттерін тауып орнатса, сол замандағы ғылым деңгейін, түркі ғылым деңгейін бейнелейтін ғажап дүние қалпына келер еді»,- деді. Ақаң ұлы жерлесіміз - Әл-Фараби тұлғасын түркі, оның ішінде Түркістандық, яғни Отырардан шыққанын дәлелдеу турасында аса маңызды еңбек жасаған. Өзбектер оны өзіне икемдеген, басқа түркілер де солай.

Ақаңның орасан күш-жігері, дәлелдеулері Әл-Фарабидің қазақ топырағынан шыққандығын сөзсіз дәлелдеді. Бұдан кейін Араб елдерін өз қаражатымен барып, қазіргі Сирияда, Дамаскіде Әл-Фарабидің зиратын іздеп тапқан.

Ақаңның бір таңқалдыратыны, сөйлегенде немесе қазақша әңгіме айтқанда сөз арасына қазіргі шешендеріміздің, тіпті әдебиетшілерде жиі кездесетін сөзге ноқайлық жоқ. «Тіл – ойдың жемісі» деген рас қой деймін. Ақаңның әңгімесі ақ өлең тәрізді немесе жаттап алған тәрізді қиысып, қиюласып ойын онан әрі өрбітіп, ағып отырады. Даусы да бір ғажап! Жаздыкүнгі ыстық күннің кешіне қарай соққан қоңыр самал сияқты жаныңды, жүрегіңді, сезіміңді желпіп, бір қоңыржай ғажайып күйге түсіріп отырады.

Ұлы адамдар бірін-бірі танып, ардақтап мақтан етіп отырған ғой. Әлімхан Ермеков (бұл кісі жөнінде кейіндеу тоқталамыз) екі тілде бірдей, өте шешен адам болыпты. Талымдылығы боса-болмасын бір төбе ғой. Оқушыларымызға белгілі болар. Сол кісінің Қазақстанның автономиясы және басқа үлкен мүдделері жөнінде 20-жылдары қазақ халқының атынан ел ұйғарып, игі жақсылар ұйғарып Лениннің алдына барған ғой. Оның алдына кіріп, бір деректерде алты сағат делінеді, енді біреуінде үш-төрт сағат делінеді, сөйлеп, өз ойын дәлелдеп, полемикалық дебатқа түсіпті. Ол кісінің Ленинмен ой мен сөз бәсекесіне осынша уақыт түскенін естіген Ақаң (Ахмет Байтұрсынов), - Пәлі, апырым-ай Ленин де деген мықты адам еді. Әлімханмен сонша тартысуға жараған,- деген екен. Ғажап бағалау емес пе?! Тек бағалау ғана емес, біздің қазақтың сөз өнерін бағалаудың шоқтығы осы емес пе?! Ал Әлімхан Ермеков бүгін болғанда дүниедегі интеллектуал-дардың ең алдында тұрмас па еді?!

Ақжан ақсақал әрбір әңгіменің астарын ғылымға әкеліп тірейді дедім ғой жоғарыда. Үш ағайынды батыр жігіт бо-

лады. Олардың ортасында алып бір өгіз бар. Үшеуі оның басын күзетеді. Күндердің күнінде өгіз шөп жемей қояды, осыны хабарлау үшін үлкені ортаншыға келеді. Ол шынында да ауру ма екен, осы өгіздің бүйірі солып кетті дейді. Екеуі қосылып аяқ жағын күзетіп отырған кішісіне келеді. Ол айтады: «О, бәсе! Бұл өгіз көптен бері жапалатамайды»,- деп. Үшеуі кеңесе келіп, өгізді суаруға апарады. Оны бір айдын көлге алып келеді. Өгіз әлі көлдің суын ұзақ сораптап, ақыры тауысуға айналады, сол уақытта көлдің түбінен дәу жайын балық шыға келіп, өгізді жұтып қояды. Сол-ақ екен, әлден уақытта шатыр-күтір етіп, күн күркіреп, дауылдатып, жауын жауады. Аспан әлемі астан-кестен болады. Қараса, аспаннан дәу қарақұс төніп келе жатыр екен. Оның алып қанаттарынан қар жауып, тұмсығынан мұз тамады. Жерге төне келе жайын балықты іліп ала жөнеледі. Ал өгіз болса сол жайынның ішінде кете барады.

Енді басқа бір таудың басында бір қора қой жусап жатыр дейді. Анадай жерде дәу бір жартастың үстінде қой бастаған көк серке сақшыдай бүкіл маңайын бақылап тұрғандай. Үлкен серкенің сақшының астында қойшы дем алып жатыр. Жайынды көтеріп әкеткен қарақұс дәл осы серкенің мүйізінің үстіне келіп қонады. Серке болса оны қаперіне алмайды, қайта бырт-бырт шайнап тұра береді. Алып серкенің мүйізінің ортасына жайғасып алып, қарақұс жайынды да, оның ішіндегі өгізді де боршалап жей бастайды. Желінген еттен бөлініп қалған жауырын қойшының көзіне түседі. Сонда қойшы оның көзін уқалайды, көзінен жас ағады. Аққан жаспен қоса жауырын да шығып, жерге түсіп қалады. Содан қойшы қойын өргізіп, ауылына қайтады.

Түс ортасы кезінде қырық жолаушы тақтайдай тақыр жолдың үстінде келе жатады. Далада бір қылтанақ жоқ екен. Сондықтан қона кетудің жөні келмей шаршаса да

ілгері жүріп келеді. Таң алдында алдарынан бір биік тау көрінеді, сол таудың етегінде қонбақ болады. Шаршаған жолаушылардың көзі ұйқыға іліне бергенде астан-кестен жер сілкінеді. Олар үйпа-түйпа, ұйқылары қанбаған күйде атып тұрегелсе таң атқан екен. Қонған тау алдын-дағы тақырлары баяғы қойшының көзінен түсіп қалған жауырын екен. Жауырынның кемік басын бір түлкінің күшігі кеміргсн екен, жер сілкінгендей болғаны сол екен. Жолаушылар жабыла қуып, қамалап күшік түлкіні соғып алады. Терісін сыдырып алып, енді бөлісуге кіріседі. Қырық жолаушыға бір-бір тоңдық және бір-бір бөрік болуға жетеді. Бұл үстіңгі жақ терісі ғана екен, астыңғы жақ терісін сыдырайын десе аударуға әлдері келмепті. Бұлар енді жүргелі отырғанда. Қойшының әйелі баласын жетектеп келеді. Әйел жатқан түлкіні қиналмастан аударып түсіреді де, қалған теріні сойып алады. Теріні баласының басына өлшеп көрсе, бөріктің жартысына ғана жетпейді екен. Сонда әйел жолаушылардан қалған жартысын сұрап алып, екеуін қосып өлшесе, қырқынан жаңа шыққан балаға жұрын бөрік қана әрең болыпты. Ертегінің соңында сұрағы бар, осылардың қайсысы алып? Тыңдап отырғандар оған әртүрлі жауап береді. Шынында, жұмбақтың шешуі аспан әлемінің сырларын елестетуге керек. Бұл жыл он екі айдың төрт тоқсан маусымын көрсетеді,- дейді Ақаң. – Ертегіні ойлап шығарған елдің Өгіз деп тұспалдағаны жыл басы боп саналған Үркерге меңзейді. Үш ағайынды жігіттің өгіздің үш жерінде күзетіп тұруы күзгі күн мен түннің теңелген мезгілі. Екі жігіт таразының екі басы, біреуі тең ортасында. Мұнан әрі теңдік бұзылады, күн қысқарады, таң ұзарады. Өгіз алға бастайды. Ол суды ішіп тауысады, мұз қатады, қыс түседі деген шешу. Қыс түскенінің белгісі бұрынғы жердегі алып өгіз – Үркер аспанға көтеріледі. Оны алып қарақұс көтеріп әкетеді. Ол барып көк серкенің мүйізіне қонады. Бұл түннің ең ұзақан

кезі. Қыс ортасы. Бұл кезде Үркер түн ортасында тас төбеде болады. Ал Қарақұс пен Көксерке кейінгі жұлдыздарды елестетеді. Өгіздің жауырын сүйегінің төмен түсуі. Үркердің төмендей беруі, Күнге жақындай беруі. Тегінде жауырын қозғалыс сүйегі ертеде өте қасиетті деп есептелген, жауырын қарап бал ашқан. (қазір де кездеседі) Сол Жауырын төмендеп келіп көрінсе, мал баққан, жазды күткен елдің іңірде, күн батқанда Үркерді көргені. Бұл кез жаңылтұрғы күн мен түннің теңесуіне сәйкес келеді, жыл басы- Наурыз айы. Мұнан кейін жауырын жерге түскені – жазғы қырық күн шілде басталғаны. Бұл кезде Үркер Күннің маңында болып, көрінбейді. Жауырынның үстіне қонған қырық жолаушы – қырық күн шілде. Жауырын-ды күшік түлкі кеміріп, қозғапты – шілде өтіп, Үркер қайта қозғалғаны. Түлкінің терісін сыпыру- шілден шығу, етін орағының басталғаны. Қырық күн де өтті, шын бала қорқыннан шықты, демек, қырық күн шілденің өткені. Түлкінің терісінен бөрік кигені – одан әрі той-салтанат. Түлкінің терісінің екіге бөлінгені – күн мен түннің теңелгені. Осы бала болашақ Оғызхан екені белгілі болып тұр емес пе?

Осы астрономиялық жұмбақты бейнелеп жасау біздің өзі дана, ақылды, сөзге шешен, қиялы өте ұшқыр, табиғат сырларын терең игерген қазақ халқының ғана қолынан келген, айтыңыздаршы, оқып жүрсіздер ғой, қай ха-лықтың осындай ертегі-астрономиясы бар! Ешбір жерінде артық сөз де, ес-тамы да жоқ. Күшік түлкі алыныз. Бұл жұлдыз нағыз күзге қарағанда көтеріле түсіп және өзінің түсі де, тұрған орны да сабан-той мезгіліне дәл ке-леді. Ал оны Алып огізді баққан үш жігіт қазақ халқының үш арысы арасын-дағы бірлік,- дейді Ақжан Машанов ақсақал.

1944Тағы бір ертегі әңгіме,- дейді Ақаң даусы қаз даусынан жаңа алы-нып келе жатқандай. Негізінен аса

әңгімені, өлеңен адамдар хас жүйріктер сияқты болу керек, шау деткенде бауырын жаза алмай кібіртіктей береді. Мұхтар Әуезов те сондай болған дейді, сол кісімен үзеңгілес, сыйлас жүрген Ақаңның тағы бір ертегісін тыңдап отырмыз. Біздің осы жерде ойымызға келгені, әңгімелей білу өзінше бір ғажап өнер екен, отырған елді қандай ұйып отыр. Бұған ой да, тіл де, тіпті дауыстау тембрі қандай керек екені осы жерде көрініп тұрды. Кей адам сөйлесе мұрнынан сөйлеп, маңырап кетеді. Кей адам сөзді орын-орнына қоя алмай қиналып бітеді. «Өнер алды — қызыл тіл» деп текке айтпаған-ау дейсің. Сонымен, тағы бір әңгіме — деп жалғастырды Ақаң, бастаған бетте-ақ жаңағы астрономиялық ертегімен сабақтас екенін аңғартты.

Үш арыстың ортасында бір ортақ тон болыпты. Үшеуі осыны бөлісіп алмақ болыпты. Жағасы — кішісіне, кеудесі — ортаншысына, етегі үлкеніне тиеді. Бұл үш арыстың анасы қоян, қасқыр, бүркіттің етіне жерік болған екен. Бұдан әрі: ...Үш арыстың ортасынан хан сайлау керек болыпты. Сайлағандағы шарт- белгілі, ақылды, данышпан болу керек. Бақ құсын ұшырыпты, шарт және айқын кімнің басына қонса, сол хан болмақ. Құс бір қарапайым елге, жұртқа ешбір жаман-жақсы ісімен белгісіз біреудің басына барып қоныпты. Хан сайлауға келгендер оған риза болмапты. Құсты екінші, соңынан үшінші рет ұшырыпты. Бәрібір сол баяғы адамның басына барып қона беріпті, амал жоқ, сол хан болыпты. Енді ханға ақылшы ғұлама-данышпан сайламақ болыпты. Бұл үшін ел ішінен іздетіп, бір менсіз қара сиыр іздетіп табады. Үш жүзден келген үш данышпан осы сиырдың ішіндегі бұзаудың түсін табу керек. Ұлы жүзден шыққан данышпан: «Бұл сиырдың ішіндегі бұзау қара тобел»,- дейді. Орта жүзден келген: «Бұзау ақ кіндікті», Кіші жүзден келген дана: «Ақ құйрықты»,- дейді. Сиырды сойып қараса, кейінгі айтқандікі дұрыс болыпты. Бірақ сол жерде ешбір реніпсіз

бірін-бірі түсініп, ортақ келісімге келітті. Өйткені біріншісі дана қарағанда бұлау ақ құйрығын маңдайына қойған. Екіншісі қарағанда ақ құйрығын кіндік тұсына қойған. Бұл ертегі де ғылыми астрономиялық астармен түсіндіріледі, оған тоқталмай-ақ қояйық.

Ақаң «Тазша» сөзінің тегіне бір ой айтты: - Ерте заманда компастың магнит тілін табиғи магнит тастан, яғни магнетит деп аталатын минералдан-темір тотығынан жасаған. Ол – тауда болатын кәдімгі қаратас. Өлкемізде Қазақстанда: Алтайда, Арқада, Қарқаралыда, Қызыларайда, Көкшетауда көптеп кездеседі. Бірінші қазақ ертегілерінде жиі кездесетін Тебен инеден бастайық. Тазша жылқыда жүріп, күн бұлыңғырда ала биесін жоғалтады. Олай шауып, бұлай шауып таба алмайды. Тауға шығады көрінбейді, ойға түседі көрінбейді. Құрығын жерге қадап, үстіне шығып қарайды көрінбейді. Содан кейін Тебен инені шаншып, соның үстіне шығып қараса, әлгі ала бие аспанда жүр, құлындапты. Жануар боталап шығып кеткен болар, қасында ала құлын бар, Шолпанның арғы жағында, Үркердің бергі жағында келе жатыр екен дейді. Былай қарағанда адам нанғысыз өтірік сияқты. Ал осының ар жағында қандай тамаша ғылыми шындық бар екенін білеміз. Адам айтқысыз әдемі түрге келтіріп, керемет төгіліп тұрған көркем тілмен өрнектелген ғажап дүние. Осыны айтып отырған, ойды сабақтап отырған Тазша оңай кісі емес. Бұның астрономиялық шешуі және бар. Тебен ине дегені магнит тілі – компасқа сай келеді. Компасты арабша «байт ибрат» немесе «қыбланама» дейді. Содан Тазша туралы, оның атқарған істері туралы ойымызды жалғастырсақ, сол тебен инені жасаған, яғни тастан қорытып жасаған шеберді «тасшы» деуі мүмкін ғой. Міне осыдан барып сөзіміздің тілдің астарлы транскрипциялық-фонемасына бағынып айтылуда. «Тазша» болып кеткен болу керек,- деп түйеді Ақаң.

Олай болғанда «Тазша» деген сөзді басында шашы жоқ таз кісі деп білмей, «тасшы» деп білген мәдениетке, сөз мәдениетіне сай келсе керек. Өйткені тасшы-шебер, білімпаз адам болуға тиіс. Ол Темірқазық жұлдызына қарай бұрылатын, екі басы істік тебен ине жасайды немесе темір қасық жасайды. Қазақ ертегілерінің өне бойында кездесетін «тазшалар» түгел жағымды кейіпте болады, олар ақылды, тапқыр. Зұлымдыққа, мыстан кемпірге қарсы күресте ақылымен жеңіске жететін тапқыр адамдар. Өздері ылғи хандардың маңайында болады. Тіпті бұл ойды одан әрі өрбітсек, тасшылар құмалақ ашуға апарып соғатыны да бар екен,-дейді ғалым. Оның бәрін айтсақ ұзақ әңгіме. Сондықтан құрметті ғалыммен кездесуіміздегі ұзақ сонарлау әңгімемізді осы жерден шегере тұрсақ дейміз.

Халық арасында «Самарқанның көк тасы жібитін күн» деп 22 наурызда айтылатынын білеміз. Ағаң осы бір халық санасындағы қызғылықты құбылыс туралы айтты. Ақсақ Темір қабірінің үстіне қойылған көк тас нефрит деп аталады. «Самарқан көктасының жібуі» деген мағынасына келсек Ұлықбек сұлтан қойдырған осы дүниедегі ең үлкен нефрит тасында жарты шеңбер бар. Ұлықбектің үлкен ғалым-астроном екені белгілі. Осы айтып отырған шеңбердің табанын тастан, ал градус өлшейтін цифр-таңбаларын қолдан жасаған екен. Оның бетін көкпен бояған. Жыл маусымын, жаңа жылды, яғни Наурыздың келгенін осы көктас арқылы айырған. Обсерватория тесігінен ас-пан шырағының сәулесі осы көктасқа келіп түседі, сол бойынша әр шырақтың аспандағы орнын айырған. Көктастың жібуі дегеніміз, сол тесік арқылы шырақ сәулесі 22 наурызда әлгі көктасқа түсетін болған.

Ардақты ғылым ағамыз бұл дүниеден өткен. Бірақ оның артындағы сан-салалы мұралары зердесі халқымыздың ұрпақтары үшін өшпек емес. Ағаңның Әл-Фарабиді ешкім естімеген, білмеген кезде өткен ғасырдың 1960 жылда-

ры сол кезде «Пионер» журналы жабылып соның орнына шыққан «Білім және еңбек» журналынан таңғала оқушы едік. Кітапшамыз танымдық дүние болғандықтан қазір дүние жүзінде мәшһүр болған ұлы жерлесіміз Әл-Фараби жөнінде Ақаң өз өмірінің хақ жарты уақытын осы ғалымның жан-жақты ғылым салаларын зерттеуге ғана емес, оны қазақ топырағынан шыққанын дәлелдеудің өзіне керемет күш-жігер керек еді. Әл-Фараби туралы Ақаңның айтпаған жері жоқ шығар, тіпті Қазақстан мұсылмандары құрылтайында да оның Исламның да ғалымы екенін дәлелдей сөйлегені есімізде. Ұлы Абайдың Фараби трактаттарын оқығанын, білгенін, оның да-налығын бағалағандығын «Абай және Әл-Фараби» деген кітабында өте қызықты баяндайды. Ақаңның айтуынша Әл-Фараби бүтіндей табиғат ғылымына математика ғылымын қолдану жолдарын қабылдаған және соған жол ашқан. Сондықтан ол кісінің есімімен толып жатқан табиғат сандарын байланыстыруға болады. Осы тақырыпқа орай кейбір аспан шырақтарына байланысты оның нұр сәулесі, екіншісі дыбыс туралы, үшіншісі темірге байланысты сан. Арғы терең мағынасына көз жіберген уақытта осы үш нәрсенің басын қосып тұрған тарту күші. Әл-Фараби «Сад» деп шартты атаған осы күш-аспан денелерін бірімен-бірін қабыстырып тұрған күш. Жерді, айды, күнді, жұлдыздарды бірімен-бірін осы шартты сандық атауы бар күш ұстап тұр дейді Әл-Фараби. Сондай-ақ Әл-Фарабидің «ғылыми көпірі» деген қағидасы аспан механикасының негізі болып табылады екен. Аспан шырақтарының арасында оларды біріктіріп тұрған күш бар деген түсінікке батыс елі тек кейінгі кезде (яғни орта ғасырдан кейін) тоқтаған. Оларда бұл түсінік Кеплер–Ньютон заманында орын алды, яғни Әл-Фарабиден кейін жеті ғасыр өткен соң. Сонымен қатар сол күштің көзі күнде ал көк әлемінің орталығы, барлық планеталардың

жердің тартылыс күші, тіршілігі, қозғалыс қуат көзі Күнде деген Әл-Фараби. Демек, мұнда Күн орталық екені (Гелиоцен-тратизм) айтылған. Әл-Фараби бұл пікірді айтқан кезде бүкіл Еуропа (геоцен-тризм) жер орталық деген пікірде болған. Фараби айтып кеткен гелиоцентрализмді Еуропаға алты ғасыр кейін әкелген Коперник. Осы ілімі үшін Н.Коперник жазаға ұшырағаны белгілі. Ғылымды құраушы материалдық заттардың ең арғы тегі және барар шегі де сол нұр сәуле деп өз теориясын данышпандықпен дамытқан Фараби ағамыз. Ал қазіргі дүние ғалымдары осы түсінікке өткен ғасырда ғана тоқтапты. Жалпы түсінік-идея сабақтас болғанымен әр дәуірдің оны іске асыруы, талдауы басқаша болмақ. Әл-Фараби даналығы Құраннан бастау алады. Ал Құран ғасырлар өте береді, әр замандағы адамдардың ақыл-ой түсінігіне байланысты Құран да жарқырай бермек. Ғылым жаңалықтары дегеніміздің өзі осы ұлы кітапты түсіну болмақ. Тек қана бірде екілі ғылым саласында емес, көне әдебиет, мәдениет мұралары болсын, химия, физика, математика, компьютер, бүкіл дүниенің төрт құбыласы ислам әлемі, музыка, поэзия барлығы осы теорияға еніп келеді. Сөз жоқ, Әл-Фараби мұралары бүкіл дүние ғалымдарына үлкен сонар салып берген данышпандық жол. Екінші «Аристотель» аталған ұлы бабамызға бүгіндері қандай мақтанышпен қарасақ, өкініш те сондай, осы уақытқа дейін басқа оқымысты халықтар оның атын, ғылымын біліп пайдаланып жатқан кезде өзіміздің болған түрімізбен енбір тіршілік жасай алмағанымыз. Бірақ «орны бар да олқылар» деген даналық осы жерге айтылғандай.

Ақжан Машановтың аруағы жақсы болсын- деп бастап сал әңгіме қылғанымыздың соңын Әл-Фараби ағамызды да атағанымызды мақтан етеміз. Ягни атауға мүмкіндік болып тұрғаны үшін. Бұл да Тәуелсіздік жемісі деп білемін өз басым. Ал А.Машановтың «Абай мен Фараби» деген ей-

туралы кітабына мүлде мақайлап тиіскіміз келмеді, өйткені ол кішкентай, желдіре өтетін нәрсе емес. Абай сияқты дана тұлға туралы оның даналық поэзиясына, қара сөздеріне бір пайымдау қылу үшін ондай адамның да, ойы да, білім-білігімы да біраз жерде болу керек. Сондықтан да қит етсе «Абай былай деген, Абай олай деген» сияқты біздің көп творчество адамдары жүгіре берстін жеңілтек ойдан өте аулақ болғымыз келгендіктен ондайға бармадық.

«Күріш арқасында күрмек су ішеді»- дегендей өзінің айтатын бірдеңе болмай тұрып бірден ұлы Абайдан цитата келтіре бастайтын шығармадан қатты сақтанған түріміз осы. Осынау азын-аулақ еңбегімізде мақсат тұтқан нәрсеміз, халқымыздың жақсы қасиеттері, бірегей тұлғалары, олардың кейінгі ұрпаққа мирас етіп қалдырған рухани байлыққа, олардың Тәуелсіздік жолындағы күресі қайраткерлігіне көпір болу сияқты еді. Мұныммен бірге қалыптасқан жазушылар стилін тағы да қайталай бергіміз де келмеді, бір ойдың соңында ұзақ ширламай бір ойды айтып келе жатып көніл түкпірінен туындаған екінші бір қалыпқа жылдам бейімделіңкіреп кеткен тұстарымыз біршама. Неге десеніз кітап болудың мәні мен мағынасы автордың айтар ойынан құралмай ма? Яғни сезім мен ойдың жетегінде болу шығармашылықтың заңды құбылысы.

## Басқа да игі жақсыларымыз туралы

Айтар ойларымызды оқырмандарымызға осылай ұстап келе жатқанымызда айтпай кетуге болмайтын сияқты біраз ойлар шыға берді. Өйткені өткен дәуірде еліміздің елдігін, тұтастығын сақтауға хандарымен, билерімен бірге атсалысқан әнімен де жанымен, сезімен халықтың тілі

түтқасындай болған тұлғалар халқымызда баршылық. Қазіргі Тәуелсіздігіміздің аясында оларды айтып шер-шеменді шығарып та жатырмыз. Енді біздің айтпағымыз сол шерлі дүниенің жалғасы деп оқушылар сөзіне ортақ болмас, әйтпесе одан ғибрат алатындар болса ол да әркімнің өзінің рухани дүниесін қалай қабылдай алатын дәрежесінде болар. Сондықтан халқымыздың өзіміз жасап өмір сүріп отырған аймаққа тән бүгіндері көздері жоқ, өнерімен сөзімен кезінде халықтың еркесі мен серкесі, ақылысы, ақылдысы болған біраз ақындарымызды сөз еткіміз келіп еді. Олар айтылып та, жазылып та жүр. Әйткенмен де осы орайда ел есіне бір түсер оқушыларымыз түйсінер олар туралы біраз ғибратты нәрселер алуға болатын тұстар аз емес. Бұл тұрғыда айтарымыз кейбір тұтас елдермен халықтар өздерінде жоқты бар қылмақ болып әбігер болып жатады. Ал біз кейде кең барымызды айта алмай келгеніміз рас қой. «Игорь полкы туралы сөз» сияқты бір дүниесін мақтаныш қылады орыс халқы. Ал бізше? Осы тектес бір емес, он емес, жүздеген дүниелер бар ғой апырау? Осыны жасаған осындай өнерлі халықтың ұлдары, қыздары, ақындары. Мейлі ол жазба болсын, ауыз әдебиеті болсын, мәселе онда тұрған жоқ деп білемін өз басым. Мәселе сөздің құнарлылығында, қазақ тілінің мәйегінің қолданылуында. Яғни шығарма дегеннің өзі, өлең деген нәрсе сол сөздің жымдаса қолданылуы ғой. Оны қолданған, пайдаланған халыққа саф алтындай сақтап ұсынған, артында сөз қалдырған бұл аталарымыз шын ардақты емес пе? Енді солардың біразын еске алайықшы. Оларды біз еске алған уақытта Кеңес дәуіріндегі әдеби жазбаларда дәстүр болып кеткен «пәленбайыншы жылы, пәлен жерде туып, пәлен жаста оқу бастаған» деген сияқты оқушыны ығыр қылған жаз-баға бармай отырмыз. Негізі көңіліміз не дейді, осы жазғандарымыз осы адамдар туралы оқырманды кішкене ойлануға мәжбүр етсе де риза

болмақпыз. Өйткені қазір заман үлкен өзгеріске ұшырады, сондықтан да көптеген әдеби концепциялардан бас тартуға тура келді. Мәселен бұрынғы Кеңестік кезеңде атаусыз жатқан бір белгілі адамымыз болса қолың сондай да, сондай еңбектері болып еді» енді оның атына қала қойылу керек, көше аталу керек тағысын тағылар көз жасын шұбырта жылай жөнелетінбіз. Ол әдет қаламгерлердің көбінде әлі бар. Енді қалай болу керек, құдайға шүкір. тәуелсіздік алдық. Ал әлгіндей адамдар әлі көп. Көбіне артында ұрпақтарынан шыққан бір тәуір іздеушісі болса, әлгі еңбегі сіңген адамға зиратына тас қойылады, елді жинап ас береді, жақсы аудан, қаладан көше аты беріледі, немесе Алматыда (атақты-ақын жазушылардың көбі Алматыда қоныс қылған ғой) әдіп-тақта (мемориал дегенді қазақшалағанымыз) қойылады да іс осымен біткендей болады. Тек кейбіреулері үшін (бәрі айтылмайды) мұрасын жинау керек. пәлен тойдың, мерекенің қарсаңында шығару керек делінеді. Тарихты ысырып тастамаймыз ғой. Орыс халқынан жақсы үлгіден әлі көп нәрсе алуға болады. Әрине, бодандық кезінде оның ақылына, жазушысына жасағанын біз жасай алмадық, өйткені жасауға халқымыз аз болды, ынтамыз да төмен болды. Объективті себептер де көп болды. Сонау Мұхтар Әуезовтар өз халқын мақтап айта алмады, тіпті астар-лап мақтағысы келсе де алдымен орыс халқын қатты мақтау керек болды. Соңынан ғана барып сол ұлы халықтың қамқорлығының арқасында ғана біз осындай халге келіп отырмыз деп айту керек еді. Тіпті социализм кемеліне келді деген кешегі он жыл бұрынғы өзінде бұрынғыдай немесе қазақтан шыққан тракторист немесе сауыншы депутат болса, еркегі болса (жоғары мінберден-ақ) мен кешегі көшпелі халықтың ұлы едім, қызы болса көшпендінің қызы едім, Қазан төңкерісіне дейін қанғып жүрген халықтың деп аузына сөз салып, салып емес-ау жазып беретін. Кейін

ұрпақ мұның бәрін білу керек, әлі сан кітап жазылар, айтылар. Сол сияқты көп жылдар бойына өз халқынан жасырылып келген адамдарды ұрпақтар енді біле бастады. Бірақ әлі жеткіліксіз. Қазір мектептерде этнопедагогика (халықтық педагогика) деген бағыт-бағдар өрбітілуде. Дұрыс-ақ. Міне осында ақындар-жазушылар, олардың поэзиясы ықтият оқылса, үйретілсе. Осы уақытқа дейін халқымыздың тарихы, әдебиеті, мәдениеті дұрыс зерттелген жоқ. Мұның жолында марксизм-ленинизм деген сұрқия дүние көлденең тұрып алды. Ескі араб графикасымен жазылған тарихымыз, дүниеміз Мәскеу, Петербург, Уфа, Қазан архивтерінде шаң астында жатқан болу керек. Жоғарыда бірақ тұлғаларымызды сөз еттік.

Ақбайұлы Жақып – өте қайшылықты тұлға әлі өзінің лайықты бағасын алмаған жан. Кейбір зерттеушілеріміз оның Петербург Университетінің Заң факультетін алтын медальмен бітірген дегенді айтады. Жақып мырза Ақбайұлы патша өкіметіне ешбір жақпаған, өкінішке орай уақытша үкіметке де, кейіннен совет үкіметіне де жақпаған. Мұның басты себебі Жақып мырза өз дәуірінен әлі де қайда озық, ілгері ойлың, мәдениеттің адамы болуында сияқты. Ал нағыз мәдениет, жақсылық Кеңес дәуірінде болған жоқ. Ең басты себеп, халқымыздың тәуелсіздігінің болмауы еді. Біз Жақып мырза Ақбаевтың саяси қайраткерлігіне баға беруді бұйырқанған ұрпақтың үлесіне қалдыра тұрсақ. Тек кейбір мінез қырларына, қызық мінездеріне тоқталғымыз келді, соның өзінен халқына деген жақсы көрушілігі есте тұрады. Халқының мақал-мәтелдерін көптен, соңына түсе жинаған екен дейді, қайда қалғаны белгісіз, Алматының ба, Воронеждың ба «Кеңес қырғындарының» қолында кетті ме кім білсін. Немерелес туысы Қарқаралыда көп жыл ұстаздық қылып бертінде қайтыс болған Разақ ақсақалдың айтуынша

Жақып ел ішіндегі ұрлық-зорлыққа аса қарсы болған. Тіпті туған ағасы Ыбырайдың осындай қылықтарын бетіне баса айтатын болған. Табын Алитай деген кісі тоқсанға келіп отырған кісі екен. Ескі сөз және мақал-мәтел жинау үшін соны іздеп барыпты, бір жолы елге келген сапарында. –Е, қарағым, тоқсанға келіп алжып, жағым түсіп отырған менен не мақал шығар дейсің-депті әлгі шал. Сонда Жақып. «тоқсанға тегін адам келмейді, оныңыз болмас»- деп қалжыңдаған екен. Сонда Алитай: "Жаз өлеңде дәптеріңе, бір сом бие болмас, бие түйе болмас, біреудің мүлкіне қызыққан, күндердің күнінде өз мүлкіне ие болмас» депті. Қарқаралы төңірегінің үлкендерінде Ақбаев Жақып туралы әңгіме көп болды, қазір олардың дені дерлік, өліп таусылды. Екі өкіметке бірдей жағымсыз болып төңкеріс бір жақты болғанша паналай тұру керек болып Тарбағатай жаққа жылыстапты. Жақыпта өзінің сенімді қосшысы Қиқымбек деген кісі болған. Бұл кісі тоқсаннан асып бертінде дүние салды. Сонда Қытай шекарасына дейінгі аралықта аты-жөнін білдірмей жыл-жарымдай жүрген. Бірақ қазақ түгілі ақтармен қызылдарға бірдей әйгілі Жақып Ақбаевты білмей, танымай қойсын ба. Кейбір бұл кісінің нағыз кім екенін біліп қалған елдің жақсы адамдары (Керей мен Най-манның) көмек көрсетіп, достық қылады. Бірақ та қиын-қыстау жағдайларға көбірек ұшырапты. Содан Кеңес өкіметі нығайған соң елге қарай беттеп келе жатады. Елге жақындағанда қапталарындағы ақшаларына бір саудагерлерге кездесіп өзінің де балаларына тауарлар алыпты, мата, кант, шай алыпты. Содан Қарқаралы тауларының төбесі көрінгенде тебіреніп барып Қиқымбектен сұрапты: -Біз олжалымыз ба жоқ па?-депті. Әрине, Жақа олжалымыз ғой, көп нәрсе алдық депті Қикан. Дұрыс, бірақ ең бастысы жан олжа емес пе,-депті Жақып. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары республикалық баспасөзде Жақып Ақбаев туралы бірсыпыра

жазылды, бірақ бәрі де өмірбаян деректері дәрежесінде ғана. Жақып Ақбаев кім, қандай қайраткер міне осы баға оған әлі берілген жоқ. Қарқаралыда бір көше, «Бейбітшілік» ауылының мектеп бұл кісінің атымен аталды. Жақып Ақбаев қазақ халқының тәуелсіздігі үшін күрескен, Алашорданы құрушылардың бел ортасында болған саяси қайраткер, яғни Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Әлімхан Ермекентермен бірдей дәрежедегі халқының азаттығы үшін жанкешіммен күресуші. Оның Воронеждегі тағы әртүрлі кезеңдегі Алматыдағы тағы басқа жердегі қызметі туралы тыңғылықты зерттеулер әлі де керек. Келесі ұрпақ өз бағасының, өз биігінде көре алатындай болу керек қой деп ойлаймыз ардагер ағаларын. Яғни әрбір қайраткер басына қойылған құлыптастың биіктігімен емес, халқына, ұрпақтарға, келешек болашаққа беріп кеткен рухани тәлімімен бағалануы керек. Әрине сол заманның олардың халқына деген талабын, мүмкіндіктерін түсінулі аттай адымдарын аштырмағанын еске ала отырып лайықты бағасын алса марқұмның рухы халқына жақындай түсер еді.

## Қарқаралы... Қазыбек одан кейінгілер

Қарқаралы қазақ даласының ортасында өзінің әсем, сұлу табиғатымен ерекшеленсе, рухани дүниеде де сондай әдемілікке ие деп айтуға әбден орынды болар еді. Неге десеңіз қазақ тарихы әсіресе соңғы екі ғасыр тарихы Қарқаралыға соқпай өтпейді. Мұның бір себебі, табиғатының аса әдемілігі болса, екіншісі өткен ғасырда ұлы державалық патшаның отарлау саясатына қызмет қылса да өзінің интеграциялық өрнегін қалдырған Қоянды жәрмеңкесі. Қарқаралыда феномендер көп, яғни табиғат ерекшеліктері, сол сияқты ерекше адамда-

рымен де ерекшеленген. Ең біріншісі Қаз дауысты Қазыбек деуге болады. Қазыбек бабамыздың қазақты ел қылуға, жұрт қылуда қандай маңызды орында болғанын ел де жұрт та біледі. Бұл бабамыздың үлкен дипломат болғаны тарихта да бұлайғы әдебиетте де көптен жазылды, жазылуда және халқымыз аман болса, одан туған ерендер аман болса жазыла да берер, келесі ұрпаққа тіліміздің мәнін түсінген сайын жарқырап ашыла берер. Ұлы бабаға арнайы арнап отырмаған кітап болған соң бұл кісі туралы әңгіме етуге иммелеміз. Дегенмен де рухы жақын болсын деген тілекті жұбаныш көріп бір екі деталь келтіруді жөн көрдік. Ұлы көршілермен татутәтті көршілікті үнемі қолдаған. Бес саусақ бірдей емес демекші Үш жүздің үш биіміз де үш түрлі саясаты бар емес пе? Өйткені кітаптардың бәрінде олар сөзсіз біріңің ойынан бірі шығып тұрған екен деген сөздер біздіңше көңілге қона коймайды. Ақылды екені олардың рас, бірақ ақылдың да категориялары әртүрлі болмай ма? Мемлекеттік маңызды мәселелерге келгенде үш және тағы басқа қосшы билер де мәмілеге үлкен айтыс даудан соң келетіні болса керек. Сондай бір билік соңында мәмілеге келу жолында: -Алар ма еді мына келдің куын атып!- дейді Ұлы жүзден Төле би.

-Тигізе алмай жүрмесең, суын атып,- дейді Әйтеке би.

-Арымастай пәлеге кап жүрмесек,

Суға келген періңің қызын атып-деген Қаз дауысты Қазыбек. Осы сөз арқылы соғысуға орыска да Қытайға да қарсы соғысуды жақтамайтындығын білдірген. Исламды тұтынған уақыттан бері неше ақылым заман өтті. Аллаға ихсан қылуымен (берілгендігімен) әулие дәрежесіне жеңі қайыңтан тринска түсін хабар ату дәрежесіне дейін барған әулиелер болған халқымызда. Олар туралы әңгіме-зерттеу бастаусыз жатыр. Сол Қаз дауысты Қазыбек өмір сүрген маңайда Бегімысық деп аталатын сондай қасиет дарыған

адам болған. Сол өңірдің халқы біздің бала күнімізде қатты аңыз қылып айтып отырушы еді. Сол Бегімысық Қазыбек қайтыс болып оң жақта жатқанда үстіне келіпті де айналаға қарамастан өліп жатқан адамның үстіне қолындағы аса таяқ па екен, қамшы тәріздес алып жүретін атрибуты ма, әйтеуір қолындағы нәрсемен өлікті үш рет ұрып тағы қолып көтере бергенде тіксініп отырған халық — мынауыңыз не сұмдық, өлікті ұрып- деп шап беріп Бегімысықтың қолынан жабыла ұстай алыпты. Сонда әлгі кісі - әттеген-ай бекер ұрғызбадыңдар-ау, енді мұның жақсы қасиеті үшінші ұрпағында ғана болып тоқтайтын болды,- депті. Ғажапты қараңыз, шынында да Қазыбек одан Бекболат, одан Алшынбай одан белгілі Қақабай. Мәдилермен шынында да сол қасиет одан кейінгі ұрпақтары тафу етеді, жоқ сияқты.

Жақсы Жанғұтты немесе Жанғұтты Ботантайұлы ғажап шешен, ақылды адам, қалың Қарақесектің Сарым елінің тізгінін ұстаған. Құнанбаймен тұстас, сыйлас, жолдас болған. Жанғұтты феномені мынада деп білемін, сол ұлы Абайға бата берген, сол батасы қабыл болған адам. Белгілі Шортанбай ақын Қанайұлы былайғы халық негізінен Шортанбайды әулие болған деп те атайды. Шынында да Шортанбай кесек тұлға, білімді, ділдар, халықты ізгі жолға үгіттеген. Өзі көбінесе Жанғұттыны жақсы көруі себепті, сол кісінің маңайында болып тіпті осы кісінің қолында өлсем деп өсиетін айтып қайтыс болған. 1970 жылдар басында Өшімбек Бекжасов деген қайраткер ағамыз, өзі атақты Мәдидің жақыны болады, ел аралап жүріп Көкшетау басшыларына барып Біржан мен Ақанның басына. Жезқазған облысындағы Лосев деген басшысына жолығып Шет ауданы, Нұраталды маңайында жатқан Шортанбай бейітіне тас қойдыну қамын жасағаны есімізде. Жанғұтты Шортанбай да Қарқаралымен өмірлерін тығыз байланыстырған. Осы жерде Жәкеңнің ру-

мына бірер сөз тағы айтқымыз келеді. Жақсы Жаңтұтты атануының өзі оның қазақтың сүйіктісі екенін білдіреді ғой. Оқушыларымызға мәлім болсын: біздің халық жаман деген атты оп-оңай бере салады, ол бұрыннан бар. Қазір де солай, ал «жақсы» деген атты осы халықтан алып көріңізші, ия алу өте қиын. Сондықтан Жақсы Жаңтұтты аты-ұлы Жаңтұтты дегенмен бірдей деп пайымдасақ қатаспаймыз.

Қарамende-Жидебай аттары көбіне қатар аталады. Бірде екеуі қайсымыздың қасиетіміз артық дегенге келіпті, сонда Жидебай жеңін сілкіп қалғанда қызыл түлкі жербауырлай жүгіре жөнеліпті деп аңыз қылады жұрт, сонда Қарамende қолын жоғары сермеп қалғанда аспаннан түйілген қыран келіп, түлкіні бүре ұстағанда болды батыр, сен артықсың депті дейді. Жидебай әрі батыр, әрі би.

Қарамende мен Жидебай Абылай дәуірінен таман Құнанбай заманына әрі тамандау қазақ халқының басына Жоңғар-қалмақ ат ойнатып, қырып тұрған заманда өмір сүрген адамдар екені белгілі. Ұрпақтарының есінде қаларлықтай басына күмбез, көктас, ас беру дәрежесіндегі шаруалар атқарылғанымен бұл екі биік тұлғаны жалпы халқымызға таныстырардай шаруаны ешқайсымыз жасай алған жоқпыз. Қарамende бидің әрі батыр, дипломаттың бір айтылмай жүрген ерекшелігі бұл кісі қалың қазақты ертіп баяғы өзіміздің Византияны алған туысқандарымыз секілді, сол Түркияға өтіп те кетпек болады. Солармен бірге бас қоссақ деп армандайды. Оған мына сөздері дәлел:

Басында Сырдан шығып Орға келдік,
Табан тиіп жүре алмай зорға келдік.
«Құл алдынан құрулы талқы» деген
Бұл жаққа баққа келмей, сорға келдік.
Сәлем де Кеңгірбайға кел, кетелік.
Мықты сабаз атаңды терлетелік.

Мұсылманның жұртына маңдай көйын,
Аты жақсы дариядан әрі өтелік!

Мінеки Кеңгірбай би осындай тұжал, тәуекелшіл адам болған. Өткен дәуірлерде қазақты ел қылып, жұрт қылып ұстап тұрған осындай ақылды адамдар: Қаракеңді-Жидебайлар да Қарқаралы территориясында әрі барса 200-250 шақырым шамасының аумағында өмір сүрген. Бұл кісілердің әрқайсысы туралы том-том кітап жазылса артық емес. Бірақ, біздің кітабіміз ой түрткі бола алса да біраз жүкті көтергендей болар едік. Енді бір Қарқаралы феномендері Шөже ақын Қаржаубайұлы мен Жанақ ақын Сағындықұлы. Шөженің сүйегі Қарқаралыдан жиырма бес-ақ шақырым жерде «Бүркітті» (бұрынғы «Киргизия») деген жерде Арыстанбай, Түбек төрелердің бейітімен қатар еш бір белгісіз, секерусіз, тіпті көзіне де боспан төмпешікте жермен-жексен болуға айналған. Бұл екі ұлы ақынды да, ауыз әдебиетінің, қазақ ауыз әдебиетінің ең көрнекті тұлғалары екенін телудің де айтудың да жөні жоқ сияқты көрінеді. Тіпті бұл екеуінің айтыстарын, қазақтың көркем сөз шеберлігін өркендетуге қосқан еңбегін былай қойғанда ұлы эпосымыз «Қозы Көрпеш-Баян сұлуды» жырлап алып қалың елге таратқан еңбегі неге тұрады. Шоқан Уәлиханов еңбектерінде булардың аттары бірнеше аталады, егер күжат керек болса. Ұлы Мұхтар Әуезов «Абай» романында бейсауат адамның атын үлгі, марапат ретінде келтірерме. Шөже мықты болмаса. Мұхтар ауыз әдебиеті туралы еңбегінде екі ақындардан Шөже мен Марабайды бөлек атамай ма. Неге десеңіз булар ауыз әдебиетінің езін жазба әдебиет мәдениеті дәрежесінде жырлаған ғой. Рас, осы екі қазаққа әйгілі ақын «Үш ғасыр жырлайды», «Бес ғасыр жырлайды»- деген тағы басқа мектеп хрестоматияларында бар сияқты. Бірақ та халқының мәдениетін биікке көтерген осындай ұлы тұлғалар елімізде жатын белгісіз күн кешуі ақылға сыймайтындау. Мәселе ат шаптырып ас беруде емес. Басына

белгі қойылса, мысалы Пушкин қорығында, Пушкиннің жанына еріп келе жатқан сұлу бикеш Анна Керн бір кішкене тасқа сүрініп кеткен ғой. Соны мадақтап қойған да ескерткіш бар емес пе? Ал біз дүниедегі ән мен жырды мадақтайтын, қадірлейтін халықпыз дей отырып ауыз әдебиетіндегі Бұхар-Жырау мен Шөже емес пе еді ең ұлыларымыз. Бұлымыз қалай, бұл құбылысты менің сіздерге түсіндіруге шамам жетпейді құрметті оқушылар, өздеріңіз ойланыңыздар. Жанақ та солай Токаревка (Нұраның бойында) немесе Хан сүйегінде жатыр деген сөз, ешбір белгі жоқ. Ешкім мұны естімесін дейміз осы ғажапты. Иншалла, тәуелсіздігіміз бар ғой, таяу уақытта мұның орны толар, үкімет болмаса, байып қылған бір өрен аталарының аруағын риза етер деп үміттенеміз. Жалпыға өте мәлім болғандықтан да бұл үлкен екі ақынның бірде-бір шумақ өлеңін келтірмей-ақ қойды жөн көрдік. Негізінен осы ой-түрткі дүниенің тегі былай болса дейміз-ау. Шөже бар, Жанақ бар, Әсет Найманбайұлы сонау Қытай жерінде оның сүйегін де тауып әкелсе, Нарманбет Орманбетов Балхаш жақта, Күдері қожа Көшекұлы әйтеуір Суықбұлақта қала шетіне жерленген дейді. Нұржан Шопұлы деген үлкен ақын болған. 1935 жылы Қазақстанның 15 жылдығында Республика ақындарының Бас бәйгесін алған екен. Кейін үлкен қызметтер атқарған балалары Мәншүк, Мәлеждар Нұржановтар халық жауы деп ұсталып кеткен соң, өлі марқұм болған ақынның өлеңдері қуғынға ұшыраған. Кезінде Академияға артындағы туыстары қолжазба күйінде өткізді деген ғана дерек бар. Өлі күнге бір шумақ өлеңі жарық көрді деуге болмайды. Оның өзін құрметті ағамыз кезінде Жезқазған облыстық Мәдениет басқармасының бастығы болған, ардагер, жаһан соғысына қатысқан, өнердің, мәдениеттің білгірі, қаз дауысы қаңқылдаған текті адам болған, Мақсұтбаев Қалкен жариялады.

Зейнеп Қоңқарбергенқызы деген ақын анамыз Кент-

те туып, өсіп, жас-тайынан, жиырма жастардан асқанда қайтыс болған. Өзі Абайдың шәкірті тұғындады екен. «Үш ғасыр жырлайды» жинағында қысқа өмірбаяны мен өлеңдері келтірілген. Бұл кісіні тіпті Қарқаралы өңірінің адамдары қазір білмей, аты өшуге айналған. Осының бәріне бергені Қасым Аманжолов, Серік Ақсұңқарұлын қосып Қарқаралыда «ақындар аллеясы» немесе «Гүлзары» деген дизайн қондырғы жасалса, тағы басқа халқының есінде қиғағындай нәрселер, бұрын жасай алмадық, тап қазір қалай жасаса да болар еді. Тек қаржат қана керек әрине. Мемлекеттік дәрежеде, әкімдік дәрежеде көтерілсе, нұр үстіне нұр қой. Жоғарыда айтылған айтушы ақындар, билер, қайраткерлер өз заманында қоғамды ұстап тұрған тұлғалар деп білгеніміз дұрыс. Біріңғай ақындар туралы айтар болсақ, сөз өнері бар өнердің алды болған. Айтыстар, қақтығыстар өте дәріптелген олар билік орнына, үкім орнына да жүрген. Сол сөзіне қарап адам сыйланған, сөз білмегенді жақсы атамаған. Ертеде бір топ Қарқаралының сал-серілеу жігіттері Жетісу жақта жаз бойы жүріп қалып, күзге қарай Шу жағалап, Балқаштың сағасына жақындап бір ауылға түсіпті, қарындары ашқан әрине. Сол уақытта бір қойдың етін бір-ақ жеп қоятын адамдар болыпты дегенді кейінге дейін жиі естідік қой, жемей қайтсын бишара жолаушы тап аға аттанса, ешбір тамақсыз үдере тартып ел қонаға, қараңғы түсе келеді екен бір ауылға. Күн батқан тұрғанда жолай кездескен ауылға түсіп жата кету үрдісі де жоқ болса керек. Қонақ түскен ауыл, қонақ келді деп бассалып қойды соя бермесе керек, қонақтың түріне, халіне, кісілігіне қарай сыйласа керек. Міне жоғарыдағы жолаушылар бір ауылға жетіпті. Қара көлеңкеде ауыл қожасы шығып жүрген, қайдан жүрген жансыздар деп сұрапты. Олар Қарқаралының Қаракесегі боламыз – дейді. Булардың ішінде сөзі алымды, шешен әрі ақылды Оспан деген жігіт бар екен.

Сол уақытта әлгі қайсың бірсың, шақырыңдаршы біздің ақын қызды, мықтылармен сөйлесіп көрсін, қандай жігіттер екенін көрелік,-депті. Сонда жетіп келген, сол маңды сыпыра жеңген, жұрттың мақтаныш қылып ұстап отырған ақын қыз екен, келе сала айтыс-қақтығысқа шақырып:

«Үйден жігіт шықпаса нешеу болған,
Қыннан қылыш шықпаса көсеу болған.
Білгіш болсаң бір сөзің айта қойшы,
Аспандағы көп жұлдыз нешеу болған?»-депті.

Бұлар бірін-бірі түртіп сен айт, сен айт дегенде әлгі Осман тұрып:

«Астың дәмі кірмейді тұз болмаса,
Өзен өткел бермейді мұз болмаса.
Үйленгеннен ер жігіт нені білсін,
Шалқасынан көп жатқан қыз болмаса - деп

ұтып кеткен екен.

Міне осы сияқты нәрселер бұрын халық арасында көп болатын, жиналғаны жиналып қалды. Жиналмағаны өшті, жоғалды, тыңдап қойған біреулер болса шығуы да мүмкін. Мысалы, атақты жамбақтай сөйлейтін Шор Кенже шешеннің ел аузында сақталған әңгімелері бірен-саран ғана. Үлкендердің айтуынша кезінде Кенже айтты деген нәрселер қатты бағаланып аңызға айналатын екен. Өзі Құнанбайдың құрдасы, сыйласы болып кейде әдейі қыдырып барып жатады екен дейді. Абайдың еріксіз болыс кезі, бірде Кенже сол ауылға барыпты. Түнерген Абай бөлек үйдегі Кенжеге келіп сәлем беріпті, шай үсті болса керек. Абай болыстық белгі знагін тағып келген екен дейді. Сонда Кенже соны ұнатпағандай «жоғары шық, әлпеншек-сәлпеншегім» депті дейді. Абай күліп шығып кетіп басқа киім ауыстырып келіпті. Бірде Кенже Қарқаралының татардан шыққан ірі көпесі, байы Бекметов Халиолланың үйіне келіпті (осы үй Қарқаралыда

елер мектебі болып тұр). Күн жаңбыр, жер лайсаң болып тұр екен, Кенже аяғында етік, әрине ол уақытта аяқ-киім тыстап кіретін үрдіс жоқ, асты-үсті күңгірген тақтай үйге кіріп келіпті. Даланың саз етікке жұққан еденді былғапты. Сәлем бере келген Кенжеге жаратпай қараған Хадиша (Ақбасқ Жаяуының жұбайы осы кісінің қызы Гүлбахар сұлу кейін Күлбиғи атанып кеткен). Кенжеге осы қазақтың «былық-шылық» дегені не?» деп сұрақ қойыпты, сонда сөз төркінін түсіне қалған Кенже өзінің еденді былғаған ізіне қарап: «былығы» менің ізім, «шылығы» менің өзім-деген. Әрине қазіргі заманда гигиеналық тұрғыдан мұны мақтауға болмас, бірақ қысылғанда сөз табатын тапқырлықты айтуға болар.

Қарқаралы – Сеңкібай батырдың отаны. Бұған соқпай кететін қазақ тарихы жоқ дедік қой жоғарыда. Тарихта аса белгілі із қалдырған Қоянды жәрмеңкесі, онда әйгілі «Айт-байды» сорғалата қалықтата шырқаған Біржан болған. Туған даласының мақтанышы құсы болған, шынжыр балақ, шұбар төс халқының дегдар ұлы Ақайұлы Хасен. Бұл кісі әтбегі, құсбегі, әнші, домбырашы, қожа, молда, сері, сал, ұста, зер-гер дегендердің бәрін ұстаған. Халқының өнерін көтерген. Нашарға қараскан. Өзінің құсбегінің баласы Нығымет Нұрмақовты қамқорлығымен оқытқан, әрі философ, әрі ойшыл көрегендігімен малын таратып беріп қызыл өкімет құрығына түспей кетіп 1930 жылдары өз ажалынан өлген деген сөз бар.

Нарманбет ақын 1860 жылы туып, 1919 жылы Қарқаралыда жаңа өкімет қызметінде тұрып қайтыс болған. Абайдан кейінгі жазба поэзияның ең ірі өкілі дәл сол уақыттағы. Баласы Мақсұт та дарынды ақын екен. Кеңес құрығына түсіп кеткен. Тіпті Нарманбеттің әкесі Орманбет бидің сөз саптасы былай келеді:

Жеңін аунап, жел Көкен»,
Желбірлігің бір төтен.

Тарбақ тану, табансыз,
Жолдас болдым амалсыз-

деп жаңыша ерген пәтуасыз жолдасына айтыпты.

Нарманбет:

«Пушкин менен Лермонтов.
Біздей ақын емес пе?
Ақын болған адамдар
Жұрттың қамын жемес пе?»- дейді.

Өзі туралы:

«Құлжа мойын, марал бас,
Еліктей алдап ала алмас.
Бөкен қабақ, бүркіт көз,
Өн бойының бәрі сөз.
Кереге сақал, кер табан,
Керек болса, мә, саған!- депті.

Нарманбет Орманбетұлы ақынның «Сары-арқа», «Шолпан» деген өлеңдері өте көркемдік, мазмұндық дәрежеде. Оқушылар өздері оқысын-деп жұлмалап келтірмедік. Бүкіл қазақ хрестоматияларына дайын күйінде кіргізе беретін нәрселер, халықтың педагогикасы оқытып жатқан ұстаздарға, балаларға үлкен ғибрат. Өз өмірінде, аз жасаған жиырма жеті жасында қайтыс болған грузин князьінің баласы Николоз Бараташвилиді жиырмадан асатын ғана өлең жазған оны әлемдік классик деп таниды. Нарманбеттің том-том өлеңдері болмаса да қазақтың бай тілін кол-көсір қолданған жарқырап тұрған поэзиясын-классикалық дәрежеде екенін тануға неге мойнымыз жар бермейді. Ардақты Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Хабар» бағдарламасының 21 қаңтар, 2001 жылы сөйлеген сөзінде «Тәуелсіздіктің 10 жылдығы,.. бүгінгі ата-баба аруағы мәселесі»- дегенін өз құлағымызбен естідік. Елдеше не тұрыс бар ағайын!

Қарқаралыға өлең арнамаған қазақ ақындары жоқ.

Әсіресе Ғафу Қайырбеков кезінде өлең жинағының атын «Қарқаралы басында»- деп атап еді. Сырбай Мәуленов, Қасым Аманжоловтың көп өлеңдерінен Қарқаралы иісі аңқиды.

Ясенецкий Богдан Ильич деген адам жер аударылып келген биолог-ғалым. Көп жыл тұрғанда Қарқаралы сайларында өсетін неше түрлі дәрі-дәрмектерді (шөптер түрін) жинап, науқасқа дәрі жасап халыққа шапағатын тигізіпті. Қызықты қараңыз осы кісі өз еркімен мұсылмандыққа кіріп Құдайберген Ильясұлы деген атты алыпты. Өзі сол кездегі Қарқаралы молдасы Имам қари деген кісінің үйінің бір бөлмесіне кіріп сол кісімен бірге ғұмыр кешіп сол кісімен қатарлас дүние салыпты. Мұсылман бейітіне сол өз ұстазы Имам қари жанына өз өсиеті бойынша Қарқаралы халқы ізетпатпен жерлеген. Ол кісінің адамдығын, нағыз мұсылманға сай әрекеттерін халық әлі аузынан тастамайды. Кейіннен химиядан үлкен оқулық жазған академик Покровский деген кісі Кеңес жазалауын осында өтепті. Тарихты білетін оқушылардың есінде болар, Қазан төңкерісінен кейін Петербургты жауламақ болған Ресейдің мықты Генералы Корниловтың үйі әлі Қарқаралыда бар. Сол сияқты өткен Жаһан соғысында немістер қайсарлығы үшін су құйып, мұзға қатырып өлтірген генерал-инженер Карбышев те Қарқаралыдан шыққан. Алдай қаланың аспандай тарихы бар... Ресейдің ең мықты купецтерінің бірі Рязанцевтер өмір сүрген. Қызыл өкімет бәрін тартып алып атып-асып тұқымын тұздай құртқан. Ең соңында қалған Рязанцевтың ару қызы өз үйлерінде өзіне қол салып қаза болған.

Шоқан Уалиханов кезінде соғып өткен, оның шығармаларының бірсыпыра жерінде Қарқаралы аты кездеседі.

Қазақ халқының соңғы батагөйі Ахмет Байтұрсынов 1900 жылдардың басында ең бір әдемі, нұрайлы орман-

ды, шина сулы өңір Ақтерекге мектеп ашып сабақ берген. 1905-1907 жылдар арасында «патшаға қарсы үгіт жүргізді деген желеумен Қарқаралының аядай түрмесінде қанша отырғанын ешкім білмейді, кейіннен Семейге жөнелтіліпті. Сонда ғой Ақаңның «Қош бол енді, Қарқаралы жуылмаған, Аядай бер, Басқа адамын қуылмаған»- деп жазғаны бар тәрізі Некрасовтың «Прощай, немытая Россия»- деген өлеңіне ұқсата жазған ба кім білсін. 1922-1924 жылдар арасында Министр дәрежесіндегі қызметтерде болған, арманда кеткен ардагер ағаларымыздың бірі Жүсіпбек Аймауытов екі жылдай (орта мектепте де емес) бастауыш мектепте төмендеп келіп сабақ берген. Өздеріңізге мәлім, жазалау мұнымен тынбаған, кейін үстап алады атып жіберген. Ахмет Байтұрсыновты да сойтген. Бүгінде Қарқаралыда бұл адамдар қайда тұрды, қойды, ешкімге мәлімсіз. 1940-1950 жылдар арасында жер аудып келген Лиза Тухачевская, Майя Рысқұлова-екі қыз осында фельдшерлер болып істепті. Майя Рысқұлоны ешкім кіргізбеген соң (халық жауы қызы деп қорқады ғой) Шектон Көкенжан деген мейірбанды адам үйіне тұрғызыпты. Ол кісінің өзі 1970 жылдар басында қайтыс болған. Бәйбішесі Маржан осыны әйгілеп айтпай келген, тек кейіннен жария болды. Рысқұлов жанұясы жайын жақсы білетін Шерхан Мұртаза ағамыз мұны біле ме, мәлімсіз бізге.

1920 жылдары Сәкен Сейфуллин келін Қарқаралы жанындағы Қопа деген көл жағасында үйде бірнеше күн ертулеп жатыпты. Сонда әнші-жыршыларды жинағанда ақынның Нұржан Шоңұлы болыпты, әншіден Жаманғай ханның немересі Жәует деген кісі Сәкен алдында ән салыпты, қысқа-қысқа мәліметтер. Қарқаралы тарихы жұмбақ күйінде.

Қазақтың тұңғыш жоғары білімді дәрігерлерінің бірі және халқына қарлығаштың қанатымен су сепкендей қамқорлығын аямаған Садуақас Шалымбаев кеңшілік зи-

рыпта, әйтеуір сол кезде биіктігі екі метрге таяу биік тас белгі (арабша, орысша) жазылып қойылыпты оған да тәуба дейміз. Сәбит Мұқанов кітаптарында айтылатын сол уақытта Мәскеу, Петербургта үш жоғары оқу орнын бітірген. Сатылған Сабатаев алған мол білімді халқының игілігіне жарата алмай, қапыда арманда кеткен. 1919 жылы ақтар Қарқаралыға басып кіріп келе жатқанда соларды жөн айтып тоқтатамын деп алдынан шыққан. Құтырған жыртқыштай бұзып бұрқанып келе жатқан олар тыңдасын ба атып тастапты. Бүгіндері қайда жерленгені де белгісіз. Көп нәрсе кәмпескенің, соғыстың, аштықтың тағы басқа зұлматтардың кесірінен естен шыққан, қағазға жазылмаған. Ал өмір өте бермей ме.

Алдыңғы толқын ағалар,
Кейінгі толқын інілер.
Кезекпенен өлінер,
Бұрынғыдай көрінер –

дейді данышпан-ұстаз Абай. Мәзи жөнінде айтпай-ақ отырмыз. Әйтеуір бірсыпыра нәрселер айтылған, жазылған сияқты. Қоңырлау, қарабайырлау ғана зираты бар. Бұрынғы тарихымызда аса көп біле алмай қалғандаймыз, енді тым болмаса бұдан былайғысынан көз жазып қалмасақ екен. Негізінен Қарқаралы дегенде негізіндегі Қу, Ақтоғай, Шет аудан, ауылдары тарихы Қарқаралыға қатысты. Мәселен 1940 жылы Ақтоғай аудан болып құрылғанда біраз нәрселерді яғни әкімшілік жер көлемін бөліп берген. Оған дейін Қарқаралыға сонау Балқаштың арғы жағындағы жерлерге дейін кірген. Оған себеп Қарқаралы бірese уезд, бірese Губерния дәрежесінде болған ғой. Тек Кеңес дәуірі Қарқаралыны көтерудің орнына бағып төмендетіп аудан орталығы етіп қана қойды. Әрине, патша указымен 1864 жылдары берілген қала аты әйтеуір күні бүгінге дейін сақталып қалды.

Сол кезде педагогикалық техникумға жер аудары-

лып келген «мүйізі қарағайдай» ірі ғалымдар сабақ берген. Мұны бітірушілер сол кездің адамдарының айтуынша аса білікті болған. Жоғарыда айтқан Ақжан Машанов, Орынбек Жәутіков «бұл кісі туралы аз білетіндіктен сөз қозғамадық» тағы басқалары осы педтехникумды бітірген.

Кейінгі Кеңес дәуірінде дүрілдеген академик Әбілқас Сағынов, Қарағанды политехникалық институтының Ректоры бола жүріп Еңбек Ері атағын алған осы техникумды бітірген. Кеңестік жүйе жақсы атаулыға қарсы болып, тектінің бәрін оққа байлағаны мәлім. Сөйтсе де осы қазақ зиялыларының ордасындай Қарқаралы кейінгі кеңестік дәуірге де көптеген талантты маман, инженер, суретші, жазушы, ақындар бергені мәлім. Қазақ өлеңі Қасым Аманжоловсыз айтылмайды десуге болады.

«Өкінбен мен де бір күн өлемін деп,
Өкінем ұқсата алмай келемін деп,
Күніне жүз ойланып, мың толғанам
Өзіммен бірге өлмесін, өлеңім – деп

деген үлкен тума, құйма талант иесі Қасым партиялық шаблонның ішінен шыға алмады. Одан соны талап етті. Кеңестік рухта жырлану керек-деді. Сондықтан дүниеге сирек келетін ақынның өзінің бар мүмкіндігін аша алмай, ақыры жасатыкпен жаңа тегін, ауыр сырқатқа ұшыраған көз жұмған. Жазушылар Өмірбеков, Қанан Сатыбалдин деген мықты ақын, соңғысы жазушы, драматург, қазіргі жазушылардың да, елдің ақсақалы Олжабай Әбілевтер тееге тұрады. Совет дәуірінде басқаға киса да қазаққа қимайтын генерал атағын иайық алып жүрген Құрманов Мұрат шыққан. Кеңестік дәуірде Жаһан соғысының батыры Мартбек Мамыраев деген кісінің атымен туған ауылы аталады. Қай дәуір, қай ел болсын Батырдың аты батыр, заман ағымдары, өзгерістері батырлыққа көлеңке түсірмеу керек. Өйткені Батыр да, ақын сияқты, жазушы

сияқты, әнші, актер, артист сияқты көңілдің, жүректің адамы. бишыр сахнаға жоламайды. Бір қызығы осы Мартбек ауылынан халқымыздың мақтанышы ғарышкер Тоқтар Әубәкіров түлеп ұшқан. Тоқтар Қарқаралыға көп келеді. Кешегі он жыл бұрын өткен ертоқым ат сауырына кеткендей заманда Қарқаралыға да, Қарағайлыға да қол ұшын созды. Бір қыста электр күші берілмей қалып Қарқаралыда қаншама жылу беретін қойның батареясы істен шыққанда, әсіресе мектептердің халі мүшкіл болып қалғанда сол батареяларды дереу тауып вагондап жіберді. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын. Жаманның жамандығын айт, құты қашсын», - дейді кемеңгер халқымыз. Біз алғашқыларын айтуға тырыстық, соңғыларын айтпай-ақ қояйық дедік, жоқ болғаннан емес, оларда бар. Бірақ жүздеген жылдар аңсаған бостандығымызды көңілімізге тоқып еске алып отырғанда олар туралы айтпай-ақ қояйық- дедік. Елеусіз, ескерусіз кетіп бара жатқан бір адам бар. Ол жоғарыда айтқан Мартбек Мамыраев ауылынан шыққан, естуімше Кеңес дәуірінде сонау Шалғай Күншығыс елдерінің бірінде үлкен барлау қызметін атқарған генерал-лейтенант Ғабдуллин Исатай деген кісі екен. Көптеген орден, медальдардың иесі, барлау қызметінің құпиялылығымен аты аталмаған. Енді атайтын шақта Мәскеуден еліне келіп Қарағандыға тұрақтағанда жылға жетпей қайтыс болған. Әскерилеріміз бе, тарихшыларымыз ба, есіңде болсын-деп айтып отырған жайымыз. Кезінде осы Қарқаралыдан полигон зардабы кетпей тұрғанда бірнеше келіп, ол уақытта Мәскеуде Қазақстан даму қорының Президенті болып тұрған Тайыр Айтмұханбетұлы Мансұров аты осы кітабымызда атауға өте лайық деп білдім. Құнанбай мешіті ашылып жатқанда сол теңгені (ол уақытта қиынды кезі) қолма-қол аударды. Қаша, аудан халқына аса қажет дәрі-дәрмекті бірнеше дүркін жіберуі, жанына бүгінде марқұм болған облыс аптекалар

басқармасы Тоқсамбиев Крайды алып жүріп, коздестірін жетуші еді. Тайыр бауырымыз бұл күнде келешек Азия барысы Қазақстанның Ресей еліндегі елшісі, «жарты патшадай» қызмет атқаруда, мәртебелі болсын, халқымыздың осындай азаматтары көп болса-дейді аға ұрпақ.

«Сүйер ұлың болса сүй, сүйінерге жарар ол» дейді Абай. Осындайларға арналған болса керек. Тағы, тағы көп жақсылар шыққан Қарқаралы. Мәжілбиев Шай[illegible] деген кісі үлкен эрудит еді,- «Адамның өзі жаман б[illegible] Қарқаралы жақсы»- дейтін көп жерде. Жоғарыда бір [illegible] айтып едік, 25-30 жылға таяу құрғақшылық болып жер құрғап кетті, себебі жері жеткен өтірікші, өтірік мәліметке үйренген жүйенің күйреуінің басталуы еді осы құрғақшылық. Аллаға шүкір, мәртебелі Елбасымыз Мекке-Мединада пайғамбар зиратына кіргенде басталған жаңбыр, иншалла даламызға да жетті. Тәуелсіздіктің он жылдығы жақындаған сайын-ақ нөсер төге салды, бір емес, бірнеше рет төкті, төге беретіндей. Әлде, жерде сәніне қайта кірстіндей. Түсінбеуі мүмкін жастар... Біздің бала күнімізде жайлауға шыққанда даланың мың құбылған түріне, шөптің гүліне көз сүрінуші еді, көңіл де көз де қуанышы еді. Кейін осының бәрінен қазақ даласы айырылып қалды. Себебі: қуаңшылық еді.

Әлихан Бөкейханов 1910 жылы Петербургте шыққан «Киргизы» деген еңбегінде «Крестьяндарды қазақ даласына асығыс түрде үйір-тобын қоныстандыра берсе, тың жердің түгел жыртылары хақ. Бұдан кейін бұл тыңнан айырылған соң, түздыресіз бедеу қалады да, егін өспейтін болады... Қазақ даласының тамаша шүйгін жайылымының топырағы көкке ұшқан соң, дала шөлге айналады, сейтін әлі крестьяндар да, қазақтар да әбден азып-тозып, ақыры жаңа тұрмыстың жағдайына көзе алмай, тау-кен заводтарына, қалаларға кетеді»- деген. Міне, жоғарыдағы айтқан

құрғақшылық табиғаттың бір-бірін ыялап тұрған өсімдік, жануарлар дүниесін бұзғандықтан, Кеңес жүйесінің қатыгез көз жұмбайлық, көрсоқыр қаранғылығы мен бұратана халықтардың өзін де жерін де аямағандықпен тығыз астасқан филантропиялық саясатының жемісі болатын. Иә, келмеске кеткен дүние қазақ болмысы келе жатқан ұлттық рухымызға, санамызға, менталитетке біраз көлеңкелер түсіріп кетті. Бұдан жеңілдегенше қашан. Бірақ ұлы халық, текті халық сеімізді тез жинап енді қайтіп бодандыққа түспейтін тарихтың ащы сабағы кейінгі дәуірде пайдасын да тигізер. Өз тарихынан мақұрым, өз дәстүрін білмейтін, өз тілін білмейтін сырқы патологиясы ғана қазақтар басқа жерді айтпайын дәл Қарағандыда біразы бар.

«Ана тілін білмеген, ақылы жоқ мәңгүрт.

Ана тілін сүймеген халқын сүйіп жарытпас»-

деген қырғыз ақыны Байділда Сарногаев өлеңінің шумағы сонау жылдары жатталып қалыпты.

Ресей елінің үлкен Гуманитары Константин Паустовскийдің өзі айтқан: «Өз халқының тілін, дінін, тарихын білмей оны сүйем деу екі жүзділік»-дейді. Қарқаралы туралы айтып келе жатып ой сабақтап кеттік қой, толқыған көңілдің толқуы шығармашылық шабыт деген осы болар. Сайран Әбішев деген кісі Қарқаралы азаматы үлкен астроном, осы ғылым саласынан оқулық жазған. Бұл кісіні де жадына алып жүрген ешкім жоқ сияқты. Қарқаралы сайындағы «Шахтер» демалыс үйі Ғабит Мүсіреповтың ең сүйікті демалыс орны болған.

1950 жылдары Мұхтар Әуезовтың басына қара бұлт үйіріліп, халық жауы ретінде ұсталу алдында тұрғанда оның жас, дарынды кейін өзі де ұлы дәрежесіне көтерілген Әнуәр Әлімжановтың күш салуымен Жоғарғы Кеңес депутаттығы куәлігін қорықпай беріп, жылдам ұшаққа мінгізіп Мәскеуге

ұшырып жіберген өмірде де, өнерде де батыр тұлғалы Қалибек Қуанышбаевтың істеген ерлігін кім істей қояр екен. Бұл кісі Кеңес Одағы халық артисі пенсияға шыққанда үкімет қаулысымен Қарқаралыдан қызыл кірпіштен шағын үй салып берілген екен, бірер жылдың жүзінде тұрып, кейін үйренген ортасы Алматыға барып қайтыс болған. Осы айтылғандардың үстіне жаһан соғысында аңыз боларлық ерлік көрсеткендер қаншама? Тіпті біз бұлар жөнінде ештеңе айтпай-ақ қоюды жөн көрдік. Мұның бәрі арнайы кітап арқалайтын шаруа. Осы Қарқаралы өңірінде атақты халқына еңбек қылған, ғибратты сөз қалдырған адамдардың ең қысқа кішкене қалқын көне аты берілген. Ұрпақ есінде ұзақ қалуы үшін ойластырып әртүрлі шаралар белгілеу керек сияқты.

Нүркен Әбдіровты білмейтін деп ТМД-да осы уақытқа дейін адам жоқ сияқты, нағыз өшпестей ерлік көрсеткен хас батыр-ұшқыш. Осы ауылдың бір тұрғыны соғыс кезінде ашыққан халыққа бастық болып тұрғанда «Сталин айтты екен деп халықты аштан өлтіре алмаймын»- деп қоймадағы бидайды халыққа бөліп беріпті, бұл кісінің аты Нұрфазыл екен, сол үшін он жыл отырып аман-есен келіпті. Міне батыр, үлкен жүрек! Сөзшең, шешен от ауызды, орақ тілді адамдар бұл өңірде бертінге дейін болған, әттең Кеңестік жүйе олардың аузына құм құйды ғой. Соғыс жылдары Жұманбай ақсақал жасы асып кеткендіктен соғысқа алмаған, бірақ ауыл жұмысынан да шығар болыпты. Оқалақ тиген сиырларды (әрине колхоздікі) жинай алмай бөгелдірген ағцен тиыштап келе жатса алдынан бір өкіл шауып келіп. «Шал, сиырлар қайда, дереу санаймыз»- депті. Сонда Жұмекең:- «жаңа бір сенің алдыңда ғана ала көйлек киген бір уәкіл айдап кетті»,- депті бүлк етпестен. Өкіл аңырып тұрып қалыпты да, артынан түсініп-ай, ақсақал-ай- деп кетіп қалыпты. Сөйтсе Жұмекеңнің ала көйлекті уәкіл» дегені бөгелек-сойгел екен.

Ол тигенде сиыр мағы оқалмаған, қоярға жер таппайтынын ауыл адамдары жақсы біледі. Сол ауыр жылдарда Әзілқожаның әні шынында да ауыл адамдарын қиыншылықтан жұбататын бірден-бір құрал болған, міне бұл астарлы, өрнекті қазақ тілінің құдіреті.

Боздақтың Әубәкірі деген кісі сері, сал адам болған. Қызыларайда өмір сүрген. Соғыс кезінде жасы асып кеткен адам, немістер Бакуды алып қою қаупін естіген болса керек, бір балаға «оқу қайда, Баку қайда, ашық ауыз тесік мұрын» деп қалжыңдап сотылсы үшін «жау» атанып кете жаздаған. Ұзын бойлы, зор денелі, сұлу мұртты сақалды келбетті адам еді. Қазақтың Қызыларайда туып 1921 жылы Қытайда өлген ұлы ақыны, әсқақ әншісі Әсет Найманбайұлымен немерелес екен. Өзі домбыра шертіп ән салатын, көптеген қиссаларды жатқа білетін. Әсет ұлы Абайдың ақын шәкірттерінің бірі болған. Асқан әнші «Інжу маржан», «Қисмет» тағы басқа әндері биік композициясы, басқа қазақ әндерінен өзгешелігі, айтылу шеберлігін өте қажет ететін әндер.

## Арқаның ең биік шоқысы – Қызыларай

Қызыларай тауы, Қарқаралы сонау Тянь-шаннан бері созылып, Тарбағатайды бойлай келіп аласарып кететін тау өлкелері болса Қызыларай сол Қарқаралының жалғасы. Теңіз деңгейінен 1558 метр болып жағырафия ғылымының анықтауынша нісі Сарыарқа яғни — Орта Қазақстандағы ең биік тау. 1954 жылы күз айында шыққан «Советтік Қарағанды» газетінде Қызыларай тауларынан археологиялық өте құнды экспонат табылғанын жайлы және оны өте көркем баяндап жазған Әлкей Марғұланның мәтіні бар еді. Онда Қызыларай тауын зерттеп жүрген кезде ертеде темір

қорыққан орындардың табылғанын және алтын ертоқыммен әрттелген шағын ат мүсінінің шебер соғылғаны және анадай жерде малдас құрып отырған алтыннан құйылған адам бейнесі әмбе табылғаны айтылған еді. Өкінішке орай кейінгі археологиялық мәліметтерден ондай деректі кездестіре алмай жүрміз. Әлкей Марғұлан 1960 жылдары да біраз зерттеді Қызыларайды, Беғазы-Дәндібай мәдениеті тарихқа біржола енді. Астанадағы мемлекетіміздегі бірегей археологиялық мұражай экспонаттарының көбі Қызыларай тауларынан. Мұнда Тобықты елін Сыр бойынан бастап келе жатқанда Мамай батыр қиыншылықпен асқан асу бар. Өйткені сол кезде Қызыларайды да қалмақтар жайлап бекініп алған екен. Кездейсоқ кездесіп қап үлкен ұрыс салуға мәжбүр болыпты. Жеңіп өтіпті. Мұны тарата айту тарихшылар міндеті болса керек. Қызыларайдың табиғаты өте әсем, ертеден ән мен жырға өзек болған, ақынның қиялын әрлеткен қарағай, қайың, тал аралас өскен, сайдан жамырай аққан өзеншелерден күкірт иісі аңқиды, шөптің, гүлдің неше атасы өседі. Емдік қуаты сияқты дәрі-дәрмектің шөптің қоры көптеп кездеседі. Жер шалғайлығы, тауының қиындығынан толық зерттелмеген жер, сондықтан да Кеңес дәуірінде де бағы ашылмады. Аң мен құстың көптеген түрлері, әсіресе арқардың ең элиталық тұқымы, қаршыға, лашын, сұңқарлар көптеп мекендейді. Көптеген үңгірлер, тас жазулары, тас балбал мүсіндер жүздеп кездеседі. Әрине кеннің де әртүрлі қоры бар. Қаныш Сәтбаевтың кітабында айтылған. Қызыларай Шоқан Уәлиханов жазбаларында үш жерде ұшырайды. Кейінде Прионан келіп кетіпті. Потанин және Усова деген ғалымдар зерттепті. Потанин белгілі адам, ал Усова биолог болса керек шөп, өсімдіктерді зерттеген. Бұған себепші болған тұңғыш «Алашорда» төрағасы болған, халқының азаттығы үшін өмірінің соңына дейін қызмет қылған, сол жолда михнат шеккен, ай-

дауда, түрмеде болып әйтеуір кездейсоқ атудан аман қалған Қызыларайдың тумасы, 1913 жылы Томск политехникалық институтын алтын медальмен бітірген Әлімхан Ермеков екен. Әлімхан Ермеков туралы бір-екі ауыз сөзбен бітe салатын дүние жоқ. Қазақ тарихындағы тұңғыш математика профессоры, жаңылмасақ жиырма жасты орталаған кезі сонда, Санжар Жағыпарұлы Асфандияровпен Қазақ мемлекеттік Университетін құрушы, жоғары математикадан тұңғыш қазақ оқулығын жазушы. Бұл кісінің өмір бойы қуғында жүрсе де жасаған маңызды, мағыналы жұмысын, ерен қайраткерлігін бір-екі ауыз сөзбен айта алмаспыз. Қалкен Мәженбаев, Қайырбек Сәдуақасов деген мәдениет қызметкерлерінің шағын «Әлімхан Ермеков» деген кітапшасы шығыпты. Басқадай үлкен дүние әлі жасалмаған сияқты. Қазақтың осы ардагер ұлы қайтыс болғанда сырбаз жазушы Ғабит Мүсірепов «Қазақ әдебиеті» газетінде өз қолымен қазанама жазыпты. Онда: «Семей гимназиясын алтын медальмен бітірген Әлекең, Томск Политехникалық институтын және алтынмен бітіріп, будан былайғы өмірін халқының бостандығына бағыштаған... Қазақ еңбекшілерінің хатын алып Лениннің алдына барған Әлекең...» деп тебірене жазғаны есімізде. Ардақты аталары туралы үлкен зерттеу жасау жаңа түлек, буырқанып келе жатқан ұрпағының міндеті болар. Әлекең «Алашорданы» басқарғанда Сұлтанмахмұт Торайғыров оған арнап өлең жазған, көзі қарақты оқушы тауып оқыр. Сол Томскіге Қаныш Имантайұлы Сәтбаевты өз орнына жатқызып, орналастырып кеткен... Жалпы сол уақыттағы Қазақ зиялыларының бір-біріне өте тілектес болғаны ғажап. Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Әлімхан Ермеков болып жатқан басқалары. батысы бар, шығысы бар, бірін-бірі өте аялағанын үзік болса да сол кездегі жазбалардан да байқауға болады. Мұндай үрдіс француздарда болған. Гюго,

Делорма, Сент-Бев, Шатобриан, Ламартин сияқты ұлы француздар бірін-бірі дәріптеумен болған. Өкініштісі қазақтың ұлы тұлғаларынан бастау алған ынтымақты олардың інілері бұзып алған сияқты. Отаршылдықтың зардабы ма екен, әрқайсысы өзін қолпаштап кеткені, тіпті бір біріне жамандай жаулық қылғандары да бар екенін біз ғана емес, көзі қарақты жұрт біледі.

Қарқаралы-Қызылтарай арасы сексен шақырымдай. Бұрын аттылы ауыл атанған Қызылтарай қазақ халқына бір Әлекенді бергенін айтсақ оқушы таңғалмас. Ол Әлихан Бөкейханов. Бертінге дейін жасап қайтыс болған, өзі де үлкен қайраткер және өмірлік ораза ұстаған діндар Смахан төре Бөкейханов 1994 жылғы «Жұлдыз» журналында басылған өмірбаяндық естелікте «Әлихан 186... жылы Қызылтарайда туған. Туғанда кіндігі кесілмей туған» деп ашық жазған. Смаханның естелігі арнайы әдебиет үшін дайындалған нәрсе емес, өз жанұяларының тарихын, шежіресін жазған. Сол дәптер кейінен әдебиетшілер қолына түскен болу керек, бір сөзін өзгертпестен жариялаған екен. Бірен-саран олақтау жерлері болғанымен өте көркем дүние деуге болады. Оның құндылығы Әлихан Бөкейханов туралы нағыз құжаттық дүние екендігі.

Әлихан Бөкейханов туралы біраз мәліметтер көп жазылып та айтылған сияқты. Оның бәріне тоқталмайтынымыз сондықтан. Петербургта Орман Институтын бітіруінің өзі Әлекеннің келешек қазақ жерін орманға айналдырмақ болған талабын меңземей ме. Бірақ сол кездегі қоғамдық саяси өзгерістер Әлекенді де халқының мүддесі үшін күресуге мәжбүр еткен. Үлкен ғұлама, сол кезде қазақ баласының бұл кісіні сыйламағаны жоқ екен дейді. Қазақ түгілі белгілі орыс ғалымдары ол кісіні Александр Николаевич деп атапты. Әлекеңе сол кезде Ресей ғылым Академиясы тарапынан

Сібірдің тарихын жазуға тапсырма берілипті. Ол жазылды ма, жазылса қайда қалды іздену керек, іздену керек әрине, талапты ер болса. Басқалардан гөрі Әлекеннің біраз дәрежеде аты аталған сияқты. Бірақ әлі ұрпақ еліне мәңгі жатталатындай жағдай жасалған жоқ. Қарқаралы-Қызыларай-Ақтоғай сөз болғанда осы бір Бермуд үш бұрышы сияқты феномен. Ақбайұлы Жақыптың туған ауылы Бүркітті, Әлімхан Ермеков туған Былқылдақ бойына қырық шақырым жер. Әлімхан Ермеков туған жерден Әлихан Бөкейханов туған ауыл арасы (Жіңішке өзеніне жақындау) қырық шақырым, Әсет Найманбайұлы туған Керегетас қыстауы (Қызыларайдың бір шырайлы сайы) тағы қырық шақырым осы Әсет туған жерден. Қасым Аманжолов туған Қызыл деген жерге қырық шақырымдай. Екі Әлекеннен басқа, Қызыларайда әрі сұңқар салма, әрі жазба ақын, әрі ғажап биік дауысты әнші Әсет Найманбайұлын кім білмейді, жоғарыда айттық. Қытайда төңкерістің қырсығынан барып өлген. «Әсет пен Ырысжанның айтысы» айтыс өнерінің «Біржан-Сара»дан кейінгі шоқтығы биік айтыс екені дау тудырмауға тиіс. Қызыларай қазақ-қалмақ соғысында үлкен ерлік қылған, тарих мойындаған батыр Сеңкібайдың және інісі батыр Шойдың туған жері. Сеңкібай зираты Нұраталдың бойында, Шой зираты тіпті Қызыларайдың өзінде. Мұның себебі сол уақыттағы көшпенділік салтында. Осы өңірден қалмақтарды қууда Сеңкібай батырдың әкесі Оразұлдың және оның бәйбішесі Сырым (Ұлы жүз, Үйсін қызы) Қалмақтарды әртүрлі шарттар қойып, дипломатия арқылы кетіру жолдарын қарастырып іске асырған ақылды адамдар болған. Мәселен бұлар палуан күрестіру шартын қойды қалмақтарға. Кімнің палуаны жеңілсе солар көшіп кетеді. Сырым бәйбішенің құрметіне халық Сырым өзені деп күні бүгінге дейін атайтын Қарқаралы мен Ақтоғайдың тура орта тұсындағы әжептәуір өзеннің екі жағында қазақ-қалмақ

жеңісе алмай отыр екен дейді. Міне әлгі айла осындайда өз жемісін беріпті. Екі жақта өз балуанын салыпты. Уәделескен қырық күн өткенде екі жақ балуандарын шығарыпты. Қазақ жағы Томай деген балуанды шығарыпты. Қалмақ балуанының бұғанасын сындырып жіберген екен. Содан қалмақтар жеңіліс көшіпті. Томай батырдың тегі кім екенін осы уақытқа дейін белгісіз, бірақ Қызыларайда қыстақта аты бар, елдің есінде қалған адам, ұрпақтары бар.

Қызыларай туралы әндер, жырлар көп, қазақтың бұл өңірде болған ақындарының бәрі де бір-бір жырын арнаған. Жоғарыда Қызыларайдан шыққан ақын, әнші Әсетті айттық. Осы кісімен тұстас жоғарыда айтып кеттік Нұржан Шонды деген үлкен ақын болған. Бірақ бүгінге дейін шығармалары қазақ Академиясының қолжазба қорында қалып жарыққа шықпай жатыр. Әсет, Нұржаннан кейін елдің есі шығып қалған ауыртпалықтардан кейін бір өзі көпке татитын нағыз өр өлеңнің иесі, тек өлеңмен ұйықтап, өлең көрпесін жамылатын, расында Қасым айтқандай «өлеңмен құйылған дерлік Серік ақын Ақсұңқарұлы шықты». Серікті ақын ретінде жауы да, досы да таниды. Бірнеше кітаптары өлең сүйер қауымның қолынан түспейді. Елуге толған тойында тұмыр-тұмырында іші адамға толмайтын Қарағандының С.Сейфуллин атындағы театрда ине шаншар жер болған жоқ. Ұзына тіршілігінде де ұлы десе жөн болар. Серіктің өзіміз куәсі болған, он сегіз жасында Қарқаралының Шайтан көліне шығарған «Шайтан көл» әні, сөзі де әні де өзіндік ғажап ән. Кезінде бағы ашылмаған ән, Огинскийдің «Полонезі» құсап енді жарқырай ашылып, ән сүйер қауымның ресми сахналардан шырқалатын сүйікті әніне айналды. Осы арқылы Серік Ақсұңқарұлы қазақ ән өнері тарихында да қалатын болды. Қызыларайдан кезінде көптеген әнші, жыршылар, ертекшілерге дейін шыққан. Олардың атын айтып мезі қылмайық, сүйікті оқушыларды. Біраз әңгіме

қазақтың шығу тегі туралы бірсыпыра дүниелеріміз бар еді. басында осы кітапшаға қоссақ деген ойымыз болған, бірақ та нәсіп болса, бөлек шаруа ретінде қарастырсақ деген ой басым бола берді. Сондықтан оны қоя тұрдық. Жоғарыда біз атын атаған қазақ жақсыларының ұрпақтары Қарқаралы, Ақтоғай өңірлерінде өмір сүріп жатыр. Алла оларға қуат берсін дейміз. Осы жолдар жазылып жатқанда теледидардан Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің ЮНЕСКО-ның дүниежүзілік аса маңызды ескерткіштер құрамына енгізілгендігін диктор қазақ қызы айтты, көңілімізге нұр құйылғандай болды. Ең қымбат нәрсе бостандық еді. ол бар, басқасы «қорпында бар, олағар» демей ме, түзелер, іселер, жасалар, орнар! Айтпақ ойларымыз көп болатын. Бірақ оның бәрін кейінге қалдыра тұрғанды жөн көрдік. Пәтуа көңіліміз бұл кітапшаны биыл атап өтілетін ұлы мереке – халқымыздың тәуелсіздігінің он жылдығына арнағанды жөн көрді. Неге десеңіз, осының ішінде айтылғанның бәрі осы қазақ деген халықтың ұлы бола тұрып, жақсы көрсетпегімізді, сүйсінгенімізді ұрпақтарымызға білдіру еді. Әрине, жақсы көруді әркім өз дәрежесінде білдіретін шығар, дау жоқ. Сондықтан да кітабымыздың аты да айта қаларлықтай болсын дедік, дербите сыбырлаған шығар «Аламды өз атымен атайтын халық» деп атадық, расында да солай екен ойлап көрсек. Жоғарыда айтқан Абай сәулетханасын жасаған Сайын Назарбекұлы досымыздың 1994 жылы Ақтауда жазған бір өлеңінде:

...Жүрсем түйіп бір ойды жинап көптен,
Ішкі сезім айтқызбай қинап көп пе ең?..
Оян, қазақ, Алам деп Адам-ата,
Саған таза өз атын сыйлап кеткен.

Деген тамаша өлең шумақтары кітаптың аты жөніндегі ойымызды бекіте түсті. Өзімді «Хабар-2» бағдарламасы облыс орталықтарынан бірінші етіп танымдық «Тіл мен дін»

айшарлы бағдарға шақырған еді, 2001 жылдың 6 сәуір күні кешке жүргізушісі Бейбіт Сапаралиннің дін танушы ретінде де шығармашы ретінде қойған сауалдарына жауап бере отырып, осы кітаптың жазылуы туралы да сұрағына аты жоғарыдағыдай болады деп жауап беріп едім. Сонымен сүйікті Республикам – Қазақстан алдында, мәртебелі Елбасымыз алдында, бұрын көргені бар, оқығаны-тоқығаны бар, әр нәрседен хабарлар адам ретінде өзіндік шабытпен келген кішкентай еңбегімді ғибрат алар жастарымызға, жалпы халқымызға арнап ұсындым. Олқы-солқы жерлері болса алдын-ала кешірім өтінемін. Өз басым өлең де, қарасөз де шабыттан туады деп есептеймін, сондықтан түзетуге қарсымын. Қазды бір жұлдырғаннан кейін, жұлынған қауырсынды қайта сұққанмен, Онысын орналастыра алмай лақтырып тастағандай сияқты шаруа деп ұғамын. Көңілге дүние болса әрине ондайға көнер, сондықтан қайта оралып, қаламның жазғанына тиіспедім. Осы кітап қолына тиген оқырманды Тәуелсіз Қазақстанның 20 жылдығымен құттықтаймын!

Құтты болсын!



## Екінші кітап

# АБЫЛАЙ ЗАМАНЫ

деректі тарихи - танымдық роман

## І – желі. Көш

Айдынына көз жеткісіз Көкше теңіз көгілдір тартып жатыр. Дәл теңіз жиегіне келіп көз салсаңыз ғана теңіз тіршілігінің азын – аулақ куәсі боласыз. Құстардың неше түрлері, әсіресе бауыры жарқыраған шағалалар теңіз үстінде ұшып жүреді. Құстар да айдын теңізге бойлап кете бермейді, жиекті сағалайды, өйткені олардың ішін – жемі, ризығы осы таяздау жиектен табылатын секілді. Оларға жем болатын құрт – құмырсқа, бақа – шаян, ұсақ балықтар таяздау жерде жүреді.

Көкше теңіз осы жатысында адам ұғымынан тыс секілді. Бұрқаныш та жатқан жоқ, көк бұлдыр тартқан түнсіз бір дүние. Балқаш көлі аталатын осы айдын теңіз бір заманда қалмақтың, шүршіттің де көз құрты болған. Бірақ қазақ әскерінің тегеурініне төтеп бере алмай жаулар кейін шегінетін. Осы алып теңіздің айдыны қайдан басталып шеті қай жерге жететінін ол уақытта ешкім болжап қылмайтын, ол кезде халыққа алып кең шетсіз – шексіз көрінетін. Өздері осы теңізді мақтаныш көргенмен не балығын ұстап кәсіп қылмайды, бірді – жарым балық аулайтындар болса келеке көзі болып шыға келетін. Мұның себебі жергілікті халықта мал көп еді, әсіресе түйе малына мұнда жартылай діндей жағдайда көп мән берілуші еді. Жүз түйесі болса үлкен бай болып есептелетін, жылқы мен қой да құнды болып есептеледі, ал сиырды «қасық» деп бірен – саран кедейлеу үйлер болмаса ешкім асырап, сақтамайтын. Мұның екінші бір себебі де бар еді, қой мен жылқы тебінмен шығады, ал сиыр малы тебінге осал, тіпті жоқ десе болады. Сондықтан да он бес – жиырма сиыры бар үйлердің қожасы жылқылы байларға жалға жүреді, жылқы бағысады, түйе қайтарысады, көмектеседі. Себебі әлгі қу намыс сиырдың сүті майлы, айра-

ны тамаша азық болса да, оны үйдегі шиеттей балаларға тастап өзі байға кететіні жылқы мен қой жоқ болғандықтан. Қазақ халқы жаратылысынан намысқой Көкше төңірегі тығыз орналасқан елдің тіршілігі Арқаның беліне қарай жайлаған халықтан өзгешелеу. Түйені көп ұстайды дедік, жылқыны да мол өсіреді және жылқы тұқымы үлкен байларда әртүрлі болып келеді. Кейбір байлардың жылқылары әсіресе Арқа беліндегі «Есбергенің сараласы», немесе «Таубайдың күреңдері» деп аталады. Қазіргі тілмен айтсақ бұлар асыл тұқымды жылқылар. Кәрсоп елінің берекелі де ақылды байы, өзі болыс Есберген Садырбаевтың бес мың сараласы болған. Бұл саралалардың арғы тегі Ресейдің тоқымақ жақты қазанаттарымен қан араласқандықтан әрі мықты әрі жүйрік ұзақ шабысқа да, жорық жүрістеріне мықты келеді.

Кенесары әскері Орта жүзде, Арқадағы бай, мырзалардың қай-қайсысымен болса да жақсы қарым-қатынаста болған, әлгінде айтып отырған Есбергенің әкесі Садырбай да кезінде Кенесарыға тілектес болып осы мықты сарала аттардан хан маңайындағы жасауылға беріп отырған, өйткені жасауыл отыз-қырық адамнан кем емес, хан маңайын осы әрі биік, шоқтықты сарала жылқылармен сән кіргізетін болған. Осы жайдың жалғасы ретінде Кенесары – Наурызбай дәуірінен кейін Қаракесектің Жарылғап атасынан тарайтын Ақайұлы Хасеннің осы дәстүрді жалғастырғанын айтуға болады. Губернатор келе жатыр – дегенде Семейден Балқантау арасында жолды тазалатып сыпыртқан әрі айбынды, әрі дала рыцары іспеттес Ақайұлы Хасен өзінің көп жақсы істерімен кейінге аңыз болып қалған. Әсіресе бүркітші, саятшы, аңшы, малшыны өз кәдір – қасиетімен ұстаған. Адамды кемітпеген қайта оның бойынан жақсы қасиеттерді іздеп және тауып пайдаға асырып отырған. Міне, осы Хасен кезінде түске дейін отыз қаракөк ат мінген ерекше киінген нөкерлер ертіп жүретін

болған. Ал түстен кейін күн еңкейе отыз ақбоз атпен нөкер еріп далаға ерекше көрік берген. Қазақ даласының өзінің айрықша салтанаты болған. Батырлары, балуандары бәрі де өз көркімен, сәнімен болған. Бірақ қызық одағай жағдайларда көп кездескен. Әсіресе, асқа, тойға барғанда балуан, әнші, шешен, би ертіп барумен бірге, бір байталдың етін бірақ жеп қоятын мешкейлерді де ертіп баратын болған. Мұның мәнісі мынада: қарсы алған жақ келген қонақты тойдырар ас беру керек, ас келген қонақтардың алдында таусылмай қалатын болу керек. Егер берген асты таусып қойса «бұлар бізге дұрыс ас та бере алмады» дейтіндей мін болмақ. Егер таусыла алмаса қонақ күткен жақтың пайдасына шешіледі. Қазақтың бір мінезі ежелден бәсекеге құмар. Бұл мінездері кейде жамандыққа да ұрындырғанмен, кейде өздеріне жарасып тұрады. Тоқырауынның шығыс жағындағы елде Бөлемес деген кісі болған. Осындай ерегістерде тай, байтал етін жалғыз жеп кеткен кездері болған. Бірақ бұл мешкейлердің де кесек мінездері бар. Бәстен басқа уақытта текті бүркіт сияқты артық жем сұрамайды. Үй не жесе, үй – іші балалары не жесе, не ішсе соны қанағат қыла береді. Құрдастары Бөлеместің әйелінен «күйеуіңе тамақ қайдан шақ келеді» - дегенде: «бізден бір түйір ас артық жемейді» деп жауап беріпті. Тек бір –ақ рет қатты ренжіп, қонақтар мезгілінде келмеді деп, пісіріліп жатқан тұтас тайдың етін, ерегісіп жалғыз өзі жеп қойды, өзім де күйеуімнің артық мінезін біріншi көруім депті әйелі. Ел ақсүйектері оңтүстік өңірге ертіп барыпты. Барған аулында мезгілі өткен кезде немесе қымыз бермепті. Семіз тайдың етін бәске жеген Бөлемес бәстің шарты бойынша орта қазан сорпаны да сыпырып ішкен соң «енді шөлдейтін шығармын, қымыз болса», депті. Сөйтсе ауыл иелері қымыздың жоғын айтады, Бөлемес алған бетінен қайтпай «сендеше езген құрт болса шөл басуға ішер едім», де-

деп сол, әлгі бай үйінің қысқы сорпаға қосуға арнап астауға толы жас, кебуінің аз – ақ алдында құртты әлгі астауымен екі жігіт екі жағынан сөреге ұстап көтеріп әкелсе, әлгі батырымыз ошысымен қоймай, «мұнан басқа құрт ішетіндерің бар ма» деп сұраса басқа жердің басіне қатысып жүретін сол маңайдың бір жетіші құртқан сонсоң ішкісі келетінін айтады. Оған дереу шетінен омырып бір кесек езін беріп, астаудың орта жеріне су құйып, әлгі астау көтеріп әкелген екі жігіт құртты дереу араластырып жіберіп Бөлемеске жақындағанда – ей, жігіттер, арғы басынан астауды көтере беріңдер – деп, әлгі астаудағы езілген құртты тауысып ішіп қойыпты. Осы сөзді бертінге дейін жасаған Бөлеместің немересі, әңгімеге жақсы Хайдар қарттың аузынан естіп едік. Міне, дала жігіттерінің дүниенің бірде – бір еліне ұқсамайтын сақы мінездері.

Сөз басында Балқаш көлінен сөз қозғағымыз келген, бірақ дала серілерінің мінез – құлықтары ойымызға түсіп кетіп сол шегініс жасадық. Балқашқа Іле, Қаратал, Лепсі сияқты үлкенді – кішілі өзендер құйып суын толықтырады. Осы айтулы теңізге Батыстан келіп құятын бір ғажайып өзен бар, оның аты Тоқырауын. Хикаямыздың бұдан әрі желісі осы Тоқырауынның ол жақ бұл жағында болмақ. Тоқырауын қайдан бастау алады екен?! Қарқаралы тауларының солтүстік батыс сілемдерінің етегінде қысаңдау сайлы бір ұзынша төбешіктің арасы әртүрлі орман жыныстарына толы. Дәл осы жерден Тоқырауын басталады. Жаңағы сайдан лық ағызардай екпінмен ғажайып бір жұмбақ көрінісімен атқылап шығады. Жол бойы осы арна бойында кішкентай бұлақтармен өзеншелер қосылып Ақтоғайға жақындағанда әжептәуір өзен бейнесін ала бастайды. Бұлақтан бастау алған суы әрі таза, тұщы мейір қандырарлық. Әжептәуір қуатпен ағып отырып үш жүз шақырымдай жол жүріп Көкше теңіз – Балқашқа құяды. Негізінен жақындағанында құм астына сіңіп жоғала ба-

стайды. Теңізге Тоқыраушының жайына келіп әлгі құм асты-
на кіретін кезінен өту – ашық шақырымдай әрірек жер Саға деп аталады. Қарамеңде бидің тұрағы, оның ұрпақтарының тұрағы осы. Қаракең кезінде өз қандасы Кеңгірбаймен келіспей, сонау Шыңғыстаудан көшкенде қазақ ішінде қалам деп ойламаған. Өзі ірі жүректі батыр, мәрт би еді. Бастапқы көшті ала жөнелгенде не мұсылман жұрты деп түріктерге, не қазақтар, әсіресе Албан, Қызайлар мекендеп, жан – жақсы тұрмыс құрып жатқан Қытайдағы қазақтарға қарай өтпек болатын. Қарамеңденің тұтас өз руластарынан біраз жұрты ала жөнеліп алысқа бет түзеуі расында ірі қимыл болатын. Ол уақытта ағайын арасында әртүрлі кикілжің көбінесе жер, жесір жөнімен болып ауа көшетіндер болатын, бірақ әрі барса алыс ағайын жерінің ауқымында қиып қонып жататын. Сол уақыттан қалған дерек сөзге сүйенсек Қарамеңде ұзын бой-лы, ақсары көк көзді адам екен. Шегірлеу көздері дұшпанға қадалса үрей тудырардай, досына ерекше қамқор жылылық әкелетіндей. Қаракең Балқаш өңіріне жеткенде қырық жастың ішінде болу керек. Арын – алтығандағы көштен Сағаға келіп жеткенде мына Тоқыраумен, оның маңайындағы шилі алқапты көріп, әрі қарай үдере аспақ ойынан айнып қалған сияқты. Қазақ билері өте ақылды болған, оның себебі ағайын ішінде, ел ішінде басқа елмен арадағы дау – дамай күнде болып тұрған десек, билер институтының өзі аса сынақты қажет етеді. Әйтеуір бидің, не батырдың ұрпағы деп биді ешкім қол салмайды. Ол көп билікте сынаннан өткен адам болады, біріншісі қай дауды болсын әділдікпен шешу және биліктің арты былығып жатпау керек. Сонда осы ұзақ үрдістен кейін би деген ат өзі келіп әлгі адамға өзі орнай ба-стайды. Міне, Қарамеңде өзі батыр, өзі осындай адам еді. Кейін Жиделібайсынға жеткізем деуінің өзі оның үлкен жүрегін көрсетпей ме. Қарамеңде батыр көп қиыншылықпен көшті

бастап келгенде шамасы үш жүз қаралы шаңырақ елі деседі. Дулан Тобықты атанған қалың Қаракесектің ішінде бірде күшке жығысып, бірде ақылға келіп, елдің есті адамдарымен әсіресе сан жорықта, жаугершілікте бірге болып тізе қосқан Жарылғап, Жидебай сияқты батыр, билермен тіл табысқан Қарамеңде ауылы Үшдересін деген Балқаштың солтүстік – шығысындағы бір жағы жарқылдай құм болып келетін шөбі аңызақ – тұщылы жерді бұдан бұрынғы ата – қонысы етіп жариялады. Шыңғыстаудан алғаш үдере көшіп келген жылдары Қарамеңде тек руластарының дау – жанжалы болмаса, бұрынғыдай қазақ ішіндегі биліктерге араласа алмағаны рас. Неге десеңіз бүтін бір жұрттың басқа қонысқа көшіп қонуы, орналасуы оңай емес еді. Алғашқыда жақсы қарсы алғандай боп сыр білдірмегенімен кейіннен қарауындағы жұртты қағажу көре бастағаны болатын. Өйткені қазақ мал өсірген соң осындай ұлан –ғайыр жерде тұрса да бәрібір аз болып көрінуші еді. Азғана малы бар, кедейлеу бес - алты үйлі ауылға түсің, есіктің алдында тұрып күн көзінен қолыңызды маңдайыңызға қойып көлегейлеп алдыңызға көз салсаңыз көкжиек шетсіз – шексіз сияқты. Алдыңызда сағымданып тұрған кішірек дөңес таулардан бері біргауым елмен мал сиятыны көрінер еді. Бірақ, іс жүзінде олай емес, әр жердің жаман – жақсы болсын иесі бар, негізінен көрші ауылдардың ірілі – уақты малдары, жылқы, түйелері бұл даланы жайлаған ауылдар арасында еміп – еркін аралас жайылады. Бұндайда ешкім ештеңені қорымайды. Ал сырттан бір тайлы елдің мал – жанымен сиып кетуі оңай емес. Бірақ басқа – басқада Қарамеңде бидің жөні бөлек еді. Жанында жас билер Сана мен Орманбет бар еді. Қысылтаңда ақыл табатындығы кашаннан бар болатын. Бір кезде өзі қазақ елінің көп жеріндегі айтыс – тартыстарға билік айтқан және мұның билігіне ризалық қылмай сартынан бұзылды, қайта билік қылды» - дегенді естімеген. Бірақ ол

бір дәурен еді, қазақ – қалмақ соғысының аяқтала бастаған кезі еді, қазақтар да ес жинап, етек жаба бастаған. Міне, Дадан көші осы мезетте болды. «Адамның басы алланың добы» деген рас. Әйтпесе жүздеген жылдар қалмақпен шайқаста Шыңғыстауда жеңісті тірей ұстап тұрғандардың ұрпақтары енді «тыныштық орнады» деген мына заманда ауа көшуі – тағдырдың бір жұмбағы сияқты болатын. Бүкіл нәубет, осы соңынан ерген халықтың жауапкершілігі Қарамендe бидің мойнында еді. Қаракең Қаракесекке жылдам сіңісіп кетті. Кейінде өзінің бүкіл Арқа қазағына, қала берді қазақ халқына аңыз болып қалатынын сол кезде Қарамендe би білді ме екен?!

Қарамендe бидің бергі бір тайпа елмен сіңісіп, сіңісіп кетуіне басты себеп өзінің данышпандығы болса, екінші бір себеп қолындағы қара бүркіті еді. Кейінгіге аңыз болып қалған қара бүркіт тарихы, сол уақытта бидің көзі тірі кезінде-ақ айтылып жүрген. Қарамендe би бөлініп көшін бастап сонау Шыңғыстаудан – Қарқаралының шығыс сілемін басып, Томар, Бүркітті, Сарыобалы, Қызыл деген жерлерді басып өтті. Бұларда қалған түйе көп болды. Себебі, алысқа мықты болады деп түйеге көп күш салыпты. Үдере көшкенде көбісі, әсіресе түйесі азлар сонда қалған ағайынға қолда бар жылқы, сиырларын түйеге айырбастап алысты. Кейбіреуі түйелерін құнжыққан соң, оған қарап тұруға мұрша жоқ, екі қара, үш қарамен басып беріп алғандары көп. Жарықтық Ойсыл қара айтқан жерден шыққандай болды.

Көш Тоқырауын өзеніне жақындағанда Қарамендe Керней Жарылғап батырға кісі жіберді, Қаратордың Сеңкібай батыры, әрі биі кейінге қалдырылды. Өйткені Тоқырауынның ұзына бойын алып жатқан Қарсон – Керней елі, одан қалған жердің шұрайлысы әсіресе Тоқырауын бойынан кездесетін иірім, тұнық қарасулар, қара мойыл, қызыл мойыл араласа

өскен тоғайлар Әлтеке – Сарымдардың иелігінде еді. Бұл аталғандар Қаракесек ішіндегі әлді текті рулар болатын. Тіпті орыс патшасы «бекет» деген сылтаумен Баян, Қарқаралы және Нұра бойына біраз казақтар станицасын салғанда Тоқырауын бойы патша шенеуніктерін қатты қызықтырған болатын. Бірақ әлгі рулардың тегеурінен қорқып бұл өңірге жолай алмай отырғанды. Бірнеше рет жіберген жер өлшеуші – землемерлер, оның ішінде адам тіпті із – түссіз кеткен. Жазалаушылар шығарғысы келсе де әлінтің арғын бағып отырған жайы бар еді. Бірақ түптің - түбінде осы өңірге келіп орныққан ойлары болатын.

## II – желі

Арғы жағы Арғын, одан бері бес Мейрам деп аталған қалың жұрттың ішінде Кәрсон – Керней рулары ерекше еді. Малмен басы өсіп бақ қонған, құт дарыған ел атанып еді. Жоғарыда айтылған «Садырбайдың сарыаласы» атанған асыл жылқы тұқымы, көзсіз ерлікпен көзге түскен батырлары бар ел еді. Қалмаққа қарсы сан жорықта Көкбөрі атанған Жарылғап батырдың даңқы аяқ жетер, сөз жетер жерде аңыздап тұрушы еді. Тіпті Балта батыр туысқан башқұрт елінің ұлт азаттық күресінің бетке ұстары Салауат Юлайұлының жіберген сәлемін қабыл алып жауынға ілесіп сол жақта басқыншы Ресей әскерімен сан кескілекте өзін көрсеткен екен. Ол жөнінде әңгіме кейінірек болар дейміз. Жарылғап батыр болса Бөгенбай, Қабанбаймен үзеңгі қағысқан ірі батыр. Сол соғыста Қараменденен бірге болған жерлері көп еді. Шаған соғысында Қараменденен иық тіресе жүріп көп жаулы жер құлатырып еді. Сондықтан да Қараменде бәйбішесінің салмағы Жарылғап батырға ауырлау келді. Қараменденің жіберген адамына «келсін» деген бір – ақ ауыз сөз айтты.

Тіпті қанша адам, қанша үй деп те сұраған жоқ. Бас — аяғы ошақты үйлі орташа ауыл отырған «Қара тоқты» деп аталатын көлдесімен, шалғыны бірдей, өзен бойынан аса алыс емес, қырлауыт пен ойпаңы бірдей алқапқа «қонсын» деді.

Қарамсида бидің ойында қазір қабаттасқан көп оймен бірге сыймағы артық бір ой бар. Ол: Шыңғыстаудан кеткесі, осы қимылының бұрыстығымен дұрыстығы, кейін бара жатқанда Саржал — Абыралыдан шығысқа қарай түстік жер ұзағанда артынан қуып жеткен Қабекең (Көңгірбай) адамынан бидің кешірім сұрағандай болып «қайтсын» деген сөзі. Бұл оған қайырылмады. Себебі, даудың басы тай үйірі болғанмен түбі одан тереңдеу еді. Шындығына келсе екі үлкен бидің арасындағы бақталастықпен басталған басқа кикілжіңнің бәрі жиналып келіп, бір тайға ауа жолдауына әкеліп қазіргідей жаңа соғыс еді.

«Қара тоқты» қолайсыз жер емес екен. Бәсе Жарылғаптай жорт батыр осылай болса керек — ті. Қонған жерлері Шыңғыстаудың ата — қоныстарынан да шұрайлы жер боп шықты. Ой кезі ол уақытта қазақ жердің асты емес үсті керек, өскен шөбі, талы — бұтасы, қараған тобылғысы, шиі керек. Негізінен бұл халық сай — саласы таулы жерден алыстау қоныстайды, себебі аң құсы қасқырға олжа болғысы келмейді: бұл бір, екіншісі сай — жыраны басқалап келетін ұры — қарыдан да қашады. Үшіншісі қас қалмақ та қазақпен болды, сан бітім қылса да сөзінде тұрмас кәпір дінді қалың сай — саламен жасырынып келіп бейғам отырған халықты қырғынға ұшырататын кетуші еді. Бұлар арттарынан қуып жетіп кескілесіп бір — бірлерін Адам атадан бергі кектері кеткендей жаншушы еді. Аңдаусыз ауылда қалмақ шапса еркектерді қырып салып, шал — шауқа ғана қарамай елеусіз қалдырып, әйелдерді, қыздарды шашымен матастырып алып кетуші еді. Ол жақта өмірді құлдықпен күңдікте өткізетін, мал бағып

оны жайлайтын осы тұтқындар болатын. Кейде соғыс үстінде бұғалық салынып күші асқан жау батырларын тірідей әкетіп, әуелі азап, қорлық көрсетіп зынданға салатын. Зындан деген, кейде арнайы қазылып, кейде кеуіп қалған құр құдық та бола беретін. Бірақ бұлар тым терең болмағанмен ішіне адамды түсірген соң бетіне жалпақ тас жабылып артылған тесіктері ұсақтау тастармен толықтырылатын, зынданның есігі де терезесі де осы болатын. Болмашы тамақты, сүйек – саяқты есіне түскен кездерде әйтеуір аштан өліп қалмас үшін әлгі бетіндегі бастырылған тас арасындағы жіктерден малқ етіп «ох» деп айғай салып тастайтын. Отырықшы мәдениеті жоқ халық – тұтқынды кейбір жырыққойлы, зындандағылардың көбі итжемеде өлетін. Тек кеткен, жатқан жері белгілі болса, артынан құып баратын адам шықса, яғни белгілі, бек, би, батыр зынданға түссе қарсы жақ құн белгілеп, шарт қоятындай да кездер болған. Арғы бүлініп қалған елде оны сатып аларлықтай жағдай болса жақсы, болмаса не істесін. Ол уақытта халық жаугершілікпен бірге жасасқан кездері болған.

Қараменде би «Қарға адырға» тартқан көштің жанында жолдай сәлемдесуге бет бұрған сол өңірдің ақсақал қарасақалдарының ортасында келе жатып, жаугершілік туралы ойлап келе жатыр. неге десеңіз би аға өзі де сан айқасқа түскен, сан қиындықты басынан кешірген қазақ батырларының сапында дал Қараменде би де бар еді, мына көштің дұрыс қонысқа орналасуының өзі сол жорық -- жаугершілік кезіндегі Көкбөрі атанған Жарылғап батырмен қанды көйлек жолдастық емес пе еді. Буны ойлағанда би жанындағылардың әңгімесін елеместен езу тартып қойды. Айтпақшы, бұлар да өздерінше бұрынғы замандағы жаугершілікте осы Қаракесектің маңдай алды ерлері Дос пен Қожаназар бірдей тұтқынға түсіп қалыпты. Әкелі балалы

қос батыр зындапда жатса зымиян қалмақ шарт қойыпты дейді. «Екеді – баланы екеуің өздерің таңдау жасаңдар, біреуіңді өлтіреміз, екіншіңді босатайық депті. Сонда екеуі «сен қайт, жоқ сен қайт» деп, бірін – бірі өлімге қия алмай, дауласыпты. Сол екі ортада еңін жиған елден қуып келген жасақтар бұл екеуін бірдей құтқарып әкеткен екен. Ойлап қараса ол уақыттағы соз жер, қоныс, өріс, қалмақтың шапқыншылығы, кім қалай соғысты, осыдан тұрады екен. Осы әңгіме шапқыншылық басылса да әлі халық аузында болып келеді. Ал әлгі Дос пен Қожаналардың ұрпағы Жидебай би әрі батыр, қазір осы өңірден алыс емес, осы жақтың халқының Өлеке – Сарымның ең атақты адамы, ақылды да епті, данышпан да сақ, қазағың түгіл, қалмағың түгіл қалай елшілерін сөздеп тосқан дейді. ТүбіндеҚаракелінің - Жидебай би ойының бір түкпірінде. Оринс. онымен сыйлас, білiс. Шған соғысында көзі кеңін қалың екеуі арқа тіресіп садақпен оннан аса қалмақты жер қаптырған. Сондықтан би оған да өзінің сөзі өтетіндігінде сенімді. Тіпті шытгуайтқа келсе Жарылғап, Жидебай, Сеңкібай сияқты қанды - көйлек достары болмаса бұлай қарай бөгей алмас еді. Би жанындағы Орманбет бимен, Сана бимен бірге тігілін жатқан ауыл шетінде отыр, қарындары апыл, сусағандары да бар. Оринс көп күтінде сусын да, тамақ та бар, пісірілген қой еті де, қымыз, шұбат та мол еді. Бұл Тобықты елінің бір бұтағы Рысоштектен тарайтын Дадан атауыны еді. Туу бистағы азан шақырылып қойылған аты Өмір екен. Қазақтың көп ғұмыры қалмақпен жекпе - жекте өтіп келеді емес пе. Сондай көп соғыстың бірінде қалмақ батырымен жекпе – жекке Өмір де шығыпты. Бұл жерде бәріміздің мынаны ескергеніміз жөн шығар: біздің бұрынғы – соңғы әдебиеттерімізде жекпе – жек бейне бір ойыншық сияқты айтылып суреттеледі. Пален батыр ортаға ат ойнатып шыға келеді де, қарсы дереу

бір батыр оған қарсы шауып шығып, екеуі атыса – шабыса жөнеледі де, кенет біреуі топ ете түсіп ат ойнап шыға береді. Шындығында жекпе – жек адам қылығында өте ауыр үрдіс, екінің бірі жекпе – жекке тәуекел ете бермейтін болса керек, өйткені жұрттың бәрі батыр емес. Екіншіден соғыс майданы еріксіз болып тұрған үрдіс, оны қарсы жақ ойын – күлкімен қарсы ала алмайды, өйткені соғыстың арты қасірет, біреудің жалғызы кетеді, біреудің жамылғызы жоқ болады. Немесе кейде тіпті көп жағдайда жекпе – жекке шығатын адам табылмай қалатын сәттер де аз болмаған, неге десеңіз ұлан-ғайыр қазақ даласында соғыс тек бір – ақ жерде болып жатпайды, қаптай тиген жау батыстан да, шығыстан да майдан ашатын болатын. Сондайда әр майданда Қабанбай, Бөгенбай дайын тұра алмайды. Міне, жекпе – жекке шығатын ер керек, ол елдің елдігін, жерін, халықтың намысын қорғайды, жекпе – жекке шығатын ері жоқ екен деп мылқау қалмақ қайтып кетпейді, қайта бұрынғыдан да аяусыз қырып, қалғанды құл, әйелді күң етеді. Сондықтан кей жағдайда батырлар аяқ астынан шыққан. Жоғарыда айтқан Өмір осындай қысталаңда жүрек тоқтатып жекпе – жекке шығып халқын құтқаруды ойлайды, момындау келген, шаруа баққан көп сөйлемейтін адам болса керек, жасы сол кезде отызда толық қусырып қалған, не де болса бұл кісінің жүріс – тұрысы жұмбақтау екен. Сыр бойындағы осындай бір соғыста қалмақ батырына қарсы қазақ ішінен бірсу беттеп барады дейді. Астында қылаң қазанат. Әне қалмақ батырының қарсысына барды, екі жақта үнсіз, екі жақта қазіргі сәтте қасіретті қызықтың куәсі болмақ. Өмірдің қолында шоқпардан гөрі таяққа келетін ұзын, жуантық келдеу. Бұрын байқалмайды екен. Өмір ірі, қапсағай денелі екен, әйтпесе үміт күтіп тұрған қазақ жұртына солай көрінеді ме екен. Ол уақытта батырлар жекпе – жекке ат суырысатын ғұрып та болған, кейде «мен пәленше түгенмін» деп көкірек қағып

өзі айқайлайтын болған, қорқытуы ма, жоқ, әлде қайрат шақыру ма мәлімсіздеу. Әлгі қалмақ батыры Дадан Хоңа деп айғай салып, енді бір мезет қарсы ұмтылысқан. Екеуі көп шайқасты, не де десеңіз намыс бір жағында болса жан беру де оңай емес, өйткені екеудің біреуі өлуі керек, екеуі де өлгісі келмейді, бірақ тағдыр солай болса шама бар ма. Өмір соғыс жағдайында үнемі қағысып жүреді екен, оны мына жұрттың біразы айтып тұрды. Қылаң атта бауыры ағараңдап, ат үстіндегі екі адам үздіксіз жанталасып, сіресе тартысып бақты. Ыршып-ыршып жұлқысып жатыр, сүт пісірімдей мезет-те қалмақтың аты ойнап шықты, Өмірдің келдіауыры басты мыжып кеткен екен. Түрі де, әлі де күркіреп жатқан дәу қалмақ енді қайтіп тұрмақ емес, өйткені бас церебрин қатты өзгеріп кеткен, ми қатты зақым алған соң адам болмасы белгілі. Қылаң атпен Өмір бері салды, шайқасқа шыққанда жай адам, тіпті көмескі көптің бірі болса, енді батыр болып оралды. Енді шарт бойынша қалмақ жағы кейін кетеді, тіпті әлді болса соғыс салмайды. Бірақ түпкілікті жеңіс емес, күндердің күнінде мұның бәрінің есесін қайыру үшін олар қайта оралады, кектеніп оралады.

-Қалмақтың аты кім? – деп сұрайды көпшілік.

-Далан ба, Даван ба, әйтеуір солай ... деді Өмір. Осы сөз Өмірге

Дадан атау берді. Бұдан былай бүкіл шежіре – тарихта Дадан аталып кететінін Өмір білген жоқ – ты. Ал әлі жауды ұрған келдіауырды әкесі Рыспетекпен бірге туысқан көкесі Дәулетек ырым қылып алып не заман қолынан таяқ қылып тастамай жүреді. Келте таяқты алу – мынау адам жүк көтерер еді. Дәулетек өзі де жасамыс болып қалған тұлғалы, зор адам еді. Сондықтан әлгі келтекті таяқ орнына мақтанышпен ұстап жүретін болғандықтан Жуантаяқ атанып кетіп еді. Қарамеңде бидің дәуірінен бұрынырақ өткен көп оқиғалар

еске түсуші, би кейбіреуіне ой жүгіртіп, електен өткізіп отырғаны да. Бүгін ұзақ жолдан келіп басқа елмен жерге қоныс тігіп жатқан соң, тігіліп жатқан үйлерге қарап көлеңкелі болжап отырған би санасына Мамай батырдың мұндай бір тайпа емес, күдеңкіреген, азынқыраған тобықтының үлкен көшін бастап баяғы «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламада» Сыр бойынан Шыңғыстауға бет түзеп келе жатқаны ойына түсті. Үлкен көшпен Арқаға тереңдей кіріп Балқаш көлінің шығыс бетімен Қызылтарай тауларына жақындайды. Қызылтарай Арқаның қимастай көрікті жерінің бірі екен. Тал, қарағай, сұлу аққайың аралас жарасым тауын өскен, қазір жаздың ортасы еді, құлпырып тұр. Көште мал аз емес еді, әсіресе түйелер біршама болатын. Осы көрікті аймақта ол ылақты күн ерулеп қалды. Әсіресе жастар жаңа арқаның көкмайса шалғынына аунап бір жетісіп қалды. Тіпті көрген бейнет, жол азабы, Сыр бойындағы көп адам шығын болған қалмақпен ақпас айқас бәрі ұмытылғандай. Уақытша тігілген үйлердегі ел мәре – сәре. Ақындар қисса – дастандар айтуда, домбыраның үні әр үйден шығады, сыңқылдаған қыз – келіншектердің әсемі күлкісі әр жерден естіледі, бейне осы қонысқа той болып жатқандай, бұл расында тойға берігісіз оқиға еді... Кенет, жол андыған осы көштің қалысып үш күншілік жерден торуылдап келе жатқан қалмақтың аламан қолы кеп қапты. Маңайдағы биік таулардың найзасын көрді халық осы жолы, жазық болса, жағдай қиын болу еді, шамында жүрген жас жігіт тау басында тұрып байқап қалыпты, айтуынша олар мұны байқамаған сияқты. Жайқалып тұратын уақыт жоқ, екі жүзге тарта жасақ атқа қонды, екі жүз қарулы ойтіп – бүйтіп дайындалғанша сол болып жатыр. Адам тіркіп қызық, жайдағы шираң, пысық адам жорықта болбырлау болатыны болады. Ал, әншейіндегі нәс алмастардан соғыста үлкен ер шығатыны болады. Бұл

уақытта соғысқа халық төселген, қанды жорықта боздақ кеткен азаматтардың орнын жоқтатпаймыз деп, бірсыпыра қыз – келіншектер де ер қаруымен ат үстіне отырыпты. Былайғы сыртқы тұлғасынан бұлардың әйел екенін тану оңай емес, тек жақындағанда құлақтарында сырға, шолпылар ықшам бөрік астына тығылмай қалса ғана. және әйелге тән әдемі жүздерінен ғана байқауға болады. Әдетте әйелдер соғыс жағдайында әйел киімін киіп шықпайды, өйткені жау жақ бұлардың әйел затынан екендігін білмегені жақсы. Әйелдердің қалмақпен соғыста атқа мініп соғысқа қатысуы тек бұларда ғана емес, басқа елдің бәрінде қалыпқа айналған. Ал, негізінен дәстүрде еркек адам әйел адамға мейлі анасы, қызы, қарындасы болсын – атқа мін де жауға шап, - деп қандай қиыншылық басына түссе де айтпайды. Бұл осы сақы халықтың бір мәрттігі. Бірақ, әрине жау келіп қалғанда жүрек тоқтатқан адам қарап тұрмайды. Бірен – саран әр жерде жау түсірген қазақ қыздарының аттары бұларға естіле бастаған, сондан ба екен, дәл қазір ат үстіндегі әйелдер елуге тартады. Қызықты қараңыз, бұлардың бастығы да бар екен, күрең қазанаттың үстіндегі әйел – бұларға тау жақты көрсетіп шаңқылдап жүр. Бұл екі ортада жау аламандарының жақыннан қалғаны белгілі болды, өйткені бағанағы суыт хабардан соң, келуіншілер дереу көбейіп, бір қызығы жау тобы тура осылар құлаған сайман тіке құлағысы бар. Бұл уақытта керней тартылды. Бірақ қазақы қысқа әуен шырылданқырап шығады екен, кернейдің өзі солай. Мамай батырдың өзі көрінбейді, қандай шешім қабылдады мәлімсіз, және жан - жағын ағаш қоршаған әр жердегі алаңқайдан кімнің қайда екенін ажырату да оңай емес. Бірақ, астарында екі бірдей бір – бірінен аумаған қаракөк тұлпарға мінген Еламан, Жоламан атты Мамайдың ортаншы батыр балалары ат үстінде екен. Таулы жер соғыс тәсіліне қолайлы, Мамай батыр өзі көрінбеуіне қарағанда

келе жатқан жау тобы жүз қаралы екенін естіп, олардың малын алып қалмақ ниетпен келеді деп жобалаған болу керек. Әрине, жау жағына ат та, түйе де, қой да керек, үнемі соғыс жортуылында жүрген олар да малды алаңсыз өсіріп отырған жоқ, есептері шарпылған көппен қағып қалмақ.

-Батыр қайда, батыр қайда, десті жұрт.

-Батыр демалып жатыр, орнына балаларын жіберіпті-десті бір топтан біреудің қатты дауысы.

- Жау қолының қамсыздау екені белгілі болды, алдыға кезуілші салмай – ақ жайбарақаттау келеді, алдындағы сай арасындағы қопаста бүтін бір қазақ елінің үлкен бұтағы ерулеп жатыр деген ой, олардың қаперінде емес сияқты. Бірақ енді бір мезет жаудың өтірік андаусыз келе жатқаны мұндағы жұртқа мәлім болып қалды. Олар қысаң сай арасына жақындай бере терең үш топқа бөлінесала шоқырақтап желіске ауысты. Тіпті де жақындап қалды, әне желбіреген тұлымшақтары, оған қоса өріп байлап қойған сон жалтырақтары да күнге шағылысты. Жаздың осы бір күні шағырмақ, ыстықтау еді, ауылдың жеті – сегіз жас пен он үш, он төрт жастағы балалар мына қалмақтар құлап келе жатқан сайдыңжанындағы үлкен төбешіктің ар жағында күміс көл тауып соған шомылуда болатын. Үлкен көштің мына адам қимас табиғаттың әдемі жаратылысында қызықтап он күннен астам ерулеп қатуының себебі де осы көл болатын. Осындай көл барын, оған балалардың шомыла тұрғысы келетінін Мамай батырдың кенжесі есептелетін Үшкіддір деген асырап алған баласы әкесіне жеткізген. Заты Мамай батыр -- ол уақытта қазақ халқының Қабанбай, Бөгенбай, Мамай деп аталатын батырларының ішінде жорықта адам манайына бара алмайтындай болса, үйде сонпалықты мейірбан еді. Ол уақытта балалар «отыз- қырық жастағыларды «ата», деп, «көке» не болмаса «ағаеке» деп (бұл сөз айтылғанда «аққе»

болып кетеді) атайтын. Болмаса «үлкен аға», «кіші аға», «ортаншы аға» деп атайтын, сондай атаулар кейде әйел затына қолданылады. Ал, біреудің кемшілігі болып, аяғы ақсақ болса, көзі соқыр болса, басының тазы болса ол адамдар өз жақсы – жамандығынан, яғни мінезінен табатын. Олардың көзінше ешкім «бөтенше таз», «түгенше соқыр» деп атамайды, кейбір жақсы мінезді адам болса ондай атпен атамайды да, ал олай атала қалса сыртынан ғана атаушы еді. Үшкілдірді бір соғыстың соңында жерошақта ораулы нәресте күйінде Мамай қосыны жауынгерлерінің бірі  жылап жатқан нәрестені үстіндегі лыпа – жабуымен алып батырға шауып келді, батырдың мейірі түсіп, өзінің бес баласынан кейінгі оларға еншілес кенжесі етіп асырап алды. Дереу жақын маңдағы соғыстан бүтін қалған тасадағы ауылдан бие саумалын алдырып кішкентайдан бергізді. Сол Үшкілдір он үш жаста. балалардың ішінде атысына жеткізіп жүрген сол, және Үшкілдің жолы оралымды, осы таяуда бір үңгірден ойнап жүріп он қадақтай, әр қайсысы жұмыртқадан үлкен етіп құйылған алтынды маңайындағы балалармен көтеріп атасына алып келді. Сонда Мамай батырдың есіне түсті. Бұл жерге қалмақ неше келіп, неше кетті, тіпті осы қазақ жерінің бәрі өзімдікі болды, деп жүрген кезі де болған. Бірақ ала жар болып, кейін буларды дүркірете қуған, сонда қашып бара жатып алтынды алып жүруге қиынсынып және бір жерде түсіп қалуы да оңай деп осы Қызылсарай тауының қиын үңгірлеріне тыққан, деген сөз бар-ды, сол рас болуы да мүмкін екен. Бірақ батыр · балаларға – тағы іздеңдер – деген жоқ. Ал мына тапқанды кейін Түркістандағы Қожахмет мешітіне жіберуді ойлап қойды, және жас келіндерінің Үшкілдірді еншілікке салуымен төрт – бес жұмыртқа кейіптес құймасы білезік, сырға соқтыру үшін соларға берді.

-Қараменде би осы кезеңдегі оқиғаларды көзімен

көрді, онда би аты жоқ, батыр аты бар еді, Мамайдың қасында көбіне Тоқтамыс жүреді, Мамай сөзге түйық, айтайын дегенін сыртқа шығара бермейді, көбіне жасы кішілеу болғандықтан Тоқтамыс ол кісінің ойын халыққа жеткізіп отырады. Қызылдарайдың Тесіктас тауының алдындағы Ақбұлақ алқабында Сыр бойынан ерулеп келе жатқан Тобықты көші толық емес, алда екі апта, үш апта бұрын кеткендер ендігі Шыңғыстауға іліккен де болар. Әсіресе көлігі, жабдығы найзаланған қосты бұлар алдыға жіберген...

## III – желі

Көштің артынан қалмай келе жатқан Дабыл деген қолтайшы батырдың өзі бастаған, сақадай – сай қаруланған сан соғысты басынан кешірген, жекпе – жек, аратаса кетіп ұрысу өнерін бұлар арнайы жаттығып игерген әскер. Өйткені қазақ - қалмақ соғысының барысында екі жақ та жүздеген жылдар бойы бірін – бірі ала алмай соғыс өнерін жетік игеруге ден қойып еді. Бірақ, көшпелі тұрмыс екі жаққа да соғыс тәсілдерінің ұқсастығы көп болатын, ат үстінен аударып кету, шоқпармен әлің келмей бара жатса тізеден қағып құлату, әсіресе ұзын найза жұмсау қиын болып таяу келгенде темірден қатқан қолшоқпарды ойпата пайдалана біліп жеңіске жету, ат астына ауып кету, одан ат бауырынан өтіп қарсы жақтан омырыла мініп, осы мінген екпінмен жақын келген жауды сауыттан төмен бүйірден басып ланцимен ұрып құлату кейінгі кезде қазақ әскерінің мақтанышты әдістері бола бастаған еді. «Ақтабан шұбырындыдан» кейінгі он жылдарда қазақ әскері өзінің бітіспес жауын қуба қалмақтан есселеп өш ала бастады. Қазақ ұсталары құдыр – мамай аталатын бір атар, сенімді оқ шығатын мылтықты көптеп шығара бастады. Тіпті Қаратаудың тағы басқа темір кендеріне дейін жолаушы

жігіттер тас қазып темір қорытқан (тап осы айтылып отырған Қызыларай тауында темір қорытқан жерді тапқан Әлкей Марғұлан жазған). Көшпенділердің оның ішінде қазақ тарихы әріде еді.

Дабыл қонтайшы Боғдыханның тапсырмасымен бес жүздей қосынмен келеді, мақсаты өздерімен Сыр бойында да, Шағанда үзік ұрыстарда есесі кеткен қалмақтар Тобықтының үлкен көшін бір қапсырату, біраз еркек- әйелді олжалап алып кетсе... Бұдан кейін бұлар қолға түсе ме, жоқ па. Қалмақтар қазақ көшінің ішіндегі көп жағдайды біледі, ол үшін олар жансыз жібереді, ол жансыз ел ішінде, ауыл ішінде қандай жағдай бар, соны түгел біліп келеді. Ол жансыздар кімдер деген сұрақ туады. Олар бұрын қазақтың тұтқынында болып тілді, ғұрыпты жақсы біліп шыққандардан болады. Ол тұтқын бес жыл тіпті он жылдан кем отырмағандар. Қалмақ жағы олардың тілді жақсы білетіндігін пайдаланады, Боғдыханның нұсқауымен олар арнайы жансыздар тәрбиелейтін жерде болады, ондай жер ішкеріде тіпті Тибетте болмаса ішкі Монғолиядағы будда монастырьлерінің жанында орналасады. Қазақ жұртының салт сана, ғұрып дәстүрінің үстіне, өзі білетіннен басқа да қосымша мәліметтер қалдырылмай үйретіледі, оқытылады. тіпті бұлар жансыздыққа қазақ болып барады. Барғанда сол көздеген ауылына емес, соның маңайындағы алыс ауылмандайына барып қойшы, малшыларды жағалайды, солардан әр түрлі сөздер сұрастырады, өтірік әңқау жолаушы болғансиды. Кейде ауылдың кейбір үйлеріне түсіп сіңісіп алады, іші пысқан жұрт әңгімені жақсы көреді, әр жердің жаңалығын естігісі келеді, сөйтіп отырып өздері де сөз арасында бар естіген – білгендерін жайып салады, сөйтіп, әлгі жаулың жансызы өтірік «қазақ» болып барін біліп алып, өзін жұмсаған адамға еліне қайтып кеткен адам болып сырт – қақпайлап барын түгел жеткізеді. тіпті арасында ұмытып

қаптапы болса, қалмақтар да түсініксіз. Қызық халық әлгі өз адамын соққымен қинайды, сонда ұмытқаны есіне түседі деп есептейді, ол расында солай ма кім білсін, бірақ соққымен қинау көргесін әлгі байғұс жансыз тіпті де сайрай жөнеледі, айтып жатқаны өтірік пе, рас па, әлгі қожасы бұған сене ме білмедім. Бірақ шынында да бұлардың жансыздық қызметі әжептәуір тиімді болғанын қазақ – қалмақ соғысының өн бойынан көруге болады. Бұл жолы да осындай бір жансыз Тобықты көші басып өткен ауылдардың біразын аралай отырып көштің әскер күші жөнінде қожайынына біршама дерек жинап тіпті мақтау естіп бір жейделік бөзді де сыйлыққа алған.

## IV – желі

Қара адырға қонып жатқан өз ауылын көріп отырып Қараменде әлі де ой жетегінде ойлап отырса діттеген бір үлкен шаруаны тындырған екен. Жаугершілікте олай - бұлай өтіп жүргенде Тоқырауын төңірегін сан көрген, сонау Сыр бойында шарлағанда, Ырғыз өзені бойында еру болғанда, Кеңгір бойында болғанда, тіпті Талас өзеніне дейін қалың Тобықты көп аралап еді, кезінде. Бірақ, Тоқырауын өңіріндей сұлу жер қазақ даласында жоқ. Әрине, Қараменде Алатауды, Жетісуды бұған қосып отырған жоқ. Өнеугүні тоғыз шаңырақты Сана би, Орманбет билер бастап Үшдересіне қондырды. Мына жағы балығы, мына жағы малдың ащылы тұщылы азығы, қайырлы қоныс болғай. Қараменде бір мырс етті, зады Сана би жер шолған, жер таныған, сондықтан қонар, түсетінер, екі – үш күн ерулейтін жерлерді өзі белгілеп отырды. Бұл жөнінде одан тең келер ешкім жоқ, өзінің ширақтығы да артық. Сөз жоқ, құдай берген қасиет дарыған адам.

Қараменде би, ақсары көрікті адам еді, биік бойлы қабағы көп қазақ билеріндей түксиген емес, биік бойлы, ойы

да шартарапты жақындатып отырады. Биіктігі сондай алау мылау ат бұл кісінің астында тай сияқты. Осы біздің халық та қызық кейде «ұзын адамда ақыл жоқ» дейді бар қазақ. Мейірімді десең, мейірімді, қайырымды десең қайырымды. Жетім – жесірді алладан кейін есіркейтін. Жұрты әсіресе өз жұртын жақсы – жаман демей бірдей көрді, бірдей ұстады. Байлыққа да құнығып кеткен жоқ. Қазір осында қонып жатқанда жүз елу қаралы түйесі, мың жарымдай ұсақ мал, екі мыңдай жылқысы бар. Жаңағы ойын бөліп отырған. Сырдан, Балқаш көлін айналып, Тоқырауынды кесіп өтіп Қызылтарайда ерулеген жолы қалмақтар сонда күтті ме, немесе бұларға қатты тиісті. Мамай, Тоқтамыс батырлар жасағын үшке бөліп баяғы тарауда айтылған Ақбұлақ атырабына құлайтын Тесіктас тауының сайында үлкен шарқату жасап, жауды өткізіңкірей беріп арттан ұрды. Бұл уақытта баяғы «ақтабан шұбырындыдағы» қазақ қолы емес, бұл қазақ қолы ысылып шыңдалып болған, кәдуескі әскер деуге болатындай еді. Қазақ жұрты қан қақсаған сол соғыста «қорқақты қуа берсе батыр болады»ның кебі болды. Әрине, қазақ қорқақ емес еді, соғыс тәсіліне шорқақ еді, оның себебі әу бастан біреуді басып аламыз деп ойламаған, қазақтың аспаны да жері де кең, өздері де жарықтық керемет кең қолтық, кең пейіл. Оған бір кішкентай дәлел айтайық, бір орыс немесе басқа бір ұлттың адамы атпен әйтпесе жаяу қазақ даласын аралап шығады ғой, баяғы, бір ауылға келсе қатты қарсы алып сыйлап ас беріп, сусын беріп аттандырып жатқанда «келесі ауыл қай жерде» деп сұрапты. Мына көзеңнің астында деп иек қағыпты. Ол адам да тегін емес, айтқыш қалжыңқой болса керек. Кейіннен «қазақтың иегінің астында үш жыл жүрдім» депті. Неге олай айтты десеңіз, әлгі көзең астында ауыл жоқ, келесі көзеңді асады онда да жоқ, өлдім – талдым дегенде әйтеуір үшінші күні бір ауылға ілінсе керек.

Осы кеңдіктің тағы бір мысалы Қарамендe бидің ол сөзімен – ақ алуға болады. Бұл кісі Дадаңды, мыңға тарта шаңырақ астындағы халықты бастап Шыңғыстау өңірінен көтерілде Қабекеңе (Кеңгірбай) «алыс емес, көк астындағы кақтан табарсыз» деуі. Оның Балхаш көлімен Шыңғыстаудың арасы мың шақырымнан кем емес, қазір «қандай жерге жайғасып жатырмыз» дегендегісі Орта. Бас. Аяк Дересін деп аталатын айналасы атқа екі күндік жер еді.

Міне, осылай сойлейтін кең қазақ еді. Бірақ сұм заманың наубеті біткен соң ерiксiз соғыс жағдайында болған соң, әскер өнерін үйренді, оны үйрену, қулық – сұмдыққа да үйрете бастады. Өйткені жауда тек күшпен емес, айлай да білу керек еді, әйтпесе «арыстап айға шауыптығын» көрі кеңеді, жасаған жауға бұрмаламай тура шапсаң қолма - қол қапатын қайырылады.

Жоғарыда Қараскен естелік ой жүгірткен 17... жылғы соңғы еді, соғыс болғанда қалмақпен ұлан - ғайыр қазақ даласындағы жерінде де, мыңа жерінде де шарпысып қалып жататын соғыстың аңғы «ақтабан шұбырынды, алқа көл сұламаға» келін ұласып, осыдан кейін төрт - бес жылдың жүзінде Абылайхандай хан туып, Бөгенбай. Қабанбайдай тағы басқа айтулы оншақты әскер бастаған батыр мыңбасы, жүзбасылар шығып, хан жанында дұрыс та, шешімді ақыл беретін данышпандар шығып, қазақ жұрт қалмақты қуып жүріп тықсырған күн туған... Бірақ сол ұлы соғыстан оншақты жыл өткен соң қалмақ та ес жия бастады, әр жерде бірыңғай соғыстар салуға әлі келді. Үлкен әскерді әрине ұстап тұру қиын. Абылайхан – қазақтың ұлы хашы таратып жіберген болатын, бірақ хабар естіп, хан жарлығын естісе сол сәтте атына мініп, сауыт - сайманын киіп, айтылған жерге келуге әрбір еркек тиісті болатын. Осындайды пайдаланған және сол соғыста әр жерде жырылып қалған жырындағы қосындар әр жерде тыныш ала

бастады. Маладан айтылып отырған осындай бір әжептәуір үлкен қосын еді. Түткиылдан Мамай батыр бастаған жартылай әскери авангардқа келіп соқтығып еді. Ойлап отырса Қараменде батыр атағын алғаны осы жолы еді. Қайратты жас батыр шошақ киімді жалбыраңқы қатарлы бет ауыздарының кейбірінде түк болса, кейбіреулері тіпті кешегі жын — жалмағай, бірақ жөнір келеді өздері, бастықтары айтса өрге десе өрлейді, шап десе шабады, әрине қару ұстаған еркек өз ғалайын соғыста көреді, көбісі майдан даласында мерт болады, екі жақта ең бас батырынан бастап жекпе — жекке болады, бұл сүрменің оқиға — екеуінің біреуі өледі. Әлімдегі соғыста сондай болды, бес сауымыстан ұдақтау уақытта жау быт-шыт болды, қалғаны қашты. Қазақ даласында «Қалмаққырған» аталатын жер көп. Мұнда да бір осындай аталатын жер пайда болды. Сайдақтың жебесі кейінгі заманға дейін балалардың ойыншығы жарады. Осы соғыста әйелдер қолы көп қайрат қылды, соғыс болған жерден оншақты шақырымдай жерде әйелдер қолының бірсыныңфрасы қуып жетіп көп қалмақтың басын алыпты, содан кейінгі тарихта «Қалмақбас» деген жер қалыпты. Осы соғыста шаһид болған азаматтарын жерлегеннен соң, мұндайға үйренбеген бе, немене, ауылда үнсіз тыныштық орнаған-дай. Қонту туралы сөз болған жоқ. Билер де батырлар да үнсіз, тек ораның ажырымен балғаның тарсылы естіледі, өйткені әр адамда ер болу, ер — тоқым жасақтау керек, ер жасау «ершілік» деп аталатын ағаш шеберлері шұғылданады. Ер жасау үшін қайың ағашы керек, ол барлық қазақ даласында өсе бермейді, осы Қазығарай сияқты таулы, орманды жердің қайыңынан, тіпті мықты болсын десе, қайыңның безінен жасалады. Жиһаз ер ғана емес, ожау, тегене, піспек сияқты дүниелерді жасайтын тал, терек, қамшыға сап тайтын ырғай ағаштары осы тауда молшылық еді. Ырғай — ағашы жуан болып өспейді, ең жуандары өскенде үлкен адамның

сұқ қолының жуандығындай – ақ болады, бір жаз кептіріп, қатқан соң темірдей қатты болады, әлгі қатқан сындыруға батыр, балуан болмаса, жай адамның күші жете бермейді. Талдан домбыраға тиек, кішіректеу келген үй бұйымдары қасық, түйеге мұрындық, ұршықтау жуандық талдан жеңіл құрық та істеледі. және Тоқырауынмен Қызыларайдыңтың ерекше иілмелі әрі мықты, кепкен күннің өзінде морт сынбайды. Осы талдан қайың ертоқым болмаған күнде ашамай деп аталатын жеңіл әскери ер жасалады, бұл ашамай атқа жеңіл, жылдам ерттеліп жылдам сыпырылып алынады, қатты терлеген уақытта ат арқасына ауа барып тұратын аралары ашық болып істеледі де жеңіл бірқабат тоқым киізбен ерттеле салынады, бұл әсіресе жорық жағдайында қолайлы.

Ал, қайың ертоқым әдемі, бірақ ауырлау, соныменен қатар мықты келеді. Бұрын қазақтар алтын жалатып, күміс шегелетіп, әсем өрнектетіп, бай адамдар тұңғыш ұлына арнап істетіп, үзеңгісіне дейін күміс жалатып, оң жақ босағаға таман іліп қояды. Егер ұлы жоқ болса, қызы болса соған арнатып істетеді, бірақ ертоқым да еркектікінен кішірек келіп, ою – өрнектері қызға тән әдемілікпен бөлекше жасалады. Мұндай ер жабдығының құйысқанына, өмілдірігіне дейін қолдан илеп жасалған тері - былғарыдан ұқыпты жасалып күміспен көмкерілген. Мұндай ердің әсіресе алдыңғы қасы көзге бірден ұрып тұрады. Ертоқым әбзелін сайлау кейде орташа үйді жабдықтаудан кем түспейді.

Ерші шебер ағаш таңдаудан бастайды. Тым ойпаңда өскен қайың ер болуға жарамайды өйткені борып кеткен болады, борымаған күнде де осалдау болатыны сөзсіз. Қырлауыт жерге келіп іздейді. өсіп тұрған қайың ағашының жасы он – он екі жыл болуы шарт, осындай қайың кездессе ерші - шебер қайыңның өсу порымына қарап оның тамырды түбірінен ердің алдыңғы қасы ма, жоқ, артқы қасы ма соны

дәл анықтайды. Өткір балтамен түбірін қаза отырып шаба бастайды, егер түбінде жер тас болса біткені, балтаның жүзі бір – ақ майырылады. Көбінесе түбінде тас бар жоғын да ерте дәл анықтайды. Қайыңның дінін бірден кесіп тастамайды оның түбірін қаза шапқан кезде қолмен ұстап күш алып тұруға ыңғайлы болады. Қазылып бітіп жерге құлатылған ерге қас болатын бөлігі мен дінді бөледі, бұдан кейінгі үрдіс дінді бұтақтан, ықшамдап, жіңішке артық бөлігін тағы да кесіп, бұтақтан қабықтайды. Әдетте қайыңды қабығымен тұрғызбайды «сыдыру» аталатын қолға ұстайтын екі жақты құлағы бар аспаппен дереу қабықтайды. Егер екі – үш күннен артық қабықталмай жатып қалса, қайың ағашы іске жарамайды, борып кетеді, оның себебі қайыңның қабығы өте тығыз қорпіалғанында, ал борыған қайың тек отқа жағуға ғана келеді. Қас болатын түбірден ойып алынған бөлікті де ортақ түбіртектен тазартып жеңілдейді де дайын болған екі ағаш бөлікті де күнге алып келіп көлеңкеге кептіреді, сырлыта сиырдың сұйық жаңасын жағып қояды, әйтпесе күн көзінің ыстығы көлеңкеде болғанның өзінде байқап күнатын отырмаса қайың жарылып кетеді, жарылып кеткен, борып кеткен қайың жоғарыда айттық іске жарамайды. Енді келесі қас іздерін осындай тәртіппен кептіреді. Мықты сапалы болу үшін биылғы жазда алынған ер ағашын тек келесі жазда ғана ер жасау үшін ұқыпты шаба бастайды. Сонда ағаштың қаттылығы темірдей десе болар, өткір шапашотпен шапқанда жаңқасы тырнақтың көлеміндей ғана болып шабылып, жоңқаланып түседі, бейне бір темірді шапқандай шақылдаған дыбыс шығарады. Қастың алдын доңғелек ойық үшін «аталғы» аталатын шапашоттың ерекше түрі қолданылады, «қуысқұлақ», «түрпі» деген аспаптар қасты қапталға орнатуға, ал «түрпі» тегістеуге, әдемілеуге қолданылады. Бағанағы қайыңның дінінен қос қаптал жасалады, ол ат арқасынан тиіп жау-

ыр қиюмайтындай етіп дайындалады. Бірақ жасалған ердің бәрі осындай талапта болмайтынын оқушы түсінер, өйткені жауыр атқар болатыны да айқын ғой. Өйткені шебер де әр түрлі болады. Адамның әр түрлі болатыны сияқты бұл шеберлер сол заманда бақаннан, қазықтан бастап сырлы қасық, түйеге мұрындық, есікке, тиекке дейін жасағанын кім жоққа шығармақ. Ердің екі қасы қаптамаға дайын болып қондырылғаннан кейін де әлі шаруа біте қоймайды, беттірік те маңызды бөлігі ол да өрнектеледі, түрпіленеді, шынының өткір сынығымен тегістеледі. Енді біткен ер ағашы бояумен сырланады, содан кейін зергерге беріледі, зергер ер иесінің дәулетіне сай іс қылады, керек болса алтын жалатады, күміс шаптырады. Осы жолдар жазылып отырғанда Қараменде би заманындағы дүниелер, қазақы тұрмыстың бізді де еліктірін кеткені рас. Кейінгі ұрпақ осы жазбаларды оқығанда бірі болмаса, бірі бізді де еске алар. Міне, бидің ойына біздің ойымыз да ілесіп кетті, адам жанының өлмейтіні хақ, сідеше Орта жүздің құты атанған қасиетті Қараменде би әрі батырдың атын, істеген ісін келесі ұрпаққа жеткізбек мақсатымызға бидің рухы да тілектес болғаны ғой деп ойлаймыз. Бір тоқым қазақ халқының бөлінбес бір атрибуты, мысалға қазіргі кезде машинасы жоқ, дәулетті адам қандай күйде болар еді, ол заманда да атсыз ертоқым қазақ деген халықпен бірге қайнасқан дүниелер еді. Тіпті сол тұрмыстың аяғы 19... жылдардың ортасына дейін келгені өтірік емес. Енді «ертоқым» болып аталмай әлі «ерағаш» аталып тұрған дүние туралы айтқамыз, енді «іскердің» қолына беріледі, ол тоқым жасайды, оған қара былғарыға ақ және қызыл сахтиянмен көмкереді, былғары шашақ орнатып бәрін кестіреді, өмілдірік құйысқан әдіптеліп тағылады, былғары шашақ жасалып, былғары түбіне оймышты күміс қостақпа бекітіліп соған сәйкес өрме жүген дайындалып, тобылғы сапты ішіне қорғасын өзек са-

ылып өрген «сегіз ирмә, бұзау тіс» қамшысымен қосақтар болады, мұндай ерттоқымның ақысы екі түйе, екі бесті ат, жиырма бес тұяқ қой – екен деп бағаланғанын сол уақыттың өте сирек деректерінен ұшырасып қалғанымыз бар.

## V- желі

Жарылғап батырдың біржола бергені ме, жоқ артында шырғаланды бола ма, әзірше ол жағы мәлімсіз, бірақ «Қаратоқты» аяулы жер екені көрініп тұр. Артындағы мынеки тірткі шиыршық аңыз – мынау жерге сыймайтыны анық. Сондықтан Саяқ би екеуі әкімен тапқан үш дерегінде олар жайғасып жатыр, маңайында бірен – саран жалайыр елінің кішірек тесу ауылдары бар екен. Әзірше олар жақтан кешіп алған да, ренішін білдірген деп жарлай естілмеген. Ол жақтағы бидің қолын ұзартатын Саяқ би және Қарамендеңің үлкен баласы Келте батыр. Оған жау түсірмесе де «батыр» деген ат қазірде таңылған, оны жұрт Қарамендені сыйлағандықтан айта ма, жоқ Келте шынында батыр ма беймәлім. Бірақ Келтенің зор екені рас, тіпті құрдастары қалжыңдап – қалмақтың кезінде туатын күшің – ау, деуші еді. Келте әкесіне тартқан ақсары, көк көзді келген, сүйкімді тұлғалы жігіт; ұлы жүзде үйсін, ыстының бір текті атасының қызын айттырып алған, сол рудың бір бимен Қаракең бір билікте бірге болған, сонда әлгі бидің сөзін де, мінезін де ұнатқан. Екеуі сөйлесе келе айттырылмаған қызы бар екенін білген, жаугершілік заманды көп өткерген ел екен, алдағы күнгі амандықты ойлап ұлға да қызға да қалыңдықты алдын – ала айттыруды міндет көре бермейтін ел екен. Қарамеңде биге бұл әдеттері тіпті ұнамды көрінді. Келте былтыр ұрын барып, бидің ұзатың әкеліп Қарамеңде би босағасына келін қылып түсірген. Қызыл шырайлы әйелге тән ибалы, жарасымды, ұзын бойлы келген

Гүлсім атты келіншек ауыл – аймақтың мақтанышына айналса, Келтенің сүйікті жары болады. Ауылдастарының айтуынша «түбінде бес бидің сабасындай» бәйбіше болмақ, әзірше бойы бос. Бірақ ауылдастары да, үй – аймағы да Қаракең сияқты өзі би, өзі батырдың сүйікті немересі дүниеге келгенін қалайды, өйткені той да ерекше болар еді ғой, Келте үйленгенде тура «отыз күн ойын, қырық тойын» жасап елді қарық қылған. Жалпы Қараменде би қартайып тұрған жоқ, жер ортасына жақындаған, өзінің біршама тоқалы бар, олар бір – бір кішірек ауылдың тізгінін ұстайды десе де болады, қалай болса солай, бетінің ажарына қызығып ала салған әйелдер емес, ел сынына төтеп берердей ақылды әйелдер еді.

Қарамендінің алғашқы шешімі ертіп келген елімен бірге болу еді. Бірақ Тоқырауын өңіріне іліге бере алдынан шығып сәлем берушілер көбейді, бұл сәлемшілер тұтқиылдан кезігіп жатқан жоқ, көбісі Шыңғыстаудағы Қабекең (Кеңгірбай) ескуінің келісімімен ескі елдер болып шыққан. Және, бұл оқиғаны сан – саққа жүгіртушілер де көп болған. Халқымен бірге Үлдересіне жақыннан барған жерінен маңайындағы өзінің қызметіндегі, қойшы – қолаңшылары, әнші-жыршылары, серілері- салдары бар ауылымен Тоқырауынның мойындағы тоғайларын жискеп кейін оралған. Оған себеп қандыкөйлек досы Жарылғап батырдың сәлемі еді.

Батыр өз сәлемінде қазақ халқының елінің, жерінің тәуелсіздігі үшін салған соғыстарын еске ала келіп, Қараменде биден өз маңайына келіп орнығуын сұрапты. әрине, бүкіл көш емес, көштің ұзын саны мың шаңырақ. Мың шаңырақтың анау – мынау жерге сыя кетпейтіні рас. Әр шаңырақта орта есеппен бес адам болғанда елу мың адам екен. Хош, адам орналасты дейік, малды қайда қояды, елу мыңдай жылқы, бес мыңдай түйе, жүз елу қой қайда жайылады (Омбы мұрағаты деректері, 1853).

- Құдай тағала қазаққа жерді берген, бірақ сол жерге дұрыс орналасу, айтыспай – тартыспай, ұрыспай – қағыспай отыру, біздің міндетіміз сірә, – депті Жарылғап батыр. Сондықтан ол өз ойын жақсы жеткізе білетін шабарманын – сенімді адамын жіберген. Өйткені «аузымен құс тістеген» Қарамende бидің алдында былжырап тұрса несі жақсы. Жарылғаппен Қарамende кезінде қалмаққа ойран салған екеуі де әруақты батырлар, олардың жоғарыда айтқанымыз, арқа тіресіп соғысқан сәттері бірнеше рет болған. Бұлардың достығына мысалдар тіпті көп еді, екеуі де тағдыр бұйрып бір жерден қыз алған, кезінде жігіттіктің ауылына бірге барған адамдар еді. Бұлардың достығы Жарылғап батырдың Абылайханның үш батыры, өзінің үш соғыс кеңесшісінің бірі болғанда да үзілмеген. Кейіннен әрине жер шалғайланып екеуі де шау тартқан соң бірін – бірі көп іздемейтіндей болған сияқты еді, енді мына жағдай ягни Дадан Тобықтысының осы әңірге бет түзегені Жарылғап батырды шынын айтса қуантты. Неге десеңіз «елге ел қосылса құт» деп әріні Майқы бабалардың кезінде айтылған сөз тегін емес. Зауімде жаугершілік болып қалса бір сәтте екі мың қолды атқа қондыра алатын, кешегі өткен Мамай, Тоқтамыс, Бақай тағы толып жатқан Тобықты батырларының жолын берік ұстаған көбісі ақсары, көкшіл көзді, тұлғалы Тобықты жігіттері аңау – мылтау жауынды тақанды – ақ жібереді, және өздері көшігі болып, жорықта ысылған көшпелі өмірдің, тұрмыстың тиімділігін өте жақсы түсінгендер, Үшдерессіпле орнаса нұр үстіне нұр деп түйген Жарылғап.

Жарылғап батырдың әнеукүннен бері бір түйткіл жағдай және бар еді, ол Тоқырауынның бастауына жақын жайлап отырған Жидебай батырдың да Қарамендеге жіберген сәлемі еді. Ол сәлем құпия емес еді, бүгінде Арқаның құтының бірі аталып отырған өзі теңдесі жоқ батыр, өзі шешен Жиде-

бай батырдың Қарамендеге өліме таяу бір сулы, нулы жерге келіп тым болмаса бір –екі жыл сырлас болып отырайық, деп қолқа салыпты, және ол жақтап Жидебай маңына жол қысқа, сонда қалып қоя ма деп те қауіптенеді.

Әрине, Жарылғап ол үшін Жидебайға ренжімейді де. Өйткені Қарамендемен Жидебай сыйластығын да біледі, өзімен Қарамендінің арасы қандай жақын болса, достықпен сан ұрыста Жидебаймен қоян – қолтық, тізе қосып ұрыста сап жаудың қабырғасын қақыратқандарын біледі, және ана бір жылдары Абылайхан Көкшетауда бұларды жауды ойсырата жеңіп, өзіне –өзі келгеннен кейін өзіне шақырған, батырларға үлкен салтанат құрып құрметтеп Оқжетпесте жамбы аттырған... Абылайхан шын ұлы хан еді, бірдеңе айтайын десең а... десең ар жағын біліп қоятын сұңғыла, мұнына адам оңайлықпен бара алмайтын айбынды адам еді. Баяғыда аң аулап жүріп қалмақтардың қолына түсіп қалған Абылайханды өлтірмек болып олар біршеме оқталған ғой, осы оқиғаға келгенде қалмақ қонтайшыларының уәзірлерінің бәрі де -- Мұның басы алынса, басқа қазақ тырп ете алмайды, біздің айтқанымызды істейді, тіпті қарамағымызға да кіреді – деп өлеуреңкенде, қонтайшы ақылды адам екен, бірақ сол ақылды кейде зұлымдық басынқырап кете берген, бірақ жауласу, шабысу сол заманның тіпті бір үрдісіне айналып кеткен ғой қалай, Абылайды өлтірмей үлкен білгірлік қылған, маңындағыларға: - Қазір біздің халіміз – бәрінің белгілігін алаңнан алып кеткендейміз, түсініңдер соны, мұны өлтірсек, ертең –ақ қалың қазақ қаптап келіп, біз күшімізді көп қылар -- деді. Құрыққындай қытай патшасы да бұларды қолдап отырған жоқ, қолдағаны өз алдына бұл жоңғар тұқымдастарды құрбандыққа беруге әзір сияқты...

Абылай тұтқында жылға таяу жатқан. Інер астын тарықтырған жоқ, жылы, жарық жерде ұстады, көбіне үй,

ауыл маңында сөйлеп жүре беретін, қашып кете ме деп қорыққандарға, қонтайшы: «бұл қазақтың ханының ұрпағы, сондықтан бұл қашып кетуді намыс көреді, одан қорықпаңдар» деген ақылды жауыздың айтқаны рас болды, Абылайхан сол ауылдың адамы сияқты еркін –еркін жүре берді, қалмақтың қаңқылдақтау, мұңылдау, маңқ етпе тілін өзінің маңайындағы күтуші қыздардан үйреніп те алды, сол тілде өжептәуір сөйлесе берстін де жағдайға жетті. Бұл уақытта орыс патшасы да Абылайхан тағдырына немкетті емес еді. Өйткені қазақ даласына көк арға келіп, бұл күнде біраз бекіністер салып ішке деңдеп ене бастаған, және Абылайханның ақылды ексидігіне олар Абылай қалмақ қолына түспей тұрғанда –ақ білген. Хан ордасына келіп қайтқан елшілік адамдары мұның бөлекше адам екенін патшасына айтқан, бұлардың сөзінің рас -қаныгын білу үшін құрамында жер өлшегіш және су мамандары бар оннан астам адамнан тағы хан ордасына елшілік жіберген. Олар ханның кісілігін, тектілігін бұрынғылардан да асыра мақтай келді.Әйтсе, бұрынғы орыс елшіліктері қазақ даласына бұрын қайтқан жолдан бүгін келмейтін, не талауға ұшырап, тіпті болмаса далаға түнеп, даланың қатал табиғат жағдайында ауру - -сырқауға ұшырап, өздері шетінеп, көліктері шетінеп Петерборға әзер оралып, келгендері енді қайтып бармастай болатын.

Ал, қазақтың мына ханы өз жеріне келіп қайтқан жолындағы бұлардың бас амандығын. көлік амандығын, дүниесінің бүтіндігін өз мойнына алып, орыс патшасына бағыныштылық туралы ойланып, ант беруді кейінге қалдыра тұратын мазмұнды хат жазып жіберінті. Сондықтан да өздері үміт күтіп отырған Орта Азияда тірек қылмақ қылып отырған адамының қалмақ тұтқынына түсіп қалғанына бұлар бір жағы таңқалған, екінші жағынан дереу қонтайшыға шапқыншы жіберіп бұл хан жөніндегі орыс патшасының көзқарасын

жеткізген соң, қонтайшы кейінгі кезде надан уәзірлерінің айтқанына көніп Абылайды өлтіріп тастар ма еді, кім біледі... Қазақтардан қаймығуы, орыстардан қорқуы қонтайшыны батыл үкімге жібермеді.

Қаз дауысты Қазыбек атпа айрықша бақ берген адам, дәл осы сәтте, Абылайдың артынан қуып барған соң, осы пәледен құтылса жөн болар еді деп отырған қонтайшы Абылайды ұстағаны үшін «айыбыма» деп «сегіз алтын, тоғыз күміс жамбыны» қазақ елшілеріне қоса беріп жіберді. Абылайхан қырық күн ес жинап жатты... Осыдан соң қазақтың ең белгілі билерін, батырларын шақырды. Он мың басы атағы бар, бұл кезде Қанжығалы қарт Бөгенбай атанған аруақты Бөкен, Қаракерей Қабанбай (бұл кісінің азан шақырылып қойылған аты Ер Әсіл деп те атайды) Абылайдың ең сенімді адамы ретінде екі жанында Көмекей әулие атанған қаржас Қалқаманұлы Бұхар Абылайдың қасында еді.

Абылай сол кезде отыз жастар шамасында болар, қарасұр өңді, сірә езу тартқаны болмаса күлгенін көрген адам сирек шығар. Әскерімен батырларына деген ризалығын сөзбен мақтап, марапаттап білдірмейді, көзқарасымен білдіретін сияқты. Майдан даласында да – пәлен батыр жекпе-жекте жеңді – десіп қазақ жағы «ақсарбастағанда» да өңі сыр бермей тұратынын қайтерсің, көрер көзге тұлғасы, ауыр мінезі адамға түсініксіз қимыл-келбеті көбіне оң жақын серіктеріне де жұмбақ. Бірақ ақылдылығымен айлакерлігін қара халық түйсінген. Хан жиынға Көкшетаудың қалың қарағай ортасындағы алаңға тігілген «хан ставкасы» аталатын ақ шаңқан ауылға үш жүздің батырлары, билері жиналды. Қалмақтар осы оқиғаны пайдаланып ойран салып кетпесін деп, сақтық шаралары әр ауылда жасалды. Бұл баяғы аңқау қазақтың кезі емес еді, әбден шырығын шақтабан «шұбырындыдан» үлкен сабақ алған. Бұрынғыдай «қойбой,

не болдық...» деуден гөрі, «келсең кел, бөлем» дейтіндей жағдайға келген кезі еді, қазірде жер қайысқан қол келсе амал жоқ, ал анау-мынау бұрымдыларды қабын шықтырып тастайтын күш әр ауылда бар. Сонда да хан бұйрығы бимен батырды шақыра барған шабарман арқылы орындалды.

Сол жылы Қараменде, Жидебай, Жарылғап, Сеңкібай, Орманбет, Көшірбай сияқты батырлар хан кеңесіне қатысты. Бұл бұрын соңды сирек Керей Жәнібекті кім білсін Абылайдың кезінде үрдіс болған жаңа нәрсе еді, Кіші жүзден де Көтібар, Есет сияқты көп батырлар келіпті дейді жиынға бізге жеткен деректер.

Сол Кіші жүзден Дат, Тәуекел батырлар де келіпті. Несі екенін кім білсін, Ұлы жүз батырларымен билері қадау-қадау.

## VI- желі

Абылайханның осы үлкен жиыны 1757 жылдары болды деген дерек бар (егер қателесіп кетсек тарихшы мырзалар кешірер деген үміттеміз, өйткені әдеби-көркем шығарма үнемі хронологиямен сәйкесе бермейді ғой. Авт.).

Хан сарайында дәл Керей Жәнібек кезіндегіні кім білсін, дәл сол тұста ханның хандығын білдіретін, хандықтың қаһарлылығын бедерлейтін Ұлы жиын болған екен, бұл! Әсіресе қонақасы әр адамға жеке табақ тартылды десе болады. Жұңгомен Ресейден алдырылған неше түрлі тәтті дүниелер, жемістер көрер көзді тойдырардық. Сол уақытта есепке алынған ірі батырлармен билер, хан сарайына сәске кезінде кіріп ханға амандасып, бұрынғы үрдіс қос-қолдап амандасу әйтпесе құшақтасып шұрқырасу болатын. Енді бұл үрдіс өзгеріпті, хан сарайында арнаулы хағама дәйекшілері қиуырсын қаламдарымен алдында кеуде тұсынан төмендеу келетін төрт тағанды тақтайдан сырланың, зерленіп жасалған

жұқалақ сияқты үстелдерге төгіп қалған, жандарында буда-буда шиыршықталған ақшақ түсті, кейбірі сарғылтқау түсті келген қағаздар толып жатыр. Хан атақты билерді, батырлар дәйекшілер арқылы әзірше әрқайсысын сүт пісірімдей мезет қабылдауда.

Көкшетауға шақырылғандар бәрі бірін-бірі тосып бірге келген жоқ, неге десеңіз бәрі де ардақты адамдар өз жөнімен, серіктерімен, қосшыларымен бірге жүргенді көбісі қалайтын сияқты. Көкшетау-Арқалық шоқтысы делінсе де оп-оңай аяқ жетер жер емес, мың шақырымнан Тоқырауын екі арасы асың жығылады. Қараменде би шақыру келгенде өзімен келген халықты дұрыс орналастыру қамымен Дересінде жүрген. Хан жарлығын алғанда дереу жолға шыққан, Тоқырауын бойындағы қалың Әлтеке-Сарым еліне екі қонып үш түстеніп Қараадырға өзінің малайын құрайтын шағын аулына келді, алдынан бұл күндері тоғыз-онға келіп қалған Үшкілдір атты асырап алған баласы өзі үйреткен тайымен түстік жерден шауып келді. Қараменде өз бойынан бірыз балалары болса да, әйтеуір бұған дегенде елжіреп тұрады. Кезінде жақсы-жаманды мол көрген Қараменде би тұрмыстың бір күнгі ауыртпалығына бола қажып қалатын бос адам емес. Бірақ бұл бидің ауыл-аймаққа да тіпті жақын түгіл кейде жатқа мейірімділігін елдің көбісі біледі. Біреуін жақсы, біреуін жаман демей бәрін бірдей ұстайды. Және, өзіне ерекше қасиет қонғаны да он жылдан асты. Қараменде бидің, Жарылғап батырдың, Сеңкібай батырдың, Жидебай батырдың – аруақтарының рахметі түскен, ерекше қасиетке не екендіктерін бұл күнде бүкіл қазақ баласы білетін болған. Тәрізі [illegible] жаудан көп зардап тартқан қазақ халқына ғажап бір мейірімі түсе керек, кейіннен осындай ардақты батырлар шығып жауды тырқырата қуып жеңді. Мұндай аруақ қонған батырлар Ұлы жүзде де, Кіші жүзде

де бар. Абылайханның өзі де қасиетті адам-бұл оқиғаны бәрі біледі, осыған орай Абылайхан өзге пірадар-сарай маңындағы мешітке жұма күні барлық келген би, батырлармен жұма намазына ұйыды. Сенбіден бастап жеке де, тобымен де қабылдаулар болды.

Әбілмансұр-Абылай туралы оқушыларымыз жақсы білуге тиіс, сондықтан ол тарихқа көп тоқталмаймыз. Оның құлы Бұқара, Үргеніш жақтан алып келуі, Сабалақ атымен түйе баққаны, бір күні Төле бидің бәйбішесі- осы бала, мен білсем тегін емес, жүрген жүрісі, жатқан жатысы, істеген ісі, отырған отырысынан бір бөлекшілік білініп тұрады!- дейді. Кейбір сол уақыттағы әңгімелерде осыдан кейін Төленің ойына қобалжу кірген екен деседі. Өйткені «өсе келе бұл бала билігімді өзіне ығыстыра ала ма» деген қауіпін жанағы Сабалақты сынаған ақылды бәйбішесіне айтады. Ол да қостайды. Екеуі ақылдасып кешке қас қарая, тамаққа келген уақытта айран орнына шалап бермек болады, сонда текті болса бұған қорланып кетеді және қайта оралмайды деседі. Айтқандайын кешке Сабалақ келгенде бәйбіше қызметші әйелдердің бірін жұмсап көк шалап ұсынады. Оқушыларымызға осы жерде шалап туралы айта кетейік, екі-үш күн тұрып қалған айран қалдықтары кейде күн ыстық болса іркітке айнала бастайды. Өзі ащы болады, бірақ ыстыққа біраз су қосып араластырып салқындай жұтса әрі сусын, әрі тамақ болады, бұл әрине кедейдің, байдың қызметшілерінің негізгі асы іспеттес болған.

Міне, осы шалапты Сабалақ (Әбілмансұр) қолына алып көрген беттен қалтасынан кездігін (ол уақытта қалта болмау керек, кісесінен) суырып алып, шалаптың бетін төртке тілу жорасымен жасап түгін қалдырмай, ішіп алып бір ауыз сөз айтпай аттанып кетіп еді, дейді, сол кеткеннен мол кеткен, қазақ әскеріне қосылып бір қатты соғыста Шарыш деген

қалмақ батырына қарсы жекпе-жекке шығып, оны өлтіреді. Сол жекпе-жекте шыққаннан кейін, Абылай деп айғайлап ұран ұстапты. Осыны естіп Әбілмәмбет хан өзіне алдырып жөн біліссе мұның арғы атасы қаһарлы Абылай атанған өз ағалары болып шығады. Сонда Әбілмәмбет халыққа: Уа, жұртым, бұл бала біздің ағамыздың баласы, бұрын дерексіз кетіп еді деп жүрсек, тірі боп шықты, хандықтың жөні осынікі деп орнын берген екен.

Міне, сөйтеп Абылай деп аталып, қазір оның ұлы бар, соның жетесі Жетісу өңірінің сұлтандары. Тіпті мұның ұрпақтарын қазақ елінің төрт бұрышы хош көреді, «төбесіз жер болмас, төресіз ел болмас» деген мақал да пайда болған. Абылайдың өзі өте ақылды да айлакер екендігін жоғарыда айттық, сөйте тұра халқы үшін еңкеюден аянбайды да, тайынбайды. Ежен хан мен Ресей патшасын бірдей мәмілегерлікпен ұстап келді, екеуінің ойлары өздерінше адалдықпен ант бергізу. Көбінесе Абылай «бағынғаныммен де, бағынышты емеспін деп те» айтып екі дәудің де жіңкесін құртып келді. Кейде бізге жеткен ауызекі деректер бойынша тіпті Абылайхан екі дәуді соғыстырмақ, сүзістірмек ойы да болған, бірақ жоңғарлардың кейінгі тағдырын сабақ тұтып оған бармаған, неге десеңіз «екі ортада отабын өледінің» керін келтіруді өзіне-өзі жөн көрмеген. Қалай десек те Абылайхан ағамыздың кесек тұлға екенін кейінгі ұрпақ мақтанышпен етуіне толық қақысы бар.

Абылай осы хан жиында үлкен мәселелердің бетін ашты, қалмақпен соғыстың маңызын, мәнін, екі жақтан шыққан шығынды кәдімгідей бір-бірлікпен айтты. Басында барымта-сарымта сияқты ұсақ жанжалдардан тіпті мың жылға таяу созылып келген қалмақпен екі арадағы соғысқа алла бұйыртса енді тоқтау болатындығын айтты. Осы ұзақ дәуірдегі ата кегіне айналып кеткен текетірес, екі жақтың

ел болып, мемлекет болып өркендеуіне жеткізбеді, қала салғызбады, салынған қала қиратылды, бұған қазір қалмақты да, қазақты да кінәлау қиын, кінә екі жақтан бірдей болып отырады. Екі халықтың дінінің бөлектігі отқа май құйғандай екенін айтты. Кейінгі уақытта өзі хандық құрғаннан бері болған соғыстармен, қақтығыстарға Абылайхан шолу жасап өтті. Бүркітей түйіліп жиналғандарға шола қарағанда олар жапырыла төмен қарайды, хан кейде қолын сермеп, кейде тағынан бөлек қойылған орындыққа отырып, кейде тұрып кетіп, сөйлеп, түсіндіріп, бұрынғы хандарда болмаған үрдіс жасады. Батырлардың көбісі хан соғыстағы қазақ жағының кей қателіктері туралы баса айтты, әсіресе хан жасауылдары жинау туралы бұйрық таратып жіберген уақыттағы кешеуілдеп келудің үлкен зиянын үлкен зиянын айтты.

-Бір күнгі кешеуілдеу жаудың мыңдаған өмірді қиып кететінін айтамын-деді ол, рас, қажыған, шаршаған, әсіресе жауға шекаралас елдердің тұралағаны рас!

-Бар күшімізді біріктіруіміз керек, жауға жекелей тиісіп жүретін батырларымыз бен жеке топтарымыз бар, олар жауды жеңіп пайда келтірмейді, қайта осалдығын білдіріп зиян тигізіп жүр-деді Абылай. Мұндай хан кеңесінің бұдан да былай оңтайлы сәттерде өткізіліп тұратынын және ұйымдаспай ауа жайылудың бұдан кейін тоқтайтындығын айтты. «Алқакөл сұлама, ақтабан шұбырынды» уақыт аяқталған сайын қазақ халқы есін жиып қалмаққа біртіндеп қатты соққы берді. Мәмілегерлік жолмен де елшілер келіссөз жүргізіп жатқан көрінеді.

-Біздің талабымыз, қалмақтар бұрынғы жайлаған қазақ жерлерінен түгелдей кетеді, болмаса қазір күшіміз, асырып айтқандық емес, толық жетеді. Әр жағында Жұңго Еженханы біздің бұл туралы қолдап тіпті тебірек, оқ-дәрі де ал-деп отыр. Бірақ не істесек те беталды істемей ойлан

уәзірлерімізбен, батырларымызбен ақылдасып, бір жағында Бұхар жырау, екінші жағынан Қаз дауысты Қазыбек, батырлардан Жарылғап, Олжабай, Жасыбай, Сеңкібай, Қараменде, Жиделбайлар хан шоғына тақау малдас құрып отыр. Хан жанында өткен жұма күні мешітте имам болған Түркістаннан келген Ысқақ хазірет-дамолла да отыр, бірдеңе айтатын сыңайы бар сияқты.

Хан сөйлеп біткеннен кейін ешкім ләм-мим демеді. Өйткені ол уақытта жарыс пікірге мұндай жиында қалыптаспағандық болар. Түскі тамақтан соң, намаздан кейін сәскеде тағы мәжіліс жалғасатын болды.

Түстен кейін мәжіліс жаздың күні болғандықтан орман алқабындағы үлкен алаңда жалғасты, сол күні осы мәжілісті құдіреті күшті алла қостағандай үп еткен жел болған жоқ. Енді ерікті сөзге кезек берілді, мәселе белгілі, қалмақты жеңетініміз айқындалған сияқты. Қазірдің өзінде Шығаннан әрі асырылып тасталып, қалмақ елі екі бөлініп тасталды, қазақ даласының ішінде олардың бір-бірімен қатыспақ болған әрекетінен ештеңе өнбейді, тауда ғана тек түнде ғана жортып, күндіз жатып, болмаса тау арасында жасырынып кетіп бара жатқан Шаған қалмақтарының Жуңғоға және өз жоңғарларына бара жатқан адамдары Кіші жүз елінде қолға түскен. Олар оны күшті күзетпен Абылайханға жөнелткен, тергетіп көргенде олардың өз қонтайшыларының хаттары да табылды, оқытып аударғанда, тәржіма өте жатық шықты. Өйткені бұл күнде Абылай ордасында кәдімгі мемлекеттік канцелярия бар, орыс, қытай, қалмақ тілін жөндемді білетін адамдар осында хан бұйрығымен жалақы алып жұмыс істейді, хат-шот, қазынадағы дүние, басқа мемлекеттен келіп жатқан мәмілегерлерді қабылдау, олардың патшасына жауап жіберу, егер олар сыйлық жіберген болса, сыйлық жоралғымен қайтару, хан тәртібі бойынша келген сыйлықтан

кететін сыйлықтың құны төмен болуға керек. Егер хан өзі бір мемлекетке ел басымен барса, алтын, күмістен әдемі жасалған дүниеден молдау апарады, егер сол елдің патшасының шақыруымен барса, сыйлықты кемдеу апарады. Абылай өзі дүниеқоңыз патша болған жоқ. Қырық жылдай ердің үстінде жүрді, десе де болады. Хан бүгінгі күні арыстандай айбатты, орыс және жұңго патшалары оның Орта жүз ханы екендігін бірауыздан мойындайды да Үш жүздің, яғни бүкіл қазақтың ханы екендігін мойындамай отырғаны рас. Бірақ бұл Абылай үшін ең басты нәрсе емес, ол үшін керек нәрсе халқының да батырларының да, билерінің де қарашасының бірлігі, және Үш жүздің халқы өздері ақ киізге салып хан көтерген, бүкіл қазақ Абылайды мойындайды, мойындағаны емес пе, Кіші жүзде елсіз үстіртте қолға түскен қалмақ адамдарын бірнеше күн түн қаматып жіберіп отырғаны.

## VII – желі

Қаз дауысты Қазыбек баба әжептәуір сөйледі, жиналған халықтың көбі ұғынуда да бабаның дауысының бөлектелігіне таң қалды. Баба үркіте, төңдіре сөйлемейді екен, тап бір қалмақпен соғыс болмағандай жайбарақат сөйлейді екен. Бірінші нәрсе ауызбірлік екендігін, тұтас болсаң – жау бізді ала алмайды деді ол.

-Қалмақ – біздің желкемізге топ шөгір – деді баба, бірақ оның да күні алыс емес. Біз олардың қырылып қалуын тілемейміз, тіпті сол дұшпандарымызға да жамандық тілемейік, тұрмысы да, кәсібі де, өзіміз сияқты халық, бірақ біздің есебімізден олардың өмір сүруге хақы жоқ – деді. Бұдан былай баба өзінің ұғынуда қаздай қаңқылдаған дауысымен осында ең белгілі ел тұтқасын ұстаған билерімен батырларына жарасқаннан жақсылықпен рахмат тілей келіп,

олардың орыс патшасына. Жуңго патшасына бағыныштылық туралы ойлары болса айтуын сұрайды, бірақ мың жыл алысып келген қазақ енді күш алды – деді Қазыбек, енді ешкімге құл болмаймыз бірақ «бір жеңнен қол, бір мойыннан бас» шығаратын ел болу керек, оны істемесек кейінгі ұрпақ бізді кешірмес – деп аяқтады сөзін. Баба ұзын бойлы, тіп-тік жүрісті, үстінде зерлі шапаны бар, бурыл сақалмен мұртты ықшамдап қойған, ажарында жеңіл кейіс кигізген келісті кісі. Бұл кісінің бір әдеті басқа қазақтардай бөрік-тымақты аралас кие бермейді, саптама етікті ешуақытта жазда кимейді, қысқы киімді қыста, жазғы киімді жазда ұстауымен ерекше болатын.

Қаз дауысты Қазыбек Орта жүз Қаракесектің бас биі. Жасыратыны жоқ, басқа билерден шоқтығы биік, қазір «қазулы атты қарысқа» айналған. Иісі Арғын баласы деп қойған. Әсіресе Абылайханның артынан барып қалмақ тұтқынынан босатып алып қайтқаннан кейін беделі бүкіл қазақ ішінде теңдесі жоқ деуге болғандай еді, қазақ ішіндегі талас-тартыс, дау-дамайды әдетте билер барып шешеді, ал мына биде басқа бөлек бір үрдіс болып жүр. Ол ақы иесімен, ақы таланған жақтың арызын алыстан сәлем арқылы жеткізген жағдайда «Қазыбек солай десіпті» десе де соған бітімге ел тоқтайтын дәрежеге жеткен. Аса әділ би Әбілқайырды өлтірген Барақ төренің өзін жауапқа шақырып жер шұқытқан..., «Абылайды босатып әкелдім» - деген биттей дандайсу жоқ, кергу, паңсыпу сияқты нәрсені сезе алмайсың, қайта әлі де болса сөйлеген сөзінен жете алмай, бола алмай жатырмыз» деген сарын сезіледі. Қазыбек сөйлеп біткен халық ұрандай шулап жаратқанға Абылайдай хандармен Төле, Қазыбек, Әйтеке үшін және жас жауға қарсы тұратын батырларымен бүкіл қазақ халқы үшін шүкіршілік қылып –тауба, тауба – десті. Өткен жұма намазында қалмақ соғысында опат болған ағақты

батырлардың рухына, шейіт болған сарбаздардың рухына бағыштауды Ысқақ хазірет атқарған. Қараменде би алдында отырған, ішінен енді Абылайдың, қазақтың да орыстан Жұңғоның айтқанына көніп айдауына жүре беретін кенбіс мәстек тәрізді емес, енді айбынымен досын сүйіндіріп, қасын ығындыратын халге жеткенін аңдап іштей «тәуба, тәуба, тағы да тәуба!» деді. Абылайдан енді орыс та Жұңғо да ығысып, қаймығып айбынып жиын үстінде анық көрініп қалған сияқты. Бірақ «сақ болу керек» деп түйді Қараменде жанында Жарылғап, Жиделбай батырлармен иық түйістіріп отыр. Әдетте анау-мынау жиындарда ел гулеп кететін, бүгін Хан жиыны болғандықтан хан алдында үш жүздің ұлы билері қатысқан бұл жиын өзінше бір салтанатқа ие. Жарыс сөз болсын, керіс сөз болсын сөйлеуші болса, орнынан отырған жерінен бұрынғыдай сөйлей бермейді, сөйлеп жатқан адамның сөзін, ұсынысын, пікірін, айталық, қамшылап құп бару салтысы керек не. Келіссе қамшы алдындағы екі аяқтың тұсында көлденең жатады, егер келіспесе, сөйлеушінің сөзіне дау айтқандай ниеті болса бүктеулі қамшысын сол қолына ілген үстап отыратын үрдіс бұрыннан бар-ды. Бірақ көп соғыстан, басы бірікпей есі кетінкіреген кезде көп тұрып бұл үрдіс қалып қойып еді. Бүгін соның бәрі жаңаланған сияқты бір сәнді түрге еніп еді, қабағы қатып келген батырларда, сақал-мұртын ширата келген билерде жаутаң кейіптен арылып жүздері нұрланып отыр. Әттең бұлардың осы кейпін үйіндегі әйелдері, балалары көрер ме еді, ғажап болар еді! Бесжүз қараны қазақтың ығайы мен сығайы, сол кездегі халықтың қаймағы жиналған жиын одан әрі ұласты. Арасында жиналғандарды бір сілкіндіріп алу үшін хан Абылай сыйлық таратуға пәрмен етті. Бас батырлардың бәріне де Жұңғодан және Ресейден алынған дулығалы берік берілді және зерлі шапан берілді. Билерге шиті тапанша (бір атар) сыйлық жасалып

күміс шаптырылған шоқпарына, және оқаланған ұзын шапан-нан сыйланды. Олардың жанына еріп келген жүзбасы, елубасы дәрежесіндегілерге де сыйлық берілді, оларға зерлі шекпен таратылды. Әрине хан қылыш, семсер сыйлағысы келген, бұл қаруларды қазір қазақтарға Ресейде Жүнго Еженханы да бермейді, өзімен іргелес отырып ертең бәсекеге түсер елдің қылышы көп болғанда кім қаласын! Көбінесе қылышты, семсерді, сапыны қазақ ұсталары қазір өздері соғуда еді, сондықтан бұндай қарулар сыйлық ретінде болған жоқ. Төле биге, Әйтеке биге, Қазыбек биге алтын шаптырылған сусар бөрік тартылды. Бірақ Әйтеке бидің өзі келе алмапты, жер шалғайлығы ма, әйтпесе жер ортасына келіп қалған адам сырқаттанып қалды ма кім білсін, бірақ өзінің сенімді адамын жіберіп хан қолдаған шешімге риза болатындығын білдіріп хат жазып жіберіпті, оны таңертең хан пәрменімен дәйекші секретарь елан етті.

Бұдан кейін қазақ-қалмақ соғысында ерекше жаужүректік көрсетіп, өзі жеке ерлігімен ғана емес, артындағы әскерін де жеңіске бастаған, өздері аз шегінен жау жағын көп ойсыратқан атақты батырлар мен билер шақырылды. Бұл жерде батырлықпен – билік ұғымының үнемі қатарласа келуін оқушыларымызға өз түсінігімізше баяндай кеткенімізді артық болмас деймiз. Соғыс уақытында батырлық қылған өжет жандар-бейбіт уақытта іс істесіп, соғыстан алған абырой бар, бұлардың жұрт сөзін тыңдайды, қазақ үрдісімен бұлардың көбісі ешкім сайламай-ақ би ата-нып кетеді. Өйткені бір дауды шешу үшін ауылдағы батырға жүгінбей кімге жүгінеді. Сондықтан бұл адамдар батыр деп те би деп те атала береді, батыр адам билікке және қалтқысыз болады, мал-мүлікке қызықпайды, негізінен елді ел, халықты халық етіп ұстап тұрғанда осындай адамдар. «Алтыбақан алауыздықты» тиятын осылар. «Батыр аңқау, ер күдік» де-

ген мақал бар, батырдың ашкөз адалдығы қазылыққа таптырмайтын нәрсе, түбінде жамандық жақсылықтың алдында бас иеді, «тура биде туған жоқ» деген осы би-батырлардың шешіміне риза болғандықтан шыққан сөз болса керек:

«Қаз дауысты Қазыбек
Шақшақ ұлы Жәнібек,
Бірің баға, бірің тес,
Қалауыңша пішіп, кес!»

деген асқақ сенім соларға халықтың баладай пәк, аңқау, ақ жүрегімен сенгенінен болса керек.

## VIII- желі

Сұлтан келген киімі жартылай қазақы, жартылай еуропаша дәйекші жүзіктің көзінен өткендей жігіт екен. Қытайша, орысша, арабша бірдей оқыған. Абылайдың бір көрегендігін көрсететін шаруа да осында жатыр. Сұлтангерей атты бұл жігіт Кавказ ноғайы. Астархан жақтан қалмақтың бір барымтасында қолға түсіп келген жас бозбала, орысша сауатты болып шыққан соң. Абылай қытай елшілеріне қосып «оқытып жіберіңіз» деген тілекпен Жұңгоға жіберген. Қытайлықтар бұл ұсынысты қуана қабылдаған, олардың да өз себебі бар, екі ортада жақсы түсінуге дәнекер болатын басты нәрсе тіл білу, ымдап түсініскен дүние шешуге жарамайды, қарапайым халық ымдап түсініп жатса айып емес, ал патшамен патша арасындағы қарым-қатынасқа тіл білу керек, тілмаш керек.

Сұлтангерей Бежінде оқыпты, жеті жыл ішінде қытай тілін судай жазып, біліпті, бірақ олардың бір қаласының сөйлегенін екінші қаланың адамдары түсінбейді деген де сөз болатын. Бірақ осыны Сұлтангерейден сұрағанда ол Абылайға өте жатық түсіндіріпті. Өйткені Жұңго елі біздің қазақтар, өзбектер, қырғыздар, тараншылар, татар-ноғайлар сияқты

жүздеген елден құралған екен. Бәрінің түрі ұқсас қоңырқай Азиялық болғанымен Цин империясы күшті болып күшпен ұсақ ұлттарды қосып алулар көп болған екен. Солардың көбі өз тілінде сөйлейтіні рас, бірақ нағыз Жұңго тілі бәріне ортақ тіл, сөйлесу құралы. Сұлтангерей тақуда Қытай елшілерімен оралды. Өзі де өте ыңғайлы, қылым қонатындай жігіт деп Абылайханның ойлағаны теріс кетпеді, хан сарайына келіп — Дат! Тақсыр! - деп қол қусырып ерекше биязылықпен жүректі елжіретерліктей қимылмен хан иесіне сәлем бере келген, осы жолдың өзінде Абылай бес сауымындай уақыт әңгімелесіп тәнті болды, бірақ әттегенайы да жоқ емес, осымен қосып тағы үш-төрт баланы жібергенде тіпті дұрыс болғандай екен, сонда Жұңгода елші қылып ұстауға болар еді. Абылай Жұңго елінің күш-қуатын, көп халық екен, бір патшаға бірнеше мың жылдан бері бағынып келе жатқан халық екенін біледі. Жұңгомен қарым-қатынас мүмкіндігінше нақты болуы тиіс. Айдаһаның құйрығын басып шамдандыруға және болмайды.
— Ләббай! Сенікі дұрыс деп бас ұра берсең, тіпті құрығаның, сол жағдайы Сұлтангерей айтқан көп ұсақ халық сияқты тап осы елшілер кейін отыруының аржағында ондай опасыздың жоқ екенінде кімнің көзі жетеді, -деп ойлайды кемеңгер Абылай, онда мың жыл бойы қалмақпен, парсымен, түрікменмен, моңғолмен арпалысып алған ұланғайыр қазақ жері, халқым. ардақты халқым Абылайым! Деген қазақ қайда қалады. Жоқ. Жұңгоға бет бермейік орыс айдаһасын не істейміз, алдағы көрініп тұрған жол — екеуінің біреуінің қойнына тығылу ма? Ол намыссыздықтың жолы. Мәмілегерлік керек, оны ұстай ала ма? Көптеннен бері қытай елшілері алып келген Ежен хан мұны хан етіп бекіткен пәрменін қалай түсіну керек және оған лайық жауап жіберу керек. Сұлтангерей Абылайдың қазақша жазып берген жауап мәтінін қытайша аударып дайындағанын айтып кетті.

Абылай бүгін таңертең күндегіден де ерте таң атпай, түн қараңғылығында тұрды. Енді қайтеді. Бес жүз қаралы қазақтың қаймағы деген азаматтар жатқанына үш күннің жүзі болды, оларға тамақ, сойыс, ет, қымыздың ордаға ауырлығы бола қоймас. Күніне екі-үш сағат жиыннан кейін олар аттарымен Көкшетаудың күміс көлдерін сейілдеп көрді, қарағайдың мұншама қалың өскеніне сүйсіністі. Өңтүстіктерінің жөні бар, қазақ даласы ұланғайыр, барлық жерде бірдей қарағай өсіп тұрған жоқ, әйтсе де дәл Көкшенің қарағайындай Қарқаралы, Баянауыл, Қызыларай тауларында жақсы өскен, осыған сәйкес ол жерлерде неше түрлі аң да мекендеген. Жыртқыштардан аю да бар, сілеусін қаптап жүреді. Дәл Қарқаралының өзінде Бұғылы деген жер бар, кәдімгі солтүстіктің, ит жеккен жақтың бұғысындай бұғы да мекендеген. Солтүстікті мекендеген Керей елінде де қарағай мол өскен, Тарбағатайда жынысты тайга бар. Бірақ сол шұрайлы жердің көбісін қарашекпендер алып жатыр. Абылай осыларды ойлағанда тыныш алмайды, тыныштың жөні де жоқ. Әнеукүннен бері Сұлтангерей өте аяулы азамат-мұны көп нәрсеге қанық етті, қытайлардың болжауынша қазақ жерінің үстін қойып асты неше түрлі кенге толы екен, алтын, күміс, темір, оған керемет жанып жылу беретін шыммай деген сұйық нәрсенің қасиеті тіпті ерекше. Осы шыммай келешек заманда аса құнды болады дейді екен қытай сәуегейлері. Абылайхан жігіттің зеректігіне сүйсінді, көп нәрсені байыптап үйреніп келгеніне тәнті болды, басында сескеніп «олар мұны жансыз қылып жіберме ме екен» деген күдігі де болған, бірақ Сұлтангереймен екі-үш күннің мұғдарында сөйлескеннен кейін мұның адал екеніне көзі жеткендей болды, бірақ әрине әлі де ол ханның сенімінің сынында бола беретіні айдан анық. Өйткені халық «Хан да қырық кісінің ақылы болады» дейді, орынды айтылған, расында ақымақ адам хан бола ал-

майды, тіпті ақымақ емес, орта ақылды хан халықты ұстап тұра алмайды, өйткені мына сұрапыл заман оған жібермейді, сондықтан хан ақылды да, қатал да болу керек – деп ұстанады Абылай. Бұл хан таң қараңғысында түрегелді деп едік қой, сонда иығында шапанын желбегей тастап орда маңындағы қарағайлы құрақ та тегіс алаңқай болатын. үйден дәрет түзеп шыққанды, соған барып намазға жығылып, артынан дұға оқыған соң жаратқаннан халқына амандық беруін сұрады. Зады жоғарыда айттық Абылай пірәдар еді ғой, зекет, пітірді уақтылы беріп тұратын, Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи мешітіне үлкен көмек көрсетіп отыратын. Абылайдың өз ойынша бүкіл қазақтың ханы ма, жоқ тек бір ғана жүздің ханы ма, мәселе онда тұрған жоқ, мәселе қазақтың тәуелсіз ел болуға ұмтылғандығында еді. Күн көтеріле ел жиналып гуілдесе бастады. Абылай бұдан-былай қиын да қысылған сәттерінде қасында болған белгілі би, батырлармен аса маңызды істі «ақылдасып, солардың келісімімен жасаймын» - деп іштей де солардың өзіне мақұлдатқан да болатын. Ендігі маңызды нәрсе Жұңғоның елшісіне берілетін жауап. Себебі, олар мұның хандығын мойындайды және бекітіп жарлық жіберіпті. Демек, мемлекет ретінде де олар Қазақияны мойындайды деген сөз, ал артында бүкпесі бар шығар оны кезінде көре жатады. Сұлтанкерей ханның ыңы бойынша Ежен ханға жолданатын хаттың мәтінін көтеріңкі дауыспен оқыды : «Ата-бабамыз Есім және Жәңгір хандардан бермен қарай Жұңғо елімен хабарласа алмай жүруші едік, оған себеп бізді жазықсыз жек көріп, тиіскен, тыныштығымызды алған қалмақтар біздің өлкемізге кірген шегірдей болып еді, ендігісі Сізге де мәлім шығар Ұлы мәртебелі Шың патшасы, біз олардың қанатын қайырып сындырдық. Сіздің тап қазір бізге жіберген елшілеріңіз арқылы Сіздің ілтипатыңызға ие болғанымызды естіп елімізбен бірге бұл шақырыңыз Абы-

лай қатты қуанды. Ұлы Мәртебелі патша сіздің осындама рақымшылық көрсеткеніңізді естіп, руларының бәрі қуанышқа кенелді, ол қуанышты сөзбен айтып жеткізу қиын. Міне бақырыңыз Абылай осындағы халқымен Жұңгоға ел болуды тіледі, біздің адалдығымызға сенсеңіз, бақырыңыз Абылай 1757 жыл миладия» деп және жазыпты. Мұны естіген жұрт ду-ылдап ризашылық білдірді, Бөгенбай Ежен ханның хаты бар ма екен, бар болса не деген екен бізге деп сұрады. ханның қасымен тағы Сұлтанкерей ол хатты да қазақшаға аударып қойған екен бірден дауыстата жөнелді. Хат аса ұзақ емес екен: «Мәртебелі ханымыз Абылай біз сізді жол білетін, жағдаймен санасатын, істің ретін табатын ақылға кемел деп ойлаушы едік, енді сол ойымыз дұрыс болып шыққанына қуандық. Сізге арнап ханға лайық сый және ең бастысы хан етіп бекітілген пәрменді жіберіп отырмыз, егер бойыңызда осы адалдығыңыз тұрса, Сізді бұдан да былай жарылқап тұрар едім, бізге деген адалдығыңыз қауымыңыздың кәсібімен нәсібін тұрақтандырып жөнділікпен басқарып тұрмағыңыз» делініпті. Мұны естіп халық гулеп кетті. Қытай патшасының аса сыйлық та сыпайы хаты жиналған халыққа керемет әсер берді. Жұрт бірауыздан Абылайханның осы хатқа жазған жауабын жөн деп тапты, тіпті біздің халықты сондайлықты сеніммен айтып, жарылқап тұрамын деген сөзіне жылап алғандар болды. Абылай осы кезде бес түйенің теңіне тұратын Ежен ханның сыйлығын ақтарып осы жиын құрметіне «хан талапай» қылуға рұқсат етті, бұл бір керемет оқиға болды. Маталар, кездемелер, жібек, масаты сияқты сол уақыттың асыл бұйымдары жарты мыңдай адамға үлестіруге жетті, Ежен хан сұңғыла адам болса керек, арнайы тайлаған жүктің ішін қытайша зерлеген отыз шақты ақсүйектерге арналған шапан толықты, шынында сол уақытта киімнің қымбаты шапан болатындай еді, әрине, жаз айларында, ал қыста Қазақияның

түтек боранымен, ызғарлы аязына мұндай шапанды бес қабаттап кисе де ештеңе болмайды, суықтан сақтамайды. «Тоғыз қабат торқадан, тоқтышағым терісі артық» деген тұрмыстық мақал өзінің әміршенділігімен, шыншылдығымен кейінге дейін келді, және бұл мақал адамзат жер бетінде жасап тұрғанда өз мәнін жоймайтын сияқты.

Шапандар құрметті билерге тиді, әрине мұндайда оңсыз болмайды жетпей қалғандар да көп. Бірақ хан бұл жерде де ақылдылық танытты бұрыннан жиналған сый шапандар қалған билерге таратуға жеткілікті болды.

Ендігі мәселе Ежен ханға хат жазылды, оның мазмұнына жұрт жаппай қолдау көрсетті, ризалықтарын білдірді. Орыс патшасы Нұралы хан құсап, «тізерлеп ант берсеңіз» деген талаптарын сыпайы жеткізбек болыпты, бірақ хаттың аржағында қоқан-лоқысы да садақпы жатқаны аңдалып-ақ тұр. Ежен ханның хаты оны іштарта, қамқормен жазылуы да қазақтарға күш бергендей. Қаз дауысты Қазыбектің өзі бастап билеп, орыс патшасына бейтарап мазмұнды хат жазуға келісті. Хаттың мазмұнын Сұлтангерей бір бие сауым уақытта былай құрапты: «Аса мәртебелі Екатерина патшайым! Біздер, қазақтар сонау Жәнібек, Керей сұлтандардан бергі заманда мына тарапта Еділге, Жайыққа дейін жайлап жүрген ел едік. Бүгін сол жайлауларға сіздер тарапыңыздан көп тиым болды, бұл әрекеттеріңіз біз үшін түсініксіз, біз үнемі көрші Ресеймен тағдыр қосқан көрші ретінде тату-тәтті, сыпайы қатынаста болғымыз келеді, солай болып келеді де. Ал, мәртебелі ханшайым! Сіздерге бағыныштылық жөнінде ант берудің мәні осыны сізге жолдап отырған Абылай үшін түсініксіз, және сіздің мәртебеңізге хабарлауға рұқсат етіп Қытай Ежен ханы менің хандық лауазымымды біржола ризалықпен бекітті. Бекіту бұрын да солар тарапынан болатын, осыдан кейін орыс патшасының да бекітуі керек пе, деген ой туады, онда

екі балықшының ұстаған балықты біреуі басынан, біреуі құйрығынан тартқандай күлкі болатыны сияқты, Еженханның ол хатының мәтінін осымен сізге, өз адамдарыңыздан қоса жіберемін. Ал, мәртебелі, дәрежелі ханшайым, сіздің Ресей тағында ұзақ отырып, бағынышты халқыңызға жарық сәуле түсіре берсе деген тілекпен отырсақ деймін. Сауда-саттық сияқты бағыныштылықты білмейтін қарым-қатынасты жүргізе беруге даярмыз. Өзіміз көп соғыстан қажи келе басқа елдің қол астына кіруді құдіретті күшті алла да қоштамас — деп ойлаймыз. Қашанда сізбен мәмілегерлік қатынасқа дайын, Абылайхан деп білерсіз!

Бұл хаттың мәтіні жиналғандар арасында үлкен дүрмек тудырды. Билер мен батырлар өздерінің гүжілдеген даусымен — Әуелі алла, пайғамбар, сонсоң хан иеміз Абылайхан! — деп гуілдесті. —Әрі-беріден соң көріп алдық солардан келген құдайды, соғысты жаңа көрген жоқпыз, мұжықтарды да көріп аламыз — десіп дүрілдесті. Хан қолын көтерді, оның мысы басқан жұрт тына қалды. — Халқым деді, Абылайхан, құрметті билер, батырлар! Соғысты қаламаймыз ол рас, бірақ кім тисе де қорқақ итше бүгіле қашқан жеріміз жоқ, оны өздеріңіз білесіздер, менің ойымша бұл үлкен ойынның басы, қазір олар да шын ойларын білдіргісі келмейді, бірақ бізге бұл аян. Орыс патшасы біздің түбегейлі бағынышты болғанымызды қалайды, ант бергізудің төркіні осында. Әйтпесе мың жыл бойы анттаспай өмір сүріп келдік қой, мұжықтың қойын баққызғысы, егінін салғызғысы келеді бізге. Бірақ ол біздің қазір күнгей-өңірімізді, Үш жүздің бір ту астына жиналғанымызды ескермеген сияқты. Біз орыстармен соғысып абырой таппаспыз, бірақ жерімізді таптатуға да бермеспіз. Әрине Еженханға арқа сүйегендейміз, сеземін ол да түпкілікті емес. Сондықтан менің шешімім, екі үлкен елмен де мәмілегерлікпен өмір сүру, «шаш ал десе, бас ала»

сацуға болмайтын заманың келген сияқтымыз. Ешкімді қорқытпайық, күшіміз болса ішімізге сақтайық. «Сен тимесең мен тиме, бадырақ көз» осы қағидамызға не жауап берер екен, оны да көрейік, бір жағынан кейде өктемсігенімен олар бізден айылын жиып ұстайтын сияқты, бірақ мұны олар қорқады деп ұқпауымыз керек. Қазір бізге әлді мол жинау керек. Шама келсе Қытаймен, Ресейден басқа да үлкен елдер бар, солармен байланыс орнатсақ. Әттең, «қысқа жіп күрмеуге келмейді», соны ұзартатын кім, ел оқу, білім алу екенін көргендейміз, бірыңғай жаугершілікпен жүріп осы бір жағын ақсатып алыппыз. Мал өсірсек, үйленсек, қазаққа шаруаның біткені сияқты көрінеді. Кейінгі ұрпақ басқа болып келеді, олар жол табатынына күмән жоқ. Ал әзірше «тірнектеп жинаған жеңісімізді, шамасыз көтеріп тастамайық» деймін. Батырлар, билер, осы жиынға сіздерді әдейі жинадым, батырсыз, бисіз, халықсыз ханда билік болмайды. Осындағы сөзді халқыма жеткізіңдер, сіздерден осыны өтінемін. Абылай осы сөздерді айтқанда ерекше аруақтанып, былай да биік тұлғасы онан сайын биіктегендей болды. Осы сөздерді айтқанда жанында Жиырған және Қараменде би тұр еді. Үш жүзден жиналған билер бұл үшеуінен еш бір атақты да ханның үштігі дәрежесінде болып тұруын жөн көргендей, еш бір қызғаныш танытқан жоқ. Және де хан осында жиналған атақты билер өзінің уәзірі болып есептелетінін және құптата жеткізеді. Жиын аяғына қарай Қараменде биге мыңбасы атағы, Сеңкібай батырға мыңбасы сардар атақтары берілді. Бұларға ел шетіне жау келсе әскер жинап хан жарлығын күтпестен оларға тойтарыс беру тапсырылды. Абылай өзінің әрі ақылгөйі, сол уақытта даналығымен Үш жүзге әйгілі болған Қаз дауысты Қазыбекті өзінің бас уәзірі етіп жариялады, бас уәзірдің де басқалар сияқты хан сарайында тұруы міндет емес, тек жиындарда келіп тұратын болады. Қазыбектің

батыл қылғаннан ешкім болған жоқ, қонтайшының алдына барып сөйлегенде «ой, бір балаға бола неге берсеңіз кетті» деп уәзірлері қайран қалғанда ол да құдайдың жаратқан пендесі. «ой, сендер сезген жоқсыңдар, ол сөйлегенде екі иығынан екі арыстан маған қарап сестей, аузын ашып тұрды» деген аңызға берісін мұндықты бәрі білестін, қазір елі жер орта-сына қарай тала келе жатса да «бата» аталған бұдан кейінгі тарихта қазақ халқының мақтанышына, символы болған Қаз дауысты Қазыбек шешендей алтының уәлиалтасы (әулие) болатын. Оның қасиеті көп еді, халқына төнген қауіпті білетін, осындай қасиет Қараменде биде, Сеңкібай би де батырда да болатын. Оны кейінгі тарихқа халық жеткізді. Осы жиында Жиделбай батырға мыңбасы атағы берілді, негізінен мың адамдық әскер жинап оған бас болу оңай емес, тек мың емес, ол мыңдық әскер жинаса соғыс уақытында оған тиым жоқ, қайта нұр үстіне нұр.

Хан жиынынан батырлар мен билер көп сый-сияпат көрді, мұндай бұрын-соңды болмаған, мұнымен қоса Абылайға бұлар сеніп қайтты.

## IX – желі

Абылайдың тәуір жорықтары кезінде қазақтар Іле, Тарбағатай өңірінде бұрынғы қоныстарын қайтып алып, жерін ұлан-ғайыр кеңітіп алды. Негізінен қазақ тарихы қазіргі кейбір адамдар ойлап жүрген тым жадағай емес, қайта дүниедегі көптеген елдердің тарихына қарама-қайшы аса бай тарих. Орта ғасырдың өзін алсаңыз таң қаласыз. Бертінде «Қарқаралы, Хан Бертіс» деген сөз тіркесін Бұқар бабадан да, Күлері қожадан да естіп, оқығамын. Қазіргі қазақ ұрпақтары әсіресе Қаракесектерді Ташкенттің үлкендері әлі де біледі, атадан балаға қалған аңызға сүйенеді. Ташкенттің

сол уақыттағы ханы Шаншар Бертіс (Бердібек) екенін кейінгі ұрпақ біле ме ? Сол Бертіс өз хандығын әбден күшейткен уақытта ар жағында Хиуа, Бұхара әмірлері көз аларта керек. Сонда керемет, ыңай мен сыңайдан он жеті ер жеткен ұлы бар Бертіс қатты асылдық қылыпты. Бұл сөзді айтуға ауыз бармай-ды. бірақ күшіргіні алып кешіре гөр деп тілейміз, ол айтыпты – Бұхар мен Хиуаның сыр ісы түгіл дәл қазір маған құдайдың әлі келмес - депті. Содан әлгілерден жеңіліп, бар балалары соғыста қырылған, бірақ Бертіс тәуба етіп, арғы, кейінгі ұрпағының жақсы өскендігін айту керек. «Сарт садағам, өзбек өз ағам» - деген сөз сол уақытта айтылса керек. Ал аталарының сол уақытта Ферғананы билегендігін Қарағанды маңында тұрып жатқан Қуандықтан шыққан Алтай, Тоқадан Барқияң есімді ата ұрпағы түгі ұмытпаған. Міне, керек бол-са тарих. Қазіргі Жезқазған маңайынан шыққан батырлықпен тарихта қалған Жалаңтөс баһадүр атын екенін тарихтың алғашқы курсын оқып жүрген бала жігіттер де біледі. Жалаңтөс құр жалаң батыр ғана емес, Самарқанда айтулы көркем өнер туындыларын жасатқан меценат екені де белгілі. Осы сөйлемдер қағаз бетіне түсумен тоқтатамыз ғой дегенбіз, әдебиет пен тарихты жақсы білетін бір азаматымыз қолжазбаны оқып көріп:

-Мұқа, мынауыңыз қалай, өзіңіз Абылайды қазақтың ұлы ханы дей отырып ол туралы екі-ақ ауыз сөзбен тоқтағаныңыз қалай?-деді. Мен шынында да ұялып қалдым, және өзім Абылай жөнінде бала күнімнен-ақ «бір кісідей білем» деп жүрген адам, бұл қылығыма не жорық. Мұның себебі де бар екен мен кітабымда көбінесе Қараменде, Жарылған, Жидебай, Сеңкібай сияқты әрі би, әрі батырлардың бейнесін ашпақ болғаным рас, сондықтан көбінесе солар туралы әңгімеге ауыз кете бердік. Сіздердің қазақ тарихын бірсыдырғы білетіндеріңіз бізге де мәлім. Бірақ бұдан ширек мың жыл

бұрын қазақтың азаттығы үшін алысып оған жол салып берген Ұлы Абылайдың бейнесі біздің жүрегімізде.

Абылайдың қажыр-қайраты өлшеусіз еді деседі бұрынғыдан қалған аңыз-тарихқа сүйенушілер. Ол қайратты, батыл, қаһарман қолбасы, тіпті батырлықпен ерлік туралы айтылатын теңеулердің бәріне де тұратын адам екен. Оның үстіне қазіргі тілмен айтқанда шебер ұйымдастырушы, дарынды мәмілегер, өз Отанын, халқын сүйген де жақсы көрген өте қажырлы қайраткер болған. Жоғарыда біраз жерде келтіргеніміздей Ресеймен Жуңго (Қытай) патшалығы сынды екі ірі ел арасында оңтайлы әрекет жасап, өз халқын сақтап қалуға, өз билігін сол кездегі халықаралық дәрежеде кеңейтуге әрекет қылды. Төңірегіндегі көрші елдермен, Орта Азия хандықтарымен, орыс және қытай мемлекетімен сауда-саттық байланыс, мәдени, кейбір кәсіптер жөнінен қарым-қатынас орнатқан. Иранмен, Индиямен байланыс орнатпақ болып хат жазып елшілер жібергені жөнінде Ресейдің сыртқы істер Департаментінде үлкен оқиға ретінде болғаны жөнінде әжептәуір құжаттарды біздің қазіргі бір тарихшымыз тауып алыпты (Санкт-Петербург) біз тым болмаса «көрсетіңізші» деп сұрағанымызбен ол Алматыда қалдырып кеткенін сылтаурататып көрсеткісі келмеді, бірақ біз бұл оқиғаға таңданғын жоқпыз, неге десеңіз Абылай бір басына қандай әрекет қылды десе де сиятын адам. Өйткені жоғарыда айтқанымыздай Абылайхан кейіннен Қытаймен Ресейде айылын жиып ұстаған ғой. Абылай өмірінің соңғы кезеңіне қарай, қазақ хандығының үлкен хандығы Ұлы жүзде тұратын дәстүрмен өз ордасын Ұлы жүзге көшірді. Хандығын кеңейту мақсатында қарақалпақ пен қырғыз тайпаларын өз қарамағына біріктіруге күш салды, кезінде мұндай әрекетті әз Тәуке жасаған, тіпті бұл салада әжептәуір нәрселерге қолы жеткен болатын. Қарақалпақтар мен қырғыздарды қосып

алу жөніндегі Абылайдың мақсаты жөнінде қазіргі көзбен ойлап қарасақ, осы қосын ноғайлар арқылы күшейіп одан әрі Орта Азияға ықпал еткісі келген, екінші жағдай Абылай ертеғы тарихты, Бұхар жырауды қасына алып отырғанда білмеуі мүмкін емес, «түбі бір түркі» екендігін де біле отырып бір-ақ халыққа айналғанды дұрыс көрген. Өйткені шамалы ғана тілдерінде айырмашылық бар, қырғызбен қарақалпақ осы мақсатқа тіпті қолайлы еді. Екінші жағынан Талас жағынан тиіп тұрған қырғыздар, Абылай қалмақтармен алысып жүргенде сол Ұлытау жақтағы ауылдарға «жау жағадан алғанда, бөрі етектен» дегеннің керін келтіріп, тиісіп, шулатып малын кейде жанын қоса айдап әкете берген соң Абылай бір жорықтың ретін келтіріп оларға тиіп берін бытшытын шығарады. Өтеке деген солтүста тиіп бір жақ ұрты жырық болған үлкен батыр адам Абылайдың әскеріне Шу өзені аңғарында қатты қарсылық көрсетіп ұрыс салады. Бірақ қалмаққа қарсы деп аттанған жасаулы әскерге төтеп бере алмай жеңіліп, қолға түседі. Сонда Өтекенің батырлығын қараңыз. Абылай: - Ал, Өтеке осы уақытқа дейін өз бауырыңа тыныштық бермедің, қалмаққа қарсы бізге қосылып тілі, діні бір халық ретінде соғысудың орнына бұл қай қылығыңыз?- депті.

-Оның рас, Абылай, сендерді қалмақ бөрліктіріп жатқанда, көмектесудің орнына оңай олжа іздеп шапқаным! Қарап отырсам сенің ісің дұрыс та менің ісім бұрыс екен, бұрыс қана емес, нағыз оңбағандық екен, соның үшін Абылай міне мені шауып, әйтпесе дарға асып өлтір! - депті, сонда Абылай - Өтекенің осы қасиетіне таңғалып, бір жаңа батыр ретінде мерттігіне сүйсініп «жарайды мен сені өлтірмей қоя берейін, батыр екенің көрініп тұр. бірақ енді батырлығыңды қазақты шабуға, малын барымталауға салма, бәріміздің жауымыз Қалдан Церенің жасағанына жұмсасаң» - депті. Өтеке

үәде беріп, бір жағы көңіл ретінде, бір жағы бауырластық қағыдасы үшін деп мың қарилы адамды Абылай өзімен бір әкеткен. Бұл мың адамның ішінде қырғыз ақсүйек-манаптары Жантай, Жантөрелердің туыстары да болған дейді. Абылай бұларды алып келе жатып жолшыбай таратып тастап кетіп отырған. Осындай бір тобы Балқаштау төңірегінде де орын тебуін қоныстанған. Бірақ сол жылы қыс қатты болып мал түгел қырылып жөне үйреніспеген Арқаның қатал ауа-райы бұларды тұралатып тастаса керек, сабамен көнек керегесі ілініп қалған. Сонда қырғыздардың үлкендері «мынау бір қу тау болды ғой» деп кейіннен Қу атануы осыдан еді деген деректер бар. Қарқаралының Томар елді мекенінде өздерін Күсеймыз атайтын қырғыздардың бірсыпырасы қазір де тұрады. Мұны айтып отырғанымыз Абылайханның қазақ мемлекеттігін нығайту үшін өзіндік миграциялық саясат та ұстана білгендігін көрсетін түр емес пе. Бұл оқиғаға бір дәлел болатын сөз, сол кезде Іледе тұрған Цин патшалығының амбысы (консулы деуге бола ма, қалай?) өз ордасына былай деп хабарлаған. «Абылай мен Әбілес қалың қолмен (Әбілес деп Әбілпейізді айтып отыруы мүмкін) Қара балта деген бұрағтармен (қырғыздар) соғысты. Бұрағтардың Өтеке батыры таласқа дейін қуып барып соғысып, бірақ жеңілді. Мыңнан астам адам тұтқынға түсіп кетті. Олардың ішінде бірталай мансаптылар да бар. Қазақтар бар жоғын олжалау үшін қырғыздарды ойрандады». Жоғарыда келтіргеніміздей Абылайхан тұтқынға түскен қырғыздарға қысым жасаған жоқ, оларды қазақ елінің ішіндегі жайлы қоныстарға орналастырды. Бұл туралы Шоқан Уәлихановтың өзі «Оның тұтқынға алған адамдарының көп болғандығы сонша, қазір олардың ұрпақтары екі болыс ел болып, жаңа қырғыз, бай қырғыз деп аталады» деп жазған. Абылайдың өз ордасында 1767 жылдары бес жүздей таңдаулы қырғыз жігіттерінен құралған

жасақ ордасы күзеткені туралы тарихта айқын деректер бар, осы жасақтағы сарбаздардың екі жүздейі қалмақтан болған біреуі соғыста мыңбасы Сеңкібай батырдың қарамағында болып, жорық жолдары аяқталған соң Сеңкібай батырмен бірге Қызылжарай деген құтты да, берекелі мекенге қалып қойғаны анық.

-Абылай туралы, оның қаһарлы хандығы туралы тағы бір айқын дерек, сол Шоқан Уалихановтың еңбектерінен кездеседі. Абылайхан мықты әскер қолын ертіп барып Ташкентті алым-салық төлеп тұруға міндеттейді және Ташкенттің ханы етіп Қаракесек Шаншардан шыққан Берісті (Бердібек) қояды. Өзбекстанның Ферғана аймағына сол уақытта қалай ауғанын кім білсін Барғана аталған Алтай-Тоқалдан шыққан батырды билеуші етіп қойған, бұлар туралы сәл жоғарыда ғана айтқанбыз, сол деректі жаңа дерек, мәліметтерімізбен толтырып жатқанымызға оқушылар қуанар деймін. Қазақтың ұлы ханы Абылай туралы айтылатын дерек өте көп. Қазақ тарихы Абылаймен тарих болады. Абылайдың әскери жорықтары үнемі сәтті болып отырды, бұл оның ел ішінде де Цин патшалығының және орыс патшалығының алдында оның жай хандардың бірі емес, ерекше жаратылған адам екеніне оларды мойынсұндыра бастады. Басқарудың дәстүрлі таптаурын болған жолынан ауытқитын жаңа нәрселерді көптеп жасады. Соның бірі өзіне бағынышты руларға, елдерге өз адамдарын қою. Ол көбінесе өзінен туған отыз ұлды ішінен осы мақсаттарға пайдаланды. Әділ деген баласын Ұлы жүз елін басқарды, Уәли ұрпақтары Орта жүз елдерін басқарды.

Әр елдерді хан ұрпақтары басқарды дегенімен жергілікті билердің қабілетті, ақылдылары оларды символика ретінде ұстап «солар айтты», негізінен халықты өздері басқарып билеп келген. Осы Абылай кезінен бастап әр рудың басшы-

да хан тұқымының болуы тіпті дәстүрге айналған, жоғарыда да айтқамыз «төресіз ел болмас, төбесіз жер болмас» деген желеу болған, тіпті көптеген рулар өздеріне төбесіне көтеріп төре әкеліп осы арқылы Абылайға шексіз бағыныштылығын білдіретін болған. Екінші жағынан ру ішіндегі алауыздықты тыюда төре тұқымының септігі бар екенін де ойлаған жөн сияқты.

Қанша тырысса да Абылай қазақ мемлекетін толық біріктіріп басқарды деу тағы да қиын сияқты. Ұлан-ғайыр қазақ жеріне бір уақиға туралы ақпарат таратудың өзі ол заманда керемет қиын еді. Мысалы, Кіші жүз еліне шапқыншы жіберсе, айдан астам уақыттан оралатын болған. Сондықтан да тәуір тарихшыларымыз қазір, ол кезеңде тіпті бір орталыққа бағынудың әлеуметтік-экономикалық негізі де жоқ еді деседі. әрине, бір тұтас болғанға не жетсін, өткен шаруаға амал не, дейміз де қоямыз. Бұқар жыраудың: «Сен Есімханның түстігіне де жарамайсың» - деуі Абылайды қарай айтқан сөзі екенін түсінеміз. Абылайдың ел қорғаудағы, жер қорғаудағы асыл қасиеттері кейінгі ұрпаққа сол кездегі қазақ ақындарының жырлары арқылы жетті. Ауыз әдебиетінің сол кездегі өкілдерінен Абылайды жырламағаны жоқ деуге болар. Абылай тіпті ерліктің бейнесі, рухы ретінде көп аңыздарға арқау болған. Өзіміздің сүйікті Мағжан ақын:

Қиын күн туған Алаш баласына
Шұбырып жаланың сар даласында,
Кез болған жаудан үркіп «Ақтабанға»,
Дұшпанның қамандай боп табасына.
Арқаға аяқ салып түскен барын,
Екі оттың орыс-қытай арасында.
Күндерде сондау қара тапсырған ел
Тағдырын Абылайдай данасына,

Сол күнде ел қорғаған Абылайдың
Қылсаң да аз қанша тәуап моласына-

деп «Бұқар Баянда» керемет айтқан ғой. Абылайхан тағдырындағы көп нәрселерге кейін де орын бермес үшін айтып жатқанымыз ғой. 1781 жылы 69 жасында опат болып бүкіл қазақтың ақын-жырауларының оның ерлігі, өрлігі, жау алдындағы қайтпас өжеттігі туралы Кеңес заманы ондайға қанша қарсы. Абылай сияқты адамдардың атын өшірмек болып тырысса да ұрпақтың санасына Абылай туралы жақсы жетті. Абылай айта салуға ғана оңай, егер сол заманда елестетсек, сол кездегі уақиғаларды әсіресе «Ақтабан шұбырындыны» еске алсақ, осыдан кейінгі Абылай бабамыздың халқына жасағаны ғажап-ақ. Абылай атамыз қайтыс болған соң Уәли хандық құрған, оны орыс патшасы Орта жүз ханы деп таныған. Орыс патшасына Үш жүзге бір хан болғаннан үш хан болғаны тиімді еді, тіпті Петербург мұрағаттарынан қазір еліміз жасырып болмай табылып отырған деректерде, сол уақытта орыс үкіметі шенеуніктерді «хан неғұрлым көбірек болса, «қырғыздар» (қазақтар) арасында алауыздық көп болғандықтан, сондықтан оның осылы қайтсе бізден (орыс патшасынан) көмек сұрайды. Осы арқылы оларды өзімізге бағынышты етеміз» - деген саясат болғаны анық. Біз қазір осы арқылы оларды айыптамай-ақ қойдық, өйткені ол әр мемлекеттің өз саясаты, әр кейбір мемлекет өзінің көршісінің мықты болғанын еш қашан жақтырған емес еді, өйткені өмірдің жаратылысы, заңы солай.

Абылайхан хан жиыны тарағанда ат тұяғының дүрсілін тыңдап орда ішінде отырған жоқ, қайта оларға «жол болсын» айтып кейбіріне бас изеп, кейбірінің қолынан қысып аттандырып жатты. Бұқар, Қазыбектер кейініреқ қалды. Тіпті ханға «қант» айтып шағыстыратын шаруасы бар біраз адамдар табылып аттануды кейіндегі. Бірақ өздерінің елдерінің әбі

шешеді» - дегенді ойлап, салмақтап қараса керек. Және өңкей қазақтың игі-жақсысы жиналған хан жиынында ондай мәселе де қаралмайды деген сыбыс шыға айналды, сондықтан талаптанушылардың көбі хан ордасына бара алмайтын еді. Жиналғандар аттануда, бәрі хан тарапынан мол сыйлыққа, не болмаса риза болыспен барады, қайтар кездерінде хан ымымен шай, кантты көптеп таратты. Әрине ол уақытта ақша жөніндегі түсінікті оқушыларымыз жақсы біледі. Көбісі: - Хош, сұлу Көкше, өрімдей қарағайың, күмістей көлің бар. Құлпыр шалқан кісің бар, сен қазақтың қасиетті жерісің, құдауанда, мұндай сұлу жерді жаратқан аллатағала шын шебер ғой десті. Сұлу көздің жасындай бұлақтар, көк майса шалғын Көкшеден түстік жер ұзағанша ат үзеңгісіне сусылдап тиіп отырады. Неше түрлі қызылды-жасылды хош иісті гүлдердің бояуы таралтумен тақымының былғарысына жабысып оларға басқа әдемі бір түс береді.

Қарамерде, Сеңкібай, Жарылған, Ормамбет, Жидебай батырлар мыңбасы-сардар ағасы алып Арқаның қыр төсіне өз мекендеріне оралып келе жатыр, хан пәрменімен бұларды енді оқшау оққағар сарбаздар күзететін болған. Өйткені бұл батырлардың есімі қиянға таныс. Аузы түкті орыстар тіпті олардың патшайымында бұл батырлар туралы мәлімет көп, көрші елдің мықты болғандығын оның батырларының көп болғандығынан сипкім жақсы көрмейді, сондықтан осы кейінгі заманда қытаспен өштескен адамға «үзеңгіге у жағу» деген бір пәле шыққанда да біраз уақыт болды. Басында Қытайдан шықты ма, қалмақтан шықты ма, орыс істеді ме, біздің адамдарға мәлімсіз, бірақ жорықтан оралып келе жатқанда түскен үйлерден қонағасы ішіп сап-сау аттанған қазақтың қалмақтарға қарсы біраз жаужүрек батырлары шетінеп кеткен. Бұл пәле ешбір сезілмейтін, білінбейтін, көрінбейтін бір нәрсе, үзеңгі қалай жағылатынын кім білсін бірақ ат үстінде

келе жатқан батыр бір демде у шашқан соң қарайып барып құлап бір соққыға жетпей өліп қалады, ол удың күштілігі етігін ұлтанынан өтіп барып ұшы денеге дариды. Осы бар және басқа қастандық түрлері де бар. Тасадан мылтықпен ату да пайда бола бастаған кез еді. Міне осындайдың бәрінен батырларды сақтау үшін әр қайсысына екіден ( әрине мыңбасыларға ) ханның өз жасағы құрамында болған, осы іске әдейі үйретілген қазақ жігіттері бұлар, әрине батылдары, өжеттері таңдап алынады, оларға осы іске үйрету-жаттығу кезінде мешіттен молда келіп әңгіме өткізеді. Билер, шешендер, тіпті Бұқар екеуінің өзі тауда бұларға халық туралы, оның азаттығы туралы әңгіме өткізген. Бұларды жинап алып осылай дайындауға себеп болған хан немесе өзінің әр нәрсеге құмарлығының түрткісі еді. Ол әр елдің елшілерінен тәржімеші арқылы әртүрлі нәрселерді сұрап алып отыратын. Патша сарайларында қандай тәртіп бар, осының бәрін сұрап, біліп алатын да, көбісін хан сарайында жасауға талпынатын, және оның дұрыс болып шығатын мұндай тәртіпті, жосықты көрмеген ел адамдары бұған таңқалатын. «Осы хан ием, құдай-ау, осының бәрін іштен оқып туған ба» - десіп, бір жағы таңдасып болса, бір жағы «бізде осындай бар» дегендей мақтанның туғызатын еді. Абылайдың хан сарайы маңында осындай күзет бес адамнан туратынын жоғарыда бір жерде де келтірдік ... деймін. Хан ордасында өткен дабырасындау осы жиын Ордабасындағыдай айғайлап тұрған жиын емесінін, қазақ мемлекетінің де орныға бастағанын білдіргендей еді. Өйткені мұндай жиынның даңғазасы мен дамбырайғаны көп болып, әне, деген даңғазалыққа, бізге кім жолайды, әлке-түген батырлар тұрғанда деген болса.— даңғазаты мұнда орын болған жоқ. Бір қызығы мұндай жиынды бұрын көрмесе де, батырлар да билер де тіпті ылғи осындай жиынға қатысып жүргендей сабырлы, салихалы

күй кешіп отырды. Үш күнге созылған жиын кезінде аста-төк тағам жасалмауы, етке, қымызға қосымша әртүрлі тәттілер, жемістер, жеміс қосылып жасалған не алуан тағамдар бұларға сыйланды. Қап не, сөз жоқ мұны әдейі істеді, өйткені басқа халықтармен араласу дүниесінің қызығы да сонда, жеген етке ішкен қымызға мас болып жүр бергеніміз дұрыс па деген ниетті білдіретін еді.

Батырлар бүгін үшінші күн жүрісте, аттары мығым, сауыт-саймандары үстінде, ол кездің ғұрпынша сауыт-сайман, қару-жарақ үстінде болады, өйткені «жау жер астында», бұлар қазір оққағарлары болған соң, қапыда айтқанмен пенде емес пе, селкілдеу отыр, өйткені, күн ыстық. Жол бойы кезіккен Атығай — Қарауыл ауылдарында бұларға құрмет-іззет шек болған жоқ. Өйткені халық мұндай аққа шыққан батырларды тәуір біледі, тіпті балаларына да ырым қылып солардың атын қоятыны тағы бар. Олар сөйтіп келе жатып, біреудің жаңа туған нәрестесіне ат қою, бүтіннің арасынан өткізу, аузына түкірту сияқты ғұрыптардың біразын атқаруларына тура келді, тіпті түскен ауылда бұлардың сауыт-саймандары, жанына ерген күзетшілері де қызықты.

Міне, ел шетіне ілікті, алдарында Қарсон елінің күнмен бөрске дарыған Садырбай байдың ауылының ақ шаңқан үйлері шағырмақ күнмен бірге көз қарыды. Ауылда бір қоңыр үй жоқ, жолда кезіккен ауыл шетіне кіре бере ұшырасқан бір адамнан осыны сұрамақ болып шақырған еді, өзі шырақ адам екен, бұлардың түріне оқшырая қарағанмен атын бұрып, тебіне жақындады. Осы ауылдың адамы, және Садырбай мырзаның адамы емес екен, бұлардың «қоңырқай үй неге жоқ» деген сұрағына «Сәкен тіккізбейді ондай үйді, ауылдан өшіп алады» деп жауап берді, және өзі осы келе жатқан қонақтарды бастап келуге алдан жіберілген екен. Астында ақбоз ат, үстінде зерлі киім, сыпайы, сырбаз жігіт екені көрініп тұр,

бұларды бөлек тігілген сегіз қанат ақ үйге, қонақ үйге ба-
стап келді, тағы қосымша жігіттер шығып оннан астам алыс
жолдан келе жатқан жүргіншілердің тұлпарларын кермеге
байлады, бір қызығы жаңағы жігіттен бастап ауыл адамдары
мініп жүрген аттың бәрі ақбоз түстес, бұлар Сабырбайдың
жылқысы сарыала екенін біледі, «бұлар неге сарыала»
мінбейтінін түсіне алмады. Әртүрлі жорамалдар айтысты.
Бұлардың жорамалдары дұрыс боп шықты. «Сарыбайдың са-
рыаласы» асыл тұқымды жылқы. Қанында араб, түрікмен
ахалтекесі және қазақы жылқының ең асылын будандасты-
рып алған. Сарыала түс осы кезде пайда болған, сол сарыа-
ла текті бірыңғайдан, осы сарыала қазір алты мыңнан аса-
ды деседі. Сабырбай мырзаны бұрын бұлар еститін, бір-екі
үлкен аста іштей кездесулері бар еді. Нағыз өз ауылына
түсудің сәті бүгін келіпті. Қарамende, Жидебай, Сеңкібай,
Жарылғап және Дадан Тобықтысының Қаракесек кейінгі
белгілі адамы Орманбет би осы топта келе жатыр. Бұлар
бірнеше күн бірге еру болып келе жатыр, көп сырға қанықты,
бірін-бірі бұрынғыдан жақсы біліп, әрқайсысы әріптесінің
қасиеттеріне тәнті болысты. Бұл топта Сашаби де болу ке-
рек еді, Даданның бұл да бір атаққа шыққан биі, сөзімен
ісі бірге шығатын уәдеде тұрған адам еді, әсіресе көші-қон
жағдайын жақсы біледі, бұл жағынан Сашекең халыққа өте
жақын адам екен деп айтуға болады. Ол кісі әуел бастан
елде қалған, хан шақыруы тиесілі болған, бірақ елге де басшы
керек, ақылдаса келе біраз серік болып Қаракесекпен Орман-
бет Көкшетауға жүргенде Саша би елде бас адам боп қалған.
Дәл бұл екеуі асылар емес сияқты өйткені елде сенімді адам
бар. Ал Орманбет би болса сан қилы-кескі дауды шешуге
түскен, қазір дер шағында, от ауызды орақ тілді, осы келе
жатқанда астында «Қаракөк» атанатын бесті шыққан аты
бар, осы сапарға әдейі мінген, неге десеңіз, осы атынан көп

үміт күткенмен сындырардай қолайлы сәт таппай қойғанды, жас жылқыны сынаудың сәті түсті, осы жолы міне ұзақ сапарға сыр бермей келеді. Сыр бергені өз алдына, кейіннен тіпті жараңқырап ауыздықпен алысып отырғанын шығарды. Қаракөктің үстінде Орманбет би Көкпеден шыққалы аса әңгімеге кеп араласпай келеді, ойында не барын кім білсін. Сақал-мұрты қап-қара боп қалың өскен, мұртын басып отырып, өткір ұстарасын жалықпаған Орманбет би тастамайды, әйтпесе жылдам өскен қалың қара түк бүкіл ауызды жылдам басып кетеді. Өзі шот қабақ, басы сопақтау келген, көкшілдеу көзді қарасұр адам. Дауларда өз айтқанынан қайтпай сіресіп қалатын мінезі бар, бұл бір қайсарлық қана емес, өз айтқанының дұрыстығына сенуден шыққан болу керек және осы қазақ жерінің төрт түкпіріне белгілі болған, басқа билер Орманбеттің ондай қайтпайтын билігін «Орманбеттің орны» деп атап кеткен, тіпті «Орманбеттің орны, басқа бидің соры» деген мақал да шығып кеткен. Билігімен қоса қалмақпен соғыста сан жекпе-жекте мерейі үстем болған қалың қазақ қасиет тұтатын адам, тек шамалы сылтып басады, оның өзі аттан түскенде ғана білінеді, баяғы Мамай батырдың заманында Қарменде екеуі де Қызылқайыңдағы Тесіктас тауындағы қалмақтың жеңіл қолымен болған бие сауым шайқаста тірсек тұсына қалмақ найзасы бойлады, жандәрмен найзадан ұстап берді, жау найзасы ұшы мұның тірсегінде қалған күйі мұның желігінде келді. Жара аса ауыр болмады, тек біраз құрым киіз күйдіріп басқанды да, таза матамен мықты орап таңып тастады. Бұл да бір сұрапыл соғыс болды. Тесіктас жағынан шегінген қалмақтар Тобықты қапыда басып, талан-таражға түсіріп олжаламақ болған ойы іске аспай сол бір қысқа ұрыс сайда өлген өліктерін қаңғырып келген жағына қарай қашты, қазақтар азын-аулақ ақылдасқаннан кейін қош жинайын секеріп оларды қуған жоқ. Бірақ оларды бекер бо-

лыпты, қаптап жаудың алдынан қалмақтардың тағы бір үлкен тобы келе жатыр екен, бұлар бөлінген жағдайды соларға айтып, солардың ақылымен, сол қалмақтарға қосылып кейін қайтып қазақтардан өш алмақ болады. Алыстан барлап көзін жіберіп байқаса қазақтар көшеріне кешуге қамданып жатқаны белгілі болды. Бұларға бұл жағдай өте қолайлы еді, дереу тығыла отырып жымын білдірмей олар асатып Тесіктас жанындағы биік асудың астында тосуды ұйғарды қалмақтар. Егер дәл сол жерден асып кейін бұл қалмақтарға ұшыраса үлкен қырғын қазақтар жағында болатыны сөзсіз еді. Өйткені қалмақтар бекінген жер маңайындағыны шолып, біліп тұруға тіпті қолайлы екен, және ортасы терең екі жағы өркеш шоқыланып келген тау қандай жауды болсын, бас салып түсіп жіберуге өте қолайлы. Өйткені әрқайсысы атты кісіні үйме-түйме қылып жіберетіндей әрқайсысы екі, үш, бес нұтқай келетін бос қойтастар мұндайда таптырмайтын қару. Өйткені көштің қиып лебі өте бергенде екі жағынан ойға қарай домалата тоғытса оларды қағып шығына бағыратыны сөзсіз және көштің де, адамның, көліктің есін шығарып берекесін алып жіберетіндігінде күмән жоқ. Осы жерге дереу бекініп жатқан шошақ бөрік киген тұлымдылар қауқылдасып жатыр, өйткені олар енді бір сәтте қана мол олжаға кенелмек. Тіпті қазақтар бұлардың жол тосып жатқанын білген күнде де оңбайды. Өйткені көшті кейін бұрса да бұлар ірсектеп отырып, түбінде бір тимек. Олар болса, бұларды серпіп қуып тастауға шамасы келмейді. Өйткені әкер көшті қорғай жүріп отырады. Көштен алыстап ұзап кете алмайды, өйткені қазақтың жері де, даласы да кең. Бұйраланған жыра, тау-төбелік он да кон. Қазақтарды жау жоқ деме төбе астында» деген мақалда бар. Қалмақтар бекінісін керемет сайлады, қолайлы орналасқаны соншалық тіпті осында мекендеп қалуға болатындай. Қалмақтар да жер жағдайына зерек, тіпті

бұлардың ішінде тағдырдың айдауымен қазақ-қалмақтың ондаған соғыстарынан аман шығып жүргендер және бір кездерде осы өңірде болғандарын мақтаныш қылып жас әскерлерге әңгімелеп отырғандар да бар. Қазақ қолымен, көшінің басқа асар жері жоқ, кейін шегінетін жағдайы және жоқ деп есептейді бұлар.

Хош, енді қазақтар жағына келейік, бұлар көшылса да көшті қамдап жатыр. Негізгі көлік түйелер, қазақ даласында көші-қонда түйе жануарлардың еңбегі көп. Маңғыраған әдемі сұлу басты, биік тірсекті осы бір жануарлар дүниеге қазақпен бірге жаратылып шыққан деп те ойлайсың. Бірақ жорық жағдайында атқа жететін жануар жоқ екені және рас.

Мамай батыр бастаған көшпен оны жинаған әскер де ерекше дайындықта. Қарамерде мен Орманбет және Сана билердің отыз жастағы кездері, Мамай батыр рұқсат етсе бүгін тап қазір жаумен жағаласа айқаспақ. Бұлар қалмақтардың бүкіл әрекетін көзбен қойғандай біліп отыр. «Ақымақты таққан екенсің» деп отыр бұлар. Бірақ тап солардың ойынан шығардай қам-қарекетті әдейі жасап жатыр. Мамай батыр жас билермен батырлар Қарамендемен, Сана бимен, Орманбетпен ақсақалдар бәрі осы тығырықтан шығудың жолын іздеп бірнеше мәрте өздерінше кеңес құрған және осы көрікті Қызылжардың батысына қарай ел бар ма, жау бар ма?» - деп шолғыншы жіберілген оларға кім кездессе соған орай жауаптасудың түріне дейін жақсылап түсіндіріліп жіберілген. Әрине, қалмақ жасы сабай-салтаң. Әлсіз болса бұларды тепкіп өкшелетпейді. Діні, тілі басқа халық, өздері туа қазақты жек көреді. Егер қолынан келсе баяғыда қазақтың тұқымын тұздай құртып, мына табиғат, мына тауды, анау көрікті әсем ағып жатқан сылдыраған бұлақтың бәрін бұлар меншіктегісі келеді. Қырудан қалғанын қазаққа малын бақтырмақ, олардың көзі сілтесіген әйелдеріңдей емес, бұлаңдаған қазақ сұлуларын

солар немдеспбек. Тағдырдың жазуы осындай тым жадағай жанықпен арпалысуды қалапты. Иесі бар, алланың жазуын көреміз десті қазақтар.

Тесіктастың жанында, көштің жолында мол олжаға кенелмек боп тосқауыл құрып жатқан қалмақ қолы үшін шығысқа қарай біткен тау басынан аяғына дейін терең құз еді. Құз болғанда шыңырау, екеуін төрт-бес шақырымға созылған ұшқан құс болмаса жан баса алмайтын қиын тау еді бұл. Көштің ол жаққа аяқ баса алмасын қалмақтар білген соң, осы қысаңдау ойлы сайда шеп құрып жатыр ғой. Мамай батыр осының бәрін көріп-біліп отырып көшті қамдаңдар – деп әмір қылыпты, елдің бәрі аң-таң, тіке ажалдың қолына өзіміз барып түскеніміз бе, әйтпесе кейін шегінуді жөн көрді ме деп жұрт қайран қалуда. Тіпті батыр алжыған деген бе» деген сөздер де кейбір үрейлі жұрттың аузынан шығып жатты. Ананан бері осында ерулі боп жатқандағы кейбір күнтесқдау шаңырақтарда қалып қойған, күлем, жабағы жүндері жүк арбасын ауырлататын жүрмес үшін жиналып бес-алты текемет киіз басылған. Батыр Мамай сенімді сарбаздарын сол киіздерді дереу алып келуді бұйырды. Сүт пісірім уақытта киіздер әкелінді, Мамай барлық ат тұяғына осы киізден дереу тұмқау жасатты. Тұмқау жасау аса қиын емес, дұрыс пішімін жасаған соң, алдыңғы және артқы аяқтың тілтасына дейін жететіндей лобайлатып қайыспен буып салынды, сонда киіз сыртынан жадағай бұлайды, оның сыртын кейін пәлімжесін болады. Киізге ондай кесіп үш-төрт жерінен өткізіп алып, қылтадап қысыңқырап буады, бұл жұмыстың тіпті қызықтығы сондай бала-шаға, әйелдерге дейін араласты. Ұсақ мал, қой-ешкілерге дейін шұға маңына жақындай жайылуда. Жау шолғыншысы осының бәрін көріп бастықтарына айтып баруда. Батыс жаққа кеткен қазақ шолғыншыларынан хабар-ошар жоқ. Бір алладан басқа көмек күтетін ешкім жоқ. Бірен-саран қалмақтан запы болған

адамал топтар мұндайда кезіге ме? Мамай батыр дереу елдің білікті адамдарын ат үстінде жинады және байлауын айтты.

– Біздің жолымызда анау тұрған Найзатасты бетке аламыз. Бергі жағы жатық, ар жағы адам аяғы баспаған жер сияқты көрінген, кешеден бері мына Қарамеңде, Орманбет және Сана би төртеуміз, жақсылап байқап зерттедік, сол қуады белден асуға тәуекел еттік, ұсақ малдың жол табатынын сезсіз, алдына серкелерді салып ұсақ малды алдыға жібереміз, ат тұяғы таймас үшін тайғақ жартасқа жақындағанда тұяққапқа су шылапсын, бет алды сөз, айғай-ұйғай болмасын, егер жазатайым мал не адам құзға құлап кетсе, дыбыс шығару болмасын, біздің маңыздысы құзға жақындағанда жау желкемізден келсе бізге тағдырдың жеткені, онда құтыла алмаймыз. егер қуады көзденен асып кетсек, жау біздің істегенімізді істей алмайды, онда құтылғанымыз. – Егер, жау желкеден тиіседі деген сақтық үшін жүз атынан таңдаулы сарбаздар осы тұрған жерімізден анау көрініп тұрған қалың қарағай ішінде жасырынып тұрады. жау бізді желкелесе олар ертеден келіп қатты ұрапмен ұрыс салады – деді Мамай би, кас қарая қозғаламыз, ай жарығын пайдаланамыз, егер күн бұлттап кетпесе! —деді Датың батыр көзі жалт-жұлт етіп жан-жағына қарады. өңірде қобалжу да шаршағандық та білінбейді, не болса да тәуекелге бел буғаны көрініп тұр. Күн бата жау шолғыншысы «ешпенсені көрін бейқам алмайтын кезді» тосуда жұрт. Міне, көз байлана бастады, намаз оқитын жұрт намазға жығылды, имамдары бар еді, Түркістан жақтан кезінде шығайы келіп ертіп алған. Имам тізесінен отырып намаз артынан әжептәуір ұзақ отырып тілек тіледі, халықтың кейбіреуі ішінен, кейбіреуі дауыстап -- ия, алла! – десті, ия, пайғамбарым колда, ия. алла оңда!, десті. --Ия, Ақжол бабамыздың аруағы – деген дауыстар көптеп естіліп, енді бірде алдындағы Найза тауды бетке алған кең үнсіз сырғи жөнелгендей болды.

## Х– желі

Садырбай мырзаның он екі қанат ақшаңқан үйіне мырзаның жігіті бастап әкелді. Садырбай әлі жас мырза екен, үйленгеніне де көп болмапты. Бұлар кіргенде қолындағы домбырасын жанындағы жастыққа сүйей салды. Бұл жайіне батырлар қайран қалды, өйткені ол заманда бай, мырзалар өздері ән салмайды, домбыра шертпейтін, оны сал-серілердің, сыпалардың ісі деп ұғып, өздері мұны мін санайтын. Сондықтан әр бір жерге барса әншілерін, болса күйшілерін, құсбегілерін, палуандарын мақтан үшін ерте жүретін. Әрине, өздері бай болғасын, олар да өзі теңдестердің үйіне түсетін, оншақты адамның қонақасын анау-мынау байлар көтеріп кете береді. Садырбай мырза лайықты әдепті, дұрыс тәрбиесін көрсетіп қазақтың ең алдыңғы шыққан батырларының алдында ерекше құрмет көрсете бұлардың кіре бере – Ассаламуғалейкум! – деген сәлемін – Уағалейкумассалам! – деп әрқайсының қолын ұстап төс тиісті де батырлардың артынан кірген жай адамдарға өздеріне тең, лайық ілтипат көрсетті. Батырларға жас Садырбай мырза бірден ұнады, біразнан соң ол да, ағалар деп сөйлейтін күйге жетті. Салтанаты да, тәрбиесі де бөлекше. Батырлар әр түрлі салтанатты көріп жүргенмен, көбіне халықтың қамымен өз жағдайларын жасауды ойламайды ғой. Бірақ тұрғанда халқында не жақсылық бар ол да бұлардікі болып саналады, өйткені батыр не істеймін, былайша айтқанда не кием, не ішем, не жеймін – десе де еш бір адам қолын қақпайды. Осыны білетін батырлар халқына жеккөрінішті болмау үшін артық ішіп-жемге де басқа алымға да бара бермейді. Халық пен батырдың, бидің арасындағы жарасты сый қалыптасқан, батырмен, бидің жоқ болса өздері-ақ әкеліп тастайды. Батыр еш қашан халқын шаппайды, жеңіс тозімен теңтек болса, бірақ тыңғылы болады. Са-

дырбай отауында отырып батырлар ерекше шаттанып отыр, қалмақтың бетін біржолата қайтарғаны бар, хан алдындағы сыйапат алу, мынау Садырбай мырза өзі бейнебір жарты патша дерлік байлығы мен салтанаты бар, әрине бұның тұрған жері Арқаның белі Аюшыр, қалмаққа аяқ жетуге алыстау да. Бірақ оған қарап Садырбай мырзаны соғыстан тартқан шеккепті деп айтуға болмайды. Кезінде сарыала туларымен қазақ қосындарын жабдықтап тұрыпты.

Көрсон — Керней рулары - текті Қаракесектің денін құрайтын басты бұтақтарының бірі. Ақша-тау, Ағадыр, Жарық мына жағы сонау Бетпаққа дейін, мына түстік жағы Балқаш көліне дейінгі жерлерді мекендеген Арқаның сары белдерінде өсіп, өніп отырған халық. Бай да, би де белгілі адамдар сол кездің өзінде көп шыққан. Әнші, жыршылары да көп екен, Садырбай мырза Арқаның ардақты батырларының өзіне кеп қонақ болуының орайын бастаған қонақасының артын тойға айналдырып жіберді, балуан күресті, ат шаптырылды, ақындар айтыстырылды, жыршылар, термешілер де көп екен, домбырамен ән салынды. Шынында да халық азаттығының қамымен тіпті күні кешеге дерлік бел шешпей келген батырлар бір жасап қалды, халқы тек көшпелі жүрген, жау келсе қашып, әр тасаға қонақтап жүрген халық емес екен. Көшпелі, текті жұрт екенбіз, қараңызшы мына мырзаның салтанатына, сыйайлылығы қандай, кеңі, біз» деп мейманы қолын қусырып, деп бір бұлардың алдында кінәлі адамдай құрақ ұшып сыйлап жүгіріп жүргенінің өзі бір бұдан былай бұлар жүрген жерде — жыр қып айта жүрер ғажайып емес пе? Әлі, бұл кейбір малдың соңында кеткен сасық байлардан емес, кісі күтуі, тағам дайындауына дейін өзгеше, батырлар аттанғанша көңілі қалатын нәрсенің бәрін жасауы керемет емес пе? Дәл қазақта мұндай бар деп осы батырлардың өзі де бүгінге дейін, осындай бір бөлекше өмір барын ойламапты. Рас, бұрындар

«өлген бай» дегендерінің сыйын көрген бұлар, көбіне қарын тойдыру, етке, қымызға тою дәрежесінде сый көрсетін, ал мынау бір өзгеше сый, бұрын бұлардың көрмегені, ойламағаны. Үш күндей еруледі. Садырбай мырза тамаша, келісті жүзінде асыл текті паңдық, сырбаз сұлулық, сұңғыла ақыл, алла тағала адамға сыйлаған нәрсенің көбісі өзінде бар. Бұлар аттанар күні Садырбай мырза: – Аяулы ырыс ағалар, арнайы ниет қылсам қолым жетпес нәрсеге келдіңіздер, менің отауымда осы аз күн болғандарыңыз мың мәртебе, енді қалағандарыңызды айтыңыздар, айтпай жүрмеңіздер, онда мені ренжітесіздер – деді. Енді бұлар састы, батырмен би болғанмен, жастары да үлкен болғанмен мынандай сый - құрметтен кейін, басқа бірдеңе дәметуге тіпті де бұлардың батыр жүрегі дауаламай еді, бұлар күмілжіп қалды. Керней Жарылғап батырдың інісі есебінде, әйтеуір түбі бір. Жарылғаптың өзі де жорық жолдарында жүргенмен бе, Садырбайдың мынандай белгілі дәрежеге жеткенін аңдамаған екен. Расында мына батырлардың алдында мақтаныш қалды. Садырбайға қосылып: – Бұйымтай, қалау айтыңыздар – деді. Мырзаның көрікті ауылындағы халық бұлардың аттанатынын біліп, бұлардан кейін құлазығандай болып қалатындарын ойлап жүр. Бәрі де «енді бұлар не қылар екен» деп, сынай қарағандай. Орманбет, Жиделбай, Сеңкібай – Қарамендеге қарады, «осы сөзді сіз ұстаңыз» дегендей болды.

Сонда Қарамende: – Садырбай шырағым, сенің ауылыңда үш қонғанда отыз жыл жасағандай әсер алдық, атаңа рақмет. Сен бір нәрсені ескермей тұрсың, батырмен бидің елінің үстінде екені рас, бірақ олар өз ел-жұртынан қалау алмайды, оны істесе күйсандығы. Сендей азамат халыққа қатты керек, кедейіне, жарлы-жақыбайды тарықтырмасаң бізге бергенің сол. Өзің білесің, біздің халықтың көрмегені жоқ. Сонау жылдары тағы ес кетіп «енді ел болудан қалдық» дегендер

де болған. Ел боламыз десек Қаратауда жүре алмай отырған Әнет бабаны тастап кетер ме едік, үміт үзілуге жақындаған шақ еді бұл. Аллаға шүкір, елдің ерлігінің арқасында, қазақ деген ақынды халық есін жия білді, топтасты, батырына ерді, биін тыңдады. Елді азаттықты алысып жүріп алдық. Біз хан жиынынан көп жайды түйіп қайттық. Азаттық бір күннің, бір айдың шаруасы емес екен, елді орыс патшасы бір жағымыздан, бір жағымыздан Жүңго біздің жерімізге, шұрайлымызға, қонысымызға, тау-тасқа, өзен-көлімізге қатты қызығады екен. Сондықтан аттан түспес ер мен батыр көп керек, жеріміз кең, пейіліміз де кең халық едік, бірақ түбінде бізді тыныш отырғызбайтын сияқты, себебін айттым, сол заманның желі қалай соғар екен, алдысын аңдап соған орай қимылдап іс қылатын заман келе жатыр деп білем өз басым, мына осы ауылдағы халық, кәрі-жас осы сөз бәріңіздің де құлағыңызда болсын деп айтып тұрмын. Ал қазақтың жас мырзасы, өзіңше бізге берме, біздеп мына қатар үш биден бата ал, «баталы құл арымас, батасыз құл жарымас» -деген сөзді бізден бұрынғылар айтыпты, атадан қалған асыл сөздің бірі осы. Ауылдың бүкіл халқы жиналып, шынында да бұл ауыл қалмақтан зардап шекпеген сияқты, өйткені сақал-мұрты тебіндей бастаған бозбалалар көп екен, халықтың бұлай өсіп келе жатқанын көріп Қараменде іштей қуанып қалды, кәрілерде біраз бар екен, Қараекең зады өте шешен адам болатын. Білетін жұрт «Қаз дауысты Қазыбектен соң, аққу дауысты Қараменде» - деп атаса болар деп те айтқан дуалы ауыз адамдар көп болған.

Қаракең сөзін тағы біраз жалғастырды, елдің, халықтың бірлігі, өзінің елсіз жатқан Қасқакөл жері аумағына біраз елді бастап келгенін, бұл жұрт айтып жүргендей Тобықты елінің бөлінгені емес, тіпті хан иенің өзі араласқан шаруа екен, ақынды да есті құтты батыр әрі би Қарамендеге осы қолқаны

Абылай әжептәуір бұрынғы кезде айтып жүреді екен. Жалпы Абылайдың бір қасиеті халықтың оқшаулығын емес, бір-бірімен тығыз араласа тұруының жолын көретін хан, оның бір белгісі қырғыз ұлтынан да біраз адамдарын, сол халықтар бірімен-бірі жақындасып, түбі араласып тұрсын, жегжат, құдандал болса тіпті жақсы дегенді түсінетін еді.

Қасқакөл жағы бос жатқан, азын-аулақ Жалайыр елі игеріп тұрғандай болып, шұрайлы жеріне малын өткізгенімен, әр жағынан жау келсе сенгіш қыла алмаушы еді, сөйтіп жүргенде Қараменде елінде Шыңғыстауды Тобықты елінде Кәбекенмен (Кеңгірбай) Қараменде деген түптері бір екі би билікке таласыпты, соның жағы Тобықтының бір белгісі жуа көңілді деген тіпті әдейі таратылған қауесет сияқты, және көп оңтүстікке бет түзегенде «алыс емес, көк астындағы қақпан» табылармыз - деуі де ғажап. Қараменде біресе «алыстағы мұсылман жұртына бет түзейік» деп айтқан,-ол да қазақтың жауларына «солай естілсін» деген әдейі ниеттен туындаған сияқты. Қараменде бір сәт қайда жүрсе де қалың қазағының тағдырын да, артына «тәуекел қайтпаса» мінезін ойланбастан ерген жұртына бір жағы риза, бір жағы «осының арғы қалай болар екен» деген күмәнмен қарағандай, енді ойлап отырса, шыннында бәрі орнына келгендей екен. Бірақ, Қасқакөлге таласып үлгерген, әлпеттілде ақ жорғастай жеткен құлдыз даланы кейін мекен қылуды ойлағандар көп екен, бірақ иесі көк жеткісіз мекен деп даланы кең мекен құруға да тәуекел ете алмаған екен. Енді міне Дадан Тобықтысы үш Дересінді Қасқакөлге көк арта мекендеген соң, өз қазағымыз – Ұлы жүздің бір-екі рулары «біздің жеріміз еді» деген. Осы халықтың бір мінезі дау қуу сияқты, біраз жұмыстары да осы дау жолында жүретін. Ол бергілі барымта, ұрлық сияқты неше тасыр екенін кім білген, қазақ-қазақ болғалы ма, өздерінің бір салтқа айналып кеткен нәрселері еді. Құдай куә, жер кең

болған сайын талас та көп еді. Солдағысы жердің үстінің шөбі, суы. Ал кейінгі замандардағыдай жер қазып алып жатса не болар еді деп ойлайсың.

Бұл жолы Қасқакөлге қатысты дауға Үш жүздің билері түгел араласқан. Өзіміздегі дау-дамай, әйтеуір тысқа кеткенде жинала кетуіміз, әтей салтан қалмаққа қарсы соғысуға қарағанда жылдам деуге болады. Бұл Қасқакөлдің дауы Дадан Тобықтысы сол маңайға бұрын мекендегісі бекіп отырғаны анық. Бұлар енді сол аймаққа біржолата бекіп қалады деп, қызғанушылардың жаны шығуда. Кейбір билер Қасқакөлге қатысы болмаса да осы дауға қатысақ ниеті бар, тым болмаса дауласқан жақтарда сол ауылдан берілетін дәмді жіңішкесінде болып жатса, соның өзі қайда? Қасқакөл дауының түп-тегі мынадай еді: «Қасқакөл Ұлы жүздің келімыс, көп жылы Кіші жүзден болсын, Орта жүзден болсын, мейлі жайласын, мейлі қыстасын ешкім ештеңе демепті. Енді Ұлы жүз халқы да, малы да өсіп келеді, өрісті кеңіту керек, деп-дайын шетсіз, шексіз Қасқакөлдің маңайына келмесе де қайда келеді, сөйтсе оны Тобықтылар мекендеп алыпты, тіпті қонысы болып отыра беруге де олар қонбейді, жерді де, көлді де меншіктеп алған, оларға Ұлы жүз адамдары - біздің жер еді, - десе, - бұрын қайда жүргенсіңдер – деп маңайлатпар емес дейді. Соғыса кететін қалмақ емес, өз қазағың, сондықтан көлдің дауы қалыңдап Үш жүздің билерінің алдына түсті. Ілгері тарауда Орманбет би туралы айтып келе жатып басқа оқиғаны баяндап кеткеміз, енді Орманбет бидің кескінін ашатын сол әңгімені құрметті оқушылар сіздерге ұсынсақ деміз. Орманбеттің түр кескіні турасы айтылмаса да кейбеті қазақ болған, соған орай жақсы түрлі адамнан жақсы сөз шығатын болған. Кейінгі кезде Қарамеңде, Орманбет, Сана би қосылса қашқан аңды үгітіп қуған аңшылардай әр жердегі дау-дамайда есе бермеуге айналған, Шыңғыстауда жүргенде

бұлар Қабекеңнің (Кеңгірбай) өзіне ауыз сала бастағандай болған, ауыз салған емей немене бір билікті бір-ақ ауыз сөзбен бітіретін даудың байшогелі болса да Қабекең алдына қайтып келе берген. Ақырында осы үш бидің біраз елді бастап бес күншілік жерге көшіп мекенді құладүзден іздегенінідамсеңгісіз еді. Бірақ болар істің болғанын айтпай қайтерсің, Қабекең енді ойласа Қарамеңде, Ормамбет, Сана би бұларға Тоқтамыс батыр қосылса керемет екен-ау! Бұл билердің ауқымы, ақылымен сөз саптасы бір-ақ Тобықтыға сыймағандай екен, бірақ иісі қазақбаласына сыйғандай екен, бүгіндері Шыңғыстауда құлазып қалғандай болған

Қабекең осылай ойлайды. Кейде соларды сағынады, барып қайтқысы да келеді, бірақ күнде алдына келетін бітпейтін қазақы даудан шыға алмай-ақ қойды, анада жылқыда жүрген, жарамды бес ат алдырған, серіктеріне және өзіне, Қаскакөл Үш Дересін атты жерде, кеше ғана өзінің жұрты болған, енді басқаның елімен жұрты болғандай елді, өзің танитын балашағаға дейін барып қайтқысы келген...

Қаскакөл дауы алдымен үш жүздің билерінің бір-біріне сәлем айтуынан басталған. Қарамеңде біле қалды, олары мына билер болса қалай қарар екен дегені сияқты, тіпті бұл даудың төркіні Қаскакөл үшін емес осы кейінгі кезде иісі қазаққа атағы кеткен үш биді сыйлау сияқты, Ұлы билердің мұндай әдісі де болатын. Көңілдеріне келсе бұдан былай бұларды өздерінің гүзырынан әр жүздің арасындағы үлкен дауларға төбе би ғып жіберіп отырғысы да келеді. Өйткені Әйтеке де, Төле де, Қаз дауысты Қазыбек те бұл кезде шау тартқан, қай дауға жете берсін... Сонымен айтқан сәлеммен шешілген дау болмады. Төле бимен, Кіші жүз биі Әйтеке дауға бітегене араласты. Қаз дауысты Қазыбек басында араласқысы келгендей болғанымен кейін: «Қарамендемен, Ормамбеттен қалатын шаруа жоқ» - деп араласқысы келмеді.

Әбілқайыр хан ұрпағы Жаңа Ғана барып орналасып отырған арғы Арғыннан туысатын Тобықтының тағдыры, қоныс тағдыры сөз болатын жиынға баргысы келмеген сияқты. Екінші жағынан, осы баргысы келмеуінен билердің осы атағы үлкен, бірақ жылпылдақтау екенін сезетін сияқты. Өйткені мұндай даудан би мәртебесі өспейді, қайта «пәленше би шеше алмапты» делініп бүкіл қазақ жерінде сөзге ілінуі де мүмкін. Үшіншіден осы Қасқакөлге талас дегенді Қазыбек жақтырмайтын секілді, иесі бар, мекендесін, жайласын, «кеше қайда қарап қалғансың» деп Ұлы жүздің талабын қостамайтын сияқты. Тіпті «осындай да, осындай дау туындап жатыр» - дегенді Абылайхан естісе не болмақ, өткен жиында да ол билерге шүкшия айтқан, «орынсыз жерге таласты, соған бола алауыздықты» жою туралы кейіннен хан пәрмен де шығармақ болған сияқты, енде кім осыдан абырой алама? Қандай жағдай, кімдер итермеледі, шынында да қазақ тарихында осы даудың болғаны рас, бірақ бұл дау-таластың ерекшелігі биге келіп түскен қара халықтың өтініші емес, бимен бидің арасындағы дау тектес болды. Өйткені Тобықты Қасқакөлді жайлап отыр, даугерлер «осы жерден көш» дейді, бұл Тобықтылар жауапкер есебінде, тіпті билер тілімен айтқанда «күнәкер» сияқты болып отырды. Ал Тобықтының жауабын, шешімін, уәжін, байлогелін не Қараменде, не Орманбет, не Сана би ұстамай кім ұстайды. «Орманбеттің оры бар, Орына түскеннің соры бар» - делінетін Орманбет ерікті ме, еріксіз бе әйтеуір халқының жоғын жоқтап, мұңын мұңдап жүрген әрі би, әрі батыр осы даудың жауапкері болды. Бірақ Орманбетпен айтысуға келген билер оңшайман болды, кейбірсуі жер шұқыды, оларға Орманбет Қасқакөлді бермек түгіл, тіпті Қасқакөлден әрі жерлерден біраз жерді қосып алуға айналды. Сонда ақылдасып Төлемен Әйтеке еріксіз келген. Өйтпей қайтеді, шынында Қасқакөл қаншама

халықтың малының от оттап, су ішіп жүрген көлі болатын, бұны Тобықтыға бүтіндей берсе көп халық жерге қысылмай, мұның аты жұтқа әкеліп соғуы оп-оңай емес пе? Осы уақиғаны бізге жеткен деректер былай деп өреді: Айқынкөл деген жерге үй тігізіп жиналған екен. Жиналған көпшілікке сәлем бере Орманбет кіріп келіпті. –Ей, Орманбет! Мен әлі тірімін, өлген жоқпын, бұдан бұрын әлденеше рет сәлем айтсам да сен келген жоқсың; ер жетер, жер жетер, сөзіме оңа қылмас дүниебөк. Сен бізден жасы кіші бала едің, біз барып қайттық, сен ілгері барасың, біз енді көп жүрмеспіз, өлерміз, сен жассың көңілдегіңді аларсың! – депті Төле би.

– Ия, бай болсаң халқыңа, қазаныңа пайдаң тисін, батыр болсаң дұшпаныңа найзаң тисін; әйтпесе жүрген ала бөтен үйің күйсін деген той, бізге кейінгілер риза болмай ма деп қорқамын, – дейді Әйтеке, Төлебидің сөзін қолдап.

Сонда Орманбет би өзіне бір сынақтың тақалып-ақ тұрғанын қатты аңдап:

-Екі би, айтқан сөзің жарасалы, сенікі әркімдер-ақ тапасалы. Қасқакөл Орта жүздің үлесі еді, дауларын қиыншаққа жанасалы. Қанағатсыз билерді Қасқакөлдің қабаны дейім бе, өзі шапқан жүйрікті шабан дейім бе, біреудің ақысына қорлық қылып отырған екі би, сендерді жақсы емес, жаман дейім бе, – деп қолындағы қамшысын екі бүктеп, саптамасының қонышына сарт еткізіп тастай салыпты. Кіші жүзбен Ұлы жүз бірігіп келіп отырса дауды бітпейтіндей салмағы білінгендігі.
Сонда Төле би бойын тіктеп былай депті:

- Ей, Орманбет сені біз кеше ғана келіп иелік етсейін қалай деп тұрғаным жоқ. Бұл сөзім құмай ұстайтын дау емес, әр руыңның жанындағы бір-бір көлдерін алған көлі жоқ, соны неге ойламайсың, екінші Қасқакөл бәрімізге жетеді, құр қызғаныш қылма, мен айтсам бұдан былай Қасқакөл Үш жүзге ортақ болсын, кейінгіге осыны аманат етейік. «Бардан

ойлады, жоқтап талап» деген. Қасқакөлдің төрт бұрышынан ағатын ауыл бұдан былай суға таласпа, көлдегі балығы, жағасындағы құраққа таласпа дегенді, естісек кінәлі табылып жазаланатынын біліңдер! – деді. Өлеңмен өргенде былай толғапты:

Үш жүздің ортасында Қасқакөл бар,
Қай жерде ауылқұдық басқа көл бар.
Үш жүзге ешкім алысып бөлінбейік,
Жер-су жетер, көңілің үстама тар.

Орманбет би ойланып қалып, жүзі күреңіте бергенде, кейде сіресіп қайтпайтын мінезін білетін анасы:

-Қарағым, ана билердің айтқаны дұрыс қой,

- дегенде Орманбет:

-Ой, ана-ай! – деп басындағы бөркін төмен қайта киіпті, бұл келісімді білдіргені екен.

Сонда Орманбет бидің анасының риза болып

Төле би:

Ойсыл жақсы бола ел басшысы емес пе?!
Өткен бұрын жақсылар солай деген емес пе?!
Бар қазаққа берейік оймен келіп елім,
Бірақ Орманбет бермеймін десе оған елім.
Жетіске келгенде сенім жерде қалса,
Мәңгіге тірімөстей болып едім. -

деп алып, жеңгей баласына бата беретін қолдарын жайды деп сол жерде отырған үлкен-кішілер. Қасқакөл бүкіл үш жүз ортақ пайдаланатын көлге сол күннен айналған болатын.

## XI – желі

Салырбай мырзаның үйінен ақ аттастарын беріп Қарамерген, Жиделбай, Жарылқап батырлар, Сенебай батыр

лар қатты риза болыпты, бұл дуалда бір жағынан үш күндей ерулетенде көп қызық көрді, бай-мырзаның сән-салтанатына тәнті болды. Бұл оқиға оқушылардың есіне салып қойық, 175... жылдары болғаны тарихи деректерден алынды. Жоғарыда Жарылғап Керией болғандықтан бата бермейді, ол шаңыраққа есепті. Қараменде би жиналған халықтың алдында Садырбай қатарында бата беру үшін қолын жайды:

Қолың ашық, пейілің кең азамат екенсің, бір ұл келеді дүниеге Есберген деп қоярсың, дәулеті биік, сәулеті өзіңнен де артық болар, басқадан ерекшелігі оқу мен білімге құштар болар, жартым мүлкі кітап болар, атағы Үш жүзге жайылады, оның тұсында сарбаза тұшарың мұнан да көбейер, бұл айта қоярлықтай азамат болады, пейілі де кең болар, бірақ бағы, тағы ұрпақтарына дари қоймас, өйткені заманның теріс соққан желі әсер етер – деп-дағы «аллаһы акбар» - деп бет сипады.

Ендігі Жилебай әулие қол жайды. – Тағы бір ұл келер дүниеге көп кешікпей, атын Нұрбай қойғын, нұрлы болар, бұл дүниеде салтанатпен-ақ өмір сүреді, бетіне жан баласы қарсы келмес, бірақ бақ та, тақ та ұрпақтарына дариды, қайтерсің, қырық-ішіткенін ықыласына не болар - «аллаһы акбар» - деді.

Енді Сеңкебай батыр қол жайды: - Дүниеге тағы бір ұл келеді, аты Қоңдыбай болсын, артында ұлан-ғұлан ұрпағы мыңға жетеді, бірақ бай болғаны үшін жаза тартар заман келеді, құлдар басқа шығады, жақсыны жалаға салады, бір үйтгың шамалары бірін-бірі өлтіреді, осының бәрінен өсіп ұрпағы өз халқымен бірге көбейе береді, халқы не көрсе, соны бірге көріп, өсіп өнеді, неше түрлі ұрпағынан халқына қызмет қылатын жақсылар шығады, Садырбай мырза –сенің атың өшпейді, өлмейді, кейінгі ұрпақтар есіне алып отырады, бүгінде басыңа бақ, дәулеті қонамсың, сол дәулетің

ортаймас -«аллоһы акбар» -деп бетін сипады. Үш бидің қолмен қойғандай сөзіне халық дуылдап кетті, бірсу сенді, бірсу сенбеді, бірақ олардың барлығы аллатағала «аузына дуа, көңіліне күз»бергенҚарамеңде, Сеңкібай, Жидебай енді енгенцеге қарамастан аттанып кетті, Жарылған батыр бұлардан гөрі өз мекеніне – жақын қалды – деп келеді. Қуанлықтан шыққан Нұра бойындағы соғыста ерлігімен атакка шыққан Мәнжі Күржікей баласы – дуагөй батырларды қонақ қылмай жіберер болмады, ол бұлармен бірге шығып, әнеукүні өзып кеткен Нұра бойындағы аулына барып бұларды қарсы алуға дайындалып жатқан болу керек. Қозыкөш жерге Садырбай мырза сарыала тұлпарын мініп және бір топ жігіттерімен шығарып салды, екі жақ та қатты ризалық қылысты, Садырбай мырза тап бір қимас құрдасы келіп қайтқандай әсерде қалды, құзыр-мәзір айтысып кейін бұрылып кетіп бара жатқан тұлғасы да келісті екен, басында жеңіл қара күзен бөрік, өзі әлемі, тұлғалы жігітке жарасымды киім онан сайын көрік береді екен. Үш күн бұлардың арқасында ойын, тойға, әнге, жырға сусындаған сол ауыл және ұрымтал жерден келген басқа да ауыл адамдары бұларды кимай қалғаны сөзсіз, бұлар аттанғанмен, олар бұларды сағынады, бәлкім сол қуанышты күндер олардың түсіне де кірер.

...Мәнжі Күржікей баласы Нұра бойындағы қалмақпен болған екі жақтың намысы үш болған шайқаста қатты ерлік қылған адам, сол үшін Абылайханның көзіне түскен әнеукүнгі хан жиында аты аталған және таратылған сый-құрметке не болған. Ол уақыттағы соғыстарда батырлар бір-біріне бауырлай жақын болған, есі кетіп, өліп не жараланып қалмаса, ұрыс даласынан көмектеспей бірін-бірі тастап кетпеу кейінгі ұрпаққа да үрдіс болып қалған. Соғыста қандай ержүрек болса, Мәнжі жай жүргенде сондай аңғырт та албырт, барынша аққөңіл жан, бір бұларды қинайтын жері сол

соғыста қалмақтың мерген садақшысы дамылдатпай сәтте аңдып атқан жебе бір көзіне тиіп зағип болып қалған, небары сонда отыз жастардағы Мәнжі сол жебені өзі суырып тастаған, қансырап кете жаздап қазақша ем қолданып әйтеуір аман қалған. Аса ер көңілді батырды бұлар да өкпелеткісі келмейді, өйткені Мәнжінің мекені Нұраның Көкшетау жағында болса, Қараменде, Жидебай, Сеңкібай жерлері шалғайлау болғандықтан тіпті бұдан кейін тағдыр жазып «көрісеміз бе, көріспейміз бе» - деген күдікте жоқ емес, сондықтан да осы сапарды пайдаланып батырлар тағы бір әңгіме-дүкен, айтыс, жыр, ән тыңдап жетісіп қалмақ, және де әңгімелерінің бір өзегі – жаумен шайқасқандары, тіпті сол соғыстарда мәлімсіз, жұмбақ боп жатқан нәрселердің, осындай әңгімеде беті, сыры ашылады. Ал соғыста дүниеде нәрселерді ойлауға уақыт жоқ. Сәл босасаң жебені мықтап ұштап, ұшына темір қадап сайлау керек, қорамсағың үлкен болып тым болмаса жауға шапқанда отыз-қырық жебең болмаса халің мүшкіл болады. Қылышың, найзаң бабында болу керек, қазақ батырлары найзаны аса көңіл қойып сайлайды да, барлық батырлар өз қаруларын сайлап алуда епті бола бермейді. Кейбіреуінің апшабы болады, кейбіреуі ұстаның көмегінсіз жебесін де дайындап ала алмайтындары болады. Бейбіт тірлікке салақтау адам, тіпті сол қырғын соғыста жалқау әдетін кете қоймайды. Адамның бір мінезі, жаратылысы деген осы болар.

Билермен, батырлар көңілді, қалың сыйлағандықтан ертіп шыққан оқшауларды қайтарып жіберді, қайта рахмет, ризалық- білдіруді де ұмытқан жоқ.

Жолшыбай бұлар да басқа қазақтар, кәдімгі жұмыр басты пендеге сәйкес әңгімелерді айтысып, арасында күлісіп те алады.

Қараменде бірер әңгіме айтты, бұл кісінің әңгімелері

әзілден гөрі шынды сүйетін, өмір бойы халықтың қамын ойлайтын адам екен көрініп тұрғандай еді. Сөз арасында бағанағы Садырбайдың ерекше жылқылары сөз болды. Жоғарыда әңгімеміздің бір жерінде Садырбайдың ала жылқылары асыл текті араб, түрікмен ахалтекесімен бе, не текежәуміттен будандастырылған дегеміз, сол әңгіменің ұшығын Жарылғап батыр шығарды, сөйтсек бұл әңгіменің жаны бар екен. Жарылғап батыр қалмақ соғыстарының арасында да көп үйде отырмаған адам.

Барымта сол заманның өзінше бір қызығына айналып кеткен сияқты. Барымтаға алынған мал, негұрлым алыстан алынса, ізіне жетуге соғұрлым жеңіл, бірақ алып келу қиын, өйткені арттан қуғыншы шығады, алыс жолда мал айдап бара жатқандарды сыбай-салтаң қуғыншы қайтсе қуып жетеді, апынып келген олар малын құтқарып қалғанымен қоймай, шамасы жетсе барымташыларды аямайды. Осындай бір жайт – Жарылғап батырдың өзінде де болған екен, үйге бите жол қысқартып баяндап берді, және әңгіме Садырбайдың сарынасы төңірегінде болып келе жатқан, әңгімесінің шыңы кетті. «Баяғыда» деп бастады Жарылғап, Бұл кісі батырлығының үстіне айтуға шешен адам, билікке көп араласқасы келмейді, бірақ ел іші болған соң араласпай да тұра алмайды, шешендігі даусы. Әсіресе бір нәрсені әңгімелеп айтқанда аузының суын құртуға еді.

Сонымен Жарылғап әңгімесін жалғастырды, түрікмендер бізден алыс ел, солар бір жолы келіп біздің елден екі-үш айғыр үйірлі жылқыны кәдімгідей айдап кетіпті, қуғанда бас көтеріп қуа кететіндей адам болмаған кез екен, бас көтерер ерлер көлденең ары ұзап кетіпті, бірақ жылқы шығушылардың түрікмен екенін анық дейді, неге десең попақ, сабалақ, сеңсең бөрікті, астындағы аттары борбайлы келген дейді қылқыншылар, қару қылуға қорыққан ба, не-

мене қысқасы тәуір деп жүрген айғыр үйірлері опаналау жүреді ғой. қашаншасолардакейінгішаша жолын айдап кетіпті. Уақыт арасы ұзап кеткен соң, сол барымта өкініш болып қала беріпті. Кәрсон – Керей елінен Есбайдай еңіреген ер шыққан. Есбай – қазақ қолы әлі қазіргідей тас-түйін болмай тұрған кезде, қалмақтардың алғашқы тегеуріне қарсы тұрып теңдессіз соққы берген батыр екен. Өткен уақыт ұзаған сайын бұл кісінің ерлігі ұрпаққа жыр болуда. Жарылғап батырдың айтуынша Есбай аты – елдің көкейінде болғанымен ерлігі қағазға түсірілмегендіктен кейінгі ұрпаққа жетпей қала ма деген қауіп те жоқ емес. Міне, сондай батыр шыққан Кәрсон – Керей елінің осыны әңгімелеп келе жатқан Жарылғапбатырдың басынан өткен уақиғаны айтты. – Байсейіт би бастаған, бағанағы Самырбайдың әкесі де белгілі адам ол кезде сол бір түркімендер алып кеткен жылқылардың артынан ешкімнің бармағанын айтып қыңқылдай беріпті, өздеріңізге мәлім, мұндай жағдай халық арасында көп сөз болып кетеді, ерге де елге де сын сияқты. Сонымен бір күні алыс елге бес-алты адаммен аттанып кеттім. Астымда өзімнің тақымыма жаққан жануар Құлажирен еді. Бұл аттың қасиетін айтайын, қандай жағдайда далаға тастамайды, үстінен секіріп түсіп қол бере салсаң жануар соңыңнан еріп жүреді. һоу!, һоу! – деп сөзді дыбыстасаң ауыша жарылап жата кетеді, соның бәрін қалай тез үйренгенін білмеймін, расында бөлек жануар еді, қазір әрине жоқ, кейінгі соғыстардың бірінде жануардың қарнына улы жебе тиіпті.

Сонымен серіктеріммен үдере тартып Ұлы жүз елінің оңтүстік бағытын алып, үш апта шамасында Кіші жүз еліне іліктік, үстірт еңістеу жазық екен, оң жағын жиектей отырып Қарақалпақ еліне келдік, бұлар бауырлас ел, осында біраз еруледік, өйткені дамылсыз жорыққа берілген жүрістен, өзіміз де, ат та тыныстау керек болды, өзімізбен жорықтас болған

керемет Қылышбай батырдың аулын іздедік, қарақалпақтар шағын ел, жылдам тауып алып батырға қонақ болдық. Кейіннен сырымызды жасырмай айттық. Ол ойланып қалды. - Әрине, сезгем жәйдан-жай жүрмегендеріңді, - деді ол, түсінесіңдер ғой, түркімендер жауынгер халық, бірақ қалмаққа қарсы өздері мұсылман бола отырып көп көмектеспей отыр. Өздерінің хандары бар, ол ақылсыз ба, халық ақылсыз ба түсініксіз. Бізден үш күншілік жерде олардың шетіне ілігуге болады, Жарылған, сен жорықтас жолдасымсың, қоса ерейін тәуекел деп, егер жазатайым түркіменнің қолына түссең одан кейін еліңді көре алмайсың, көрсең де адам қалпыңнан айырылып қаласың, өйткені олар тұтқындардың шашын алып тастап, жаңа сойған қойдың терісін бас қалпына жапсырып айналасын жақсылап, мықтап бүріп, жіптің бір ұшын тері көтеріліп кетпес үшін самай, шықшыт арқылы тамақ астынан тартып тастайды, ол кепкен сайын шашы алынған басты қыса береді, шаш өсіп сыртқа теріні тесіп шыға алмайды да қайта иіліп бас құйқасына тіреледі, мұны «мәңгүрт» дейді, өйткені ондай адамның ақыл-есі түзуліктен кете бастайды, тек айтқанды істеп, айдауға жүргеннен басқа шарасы болмайды. Ондай адам қашып та кете алмайды, өйткені жан-жағы шөл дала, шөл далаға қалай қарай қашсаң да ешқайда ұзап құтыла алмайсың, небәрі ширек сағатта әлгі тартып жүрген азабыңның үстіне, үсті-басыңды қамшымен қағып сорғалатып құлдық жұмысқа қайта қосады, міне, түркіменнің істейтіні – деді, Қылышбай батыр.

Мен біраз жігіт алып сендермен бірге барайын, бірақ кісі өліміне бармайсыңдар, онда оның арты жаман болады, тек баяғы айдап кеткен жылқыларыңның тұяғына тұяқ алсаңдар және ел намысы қайтса болар, оны да сол үшін келдіңдер ғой, көп адам деп, басқа ұрынбаңдар, арттарыңнан қуып жетсе серіксіз кісі өлімі болуы мүмкін, оны өздерің ыңғайына қарай

көрерсіңдер, мен сендерді жылқы алып, елге бет бұрғанша жиналарыңда болам, бізденікөрсеқоймас, көрселедәлелі болатындай ол жылқы менің аулымда болмас, қанды көйлек бауырымдай Жарылғап енді не дейін, алыстан келіпсің, кісің, түзу деп айту да қиын, бірақ бұл істің бір алла оңдасын, басқа не дейін деді – Қылышбай батыр. Ертеңіне біздің жеті адам, олардан ошақты сайдың тасындай барымта –сарымтаны көріп жүрген жігіттерін алып түрікменелінекарайжүріпкетті қ,бұлжолдың қиыншылығы көп, бұлардың елі көбіне шөлде, жер жағдайын білмесеңшөлдеккөресіні көресің, сондықтан Қылышбай батыр болмаса біздің діттеген жұмысымыздың іске асуы да қиын екен. Көп адам таға жүруге болмайды, көзге жылдам түсесің, аз адам да бәрібір қауіпті, тұтқынға түссең олардан құтылам деме; сондықтан осы қиыншылықтың бәрін ескерген шығар «мал арыстанның аузында, түрікменің төрінде» деген мақалды қапан, кім айт-қапан ешкім білмейді. Соларына қарай түрікмендердің біздің халықтың керемет қызығатын әрекесі жылқысы; негізінен екі тұқымға бөлінеді:ол текежәуміт және ахалтеке. Осы екі тұқым бірінен-бірі өтетін асыл болып келеді, олар жүйрік, шөлге, аштыққа төзімді. Қысқасы жолы болған шығар. Жарылқап батыр осы жолы түрікмендердің бағусыз, қамсыздау жеріндегі жылқыға кезлесіп қалды, жылдам шолып өткенде жылқының бәрі асыл емес екен, жабы да, қазақы қазанат та, текежәуміт, ахалтеке аралас екен, оған бұлар қуанды да, өйткені бірыңғай асылды алсаң, соңғұрым қуғын күшті болады, оның арты кісі өліміне соқса, жау да, дамай да көбеймек. Ол дауыл қалай, немен бітетінін адам да білмейді, басы бар да аяғы жоқ, сұр жау болады, екі жақ та тағы бола қоятын бітім жасаужоқнемыт. Бұларосыыңғайлыдалада текежәуміттің үш айғырымен жай ағтын отыз шақты жылқыны бөліп айдай жөнелді, Қылышбек батыр көп жетер жерде бұларды бағып қалған, шама көп-

се олардың көзге түсуіне болмайды, қашпайтқанмен көршілесхалықпентүзулік жақсы. Жылқышылар қоста жатыр ма, немесе кәшен – кәперсіз алыстау ауылдарына кетті ме, әйтеуір бұлар еңбексіз, олжақсыз, деп бір өз жылқыларындай шамалы қиқулап айдай жөнелді. Үдере тартты қуғын жоқ, бағыттан аласты ма қуғын көрінбеді. Бұлар сол үш айғыр үйірді, қуып келді, түнде айдайды, күндізтасалау жерде демалады, жұрт көзіне түнде де, күндіз де түспегені абзал, аңға мезетінде Ұлы жүз жеріне ілікті, бәрібір қашан үйге жеткенше «қауіптен құтылдым» деу бекер. Шуға жақындады, мақсаттары Қасқакөлге қарай оңтүстік бағысты бетке алып келе жатқанда үйме-жүйме қуғын көрінді. Тілге келсе Үйсіннің бір байының жігіттері екен, олжаларының жартысын тастап кетсін, депті, я сортуыл тілінде мұны сауға дейді. Соншама жерден ел шетіне жақындағанда бұлар малды тастағысы келмеді және өздерінің кім екенін де айтпады. Бұлар береалмайтынынайтты,олареңдеше күштеп барлық олжаны бастапқы шартқа көнбегені үшін түгел алып қалатынын айтып қорқытты. Жарылғап батыр ол уақытта бірсыпыра қалмаққа қарсы қырқыстардан кейін атағы шығып Абылайханның сенімді серіктерінің бірі дәрежесіне жеткен кезі еді, қуғыншыларға мұның атын айтса серпіліп те кетер еді, оған тағы намыс жібермейтін сияқты болған соң ана жақтың батырын жекпе-жекке шақырады, (ол уақыттың үрдісінде жекпе-жекке еңкім шықпаса, сол жақ жеңілген болып саналады) бір адам шығады, батыр екені көрініп тұр, астында тоқпақ жалды торы аты, үстінде белуарына дейін жапқан торкөз сауыты, қолында келтелеу найзасы, қолдан соғылған қара қылышы, жуан шоқпары белінде салақтайды.

– Атыспақ керек пе, шабыспақ керек пе – деді, әлгі батыр. Өзің айт! – деді Жарылғап, - еңдеше шабыспақ керек! – деп найзасын ала ұмтылғанда, екеуі найза ырғасқанда аса қарулы

Жарылған батырдың тепсуріні шыдатпай сүбеден салған найза бойлай кіріп, ол аттан аударылып түскенде азар суырысыды деуге болады – деді Жәкен.

-Сүбесі ешсерпіле жартылған батырды көрдім, мал болмайтынын білгендеймін, бірақ не шара, атын да, затын да басынша сұрамаған соң не керек!?

-Сонымен бұдан кейін аса қауіп болған жоқ, қазір мына Қаракесектердің елі отырған Үш Дересінде дамылдап, Қасқакөлді қапталлай отырып елге аман-есен келдік, - деді Жәкен, біз өзімізді кінәлі санаған жоқпыз, баяғыда олар әкеткен жылқыны қайтардық деп санадық, кейін сол Ұлы жүз батырының тағдырын естіп, бие алмадық деп әңгімесін қысқартты Жарылған батыр. Бұған қоса - Өздеріңіз көрген Салырбай жылқыларының сирақты екенін көрдіңіздер ғой, -сол үш айғырдың ескуін Салырбайға бергенмін, ол жақсы тұқым өрбітіп, өсірді. бұл біздің халықта жоқ үрдіс, бірақ дұрыс деп санаймын – деді Жәкен. – мына сарала тұлпарлар нағыз жауға шабатынның өзі, бұл жолы мініп шықпадым, менде –сараланың Салырбай сыйлаған біреуі жоқ емес, бар деді. Келе жатқандар осы әңгімеден бір желпініп қалды, және бәрінің көңілінде өздері аттанып шыққан ауыл, ондағы Салырбайдың мырзалығы, өрісті кең алып, ақсары түлге болғандай сарала жылқылар, мұның бәрі көңілге шуақ әкелгені рас еді.

Бұлар жоғарыда айтқанымыздай Мәнжі Құржікей баласының ауылына келе жатыр, әлі де болса бір-екі бие сауымындай мерзімдегі жер болуға керек.

Мәнжі Алтай-Тоқының бетке ұстар батыры, анау-мынау адамға жалпақтайтын адам емес. Ана жылғы Нұра соғысына дейін де жаумен көп алысқан, Қаракесектің тағы бір белді бұтағы Сарымнан шыққан Құлық баласы Жалантөс екеуі Нұра бойындағы қалмақтың көп жасырын қосындарын

ойрандаған, қазақ жағында жазық жоқ, жазығы жерін өзі емдегенсі келгендігі. Зады, қазақ мейірімсіз халық емес, өйткені діні мұсылман, қалмақтай пұтқа табынбайды. Мұсылман болған соң шариғаты белгілі адамды аяу бар, жан ашу бар. Тіпті сол соғыстар кезінде жеронишқа алып жүруге үлгермей қалған сәбилердің осы батырлардың қай-қайсының қолына алғаны бар. Сол балаларды асырап адам етіп алғандар көп, ол балаларды ешкім қалмақ демейді, қазақ дейді, «Жолдыбай», «Оңашбай» деп көбінесе сондай балаларға ат қойылған, тіпті солардың ішінен шыққан жас батырлар да бар көрінеді.

Қабекең үнсіздеу, дүниені оймен шолғандай бұлардың әңгімелеріне оның арасынан келе жатқан адамның кейпіндей болғанымен бәрін де тыңдап, естіп келеді, тіпті әңгіменің кей жерінде жүгі жығып, мырс етіп те қояды.

Қаракеңлерге әңгіме айтқызбақ болып, қалғандары бір-біріне ымдап көз қысысты.

Жарылғап батыр: «Қарекең осы апа жылы Абылайханмен соғыда мен жоқ едім, ішінде сіз барсыз ғой, Ташкентті шапқанды айтыңызшы» деп, қолқа салғандай болды.

Қарекең бұлардың ойын білді де, жарайды айтайын деп:

- Ол бір қазақ әскерінің қалың қимылдау кезі еді, Абылайхан күшті сақтау тау мақсатымен ұсақ соғыстарға кішкене келмеді. Мұны бәріміз көптадық, мына Сеңкібай батыр бола... болмаса ішінде еді сол уақиғаның. Сөйтіп Ашақтай маңайында қалмақтың мың адамдық қолына ұрынып қалдық, олар да бізді байқамаған болу керек, аяқ астынан үйме-түйме болдық, - пай-пай Қабанбай батыр! Тек аша тығыз мұсылманға оны соғыс үшін жаратқан дерсіз, өздері жолдасына еңкеймей өте бермек болып сыртташқырап кетіп бара жатқанбыз, Қабанбай батыр кенет Абылайханның жанына шауып келді - қап кеш, жаппай соғысайық, тек бізді

бір-екі батырымызды сынап көрейік, жекпе-жекке шақырып! – деді. Қабанбай айтқан сол жап мейлі! – деді. Оларды біздің бастапқы ойымызды сезген бе, оралғытынқырап барады екен, жүз адамдық қазақ әскері алдынан кес-кестетеңде сасып қалғаны көрініп тұрды. Қабанбаймен бірге мына Сеңкібай батыр және мен бар едім, – деді Қарамеңде. Бұл екеуміздің болағын себебіміз Абылайхан қатты Қабанбайға барыңдар деп. Аржағы неғылса да түсінікті. Өйткені Қабанбай өзі шексіз батыр ғой, ақылы да бар, бірақ кейде сол ақылды батырлығы басып кететін сәттері көп. Соғыста мұндай жағдай аса қауіпті, батырдың басына өлім қаупі төнеді, сол қауіптен «батырды ұстасаң» деген ғой Абылай.

Ілезде алдаға сынып, қалмақ қолына қарсы келіп-ақ қалыпты. Олар мың адам, ақылап қарсы салса, біздің жағдайымыз қиынға айналады, енді Абылай бастаған негізгі қол көмекке келеді, оны Қабанбай қатты намыс көреді. «Жекпе-жек» деп жас Олжабай батыр, Қаржас атының басы ақбоз атын ойнатып шықты, қалмақтың бір дәу батыры, қара қасқа ат мінген екен, оларда да намыс бар емес пе, барқырап, біз олардың тілін түсінеміз бе, сол Олжабайға қарсы шапты. Кіндік Олжабай батыр жас та болса оңдаған соғыста көзге түсіп еді. Кейінгі уақытта Абылайхан кеменгер басшы емес пе, - құр көзсіз шапқанды қойыңдар, - деген. Әдейі әскер әдісін үйретуді қолға алған, онда қазақтың да, қалмақтың да әскер әдістері үйретілді, кейін ол жемісін бере бастаған, ағым құр күшке сенетін жүректілер ғана емес енді айласы, ақыл батырлар шыға бастады «батыр шығу, ер көдеке» деп тегін айтылмаған, бұрынғы батырлардың көбісі екі-үш жекпе-жектен қалмайтын, неге десең өлбіреткен зор шықса, екі көзін соңда шығадын демекші; қалмақтар да алыптар көп шығатын халық. Бір жолы болмаса, екінші не үшінші жолы майып болады. Құр батырлықтан жеке шығайлық әдісін, айлап

ақылын бәрі қосылса қамалын күшейсе, жеңудің шарты да сол. Сонымен Олжабай батырға шерігіндегі үлкендердің бірі бата берді. Олжабай батырмен әлгі қалмақ батырымен сүт пісірім шайқасты, сөйтіп тұрғанда әйтеуір аталарымыздың аруағы үстем болып жеңіп келді. Үлкен соғыстан құтылу үшін шарттағы бір жекпе-жек, енді біздің Бәйшауылдан шыққан жас батыр Жасыбай бармақ болды. «Алакөлдей Баяннан екі бірдей батырды оңай байламаймын» деп Абылайхан рұқсат етпеді, біздің басқа бір батырымыз шығып жекпе-жекте ол да жеңіп, қалмақтар шарт бойынша соғыссыз жоңкіліп жөнелді. Соғыс жағдайында елдің қандай жас батыр болсын, білегін ісеп жүрген адам, хан пәрменіне көнеді, ханның байлауынсыз жекпе-жекке қандай болмасын іске тәуекел етуге рұқсат жоқ, мың адамдық қол бір адамдай тас түйін болып отырады. Әсіресе Аңырақай шайқасының алдында қазақ қолында тәртіп қатаң болды, әр онбасы, жүзбасы, елубасы, бес жүз басы, мыңбасы деген лауазымдар болып белгіге жасыл шүберек, көк шүберектер найза сабына тағылған. Солар арқылы қатты соғыста кімнің қайда жүргенін ханмен оның маңайындағылар біліп отыра алады. Соғыста кейде көтерілген шаң мен аттың сүмектеген тері, аттың қылаң ба, боран ба, қара ма, қарақөк пе ажыратпай жіберетіні бар. Сондайда бұл шүберектер белгі-бағдар ұстауға керемет қолайлы болғандықтан жаппай кіргізілген еді болатын.

-Сол жолғы соғыс ауыр болды, екі жақтан да көп жауынгерлер опат болды. Соғыста өлмей қалатын бір де бір адамды көрген жоқ, - деп кейін жалғастырды Қаракен.

-Біреулер жауын өлтіріп жастағын ала кете алмағанына өкінеді, біреулер үйдегі артында ұрпақ қалдыра алмағанына бола өлім сәтінде өкініп өтетін ортағы, енді біреулер бұл дүниеге бір келгенін, түк қызық көрмегенін айтып өкініп барып жан береді. соғыс қызуында кім қалай өледі, деп

қиылысқан тұрмайсың, тек қансыраған жатқан жанның басына барып, дем беріп, басын сүйегің келеді, жұбатқың келеді, бірақ не деп жұбатарсың, оның үрейлі көз қарасы саған қараса, сен айтарың болмай төмен қарайсың, біреулер қиылыспай, қарысып өлмек болады, бірақ өлім шіркіннің алдында қайыспай кететін адам болмас сірә. Қорқақтау келетін адамдар өлім сәтінде де қорқақ, жанталасып не өсиетін айта алмай, не жұбатқың келген сені тыңдамай, бақырып-шақырып ала-сұрып барып жан тәсілім қылады.

-Міне сондай ауыр соғыстан шығып күш жинап, азық-түлік қамдау үшін сар даламен сірә Бетпақтың – Ақдала жақ шетімен Бейбіт бай ауылға қарай келе жатып, қатты қалжыраған ашыққан шөлдеген әскеріге бір тұнық су кез болып қатты қуаныстық. Қолда қалған азықтың қалдығын пісірмек болып, от жағуға отын жоқ, тауда бір-екі зират көрінеді, [illegible] салынғанына онша көп болмаған болуы керек, өйткені мүжілуден бүтін екені байқалып тұрғандай, біздің халық та қызық халық қой, әне осы зираттардың төбесін кәдімгі ағашпен жапқан екен. Абылайханның өзі қалжыңды жақсы көреді, Бейбіт уақытта сарайда өтірікші, қалжақ, сал-сері, сыпа, сайқымазақтарды жинап қойып көңіл көтеретіні де бар. Зираттың төбесін ағашпен жапқанын біреу барып көріп айтып келді. Абылайхан сәл бөгеліп, күлімсіреп:

-Тәуекел қылып қорықпай анау зираттың төбесіндегі ағашты бұзып әкелуге қайсың барасың?—деп сұрады. Ешкім үндемеді.

-Пидеші Тәуке қыран сен осы жұмысты атқар, жаныңа дереу бес-алты жігіт алып, - деді хан. – Ләббай! – деп Тәуке жөнелді.

Жанына бес-алты жігіт ертіп алған. Бара білген ағаштарын оқып бет сипайды. Сонда Тәуке: «Қойды сойғанда сенде жазық жоқ, бізде азық жок» деп соның сай,

бұл жұмысымыз да соңына келеді екен, мені аңдап жіберіңдер төбесіне шығып бұлан сендерге тастап тұрайын, сендер мол түссе сендер тас-шырпыны шашу қосып беріп жібере беріңдер, қағып аса беруге сол шырпылар жарай берер – дейді де бір қолымен найзасына сүйеніп, өзі ұзын бойлы, сымдай шыралыған жігіт Абылайханның кешегі әнеукүнгі соғыста екі рет түсті, жай соғысқаны өз алдына мықты батырға қарсы жекпе-жекке шығып, оны тыраңдай асырды, артынша екінші күні тағы жекпе-жек болды. Қабанбай батыр өзі шығам – деп тұрғанда әлгі Тәуке «аға» - мен шығайын батаңызды беріңіз, – деп, қарап тұр, өйткені бір соғыста жекпе-жекке шығып жеңген батыр сол соғыста қайта шықпайды, мұның мәні оның осы соғыста жауды жеңген еңбегі бар деген сөз болса, екінші мәні жаман ырымын кім болса да, қайта-қайта жекпе-жекке ұмтыла бермейді, өйткені ол өлімнен өмірдің ғана бөлмеуі, міне сол Тәуке расында қайр асқан батыр ғой, бүкіл қазақ жасынан өтеді десе де болады. Сол жекпе-жекте тағы да Тәуке Қабекеңнің батасы дарып жеңіп мерейі үстем болды, сол уақытта қалмақтар жаңа байқап, қарап жүреді екен, мына жас батырды құрту керек деп, түткиілдіп отыз шақты әскер шауып бас салып байлап әкете жаздағаны сол жолы еді – деді Қарымсақ әңгімесін жалғастырып.

Содан Тәуке әлгі зираттың төбесіне шығып, сырғауылдың шеті көрінген жерден сапасымен бұрқыратып көтере бастайды, орнықтырып салған шын ағаш қолуы да оңай емес, бірақ сайды суырғанша едәуір уақыт өтеді, әйтеуір бір уақытта сырғауыл қопарылып қолына келеді, содан кесектен қуйылып салынған, үстін сырғауыл салып талмен бүркеген ау шекпен даладағы зираттың төбесінің бір шетін көтере жұмыс қылып жатқанда ішіне қарай опырылып кетіп, Тәуке опырылған бұрыштан бірге биіктігі едәуір қабырға бойымен, бұрқыраған шаңмен бірге ішке құлап түседі, сөйтсе ішінен

бақырған дыбыс шығады. Сонда Тәуке: – Ой, аруақ, кімде болсаң, жатқан болсаң, тыныш жат, бізде еріп келе жатқан жоқпыз, қалмақпен соғысып есіміз ауып келеді, жатсаң тыныш жат, ол сен түгіл, тірі Абылай да қиналып келеді, ренжісең де осы отындарды аламыз, – депті, әлгі бақырған жерге қарап. Бірақ бақырған дыбыс оның сайын үдеген соң әлгі жерге үңілсе, жаңағы өзімен еріп келген жігіттің біреуі, неге екенін кім білсін, дәрет сындыру ойында болған ба, бірақ Тәуке жоғарыда жұмыс қылып жатқанда өзі кішкентай есіктен ніке кірген ғой, сол екі ортада опырылған төбенің тұсында белуарына дейін құлаған қабырғамен, төбенің қалың топырағы бірақ құйылғанша басып қалған, бір жағы үрей билеп бақырған сол екен, ал Тәуке осы аруақ деп ойлаған. Осыны айтып Қиракең мырс-мырс күлді де – әне Мәнжі ауылының төбесі көрінді деп, бұрылдары да тағыр айдап осы ауылға соққанбыз, Алтай Тоқашар қамықпаң бабын керемет біледі – еді. Мәнжі батыр ауылынан Жарылған батырдың да қазіргі қонысы алыс емес, екі күнжілік жер болып қалады.

Кәрсон-керней елі күт қонған ел, жаугершілікте қатты қардан шекке де өз ақылдарымен дереу түзеле білді. Сонау Қараөзу, Сыр бойын бұлар да жайлап бақты. Содан Есбай батырмен жас Байсейіт батырға еріп қайта Арқаға келіп өз қоныстарын иемденіп алды, рулықтарын әлі ортайтқан жоқ, қойды, ірі қараны қойғанда, мыңға айдаған байлар көп, байлары мырза келеді, қолы ашық, қонысының ба екс, жері де шүйгін, суы да тұнық жерлерді мекендеп өсіп-өрбіп отыр. Алтай – Тоқашармен көршілес, әрине ел болған соң ептеген қақтығыс та болмай тұрмайды, бірақ, ондай шаруалар ел ақсақалдарынан аспайды – десе де болады. Түбі бір Мейрамның баласы емес пе, шамасы келсе бір-бірімен жауласпауға тырысады, қыз алысып, қыз берісіп араласып жатады.

Қаракесек Бертіс — Ташкентті билеп тұрғанда, Алтай — Тоқалан Барлаша деген кісі өзбек-сарттың Ферғанасын билегені рас. Енді тағдырдың айдауымен бұлардың бәрі де Арқаға қайта келіп қоныстарын тапты.

Қазіргі Арқаның бүкіл бойына келіп қоныстанған қазақтардың аталары бір кезде осылай өмір сүрген. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламада» бас сауғалап Сыр бойына, одан Бұқара, Ташкент жағына дейін барып тұрды. Тағдырдың сынағы қазақ халқына қатты батты. Рулас елдер, ағайын-туыстардың өлгені өліп, қалғаны бір-бірінен адасып қалды. Содан 172... жылдары ес жиып, Қабанбай, Бөгенбайдың айбатымен ақылы кемел батырлар шығып, Әйтеке мен Төлеби, Қаз дауысты Қазыбектей кемеңгер билері шығып ес жиылды, етек жапты. Жүгенсіз жылдар тыныштық бермей жағалы жандай, малды малдай айдап та, сатып та әкетіп тұрған қалмақтың «Аңырақайда» әкесін бір-ақ танытты, қалмақтың өлігі он мыңнан көмілді, енді бір кезде қазақтың басына төнген қауіп солардың өз басына төнді, әр жағында Цин патшасына алдауына еріп айдауына көніп қазаққа бес жүз жыл қала салғызбаған қарағай қайшер тоғыс рухсыз қалып Жоңғария біртіндеп жер бетінен өше бастады, күші келіп сорлаған жоңғарды енді Қытайдың талап, өз қорғаушысы бір кездегі мықты қорғаушысы өзі жойып жіберді, тамағысы бас сауғалап сонау Ресейге жақындап Жайықтың ар жағына өтіп кетіп әйтеуір қоныс тапты, қырғыннан қалған тамағысы Ішкі мұғұлға барып сіңді. Тарих толқынында момын халыққа зәбір көрсеткен сұмпайыны алла осылай жазалады.

Жоңғарды бер жағынан қазақ қысқанда ар жағынан Қытайдың өзі қысты, себебі олардың қолшоқпары болып келген қалмақтар — қазақтарды күтпеген айырылғаннан соң енді тұмар сүруге дайын емес деп шешті Цин империясы сарайындағылар, және ортада бөгет болып тұрған осы

бір дүрлігісу, топастау келген жаугершер халықты жойып жіберген соң қазақтарға жақыннан бұрын қалмаққа істегенін қытаққа істемек болды.

## XII – желі

Абылайхан қалың әскерімен жоңғарды біржола жәукемдеп жүргенде Алатаудың Жоңғар қақпасынан сәл әрі төмендеу құрттай құжынаған қытай, қытай болғанда нағыз қарақытай әскеріне кез болды, кезеуілдің арқасы бұл құрттай құжынаған бастарына тура ет салатын қазақы табақтың кіндіректеуін киіп шығыпты, атқа жеккен үстінде көкиген бірдемелері бар, арба дейін десе арба емес, сөйтсе бұл зеңбіректер екен. Зеңбіректің жаман жері – тақ ете қалып атылған әлгі үлкен үңгірдің аузынан құл шалып жібергендей бұрқ ете қалады. Ең қызығы олар қазақы аттар ондай дыбысты естімеген соң қатты үркеді, бұл әрине шырдабын тигізеді.

Абылайхан өз батырларының, әрсалдықшы жақсыларының қорғауында кейде осылай «аттың жалында, түйенің қомында» кеңес құруға тура келеді, бұлар қалмақтың қалғанын аулап жүріп мыналарға кез болды, – енді не істейміз? – деген жағдайды шешу керек болып тұр. Билер айтады: – бұл пәлелерден аулақ кетейік, «ақырзаман болғанда қара қытай қаптайды» деген бұрынғылар, мынау шошқасы жоқ, өздері аса ірі болып келмейді екен, солар, бұл пәлелерден бой тасалай тұрайық, «пәледен машайық қашыпты» деген дейді. Иә, кейде бұқпантайлаудың оңтайлы жері болады, бірақ дәл қазір бұқпантайлайтын кез бе, уақыт па, осыны дұрыс шешу керек. Абылай қытайларды білмей отырған жоқ, арғы шығы мың жыл бойы патшалық құрған әулетті патшалары бар, үлкен қорғанды қала салған, тасты да, темірді де игерген зергер десе зергер халық. Өздерінің саны қазақтан мың есе көп дейді.

астағфиралла! Бұлар біздің сорымызға туған ба, ей, жаратқан-ау, мың жыл қалмақпен арпалыстық, біз оларға тигеннен гөрі, олар бізге көп тиюші еді, тигенде аяуды білмеуші еді, сол ғой біржағы бізді ашындырған, жер бәрімізге жетеді, дұрыс бір-бірімізге тиіспей өмір сүрейік деп маңқылдаған қалмаққа сан рет қазақтың жайсаңымен жақсысы бармады ма? Зорлығына көнгіміз келмесе де еріксіз көндік қой, қорлығына көпе алған жоқпыз! Көнгенде әліміз жетпесе бір сәрі ғой. Күшіміз асып тұрғанда басымыз бірікпей сан рет қалмаққа жем болдық қой. Кейінгілер соны білсе бізге не дер екен. Ал мына төмпей бастар тағы да сұғанып біздің жерімізге кіріп алыпты, сиптеседен қорықпайтындарын білдіргісі келіп, Алатаудан аққан ана бір кәусар өзеншенің жиегінде жабайы алманы бырт-бырт шайнап, сай арасындағы қаракөздің жасындай мөлдіреген жүзімді жапыруын қараңыз, жоқ, халқым бүгін бүгіп көнсек, ертең бұл қарақытайдың қайқаңдап Арқаға дейін жосылмасына кім кепіл, бір заманда Қаскакөлге дейін осылар келіпті деген де сөз бар.

Бұларға соқтықпай-ақ кетуге болар еді, бұрынғыдан, өздері қалмақты сан аяп қырмағандықтан оның жөні емес пе? Елдігімізге не жорық! Бағанадан бері осы сөзді Абылай айтып тұр екен. Бір қараса билер солбірейіп, есеңгіреп қалғандай екен.

-Қанекей, құрметті билер, менің жорықтағы уәзірлерім өздеріңізсіздер, бағанадан ойланып, толғанған шығарсыздар, - менің шешімім артынан – деп жағалай көз тастады, өз өңінде не сасудың, не басқа белгі білінбейді, дәл бір Түркістандағы хан сарайының алдындағы мәжілісте тұрғандай қарасұр өңі бүгтей сыр бермейді екен деп ойлады билер. Бір жағынан хандарының саспайтын кейпі бұларды сабасына түсіргендей еді, енді қайтсын, бәрі де мұндай құқайды көрмеген, қытайыңыз анау болса нәрудәгер-ау, іштіне көз жетпейді,

бұлармен соғыссақ, қазақтан тұқым да қалмайтын шығар сірә. Қалмақ «үйренген жау атысшаққа жақсы болатын, мыналардың жанында олармен соғыс ойыншық сияқты, бей-не бір шауып келе жатып аттың екі жағына кезек аударыла-сып түсіп, бауырына бара бере қайта көтеріліп мініп шабатын бөзбастау, бозбала сарбаздың қылығы сияқты бірдеңе шығар. Дәп мыналарға тиіссек ажалды өзіміз іздеп барғанымыз бол-май ма? Осы жерде сен тимесең мен тиме бадырақ көзді шете ұстамаса, әттеген-ай не істейміз, жанына шабайық! Дегені де дұрыс шығар, бірақ мыналардың ортасына түссең сенікі де аман қалмас сірә! Бұл біраз билердің ойы.

Бұлармен қарақытайлардың арасы төрт-ақ шақырымдай. Екі ортаны таудың етегіне келген қырқа да мүжілген жарта-стары бар, самырсыны тырбықтау өскен беткейі бөліп тұр.

-Не айтасыз, құрметті билер? — деп Абылайхан — жиналғандарға тағы қарады. — Аға би мен ші би айтарларыңыз болмаса, мен айтайын, - деп Қаз дауысты Қазыбек би оңтайланды.

Қазыбек Орта жүздің биі. Қараумылдағы халқы созшең де, еті тірі, оқу-білімге де бейім тұратын шырақ ел — қаракесектер. Тіпті Ресеймен байланыс дәл қазіргідей болмай тұрғанда-ақ, осы елден біраз адамдар сонау Оразмұхаммед оғланның ұрпақтарын іздеп барып, орысшаны мейілінше үйреніп, оқып алғандары бірсыпыра. Мына бидің қасында да орысша жетік білетін солардан ауысып келген адамда-ры бар, бұл бимен орыстар қатты санасады, тіпті қалмақтар да қорқады, қорыққан соң құрметтейді. Шын ниет қылып сөйлесе үш жүздің баласының мұның сөзін қисайтқаны жоқ. Сондықтан хан да бүгін бүгіндері арқа сүйеді, дәл Қазыбектен асып із қылмайды. Бүгіндері би өз кемеліне де бір келде Сарға, Орта жоңқілген халқын беталды шашыратқан жоқ. Ташкентте көп қаракесектер тұрады, тіпті Ташкенттің

сол кездегі ханы қаракесек Бердібек (Бертіс) болғанын кітабымыздың жоғары бір жерінде айтқанбыз. Қазір Қаз дауысты Қазыбек өз елін Арқаға, шұрайлы да, құнарлы, сәулетті Қарқаралы жеріне апарып дұрыстап қоныстандырған. Кешеден бері Қазыбек би де қатты ойлануда еді. Өйткені қалмақты жеңіп алған азаттығымызды мына дөшінің артында жатқан топей қалпақтардың алып қоюы әбден мүмкін екен. Соғыс деген үлкен ауру сияқты кейде, алдын алсаң жазылып кетеді. Алдын алмасаң меңдеп алып, кейін ем қонбастай болып үлкен жараға айналып өлімге себепші болады. Бірнеше жүздеген жыл арпалысқан соғыста ия, жеңдік. Бірақ мына табақ қалпақты не істейміз. Тіпті бұларға тиіспей қоя берші, қаптап алған соң, аза қазақ тіпті мыналардың ішінен бірін-бірі таба алмай қалар. Бұлар көп халық. Астағфиралла! Бұларды бір кіргізсең сөз жоқ, қаптап кетеді. Ертең «мынау менікі еді» дегенді бұлар тыңдамайды, өйткені «көп қорқады, терең батырады» деген рас, артында күш көп болған соң, соған лайық іс істеуді бұлардың бәріне айтып, үйретіп жіберген де шығар- деп ойлады Қазыбек. Төле мен Әйтеке ауыз баққандай. Өйткені мына жұмыс оңай шешіле салатын жұмыс емес. Хан иенің не ойлағаны бар? Шегінгенді жөн көріп тұр ма? Қазақтың жақсы мен жайсаңының дені осында тұр. Бірен-саран батырлармен билер болмаса, көбісі осында. Қалмақтармен көп соғыстан кейін мұндай құқайға келесеміз деп кім ойлаған. Мың өлмеп бір тірілу керек, қалмақтан құтылсақ бұлт ашылып, күн шыққандай болар-ау, деп жүргенде мына қытайлар келіп қалады деп кім ойлаған.

Кенет Қазыбектің келбетті тұлғасы ханға қарады. Хан оның бірдеңе айтқалы тұрғанын бірден білді. Хан қолын көтеріп еді, жапырлап, шулап тұрған көпшілік тына қалды.

-Уа,халқым -деді Қазыбек.-Уа,хан Абылай! -Көрмегенді көріп келе жатқан қазақ елік, жуас елік, «бас жарылса бөрік

пішіде, қол сынса жең ішінде» деген сөзді кім айтып еді, неге, кімге айтып еді! – Жүздеген жылдар осы сөзді ұстанамыз деп таяқ жеп келгеніміз өтірік емес, қалмақ тиіп кетсе, біз оларды ұмытып кететіндей көріп, «ей, бұл бейшараларға несіне тиеміз» - дейтіндей көрінуші еді, бізге. Соның аяғы кешегі «ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламаға» әкелді, қайырлы болғандай еді, осы тұрған өздеріңе белгілі сарбаздармен, батырлар ірілі-ұсақты соғысты өткердік, әр жерде көпсініп жүрген жау қосындары жойылды, осыған дейін біздің азуымыз жоқ болатын, ол азу ақылдың азуы, бәріміз біріккенде ел болатындығымыз, сөйтсек жауды жеңе алатынымызды көрдік, біріншіТүркістанды жаудан ірі күшпен қорғадық. Алакөл шайқасы өлімінде де теңселтіп кеткенмен сұм жауды жеңуге деген сенімімізді көбейтті. Шұбарөзекке үш жылдан кейін тағы жеңіске кенелдік. Шорға соғысы ұзақ сексен күнге созылса да пақ осы жолы қалмаққа жүз жыл бойы кеткен есемізді алдық. Отызыншы (1730) жылы Жоңғарды қуғанымен, қарасын, ойратын алдымызға салып Айлаң Ілеге дейін қудық, қансыраттық, қаншама асыл дүние, мал-мүлік, олардың құлдығында кеткен бауырларымызбен, күңдігінде кеткен қарындастарымыздың тірісін түгел босатып алдық. – Осы айтқандарым рас па, өтірік пе, айтыңыздаршы халқым?! – деді Қазыбек.

-Біз тентек, соққар, қанқұмар халық емес едік, жауларымыз бізді соған еріксіз итермеледі, «бұға берсең, шай-қасын суға бергісі» келді жауларымыздың. Біз Ресеймен, Шын елімен де ежелден тату-тәтті болғымыз-ақ келді, бірақ олардың ойы басқа екен, олар бізді құл етуді ойлапты. Арысын қойғанда Үйсін, Арғын, Найман, Дулат бабалар бірге болуға анттасқаннан бері біз ешкімге құл болмағанбыз, өзіміз де біреуді құл қылуды қаламаймыз. Үлкен халықтар бізге басымдық қылғысы келеді, оған көнсек, құлдықтың

қарғыс таңбасынан басқа көретінің бар ма? Жоқ! Орыс еліне арқа сүйегіміз келген, бірақ олардың ойы да бізді жарылқау емес, жерімізді алу екені біліпіп қалды. Уа, халқым! Бір халық, басқа халықтың басына бақыт әкеліп береді – дегенге мен сенуден қалғалы қашан! Менің айтарым тап қазір мына төбе астындағы жауға аллаға сиынып соққы беру керек, және еш бір аяллау болмау керек. Құдай алдында арымыз таза, қазақтың киелі жеріне кіріп келген келімсектерді тап қазір жазалайық! Жауды аяған жаралы, ерейік, асқар таулай Абылайдың артынан!

Осымен Қазыбек алабұртқан барып, аузынан жалын болып шыққан сөзін аяқтады, өзі сүйікті ақтабан атының үстінде, сөз бітте бере ақтабан орнында кісінеп, шұрқырап шырқ айналды, жануар тап бір майданның иісін сезгендей.

Қасиетті Қаз дауысты Қазыбек – алланың уәлиалласы еді, беталды сөйлемейтін, сөйлеген сөзі сол заманның заңындай еді, Қазыбек айтты деген сөз – Үш жүздің баласына аса тиетін сөз еді, бірақ Қазыбек «соғысқа шақырыпты» деген сөздің естілуі осы шығар, халық жанымен, жүрегімен түсінді, гуілдеп қоя берді, Абылайдың ақ туын Бөгенбай батыр көтерді де жау бағытына сілтеп қалды. «Аруақ, аруақ» деген күңіренген айқай басын Абылайдың дәл осы сөзге соңына ерген отыз мыңдай сарбаз төлеск бастарға қарай ентеп берді, олардың атты әскері өте аз, бастықтары мінеді, жүк тартатын аттар бар, зеңбірек сүйреген аттар ғана бар, негізінен жаяу әскер екен. Олардың соғысу тәсілдері қазақ сарбаздарына таныс емес, бір жердегілер жентектеуді жақсы үйренген сияқты, бұлар үнемі әскерін үйретіп отырады дегенді естіген. Бірақ зеңбірек деп аталатын «пәле» қару бұлар үшін қорқыныштылау, дегенмен оған да үйренуге болар. бұл өзі әр қайсысы қазақтың үйде дәм түйетін келісіне ұқсас көрінеді, келінің үлкендігіндей болғанымен зор ды-

бас шығарады, пілтеге от тигізгенде әлгі келінің аузынан доңка ұқсас бірдеңе ұшып шығады, зеңбіректің оғы осы. Кейіннен «бір мылтықтың аузына қырық кісі сияды, бір зеңбіректің аузына мың кісі сияды» дегенде қазақтар дәл тауып айтқан сияқты, қырық сөзі ерекше қолдануға ие болған біздің халықта: «ақылы бір кісінің күші бар, қырық кісінің жүрегі бар» деп те айтады, «ханда қырық кісінің ақылы бар» делінген. Қарап отырсаңыз, қырық санының мыңға асып балануы зеңбірекке келгенде, ендеше зеңбірек мың адамды қырып жібермегенімен қазақтың үйренбеген аттары соғыс даласынан ала қашқан сәттері көп болды. Тепектілермен соғыс қырғын болды. Аттамен соғысқаннан жаяумен соғыс біздің әскерге тіпті қолайлы көрінгендей еді, бұлардың найзаға ұқсас сүңгілері жерден оңтайлы болып шықты, бірсыпыра сарбаздар осы сүңгілер кіріп қаза болды. Зеңбіректер аластан қолданылатын нәрсе екен, атпен соғыста қатты іске аса қоюы оңай емес, «барқ» етіп басында аттарды үріктісімен артынан оған да үйреніп алды, біздің сарбаздар жаяуларды еркін жаукемдеді. Атпен әндемей келіп бірсүйін шоқпармен қақпақылдай келіп, екінші, үшіншісі қабаттаса бергенде ат бауырымен бір-біріне ұрып жіберуге әліктенді біздің сарбаздар. Бұл күнгі айқаста қазақ қолын «қайынерен – қырық шілтен» қолдап кеткендей болды. Дұшпанның қаны судай ақты, кернейлерін дабылдатып шегінуге белгі берілгенде жау тобы азайып-ақ қалған еді. Сол уақыттағы деректер сол соғыста он мың қытай сарбазының қаза болғанын тіпті бұратаналарға ерлікті қимайтын Қазақ ССР тарихы деп аталатын оқулығының 1959 басылғанында осы туралы айтылған еді. Осы соғыс туралы қосымша айтарымыз қатар осы тәуелсіздік кезеңінде қытайдағы қазақ тарихшыларынан белгілі біреуі сүйеніп Цин императоры мен Абылайхан кезінде жазысқан тергжүгілей хаттар бар депті, осы соғыстан кейін Абылай-

хан қытай императорының Үрімшідегі әміріне мына түрғыда жеделхат жолдап, он жауынгермен екі белгілі би, оның біреуі Үкібай би (қаржас) және өзіне жақын бір төрені жібереді. Хаттың мазмұны мынау: «Мәртебелі күн асты падишасы! Сіздің мархабатыңызға бас ұрып, әрбір ғибадатымыздың артында сіздің саулығыңызды жаратқаннан тілеп, бөлек бас ұрушы едік. Ойлағымыз біз қазақ елі сіздей Ұлы мемлекет аясында бақытқа, малға, жанға кенелеміз деп ойлаушы едік. Соның үшін бізбен жақындықты ниет қылған алыста, жақын жұмхуриятларға назар бермеуші едік. Енді сізге мынандай бір қолайсыздықты мағлұм қыламыз. Осы 17... жылы сіздіңҰлы ғұзырыңыздағы аймақтан он мыңнан астам әскер біздің жерімізге хабар - ошарсыз басып кіріп, шалғындарымызды таптап, үлкенді-кішілі жемістерді сабағынан үзіп, біздің тыныш жатқан халқымызды өздерінің зеңбіректерінен атып қорқытқан. Мен Абылай хан — жезуішті, шолғыншының сөзіне сенбей, атыма мініп, әлгі жерге өзім барсам, оқиға дәл менің адамдарымның айтқанындай екен.Менің осы өңірдегі сізбен бізге бірдей жаулық қылып жүрген жоңғарлардан қағын тазарту мақсатында жүрген әскерім - өздерін Шың мемлекетінің қорғаушыларымыз деп атаған жасақпен қақтығысып қалды. Біз бұлардың неге біздің жерімізге келгенін анықтау үшін сөзбе-сөз тілдеспек болғанымыздан сигеңе шықпады, олар өздерінің зеңбіректерінен атып, біздің аттарымызды үркітіп, және сарбаздарымызды сүңгімен шаныша бастады. Бұдан әры жағдайды сабыр бақылау жасауға мүмкін болмай қалды. Өздеріне басқыншылық жасаған жасақты біздің әскерлер сәдуір шығынға ұшыратты. Егер олар сіздің қандай бір мақсатқа жоңғарларды түбірлеу үшін келген болса, бізге айту керек еді, сондықтан сіздің аса мәртебелі құзырыңызға бізге апиу қылмайды деп жолдап отырмын. Анық-қанығын менің айтқандарымнан

білек қол жасақтың (егер сіздің бағыныштыларыңыз болса) қайтып барғандарынан толық анықтарсыз деп сенемін. Тағы сізге тек қорғану үшін, жерімізді қорғау үшін ғана соғысқа бардық. Осы хат сізге жеткен соң, сізден ашусыз хабар күтетін, сіздің қамқорлығыңызды ерекше құрметтейтін қазақ ханы «Абылайхан» - деп қол қойып жіберген. Осы мазмұндас хат Екатерина патшайымға да жіберілген, онда: «Аса мәртебелі Ресей патшайымы! Сіздер бұрынғы патшайымның біздің Әбілхайыр ханға уәде еткеніндей, біз қазақтар сіздердің қол астыларыңызда сенгендеп алаңдамай бақыт күн кешеміз, деп армандаушы едік, сол біз армандаған күн, бізге жақындамай-ақ қойды, неге десеңіздер, біздің халық қорғаусыз, қорғанышсыз қалды. Қалмақтар тіпті Ресей шекарасы аймағына өтіп алып бізге тоқтаусыз қыр көрсетуін қоймай-ақ қойды. Біздің адамдарымызды өлтіріп, мал-мүлкімізді олжалап кету олардың қалыпты ісі. Бұлардан және шығыс жақтағы қаптаған жоңғарлардан қорғану үшін өзіміз әскер жасақтайық десек, сіздердің алдарыңыздағы «әскер ұстамаймыз» деген міндетіміз тұсау бола берді. Соған қарамастан «қақ та өлеріңде тұяқ серпеді» деген біздің халықта мақал бар, соны ұстанып өзіміз шамамыз жеткенше әскер ұстамасақ ірілі-ұсақты жаулар жанымызды қояр емес, ал жоғарыда айтқандай сіздердің қамқорлықтарыңыздан шет болып отырғанымыз жанымызға қатты батты. Әскер ұстамау жөніндегі міндетімізді орындай алмауымыз, сіздердің бізді «қорғап отырамыз» деген міндеттеріңіздің кемшілігі болатын. Сіздердің тарапыңыз не екенін кім білсін, орындалмауы салдарынан біз өзімізді төрт бұрышымыздан және айналадағы жаулардан қорғану үшін біраз шамалы қаруланған қол ұстау керек деп шештік, және солай істеп отырмыз да. Бұған мәртебелі патшайым ренжу орнына қуаналы деп ойлаймыз, өзімізді қорғай алуға шамамыздың жеткеніне бола. Сіздің мәртебелі

құзырыңызға мына бір оқиғаны мәлім етпей болмайды деп шештім. 17... жылы тамыз айында Шың шекара аймағында бізге ежелден жау жоңғарларды ығыстыру үшін біраз жасақпен сол аймақта жүргенімде қытай әскеріне күтпеген жерден кез болдық. Кездейсоқ деп ойлайын десең, оның негізі жоқ, он бес мыңнан астам кәдімгі қаруланып, оңтайланған әскер екен, бұлардың ойы бізбен соғысу және жерімізді басып алу екенін болжадық. Дәп осы жерде мағұлым еткім келетін және сізге де аса сақ болыңыз дегім келетін бір жағдай бар. Ол Шың деп аталатын Қытай патшаларының ұрпақтарының да бізге дұрыс көзбен қарамайтындығы, мұның бір үлкен дәлелі олар бізге ептеңе айтпай білмегенсіп бер жағындағы жоңғарларды бізге үнемі айдап салып отырды, осы ниетімен екі елді қырқыстырып, кейіннен бұлар бірін-бірі құртқаннан кейін бұлардың жері мен мүлкіне не болып қалғысы келетінін біз бұрын-ақ сезгеміз және білгеміз. Осыны айтып жоңғарлардың бізге қастандығын тоқтатамыз деген пиғылымыздан жоңғарлардың надан тоң мойындылығының кесірін енептеңе бізге онбеді. Олар қытай айдап салуымен бізге егін ектіріп, қала салдырмауға айналды. Сондықтан сізге мағұлым олардан өз күшімізбен құтылу үстіндеміз, қазір қалмақтардың әр жерде басы бірікпеген қосындары бар, бірақ оларға әліміз жететіні анық. Ал, мына оқиға біздің бұрынғыдан да сақ болуымызға итермелейді, біздің әскер әлгі қытай жасақтарын қырып жіберді деп сізге хабарлағаным осы болды.

Мәртебелі ханшайым ағзам! Біз қазақ елі тағдырдың жазуымен Русиямен көршіміз. Сондықтан да сіздермен тату көршілік қатынастарға зәруміз. Өлі қанатыңыздың астына алуға біздің осы хатымыз сізге біздi аяйтын ой түсірер деп үміттенеміз.

«Қазақ ханы Абылайхан» 17... жыл.

Жоғарыдағы екі хат та жіберілгені анық, және қазақша жазылып, орысшаға аударылып, қазақша жазылған қытайшаға сол уақыттағы сарай тіліне аударылып сенімді адамдарының жіберілген. Осы екі хатта да Абылайхан сөздерінде «бағыныштылық», «бағыну» деген бірде-бір сөз тіркесі жоқ, және қытай әскерлерін өз күшімізбен жеңдік дей отырып, орыс патшасының уәдеде тұрмағандығына кінә арта сөйлейді, түпкі сөзінің төркінінен ешкімге тәуелді болмай-ақ, өз күшімізді өзіміз көре алатын жағдайдамыз дегенді түсіндіріп сездіреді. Бірақ өте оңтайлы мәмілегерлікпен «қорқарымыз жоқ!» демейді, өйткені намысқой орыс және қытай патшаларының намысына тиіп жау тілеп алғысы келмейді. Екінші жағынан қытай әскерін қырып жібергенін де жасырмайды және «опасыздық қылдым» дегендей тағы өздеріне аударады. Абылайхан не мәмлегер де, кемеңгер екені, әрине. Бұл хатты құруға Үш жүздің Төле, Әйтеке, Қазыбек қатысқаны болуға тиіс. Өйткені оларға басқа уақытта ақылдасып, дәл хат жазарда ақылдасуы мүмкін де емес қой. Осы уақиға-лардың бәрі Көкшетауда өткен хан жиынына дейін болып өткен еді. Оны оқушыларымызға түсінікті болу үшін айтайық, жоғарыда баяндағанбыз.

Қазақ ханы Абылайхан туралы қазіргі кезде айтылған да, жазылған нәрсе де біршама. Бірақ сол айтылған, жазылғанның бәрі ханның бейнесін нақтылы көрсете алмай, бұл сұрақ барлығын мазалайды.

Біз де осы оқиғаларды айта келе сол Абылайхан өмір сүрген кезеңдегі тарихи-саяси жағдайларды оқушыларымыздың есіне салып көрейік:

Қазақ халқы өзі дүние сахнасына шыққаннан бері талай тартыс, тәксіретті өткізді. Тіпті үрім-бұтағымен тұтас құрып кету қаупіне де тап болды. VII-X ғасырлар арасында араб-парсылардың басқыншылығы туралы деректер

өте сараң. Олардың басқыншылығы, басқыншылық сипатта болды ма, араб жазуын қабылдауымызға қарағанда сол кездегі өркениеттің бұтағына қосылуымызға себін тигізген, оқу-білімге ұмтылуды үндеген арабтардың келуін бүгіндері басқыншылық, зорлық, зомбылық жасады деп айтуға ауыз бармас. Қайта бауырластық танытып, «жартылай жабайылық-тан» жөнге түсіріп дінге кіргізуі қайта біздің бақытымыз болды деп пайымдасақ ұтылмаспыз. Бұл жерде «жартылай жабайылық» деген сөзге де шамданбай-ақ қойсақ болады, өйткені сол жазу-білімді таратқан арабтардың өзі де сол уақытқа дейін надан жолда болған. Рас, біздің арғы тектеріміз орхон-енисей жазуын пайдаланған екен, оған біз қуанамыз, бірақ жалпы халық, араб жазуын, оқып жазғандай кең таралмағанын есімізге алайық. Сондықтан арабтардың келуі, басқыншылық емес бауырмалдық сипатта болды деген дұрыс, жау болса ол қырып тастамай ма, сізге оқу-білім таратып неғылады. Тарихшыла-рымыз буырқанған ұрпақтың алдында осы жағын ескеріп отырар деймін.

Ал, Шыңғысхан жөнінде төрелік айту қиын, біздің классиктік дәрежедегі үлкен азаматтарымыз осы жөнінде мәмілеге келмей көп айтысты. Екі жағына да қосыла салу қиын, бірін қостау, екіншісін даттауға тағы болмас. Ол үшін қытай деректеріндегі жазба тарих кеңінен зерттелу керек. Л.Н.Гумилев сияқты тарихшылардікі нақты деректері болғанмен, дәл қайсысы болса да Шыңғысхан біздің туыстасымыз ба, жоқ па дегенде тайқақтай береді. Қазақтарға қатысты айтайық: Шыңғысхан біздің туыстасымыз болса, қазақ ішіндегі төрелерді неге біржақты «төре» деп бөлеміз. Әрине, бұл төрелердің қазақ халқының аристократиялық табы болғаны рас. Бірақ көп уақыт өткен соң, әсіресе Қазан төңкерісінен кейін олар ақсүйектік қалпын жоғалтты, қазақ болып жазылып, қазақпыз деп кетті. Ал бірақ

бүгін дейін олардың «төре» аталып келгені де рас қой. Басқа қазақ қандай ақылды болса да, халық алдында қызметі болса да оған төре атағы берілген жоқ қой, өйткені ол қазақ еді.

XII-XIII ғасырлардағы Шыңғысханның біздің өлкемізге шабуылы аяусыз сипат алды. Отырарды баяғы Ленинград блокадасы сияқты тура тоғыз ай блокада жасалды. Қайырханның ерлігі енді ұрпақтың символы болу керек. Қайырхан – Абылайхан қатар тіркесе айтыла жүрсе қандай нұрлы болар еді. Моңғолдар аяуды білмейді, кейде алған қаланың адамдарын бірін қалдырмай қырып жіберуі біздің халықтың басына келген айқын нәубет еді, өйткені түз тағысындай жортқанымен, жаратылысынан аңқау, ақпейіл халықтың жуан жұдырықтың құрбаны болып кетуі тіпті оңай еді. Алла сақтады бірақ! Ел басына ауыр күн туған қиын-қыстау кезеңде, жауға қарсы ту көтерген, халықты ұйымдастырып, елдің амандығын қорғаған ержүрек батырларымыз көп шықты. Олардың есімдерін халық аялап, бүгінгі күнге дейін ауызекі жетті.

XVII-XVIII ғасырлардағы қазақпен жоңғарлар арасындағы шайқас қазақ елі тарихындағы айтулы соғыстардың қиын-кескіні болды. Жоңғар билеушілері қазақ жеріне 1607-1608 жылдарда-ақ басып кіре бастағаны туралы деректер табылып отырған көрінеді. Содан олар жыл сайын үстемелете беріп 1620 жылы қазақтың Есімханы оларға қатты соққы беріп, айдап шығып жеңкелей көп шығынға ұшыратқан. Содан олар он бес жыл бойы қазаққа бата алмай жүргенімен Жоңғар хандығы құрылғаннан кейін қайта тиісе бастайды. Жоңғардың Батур деген қонтайшысымен қазақ сұлтаны Жәңгірдің арасында ірі соғыстар болған. 1643 жылы Батур ірі әскери күш жинап, топтап жасағына әскер ойындарын үйреткеннен кейін қазақ жеріне жорыққа шықты. Әрине олардың алдынан топтасқан қазақ әскері қарсы шығып үлгермеді. Өздерін дүниенің мықтысы көріп тай-

рапшаған Батурдың жасағы Алтай қырғыздарымен, Жетісу қазақтарының он мыңдай адамын тұтқындап елдеріне қарай айдаған. Сол заманның сұңғыла ақылды адамы Жәңгір осыны естіген соң тағат таба алмай соңындағы нөкері алты жүз адамдық топпен оларға қарсы аттанып, олар өтейін деп келе жатқан екі жағы биік тау арасындағы қысаңнан ор қазып, бекініс жасауға бұйырады. Өзі бір топ әскерімен таудың сыртына жасырынады. Иә, аталардың батырлығы деп осындай оқиғаны айта жүрсек керек. Есептеңіз! Он мың адамды тұтқындаған қол қанша болады, түк болмаса жиырма мың деңіз! Осынша қолға қарсы алты жүз адаммен бару, нағыз көзсіз батырлық емей немене? Жәңгір ақылды дедік. Басқа амалы да қалмаған тұтқында шырқыраған бауыр-қарындастың көз жасының обалын қалай көтермек. Неге хан аталып жүр, ата жаудың қолында кетіп бара жатқан қарындасты босатпаса.

Батур ор қазып бекініп жатқандарға, «жолымды бөгейтін бұл немелер кім еді, қырып тастаңдар бәрін» деп соларға тап беріп ұрыс ашпақ боп, барлығы дерлік сол қысаң сайға үймелегенде Жәңгір тасадан тап береді. Осы жерде бір айтқымыз келетіні біздің осындай тарихи тақырыпқа жазатын жазушыларымыз, зерттеушілеріміз, хандар туралы сөз болғанда көбінесе олардың арасындағы бас араздықтың, бірін көре алмаушылықты, қырқысқанын, осының кесірінен барып, жаудан жеңіліс табатынын айтуға бейім. Батырмен батырдың арасы да көбіне солай болып келеді. Ал біз керісінше батырларымыздың да билеріміздің де хандарымыздың бойынан адамгершілікті, бауырмалдықты іздесек, осы шығармада да солай, және сол аталардың бауырмалдығын, жоқ шырқырағандай болғанда бір-біріне көмек жасағанын, елді құтқарғанын, халқын қауіптен құтқарғандығын айтпай кетуге болмайды деп білемін.

Әлгі қысанда Жәңгір ту сырттан тау жақтан тап беріп, қойтастарды домалатып, дүние апар-топыр болып Батурдың он мың адамы қырылады, қараңыз! Он мың ауызбен айта салуға оңай, сол он мың адам, он мың тағдырдың иесі еді. Жаман болсын, жақсы болсын, он мың сарбаз он мың от басының от басы еді. Басқаның жерін, мүлкін алып, оны құл, күң етемін деген, адамзат тарихында жойылмай келе жатыр, адам-адам болып тұрғанда бола беретін де шығар, адам баласының жаман мінезінің бірі осы.

Жәңгірхан жаны шырқырап, үш жүз сарбаз ойда әлгі бекініс жасап, негізгі жаудың күшінің соққысына тап бола бастағанда қазған орының ар жағымен сытылып, біртіндеп дыбыс кете бастайды, оқыр дерсеу үстіндегі Жәңгір сұлтанға қарай аттарымен орғытып көмекке барып қой тастарды домалата бастайды, ал Батурдың алдыңғы әскер легі қысаннан шейін десе әлгі кең орға секіруге үйренбеген аттар бастайды, және орының аузы адам мен аттың өлігіне, таудың тасына жектелген өлексеге дейін толып қалып, өз жолдарын өздері бөгеп, жүргіншің таудан домалаған тастан, шаң араласқан қан-терден берекелері қашып сол жектектің үстіне барып не жебенің жемі болып, не болғанын өздері де түсінбей, біраз есі шыққан кейін бұрылып қашқан әскер, алдарында бес қаруы сай Самарқан билеушісі, тегі Қазалы өзені бойынан, Кіші жүз Әлімұлы оның інісі төртқара Жалаңтөс баһадүрдың жиырма мыңдай әскермен күтіп тұрған, мына осылардың қысқа қылышына жемге айналып осы ұрыста қалмақ қонтайшысы Батур өлімдей он мың әскерінен тек айырылды, бірақ ата жау болып ішке бұдан кейінгі заманда шемен боп қатқан кек сақтап кетті. Аруағыңнан айналайын Жәңгір сұлтан! Әруағыңнан айналайын Жалаңтөс баһадүр! Сендер болмасаңдар бүгін қазақ деген ел болып отырар ма едік, жоқ па едік. Қалмақтың есін таңдырып бір тастады. Аруағыңнан

айналайын Жалаңтөс! Сенің бұл соғыстағы еңбегің еді, ал Самарқанды билеп тұрып оны көркейту жолында қаншама еңбек қылдың, дүниенің інжу-маржан ескерткіштерінің қатарына жататын Самарқанда бұрын жасалған әдемі, өрнекті, шынылтқа, көргеннің көзін алып кете алмайтын құбылған бояу өрнектері бар сан құрылыспен оған сәндірген суретпен, ғажайып араб жазуының графикасымен оймышталған, құлпырған көңіл жауын алатын сан дүние жасаттың. Сенің еңбегің Регистанда да, Шаһ-Зинда мавзолейінде де бар, кітабымыздың басында айтып өткен Ташкенттің ханы Бертіс (Берлібек) деп, Фергана билеушісі Құлымықтан шыққан Барғана деген кісі деп, Самарқанда Жалаңтөс билеп тұрды, тіпті күні бүгінге дейін зираты айқын күтілін, өзбек ағайындар елу етеді. Шіркін кезінде, шірік бір жүйеге кез болып, осындай болып тегін аталарымызды айта алмадық. Соны жазу дегі жөнін қайтадан кейін ұрпақ ұғымына бара берсін деп жазып отырған түріміз осы. Төле би – Қарнақан би аталып Ташкенде жерленсе бабаларымыздың көп жерге басып болғандығы анық айтылып тұрса, бұл қазақты көшпенді дей бергісі келетін кім екен. Тарихтан дерегің құр білген – білген емес, оны сол замандағы геосаяси жағдайлармен салыстыра білсең ғана жентәуір білгендігің болады. Сөз арадан барады, Жалаңтөс баһадүрді біздің кейінгі ұрпақ 1960 жылдардың басында бұл кісі туралы бірінші рет «Білім және еңбек» деген бір жақсы журнал шығатын сол кезде, кім жатқанын есіне келмейді, сонда оның Самарқандта болуы, сонша неше түрлі істер тындырғаны біздің бала көңілімізді шабыттатын еді.

Оқушылардың көңілінде әртүрлі ойға жетелейтін күдіктерді сейілте кету үшін Жалаңтөс батырдың шежіресін тарата кетейік. Кіші жүз, оның ішінде атақты ата Әлімұлының біреуі Қарамашақ екен. Ол уақытта әлі жасы таға болмайды, жеңгелері Торткара атап кетіпті. Торткарадан

Оргешені, Ораз, Жаншуқыр және Қараш туады. Қараштан Ақшы – Тоқпан. Тоқпаннан Тоғамыс, Шобан, Сейітқұл туған. Сейітқұлдың бәйбішесінен – Сейітамбет, Төлеп, Ақша туған. Екінші әйелінен Жалаңтөс, Бүйенбай, Майтай, Түрікпен, Қали өмірге келген. Мұны «сегіз Сейітқұл» деп сол уақытта атаған екен дейді. Ұмытпай айтып қояйықшы осы Жалаңтөсті кейбір деректерде шын аты Құла деп атаған деген де деректер бар. Ендігі сөз Жалаңтөстің тағдыры, оның Самарқандқа барып ел билеуі туралы таныстырсақ, оқушыларымыз ықыласпен оқиды ғой деп ойлаймыз. Жалаңтөс жас кезінде жоқшылық тарлабын көп тартады. Кіші жүз елінің құм жері жағдайында малдары жұтап қалып, әкесі күнкөріс қамымен байларға қозы бағуға, қой бағуға елінің хан Шағайдың жылқысын да бағады. Бірақ Шағайдың да шаруасы кері кетіп, жұтап қалады. Жалаңтөстің әкесімен Шағай сыйлас болса керек, екеуі де жоқшылық тарлабын көрген соң тағдырлас болып, ақылдасып сол өз елдерін үрімталау Бұхар маңындағы Нұрата тауына 1581 жылдарда көшіп барады. Сол жердегі ауыл, басып барған және бұрыннан тұратын Қызылқұм, Тамды өңірінің ханы болып Дінмұхаммед деген күшті есептелінеді екен. Жалаңтөс он екі жасында-ақ соның қызметін жасап, «не істе» десе де тапқырлығымен, ақылдылығымен дереу көзге түседі. Жалаңтөс атауы сол кезде жауға еш бір тайсалмай, сауыт-сайманын кимей-ақ Жалаңтөс шабуылменен атылған екен деген бір жорамал, екінші «шешенесі» келген «жалаңтөс» деген де мағына береді екен деген екінші жорамал бар. Көптеген өзбек деректерінде ол «Кішшінақ шері» яғни арыстаны, «Асадулла» яғни «алланың арыстаны» деген мағынамен аталатын көрінеді. Бұл Жалаңтөс баһадүрге берілген, халық тарапынан керемет атақ. Салыстырмалы түрде айтсақ пайғамбарымыз заманында, төрт шаһариярдың бірі Ғазірет

Галіге осындай ат тағылған. Мұндай атақ тегіннен-тегін берілмек емес. Осының бәрі Жалаңтөстің содан төртжарым ғасырдай өтсе де қазақпен, өзбектің бірдей батыры аталып келе жатқаны да қызық. Жалаңтөс өмірін айту үшін біз жоғарыда асығыстықпен айтып кеткен деректі де қайталауға тура келеді, әрі қарай оқи беріңіз:

Ер Жалаңтөс ер деңіз,
Елдің қамын жер деңіз.
Ел шетіне жау келсе,
«Мен барайын», - дер деңіз.

Бұл ауыз әдебиетінен қалған жыр нұсқасы, өкінішке орай кім шығарғанын да білмейміз, бірақ Жалаңтөстің сол кездегі бейнесін ашып тұрғаны хақ.

Жоғарыда айтылғандай Жалаңтөстің тарих сахнасындағы бағы жанған жыл 1643 жыл екен. Бұл қой жылы еді. Ойраттар (қуба қалмақтар деп те аталады) қазақ жеріне қайта-қайта шапқыншылық жасап, басында ел шетіне тиісе, кейіннен сілей, тереңдей кіріп кететінді шығарды. Олардың Алтынхан деген ханы елу мың қол жинап алып біржолата «жер жаннаты Жетісуды» өзіне бағындыру үшін жорыққа шықты. Орбұлақ деген сулы жерде қазақ-қырғыз жасағын басқарған Жәңгір небары 600 адамдық жасақпен қарсы тұрғанын, осы кезде Жалаңтөс батырдың жиырма мың қолмен келіп (жауды айламен ұстап тұрған Жәңгірханның ерлігі де ғажап!), ойратгардың он мың адамын қырады. Сонау Самарқанд түгті жап-жақын жер емес, Жалаңтөс қазақ тарихында лайықты орын алу керек. Жалаңтөс баһадүр туралы жазғанымызды оқып көрсек, кейбір жерлері ертегі, аңыз сияқты. Тарихи құжаттарға сүйенсек, еңбір ертегі де аңыз да емес, нақты болған оқиға екендігін көреміз. Осы жолғы 20 мың қолды желел бастап Салқам Жәңгірге, өзі өзбек жерінде, Самарқанда билеуші тұрып халқына осын-

дай көмек көрсеткен сабаз! Жалаңтөс бабамыз туралы тағы бірер айтарымыз келіп кетті. 1645 жылдың күзінде Жалаңтөс 120 мың қолды бастап Әмударияны кесіп өтіп Гератқа тартады. Бұл кезде тарихтың айтуынша Жалаңтөстің жасы жетпіске қараған кезі екен. Жалаңтөстің бұл жорыққа тығыз аттануының себебі: Ұлы Моғолдар Империясын құрған түбі түркі Бабыр сұлтанның ұрпақтары Жаһан шах екі баласы Аурангзеб пен Мұрадбахидың басшылығымен өзбек еліне тиіп тұрған Балх шаһарын басып алады да енді Бұхар хандығын жаулап алуға кіріседі. Бұл кезде Бұхар ханы Нұрмұхамед тағынан кетіп орнына баласы Абдулазиз 1644 жыл келген болатын. Жалаңтөс билеп отырған Самарқанд осының қол астына кіретін. Сұрапыл қауіптің алдын алу үшін Абдулазиз хан кеңесін дереу шақырып, ақсақалдарының, билерінің кеңесімен 120 мыңдық қолға Жалаңтөсті қолбасшы қылып сайлап, батырға өзінің тағдыры мұның қолында екенін айтып мұңаяды.

Жалаңтөс оған: - Қорықпа, құрметті хан, алла бұйырса жаңа көріп жүрген соғысым емес, ата жауы қуба қалмақты да, тіпті шүршітті де көремін, бұйырса жеңісті тойлауға дайындала беріңіз, - деген. Сонымен Жалаңтөс баба жанына Жаңғыр батырдың қызы Жидегүл анамызды алып (әдеті осы кісіні алып жүреді екен), жорыққа аттанып кетеді. Бұдан басқа өзіне қарағандардан жанына Алшын Бекқұлы биді кеңесшісі етіп алады. Абдулазиз хан еркін өзіне берген соң Ходженттің әмірі Ақша би деген ақылды кісіні орнына Самарқанд әмірі етіп тағайындайды. Ауған жерінде көп кешікпей-ақ Жалаңтөс Жаһан шахтың оның екі Ұлы Аурангзебпен Мұратбахиды майдан даласында кездестіріп, соғысты жылдам, қантөгіссіз бітіру үшін үшеуін бірдей жекпе-жекке шақырады. Жоғарыда айттық қой Жалаңтөс 70 жаста! Олардың жүректері дауаламайды, әрине, кездейсоқ емес.

олар Жалаңтөстің атағын бұрыннан да естіген әрине! Олар құлық жасап өздерінің үшеуінің орнына үйді жүргізбен Қарабай атанған он төрт батырын Жалаңтөске үшеуінің орнына шығаруға ерсүйлеп тұрған батырға ұсыныс айтады. Сол кездегі көзі көргендердің айтуынша Жалаңтөс баһадүр бейне бір отыз жастағы адамдай қылбаланып: - Тәуекел! Шығар жауынгерлеріңді, нұқсан табылған немістердің әуселесін бір аллаға сиынып көріп алдым, - деген екен. Құрметті оқушы! Осы оқиғаның болғанына сеніңіз. Жалаңтөс тектес батырларымыз көптен болған. Мен осы деректерді қытай деректеріне сүйеніп жазған Шыңжаң тарихшысы Зейнолла Сәнік – ғалымымыздың еңбектеріне кез болдым. Ол кісі де айтады: «Былай қарасаң адам сенбейтін оқиға, ал бірақ болған!» дейді.

Сол кездегі қазақтың генеологиялық ахуалы туралы жоғарыда айтып келе жатқан әңгімемізді одан әрі жалғастырайықшы. Жоңғарлардың үлкен жеңілістен кейін жоңғарларға үлкен ой түсу керек еді, бірақ жаратылысы шапқыншы жиылысы басшылар билеген жоңғарлар қазаққа тек кек сақтауды біледі. Жәңгір сұлтаннан кейін олар ес жиған ұсақ қолдармен бытыраңқы отырған қазақ ауылдарына анда жерден бір, мұнда жерден бір тиіп кетіп маза бермеді, кейбір қосындары Арқаға дейін өтіп кетіп жүрді, өйткені қазақтың даласы кең, енді олар қазақы киім киіп алып, ертоқымды бәрін қазақша ерттеп біздің аңқау бауырларымызды шауып кетіп жүр қасақты. Қалмақша шабу деген сол: еркек кіндіктіні тегіс қыру, әйелдерді күң етіп ат артына, бөлек бос көліктерге мінгестіріп алып кететін болған. Бесікте жатқан сәбиді, әлі құрсағындағы нәрестені да аямай найзамен шабақтап кететін болған. Ал ерулігe қарулы қазақтар жеңген кезде сондай зорлық, зомбылық жасалды ма, ол жағы көп айтылмайды. Әрине, сондай дүрбелеңде қалмақ дұшпан қазақ пенен олар-

ында тым «мейірімді» болды деп айту қиын шығар. Қандай жағдайда болса да, сол біздің халқымыздың өркендеуін сан он жылға шегеріп тастаған қазақ-жоңғар соғысының ұзаққа созылғаны рас.

Жәңгірден кейін Тәуке хан – бұл да қазақтың ақылды да батыл қимылды жақсы көретін хана болған жоңғарға қарсы соғыста белгілі адам. Бұдан басқа Тәукенің «Жеті жарғысы» туралы сөз қозғамай-ақ қойдық, оны оқушыларымыз, - халқымыздың заңдылығын сол заманда айқындаған заң нұсқасы екенін біледі. Сол Тәуке хан 1710 жылы Қарақұм маңында кеңес құрады, оған Үш жүздің сол кездегі басты адамдарын шақырады, неге Қарақұмда бұл кеңесті, бұл тарихшыларымыздың зерттейтін мәселесі бола бермек. Өйткені неше түрлі шұрайлы жердің бірінде жиналып кеңесті өткізбей Қарақұмда өткізгені шынында да қызық: әлде шыдыған жаудан қашты ма? Осы кеңесте Тәуке хан қазақ басшыларына Үш жүздің өкілдеріне жоңғарға қарсы үлкен жасақ құру керектігін, егер жоңғар шабуылдаса, оның бүкіл қазаққа келетін нәубет халық басшыларының алдында дәлелдеп бағады. Келісілген жасақтар құрылады да, бірақ соғыс тиылып қалады, жоңғарлар тарапынан бес-алты жылға дейін тым-тырыс болады, кейіннен сол жағдайда кәсіпсіз қол жасақты тамақпен тағы басқа қажетпен жабдықтап тұру қиынға соғатын болғандықтан керек уақытында жиналатын болып жасақты таратып жібереді. Бірақ осыны күткендей жоңғарлардың сайлы қолы Шелек Аякөзге қарай тартады. Тәрізі қазақ елінің тереңдей етіп көрмекші ойы болса керек.

Әз Тәуке хан жасақты таратқанда әр елдің басты адамдары жылына бір рет тағайындалған уақытта Күлтөбе деп аталатын жерде жиынға келіп тұруын міндеттейді. Бұл Әз Тәуке тарапынан жасалған кейінгі тілмен айтқанда өте прогрессивті мемлекеттік мәселе мәлімдеме еді деп

мақтанышпен айтуымызға болады. Тәукенің сол кезде орнатқан осы тәртібінің пайдасы ұзамай-ақ өз жемісін берді. Жоңғар қолы қар суынан наурыз айында көп әскермен кетіп бара жатып, әрине жолда кездескен қазақ ауылдарын шауып, талап, ойына келгенін істеп кететіндері белгілі. Жаудың қалың күшпен жолындағысын жайпап бара жатқанын біліп отырған кемеңгер Тәуке мамыр айының аяғында Күлтөбеге жиналуы керек Үш жүз өкілдеріне дереу ат шаптырып соғыс жағдайын жариялап, жаумен соғысудың айқын екендігін түсіндіріп, қолына найза ұстап салақ тартатын ер-азаматтан әр рудан елі жасақ, соның бәрін шағып келгенде әр жүзден он бес мың әскер, сонда Үш жүзден ұзын саны серіктілерді былай қойғанда елу мың әскер дереу Аягөзге дейінгі Құр-Бақанас деген жерге жиналуы міндеттелді, және бұрынғыдай емес, аса дәлдік қадағаланды, бұрынғыдай әйтеуір айдың, жұлдыздың бір шамасында емес, милади жылымен санағанда мамырдың бір күні белгіленеді, сол жерде шабарман-атармандар, жортуылшы-кезуілшілер бұлардың келе жатқанын күндік жерден байқастап оны ханға айтып отырады, дәл Бақанасқа жақындағанда, сулы отты жерге бір-екі күн ерулеп демалады, бірақ тәртіп бойынша аттарда жарау ұстау керек болады, әрине сонау Кіші жүзден шыққан жасақ мыңдаған шақырымды бірнеше аптада суыт жүріп келеді, олардың аттарының онсыз да жараулығы ескеріледі. Тіпті кейбірсуінің аты көбеңсіп, босаңсып қалса, осы жақтағы жылқыдан ат ауыстыру көзделді. Бір ғажап нәрсе! Сол Тәуке хан тағайындаған күнге бүкіл Үш жүздің әскері келіп жетті. Сол заманның өзінде Әз Тәуке ягни, ғазиз Тәуке, ягни түсіндірер болсақ «өте адал» деген мағынаны білдіреді ягниз, әз» сөзі сол «халқына адал» дегенді нұсқайды.

Аягөз маңына айтылған уақытта қазақ жасақтары келіп жетеді, бірақ қару-жарақ аса сай болмайды. Әр жердегі ше-

бер усталарды Әз Тәуке өз маңайына күні бұрын жинап алған болатын. Сондықтан да қару-жарақ жетпейтіндерге лереу қылыш, найза түгі болмаса шоқпар таратылды. Ол кезде дұрыс қолдана білсе ат үстінде таптырмайтын қарудың бірі шоқпар болатын. Шоқпар ол кезде қайыңның безі бар түрінен істелетін. Ең бастысы екі-үш жыл кептірілген ағаш болатын, кәдімгі шоқпар қалпына келтірілгеннен кейін басына әр жерінен шегүрлім салмақ беретіндей темір қағылып орнатылатын. Бірақ қағып орнатқан темірлер кейде ағаш суға көп тиіп кейіннен кеуіп қаңсығанда түсіп қалатын болғандықтан кейіннен болат істік отқа қызартып қыздырылып шоқпардың басы үш-төрт жерден айқыш-ұйқыш тесілетін де соған темір өткізіліп екі жақ басы майыстырылып, мұндай шоқпарды «гүрзі» деп те атайтын. Сол уақыттағы ат үстіндегі соғыстарда кеңінен қолданылған қару, айта кету шоқпарды кезінде жалаңаш қазақтар ғана емес, сол уақыттың өркениеті «жетілді» - деген халықтардың бәрі де мысалы: ағылшын, француз, орыстар, еуропалықтар бәрі де ұстаған. Айта кететін бір нәрсе қазақ усталары темірден «құлдырмамай» аталатын мылтықтар соғуды үйреніп әрі табысты қолданған. Бірақ әрбір мылтықты соғу аса қиын және көп уақыт алатын болғандықтан көп тарала алмаған, тек айтулы мергендер ғана ұстаған. Соғу тәсілі күні бүгінге дейін құпия. Өйткені станок жоқ заманда [illegible] тесікті қалай салды, бұл да жұмбақ. «Құлдырмамай» ауызынан оқталатын болған. Кәдімгідей оқ алдын күкірт тектес дәріні жалқымен тауып өздері әзірлеген, бірақ бұл да құпия ұстаған. Оқ [illegible] қорғасынмен оқталып дәріге от беретін тесік жасалып соған пілтемен от берілетін болған, атудың жұмысы көп болғанмен мергеннің қолында алмаса, тасада отырып бәйгеден шайқалғанда «құлдырмамай» оғы тиген адам да от та тірі қалмайтын, өйткені бармақтай қорғасын оғы бұзылмай да бұзып шығатын.

Аягөз маңына бірінші рет ортақ жау қалмақтармен шайқасуға қарақалпақ және біраз қырғыз жігіттері де келген. Бұл екі ортада Әз Тәуке жаудың қаншалықты адаммен келгенін, жалпы қару-жарақ қандай, соның бәрін көзуіл жасатып білдіріп отырған.

Содан 1717 жылы Аягөзде қазақтардың шын мәнінде Ұлы Отан соғысының бір жарқын жеңісі болады. Қалмақтармен ашық майдан даласында шайқасады. Ұрыс тәртібіндегі гұрып бойынша екі жақтан да жекпе-жекке батырлар шығады. Әттең солардың есімі кейінгі ұрпаққа белгілі еместеу. Осы соғыста Қабанбайдың да Бөгенбайдың да қатысты деген дерек жоқ, неге десеңіз бұл екеуі де жастау болып соғысқа ілікпеуі мүмкін. Тағы бір деректерде Бөгенбай қатысты делінеді. Өйткені Қабанбай батырдың дер кезіндегі шағында Бөгенбайды «Қанжығалы қарт Бөгенбай» деп атап жүрген кезі десек, онда Бөгенбай Әз Тәуке бастаған қазақ халқының Ұлы Отан соғысына сол 1717 жылы-ақ қатысқан деп те шамалауға болады. Аякөз шайқасында екі жақта көп адамынан айырылады, тіпті жеңген кім, жеңуші кім екені де белгісіз болғандай болады. Екі жақта бірнеше күнгі шайқастан әлсіреп демалып шегінісін жасады. Ертеңіне қалмақтар майдан даласына шықпай кері шегініп суыт аттанады. Осы жерде Әз Тәуке қарамағындағы билер, батырлар бір жағы жауды «қуайық» деп, екінші жағы «өз жөнімен кетсін» деп екі жарылады. Сол кезде Әз Тәуке «жоқ оларды қусақ, өзіміз де жетіспейміз, осымен бір қоя тұрайық» депті. екіншіден жаратылысынан мейірбан халық жеңіліп шегініп бара жатқан жауларды тіпті аяғандай болады. «Жауды аяған жаралы болады» деген мақал содан кейін шықса керек. Осы шайқас халықтың басы бірікse жауды жеңе алатынын көрсетті, осының артынша қалмақтың шегінуіне байланысты қазақ жасақтары тарап еліне қайта бастады. Бірақ осыдан көп ұзамай қазақ халқы үшін қайғылы

жағдай болды. Әз Тәуке қайтыс болды, бүкіл үш жүздің баса-ғы, кезде өздерін жұмылдырып қалмаққа қан майданда соққы берген батыр да, ержүрек, білімді, адам тағдырына адамдықпен қарайтын бөлек жаратылысты кемеңгер ханынан айырыл-ды. Бірақ әз Тәукенің ата кейінгісі болған қазақтың өшпеген хандарына үлгі боп қалды, бүкіл халқы аза тұтты. Кейінгі та-рихта бұрмалап жағдайымызға да қанша рет әз Тәукенің атын өшірмек болса да, ол атын алтындай бүгінгі күнге. Аягөздегі шыңғыс пайдаста жеңіске жетті те, заңдарының жинағы «Жеті жарғымен» де халқының тарихында алтын әріппен жазылып қалды. Әз Тәукенің өлімінен кейін ішкі тартыс көбейіп, соның кесірінен «Жеті жарғы» сақталмады. Бұл жағдай кезде тана береке-бірлікке деп қойған жұртын бүгін қайта батыраулатып соқты. Сойтіп жүргенде 1723 жылы «қайың сауған, ақ тышқан жұт» қазақ даласын жаппай жұтатты, көпектер керегеге ілініп қалды. Бүкіл тіршілігі малға байланысты болып отырған халық малы жұтаған соң күшінен де айырылды. Аягөзден жеңіліс көк сақтап кеткен жоңғар ноиндарымен қонтайшылары жетпіс мың әскер жинап үш бағытта, жеті жолға бөліп қазақ даласын біржолата басып алу үшін жорыққа шықты. Сол кездегі бас қонтайшы Сыбан Рабдан деген екен. Бірінші авангардтың 10 мың әскерін соның баласы Хаддан Серен деген басшылығымен, ғылым ақылымен аза шыға бастаған жас қонтайшы басқарды. Жоңғар әскерінің шабуылы өте сауатты ұйымдастырылуына қарағанда бұлардың әрине шүршіт (қытайлық) кеңесшісі болғанын білуге болады. Жоғарыда бір жерді айттық, сол уақыттағы кейінгі деп қоя зерттеушілердің пікірінше Цинь патшасы жоңғарларды қазақпен соғысқа итермелеп отырған, ол үшін қару-жарақпен көмек берген, бір дәлел осы әскерде зеңбіректің болуы, өйткені жоңғарлар ол уақытта қазақтар сияқты көшпелі жағдайда зеңбірек құюды меңгермеген болатын.

...Сол уақыттағы шежіре шерткен деректер бойынша осы соғыста екі жағынан көп шығындар болғанын растайды. Осы жорық сәтсіздікке ұшырағын соң Жаһан шах Орта Азияға қайтып беттей алмайды. Кабул, Балх, Хорасан аймағындағы ірілі-ұсақты қалалармен елді мекендер Бұхар билігіне қайтарылады. Осы жолғы соғыста айбыны асқан қазақ қауымының айбынды ұлы Жалаңтөс Абдулазиз ханды жеңіс тойын тойлау үшін Балх қаласына шақырады. Абдулазиз бұл жеңіске сенерін де, сенбесін де білмеді, қуанғаннан қайта-қайта Жалаңтөске шаптырған кісілері Жалаңтөстің жеңгендігін қаншама жер Бұхар билігіне қайтқанын және жеңіс тойын тойлап, одан әрі не істейтіндерін ақылдаспақ болып Абдулазиз ханды жеңісті өз көзімен көрсін деп шақырып отырғанына сендіріп Жалаңтөс Абдулазизге өз қолымен мынадай мазмұндағы хат жазып жіберген: «Мәртебелі Абдулазиз хан және менің досым! Өзіңізбен келісіп, осындай менің ғаріп басыма үлкен наубет артқандығынан, мен үшін бір жағы мақтанымды бөлісумен, екінші жағынан сізбен, халқымыздың сенімін ақтай алам ба деп қатты толғандым. Аллаға сиынып қайта-қайта мінәжат еттім. Алла біздің ісімізді қолдады. Жаһан шахтың мұрагерлері маған қарсы шығып, жеңіске жеткен шақта жекпе-жекке шығуға ұялды ғой деймін. Оның есесіне үлкен дау бір шерілерін шығарып еді... өзіңіз білесіз, мәртебелі хан, мен соғысты жаңа көріп жүргенім жоқ қой, солармен айқасқа тура келді, енді жеңіс біздің қолымызда», деп хат жазып жіберген. Бұл хаттан Жалаңтөстің сол заманның алдыңғы қатарлы ойлы адам екенін көруге болады. Абдулазиз Балх қаласына бара алмайды, өйткені себептері болған болуы керек, сол уақыттың бір үрдісі хан өз тағынан уақытша бір жерге кетсе, артындағы мұрагерлерінің біреуі таққа ие бола салуы да оқталатын шаруа сияқты еді, тақты қайта алу үшін қантөгіс қажет еді, және таққа ие болғысы келгеннің өлуі қажет бо-

лауын. Абдулазиз осындай жағдайлардан сақтанды ма кім біледі? Бірақ ол Бұхараға оралғанда, сол уақыттағы Бұхардағы ең белгілі орын медресе алдында Абдулазиз жеңіс тойын тойлап, халқын таң-тамаша қылады, және бір кереметі басқа хандардың өзін дәріптемей жеңіс әуелі алланың, содан кейін Жалаңтөстің арқасында болғанын халық алдында әйгілеп айтады, және өз тарапынан оған «аталық» деген атақ береді (қазіргімен салыстырсақ «генералиссимус» атағына парапар), сол кездегі мәні өз елінің әскерлерінің бас қолбасшысы деген ұғым береді. Абдулазиз хан Самарқан әмірі Жалаңтөс баһадүрге осы жолы бірыңғай алтын жіппен тоқылған шапанды иығына жауып, он екі өрім өрекпе зерленіп өрілген қамшы сыйлады деген деректер қазір анықталып отыр. Абдулазиз ханның сыйлығы бүт қазақ халқының дәстүріне сай болғанын атап өтсек деймін. Жалаңтөс баһадүр туралы бір-екі ауыз сөзбен доғара салсақ, оқушыларымыздың көңілін қалдырармыз. Оқушылардың бәрінің көңілінде бір сұрақ бар екені рас. Ол – Жалаңтөс баһадүрді «қайдан білдік» деген әңгіме. Ол дұрыс, өйткені төрт жүз жылдай өтіп кеткен уақиғалардың тозаңынан Жалаңтөс бабаның арының алу оңай жұмыс емес еді. Иманды болғыр Халел Досмұхамедов ең алғаш Жалаңтөс туралы керемет дәлелді дүние жазып кетіп, сол кейінгі тарихшыларымызға үлкен демеу болды. Қазір Жалаңтөс жөнінде өзбек ағайындар, екі жаққа да қолайлы позиция ұстайтынын айтқан жөн.

Жалаңтөс батыр – Самарқанд тарихында үш ұлы тұлға бар десек, соның біреуі. Қалған екеуі Әмір Темір мен Ұлықбек. Бұл үшеуінің де еңбегінің өлшемі Самарқандтың көркі. Дүниенің інжу-маржаны саналатын Тәж-Махал десек, әдемілігі, сәнділігі және әскерлерінің күштілігі жағынан Самарқанд тек Тәж-Махалмен ғана теңдесе алар

Жалаңтөс батыр өмірін тек соғысумен майдан балала-

рында бірыңғай өткізген жан емес, ол Самарқанд қаласын көркейтуге ерекше күш жұмсаған. Он жетінші ғасырда өмір сүрген осы бір қазақ жұртының азаматының қайраткерлігі адам таңқаларлық. Ұрыста теңдесіз батыр, өнердің жанашыры, сүйеушісі. Өз қолымен көптеген Самарқанд ескерткіштерін тұрғызған. Ол әмірші болып тұрған кезінде шеттен келген адам, қаланың ішіне кіргенде мына әдемілікті аяқ киіммен басуға қымсынып етігін шешіп жалаңаяқ жүреді екен, дегенде аңыз сол уақыттан қалғанын айтуға болады. Тарихи айқын деректерде Жалаңтөс 1619 жылдар Шери-Дор деп аталатын сәнді ғимаратты кешенін салдыра бастайды. Осы құрылыс он жеті жыл салынып бітеді. Ғимаратты салуда жүзеге асырған Абдул Жаббар деген шебер екен. Ұлықбек салдырып кеткен Регістан алаңына ән беруде осы ғимарат – Шери-Дор медресесінің алатын орны үлкен. Мұнарасы мен күмбезінен, порталынан көрінген оюлар таза қазақ зерлеу өнерін көз алдымызға әкеледі. Сол уақытта кіреберіс қақпа маңдайшасына хайуанаттар бейнесінің салынуы исламдық үрдістен ауытқушылықты білдіреді. Бір жағынан Ұлы Моғолдар әулеті – Бабырдан тараған ұрпақтарының бұл кезде Үндістанды сәулет өнеріне керемет өзгерістер енгізгенін айтуға болады десек, мүмкін сол үрдістердің мұнда әсері болуы керек.

Ислам шариғатында жанды нәрсенің суретін салу, әсіресе адам суретін салуға тыйым кейінгі уақытқа дейін білініп келді. Исламның бүкіл канондары мақтаулы болса да, дәл осы сурет өнеріндегі тыйымдары бүкіл шығыстың осы көркемөнері үшін тұтас дәуірдің трагедиясы деп айтуға болатын жағдай еді. Осы тұрғыдан алғанда Үндістанды билеген Ұлы Моғолдардың дүниені дүр сілкіндіре осы бір қарапайымдылықпен падишахтықты астастырған қанында сілкін тастап, керемет көз жауын алатын сурет өнерінің көркем туын-

ларын өмірге енгізуі таңғажайыптықтай. Жалаңтөс бабамыз, мұсылман дәуіріндегі осы Ренессанстық құбылысты жылдам қабылдаған, мұның дәлелі сол өзі салдырған Шери-Дор медресесінің ғажайып безендірілуі, оған Жалаңтөстің пәрмені бойынша жолбарыстың, еліктің, адам бейнесінің күн тәріздес символика болып безендірілуі бір жағынан аса батылдық еді. Неге десеңіз, үлкен әдебиет жүрген жерде үлкен қарңғылықта қабаттаса жүретіні өмірдің бір тылсым заңы болса керек. Естеріңізге түсіріңіздерші, тап сол жерде надан жұрт Ұлықбек обсерваториясын быт-шыт қылды ғой. Жалаңтөс бабаның ол уақытта батылдықпен жасатқан нәрселері, сол уақытта көркемөнердегі революция сияқты еді. Тілла-Қари медресесі де атымен аталып Жалаңтөс басшылығымен салынған. Регистан алаңындағы көркем дүниенің бірі тап осы медресе. Қарапайым сызықтар мен кейбірі тылсымды геометриялық фигураларды Жалаңтөс баба жасатты дегенде көңілді қуаныш кернейді. Осы жерде айтатын бір нәрсе Мәскеуде ана бір жылдары шыққан «Әлемдік сәулет өнері тарихы» деген кітаптың алғашқы бетінде Жалаңтөс ағаларына. Өзбектер 1996 жылы Әмір Темірдің 600 жылдығымен Жалаңтөстің 420 жылдығын жақсылап атап өткен. Осыны біздің халық білмей де қалды. Шери-Дор медресесінде сол заманның белгілі ақыны Мәулен Шерқожаның «Ғимаратты салдырған шыны Жалаңтөс» деген өлең жолдары жазулы тұр. Құрметті оқушы! Батырлар мен билер туралы әңгімеде, қазақтың Ұлы Отан соғысында (700 жыл соғысқан) Жалаңтөс бабамыздың еңбегін айттық. Біреуден кембіз бе біз!

## XIII – желі

Сонымен Жалаңтөс атамыз туралы әңгімемізді тамамдап Абылай кейінгі Қазақиямен оның маңайындағы

елдердің геосаяси жағдайына оралайық және арасындағы киіп кетіп тұрған соғысты айтып келе жатырмыз. 1723 жылы қазақ еліне жұт болып еді. Осыны түсініп отырған жоңғарлар лап қойды. Оның әскерлері 7 жолға бөлінуі жоңғарлардың бұл соғысты ерекше қылмақ ойы болатын. Қазақияны тұтастай басып алып шүршіт патшасының алдында және Ресей алдында өзінің мықты екендігін көрсетпек болатын. Бір айтатын нәрсе жеті жүз жылдай қазақпен соғысқан қалмақтар қонтайшыларын, ноянларының ішінде «соғысты доғаратайық, бейбіт қатар өмір сүрейік» деп ойлауға жарарлық бір адамның шықпағаны. Ал қазақтың ақылды хандары мен билері, бұларды сан рет бұрын жеңсе де «адамның баласы ғой» деген негізгі мұсылман қағидасын үлгі тұтып бұларды құртып жібермеді...

Сөйтіп әңгімеміз қалмақтардың 1723 жылғы жойқын шабуылына беттеп келеді. Алғашқы он мыңдықты Суан Рабданның баласы Халден Церен басқарып Қасқакөл аумағы мен Қарағау аймағы арқылы шабуылға шығады. Екінші онмыңдықты хонтайшының інісі Хошни Батур басқарып Алтай, Еміл аралығы арқылы Көктал өзеніне өтеді. Үшінші онмыңдықты қонтажының немері Әмірсана басқарып Нұра өзеніне беттейді. Төртінші онмыңдықта Халден Цереннің баласы Серен Доржы бастап Шелек өзеніне қарай бет алады. Бесінші онмыңдықта Халден Цереннің тағы бір баласы Лама Доржы бастап Ыстықкөл өңіріне өтеді. Алтыншы онмыңдықта қонтажының өз руынан шыққан Доп Дорж деген біреу басшылық етеді де ол Шу өзеніне дейін ауылдағыны алмайды. Енді қалған жетінші онмыңдықты Суан Рабдан өзі басқарып Іле өзенінен өтеді. Осы кешпен құрылған соғыс майданына бірыңғай басшылық сол уақытта өзінің әскер ісін шебер ұйымдастыру қабілетімен қалмақ еліне жақсы мойындалған Шұла Дәби жетекшілік етеді. Осыдан кейін-

ақ қазақтың бұрын мың қайнаған соры тағы қайнамақ болатын жетпіс мың қолмен Алатаудың аржағында қазақ халқын тарих топырағынан біржола өшіру болатын. Өйткені қазақтың кең даласында бұрындары бір жақтан жау келсе екінші жаққа жылжып кету тактикасы басым болатын. Бір ауылды жау шапса, оған ұрынбаған екінші ауыл, олардың мал-жанының жылдам көтерілуіне көмектесіп, бауырластық өз шыңына жететін. Енді қазақ халқына шата алмастай үлкен тор құрылды. Қалмақ әскерінің ішіндегі зеңбіректі, басқа атыс қаруларын үйрететін қытай нұсқаушылары болғанын зерттеушілеріміз, тарихшыларымыз айтып отыр. Тіпті сол уақыттың дәрежесінің соғыс-жол қаруларында жасап алған. Әйтпесе жеті тарапқа қу далаға мақсатсыз ешкім де шаба бермек емес қой. Әр қолда онмың әскер, оның тамағына қаншама дүние кетер, осыншама қазақ елінен тонап алынатын мал, мүлік көтереді деп есептелетініне оңай-ақ көз жеткізуге болады. Мұндай күтпеген жойқын әскерді көрген халықтың есі шығып кетеді. Рақымсыз қырғын, ауыр күйзеліс, аштық пен жұт шығынында да қазақ халқының құрып кетуіне әкеліп соғуы керек. Жаудың ізденгені де, тілегені де осы. Содан кейін ұшы-қиыры жоқ қазақтың кең даласына сайран салып, асқар тауына шығып көкірек керіп, күміс көліне шомылып масайрап, тұнық өзенін жағалап ақбауыр балығын ұстап пісіріп жеп солар шаттанбақшы. Өздерінің нұсқа табылғанына қарамастан «құдайдың сүйген құлы» болмақшы. Әрине, алла бұлардың ойын хош көрмес.

Жеті тараптан жаудың жойқын жорығы есті шығып жібереді. Бұл алапатқа қарап тұратын күш бар, ол бірлік, ол бір қалада отырған халық емес, жиналып бас біріктіргенше қай заман. Қазақ үшін қазір бір-ақ амал бар, ол бұл жаулар жеңісімен еліне қайтқанша бас сауғалай тұру ғана. Бас сауғалаудың өзі қиын, бір жақтағы жаудан қашып келе жатсаң, екінші

жаудың қолына оңай түсесің. Кезінде Қожаберген жыраудың «Елім-ай» дастанында осы кездегі қазақ жайы өте керемет айтылған. Ұққан адам бұл дастанды жылап оқиды.

«Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» қазақ елінің тарихына осылай еніп кірді. Жеті жүз жыл қалмақпен қырқысқан дәл мұндай сәт болмаған, «үйренген жау атыспаққа жақсы» дегендей, көп соғыстар ұсақ-түйек болып келіп тіпті аяғы барымта-сарымта сияқты болып кететін жағдайлар да бар болатын. Қанша айтқанмен олар да өзіміздей дала халқы емес пе еді. Ғұмыр бойы көршісін мұндай қатал жазаға бұйырғаны несі?.. Қазақтар жан-дәрмен өздерінің бір жағы қандас, түбі түркі болып келетін мұсылман көршілерінен телім-телім болып, жалынғандай болып көмек сұрайды.

Ата тарих мұндай құжаттарды бізге жеткізді. Ол бізге халықтың аузынан жетті. Сол кездегі осы қатігездік пен жауыздықты көрген даланы шарлаған бірен-саран шетелдіктерде осы оқиғаны жазып кеткен.

Сол кездегі естапай деген осы уақытқа дейін белгісіздеу болып келген қазақ ақынының мына бір жыры сол кездің бар бейнесін ашып тұр-ау:

Ей, Келімбет, Келімбет,
Келіп тұрмын, елім деп,
Алашқан туған туыс ек,
Қалмаққа кеттік телім боп.
Қырылған ел, аққан қан,
Ойламаңдар, тегін деп.
Соғысармыз қайтадан
Дем алып ап, ер түлеп.
Халық қалды жасқанып,
Қалмақты арыға қуамыз,
Кек өткелден ат салып,
Батырлар кетті ізімен,

Бөлек-бөлек жүзімен
Айырып малын алмақ боп,
Әкеткен ұлы-қызымен.
Жеті өзенмен тосамыз,
Аттаныңдар, тезінен.
Келіп тұрмыс хабарға
Батырлар айтқан сөзімен,
Кек алмай аттан түспейміз.
Биылғы жаз, күзімен
Қобыландыдай батыр айқасар,
Шынайы қара бастаса
Қалмақтың берер сазайын.
Алла оңынан бастаса.
Кезігіп Құнақ қырғашы
Төтесіне бассалса
Дәулеткелді кезігіп,
Кең өткелден ат салса,
Жермен-жексен қылмай ма,
Алты алашы аттанса.
Қолтақтасын қаны жосылып,
Бас саугалап қашпай ма.
Шыбындай жаны шошынып...

Бұл жыр сол кездегі саяси сарынды да көркемдігі айтулы жыр дейміз. Содан үш жүз жыл өтсе де жырдың тілі, стилі, бояуы, өңі, келбеті дәл қазіргі ұрпаққа өте жақын, әрі түсінікті. Сөз түсінген кісі бұл жырды үнне, түсіне оқитынына сөз жоқ. Алты алаштың баласын қандай айқындап тұр. Бір жағынан сол заманның тарихы десек, екінші жағынан жазба әдебиетке өте жақын. Көркемдік тұғыры да жоғары. Отаншылдығы сап алтындай, бүкпесіз айқарылып тұр. Өкінішке орай түркіменнің Келімбет батыры бастаған жасақ қазақтарға көмектесті ме, беймәлім. Іштен «иә», көмектесті деп сенгің

келеді, көмектессе нұр үстіне нұр, оны тарихшыларымыз анықтай жатар. Естанай ақынның жырының көркем жазылуымен қоса «шеті Алаштың баласы бірігейік» деген үлкен түйінді ұғымды, бірақ оны түркімендер түсіне қалды, ер Естанайдың соңынан ерді ме екен?

Қазақтар да ашынды, бірігу жөнінде ұран батырдың аузынан да ақынның жырынан да табылатын болды. Бірақ, біздің халық бірігіп болғанша қалмақтар қан қақсатты, үлкен ауылдардың үстінен түскенде еркектерді шаша байлатып, әйелдерді шаштарынан қосақтап нағыз америка үнділерінің жабайылық әдістеріне өте жақын азаптау тәсілдерін қолданғанын сол уақыттың азын-аулақ көзі көрген адамдардан тарихшылар жазады. «Сырдың қамысымен, балығы болмаса, қазақтан тұқым қалуы неғайбыл еді» деп керемет түйіндей жазған. Батыс Еуропаның тарихында және әдебиетте Франция мен Англия арасындағы жүз жылдық соғыс дүниедегі ең ұзақ соғыс ретінде қарастырылса, сол уақыттағы адамзат әркениетінен тыс қалғандықтан (осы соғыстардың кесірінен) қазақ пен қалмақтың арасындағы бас-аяғы жеті жүз жылдан аса созылған қазақ халқының Ұлы Отан соғысы енді өзінің шешуші кезеңіне жақындады. Бұл бейбіт қатар өмір сүре алмаған, бірнеше ғасыр бойы бір-біріне деген қанды кекті ұлғайтастыра берген екі халықтың біреуі ғана қалып екіншісі тарих сахнасынан жоғалу мәселесі болды. Алланың бұйрығынан жаратылған, яғни Адам ата, Хауа анадан басқа халықтар сияқты өрбіген осы екі халықта түпкілікті бауырластықты түсінбеді. Оның үстіне бұл халықтар өздері өмір сүріп келе жатқан уақытта «енді бауыр болайық, құда болайық» деп сан рет қол алысып, қол берісіп жауласуды тоқтатқан сәттері болды. Тіпті құдаласу қара халықта емес, сонау түбі бір хандар арасында, яғни қазақ ханы мен жоңғар қонтайшысы арасында болса да бәрібір

түпкілікті бейбітшілік орнамады. Дәл осы жолғы Жоңғардың жетпіс мың, тіпті кейбір деректерде жүз мың деп те айтылады, әскермен қазақ даласына біржола орнамақ болып басып кіруі бұл халықты алыста көретін көсемдері болмады деуге саяды. Өйткені сол уақыттың өзінде Ресей қызығушылығын туғызған қазақ даласының байлығы, тіпті жер асты байлығы да белгілі бола бастаған кезде, кең даланы шағын жоңғарлар ұстап отыра алар ма еді. Керісінше, түбі тұқымдас халықтар «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарса» ғана үлкен қуатты мемлекетке айналып, ашу-мышау елді дарытпай отыруларына болушы еді. Жоңғарияның қазақ жеріне басып кіруі Ресейдің тілегенін табысқандық болды. Сол уақыттағы дүниелік өркениетке кіре бастаған Ресей Үндістан жаққа тікелей шығуға өте мүдделі еді, жұмбақ Азияның картасы оларға белгілі болып қалған.

Бұл екі ортада шүршіттер жоңғарларды әр жағынан қысып соққы берді. Цин империясының тарапынан қысым, «арғы жағындағы байтақ даланы басып ал, кейін көре жатармыз» деген емеурін істетті болды. Осы жоңғарлардың отыз тілді қырық ішіндегі қазақ жеріне жасаған керемет жорығын екі кезеңге бөліп қарауға болады. Біріншісі жетпіс мың әскермен басып кіретін 1723 жыл деген, екіншісі 1741-42 жылғы Еділ, Ор, Елек, Ырғыз өзендеріне дейін елден кіргенімен. Тәрізі соңғы басып кіру, жан сауғалауға да көбірек ұқсайды, бірыңғай батысқа лап қоюы Еділ маңайындағы қалмақтарға қосылмақ болу ниеті бар болуға тиіс. Өйткені олар Сырдың орта саласындағы елдерді шапқыншылықпен бүкіл майдандарды 1723 жылғы сияқты қамти алмағанын байқауға болады. Бұған қоса ішкі тартыс олардың қонтайшыларының арасында күшейіп тұрған кез екенін айту керек. Жоңғардың ұлы ханы атасын өлтірген Лама-Доржыға — Давацидің қазақ әйелінен туған Амурсана қарсы еді. Тіпті бір кезде Амурсана қашып

кейін Абылайдың қолында болып тәрбиесін көргенін де айту керек. Давацы Лама-Доржыны құлап 1753 жылы таққа отырды. 1755 жылы Амурсана тоқсан мың адамдық қолмен келіп Давацыны құртып өзі хан болды. Әрине, осы соңғы уақиғаға көмектер Абылай кірісті десе қате болар еді. Амурсана Абылайдың ақылын, кеңесін тыңдаған. Бұл жерде Абылай оларды іштен қырқыстырып, ішірітіп әкеліп жоңғарлардың біржолата құрып кеткенін жөн көрді деу тағы артық болар еді, ол өзімен дос болып, мықты мемлекет Жоңғария болса, Қытаймен бірігіп екі мемлекет болып тұрса, Абылайдың үлкен шаш тұратын болса, Шыңды да Ресейді де бастырмауға болады деп есептеді.

Бір айта кететін – 1741-42 жылдар арасында жоңғарлар Кіші жүз жеріне басып кіргенде Әбілмәмбет батыр, Барақ сұлтандар Халдан Церенің жағына шығып кетті делінетін дерек бар, оны тексеруді керек етеді, олар Абылайды құтқару үшін кетті ме, жоқ, басқа бір саяси ойын ойнағысы келді ме оны тексеруіміз керек. Өйткені өздері батыр, сол уақыттағы біздің ғалымдар қалмақ жағына шығып кетті деген сөз қиын.

Сонымен бастапқы ойымызға қайта оралайық. Іштей өшірген Жоңғарияны енді мүлдем құртып, жеріне өзі ие болмақ Цин империясы 1756-57 жылдар оларды аяусыз қырды делінеді тарихта. Сөйтіп Жоңғария құлады. Осы оқиғаның бастапқы жерінде Абылайды өзінің жасақты әскерімен Жоңғар жақасы тұсында «телпектілерге» кез болып, қатты ұрыс салып он мыңдай шүршіт қырылғанын айтқанымыз, артынша олардың императорына жазған хатында келтірдік. Осынысы Абылайға өте жағымды болды. Абылайдың оңай адам емес екенін сезген қытай императоры оны қазақтың ханы деп танып, көп сый-сияпат жіберді, және жыл сайын осындай сый жіберіп тұрды. Абылайдың Жоңғариямен кейінгі жылдары дос болмақ болғаны рас

еді, бірақ олар өзін-өзі құртып тынды. Екінші мықты Қытай және Ресей екенін көреген Абылай көрегендікпен көре де білді. Сондықтан екі елге де өзінің елшілерін жіберумен болды. Әрине патшаға тән сыйлықтарды ол да өз дәрежесінде жіберіп тұрды. Бірнеше жолы Цин империясына Қараменде биді, Қаржас Үкібай биді жіберді. Айтатын нәрсе Қараменде мен Үкібай елшілігі өте сәтті болды. Цин патшасының Абылайға деген сенімін күшейтті. Сол уақытта Қарамендемен Үкібай бидің Қытайға бірнеше мәрте барып қайтқаны жөнінде әңгіме - аңыздар кезінде өте көп болған екен. Қараменде мен Үкібай елшілікке Абылай тарапынан барған болғанымен жандарына өздері қалаған адамдарын ертетін болған. Олар бір жолы Абылайға алдындағымен аты шыққан Күйік руынан Баянауылдық Жәнке батыр бұл екеуіне – мені қайтесіңдер, Қытай патшасының алдында шарын бірдеңені бүлдіріп жүрермін. Онанда мен сендерге бір ауыз сөзге жай адамның он ауыз сөзіне тегіндендей қылып айтатын бір бала тауып берейін соны ертіңдер, тілмәл алмаштар, өзін қатар алдырайын, нанбасаңдар сынап көріңдер,- депті Жәнке батыр. Бұл Жәнке батыр туралы кейінірек әңгімелерміз, сол уақытта үлкен белгілі адам болған. Абылайдың үлкен жауапкершілік жүктеген Қытай богдыханы сарайына баратын елшілікті Қаз дауысты Қазыбек бастамақ. Сол уақыттағы қазақ батырларының көп емес үшеуі, Қазыбек бимен бірге Қараменде, Үкібай баратын болды. Хан нәрмейінде бұл адамдарды олармен ақылдаспай-ақ тағайындаған Абылай-хан. Неге десеңіз елдің құрылымы, қабырғасы қатайып келе жатқан қазақ мемлекетінің алдында әрбір іске қабілеті бар адам, қолынан келген ісі атқаруға міндетті болады. Хан жарлығымен бастаушы адамдар тағайындалғаннан кейін қостаушыларды олар өздері таңдап алады, бірақ елшілер тосын адамнан аспауы тиіс. Мұның мәні көп, жолдан

қиыншылығы, жолға алып жүретін жабдықтар, осының бәрі жол михнатын туғызады. Қазір құдайға шүкір, қытай богдыханына жол бөгетсіз деуге болады, жоңғарлар бұрын өткізбейтін, олар біріншіден богдыханға қазақтардың барғанын ұнатпаса ол жай көре алмай ұнатпау емес, олар үшін саяси ойын екені белгілі. Сондықтан да қытай богдыханына, елші бару, олардан бері қазақ даласына елші өту өте ұнатпайтын нәрселер еді. Қазақтар бұрынғыдары еріксіз айналма жолмен баратын, ол елшілер айлап, кейде жылға жақыннан әрең оралатын. Бір жолы сондай елшіліктен жолда жұқпалы ауруға кез болып, түгелге таяу қырылып бірді-екілі адамдар ғана әйтеуір богдыханның хатын Абылайға жеткізген. Елшіліктің осындай қиын жолдары бар еді. Бірақ жаңа айтқанымыздай ол жоқ, жоңғарлар тас-талқан болғалы оңайланған. Әйткенмен де ұры-қарыдан қорықпай, сақтанбай болмайды. Бара жатқан елшілерге бірінші қауіп богдыханның сарайында. Сарай қызметшілері бұл елшілер туралы қандай мәлімет беруінде. Өйткені олар жамандап айтса, мысалы «пәлен деген елдің елшілері екен, әкелген сыйы да құрдымсыз түкке тұрмайды екен», т.б. жамандаулар көбейсе өзін алла сақтасын, күннен жаралған, шапақтан жаралғамыз деп тұрған Цинь әулетінен қорлық өлім болмасына ешкім кепілдік бере алмайды. Бірақ кейінгі уақытта Абылайханның жоңғарларды жеңіп, тіпті қытай әскеріне де елеусіз қолын танытып жолбарыс тырнағын батырып жіберуі, қай патша болса имене сыйлайды ғой, кейін қазақтарды сыйлайтындай болып қалған. Богдыхан жас адам, сарайда жақсы оқытылып, жақсы тәрбие алғанымен көп нәрсені пайымдай бермеуі мүмкін. Сарай дәйекшісі, оған келген елдің елшілерін таныстырады, қандай дәрежедегі адамдар, өз елдерінде қандай мақсатпен келген, сарай уәзіріне де жақсы сый-сияпат керек, ол уақытта қытайда түз жетіспейді екен дейді, ауыр болса да амал бар

ма, осы жолы да біршама тұз апаруға тура келген. Тұздар қапшықпен арнайы жүк орнатуға қолайлы ыңғайлап ерттелген тортталған, жуас аттарға тиелді.

Екі мың жылдық тарихи қолмен қойғандай жазулы тұрған қытай патшасының Бежіндегі сарайына жету қиын іс. Оған жол білетін адам Сұлтангерей хан жағынан жіберілді. Сонымен Қаз дауысты Қазыбек бастаған осы елшілікке Қараменде би, Үкібай би және Жидебай батыр әрі би, Жарылғап батыр әрі би барған болды. Жолда Баян жақтан Абылайханның сүйіктісі Жәнібек батыр, жасы ұлғайып қыран шуу тартып жол жүруді жаратпай қалған кезі екен, жағдайын айтып жоғарыда айтқан жас Жанайдар деген бала інісін қосып алды. Жас баланы, болайын деп тұрған баланы дауға, шарға, елшілікке барғанда ала жүріп бір жағы сынап, бір жағы іске салып «бала бүркіттей» баулу ол да сол заманның үрдісі еді.

Жоғарғы тарауларындағы әңгімемізде мына айтылып отырған төрт бидің хан кеңесімен бірге қайтуындағы сөз осы екен. Бұларға ол мұнда хан не Қытайға жауапты елшілікке баратынын, оған қазақтың ең басты адамдарын жібергісі барын айтып, бірден осы дәрменге киер киім, мінер атқа дейін дайындалып беруі ескертілген. Қытай патшасына сыйлықтар күні бұрын дайындалуда екен. Абылайхан Көкшетау маңынан алтын шығаратын жерді бұрыннан да біледі екен, содан көп қаздырып, қорытып, құйған астам алтынды богдыханға сыйлыққа апару көзделді. – «Бұл сыйлықтың бірнеше астары болуы керек» – деді Абылай. Біріншісі біздің жеріміздің байлығын түсінсін, бірақ бұл біздің жерімізге қызығушылық тудырады, бірақ ондағы жаугершілік болу да мүмкін. Өйткені неге екенін кім білсін, қытай падишахтары алтынды өте жақсы көреді, - дейді Абылайхан, - ол үшін жанын береді, өйткені ондағы біздің жасырын хабарымызды осылар аңлатады» – Қытай богдыханы тарапынан алтынға көп елді

қорғауға тұрады деген пікір қалыптасуы және маңызды, - деді хан. Болмыхан қаир бізің елі өте сөкерді – деді Абылай – және бұл қызмет осы төрт батыр әрі билер және шешендер сіздердің қызметтеріңіздің арқасы, - деді хан - әрине әуелі құдай».

Абылайхан басқа қазақ хандарынан батылдығы, шешімділігі, ақылы асқан туған жан болғанмен соғұрлым шыдар да еді, бұл бір үлкен ерекшелігі болатын. Оның бір өлеңі кейіннен де, бұдан да өзінің тікелей пәрменімен қайтыс болған батырларын және өзіне жақын басты адамдарды Түркістанға Әзірет Сұлтан кесенесі маңайына жерлеткен. Шамасы келмей қалмаса бес уақыт намазын қаза қылмауға тырысатын. Қысқы уақытта сарайға жыршы, термешілерді жинап, «Сейфіл-Мәлік», «Шаһжаһан» тағы басқа шариғаттан алынған, пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафа төңірегіндегі сахабалардың дін үшін қылған істерін жырлататын, және арасында – Бәлі! Деп жыршыны көтермелеп қоятын әдеті де болатын. Соғыста, жауына қандай қатігез болса, шариғатқа келгенде жарақтық сонша жұмсақ та кетуші еді, әсіресе Адам ата мен Хауа ананың бірін-бірі көп заман жер бетіне түскеннен кейінгі іздеуі және олардың бірін-бірі табатын кезіне келгенде, Мәжнүннің жапа шегуі, Жүсіп пайғамбардың жапа шегуі, Аюб пайғамбардың көрген қорлықтарын жыршы домбырамен тыңқылдатып даусын қоса айтқанда Абылайханның көзінен жас парлап, ағып кететін, және оны көрген әлдекімдер күсап жасырған да әуре болмайтын, биік қарасұр бетінің жоғарғы биік маңдайдан төмен тұрған ағы көп, қарасы аз көзден аққан жас, мұртының шалғайын қуалай тамшылайтын. Маңайында отырған кеңесшілеріне ондайда Абылайхан «айналайындардан» басқа сөз айтпайтын қамқор әке секілді көрінетін.

Мына отырған орта жасты қусырған, қарасұр өсі

шайқаста мыңдап емес, он мыңдап қана төгілген сарбаздар-мен соғысты басқарған кісі – деп айтуға нанымсыз көрінуі, сырттан келген адамға әбден мүмкін еді. Бірақ алла тағала қазақ деген халықтың бағына жаратқан осы адам, соғыс болмаса да бір ұлы қайраткер болатындығы айқын сияқты көрінетін. Қазақтың Төле, Әйтеке, Қазыбек, Қаражігіт, Жи-дебай, Қараменде, Мөңке бастаған билерінің бәрі осыны баяғыда-ақ мойындаған еді.

Абылай жөнсіз нөсерге ашу шақырмайтын, ісі қаншалық ірі болса, сөзі де түсінікті, ұғымды түйсікке еніп тұратын, бір қасиеті кімнің қолынан не келеді, келмейді соны сезіп білуші еді, кей батырлар жаумен жекпе-жекке сұранып, бата-рұқсат сұрап шауып келгенде, кейбіреуіне рұқсат бермейтін, өйткені қарымдылығы әлді де әжет азаматтарды танып біліп жүретін қасиеті болатын.

Ал Жөңке батырдың бір жөні бөлек жері бары рас-тын. Бұл Жөңке туралы айту үшін Мәшһүр Жүсіп атамыздың кітабында да жақсы айтылған. Абылайхан Алатауға жорыққа бара жатып, жолда Қаракесек Шаншар елінің бір ас беріп жатқан үстіне кез болған. Ежелден Шаншарлардың қалжақ, қу екенін ел біледі. Шаншарлар бір жерге барып жүрген ара-сына кіріп отыра кеткенінің өзінде бір сөзден он сөз туғызып, одан артық күлкіге айналдырып елді ду күлдіретін болған. Мысалы, түк таба алмағандай бір Шаншар баласы, жаңа ғана күшіктеген иттің әлі көзін де ашпаған күшіктерін қыңсылатып бір кішірейтеу шыбықпен ұра бастапты. Мұны сөтін далаға шыққан көршісі қайран болып, оларды неге ұрып жатқанын сұрайды. Сонда әлгі қу бала: - Бұлар мені өскеннен кейін қабады – деп жауап берген екен. Бұрындары қазақ сөзінің қаймағы осы Шаншарларда болған. Неге десеңіз «Шаншар абыз» деп аталған аталары тым қасиетті адам болған, содан ұрпақтарына билік айту мен сөз қонған.

Сонымен жорыққа кетіп бара жатқан хан жолдан әскерін толтыра кету мақсатында соққан болу керек. Қазақ ғұрпында ас үстіне келген соң, түсу керек, дәм тату керек болады. Хан үлкендерге сәлем беріп, жасау нөкерлерімен бірге ақбоз үйге кіруге кетіп бара жатқанда бір тентек, есерлеу жігіт артынан барып, қолындағы шыбықпен басындағы айырлы қалпақты қағып түсіріпті. Бірақ ол уақытта телімен тентек дегендер көп болған, тіпті сол кездегі мақалдың түріне қарап табуға болады. «Тентегі көп ауылдың билігі жоқ» деген бар. Сол сияқты кейде нағыз, сасық байлардың да болғаны өтірік емес, ұлы қазақ даласында, олардың балалары да сол тұрмысқа лайық, жақсыны – жақсы, жаманды – жаман деп білуден аулақтау да болатыны рас еді. Әлгі жігіт солардың біреуі ме, әйтпесе бейқапар шапқа түртті ме әйтеуір осы оқиға болып қалған. Осы жерде Абылайхан тектілігін, кемеңгерлігін көрсетті, ұшып түскен бөрік «қайта алып хан басына киюге жарамайды» деп нөкерлерінің бірі қолына алып жүріпті. Басында тақия бар екен, сол тақияның өзімен, айбынды тұлғасы бір бөлек болып жүріпті. – Бүгін ішкен мас, жеген тоқ, кімде ес бар дейсің, – депті де шаруасын бітірген соң, ештеңе есінде қалмағандай аттанып кетіпті. Тіпті сонымен кешіргендей де екен. Өйткені бұл ел Қаз дауысты Қазыбектің елі ғой, Абылайханның өзі үлкен бір сүйеніші қылып жүрген ел ғой. Бірақ жыл өткесін Қызылжар базарының ашыла бастаған кезі екен дейді, соған бір аулынан барған әлгі қарақесектердің ішінде әлдағы есерсоқ жігіт те болыпты, және онымен қоймай, жүрген-тұрған жерінде хан басындағы қалпақты қағып түсіргенін айтып, әңгімесін қыздырып жүреді екен. Намыс қылатын жер енді келді. Осының базарға келген хан маңайындағы адамдар – ханға жеткізіпті. Хан әдейі адамдарын жасауыл жіберіп әлгідейін ұш-төртеуін зынданға салдыртып тастапты. Ботақан деген сәл-тәуір адам да осылармен зынданға түсіп

қалыпты. Жазықсыз болған ба, бұл қорлыққа шыдамай, басы терісіне сыймай, ашудан жарылып кетіп қайтыс болыпты. Бір деректерде осы оқиғаның болғанын бекіте отырып кішкене басқаша айтатын жері бар екен. Мәшһүр Жүсіпке қазір қай жазушы болсын, соқпай кете алмайды ғой, осы кісінің баяндары қызықты. Сонда төрт адам ұстатқан екен дейді. Біреуі Қазыбектің інісі Қазымбеттің баласы Жанай деген екен. Осылардың зынданға салынғанын естіген ханым, яғни Абылайдың әйелі: - Өзіңіз сан рет айтушы едіңіз ғой, Орта жүздің ішінде Арғын, оның ішінде Қаракесек менің үлкен сенімді сүйеніішім деп, - дау болса биі көп, жау болса батыры көп, және өздері антқа тура бірер, текті, адал халық деуші едіңіз ғой, - деп ханым ұялтты. Мұнымен қоймай ханым: - Көр де тұрыңыз, өзіңіз айтқандай текті екені рас болса, олар мұны жай тастамайды, орданы шабамыз деп, мен білсем, келе де жатқан шығар, - дейді. Ханым ақылды адам екен, айтқаны рас болып, ол күнде Қазыбек баба өлген екен (осы жерде басқа уақиғаны айтып отырғанымызды, оқушылардың есіне саламыз, соның ыңғайы келген соң, айта кету мақсатымен әңгіме желісімен кетіп отырмыз, әйтпесе, бастапқы оқиға желісі Қазыбек бастаған қазақ елшілігінің Қытайға баруы болатын, ол оқиғаға оралып соғамыз, ал мына айтып отырған оқиға содан біраз уақыт өткен соң болғанын, естеріңізге саламыз) Бекболаттың өзі алпыс бестерге келген кезі екен. Ақылдасып Едіге батыр екеуі екі мың адамды жиып хан ордасын не шауып, не тәубасына түсірмек боп Баянның сілемі Далбатаудан аттаныпты.

Әйелінің ақылымен Абылай зынданға салынғандарды түгел шығартқанымен Ботақанның ойы қалғаны жағдайды ушықтыратын болды. Бес Мейрамның баласы атқа қонып келе жатқанын және білгін – Біздің халықта қылық,- деп ойлады Абылай, қалмақпен соғысқа зорға жиналатын қосын,

өз хандарын шабуға келгенде, мұндай жылдам жиналар ма, - деп мырс етті Абылай. Бір жағы ызаланды, не күлерін, не жыларын білмеді. Абылайдың ашуын ақылды ханым сабаға түсірді. – Ханым осы жолы мені тыңдағыңыз, хан ием, - деді бәйбішесі, - өзіңіз енгенде білдіңіз бе, - деп сұрайды Абылайдан. – Мен не білем, осы ордада емеспін бе, - деп шамдана жауап береді, бәйбішесіне. – Ендеше тыңдаңыз, мен кеше сізге айтқандай, бес Мейрам түгел атқа мініпті, Бекболат бастаған, Алтай Жанатай батыр, Айдабол Олжабай батыр, Жәңке батыр баласы Жанақ бар, дейді ішінде. Абылай мұның бәрін естіді, сенді. Бірақ өзінің досы Жәңке батырдың баласын жібергеніне түйсінді, - есіл сабаз ғой, - деп қойды.

Енді мына жақтағыларға келейік. Бекболат пен Еліге Күлік Жәңке батырға кісі жіберу себебі, Жәңке батырдың жүрген жері думан екен, өзі әділ де керемет салады екен. Мұны Абылайдан бастап барлық білетін халық, әділдігі үшін, ақпейілдігі үшін өте жақсы көреді екен, өзі де сол кезде бақ көтеріп бүкіл қазақ ішіне атағы шығып тұрған кезі екен. Бекболат пен Еліненің сәлемін естіген соң, келген адамға сөз білетін, мінезі өзіне тарта туған баласы Жанақты қосып беріп оған былай деп тапсырады: - Бекболат пен Еліні тоқтатсын, қалап айт менің сәлемімді, -Ханын жаулаған оңбағандық қалмаққа ғана болар, ханын шаппақ болған қара оңбас, деп айт дейді, - және Абылаймен жарассын де, Абылайдай ханнан ауылдың есер тентегіне бола кетпесін деп айт, дейді. Ал баласының өзіне: - Тек қана балам, арашашы бол, реті жері келер, сонда хан көзіне де түсерсің, кейінгі келешегіңе оның көп себебі тиер, - дейді. Айтқандай Жәңке баласы Жанақ осы сөздің шым-шыргасын шығармай Бекболат пен Елігеге айтып барған соң, оларға да ой түседі. Әрине екеуі де ақымақ, есер емес, бір-бір елдің бетке қарап отырған басшылары. Бекболат тіпті Қазыбектің баласы. Бұлардың ханды

шабуға шыққанын естіп алағоз болғысы келмеген Абылай маңындағы Керей, Уақтың біраз батырлары хан маңынан ұзап кетіпті. Ханымның көрікеңдік қасиеті мол екен: - Хан ием, ойнауға болмас қауіп сіз бен біздің ғазиз басымызға төнді, өйткені Бекболат: - Абылайдың басын алмасам әкем Қазыбектің аруағы ұрсын, қара қазанын қақ жарам да, қатынын ат көтіне саламын – деп келеді, - қандай ойыңыз бар, хан ием дейді, тағы бәйбішесі, Абылайхан: - Бағана маған тапсыр дедің ғой ханым, мен келістім ғой, ендеше іс қыла бер, - депті. – Ендеше, лайбай, дереу бұл жерден аса алысқа емес екі көзен астына көшуге пәрмен қылыңыз, және үш мың кісіге тамақ боларлық сиырдан өсетген тастап кету керек. Сонда ереуілдеп келе жатқан батырлары сиырларды сойып жеп етіне тойып, тынып қалмасын. Қара қазанды ет толы асулы, пісуге жақын қалдыру керек. Сонда олар сабасына түсер, іштен тамақ ішкен соң қара қазанды сындырмас біреу болмаса біреуі «іштен тамақ іштік қой, не жазығы бар бұл қазанның дер», осы сөзден кейін бәрі де сабасына түсе бастар, иншалла, арты жақсылыққа айналар» - депті бәйбішесі.

Айтқандай-ақ үш мың қол алпыс бес жастағы Бекболат бастаған жасақ Абылайдың жұртына келсе, бәрі бағанағы бәйбіше айтқандай жасалған екен, үш жүз сиыр сол маңайда жайылып жүр, қара қазан еті пісуге жақындап асулы, тіпті қазан біреу, осы жасаққа түгел жетердей, әлдеқашан үлкен жиынға ет асулы тұр екен. Бұған қайран қалып тұрғанда, ит-құс залал қылмасын деп, сиыр ішіне қалдырып кеткен бақташы баланы біреуі жүгіртіп барып алып келеді Бекболат би алдына. Одан не білетінін сұраса: - Абылайхан үш күндік жерге көшіп кетті, маңайын бәрін сіз келеді деп, даярлатып кетті, - дейді, басқа ештеңесін білмедім, - депті. Сонда Бекболат би ат үстінде тұрып, сол уақыттың үрдісін қатты ұстанатын адам екен: - Уа, жұртым, - деп дауыстапты. Өздеріңе белгілі

үйлен шыққанда үш ойым бар еді, біреуі қатты ыза болғаннан қолыма түссе Абылайды өлтірсем, ол болмай қалса қатынын ат көтіне мінгізсем, тіпті болмаса қара қазанды қақ жарсам, - деп едім (Ол уақытта қазақ және түркі халықтарының ғұрпында қазанды жару отты өшіргенмен бірдей ғұрыптық санаға сіңген бір жағы мазақ бір жағы «мұның оты енді өшті» деген ұғымды білдіретін көшпенділердің бір-біріне қолданатын кек алу жазасы болып келген, осыған «отың өшсін» деген қарғыс та пайда болған, қысқасы аса ауыр мазақ жаза. Авт.). – Сол сертіме міне жетіп тұрмын, - деп найзаның ұшын хан қазанының ортасына қадап тұрыпты. – Абылай алла артық жаратқан адам, менің сол ойымды түгел білгеніне қайран қалып тұрмын. – Сондықтан мен сертіме жеттім, ана семіз сиырлардан ысырап қылып жүрмей, мөлшерлеп сойып тойыңдар, туларыңды қаптаңдар, - депті. Ал Абылайханға жарасу үшін елші жіберіледі. (Осы жерде қазанның тағдыры туралы: Бұл қазанды Бекболаттан кейін Тілеуші пайдаланған, тоза бастаған кезінде Абылайдың қалмақ әйелінен туған баласы Шама төре қара нарға қалы кілем жауып келіп: «Қазыбектің аруағына байладым, - деген соң» қазанды Абылай әулетіне қайтарып берген. М.Ж.Көпеев).

Сонымен тамақ ішіп әлденіп масайрап жатқан әскер, әрине оның ішінде кәрілер жоқ, көбісі жастар хан ауылын шабамыз деп, көптің аты көп қой, білімсіздік қылмақ болғанда Бекболат пен Едіге үзілді-кесілді тиым қылады.

Ол кезде бір жағынан орыспен де, қытаймен де тіл ауып, жоңғарды жеңіп Абылайдың дәуірлеп тұрған уақыты, беталды адам алдына бара алмайды, Бекболат, Едіге сияқты үлкен абыройлы адамдар болмаса, не болмаса осылар жіберген адам бара алады, жөнін айтқан соң.

Бәріміз де ескі тарихтан бірдеңе жазар болсақ ардақты Мәшһүр Жүсіп ағамызды аттап кете алмаймыз ғой, тіпті ат-

ған кетәмін келсе де еріксіз оған қайта оралдым. Өйткені оның тұсаулы аттай кібіртіктей беремін. Мәшекең айтуынша Абылайға елшілікке Бекболат пен Еліге Орманшы руынан, ақсары әлемі жүзді, былайғы сөзге шешен, кісілігі де көрініп тұратын адам екен соны жібермек болыпты. Ол уақытта батыр да адам ғой, олардың көбісі «батыр аңқау, ер көлек» деген мақал да бар, сол кезде орайлас шыққан, көбісі аңқаулау келеді екен (Негізінен қазақ өзі ақкөңіл халық қой, ішінен бір бармағын бүгіп қулық сақтап тұрмайды, тек бертінгі заманда үлкен елдің зорлығымен қорлығы өтіп бара жатқан соң, қу, айлакер бола бастады, қазір қазақтың баласын ешкім де оңай алдап ала алмас). Шотана аса аңқау да емес, бір ауыз сөзді келістіріп айтатындай екен, ол уақытта әр елде, істе қалмаған да ере жүретін әдеті. Шотанаға Бекболат пен Еліге: - Ханға барғанда айтатын сөзді үйретейік пе, жоқ өзің сөйлейміcің, - десе Шотана бұларға: - Сен екеуің көп үйретсең отыз ауыз сөз үйретерсің, ал атусылған сөй не істеймін? - аузымнан не шыққанын қайтып келген соң естірсіңдер, - депті. Ал енді, Шотананың батырлық кейпіне келейік, өзі ақсары әлемі адам екен, бірақ доңбектей үлкен, әрі ұзын, айтарлықтай зор адам екен. Сол уақыттың батырлары кейде жылмақтан барымта алғанда биік ат жетелесе оны білетін батырлар, өздері ұсақ адамдар емес қой, бұлардың көбісі алып денелі болған соң, батыр атанбай ма, әрине, бірен-саран бәкенелері де кездеседі, бірақ батырлық денеде, тұлғада емес, жүректе ғой. Ал Шотана сол заманның айта қаларлықтай батыры еді, бұлардың Шотананы жіберу астары бір жағы жорықта көріп жүр ме, көрмей жүр ме, мәлімсіз, өйткені батырына «Абылайхан бір көрсін», деп жіберіп отыр, екінші жағынан көрсеткен есесі екенін ұғуға болады. Тағы Шекен (Шотана) турасы айтсақ сол кезде жасы жер ортаған, Елігемен де Бекболатпен де сыйлас кімдес жолдас әрі бір жағынан «қарға тамырлы қазақ емес пе,

құландал, тіпті тақу құда елі Бекболатпен, сондықтан емін-жарқын сөйлесетін. Шотана мекендеп отырған Қызылтауда Шотана тасы деген үй тас бар екен, соның түбінде шағын қыстау салып отырғанда Шотанадан да зормын деп жүрген екі ұры Шокеннің қорасында семіртіп отырған екі атан өгізін ұрлап кетіп Түңліктің бойына барып қалғанда, екі өгізді ұрылардың әкеткенін біліп – қап! Ұзап кеткен шығар, қолыма түссең бәлем!.. деп кіжініп, алагеуімде сонау өзеннен асып бара жатқан ұрылардың соңынан айғай салғанда, Шотананың даусы дәл құлақтарын жара жаздап: «ә, келіп қалған екен гой», - деп ұрылар өгізді тастай қашыпты. Үлкендігіне орай даусы да өте зор болпты Шотананың.

Шотана жанына бірнеше адам ертіп барып Абылайханның алдынан аман-есен қайтыпты. Бекболат пен Едігенің алдына келіп, баяғы мән-жайды баяндайды. Абылайдың не деп жауап бергені, былайғы жұртқа да қызық, ғылиғаттары келіп өліп барады...

- Ал батырекесі айта бер,- дейді Бекболат пен Едіге. Сонда Шотана алып денесін бір қомдап алып, дулығасын ішіндегі бөркімен бөлек алып жанына қойып, бөркін басына киіп бастай жөнелді.

- Хан мені танитын шығарсыз Шотана батырмын, қалмаққа қарсы сан қиын жерге салғанда орыңдап келетінмін, енді бүгін сіздің алдыңызға жаушы болып келіп тұрмын, - дейді – бес Мейрам атқа қонды, Бекболат пен Едіге жіберді. Үш мың кісі қол келіп өзің жайратып кеткен жұртты жайлап жатыр. Бұрынғы өткен әулие ата-бабамыз айтқан:

- *Дүние бұзылса Бұхарға сияды, Бұхар бұзылса дүниеге симайды деген екен.* Бұхарға симай жалаң аяқ, жалаң бұт келген сарт Сарыарқаға да симайын деп жүр ме, ызыңда өлген Ботақанның құнын берсін. Жанайды байлаудан босатсын. Мың кісінің жолына жетім бастаған тоғыздан берсін. Мың

кісінің жолына түйе бастатқан тоғыздан берсін. Мың кісінің жолына мың ат, мың шапанын берсін. Өзінің қарамасына қарсы соғыс ашатын хан болса тұрысатын жерін айтсын, айыпты хан боламын десе тұрысатын жерін айтсын, ұрысатын ерін айтсын. Айыпсыз хан боламын десе, хандығы жарай ма, қарашы деген олақ емес пе? Олақтың ойнағанына шыдай алмай құлаған жар неге пана болмақшы дедім. - дегенде Бекболат сүйсініпті:

- Айтқан аузыңнан айналайын, сені көтеріп тапқан анаңнан айналайын, - депті.

- Не дейді, не дейді дегенде:

- Ертең Жолдыөзектің бойына келсін. Екеуміз екі жағына түйіссейік дейді, - депті. Сонда бұрыннан ханның досы болған Олжабай батыр:

- Мені бар ма деп сұрады ма? – депті.

- Сұрады, бар дедім. - дегенде:

- Е, енді оның ханның ниеті жамандыққа бұрылса да ол оған бара алмайды. Абылай менің қылған қайратымды өз көзімен көрген.

Алтын қақпалы қорғанды бұзатын жолы жанында, Сырым да, Малайсары да, және шапшаңқылы Бердіқожа бар еді, Тарақты Байғозы батыр да бар еді. Сол қақпаны қалайымен қорғасынға мысты араластырып құйған екен де, бір қабат алтынмен көмкерген екен, «алтын қақпа» атануы осы екен. Оны Түркістан сарт билігінде, соны алмақ боп, әбден қызып алған кезімі, сүңгімнің қолы батпай тұр екен, сонда мен қолымдағы қазақ елінің туын Абылайханның өзіне «мә, ұстай тұрыңыз» деп, дәу айбалтамен шапқылағанымды жаңа илеген қамырдай, болмаса саз балшыққа тұралып, лезде қақпаны қаусатып тастап іңке кірдік, аржағы белгілі ғой... – деп Олжабай осы жердегі сөзін аяқтады.

Елеуір уақыттан соң Жолдыөзектің әр жағынан, жағын-

да нөкерлері бар,Абылай қолы келген, Мәшекеңнің (Мәшһүр Жүсіп) айтуынша жанында Атығай Қарауылдың біраз адамдары және өзінің төлеңгіттерінен басқа адам жоқ, соғысатын қол емес екені көрініп тұр. Кішкенеден соң сол адамдардың арасынан екеуі бөлініп бері қарай желмей де, шаппай қатты аяңмен бері жүрді. Тұрғандар Абылайды кейбір көрмегендері болмаса түгел таныды, тіпті кейбіреуі ұрандап, дәп бір соғысатындай «Абылай! Абылай!» деп айғайлап та жіберді. Жақындай келе жанындағысы да белгілі болды, Балта Керей Тұрсынбай батыр екен. Олардың жақындауына лайық болып өзектің бергі жағынан Бекболат пен Еділге олардың алдына қарай жүрді. Осы кезде бір оқыс оқиға болды, Құлыкенің Биікшесі деген құралайды көзге ататын мерген жігіт бар еді, сол пілтелі мылтығының мосысын дереу құрып жіберіп оқтаулы мылтығын Абылайға дереу көздеген екен. Соны елдің көбісі көріп тұр, бірақ ешкім қозғала қоймайды, бір жағы мылтық құрған соң, жанына баруға жүрегі дауаламайтындай, бір жағы «не болар екен» деген қызығушылықта басым. Сонда Биікше дереу Абылайды көздеп тұрып пілтесін тұтата бергенде, жандәрмен Жәңке батыр ұлы Жанақ жүгіріп келіп Биікше мергеннің қолынан мылтығын жұлып алыпты. Естеріңізде болар, осылай қарай аттанғалы тұрғанда Бекболат пен Еділге Баянауылдағы Жәңке батырға кісі жібергенде бұларға сәлем айтып, өзі ермей баласын жіберген, сол жіберген баласы осы Жанақ еді. Міне Жанақ тарихтың бұрылысында аты қалатындай іс істеді, Абылайдың өлімі жауының қолынан емес, тіпті кеше ғана жорықта бірге болған жолдасының қолынан бола жаздады...

Осының бәрін Абылайхан көріп келеді, екі жақ бас қоса бергенде амандық, саулық сұрасып бола бергенде Көтеш ақын барып, оларды сөйлетпей сөзін бөліп өлеңді гулетіп жіберді, әрине ол өлең жақсы, ұйқасы қиюласқан, мағынасы

осы халықтың тілегі еді, ақын соны жеткізген екен, Абылай басын иеді, келіскен, түйсінгендей болды.

Біраздан кейін бәрі жарысып араларында бейне бір түк болмағандай болып біз халықтың басқа кейбір халықтардан өкілдері дұрыс пайымдап айтса, айтқандай «жылқы мінездері» осы жерде көрінеді. Әлгі үш мың қолды бейне бір Абылай бастап жүргендей көрінді, осы үш мың қол Бекбо-латпен, Едіге мен тіпті аттарын атауға көп қағаз беті керек шығар, бәрі Абылайдың жанына жақын баруға тырысады. Ал Абылай айбындылан, қарасұр жүзі, биік бойы ат үстінде тіпті биік көрініп тұрды. Ол мыңдар ойлағанды емес, басқаны ойлады. Ол қазақ халқының келешегі, болашағы мықты елдер санатында болуы туралы ой еді.

## XIV – желі

Ақтабан шұбырындыға дейін жеті момын балалары Сырдың бойы мен Шыңғыс тауы қойнауында көшіп жүрген. Жоңғарлардың шапқыншылары жиілеп кеткен соң, бұл елдер Сырдың бойынан кетіп Ырғыз, Торғай өзендері маңайына тұрақтағаны тарихтан мәлім. Тобықты атаң балалары ішіндегі айтулы белгілері болған Ырғызбай, Кеңгірбай атаулар дау-дамайсыз осыны білдіріп тұр. Ақтабан шұбырындыдан есі шығып қалған халық осы жақта кемеліне келеді. Абылай-хан бастаған қазақ жасағының Ұлы Отан соғысы да өзінің кемеліне келе жатты. Балқаш жағында Аңырақай деген жерде жоңғарлармен кескілескен тек өлісіп-беріспейтін шайқастар болып жоңғарлар он мыңдап қырылды. Өздері қырылған жоқ, қазақ жасағының күшімен, ақ найзаның ұшымен, жасыл қылыштың жүзімен, гүрзі шоқпармен мыжғыланды. Ата тарихта Аңырақай шайқасы деген үлкен атау кейінгі ұрпаққа Отаншылдықтың, қазақтардың үлгісінің ерлігі болып

қалды. Қазақ халқының тарихында әлі айтылмай-жазылмай, зерттеуі жетпей келе жатқан бір нәрсе, ол қазақ халқының сол Ақтабан шұбырындыдан соң жаймашуақ тез оңалып байтақ қазақ жеріне қайта қоныстануы еді. Жеті момын балалары жер шолып, жан-жаққа тараған кезі еді. Бәсентиін Ертіс бойына Баянауылға дейін, Алтай-Қарауыл Көкшетау өңіріне, Қаржығалы Ерейментау өңіріне тұрақтап қалды. Қаракесектің аздау бір бөлігі сонау Кіші жүз жеріне өтіп тұрақтап қалды, солардың ішіне сіңіп, бірақ Қаракесек атын жоғалтқан жоқ. Керісінше Қаракесектер бір кезде өздерінің ата мекені болған Сарыарқаға оның ішінде Қарқаралы аймағына оралады. Бұлар мұнда келе бірақ Түрікмендер осында келіп қоныстанған екен, және қалмақтар да бар екен. Қаз дауысты Қазыбек және Ташкенттің бір кезде ханы болған Бертіс бастаған Қаракесектер ақтабан шұбырындының кейіндегідей емес еді. Қаржас, Қамбар бауырларымен бірге олар біршама өсіп қалған ел болатын. Түрікмендерде келісөзсіз-ақ айдап шықты. қалмақтардың бір бейбіт, момынтау тайпасы екен, жауына да жаны ашитын қазақ емес пе, оларды қырмай әрі Қарқаралыдан шығыс бөктеріне қарай ысырып бір шағын Сырым аталатын өзен маңайына қоныстандырды, бірақ кейіннен екі жақ серт ұстап, балуан күрестіріп, қазақ балуаны жығып, қалмақтар мүлде көшіп кетті. Қарқаралы аймағын ол кезде түрікмендер жайлағаны жайында сол кездегі орыс зерттеушілерінің еңбектерінде айтылады да. Шоқан Уәлихановта да кездесіп қалады, ал бірақ олар қалай келіп орналасып қалды, оны зерттеу қажет шығар. Сол кезде Қаракесекпен бірге ілесіп келген табын, тама, жағалбайлы, шаншарқылы, рамадан сияқты елдердің ұрпақтары бүгінге дейін сол өңірді мекендеп қалды. Кейіннен бұлар қазақтың соңғы ханы Жамантайдың қамқорлығында болды.

Баянауыл да кезінде үлкен шайқасып алынды. Олжабай, Жасыбай сияқты батырлар және Жәпек батыр, Шапшықыны Бердіқожа батыр, Қаракесек Сеңкібай, Жиделбай, Жарылған батырлар шұрайлы Баянауыл үшін шайқаста керемет көзге түсті. Бәсентин Сырым, Малайсары батырлар және Қаракесектің ішіндегі Шорға жататын Қожан батыр ойраттарды Тарбағатай асыра қуды.

Осының ішінде Сеңкібай, Жиделбай, Жарылған батырлар туралы және шамамыз жеткенше Қожан батыр туралы айту әсі керек деп білем өз басым. Қабанбай, Бөгенбай батырлардың жауынгері серіктері осылар. Сөзімізді байланыстыра сабақтасақ оқушыға қолайлы болар деймін. Бағанағы Бекболат пен Едіге бастаған Абылайханмен қырғындыбақтық тоқталғаннан кейін, үш мың адамдық қосын Сарыарқаға қайтады. Ішінде өңкей жас жігіттер бар, жолдағы елге тиісіп, бір нәрсені бүлдіріп алмауы үшін ел шетіне дейін Бекболат пен Едіге жандарына Қожан батырды алып бастап барады.

Бұл екі ортада бағана Абылаймен болған кездесуде адамның опалы, опасыздығы туралы әңгіме болатын кішкене мөлтек сөзді айта кетейікші. Абылай әбден келісімге келіп татуласқан болған соң сұрапты тұрғандардан: - Бағана, мылтық құрған кім? - деп.

Құрған Бікіше мерген, - дегенді естіп, кенет жүзі сұрланып барып, жалтарып қорады да, былай деді: - Талай жорықта бір торсықтан малға жесіп жүрген жолдас еді-ау... - Кісіні жоқ жерде өлімге қия береді екен-ау, - деп де күрсінітті, бұл жерде Абылайхан пенде ретінде көрініп-ақ қалды. Оның мылтығының аузын бұдан былай қыртық бассын, бір түйе байлаңдар, - деді қызметшілерге (Абылайхандуалы ауыз еді дейді, содан кейін Бікішенің атса мылтығы тимейтін болған).

- Жүгіріп келіп ұстай алған кісі кім еді, - деп сұрады хан.

- Баяндағы Жәңке батырбаласы Жанақ, - депті тұрғандар.

- Жәңке тегін батыр емес,ол баласын арашашы болсын, - деп қосқан ғой. -Жәңке батырдың жолы қай жерде де билік айтса бұдан былай түйе бастатқан тоғыз болсын,және соның бірдәлелідан бүгін менің малымнан түйе бастатқан тоғызбен,астына бірқазанатбашысынан жетектетіп жіберілсін,-деп пәрменетіпті...

Абылайханның қазақтың жөн-жосығының бәрін жете білгенінің өзі бір хикая, сонымен бірге, қалжыңға үста болған. батырларын қандай жорықтың қиын жағдайында жүрсе тұспалдап сынап отырған. Сол кездегі ән-күйді де тыңдаған, өзі де реті келген жерде шырқап жіберетіні болған. Үнемі жорық жағдайында болған соң әр түрлі кем кетіктері болмай қалмаған, ренжіп қалу болғанымен орынсыз жазаға ешкімді бұйырмаған. Батырларын сынап отырған делік қой, Тарбағатай – Алтайдың сілемі өте үлкен тау, қазақтың толық қолымен ойраттарды қуып келе жатқанында таудан айдаһар көрінген. Мұндай айдаһарлар Алтай - Тарбағатайда бұрыннан болады екен, жуандығы күпі киген кісінің жеңіндей, атты адамды көрсе, бұғыны, арқарды жұтады екен де, айлап тамақ ішпейді екен. Айдаһардың атының өзі үлкен үрей тудыратыны белгілі, ол өте қорғаншақты мақлұқ. Тарбағатайдағы Жұма атанатын жатағандау төбешікте қосын демалып жатқан. Абылайханның маңындағы Қантай, Жантай ағайынды екі батыр бар-тын. Бұлар Абылайханның жеке басының қауіпсіздігін қарайтын. Неге десеңіз, жау мергені батырмен, ханды қарақтайды. Сондықтан да бұлар қонған түстегі жерде түрі-түсі бірдей оншақты шатырды арасын екі таяқ тастам жерден дереу құра қойды. Жау аңдушы-мергені хан қай шатырда екенін білдірмеу үшін істелген айла еді. Жұма тауы жатаған тассыз болғандықтан үстіндегі аппақай көк майсаны жапыра әскер орналасып жатыр. Түнгі жорықтан

бірсыпыра сарбаздарынан айырылған Абылайханның түсі қату, ұсынылған сусынды бір-ақ көтеріп ішті де тоңазыған еттен татқан жоқ. Қосын өздерімен бірге алып келе жатқан пісірілген етке бас қойды. Абылайханның жанында Қаптай, Жантай оққағары есебінде болып жан-жақтарына жіті қарап отырған. Бегенбай, Қабанбайлар болса шатырда. Кенет бір шірік іс қолқаны атты,бұлар қарасы анау бөліктеу жартастың тұсынан түрі қолшайсыз бір мақұлық осылай қарай жөңкіліп келеді, барлығы қарай салып мұның айдаһар екенін ұқты. Түрі сұр мен қараның арасында, жөңкіле қозғалғанда норымы ұмаждала домалақтығынан кетеді екен, деп осылай қарай СеңкібайменЖарылған батырдың шатыры тұсынан келе жатыр, кенет Сеңкібай батыр тысқа шықты, шамасы сасық іс қолқаны атқан болуға керек, әлгі айдаһардың бұдан сәуір уақыт бұрын жұтқан түгас жылқы алып айдаһардың асқазанында шіруде еді, әлгі жел жақтан қолқаны атып кетсе іс соныкі болатын. Сеңкібай батыр сан жорықта күтпеген жағдайға үйренген емес пе, мұны байқай салып шатырдан семсерін алып шықты, Жарылған батырға «қызық көргейін» айтайын деп еді, ол ұйықтап кетіпті. Ал әлгі жорқыншақты қалың қосын түгелге дерлік қымтай бастады, бейне бір бес биенің терісінен істелген сабаның үлкендігіндей болып домалап келеді. Тіпті басы да бар екен, міне тіпті Сеңкібай батыр тұрған шатырға ені құрық тастамдай қалды. Абылайхан мұны тамашалауға шықты, пәкері ұлықтағаны көріп дереу жөткілген болу керек. Бетеге майса әлгі мақұлықтың астында жаныштыралып қалғаны сондай, қайта көтерілмейді. Бұл мақұлықтың адамнан дамал-жануардан да беті қайтпаған нәрсе екені көрініп тұр, осы өңірдің тұрғындары «осы тауда жүз жасап, айдаһарға айналған жыландар бар» дегені рас болды. Бұрынғы заман-тұрмыста егер жүз жыл адам көзіне түспесе жылан айдаһарға айналады деген рас болды.

Кенет Сеңкібай қолындағы семсер жарқ етті, сол кезде әлгі жұрттың қолқасын атқан сасық иіс тіпті бұрқ ете қалды, және бір көтеріліп семсер тағы жарқ етті, әлгі мақұлықтың домалаңған қимылы тоқтап орнында діріллей бастағандай, осы жұрт лап қойды, тіпті ханның өзі де көруге келді, расында дәу үрген местей жылан екен, көзінің өзі, өтірік айтқана дамға жылқының көзіндей екен. Бас порымы да құтты жылқыға ұқсас,басқа денесі қалыңқыл аралас түбітті сияқты ма немесе, әйтеуір адам ажыратып болмайтын айран-асыр бірдеңе. Көптің аты көп екі рет Сеңкібай батырдың семсеріне шабылған дәу мақұлықты жұрт түте-түте қылды, бәрінің мақсаты терісінен таспа тіліп, бұның терісі бұл үшін таптырмайды, жуан таспа тілын алып, ащы иге біраз илеп барып, өткір бәкімен қырлап жөндесе керемет салмақты, мықты қамшыболды, қамшы болғанда жауды ұра алсаң аттың үстінеп ұшырып ақ жібереді, осқан жерін тіліп түседі бір, екіншіден тіліп түскен жерінің жарасы анау-мынауға жазылмайды, улы болады осы таспа. Мыналардың бәрінің жүгіру себебі осы, бірен-саран момыңдау сарбаздар болмаса, көбісі жуаңды-жіңішкелі таспа тіліп алды қосындағылар. Сеңкібайбатыр, бұлан былай айдаһар өлтірген батыр ретінде, қалың жұртқа әйгілі болды.

## XV – желі

Бағанағы әңгімемізге қайта оралайық. Жеті момын балаларының қазақ жеріне қайта орналасуы сөз болған. Батырларымыздың қылықтары еске түсіп әңгімемізді бөліп кетіпті. 17... жылдары Тобықты елі Шыңғыстауға толық оралды. Кеңгірбай, Мамай, Көкше, Қараменде билер халықты тоқпей-шаппай әкеліп орналастыруда үлкен еңбек қылды. Мұның мәні не десеңіз, әбден қалжыраған

жұрттың көбісі кейде көшкісі келмейді, «әйтеуір тағдырдың жазғанын көрермін» деп сол отырған жерінде отыра бергісі келгендер көп. Иншалла, бәрі аман-есен Шыңғыстауға келіп орналасты. Бірақ бірер он жылдан кейін кітабымыздың бас кезінде суреттелген оқиға: Далан – Тобықтының Балқаш көлі маңына, Тоқырауын өзені бойына Қараменде би бастап қоныс аударғаны сөз болып еді. Қарап отырсақ, бұл да бір сол ұлы далаға қайта қоныстанудың жаңды бір жалғасы екен. Кітабымыздың басында Мамай батырдың сол үлкен көшті бастап келе жатқанда Қызыларайда қалмақтың тосқауылына кезіккенін айтқамыз, сол соғысты суреттегеміз, әсіресе Мамай батырдың айласын асырып адам аяғы бұрын баспаған тік құзды кезеңнен ат тұяғына киіз байлап, сыбдырын да білдірмей, тайын құламай бірнеше мың шаңырақты қалмақтың алдын қалдырып өтіп кеткенін айтқамыз. Осының сөзі өтірік-ау десең, оқушы болса Қызыларайға Тесіктас деген жартасты тау маңындағы тарихи «Мамай» асуын көруге болады. Жас кезімізде үлкендерден осы аңыз-ертекті естіп әлгі жерді биіктен көріп, оның кейін жеп-жеңіл бала болсақ та әлгі тік биіктен түсуге, жүруге жүрегіміз дауаламай, әлгі таудың адам асатын кезеңін айналып түсіп, әлгі Мамай асуының түсына келіп жоғары қарайтынбыз, құздың жоғарғы жағында жартастарға лашын мен қаршыға ұя басады, ұядан ұшып, кіріп жүргендері көрініп тұрады.

Мамай батыр қиын кезеңнен үнсіз өтуге тәуекел қылғанда жұртқа қалмаққа қарсы небәрі жетпіс жауынгер қалдырады, неге десеңіз негізгі күш бәрібір көшті қорғайтындай болу керек. Қазақ жауынгерінің мінезі өзінің даласындай құбылмалы бірде қату, бірде ақжарқын. Қазақ сарбазы көшті қиып кеткен жаудың қатын-баланы әбігерлегенін көргісі келмейді, сондықтан да ұрыста аулақта салғаннан жақсы, қашқанды көреді. Амал жоқ, көштің жайы

басқаша. Рас ақтабан-шұбырындыдан кейін біраз жылдар өтті, жау жасқанды, жеңілді, бірақ түбегейлі ұлы даладан тұқымы қалмай айдап шығылған жоқ. Ол күнде келер... Қарамерде ол кезде жас батыр, көш орнында тосқауылда жауды алдарқататын жетпіс адамдық жасаққа сардар еді. Қазір булар өзін ойлап тұрған жоқ, іштерінен алдаға сиынып түнгі көштің кезеңнен түгел аман түскенін жасырын жаушы айтып келіп буларды қуантып тастады. Бұлар қазір ат белін талдырмас үшін, шылбырдан ұстап, жартылай жарау аттарды шалдырып қана тұр. Сұм қалмақ бұлай тұра бермес, көштің асып кеткенін білсе, тіпті жындапар, булардың бастаушысын да естуінше, өлермен батыр көрінеді, кезінде жекпе-жекте біраз қазақ батырын түйреген көрінеді. Қарамерде көштің амансесен қозыкөш жерге барып қалғанын көріп отыр. Ендеше Мамай ағасы көш маңындағы негізгі күштен ықтимал жасақ бөліп буларға көмекке жіберуі тиіс. Ауызба – ауыз келісім болмаса да, сезіп тұр, реті солай.

- Апырай, Ақсораңның арғы бөктеріне ел іздеп, жан іздеп кеткендерден хабар жоқ. Сеңкібай батыр естісе, сезсе қайтсе де буларға көмекке келеді. Баяғыда Абылай бастаған жоңғар қақпасындағы жойқын соғысты Сеңкібай батыр жаудың бір қалың сауыт киген батырын семсермен соққылап тесіле қақыраған сауыттың жыртығынан қалай үлгергеніне таңғаласың, сол қолындағы найзаны сұғып өкіртіп аударып түсірді, осы кезде ана батырдың жанындағы оққағары ма, шемене бір дәу қалмақ Сеңкібайдың ту сыртынан айбалтамен келіп қалды. Батырдың артында көзі жоқ, көбінесе соғыс қызуында сол арттан келгеннен опат болып жатады. Осыны көріп қалған Қарамерде өзі айқасып жатқан қалмақты тастай салып, атын бірақ секіртіп жетіп келіп айбалта ұстаған қалмақты бірінші қолының қарынан шоқпармен ұрғанда айбалта анағұрлым ұшып кетті. Қолма-қол соғыста қарудың

оңтайлысы шоқпар. Неге десеңіз, шоқпармен ұруға да, қағуға, тіпті итеруге, сұққылауға да келеді. Қорғану жөнінде шоқпарға жетер қару жоқ.

...Содан бері Қарамеңде Сеңкібаймен аяулы дос болып кеткен. Достың жүрегі сыққан, сезетін уақыты да болды деп ойлады Қарамеңде. Енді бір жарты сағатта хабар болмаса қалмақтармен барған қиян-кескі шайқасқа мұның өзі түсу керек, ал шегініп кейін өткен жолға қарай шабуыл салуға және болмайды.

Кенет! Кенет! Сеңкібайлаған ұран шықты. Бұл кезде батыр Сеңкібайдың аты Қаракесектен тарайтын бүкіл Қара, Шор елінің ұранына айналған. Аруақты да, ақылды алып батыр Абылайдың сан соғыста оң қолы болған. Қабанбаймен, Бөгенбаймен Сеңкібай кезінде бір қорамсақтан жебе атқан. Соғыста жойқын да ақылды қолбасшы болған Сеңкібай халқы бейбіт уақытта «Би ата» деп керемет қастерлейді, алты алашқа атағы озған батыр еді. Тегіннен тегін бір елдің ұранына анау-мынау адам айнала ма, және ол біреудің айтқанымен, тілегімен болатын нәрсе емес. Қазақта жақсы атану өте қиын да, жаман атану бір сәтте, бір оғаш істің ғана шаруасы. Әзірше осы кітап бойына аталып отырған жоғарыда айтылған, тағы бұйырса жалғастарымыз, «жақсы Жанайдар» деген Баяннан шыққан ақылды би ғана «жақсы» атанған. Сондықтан "Би ата – Сеңкібай" осы халқының ілтипатына тереңнен бөленген жан еді. Ол уақытта бір жерде қалмақпен, жоңғармен, дүрбітпен немесе ойратпен соғыс болып қалса Абылайға халық сұрайды екен, Сеңкібай бар ма екен деп. Жидебайды сұрайды екен, Қабанбай мен Бөгенбай болса да болмаса, Алтыбай батыр, Тарақты Байғозы батыр. Шордан шыққан Өлтөбеттен шыққан Баланқа батыр, [illegible]амберді батыр, Есенбек батыр. Матай елінен [illegible] батыр, Керей Жәнібек батыр. Бура Ақшатай батыр, [illegible]бол,

Сүйіндіктен Олжабай, Жасыбай, Жәнке батыр, Шапышкалы (інін-жүгінін) Берліқожа батыр, Басентиін Малайсары, Сырым батырлардың бәрі білгенінше сұрады. Егер сол соғысты біздің жақ шегінген -десе,- о..., пәленше батыр болмағаннан соң, - шегінбей қайтеді, - деп жұбатады.

... Сеңкібай батыр – Қызыларайда қалмақтың әбден орнығып алған үстіне келіп, қатты соғыс салып әжептәуір шығынға батып тартып алды. Осы соғыста өзінің әкесі Оразғұл асырап алған інісі Домай батырдың тегеурінді күшті болды. Кіші інісі Шой батыр бір бөлек қол бастап бүкіл Қызыларайдың қиын жақпарларын жаз бойына дерлік ойқастай сүзіп қалмақтарды шығыстырып шығарды. Бұлар қалмақтың ба, дүрбіттің ба, бір тайпасы екен, ақтабаннан да одан кейін болған Аңыракайдан да хабары жоқ, "сен тимесең, мен тимен бадырақ көз" дегендей, он жылдан астам осы қазақ жерінің әлемі де, басқа елден де, жерден жырақ, тумыс қолімен, бұлағын өздері ішіп, жайлап бауыр басып алған екен, бұл жерден енді көшкісі жоқ. Мамай батырды төмен келіп тұрған осылар болып шықты. Сеңкібай батыр оларды шыққаннан кейін беті түстік жаққа кетіп бара жатқанда, өлермендей ауып көшіп, әр жерден қашқан қасқырдай соққы жеп, жырақтап бара жатқан қалмақ көшіне тап болды. Екі жағында да әжептәуір күш сақталған, атпен адам бар, ақылдаса келе осы бір шұрайлы жерді бірігіп кеп қайта торуылдаған екен. Олардың санасы қазақ даласының көлеңкесін сезініне жетпейтін сияқты, бас сауғалап бір сайда атыңды беруге болады, деп ұғады, өйткені ол байғұстарға да шапқыншылық жортуылдай жабайы мінез сіңіп кеткен.

... Кенет Қызыларай бауырынан Сеңкібай! Сеңкібай! Деген қатты дауыс шығып Қарамендеңің жақасы тұрған жерге қеңі екі жүзге тарта әскер жоғарыдан құйылып келеді. Жақыннай бере Сеңкібай! – деген ұран тыстаныңқырап,

Жау қайда? Жау қайда? Деген белгілі жорықтың шартты сөзі айғаймен қайталанды. Жақындай бере олар бұлардың жайбарақат тұрғанын көріп, екпіндері басылып қалғандай болды. Ұмар – жұмар келе жатқандар құрық тастам жерге жақындап қалды. Қосынның алдында өзінің Наркызыл деген қазанат тұлпарының үстінде Сеңкібай батыр отыр. Наркызылмен жақындай бере тізгінін лекіте тартып, қатты шаба қоятты, оның атының аяғына басқа аттар желіп келеді, жанында өзінің көп жорықты бірге атқарып келе жатқан "біреуі мыңға" тұратын жау жүректері бар. Туған інісі Шой батыр кезең астында тосқада қалыпты. Жаудың соғыста әртүрлі әдістері көп болады. Кейде олар үдере жорыққан әскерлін артынан аңдып қол шабуылда соғысқа кіріскен кезде желкеден, бұлардың ізімен келіп соғатын қалмақтың оңтайлы әдісі бар. Бұл екі жақтан ойда жоқта қыспаққа түсіру, көбінесе жеңісті қамтамасыз етеді.

Сеңкібай батырды көріп Қарамеңде қарсы алдына, ат үстінде төс қағыстырды. Қысқа қайтарысқан сөзден кейін жаудың жайын білді, қысқа кеңескеннен кейін бұлар, не болса да жауға өздері тиіскен-тиіспегеніне қарамай тимек болды. Өйткені жасанған жауды мұздай күйінде қоя беру салтта жоқ. Қарамеңде қолы жауға аңыстап айналшықыраң барын бүйірден дайындалып тұрды. Сеңкібай сарбазы сол жердегі биік төбеге батырдың өзі және бір топпен шығып тұратын болды. Қарамеңде қолы бүйірлеп тиісті жерге барып болды-ау деген кезді байқап тұрып батырдың айтуымен қолындағы қыл шашақты қоңыр туды көтеріп барып үш рет бұлғамақ, сол кезде Сеңкібай батыр бастап келген қол мидай түсті, Қарамеңде қолы бүйірден жауға ат қойды. Жауынгерлер алдаға сиынып, аруақтардың атын күйірлеп барады. Бұлардың көбісі жас өрім азаматтар, кейбіреулері үйлі-баранды, кейбіреулері түбіт мұртты. Бірақ соғыс, бұларды

ерте есейткен жандар еді. Қарамендемен Сеңкібайдың арасы он жастай, яғни Сеңкібай қырықтардан, Қарамендe отыздардан жаңа асқан.

Сеңкібай батыр жадыраңқы жүзді, сұлу қара мұрт, кішкенелеу қалың шоқша сақал қойған биік те алып тұлғалы ақсары кісі, орынсыз сөйлемейді де күлмейді, жай уақытта да соғыста да түрінен аса өзгеріс байқалмайды, тек кейбір қысылтаяң деген кезде ғана ақсары жүзіне лып етіп қанқызыл жүгіргендей болады. Жанындағы топпен жедел шоқыға биік қырға шықты, бұл қырдан айнала алақанға салғандай көрінеді екен. Жанында Домай батырдың қолында Қызыларайдың жуан ырғайына сапталған найзаға қылмен байланған жасыл ту бар, бұлар туды Абылайханның Аңырақай шайқасынан кейін ұстайтын болған. Абылайхан өзінің бас батырларына "бұл қазақтың туы, көтеріңдер" деп арнайы Бұхар жақтан одан әрі Үндістаннан алдырған жасыл түсті той матаны бас батырларының бәріне бөліп берген және елуден асқан жасаққа осындай туды көтеріп жүруге пәрмен еткен. Соғыс жағдайында белгілі батыр қаза болса ту ұстаушы қолбасының үйғарымы болса сүт пісірім мезгілге туды төмен түсіретін болған. Басқа жағдайдың бәрінде ту ұстаушы көтеріп жүреді. Абылайханның пәрмені бойынша ту көтеруші ұрысқа араласпайды, тек өзіне қауіп төнгенде қорғануға еркі бар.

Сеңкібай батырдың туында жасыл матаның ту сабының түбіне жапсырылған алақандай қара мата бар, маңайындағылар, туды тамашалағандар мұны "тудың қалы" деп атайды. Мұның өзіндік тарихы бар. Маңғыстау жақтық Бекет әулие деп аталатын адам Мекеден қажыға барғанда әкелген "қара жабудан" Сеңкібайдың атағын, қылған соғыстарын естіп риза болған қажы, осы қара жабудың бір үзігін Сарғаска Тоғанас батырдан аманат қылып беріп жіберген, Сеңкібай батырлығының үстіне халықтың

тұрмаған да, діннен мол түсінігі бар сұңғыла адам, мұны дереу туға жапсырып қоюға әмір берген. Расында осы туды көтерген батыр шегінуді білмеді. Жинақталып түскен сегіз та-стың көмкеріп тұратын қара жабудың қасиеті әрине, мол!

Қалмақ кезуілшісі бұларды байқамауы мүмкін емес, күш келіп қосылғанын білді, тіпті олар шегінуге де тиісене бол-майды, неге десеңіз, қазақ даласын бұлардан әбден тазарту керек. Сеңкібай батырдың ойына тіпті Қаз дауысты Қазыбек бастаған тамам Қаракесек Қарқаралы сілеміне келсе бастарына сенсең бөрік киген, өңдері сылыңғыр қара боп келетін жұртты ұшыратыпты, сөйтсе бұлар түрікпендер екен, өздерін мұсылманбыз дейді. Бұл жақты жайлағалы оншақты жыл бо-лыпты, Қазыбек дереу басшыларына талап қойды, ашық бар ма, Қарқараның мөлдір суын, таудағы шұрайлы берекесін, қыста ық болатын терең сайын қимағанмен бола ма, олар қан тігісіз кетті, жалғыз басшылары бар екен. Одан Қуандықтан тарайтын Алтай туысқандарымен Қарқаралы аймағын "бәрімізге жер жетеді" деп бірге мекендемек болғанмен, кейіннен тарлық білдіретіндей болған соң "ағайынның аз-арына" қалмай олар да Нұра бойына жылжыды, бірақ жерлен-ген жері сулы, нулы керемет шұрайлы болды. "Түгін тартсаң май шығады" деген осындай-ақ болар. Сеңкібай батыр – жанында ту ұстаған Домай батыр бар, бір жағы қия келген төбе басына көтерілді, жан-жаққа көз салды. Қараменде бастаған қол ілгерлеген жеріне жетіп, ендігі пәрменді күтіп тұр. Сеңкібай Домай батырға қарады, жоғарыда айтқамыз Домай батыр Қызылшарайдан қалмақтарды топтап та қуды, біртіндеп әр сайдан іздеп жүріп тазартысты. Енді міне, тағдырдың жа-зуымен Қызылшарай ең бір таулы- тасты көрікті жерін бұлар дәме қып келді ме екен, кім біледі? Тым болмаса бір заманда айта жүрерліктей, қалмақтардың есінде қаларлықтай бір ойран салып кетпекші ме? Не де болса енді бір сәттен кейін айқас

білмек. Сеңкібай жан-жағына тағы бір қарады да Домайға бас изеді. Домай батыр туды ат үстінде тұрып жоғары көтеріп сәл желмен желбірей дуылдаған дыбыс шығарады. Осы кезде екі қолымен көтеріңкі ұстаған күйі үш рет қатты бұлғаңдатты. Бұдан кейін не боларын күтіп тұрмай, өздері ылдиға қарай аттарын тебініп кеп жіберіп қатты желе жөнелді. Сеңкібайдың астындағы Наркызыл қатты кісінеп жіберді, жорықта ұрыс бастарда оның осындай әдеті бар.

Сеңкібай батыр жанындағы адамдармен және ту көтерушісі Домай батырмен бірге ойпаңға түссе, анадай-дан көріп келеді ұрыс басталып кеткен екен. Домай батыр шамырқанып сарғыштау жүзіне қан лып етіп шығып, бірсе ағарып, бірсе қуарып келеді. Домай батырды оқушыларға белгілі дәрежеде таныстыра кетуіміз керек-ақ, өйткені кейінгі тарихта атаусыз қалып келе жатқан адамның біреуі. Бірақ оның аты тарихта болмаған адам, кешірге дейін Қызылқарайда Домай қыстауы бар, кішкентай кезімізде өткен ғасырдың елуінші жылдарында кәріқұлақ, көзі қарақты қариялар айтып отыратын еді. Домай батырдың ерліктерін, Сарыарқа аймағынан және Қызылқарайда қалмақтар өте қалың келмейді, маған да жақын жайлы жер. Осы Қызылқарайдан қалмақты қуып шығу ерлік істеген деп жоғарыда да айтқанбыз. Бұл кісінің ұлты белгісіз, татар ма, башқұрт па, немесе басқа халық па? Жаугершілікте әйтеуір қалмақ қолына түсіп қалса керек. Ресейде соғыстан түсірілген, жанұясымен шаруа қуған адам, бір шағындау өзен жағасынан қора-қопсы салып, әртүрлі көкөніс өсіріп, біраз сиырлар ұстаған адам болса керек. Үстінен түскен қалмақтар мұның биік бойын жұмыс істегендегі қайратын көріп, бір пайдаға жарамды ғып болып, қарусыз адамды бопсалап алып кеткен. Тіпті бұл кісінің ұлты орыс екен деп те айтады. Өйткені қалмақ тұтқынынан қазақ қолы, кейін босағанда Сеңкібайдың әкесі Оразгүлдің адамдары боса-

тып алып қоя беріп қарап тұрады. Әлгі адам сипақтап жан-жағына қарап кетуге қозғала коймайды, сонда қазақтардың біреуі тұрып: - Үйдің қайда, жазған қай жаққа барасың, - десе, әлгі:- "домой" депті дейді. Бұл ойдан шығарылған емес анық сөз, осыдан бастап мұның атын қазақтар Домай деп кетіпті. Кейде "Томай" деп те айтылады. Сеңкібай әкесі Оразгүлге апаң келген батыр тұлғалы жігітті сынатуға ,қандай іске ебі бар екенін, білуге алып келіпті. Оразгүл да әулие адам ғой, - апырмай – мынау ерекше қара күштің иесі екен, тәрбиелесе батыр шығады екен, - депті. Өзін еркіне жіберіп күтіңдер, тіл үйренсін, сонсоң сөйлесерміз,-депті тағы. Сонымен күндер өте береді. Домай рұқсат сұрап өзінің қонысын іздеп барып әке-шеше, үй-ішін көшіріп әкеліпті. Өзі толысыпты, өңдеңін нағыз батыр қалыпына келіпті. Үй ішінде ер жетіп отырған Мария атты қарындасы бар екен. Сол бір күні ауылда көп адам жоқта ауыл маңындағы құдыққа тайып құлап кеткен түйені алуға елдің бәрі жабылып шамасы келмеген соң, та-машалап келіп тұрыпты. Мария қыз да ерекше бойшаң да алып денелі болса керек. Сонда ерігіп тұрған жігіттер түйені байлап алып тартып ала алмай тұрған жуан қыл арқанның ұшын бере қойыпты. Сонда әлгі қыз тағы мықтап байлаңдар депті де, құдық маңайы сары батпақтау екен, аяғын шешуге жігіттерден де, елден қымсынып, етігімен құдыққа жақындап келіп, әлгі бірнеше жерден байланған мықты қыл арқанның бәрінің басын қолына шумақтай ұстап, батпақ ішінен аяғына тиянақ боларлық қаттылау жерді басып көріп, бір кезде демін ішіне ала беріпті де маңайындағыларға "батпақ ша-шырар" дегені болар ымдап "ары тұрыңдар" депті. Сөйтіпті де, арқанды шумақтай ұстап, белінен асыра бір орап барып, тағы аяғына қатты жер іздеп, бір жерге тірегендей боп "әуп!" деп қалыпты. Шыңдығында атан түйені құдықтан ана қыз өзі суырып алыпты. Жұрт ду ете қалыпты, әлгі Мария қыз үяла

жымиып анадай жерге барып тұрыпты, сөйтсе етігі батпаққа терең кірген күйі аяғынан шешіліп, сары сазда қалып қойған екен. Ол соған қымсынып тұрған екен, - етегін әперіңдерші, - деген қамқор сөздер естілген соң, бір жігіт қонышының үсті ғана қылтиып тұрған етікті суыра алмай әлекке түсті, - дейді, үлкендерден бізге жеткен әңгімелерде. Домай осы қыздың ағасы, Оразқұлдың айтуымен қырық күн шартталып бапталады. Қырық күн өткен соң өзеннің екі жағында ел отырған, бір жағында қалмақтар екен, екі жақ алысып та, шабысып та, бірін-бірі жеңе алмай ығыр болған кезі дейді, енді балуан күрестіруге шарттасыпты, балуаны жеңілген жақ, көшіп кетеді. Қырық күннен кейін екі жақтан да тиісті жерге ел жиналып екі балуанды күрестіргенде Домай қалмақ палуанының бұғанасын сындырып, қабырғасын қақыратып жіберген екен. Екі жақта анттасқан екен, бейбіт уәдені орындауға, іле қалмақтар көшіп кетіпті. Содан Томайдың ағағы шығып Оразгүл еншілес етіп алады, мүшің тұқымымен қыз алысып, қыз беріспеуді ұрпаққа тапсырады, өйткені Домай асырап ұлы болды. Сөйткен Домай қазақ-қалмақ соғыстарының Арқа жерінде болғанының көбіне қатысқан. Жидебай батырдың да сәлемімен Балқаштан әрі Күрті бойына жақын Қаншеңгел деген жердегі соғысқа Жидебай батырдың өзі қатысқан қалмақтың қасарысып "осы жерден кетпейміз" деген соғысқа Жарылғап батырмен, Жалаңтөс (Құлық) батырмен бірге қатысып бағы көтеріліп үш рет жекпе-жекте жеңіске жетеді. Содан бері халық оны "Оразгүлдың сары баласы" деп біледі, қазір Сеңкібай екеуі ағайынды адамдай бірге жүреді, және Сеңкібайды "аға" деп қана атайды. Осы соғыста да, бұдан бұрын да көбіне Сеңкібай оны ту ұстаушы етіп қоюында да мән бар. Домайды жазатайым қауіптен сақтағысы келеді, бұл жөнінде әкесінің де өсиеті бар. Бұл әлі үйленген жоқ. "Алла бұйырғса" осыдан барған соң... – деп ойлап қойды ағасы.

Соғыс болып жатыр, қалмақ та адам, кейде күші төмендеу болса жеңіліс тауып жатса, жанын да аямайтындай болады, бірақ соғыста сен оны өлтірмесең, ол сені өлтіреді, соғыстағы заңдылық сол-ақ. Екінің бірі.

Аттан екі жақтың да домалап қалып жатқандар баршылық. Жылқы есті жануар, кісінеп дегенше үстіндегі адам аунап түсті дей бер. Аунағанда өзі аунаған жоқ, әрине. Өзінен зор біреудің найзасы ма, семсері ме, шоқпары ма тиген. Сауыт екі жақтың да бәрінде жоқ. Өйткені сауытты ұстаның ұстасы ғана жасай алады, кішкентай торкөз шығарылысты жыл бойы соғады десе болады. Сауыттың елдің бәріне тимейтіні содан, атақты батырлар киеді, немесе жекпе-жекке дайындалған батырға арнайы кигізетін жағдай болады. Қалқан да сондай құрал, қорғанысқа жақсы, оның пайдасын аласың, бетпе-бет келген қатерден жалтарып кетесің, бірақ бұл екі ортада тү сыртыңды ұмытпауың керек. Желкетұста бір осал жер. Мына соғысқа кіргендердің көбінде сауыт-сайман түгел емес. Мынаған, қаражатына байланысты. Біреулері дулығаға ие, біреулері сауытқа, біреулерінде қалқан бар. Толық сауыт-сайман жүздің бірінде ғана. Бірақ соғыстың аты соғыс, сауытым жоқ деп қарап тұра алмайсың. Тағдырдың жазғаны болады деп қойып кетесің. Өйткені артта тағдырын күтіп отырған ел мен жұрт бар, "қара қазан", "сары бала" бар. Соғыс жайында кітаптың басынан бері айтып келеміз. Бірақ, сол уақыттағы соғысқан ерлердің жанында тұрған және ешкім жоқ. сол уақыттағы оқиғаларды естумен, оқумен, көзге елестетумен, қиялымның жүйріктігі қай шамада, оған да байланысты, солай жазылады.

Басында айтқан ойымызды осы жерде жалғастырайық. Ұзаққа созылып қазақ халқын еңсегірткен бұл соғыс 1750 жылдардың ақырында қазақтардың түбегейлі жеңісі нәтижесінде жоңғарлардың мемлекет ретінде жойылуымен

аяқталды. Ақылды басшысы, тіл алатын қосшысы болмаған халықтың тағдыры осы болмақ. Әйтеуір, ол бейбақтар өз бақытсыздығын қазақтан көрсе керек, тұрса да жатса да жауы қазақ болады. Ал, өзін айдап салып отырған ең үлкен жауы Шың империясына қарсы не соғысуға, не мәмілегерлікке жараған жоқ. Қазақтар да тұралады, бірақ, жағдайлары ақтабан шұбырындының кезіне қарағанда көш ілгері деуге болатындай еді. Болған соғыстың салдары ауыр еді, бар қалалар қиратылды, жаңадан қала салдырмады. Қазақтарда ата құны қалғандай өшіге соғысты,1716 жылдан 1750 жылдарға дейінгі соғыс қазақ халқының көбескіне керемет кесірін тигізді. Кейде тұтас ауылдарды қалмақтар жер бетінен жоғалтып жіберетін еді. "Қырық жыл, қырғын болса да ажалды өледі" деген сөз осы тұста шыққан.

1750 жылдардың орта шенінде Абылайхан мен Қаракерей Қабанбай ұйымдастырған қазақ қолы жоңғар қақпасында жаудың негізгі күшін үш қабат қоршап, сол уақыттағы соғыс стратегиясы мен тактикасының ең үздік үлгісін қолданды. Осы соғыста жоңғарлардың жарылып тұрған қабырғасын біржола қақыратты. Біз кітабымызда, бас кезінде осы соғыстан кейін, сол жерге келіп тұрған, яғни қазақ жеріне аяқ басқан Шың әскерлерінің он мыңдайын қырып жіберді дегеміз, оқушыларымыздың қорықпауын өтіне отырып, әлі де сол пікірімізде қаламыз, ал 1950 жылдарғы Бекмаханов құрастырған "Қазақ ССР тарихы" деген кішкентай ғана кітапта, осы жоңғар қақпасындағы шайқас тағдыры туралы осылай айтылушы еді. Ал қазіргі тарихи очерктерде "Кейінірек жоңғарлардың орнына келген Маньчжур ханы әскерлерімен қақтығысып қалудан сақтанып, Сарыарқаға шегінеді" (Қазақ тарихынан очерктер, авторлар алқасы, Елорда баспасы, 2000-шы жыл). Өздерінің ойлаңыздарыны оқушым, жасанып келіп тұрған жау – қарсы жақ қашып кетті,

- деп үйіне қайтушы ма еді. Негізінде осы жер анықтауды және кейінгі ұрпаққа айқынды түсіндіруге керек нысанды түрде әлі зерттелетін оқиға сияқты. Осы очеркте және Абылайдың аузына мынадай сөз салады, ол Қабанбайға: "Біз қырық жылдан астам қырғынды бастан кешірдік. Қазақтың үштен екідейі қырылды. Енді соғыссақ, қазақ тұқымымен құрып кетер, сондықтан шегінгеніміз жөн" – дейді (Шалқар газеті,1991 жыл, ақпан айы). Өңдерінің тағы ойланғыларшы, Абылайхан шегініп кетті деп олар "ұялып үйіне қайтқан" болып шығады. Жасыны келіп, өзі жоңғарлардан кейін, қазақтарды құртуға тапсырма алып келген әскер кейін қайтып кете ме? Әлде қазақтарды аяды ма, не үшін аяйды, жеті жүз жыл өзімен көрші калмақтар, араласып, тіпті кейде хандар арасында құда, құдандалылар болғанын ойласақ, тіпті қазақтар "жол жетеді ғой" деп шегінсе де аяды ма? Осы жерде соғыстың болуы және Цин әскерлерінің Абылайханнан, Қабанбайдан үлкен соққы жегенін білу лазім болар еді. Жоғарыда осы оқиға тұсында Абылайдың Манчу императорына хат жазып елшілер жібергені рас. Қытайдағы қазақ зерттеушілерінің айтуынша Абылай хан төрт жүздей хаттары бар дейді, керемет қой! Төрт жүз хат, хаттар жинағы емес пе?

Жапония дүниеге белгілі тарихшы ғалымы Зокота "Россия және Орта Азия" деген кітабында сол кездегі уақиғаларға тоқталып келіп: "Сол кезде жоңғарлар Орта Азиядағы ірі сахара шапқыншысы болды. Оған ұйғырлар қарсылықсыз бағынды. Қырғыздар бір мезгіл қарсылық көрсетсе де сұрапыл тегеуріне шыдамады. Ал ұзақ жыл бойынан тек тіресуге жараған қазақтар ғана болды. Жоңғарлар қазақ елінің оңтүстік және шығыс жағынан біраз жерлерін [illegible] алғанымен көп ұзамай өздері қазақтардың [illegible] ұйсыралды" деп жазады.

Ұзақ жылдар бойы тіресken [illegible]

қарсы күресін ұйымдастырушы Абылайхан десек, оның жанына ерген батырлары Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапыраншты Наурызбай, Бұхар жыраудың аузынан шыққан есімдер басты құжат есебінде: - Шақшақ ұлы Жәнібек, Сіргелі Қара Тілеуке, Қарақалпақ Қылышбек, Тежелен Шыққан Сатаймен Бөлек, Қаумен, Дәулет, Жәпек, Сеңкібай, Шой, Таңсыққожа, Мәмбет, Молдабай, қырғыз Есенқұл (Бөкейханов шежіресінде, Түркістаннан Абылайханмен бірге келген Есенқұл батыр өлгеннен соң, сүйегін Абылайханның әмірімен Әзірет сұлтанға жерлеген).

Шәлікорениң "Тарихат" дастанында айтылатын.
"Бар еді неше қилы батырлары,
Майданға бет-бетімен кірді бәрі.
Өлеке Алтын сандық деп айтылған,
Әлібек, Найман Төлен ерлік қылған.
Шапыраншты Наурызбай Табын Серке,
Қаракерей Қабанбай, өнкей қыран"

Бұдан басқа Олжабай, Жасыбай, Баян батыр, Мәнжі Күржікейұлы (Нұра соғысының батыры), Құлық Жалаңтөс (Құлық – Қаракесектің Сарым руының бір бұтағы) осы соғыстар сөз жоқ, жүздеген батырларды тарих сахнасына келтірді. Жазу –сызудың кемшілігінен олардың көбісінің аттары қағаз бетінде жоқ. Өкінішті! Бірақ барына шүкіршілік етіп, солардың рухы риза болсын, - деп жұмыс жасасаң, нұр үстіне нұр. Қазақ жоңғар соғысында жан аямай ерлік қылған Қабанбай батыр тектес Шапыраншты Наурызбай, Жауғаш батыр, Нұртай батыр, мүйізді Өтеген, Сауырық, Райымбек батырлардың да аттары кітабымызда аталып жатыр, шама-шарқымызша олардың ерлігі туралы кейінгі ұрпаққа жеткізгіміз келеді. Бұлардың барлығы да қалмақ-қазақ соғысына ұрандатып 103 рет кірген Қаракерей Қабанбай қазақ халқының жеңісінің символы.

"Хан батыры Қабанбай" атанған, хан да биікке халық та "Дарабоз" деп те атаған. Шынында күні бүгінге дейін, тіпті жалпы дүние аз келдің өзінде атағы аспандаған адам. Сондықтан Қабанбай шын "алла қолдаған" рух иесі болған. Тегі Аягөздің татары Құрбанғали Халидов қазақ тарихынан алуан да құнды мәліметтер қалдырған. "Шығыстағы бес елдің тарихы" деген кітабында: "Абылайханның дәуірінде әскер басы болып келген адамдар: Қаракерей Қабанбай батыр, Алтыбай батыр, Ақтамберді батыр, Есенбет батыр, Матай Шонкей батыр, керей Жәнібек батыр, Бураматай Ақпантай батыр, Қанжығалы Бөгенбай, Бәсентин Малайсары батыр және тағы басқалар. Бұлардың әрқайсысы батырлықтарымен қазақ абырой алған болса да, олардың барлығынан әресі биігі Қаракерей Қабанбай батыр еді" деп түйеді. Құрбанғали Халидов өз дәуірінің көріп отырғандай дәстүрлі айтылып жүрген батырлармен бірге кейбір көп аталмаған есімдерді келтіреді. Ол уақытта батырлар жүздеп болған, олардың көбісі "өзі батыр боламын" деп әрекет істемеген, қырғын соғыс жағдайында еріксіз "батыр" атанғандар да көп. Кеңес дәуірінде шыққан "Қазақ совет энциклопедиясында" былай делінген: "Қабанбай – XVIII ғасырдағы қазақ батыры. Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресті ұйымдастырушылардың және қазақ жасақтары қолбасшыларының бірі. Қабанбай наймантайпасының Қаракерей руынан. Қазақтың ауызекі әңгімелерінде оны "Қаракерей Қабанбай" деп те атайды. Ол Қаракерей руының биі болған", деп тіпті барлы он-оңай құрдымға жіберіп салатын жағдайлар-ды жақсы көретін кеңестік жүйенің өзі де Қабанбай батыр-ды көміп алмаған, керісінше өзінше әжептәуір мақтаған. Әрине, энциклопедияны жазып отырғандар [illegible]" де-ген қазақ азаматтарының да еңбегі шығар. [illegible] Қабанбай батыр үш жүз жасақ бойы ұлт [illegible] Ұлы Отан соғысының қаһарманы екен атап.

...Қалмақтарға қарсы соғыста Орта жүз рулары, оның ішінде Қаракесектер қалмақтардың жойқын шабуылына үнемі тап болып отырды. Мысалы, Әлтеке-Сарымның түбі бір бірі Айтуғаннан, бірі Күнтуғаннан шығады. Қалмаққа қарсы соғыста бір көзінен айрылса да өле-өлгенше олармен жан аямай соғысып өткен Жалаңтөс осы Сарымның бір бұтағы Құлықтан шығады. Ал Жидебай батыр өзі айтулы шешен әрі би болған адам. Қаз дауысты Қазыбек Қаракесектер үшін қандай қымбат болса, Жидебай, кейінгі дәуірдегі Жаңгүттыларда сондай қымбат дейміз. Оқумен білімді, өнерді басқа қазақ тайпаларынан қаракесектер шынында зеректігімен, сұңғылалығымен ерте қабылдағаны тарихи шындық. "Жақсының артынан сөз ереді, жаманның артынан шоп ереді" дегендей, сондықтан да осы бір қазақ халқының өжет те, сұңғыла тайпасы, басқа отандастары тарапынан олардың әр түрлі жел сөзіне азық та болып жүреді. Қаракесектен бұрын-соңды шыққан айтулы адамдарды тізу кітабіміздің мақсаты емес. Мақсатымыз: Қараменде деген сол уақытта Орта жүздің құты деп аталған адамның бет-пердесін ашу, пенде ретінде қандай адам болған,осыны кейінгі ұрпаққа жеткізу еді. Көбінесе ескі бұлақтарда бұлар туралы: "пәлен шешен, немесе пәлен деген би, пәлен деген жерде бір-біріне кездесіп қалғанда "былай депті" дегеннен артық мәлімет жоқ еді. Біздің осы кітаптағы хикаят, очерктеріміз, осы олқылықтардың орнын толтыру мақсатында жазылып еді, оның үлесінен шыға алсақ құба-құп.

Сондай-ақ Жарылғап батыр. Ол Абылайханның ту ұстаушыларының бірі болған. Ол Керией руынан шыққан. Жарылғап батырлар бұл жақта өз елінің азаттығы үшін соғысып жүргенде бұдан кейінірек Балта деген ру басы (Керейлін) тіпті сонау Башқұртстанда сол елдің орыс отаршыларына қарсы ұлт-азаттық көтерілісіне катынасқан. Сала-

уат Юлайұлына ең сенімді серігі болған. Егер біз осы оқиғаны былай ауызекі айтсақ ешкім сенбейтін болар еді. Петербург пен Мәскеудің, Омбының және Томск, Уфа мұрағаттарынан Балтаның башқұрттың ұлт-азаттық көтерілісіндегі ең басты тұлғаның бірі екені айтылған. Шынында ғажап емес пе? Кімнің ойында бар нәрсе, егер сол құжаттарды бүгінгі тәуелсіз Қазақстан жағдайында болған соң, жол ашылған оқиғаны, жас тарихшыларымыз тауып келіп жатпаса, біз онда Балта атамызды, ең арысы қалмақпен соғыста өлген шығар деп ойлар едік. Балта батыр туралы жеке кітап жазу керек. Біз әзірше оқушыларымызды ең қызықтырып отырған мәліметтерімен жабдықтасақ та жарар. Балта өзі сауатты адам болған, Салауат Юлаевтың өтініш жасауына да осы жағдай себеп болған болуы мүмкін. Екіншіден орыс отаршылдарына қарсы бас көтеру екі халыққа да ортақ еді. Оның үстіне сол кездегі башқұрт халқының санасында Әбілқайыр ханның кезінде бір-ақ хандықтың құрамында болғаны туралы сіңген еді. Екі халық бауырлас еді, тіпті аттарына дейін башқұрттар мен қазақтарда осы күнге дейін ұқсас, тіпті антропологиялық тұрғыдан қарасаңыз да адам түрлеріне дейін кейде айырғысыз ұқсастықты табуға болады. Балта батырдың башқұрттың ұлт-азаттық көтерілісіндегі басты тұлғаларының бірі болғаны рас. Ал, ол бұл соғысқа қалай барып кірікті, оны жас зерттеушілеріміз табар деген үміттеміз. Балта батыр көмекке жалғыз бармаған, бірсыпыра жауынгерлер ертіп барған, қазірдің өзінде есімдері белгілі, оның жақын інілері есебінде, жауынгер серіктері Дербісәлі, Қармыс деген азаматтар сол соғыста үлкен ерлік қылған. Көтеріліс аяусыз басылғаннан кейін Балта жанындағы серіктерімен қазақ жеріне өтіп Кіші жүз жерінде тұрып қалған. Қазірдің өзінде Балтадан және оның туысқан әрі жауынгер серіктерінен өрбіген ұрпақ Ақтөбе облысы, Ойыл ауданында тұрып жа-

тар деседі. Міне! Қызық жағдай! Балта өзі ру басы есебінде кейінде елде атаққа шыққан адам болса да, кейін із-түзсіз, хабар-ошарсыз жоғалып кеткені елге қатты батады, тіпті, бірен-сараннан "жоғалып кеткен" деп айта ма деген сөзге ұрпақтарының арқасына батқандай еді. Сөйтіп жүргенде Балта екі жігітті астыртын елге жіберіп, амандық хабарда айтады. Содан жұрттың көзі ашылғандай болады. Балта өз заманының ақылды адамы болған, сондықтан да елге қайтпаған, неге десеңіз, отарлаушылық бұғауы қазақ даласына бара жатқанынан жақсы хабардар болған Балта ол жақта ұсталып кететінін жақсы білген, өйткені ауылдастарының көре алмағандары, бір күні айтып қоятыны белгілі емес пе, сондықтан "әйтеуір, өз қазағым" деп Әжібай датқа деген сол жақтағы аса белгілі адамның ауылында тұрақтап қалған...

Керейлер Қарақсеектің аса бір қуатты да дүмді бұтағы. Балта – Түйте бірге туады. Ал Түйтеден біздің кітабымыздың өне бойында келесін отыратын Жарылған батыр туады. Жарылған бір ауылдың, аймақтың ғана атаққа шыққан адамы емес, бүкіл қазақ халқының ардақты батыры. Егер Жарылған туралы осы уақытқа дейін аз айтылып, аз жазылып келсе, оның кінәлі кім? Өзіміз.

Құрметті оқырмандар! Біздің осы кітабымыздың кейіпкерлері болып отырған Қарамеңде, Жидебай, Сеңкібай, Жарылған батырлар ғой. Солар Абылайхан заманында өткен осы алып аталар туралы сөз қозғау оңай да емес. Жазылып қалған деректер өте сирек. Ел аузындағы сөздер де мына заманға көбісі жетпеген, сонда да болса кейінгі осы адамдарды ұмытуда кемір болғаны келген сыңайлары бар. Сол уақыттың өзінде Қара Шорда Сеңкібай, Әлтекеде Жидебай, Тобықтыда Қарамеңде, Керейде Жарылған деп бұл төртеуі Сарыарқаның, Орта жүздің қуатына айналған. Ататарына бұл төртеуінің аттары да сай болған. Деректерге қарағанда

Жарылғап батыр туыс ағасы Балтамен бірге башқұрттың ұлт-азаттық көтерілісіне қатысып орыс әскерімен де кезінде көп соғысқан. Бірақ "елді қалмақтар алып жатыр" деген хабармен Балтамен ақылдасып соңына біраз әскер ертіп елге келе жатып қалмақтармен соқтығысып қалады. Бұл уақытта Жарылғапта пілтелі орыс мылтығы, орыс сауыты және дулығасы болған. Бірақ мылтықты ат үстінде қолданудың қиындығынан ба, одан гөрі найза мен қылышты ыңғайлы көрген. Қай соғысқа қатысты десек, атақты Аңырақай шайқасының бас батырларының бірі. Осы соғыста піл шашқан жебесіндей жеңіп соғысқанын Абылайханның да, Қабанбай, Бөгенбайдың да сүйсінген. Кейінгі соғыстарда Қаз дауысты Қазыбек: – Жарылғап келмей соғыс қыза ма? – деп отырады екен. Зайсан, Қалба бойындағы соғыстарға қатысады. Қалба Тарбағатай жақта Жарылғаптың алғашқы көпке түсуі осы соғыста болыпты дейді. Жасөспірім кезінен найзагер, мерген аты шыға бастайды. Оны кемеліне келген кезде бір жола Қаракерей жасағына қосылып осы Қалбадағы соғысқа қатысады. Осы соғыста жоңғардың бір батыры жан шыдатпай тұрады. Талай талап қылған қазақ батырларын қан құстырады. Енді болмаса Қабанбаймен Бөгенбайдың біреуі "шығамын" деп тұрғанда Жарылғап батыр ханмен таныстығы, танитыны әскерімен бірге келген Қазыбек би, сол кісіге шауып келіп бата сұрапты, дейді. Сөйтсе, Қазыбек жас батырды өлімге қимады ма, - жүр, хан жанына барайық, - деп, хан жанына ертіп кеп, ханға жөн айтқан екен. Жарылғапқа Абылай кеңін салмағының кім – деп сұрапты. – Керейден Жарылғап деген боламын, - депті. – Бидене Жарылғап, құдай сені жарылқасын, анау сұмпайыны жер қаптыр,-дегенде, Қазыбек [illegible] ақ, хан да қолын жайыпты. Сонда Қазыбек би: - Жарылғап жас баланың, қарсысы қылған ата-анасының обалы [illegible], жаратқан алла, бүгін бізді жерге қарата! Аллаһуакбар! –

деп хан екеуі бетін сипап бола бергенде Жарылғап атын ойнатып алға шыға бергенде аты кісінеп-кісінеп жіберіпті. – Жануардың мынандай мінезі жоқ еді, неге бастап тұр, - деп ойлап Жарылғап, атына қамшы салмаса да жануар ытырылып ұрыс алаңына шаба жөнеліпті. Көп кешікпей ұрыс алаңына астына шұбар ат мінген қалмақ батыры да шығыпты. Екеуі бір-біріне жақындағанда – су, бала, босқа өлесің ғой, ал, айта ғой, атыспақ керек пе, шабыспақ керек пе? – дегенде, Жарылғап: - шабыспақ керек, - деп қарсы ұмтылыпты. Әкесі Түйтенің кезінде шеттен алдырған түзу семсері бар екен, соны қынынан суырып алыпты. Әкесі осы семсерді керемет асыл деп, мақтайды екен, біраз бұдан бұрын ешкім жауға шаппаған семсер екен. "Ия,құдая өзің жар бола гөр, атам Керей, бабам Болатқожаның рухы қолдай гөр! – деп Жарылғап қалмақтың қара бұжыр дәу батырымен сайысыпты. Алғашқыда Жарылғап шыққан жақ ойлау екен, аты да өзі де ойлау жерде болып, әлгі шұбар аттың тасасынан, кейін ұрыстан хан мен Абылайхан көрінбей кеткенін айтыпты, бір уақытта ытырылып қырға қарай шығып қылышпен ерсілі-қарсылы шапқанда, біраздан кейін алып денелі қалмақ батыры деміге бастағанын біліп, Жарылғап аса қатты қайырымға келтірмей, алыстау ұрыс салып шаршата беріпті. Мұның ойын біліп қалған майдандағы қалмақтар шуылдап өз батырына айқайлапты. Әлгі Жарылғапқа қарай тебінсе аты өзі-өзімен сіресіп жүрмей қойыпты. Сөйтіп епетейсіздеу сайысып тұрғанда, Жарылғап қылыш ұстаған қолын реті келіп қалып шауып жіберіпті. Қалмақ семсерін екінші қолына алып, одан сәтте шықпайтынын біліп, шоқпармен ұрмақшы болғанда, Жарылғап жас батыр, Талдының ырғайына сапталған найзасын суырып ап, амалы таусылып бара жатқан қалмақтың, дулыға мен торкөз сауыттың мойынмен басты бөліп тұратын бөлігіне сұғып алғанда күрекке тиіп қап бір-ақ атқыпты.

Доңбектей болып құлап түскен қалмақты не істерін білмей тұрып қалыпты, біраздан кейін есін жиып тура басын кесіп алып хан тұрған жерге шауып келсе Қабанбай да, Бөгенбай да сонда екен, Қаз дауысты Қазыбек тіпті мерейленіп тұр екен. Абылай айтыпты деген сөз сол жолы: - мен саған сенем, сен кімге сенесің, - депті хан, Қазыбекке бұрылып. Қазыбек: - Мен бір аллаға, сосын Жарылғапқа мейірленіп,- Жарылғап, бар бола бер, балам! - деп өзінше бата берген екен дейді. Жарылғап, осыдан кейін жауға Абылай! Деп шабады екен дейді. Абылайханның әдеті жекпе-жекте жеңген батырды міндетті түрде ұрыстан кейін алдына шақырып сөйлесіп, ананы-мынаны сұрап қарапайым отыратын болған, және қандай тілегі барын да сұрайтын болған. Батырдың бәрі бірдей емес, қалың төлеп үйлене алмай жүретіні де кездесіп қалатын болған. Жарылғапты білмей қалмаса хан жанынан тастамайтын болған. Себебі әлгі батыр жеңген шұбар атты қалмақ батыры бір өзі мыңға тұрады екен. Сол уақытқа дейін жекпе-жекте бір елдің батыры ала алмаған, енді оның да бағының қайтқаны шығар, жас Жарылғап басып алған. Жарылғап өзі соғыста батыр, бейбіт уақытта би әрі шешен, жаман әдетті: ұрлық-қарлықты жек көретін таза адам екен. Ағайын арасының дау-шарын мүмкіндігінше өзі шешкен. Сонысына бола Қарамерде де, Жидебай да, Сенкібай да оны сыйлап жақсы көрген. Бұл төрт би шамасы келсе ұзағырақ бірге болуға тырысқан. Жылына ең кемі қыста бір, жазда бір, бір-бірін іздеп келеді екен. Өзінше дүкен құрып, соғысты айтып, бейбіт уақыттағы қызметтерін тыңдап, ән [illegible] тыңдап құлақ құрыштарын қандырып мауқын басып [illegible] ажырасады екен.

Бұлар бір жолы Бұқар жырауына жарқ бітіп, [illegible] бере бұрылды. Қабағы қалың, сақал-мұрты [illegible], кейбір сақал мен мұрт түктерінде әлі қыршар бұрын [illegible]

іщері әлі жоғалмаған қайратты адамның біреуі осындай-ақ болсын. Қазақ хандарының біразы Бұқар жыраудың ақылын алып отырған. Бұқар жырауды сипаттаймыз деп ұятқа қалмас үшін біздің Ғылым академиямыз куәлік еткен әңгімелерге тоқталсақ дейміз. Бұл әңгімелерді ауылда кәрі құлақ қариялары бар, әрбір адамның, өткен ғасырдың елуінші-алпысыншы жылдарына дейін естуі мүмкін. Одан кейінгі заманда бүгінге дейін қазақ сөзінің реті кетті, тіл жүдеді, тіл жүдеген соң, сөз де жүдеді. Үлкендер айтып отырған сөзді тыңдайтын құлақ қалмады. Басқаның боданында болдық. Бір қазақ екінші халықтың тілін керек болса ғана пол қажеттілік болмаса "мынаның тілі, тіл болсын" деп сөкім де айтпас. Бұқар жыраудың сөзі аллаға шүкір елді халқына бар сипатымен жететін заманға келдік. Хан да, халықта қиын жағдайда ақыл сұрағанда Бұқардың:

Шүршітпенен құшақтас,
Қырғызбенен жұбектес,
Ортасында үйлыққан,
Кетейін десе жері бар,
Кетейін десе алды-артын
Қоршап алған көпір бар.
Үйлыққан қойдай қамалып,
Бүйірінен шаншу қадалып,
Сорлы қазақ, қалды ойлап! –

деп Абылайханға үлкен демеу беруі ғажап! Сөз түсінетін қазақ болса, Бұқар бабаның өлеңі қарапайымдылау көрінгенімен, жүйеге жеткізе айтады-ау! Шын халқын сүйген адам Бұқар атаның көп өлеңдерін көзіне жас ала отырып тыңдар, оқыр! Иншалла қазір сондай күнге жеттік. Елді атамыздың әрбір сөзімен сусындау мүмкіндігі бар. Елің жақсы болсаң бәрін істеп жатқан заманымыз. Жаман болсаң, амал не?

"Абылай хан бір жорықта алдын ала барлау үшін және

де реті келіп қалса соғысқа алуға жарамды болсын деп бір мың адамды бес жүзден екіге бөліп, бір бөлегін Қарабұжыр Қанжығалы Жиентай батырға, екіншісін сол рудан шыққан, жұртқа белгілі қанжығалы қарт Бөгенбайға бастатып, ілгері кезуілге жіберіпті. Екеуі де ханның ұзақ уақыт өзіне жауынгер серік болып келе жатқан айтулы батырлары. Ол уақытта жорық пен соғыс тамаша, тосушылар да жанын шүберекке түйгендей болып жорыққа кеткендерді тосып жүреді. Олардан қайтатын межелі уақыттары болған соң, Абылай-хан өзін қоярға жер таппай Бұқарға кісі шаптырып, жырау келген соң көңілі жайланғандай болып:- Бұқареке, болжап көріңізші, олар неге кешікті екен, - дейді. Сонда біраз уақыт көзін ашып-жұмып отырып, екі бөлек әскердің де қиындыққа тап болғанын болжапты. Жиентай. Талқымен асқан екен, - депті Бұқар, ал Бөгенбай бұрын адам аяғы баспаған бір асудан қиналдықпен жол тауып өтті депті. - Олжалы оралады, Жиентай батыр, тұтас ұлысты олжалайды, тұтқынның ішінде қолмақтың аққуба, сұлу қызы бар, хан неме тарту қыламын, -деп келеді, депті. Бұқар бабаның айтқаны дәл болған соң, бұдан былай Абылай көңілі сеніп кетіпті. Бірақ әрбір ұсақ-түйек үшін бабаны Абылай мазаламайды екен, тек, қиын да, қиналған сәтте Бұқарға жүгінеді екен. Сондықтан да болар, Бұқар баба Абылайдың алдында еркін сөйлеп, жыр төгетін болған.

Тарихта Ерден, Дұшан дегендер болған. Абылайдың тұсында да бір тентек Ерден деген батыр Ұлы жүзден шыққан тентек Абылайдың бұйрығын орындамағаны үшін Абылай екі-үш батырын шақырып алып оның дулығын шауып алуға бұйрық беріпті. Осыны хан ордасының жанында арнаулы үйде жатқан Бұқар естіп Абылайдың алдына келе, Абылай басқа сөзімге тұрмайды, керек десеңіз, [illegible] кірген адамға бас көтеріп қарамайды екен, өйткені [illegible] ой-

дайтын ойы көп, соны салмақтап ұсақ-түйекке өлеңдеп отырмайды екен. Бірақ, Бұқар екеңді – "Әулием" деп атайды екен. "Ассаламағалейкум", деп Бұқар кіріп келе жатқанда Абылай ұшып тұрып "Жоғары шығыңыз, әулием!" деп қарсы алыпты. Алдында бағанағы батырлар отыр екен. Сонда Бұқар жырау толғап отырып: - Әй, Абылай, Абылай! Сенің даңқың Арсы мен Күрсіге жетіп таумен таласты. Босатқан құлдарың бес қақпаға сыймайды, сауашты көп таптың. Алатаудан асыңыз, шауыңызды басыңыз, сонда алаңдаған Ерден құлыңыздың мал-мүлкі сексен сандық болып, алдыңызға келмей ме? – депті. Расында біраз күн өтпей-ақ Ерден хан алдындағы айыбын мойындап, көп тарту-таралғымен кешірім келген екен.

Абылай хан шулы соғыстарының бірінде көп қолмен Қалба тауына келгенде, елдің етекке түскен шағы болатын. Қалба тауындағы ұрыстар қазақ тарихына алтын әрпімен жазылды деуге болды. Себебі торғауыт-қалмақтар Тарбағатайдан асып келіп қазақ елін оқтын-оқтын шауып кетіп, кейін биік келең астына мықты бекініс жасап алып қазақтарды тіпті соғысуға келтірмейді. Торғауыттармен қалмақтар тағы бір дүрбіт деген қандас тайпалары кейде қосылып келіп қазақтарға көп құқай көрсетіпті. Осының бәрін жақсы білетін Абылайхан бір жолы жасаңған әскермен Ласт-Шорға бойына жақындай келіпті, оңтүстік жақта Еміл-Үржар жағында қалмақтардың сол жылы жиі қоныс қылып отырғанын біліпті. Қалай болса да Абылай қалмақтың есінен кетпейтін етіп үлкен соғыс салғысы келіпті, ақылдасып қай жақтан тиеміз дегенде Қабанбай мен Бөгенбайдың пікірі екі түрлі болыпты. Бөгенбай "Тарбағатайды асып барып, Үржар, Еміл бойындағы қалмақты шабайық" дейді. Қабанбайдың пікірі бұған қарсы болады: "Жақын жердегі Ласты –Шорғаны барып басып алу керек, әл Бөгенбай батыр айтқандай алыс барсаң, азық-түлігіміз таусылады, әскер шаршайды, бұл екі

ортада алыс Торғауытқа олар хабар жіберсе екі оттың ортасында қаламыз. Тарбағатайдан қайтадан бері аман өтуіміз неғайбіл дейді. Мейрам балалары Қаракесек, Қаржас батырлары да "алыстан жақын олжас" дегенді құптайды. Әсіресе Олжабай, Жасыбай, Сеңкібай, Жилебай батырлар "жақынды шабайық, күштерін байқайық, күшіміз асып бара жатса, ары қарай асармыз" – дейді.

Көргендерінің бер шығар Тарбағатай алып тау, қазақ даласы өңірінің орта тұсындағы Көкшетау, Баян, Ұлытау, Қызыларай таулары Тарбағатайдың жанында ұсақ та, кішкене болып көрінер еді. Әрине, үлкендікке келгенде Тарбағатай Алатауға жақын деуге болады. Тарбағатайдың өзі үлкен Алтайдың сілемі. Тарбағатай кішкентай болса, шілденің аптап ыстығында басын ойран қылып қарлы жаңбыр жауып тұрар ма еді, Тарбағатайдың бір түстік биігіне көтеріліп жан-жағына көз тастасаң Алтайдың аппақ қарға оранған шыңы анық көрініп тұрады. Міне, біздің батырларды шошытқан осы тау. Бірақ, тау үлкен деп жаумен соғыспай және отыра алмайсың. Абылай батырларға жеребе ұстатыпты, екі ұсыныстың бірін қуаттау үшін. Жеребе дауысқа түскен он батырға бірдей шыға берген соң, дағдар, секемшіл Абылайхан осы жорықтың бас ақылшысы болып келе жатқан Бұқар бабаны алдырыпты. Бұқар:

"Сен Абылай, Абылай,
Түркістаннан келген ұл едің,
Дәулет қонды басыңа
Қыдыр келді қасыңа
Бақ үйіне түнедің,
Алтын құзырға қонып
Ақсұңқардай түледің ", -
деп алып, және –
- Сен қаңжығалы Бөгенбай,

Тоқымың келпес ұры едің,
Түн қатып және жүр едің.
Қабанбайдан бұрын найзаңды
Қашан сен жауға тіредің?! –

деп бір-ақ тоқтапты. Расында Қабанбай пікірі қуатталған соң, Тарбағатайдың бергі жағына жорыққа барып олжалы оралыпты. Бір айтатын жай: кейде қазақ пен қалмақтың соғысы барымталық сипат алып та кететін болу керек. Жеті жүз жыл бойы осындай барымталар екі халықтың да жүрегіне қан қатырса керек, мұның аяғы 17... жылдар басынан Тәуке, Барақ, онан кейін Абылайханның Ұлы Отан соғысына келіп ұласты. Осындай соғыстардың бірінде көп шығынға ұшыраған қазақ қолына шегіну туралы Абылайдың пәрмені болады, бұған Қабанбай тағы бірат батырлар қарсы, сонда Абылай хан: - Жеті жүз жыл соғысып келе жатың, енді жеңіске жақындап тұрғанда, орынсыз майданда халықты қырып алғым келмейді, - соны түсініңдер, батырлар,- деген екен. Абылайхан данышпан да көмейгер, дәл сол заманның айтулы адамы.

## XVI – желі

Өткен әңгімелерімізден бірінде Қазыбек би, Үкібай би бар құрамында олар әлгі Баянауыл маңайын мекендеген Қаржасқан туыс Күлік тайпасынан шыққан Жанайдар деген бек інісіндi ала кеткенін білетін едік. Абылайхан тарапынан Мәншүге ат басындай алтын тегін беріліп отырғаны жоқ. Бұл сыйдың әр жағында жұмбақ мағынасы көп. Біржағы кіші елінің елдігін білдірсе, екіншіден екеуміз бір-бірімізді бірдей ұстап дос болайық деген ниетте бар.

— Жарты жылға таяу елшілер орадда. Бұлар Бұхар қаласына сапа жүрген. Неге десеңіз, қазақ елі тарихымен Бұхар

Тәшкен тығыз байланысты. Тіпті сонау Арғыннан шығатын Мейрам сопы бастаған бес сопының қайда туғанын білесіздер ме? Сарыарқаны діні толық кірмей жатқанда солы қажы болып кетеді. Қазақ, қалмақпен соғысып жүрген зұма-төкпе заман әріден басталады дедік. Немесе Арғындардың атасы Дайырқожа ... осы аттар қазақ есімдерінде кездейсоқ пайда бола қалған ба? Жоқ, оның тарихи тамыры «өзбек өз ағам, сарт садағам» аталып бөлініп кеткенге дейінгі заманда жатқан сияқты. Сопылармен, қожалар Бұхармаңында туған, содан біртін-біртін Сарыарқаны келіп мекендеген. Содан ақтабан кезінде жоғарыда айттық. Сарыарқаны тағы бір тастап кетіп, араға ондаған жыл салып келіп қайта мекендеген. Тіпті Абылайханның тумыс тарихы да Бұхармен байланысты ғой... Сондықтан біз бүгін таңда тарихымыз Бұхармен, Ташкенмен, Қоқанмен бірге зерттеліп жатса үйлесуге болатын сияқты. Айтпақшы тұт, біздің елшілер ала кеткен тұт, Бұхар өмірінің сәлемі екен. Бір жағы Абылайхан Бұхардан барған дегенді ұстанып, олар кейіннен хан ордасымен, қазақ билерімен жақсы қарым-қатынас жасай бастаған. Бұхар жібегі, қазақтың ботакөз сұлу әйелдеріне айрықша жарасатын. Бұхар шәлісі өз сәнін бірнеше ғасыр ұстап тұрған. Тіпті үнді жібегі, үндінің хош иістері қазақ даласына жаңа өң, шырай берген нәрселер болып тарай бастаған, осының бәріне әсер етіп отырған Бұхарлық тұлғалар еді. Бұхардағы хан сарайында әнші, сазшылар, сайқымазақтар ұсталатын. Сол кездегі Бұхар ханы өлеңшілікті, сөз өнерін өте қадірлейтін, өнермен, ғылыммен, сұлулық өнерін қамқоры ретіндегі бір адам еді. Сол заманда Жалаңтөс батыр атамыздың Самарқандағы дүниені тамсандырған сұлулыққа қанша үлес қосқанын жоғарыдағы әңгімелерімізде айтқан болатынбыз. Сол уақыттағы Бұхар ханы өзінің Абылайханға барған адамдарын әдейі баптап, айтатын сөздерін үйретіп

жібереді екен. Өйткені қазақтың ұтымды сөзді айрықша бағалайтынын Бұхар ханы біліп, олардың бұл үрдісін, әдетін қатты қадірлейді екен.

Қазақ елшілігінің жас Жанайдарды ертіп әкетуінің де мәні бар еді, Қазыбек бастаған қазақтың аяулы билері бұл күндері шау тартып қалған, енді келешекте бұлардың орнын басатын адамдар керек. Білімі бар, сөз білетін, сөз түсінетін адамдар керек. Орыс патшасының елшілігіне Абылайхан өтініш қылып үш-төрт қазақ баласы тіл білу үшін Петерборда оқып жатқанына біраз болды. Енді осы жолы Мачинге барғанда реті келсе, үш-төрт қолайлы жас адамды ала барып, келесі қарым-қатынастарға тіл білетін адам дайындау керектігін ескеріп, реті келсе патша сарайы бола ма, басқа оқитын орын бар ма тастап кетпекші бұлар. Әрине, зорлық жоқ, баратын адамдар еркімен, үй-іші, әке-шешесінің келісімімен баруы шешілген. Олардың оқу ақысын сол елдің патшасына хан Абылай алтынмен төлеп тұруға бар. Қазір хан сарайында бірнеше тілді жете білетін Сұлтангерей деген жігіт бар дегеміз, ол зыр жүгірісімен, кейінде жорықтан қолы тимеген халықтың шаруасы, бейбітшілікке айналғаннан кейін көбейді. Әсіресе Бұхар елшісі, Қоқан елшісі, Самарқанд елшілері жиі келеді. Ар жақтағы Үнді елшілері де Бұхар хандығына өздерін қазақтың бүкіл Жоңғарияны жеңген қаһарман ханымен танысқысы бар көрінеді.

Елшілер Шың патшасына бара жатқан жолында Бұхарға соққан, олардың «май қатығы» деп атайтын біраз керуенмен тұз ала барған. Қазір аллаға шүкір, бұрынғыдай қалмақ талап ала ма, деген заман өтті, енді керуен алаңсыз қозғалған. Бұлар аттанарда Абылай хан жас шешенді сынап жіберген, ақыл дәрежесі, шешендігі Абылайханды риза етіп, Мачин патшасы алдындағы әртүрлі кеңесін қалуы мүмкін келіс-барыс сөзді ұстайтын әрине Қаз дауысты Қазыбек бабаның өзі де,

көмекшісі Үкібай би еді. Үкібайдың бір қасиеті алдындағы адамның айтайын деп келе жатқан сөзін тез аңғара қоятын адам еді. –Әттең кішкене ғана мұсылманша оқыған, егер оқуы бар адам болса дүниенің «төрт бұрышын» шыр айналдырар еді, – деп Қазыбек айтатын. «Орынша бар оңалар» демекші қалмақ жеңілген соң, дүниенің қызығы көбейе бастады. Той-томалақтар, шілдехана, қыз түсіру, ұзату сияқты ғұрыптар жаңа сипат алып Қазақия даласы, өзінің шөбі мен гүлі қандай әдемі болса, адамдар да сондай әдемілікті жылдам қабылдап, табиғатпен қабысып кеткендей күй кешуде. Дәл қазір «қой үстіне боз торғай жұмыртқалағандай» заман орнап еді. Тағы бір пәле кез болмаса қазақ елінің өсуімен, өркендеуі сөзсіз еді.

Шың патшасы бұларды айтарлықтай қарсы алыпты. Қазақияны өзінің солтүстіктегі тату көршісі ретінде және «еуропадан» қауіп келсе жолдағы қорғаныс болатынын да жасырмапты. Абылайханға патша атынан хат әкелінті. Абылайханның сұраған мәселелерінің денін қанағаттандырыпты.

«Қазақияның ханы Абылайға! Күн патшасы елінің императоры сізге өзінің басқа елдің патшаларына көңіл түсе бермейтін мархабатты шапағатын тігіп, өз қанатының астына алады. Жоңғар жорығындағы жағдай Шың әскерімен сіздердің әскерлеріңіз арасындағы қақтығыстан қытай жағынан он мыңнан астам адам өлген. Бірақ, ескертпестен, сіздерінің жоңғармен соғысу оларға тапсырылғанымен, күн тұман болғандықтан олар сіздің жеріңізге байқамай барып қалған, яғни жоңғар әскерімен сіздің әскерді шатастырып алған. Келешекте бұл екі жаққа да үлкен сабақ болу керек. Сарай тарихын шежірелегенде бұрындары да елдің патшаларымен осындай қақтығыстар бірнеше рет болған екен. Біздің айтайын дегеніміз, бүгінгі, түзеуге келмейтін ештеңе жоқ. Сіздердің мемлекетті нығайту жолында атқарып жатқан

жұмыстарыңыз бізді бір жағы «күшті көрші жақсы» деген ойға жетелеп, қуантады. Екінші сіздердің қамал бұзатын және қорғайтын қаруларымен жүз зеңбіректі «сатып алуға» даяр екендеріңізді бізді бір жағы сүйсінткенмен, бір жағы шошытты. Өйткені ол зеңбіректердің өзімізге қарай оқталып атылмасына кім кепіл? Күн асты елінің сарайындағы ақылды адамдары бұл мәселемен айналысып жатыр. Егер реті келсе, оған да не болып қаларсыздар. Жоғары айтқанымызбен бірге һәм айтарымыз, арамызда тіпті де ештеңе болмағандай сезінейік. Сонда біздің жауларымыз да бізге тиісе алмайды.

Қадірлі Абылай! Сізге ван атағы берілген қағазды арнайы алтын жазумен кейінірек біздің елшілер апарады, ал сіздің мына төмендегі кісілерге – батырларға «тархан» жоғары атағын беру туралы сіздің біз мәлім қылған өтінішіңізді үлкен ыждаһатпен орындағанымызға қуанамыз.

1. Жәнібек Шақшақұлы
2. Қабанбай (Найман)
3. Бөгенбай (Қанжығалы)
4. Сеңкібай (Қаракесек)
5. Қарамерде (Тобықты)
6. Жидебай (Қаракесек)
7. Жарылғап (Қаракесек)
8. Олжабай (Қаржас)
9. Жасыбай (Қаржас)
10. Райымбек (Шапырашты)
11. Наурызбай (Шапырашты)
12. Есет

Бұдан басқа сауда-саттық, екі ел арасындағы мәселелер жөнінде елшілер алмасып тұру жайы бұрынғыша».

Сіздің берілгендік ықыласыңызды құп алған Шин династиясының императоры Мачиң. (Императордың мөрі басылған).

Елшілер жолда Бұхардағы хан сарайында қабылдауда болды, өйткені, басында жаңылыс айтылыпты, тұзды сұраған Бұхар ханы болыпты, «май қатығы»дегенсөз,тұзды сынайылап атағаны, және сарттардың, өзбектердің тілі тәтті екенін жұрттың бәрі біледі, тұзды шым-шымдап Қазақиядан алдырады екен. Көбіне саудагерлерін жібереді, болмаса ара-тұра Абылайханға мұсылмандардың жонімен базына қылып та, осылай сұрағын алатыны бар екен. Әлгі ханның сарайында сөз білгіштермен болған қақтығыста өздерімен әдейі апарған, бұдан әрі Қытайға апара жатқан жас Жанайдар тілінің балын тамызып Бұхарлықтарды қайран қалдырыпты.

«Май қатығы» сөзінің шешуін басында осы Жанайдар тапқан екен. Себебі, осы бір, кезде өзінің қылығымен ханға жағып жүрген Жәнке батыр екен. Абылайхан бірдеңені шешу, білу, тағы басқа даулы-шуйлі мәселелерге осы Жәңкеге шешкізіп жүреді екен, бірақ батыр, жүріп кетуге жоқтау екен, себебі жасы келіңкіреп қалған сондықтан Абылайханға айтар сөзін сол айтылғанды айна-қатесіз айтып баратын адамды жібереді екен, сондай шаруамен өзінің сынына келгендіктен Жанайдар баланы жіберіпті. Соңғы бір жолы Абылай Жанайдарды, жас шешенді сынап: - Шырағым, тұз неге май қатығы болады, деп ойлайсың, - депті. – Алдияр, оның мәні былай, бұрынғылар айтқан: халық айныса хан түзейді, май айныса тұз түзейді, - деп. –Халық қатығы ортасындағы ханы болады да, дүниедегі тамам тамақтар дәмін кіргізетін май қатығы тұз болады, тақсыр,бұлменіңайтқанымемес,бұрынғы аталардың айтқаны екен, - депті. Абылай жас шешенге сүйсініп, кейін жолға жіберуді түйсініп қойған. Енді соның реті келіп отыр. Жолай Бұхар сарайындағы шешендердің талқысына салып, шырағын әрі сынап алуды, билерге тапсырған, олар тапсырмаса да мұны тонқа қоспақ ниетте. «Май қатығы» деп тағы тұз сұраған соң, бұлармен қостас керуенге осы билермен қоса тұз

Елшілер жолда Бұхардағы хан сарайында қабылдауда болды, өйткені, басында жасырын айтылыпты, тұзды сұраған Бұхар ханы болыпты, «май қатығы»дегенсөз,тұзды сынайылап атағаны, және сарттардың, өзбектердің тілі тәтті екенін жұрттың бәрі біледі, тұзды шым-шымдап Қазақиядан алдырады екен. Көбіне саудагерлерін жібереді, болмаса ара-тұра Абылайханға мұсылмандардың жөнімен базына қылып та, осылай сұратып алатыны бар екен. Әлгі ханның сарайында сөз білгіштермен болған қақтығыста өздерімен әдейі апарған, бұлан әрі Қытайға апара жатқан жас Жанайдар тілінің балын тамызып Бұхарлықтарды қайран қалдырыпты.

«Май қатығы» сөзінің шешуін басында осы Жанайдар тапқан екен. Себебі, осы бір, кетпе сөзінің ықпалымен ханға жағып жүрген Жәнке батыр екен. Абылайхан бірдеңені шешу, білу, тағы басқа даулы-шүйілі мәселелерге осы Жәнкеге шешкізіп жүреді екен, бірақ батыр, жүріп кетуге жоқтау екен, себебі жасы келіңкіреп қалған сондықтан Абылайханға айтар сөзін сол айтылғанды айна-қатесіз айтып баратын адамды жібереді екен, сондай шаруымен өзінің сынына келгендіктен Жанайдар баланы жіберіпті. Соңғы бір жолы Абылай Жанайдарды, жас шешенді сынап: - Шырағым, тұз неге май қатығы болады, деп ойлайсың, - депті. – Алдияр, оның мәні былай, бұрынғылар айтқан: халық айнаса хан түзейді, май айныса тұз түзейді, - деп. –Халық қатығы ортасындағы ханы болады да, дүниедегі тамам тамақтар дәмін кіргізетін май қатығы тұз болады, тақсыр,бұлменіңайтқаным емес,бұрынғы [illegible] айтқаны екен, - депті. Абылай жас шешенге [illegible] жолға жіберуді түйсініп қойған. Енді сонан [illegible] Жолай Бұхар сарайындағы шешендердің [illegible], шиыршық әрі сынап алуды, билерге тапсырған, [illegible] са да мұны тоқыл қоспақ ниетте: «Май қатығы» [illegible] тұз сұраған сөзі, бұлармен қостас беруіне осы билермен [illegible] тұз

жіберген. Бұхар сарайындағы сөз сайысына Жанайдар түспек, әрине, сөйлеп тосылып бара жатса, Қазыбек әзірше өзі араласпай тұра тұрады деп Үкібай сияқты қара тілдерді салады. Ол болмаса басқа шешенді салады, бұл Бұхар сарайындағы сөз сайысы кейіннен бір үрдіс болып жеткен, бірақ әр патшаға пайдасы бар еді, неге десеңіз ақылдарымен, шешенді анықтап беретін. Бұл Бұхар сарайында есеп ғалымымен, жұлдызшы – сәуегейге дейін бар, тәуіптік ғылым, тіпті әл-химияда бар. Бұлардың бәрі өз шаруасынан гөрі алдына келген адамдарды сыннан өткізуге қатысқанды жақсы көретін.

Керуен Бұхар сарайына айға таяу жүріп жеткен... Түз әкелген керуенді де, қосшы бола келген атақты билерді өте жақсы күтіп, бір күні –сіздерді сарайға шақырады, - деп ала шапанды, ала тақиялы бір жас дәйекші келді.

Бұхар әмірінің сарайы өзгеше салтанатты. Сонау дәлізден кірген соң жер дүние түгел кілем болып кеткендей. Кілем болғанда көздің жауын алатын масатымен бірыңғай жібек, бұлар қазақы да мықшам, әдемше тік өкше, сүйір тұмсық етіктерімен ол кілемдердің үстінен, бейне бір жайлауға мамыр айында қонғанда, тегіс қырдағы бірыңғай көк бетегенің үстімен жүріп келе жатқандай, табандарына қатқылдау тиетін жердей емес, жұмсақтау тиіп тіпті кейбіреулері «шіркін, осының үстінде ғана жүрсем» дегендей аңсау сезіміне берілгендей. Үлкен де әдемі алтынды, айшықты, оюлы мұқаммал мен жиһаз. Қабырға атаулы есікте жоқ, әдемілік үшін кісі бойындай төрт бұрышты тақталар, бір бөлмеден өте бергенде шатыраш тақтасы, әдемі тақта үстінде құрулы тұр. Әрине, мұндайды бұлар Абылайдың сарайынан да көрген. Одан әріректе неше түрлі саз аспаптары да тұр екен. «Өзбек дутарларының мойны жіңішке, бас жағы қазақы қобызға ұқсас келеді екен» деп ойлады бұлар, аспаптардың арасында қазақтың домбырасы тұрғанын көріп, бұлардың

жүрегі орнына түсіп, Бұхар ханына деген бір жылылық, жақсы көрушілік пайда болған сияқты.

«Бұхар әмірі, ханы, патшасы» деп қазақтар атай беретін Бұхар әмірінің тура өзіне әкелді буларды. Сұлу өңді, қарасұр өңді, бет сүйегі биіктеу сақал мен мұртты сыңғыршырдай тынып басып қырқып қойған, орта жастардағы, басына жасыл сәлде тәрізді бас киім киген және оның маңдайына жалт-жұлт етіп тұрған асыл тас қондырған. Оның бар болмыс кейпін көріп, қазақтар әсіресе мінсіз түзу қырқылып, бір тектес қойылған сақал-мұртты көріп «тіпті осының сақал-мұртын түзеуге жарты күні кететін шығар», деп ойлануына негіз болып қалғандай еді.

- Қадірлі бауыр, қарташ, қазақ билері, мәртебелі Бұхар шахы сіздерді көріп сөйлесуді мақсұт етті, - деді бір уәзірі. Шахтың өзі сөйлесіп отырған адамға сонша аралары жақын отырса да, тікелей әңгімелеспейді екен. Әңгіме тәржіма дәрежесінде уәзір арқылы жүреді екен. Шах, ойбектердің әдеті белгілі ғой, сөз бастап, қазаққа әдеуір уақыт амандық-саулық, ел-жұрттың амандығы, Абылай падишахтың істері жайлы сұраумен болды. Бұлардың бір анық аңғарғаны барлық патшалар сияқты бұл да кейінгі кездегі Абылайханның әскери жеңістерімен мол хабардар екен, «Бұйте берсе…» деп бір жағы сескенетін де сыңайы байқалды. Бірақ падишах аты бар, көтеріңкіреп сөйлеп «дүниенің біраз жеріне әміріміз жүреді», дегенді сездіргендей болып отырды.

Мәшһүр Жүсіп атамыз осы жерді былай келтіреді:

- Абылайхан артық па, мен артықпын ба? Деп сұрапты жағалай отырғандардан. Падишахтың қабылдауында өзбек, қырғыз, түрікмен тағы толып жатқан сарттар отыр екен, барлығы бір ауыздан: - Сіз артықсыз. Сіздің тегіңіз асыл, сіздің жеріңіз де асыл. Тағы да шуласты, тіпті кейбір сарттар алға ұмсына сақалын шоштаңдата жалына сөйлегені

тіпті басқаларға әбестеу көрініп тұрды. Әрине, бұл пенделер осындайда патша көзіне түсіп қалғысы келетіні даусыз, патша көзіне түссе әр жағында сый, құрмет, тіпті сарай маңына алуы да мүмкін-ау!

- Өзіңіздің асылдығыңыз Бұхардай шаһарда, алтын тақтың үстінде, тура сап-сарыала алтынға малынып отырсыз, - деп әлгі шоқша сақал сөзге қонақ берер түрі көрінбейді. Әрине, қазақ билері үнсіз, мыналардың әрекетін үнсіз бақылап отыр.

- Жеріңіздің асылдығы, тап-таза тіпті жайнамаз болмаса етікпен намаз оқуға жарайды, -дегенде, барлығы оны қостап шу ете қалды.

- Қазақ қарындастар үндемейді, осы сұраққа бұлар не дейді екен, айтсын, - деді уәзір арқылы. Алғашында ешкім суырылып шыға қоймады, тек кішкенеден соң, Қазыбек көзімен жай іздеп тауып Жанайдарға сәл ғана болар-болмас бас изеді. Жанайдар шыршық атып отыр екен, шешен сөздің рухы қысып отырғаны байқалды. Отырғандардан уәзірдің ләмімен алға жүрелей жылжып отырып ханға қарады. Әрине, хан қосыла шуламаған, өзін дәріптемеген қазақ елшілерін кіржиіп ұнатпай қалғаны да сырт көзге осы кезде көрініп тұр еді. Бірақ, бұл кезде қазақ елшілерінің өзінің жеке пікір ұстағысы келетінін бұл да сезді, және алға шығып отырған шамамен он бес, он алтының мөлшеріндегі балаға бұл да таңырқай қарады. Жас шешенді сынап әкеліп отырғанын, патша ақымақ емес, бұл да сезіп білді.

- Иә, балам, сендер келіспедіңдер, мынау отырған халықпен, ал айта қойшы: Абылай артық па, мен артық па, - деді, уәзірді былай қойып, қарсы отырған Жанайдарға оқты көзімен зілдене қарап, әрі даусын шағырлай шығарып: Сонда Жанайдар ханға тіктеле қарап: - Әрине, Абылай хан артық, - деді.

– Қалайша ол артық болады? – деп қадалды хан.

– Абылай атасы сақалын сағымға көтертіп, нұрдан пайда болған. Сіздің атаңыз Ақманғыт, Тоқманғыт. Біздің қазақтың балалары ойнағанда: «Маңғыт, аулыңа шапқыт», – деп ойнайды. Түбі-тегіңіз Маңғыт жақсы болатын болса ауызға ойлап алынбас еді, – деп бір қойыпты. Бұхар ханы: -Хош, енді Абылайдың тұрған жері асыл ма? Менің тұрған жерім асыл ма, сен шешен бала, осыған жауап берші енді?!

– Сіздің өзіңізден Абылайдың өзі асыл, жеріңізден жері асыл. Сіздің жер асыл болса, ішер сулы Самарқаннан жылжырар ма едіңіз, тұзды Сарыарқадан, ит өлген жерден сұратар ма едіңіз? Абылайдың тұрған жері – Сарыарқа екі басса бір бұлақ. Ағар суы бал татиды, ақ шабағы бал татиды. Екі басса бір тұщы жер шығады, ондағы халық бір-бірінен тұз сұрау дегеннің не екенін білмейді», – деп Бұхар патшасына тіктеп қарап еді, көзін тайдырып әкетті. Қаз дауысты Қазыбекке қарап еді, қызарып, нұрланып отыр екен. Бұхар шахы – Рахмет, балам сөзіңе, менің сағымды сындырғандай болдың, осы керек етіме де. Менің сарайымда қалғың келе ме, кейінде Самарқанды билеген Жалаңтөстен кейін, қала билеушісімен, патша қазақтан шығып жатса біз таңғалмаймыз, өзбектер, – деді.

– Рахмет, қазақты бағалағаныңызға, сарайыңызда қалай қаламын, жер асылы Сарыарқа деп отырмын, өзім соның келе отырмын, екіншіден, сарайыңызға таза да қала алмаспын, хан асылы Абылай деп отырмын, қалсам бүгін жұрт алдында жақсы көріну үшін қалдырарсың, артынан ел кеткен соң «бөлем, мені асыл емес деп ең» жиендігіңнің қылығын менің мойныма сыңарарсың, – дегенде патша бір қызарып, бір сұрланыпты. Қазақ билеріне асыл жібек, шай, кант, кездемені мол беріп сыйлап жіберіпті.

## XVII – желі

Қараменде Шахаұлы осы жоғарыдағы оқиғалардың бәрін ой елегінен әлеукүннен бері өткізіп келеді. Өткен күн ой түсіре береді осылай. Түспей қайтсін, бұл жасаған дәуірде қауіпсіз өткен күн болмағандай. Туған бала тілі шыға қалмақ, жоңғар, торғауыт деген сөзді біледі. Соғыс ойынын ойнайды. Тал шыбықты ат қылып шауып жүрген бала, өзі сияқты шыбық мінген екінші балаға кездессе, қылыш қылып жүрген қысқа қу шыбығын сермеп «атыспақ керек пе, шабыспақ керек пе» деп кезеніп тұра қалады. Енді не істесін естігені, үлкендердің аузынан осы болса. Қараменде өз дәуіріндегі қазақ-қалмақ соғысының бәріне де дерлік қатысты. Бір кісідей жүректілігі де, батырлығы да бар еді. Неге екенін кім білсін, тіпті екі жақтың батырлары жекпе-жекте шығып сайыса бастағанды хош көрмей тұратын. Осы шаруаны «ақылға салып шешсе» деген ойдың безбені баса беретін.

Басқа билікке жүгіру деген де осы нәрсе сияқты. Соны танығандай Абылайхан да «Қареке сіз менің кеңесшімнің бірісіз, тіпті менен алыс, ауылыңызға қайтып кетсеңіз де, дүниенің төрт бұрышында жүрсеңіз де мен сізбен кеңесуді тілермін, тіпті қиялда кеңесермін» деген Қараменде биге үлкен салмақ болды. Аракідік ауылға айлап барғанмен хан сарайы Көкшетауда ма, жоқ Түркістанға жақын жерде ме, бәрібір хан ордасын іздеп тауып алып ханмен сағынысып көрісетін. Соғыстың себебімен қазақтан тіпті жүдеген батыр шықты, солардың ең атақтыларын ғана емес, аса атаққа шыға қоймаған, бір-екі жекпе-жекте болғандарын да Абылай біліп, олардың халін сұрап отыратын өте сұңғыла адам. Кейбір сөзшеңдігінің үстіне айлакер, қу мінезділер қанша бұлаң құйрыққа салса да Абылай алдында құлағы өтпейтін, қолма-қол өз сөзінен өзі ұсталып жататын. Абылайхан қарашасын

беталды жинаға бұйырмайды. Тіпті кейде соғыстан қашқан адамды да өлім жазасына бұйырмай, «елге барып мал өсір» деп қоя беретін. Жанындағы кеңесшілер неге өлтірмегенін сұрағанда, «қашып қорқақ қылып жаратса не шара, ол байқасаңдар жүре қорқақ емес, туа қорқақ, туа қорқаққа сот жоқ» - деп шешкен. Алдағанда қазақтың бағына берген хан бұл. Бір күні хан ордасында отырғанда бір топ билер ханмен табақтас болып, дәмді асқа кекіріп шығып отырған сонда бір сөздің ретінде Қараменде би: -Қаһарсыздан хан қойсаң қасиеті болмайды» -деп салды. Өйткені Әбілмәмбет хан турасында әңгіме болған. Осыны Абылай естіп: «Шіркін, Қараменде! Өткен мына заманда сен, соғыссыз заман болса қазақтың бас биі болатын адамсың-ау! – деп ризалық білдірген, және де осы сөзге мән беріп: «Япырау, қалай айтылған, тура біздің халық қана айта алатын сөз шығар» - деп бір мейірленген.

- Мұның жалғасы бар хан еке! Деді Қараменде.

- Айтшы, айтшы! – деп үзіліге қалды Абылайхан.

– Айтайын, - деді Қаракен - «Үлгісізден би қойсаң, өсиеті болмайды, пірсізден пір тұтсаң, харекеті болмайды, Құдай бергеннің, әрекеті болмай-ды, Адам бергеннің берекеті болмайды» деп салды. Абылай - «Қайран, қазақ сөзі-ай! Осыны айтқан Қараменде қасымда емес, менің жанымда отыр, шынайы ма, шынайы ма би! – деді. Бұл бір керемет күн еді. Қазақ сөзіне осындай бір інжу-маржан қосылып, ол ханнан өзіне лайық бағасын алып еді. Соғыстағы тарқан Жәнібек батыр болса, сөздегі тарқан өзің бе. деп қалдым, - деді Абылайхан, соның сөз жиынын, естеріңізде болсын қадірлі билерім, бұдан былай Қараменде бидің жолы «үйірімен үш тоғыз» болсын, бұл менің пәрменім, және ұсақ дауымен бас қатырып ешкім алдына келмесін, хан кеңесінің одан маңызды немесе мәселелері де көп», - деді.

...Қараменде, Жиделбай, Жарылған, Сеңкібайлар – Нұра

жағасында өздерінің әріптесі Мәнжі Күржікейұлының көп сыйын көріп, осы ауылда ән-жыр тыңдап, жоғарыда айтқанымыздай бір сергіді. Батырдың жомарттығына да тәнті болды. Жолшыбай осы батыр, және басқа батырлар, билер туралы әңгімені кезек айтысып отырды. Жидебай шешен бұларды күлдіріп те, шындығы да сол біраз әңгімелер айтып дуылдатып отырды... – Бұл Мән-жіден басқа Мәнжі де бар – деп бастады ол. «Мына Мыржықтан бері, Тиған деген шұрайлы жер бар, өздеріңіз білетін Ер-Тоғалақ Қожан батырда, атаққа шыққан кісі ғой, кейде «Қара-Шормыз, бәрінен де зормыз» деп жүретін Қожан батырмен бір соғыстан кейін жолдас болып Мәнжі, *Дәнжі*, *Дәс* деген үш ағайынды батыр жігіт еріп келіпті. Бұлар туралы айтпас бұрын Қожан батыр туралы айту-ләзім. Жидебай шешен, бұлардың күптаған түрін көрген соң, әңгімесін әрікарай жалғастыра берді. Қожан үжен жау түсіргіш батыр, бірақ көбіне өзі қол ұстайды, соған орай біршеше мың жылқы біткен, қойда есеп жоқ, дәулетті де адам. Қалмақпен өзі көңілі қалаған уақытта барып соғыс аша берген Қожекең. Өзінің қызық мінездері де көп. Қалмақпен соғысы көбінесе олардан біраз барымта жылқы алып келумен шектеледі екен. Өзі ән мен күйді жақсы көрген, тіпті жорыққа бара жатқанда қолындағы бүркітін, артындағы тазысын ерте жүрген. Жанына әнші, күйші, сайқымазақ серілердің бір тобын ерте жүрген. Қожан батырдың жорық жолы ылғи «жолда» болған. Қалмаққа барсын, торғауыттарға барсын, Дүрбітке барсын, Алатау асып жоңғарға тіпті ұйғырларға дейін өтіп кетіп жүрген. Қожанның мақсаты жауды жеңіп тастау емес, көбіне жаудан, жау жерінен олжа алу екен. Жаңа айтқанымыздай, оның тері боламаппты. Олжалы келетінінің бір дәлелі қалмақтан әкелген олжа деп тиген өзіне он тоғыз қалмақ әйелі болыпты. Оларды Қожан өзінің жеріне арасы жиырма-отыз шақырымға ауыл қылып қойды, сонда сол

төңіректе «мынау кімнің ауылы» - деп сұраса Қожандікі, анау кімнің ауылы? - десе Қожандікі бола береді екен. Қожанның өзінің жетерлік ақшасы, құлығы болған. «Батыр аңқау, ер көдек» дегенімен Қожекең өзі дәулетті бай, Қаракесектің бет-ке ұстаған батырының бірі. «мына Сеңкібай батыр, біледі, Қожан батырды қожайын деп бір қойды. Жидебай шешен. Сол көп әйелдерінің үйіне арғылық Қожан батыр қонуға келе жатқанда, дауылпазын даңғырлатып, бүркітін шаңқылдатып келе жатады екен. Бір күні кешкүрім бір тоқалының үйіне тағы өстіп тарсыл-гүрсілмен келе жатқанда, ауылдас жолдастарының бірі неге өйтетінін сұрапты. Сонда Қожан айтыпты: – «Тоқалдың жанында мұбада біреу болса қашып кетсін» деп осылай қыламын. Өйтпесем, сондай біреу болып, қолыма түсіп қалса өлтіріп тастаймын ғой, - деп қорқамын» деген екен. Сол Қожанды көп ел біледі, жаңағы айтқан сөзін де, батырлығын да Шөрекең мақтан ететін, өзі десе оған тұратын адам деді, Жидекең сөзін сабақтап. – Сол Қожаннан баста-лып кетті ғой, бір жорықта сол қалмақ жағына тиіп жүрген жоғарыда айтқан Мәнжі, Дәнжі, Дәс деген үш қырғылдың ба-тыр жігітін жолдас қылып ала келіпті, қайраттарыңды қайда сыйғызарларыңды білмей жүрсең, маған еріңдер, қалмаққа да, торғауытқа да бірге шығып тұрармыз, - дейді. Және айтады: - нәрсенің ебін білмейді екенсіңдер, мына түрлеріңмен әлде-қашан қалмақтар ұстап алып бастарыңды шабар, не тыңшылап шіріткер деген. Арқаның кең жеріне әкеліп Қарағаш, Тоқа деген Қарқаралы, Дегелең тауларының етегіндегі шұрайлы жерге орналастырыпты да, үйлендіріп, үй қылып, сол тәуір тұрмысты кешір сүріп отыр, -деді Жидебай. Бір жылы ел айта беретін сол Мәнжіні көрдім, өте үлкен денелі адам екен. Басы ерекше үлкен. Елдің айтуынша күземде сойылған семіз тоқтының сеңсеңі басына бөрік шықпайды екен. Ал қайраттылығын көзімізбен көрдік, сол ауылдың

желкесіндегі таудағы бір дәу қойтасты шамасы, қырық пұт бар білем, біздің қайратыңды көрсет деген өтінішімізбен әлгі тасты жарты шақырым жерден омырауға салып әкеліп қойды,«Мәнжікөтерген тас»сонда жатыр. Көзімізше шала ұшталған қайың қазықты ойпаңдау жерге қос қолымен жантая басқанда жерге сіңіп кетінті. Балуандығы даусыз, бірақ жауға қобалақтау, найзамен, семсерді қолапайсыз ұстайды, тек шоқпарға мығым, оған келіп қалса мыжжалапық жіберер – деп әңгімесін баяулата келе: сол Қожан бұл дүниеден тауда өткен көп әйелдерідауыс салыпотырсын, деп арнайы шапқыншыменайналахабарлатыпты. Кейінгі түскен бір тоқалының ауылына келіп уа, кім бар, хабарлас! Қожанбатырқайтысболды, деп шыңымен егіле естіртіп тұрса әлгі үйден шыға келгенҚожекеңніңжүзінкөріпүлгермеген тоқалы «бетім-ау, Қожаның кім, айтып тұрған деп бетін шымшыпты. Міне бұл сөз де рас, - деп Жидекең жол қысқарта айтқан бір әңгімесін аяқтады.

Кітабіміздің басында Жилебай Қожаназарұлы Дос немересі туралы айтып келе жатқанымызда басқа оқиға араласып кетті...

Жилебай батырдың атасы Дос баласы Қожаназар екеуі қалмаққа таң атырмай соғысқан батырлар екен. Бір күні қалмақтар есебін тауып екеуін де қолға түсіріп, зынданда бір жыл жатыпты. Елге хабарлаудың есебін таппай жүргенде, бір күні қалмақ қонтайшысы: - өздерің таңда, екеуіңнің біреуіңді астарыңа ат беріп елдеріңе қайтарамыз, екіншің, елді бізге тиіспестің кепілі болып осында қаласың депті. Дос пен Қожаназар ақылдасып, ақылдасқаны баласы сен қайт әке, дейді, әкесі баласына сен қайт, деп қалмақтың жауабын бер деген уақыты да өтіп бара жатады. Сонда әкесі қарағым елді елеспе, әрі-беріден соң сен елге қайтсаң кейінгіге тұқым таратасың, ал менің болса, қалмаққа тамағып ішіп зиянымды

тигізбесем, сендерге пайдам жоқ, депті, және екеуі де опап қалса көп ұстамай қалмақтардың өлтіре салатынын да біліп отыр ғой. Бұл тағдырды қойыңыз, сонымен Дос зынданда қалып, бір күні кешкұрым қалмақтар жүруге жарайтын бір тәп-тәуір ат әкеліп беріп, әкелі-балалы екеуі көрісіп жылап қоштасып, елге аман жетсең, ел-жұртыма сәлем айт, менің кегімді қайтарып алам демесін, әйтпесе тағы да бұлар мені өлтіріп тастайды, өздері дайындалып әбден күшейіп келіп тиіссін» дейді, онымен қоймай Дос қарт. Достың әкесі Әлмұрат, Әлтекелер де кейінде қалмақпен қатты соғысқан, бір жолы Әлтеке қалмақ тұтқынынантүсіпқашқандаретікелііқалғанҚа рамендe әкесі Шахамен бірге туған Толымқарт деген батыр құтқарып әкетіп босатқан. Бұл оқиғаны қалмақтар да, қазақтар да, осы келе жатқан Жидебай, Сеңкібай, Жарылған, Қарамен-делер жақсы біледі. Жидебаймен Қарамендe достығының түбірі тіпті осында жатқан шығар деп те ойлауға болады.

Сол жолы Қожаназар артта қалған әкесін қимай, олар (қалмақ) кешкұрым аттандырды дедік қой, артына қарай-қарай келе жатса бір уақытта артынан дүбірлетіп келе жатқан ат тұяғының шапқан дүрсілін естіп артына қараса келіп қалған әкесі екен. Ол бұған таңғалып жөн сұрағанша, әкесінің жанындағы өзіне ылғи келіп азық, тамақ беріп кетіп жүретін қалмақтың әдемі қызын көреді. Өзіне қыздың ғашық болғанын Қожаназар бұрыннан сезіп жүреді екен, бірақ тұтқын қолында оған не десін. Сөйтсе қыз айтыпты: «Менің шешем тұтқынға түсіп келген қазақ қызы, әкем қалмақтың айтулы бір батыры, атын сұрамаңдар, ағамның маған жаны ашиды, нағашыларымыз ғой, деп, мен мына әкеңді зынданнан алып, екі бәйгі атқа міңгізіп, жолда Қожаназарға жеткенде бересіңдер, әйтпесе, оның астындағы аты жарамас, міңгізерсіңдер деп жетекке жақсы ат берген қалмақ жігітінің адамгершілігі адам шынтысы болған. Арттарынан қуғын

бола коймас, сонда да камсыз болмай, қазақ еліне тезірек жетіңдер карындасым, ана жігітке соны айт, депті.

Міне, адамгершілік! Жау дегенмен жаудың ішінде адамдығы бар адамдар аз емес, тіпті көп болуы мүмкін!

Бірақ өмірдің тацы солай, жауласкан соң екі жак, бір-біріне жау. Жаулықты олар адам жаралғалы колданылып келе жаткан құралдың барлық түрімен, күллі жамандық, жаулық түріне барады: өлтіру,ұру,соғулықшанға салу,бір-бірінің ауылын шауып кету, түк калдырмай өртеп кету тағы,тағылар. Кейдежауыгадыкпенжасалған жаулыктың түрін көріп, апырау! Осыны екі аяқты адам баласы істеген бе – деп таңғалатын, яғни адамның жауыздығына адамның өзі, өрескел көріп таң-данар кез көп болады. Қазакпен калмақтың арасындағы егес ұзақ уақыттан келеді, калмақ контайшылары кезінде «үрін ішіп, шайқап төгіп» отырған ұйғыр мемлекетін құлатқан соң өздерін күшті санауларын коймады, казакка тиісе беруінің бір ұшығы адам «менмендік» болуы да мүмкін еді. Қазакка үнемі тиісіп, жауласудан ақыры олар пайдатаппактүгілөздері мемлекетретінде жойылып кетті. Жартысы Ресей колтығына Еділ бойына кашты. Бірсыпырасы Монголияға барып сіңді. Не пайда тапты?!

Қожаназар батырдың аты казак ұғымына тосындау сияқты. Көбінесе мұндай атты түркімендер қояды. Жиде-бай батырдың әкесі туралы естігені көп. Мынау еске түсіре жанындағыларға айтып келе жатқаны соның бір ұшығы, өз өмірі де, әсіресе балалық шағы кызық еді...

Сонымен Қожаназар батыр болып атала бастады, өйткені калмақтан жыл өткен соң, ел жоктап қойған соңғы кайта оралуы, тіпті сұлу калмақ кызын калыңдық кылуы ел ішінде аңыз болып кетті, аңыз болғанда сүйкімді аңыз еді. Бірақ әкесі Дос елге келгеннен соң көп ұзамай дүние салды.

...Қожаназар деген түркімен батыры екен, кайдағы

барымта-қарымтада, қалмақ, торғауыттағы Дос батыр екеуі қанды көйлек, төс қағыстырған дос болған екен, бұл кезде қазақтың Жиделі Байсын, Бұхара, Ташкент, берісі Сыр бойында жүрген кезі, Дос сол батыр жолдасының құрметіне баласының атын Қожаназар қойған екен. Екі тарихқа көз жүгіртсек, - деді, Жидебай батыр әрі шешен:

- Арғыннан тараған бес сопыны алыңыз, Мейрам сопы, кенжесі Кенже софы... Неғып бұлар Сарыарқада мешіт жоқ, медресе жоқ софы болып кеткен деп, кейінгі ұрпақ ойлар, ол ойлары жұмбақ болмасын... Ол уақытта қазақ жаңа айттым, Жиделі-Байсын, мешітті, медресені өзбек пен сартқа жамап тұрған, тіпті аралас құралас болған, Алшын Жалаңтөс Самарқанды билеген, Бердібек — Қарекесектің бір атасы Ташкенді билеген... Айта берсек қазақ тарихы ата қазық деймін, - Жидекең...

- Содан бергі Арқа жеріне көшкен соң марқұм атамыз, Қожаназар досынан көз жазыпты, қайтіп көріспепті, өмірдің түбі өкініш... Жидебайдың жастау кезінде әкесі Қожаназар да жатты бір қалмақпен қақтығыста ауыр жарадан жазыла алмапты... Жидебайдың жас күніндегі тағдырының қиыншылығы осы басталған. Әкесімен бірге туған бай ағайынының қолында қатты бақты. Анасы Айнара деген кіп-кішкентай кісі еді, жайлауға, не болмаса жаңа қонысқа үй тігуге қазақ дәстүрінде көбінесе әйелдер белсенді қатысады. Еркектер жұмыстың ірісін істеп береді, көмдейді, көтереді, кейде жүкті түсіріп те береді, одан арғысын әйелдер атқарады деуге болады, бірақ ортада бақанмен шаңырақ көтергенде еркек адам атқарады. Аса үлкен байлардың кейде он екі, он сегіз қанатқа дейін жететін үйлері болады, оларға уықты аттың үстінен ерікті еркектер тігеді. Айнара анасы бойы кішкене болғандықтан дәу ұзын бойлы баласы Жидебайды шаңырақ алып, уықты соның мығымы шығып тұрып, күлдіреуішке сұғатын.

- Жидебай он екі, он үш жасында Қаракерей Қабанбай келді дегенді естіп, қолына жиындағы балаларға тастай сала жүгіреді. Сөйтсе Қабанбай келгелі бірер күн өтіп те кетіпті, он ауылдың сый-құрметін көріп, енді тағы жата тұрыңыз дегенге көнбей, алда жорық жайы бар. Абылайханға кетіп бара жатыр едім, әлхамдулла» деп бата істеп аттанып барады екен. Бұл ауыл Өтекеннің үлкен ауылы еді, Қабанбай әдейі сыйлап түскен екен. Аттанып бара жатқан адамдарды көріп Жидебай бала екпесі өше жүгіреді, енді түскенде аттылар осы жаққа бұра тартып, баланың қарсы алдынан шығады, аттың үстінде таудай болып келе жатқан Қабанбайға жете беріп, өкпесі өшкен бала бір сүрініп құлап тұрыпты. Сөйтсе баланың жүгіріп келе жатқанын олар байқап қалып бұрылған екен. - Сен кім баласысың, - депті Қабанбай батыр (Жоғарыда бір жерде айтқанымыз, бұл кісінің шын аты Ерасыл екен). - Ата, батаңызды беріңіз, менің де қалмақпен соғысқым келеді, - депті бала Жидебай. Қабанбай: - Субханалла, түнде түсіме Қожаназар досым кіріп еді, соған көрінген-ау, балам қолыңды жай, төрт аламжайым (қасиет. Авт.) бар еді, біреуін саған сыйладым, әкеңнің қазақ басына еңбегі бар еді, - деген екен. - Енді қойныңды ашшы - депті ат үстінде тұрып Қабанбай Жидебайға. Жидебай үстіндегі дал-дұл болған көйлегінің екі бешпентіле қойын омақты жайып бола ма, өнебойы жыртықтан сау жері жоқ, солай да болса, екі иінін көтере берсе, екі түлкі жүгіріп шығып екі жаққа қаша жөнеліпті. Сол кезден бастап Жидебайда ақылмен, қулық, айлакерлік тоғысқан, әрі көмегерлік пен көсемдік тоғысқан айтулы қасиет пайда болып, өмірінің соңына дейін серік болыпты, осы түлкілер, және Қабанбайдың келіп кетуімен бата беруімен кейін Жидебай «жас шешен, жасбатыр» атына ие бастайды. Қандай ісі болса да ілгері басады. Бұрынғы ескі деректерде Жидебай, бергінгі кезде Ақыбай қандай

жолды болса, сол заманда Жидебай сондай жолды болған. Әртүрлі қасиеттері де қазақтардың Ұлы Отан соғысында тек пайдаға асып отырған. Бір оқиғаны алдын ала болжаушылық, жер жағдайын жақсы білетіндігі, жеті түннің қараңғысында іздей жоғалған нәрсені тауып алатындығы Жидебайдың атағын арқа-күреңге шығарған. Жидебай тіпті өзі жасында басқа да жетім балалар сияқты көріністі көріп өскен. Бірақ өзі өте зерек болып, ауылда бала оқытып жүрген қожа балаларға дәріс беріп жатқан уақта керегенің көзінен тыңдап тұрып біліп алады. Көп кешікпей қожа оның мұнысын біліп қалып: – әй, алла пендесі, оқушы болады, оқушы болады, оқушы болады,- деп үш рет айтыпты. Түркістаннан келген дін сараптап жүрген ол да бір қасиетті адам екен. Жидебай көп нәрсені біліп алды, «Имамшартты» жатқа соғатын... Осы жолы да серіктері Жарылған, Сепкібай, Қарамендe билерге бірге шарты айтты. Бір айтатын нәрсе, ұмытып кетпей тұрғанда осы біздің кейіпкеріміз төрт бидің төртеуі де арабша жақсы оқыған. Оқушылар үшін айта кетейік, осы билердің сол кездегі бір-біріне жазысқан хаттары әлі ел... Жидебай би әрі батырдың Арқаның бизне жақындап келе жатқандағы жаңылдығаларға және еріп келе жатқан шерік-сарбаздар ұқсын деп айтқан бір әңгімесі: «Пайғамбарлардың ішіндегі Аллаға ең жақыны – төртеу екен. Мұхаммедті – Хабиб деп (сүйікті), Ибраһимді – Халил (шын дос), Мұсаны – Калам (тілдесуші) деп аллатағала атаған дейді. Ал енді Исаны (Иисус) (Рухолла) деп атаған, өйткені ол Мария анадан үрленген рухтан жаралған, (әрине – алланың құдіретімен), екіншіден Исада өлген адамды дем салып тірілтетін басқа пайғамбарларда жоқ, қасиет болған (Осы жерде ислам дінінің бір ғажап артықшылығын айтпай кетуге болмас, бұл діндегілер, Иса пайғамбарға құран бағыштайды, ал христиан діндегілер, Мұхаммед пайғамбарды көп заман мойында-

май келіп, кейіннен мойындады, бұл жөнінде Рим папасы арнайы бәтуа шығарған, мәселенің ұшығы біздің пайғамбардың Исадан 1550 жыл кейін дүниеге келуінде болса керек, әрине оның дұрыс, адамзат жаралуынан он мың жыл бұрын жер бетіне келген деп терең шариғат кітаптарында түсіндіріледі). Жилекеңнің бір қызық шариғат туралы әңгімесін естігелі бәрі ағарын тебінің жанына жақында-ғыса келеді. Күн сол тымық, жел болса ауыздан шыққан сөзді қағып кетеді, бүгін айтулы бір тымық күн,ағарлан шыққан тер қолма-қол бусанып, булары көрінер-көрінбес будақтан ауаға ұшып, кеуіп кетіп жатыр. Бұлар әнеукүнгі хан жиыннан қайтып келе жатқанын әңгімеміздің басында айтқамыз. Жилекең әңгімесін жалғастырды: «Пайғамбарларға Алладан Жебірейіл періште арқылы келіп, сол арқылы хабарласып отырған. Ал, Мұса пайғамбар алламен тікелей сөйлесе алатын болған, әрине, дапдала, тасада, перде сыртында тұрып. Ол сол кездегі Бани Исраил еліндегі Тор тауына барып сөйлеседі екен. Бірде ол өзімен тауға барған Бани Исраилдың басшы-ларын Харун пайғамбардың бейітінің басында қалдырып, жалғыз өзі Тор тауына барып мінажат қылып отырғанда, Алладан хабар келді:

- Әй, Мұса, тілегіңді айт!

- Ия, Алла, сенің Мұбарак жүзіңді көрсем, -дейді Мұса қуанып. Бұл сөзді естіген періштелер шу көтереді. «Әй, Әмранның Ұлы Мұса! Аллаға-таланың Мұбарак сөзін естідің, енді дидарын көрсем деп талап қылып жатырсың, Бұл қылағың дұрыс емес» десіпті.

Алладан сол кезде хабар келеді:

- Әй, Мұса, төмен қарағын! Мұса ғалайһы-салам төмен қарап Сират Тақтаны көрді. Осы кезде тағы хабар келді: - Енді жоғары қара! –деген. Ол жоғары қарап ғарышты, одан соң Сират Тақтамен Ғарыштың арасындағы неше түрлі ғажайыптарды көрді.

Тағы да мінәжат қылып:

-Иә, алла, бұлардың барлығы сен жаратқан нәрселер ғой, мен сенің дидарыңды көруді арман қыламын, - деді тағы.

Сонда бір дауыс келді: - Бұл арманың әзірше іске аспайды, дидаркөруді көңіліңнен шығар, алланың дидары өте үлкен де ұлық. Сен болсаң небары бір тұтам нашар нәрсесің, алланың әрі көркем, әрі мінсіз, ешбір кем-кетіксіз дидарын көрсең, шыдам қылып тұра алмассың, - депті.

Сонда Мұса ғалейкісалам айтты:

- Иә, алла айтқаның рас, мен бір тұтам ғана, тіпті сен үшін көзге де ілінгісіз нәрсемін, бірақ, дидарыңды бір көріп, күл болып ұшып кетуге де бейілмін, - депті.

- Әй, Мұса! Ондай болса дидарымды көруден бұрын тауға қарап тұрғын, мен тауға қараймын, қарағанымда тау төтеп бере алса, сен де төтеп бере аласың, - деген хабар келді. Мұса «жарайды» деп етекке түсіп тауға қарап отырады. Бірінші аспаннан жетпіс мың періште түсіп, ғажайып қорқынышты, бұрын Мұса естімеген дыбыстар шығарысып дуырығысады.

- Әй, Ғимыранұлы! Алланың сөзін естігенге қанағат қылмай, енді дидарын көруге талап қылдың ба, - депті олар. Бұдан кейін періштелер аспаннан қат-қатымен түсіп, әр түрлі суретке еніп, мысалы, бір тобы бүркіт суретіне еніп, шаңқылдап мұның алдынан өтіпті. Осындай жетпіс мың періште мұның алдынан неше түрлі ғажайып болып, әр түрлі суретте өтіпті. Бірақ Мұса бұрынғысынан өз талабын айтып, көз жасы көл болып, бұрынғы тілегін қайталапты. Сол уақытта Алладан бұйрық болып, ол тауға қарайды. Бір тау оған сондай үлкен мың тау болып көрініпті, таудағы алтын, күміс, лағыл, гауһартастардан сан жетпес құбылған түрін, және бір таудағы жүз мың өз кейпін (Мұсаны) көрді. Осыдан кейін тағы дауыс келді: - Әй, Мұса, тауға қара! - деген. Ол тауға

қараған кезде Аллатағала өзінің дидарынан тауға зәредей бір нұр түсіреді. Бұл нұрдан бүтін әлем күн сияқты жарқырап кетеді. Одан кейін өте қорқынышты дауыстар жаңғырығып, таудың бір бөлегі лаулап жанып, күйіп, Мұсаның көз алдында күлге айнала бастайды. Тағы бір таудың үсті және бір бөлегі судай еріп кетеді… Бұл халді көрген Мұса пайғамбар есінен танып қалады. Сол кезде тағы періштелердің наразылық даусы естіледі.

- Әй, Мұса сен аллатағаладан ең ұлық нәрсені талап қылдың! – деген олар.

Мұса есін жинап, тәуба қылып:

Алла, сенің дидарыңды саған жақын үлкен періштелер де көре алмайды екен. Мен қате жасадым, кешір өзің жаратушы, құдіретті алла, -деп жалбарыныпты.

Алла тағаланың Мұсаға дидар көрсетпеуінің себебі: Аллатағаланың дидары бақи – мәңгілік көз болса, пәни тұрақсыз – көз. Пәни көзбен бақи дидарды көру мүмкін емес. Тағы бір үлкен себебі, аллатағаланың дидарын көру Мұхаммед ғалайһі-саламның нәсібі екен. Өйткені Мұхаммад Мұстафа Саллаллоһу ғалайһисалам Миғражға шыққанда, аллатағала оған: «Дидарымды қияметкүні көресіз» деп уәде еткен.

Мұсаның есі ауып жығылу себебі, ол тауға қарағанда үстіне кілем жамылып алған жетпіс мың кісіні көрінті. Олардың барлығы зікір, тасбих айтып Аллатағаланың дидарын көруді талап қылып тұр екен. Сонда Мұса пайғамбар оларға Аллатағаланың жүзін он төртінші күні туған айды көргендей көресіңдер, деген екен оларға. Мұса пайғамбардың бұл хадисі мұстақып болып саналады екен шариғатта. Біздің халықтың өмірімен тұрмысына, ақынның, шешеннің жел сөзіне айналған «он төртінші туған айдай» деген сөз осыдан қалған екен. Өйткені әр айдың он төрті күні ай

дөп-дөңгелек болып шығатынын сол уақытта-ақ адамдарға, яғни Мұса пайғамбардың заманында-ақ белгілі болған екен», – деп Жилебай шешен, өзінің жол қысқарта айтқан шариғатын аяқтады, жиындағылар бұл кісінің мұнша кең, қызықты да қорқынышты көрінетін дүниені білгеніне таңға-лысты.

Жилебай шешеннің сол заманда айтқан Мұса пайғамбар туралы әңгімесіне осыны жазып отырып, қазіргі дәуірдің шамасы – біз де сүйсіндік.

(Енді содан бері кемі екі жүз отыз, екі жүз қырық жылдар өтті деп алсақ, жоғарыда Жилебай бабаның айтқанына қосымша, өзімше толықтыру ретінде оқушыларымызға бұл жөнінде, ислам жөніндегі сенімдеріне тиянақ ретінде ғылымға сүйене отырып, оқушыларымыздың көңіліне тимейтіндей етіп бір әңгіме біздің де айтқымыз келгені рас. Ол мынандай: «Күннің беті жерден үш жүз есе үлкен, ол бір жүз елу миллион шақырым қашықтықта екені, бастауыш ғарыштың (астрономия) білімі барларға да айқын. Ал, Галактикада (Құс жолында) Альфа шоқ жұлдызындағы кейбір жұлдыздар Күннің өзінен үш мың есе зор болғанда, оның қашықтығын жиырма бір қатар санмен оқуға ғана болатыны да белгілі. Қазіргі ең ұшқыр самолеттермен қонбай ұшқанда Альфа жұлдыздарына 7 млн. жылда ғана жетуге болады екен. Алла жерде де емес, көкте емес, өзі жаратқан дүниенің ішінде де емес, дейді Ислам ғылымы. Осы орайда Ұлы Абайдың «Алланың ғылымы өлшеусіз, адамның ғылымы өлшеулі, өлшеулімен өлшеусізді біле алмайсың» –деп түйгені қандай ғажап айтылған. Оны айтасыздар, біздің кітабымыздың осы жолдары жазылып жатқан уақытта теледидардан ғалымдар Биксен шоқ жұлдызынан жаңа Галактика ашылғанын хабарлады. Не деген ғажап, дүние... Галактика ар жағында Галактика, шексізден шексіздік... Расында «ғылым қанша қарыштап кетті, білмейтініміз жоқ, құпиясы бәрін ашты»

деп қазіргі ғалымдар өздері де айта алмас. Өйткені адамның ғылымы Алланың ғылымының жанында Жер үстіндегі бір тарының қауызындай шығар... бәлкім одан да кіші...

Демек, біздің ұғым дәрежемізде жаратушы Алла, ислам ғылымында айтылғандай сол Галактикалардың сыртында ғой. Тіпті де біздің мүмкіндігіміз шектеулі ғой. Біз өзіміз «білеміз, игердік» деген өзіміздің Жер планетасының ол шеті мен бұл шетін көре алмаймыз ғой, тек айналамыздағы бірнеше шақырымдық көкжиекті ғана көре аламыз. Соншама дүниені алып етіп жаратқан «Аллатағала өте биікте, дидары да аса зор, ұлық» делінеді, тіпті Ислам терең талданды, дейтін терең жазылған кітаптардың өзінде. Сондықтан тіршілікте оны көру мүмкін емес. Бірақ тек қана Исламды терең талдап, оның ғылымын ұлық дәрежеде игергенде ғана жұмбақ ойды азырақ сейілтуге болады. «Лаухул-махфуз» ғылымын, яғни о дүниедегі жағдайды оқытатын ұлық жоғары оқу орны Иранда Куфе қаласында бар делінеді, бірақ оған түсуге қойылатын талаптың қатаңдығынан бұрынғы ТМД елдерінен әзірше соны оқып, бітіргендерді көргеміз де, естігеміз де жоқ.

Осы бір орайда бұрынғы Кеңестік жүйе кезінде Маркс пен Ленинді ғылым, ал дінді фантастика, қиял-ғажайып, мистика деп оқытқанына бүгінде күлкің келеді. Бірақ саналы адам мұны қашан да түсінеді, оны көп санасыздың сол пікірдің жетегінде күні бүгінге дейін жүріп, тіпті өздерінің парықсыздығына қарамай дау айқалы келетіндерін қайтерсің!

Аристотель мен Платонның, Әл-Фарабидің, Фома Аквинскийдің, Рене Декарттың, Э.Канттың, Сартрлердің шығармаларын жұрт білмеді. Бүкіл әлемді жаратқан алланың барлығы, кеңестік жүйеде халықтың сорына айтылмады да, насихатталмады. Коммунистік жүйенің амбициясында шек жоқ. Мұхаммед пайғамбардың «Оқы, оқы, және оқы» деген ұлағатын Ленинге теңеді. Мешіт, шіркеулерді таза жой-

ың, бұрынғы Исламмен христиан ғұламалары және олардың кітаптарын өз әйіше ұрлап пайдаланып, ондағы тезистерді коммунистер айтты дегізіп солардың аузына ұлағатты сөз қысып салды. Бұл үлкен әңгіме, бұған біз көп соқпайық, әйтпесе ұзын соқпаққа түсіп кетеміз. Тек осыған қосымша бірер ауыз түйіндейік. Гректің данышпан философиясы даналықты сүю деген ұғым; араб тілінде «фәлсәфә» болып аталады. Алла, ғылым, білімді де адамдарға тәрбие және бір жағы сынау үшін жіберген. Өйткені алланың көп сипаттарының бірінде «алла білімді, ол ғалым». Сондықтан да Мұхаммед Мұстафа Саллаллаһу ғалайһиссаламның хадисінен іздеген адам «Мен әдеп, тәлім-тәрбие, ілімді кең таратуға жіберілгенмін» деген. Қараменде, Жидебай, Жарылғап, Сеңкібай батырлар мен билердің аллаға сенімі нық болған. Кейбір ұрыс-соғыстарда бұлар «бисмиллаһи рахман рахим» деп кіретін болған. Оған бұлардың бір-біріне жазысқан хаттары дәлел. Көбінесе Қараменде мен Жидебай хат жазысып тұрған. Хатты сол өңірге бара жатқан сенімді адамнан, болмаса кейде арнайы адам жұмсап жіберетін болған. Ол тығыз-таяулық оқиғаның маңызына қарай болған.

«Ушбу хатымызды Жидебай батырға арнадық, - деп жазылыпты, сол уақытта Қараменде бидің бір хаты. Стилі де, сол емлелері сол уақыттағы, және жадидтен Ахмет Байтұрсынов әліпбесіне дейін қазақ сөзі араб графикасы ғана емес, емлесіне дейін араб сөзіне жақындау сөйлеп тұрады. Осы күнгі, ескі араб емес, грамматикасымен шыққан бұлақтарды зерттеушілеріміздің оқып білуге қиналуының да жөні бар. Өйткені ол уақытта сөз қазақтікі әрпі мен грамматика арабтікі болған соң көп қиыншылықтар кездеседі. Қазірден қолға алмаса Уфа, Қазан, Петербург, Москвада жатқан он жетінші - он сегізінші ғасыр тарихы, қазақ тарихына қатысты көп парақтарға қол жету қазір оңай болмай тұрса, кейіннен қалай

оңай болсын. Тағы бір-екі ауыз сөз сол уақыттағы өзіміз қолданған араб әрпі, араб жазуы жайлы. Көбіне жазуда дауысты дыбыстар қойылмай кететіндіктен, оқу қиындығы, немесе қате оқу пайда болады. Бұл қиындықты Гаспринский жолын салған усулжадид, А.Байтұрсынов жасаған төте оқу орнына келтіре бастаған болатын. Және Қарамеңде би: - Жидебай досымыз және інеміз іспеттес батырға үшбу сәлемді жолдай отырып, алла тағала нәсіп еткен күндерді кешіп, Үлкен көл аймағында жүріп жатқанымызды хабарлаймыз Алла нәсіп етсе өздеріңізбен Сеңкібай, Жарылғап батырмен кеңесіп, бұрынғыдай «бір жеңнен қол, бір мойыннан бас шығарып», сіздерді сағынғандықтан, Сағадан жоғары өрлеп Тоқырауынның бір шұғайлы тұсына қарай жайлауға барсам деймін. Алдыңғы жылы Арқаның Айрық аймағына қарай жайлағанымызды өзіңіз жақсы білесіз. Өйткені сүйікті баламыз Келте батырдың жылын беру ниетінде болдық, және солай болды да. Сауал айтқанды естіп, өзіңіз де келіп халықтың игі жақсылары бір бас жиып болса деп едім. Бірақ сіз келе алмадыңыз. Енді бұрынғыдан жиі кездесіп қауышып тұру жолдастарға міндет. Аллаға шүкір, бұрын майданда бар боламыз ба, жоқ боламыз ба деп жүргенде де сіздермен үзеңгіміз айырылмап еді, енді жасымыз ұлғайған шақта жақын жүргенді қалаймыз, сізде солай ойлайды ғой деп үміт етем. Түбі өздеріңізбен ақылдасып Тоқырауынның бір қыс жұмсақтау өтетін жерінен қазіргі өздеріңіз сияқты бір қыстау салдырсам деген ойым және бар.

Үшбу, құрметті, ғизатты досымыз! Біздің бір балалар Шыңғыстауға барып қайтқан, Шаған бойының мына бір қаршығасын алып келіпті, нағыз «түйғын» өзі, Тоқырауынның үйрек, қазына салып қызықтаңыз беріп жібердім. Құдайға шүкір, бұрынғыдай қалмаққа алаң болмаймыз, жақын жерден Сеңкібай аға батырға сәлем қылыңыз. Алла ғұмыр

үмітпен саушылықпен кездескенше қайыр, қош Қараменде. 17... жыл.

Жиенбай батыр, осы хатқа жауап қайтарды ма, жоқ па мәлімсіз, бірақ осы хаттан батыр әрі билердің риясыз көңілін түсінесіз. Біздің халықты қалтыбиқан ала ауыз деген атқа таңу бергіміз, бодандық дәуірінде басталған. Негізінен бір-біріне бауырмал халық. Әйтпесе жеті жүз жыл соғысқан қалмақты жеңе алмас еді.

Қараменде батыр, сонау қан жылыпан қайтып келе жатқанда көп соғысты, халықтың басынан кешірген, ой түпкіріне салып келе жатыр еді. Бұл сияқты шамалар елді ұйыттаса, басқарып ұстап тұрмаса ел ел болмас еді, жұрт жұрт болмас еді. Қазақ деген халықтың болуымен болмауы деген сын сағатта осындай ерлер шыққан еді.

## XVIII-желі

Қазақ халқының менталиі да, патологиясы да тіпті қан құрамының өзіндік ерекшелігімен дарыны ғалым ағамыз Оразақ Смағұл дәлелдегені үшін кезінде қуғынға ұшыраған еді. Өте қанның тазалығына болар, далада сақы өскендікі болар, тазалық қарсы нәрсені көтере алмайды. Сондықтан да полигонға қарсы тұруда халқымыздың организмі өте қиыншылыққа ұшырады...

Таза қанды халық дедік қой. Бір ғажабы сол заманның өзінде Батыс пен Шығыс ит арытып, тәй тондырып барып бір-бірімен құда болып алысып хан ардақтатарған. Бұл халықтың сол уақытта-ақ, зиялы, білімді болғанының дәлелі емес пе...

Кітабіміздің өн бойында Сенкібай батырдың есімі айтылып келеді. Кезінде Би аға атанған әрі батыр, әрі би керемет кең адам болған Сенкібай Оразғұлұлы шамасында елінің

қорғаны, алынбас қамалы болған. Қалың ел Арғындардың сол бір аумалы төкпелі заманға дейін де Сыр бойында көшіп-қонып жүргені бүгіндері ақиқат. Жоғарыда бұл турады әжептәуір әңгімелегеміз. Арғыннан тараған Қаракесек руханың бір бұтағынан Қожас батыр деген кісі болған. Тарихта аса белгілі Әнет бабамен қатарлас та, сыйлас болған.

«Әнет бабаң Арғынның бел баласы
Өзі би, өзі молда, ғұламасы...

деп «Қалқаман – Мамырда» ма екен, жырлағандай Әнет бабаң деген кісі қазақ халқының сол уақыттағы символикасы болған. Тіпті Қазыбек бидің де кезінде ол кісіден ұлағатты сөз үйренем, ғылым, білім үйренем – деп көшіп барып отырғаны да шындық. Әнет бабаң сол уақытта мұсылманша терең оқыған екен, терең мұсылманша оқу деген араб, парсы, түркі тілдерінде жақсы білу дегенге саяды. Ал, Әнет бабаң сол уақытта бүкіл қазақтың эталоны іспеттес болса, бүгін халқымыздың оқу білімге деген құштарлығы оны әжептәуір дәрежеде игергені де емес, неге қазақ Бұхара мен Ташкенге, Самарқанға жуықтай береді, өйткені мешіттері мен медреселері бар, оқумүмкіндігі бар. Кейбіреулер сенбей жүргендей Өтейбойдақ деген оқымысты дәрігер Әбу-Синаның ғылымын әрі жалғастырған адам, оқу мен білім болмаса ол ғылымды қалай игереді? Қожас батыр жорықтан тыс уақытта Әнет бабаңнан мұсылманша сабақ алады екен, бір айға кететін, оқуға құштарлықтың жосығы ол қазақтардың үнемі соғыс жағдайында болуы, соғыс жағдайы өлім қаупін айтарлықтай жақындатады, ал қазақтар мұсылман болғандықтан иман кәлималарын үйрену, яғни оқуда, сол уақытта бірінші орынға шығарған деп айтуға негіз бар. Сол уақытта оқу-білімді игерген көптеген уәлиолдалардың (әулие) шығуы қалмақты жеңуіміздің бір себепшісі сияқты. Әсіресе Қоқан, Бұхара. Хиуадан оқыған Кіші жүз өңірінде

әулие-әмбиелер тіпті көп, айталық аты мәлім Бекет әулие сияқты. Одан бергі Орта жүзде де әулие-әмбиелер шыға бастайды.

Әулиелік дін ғылымын терең үйренумен келеді, бірақ Жидебай, Сеңкібай, Қарамеңде, Жарылғап сияқты адамдарды мүмкін – кәпір қалмақпен мүддесі үшін шығар аманатқа оларға жерұйықтық, көріпкелдік сияқты көп қасиеттер берген екен. Мысалы, Жидебай батыр айсыз қараңғыда былтыр бір жерде түсіп қалған келдігін тауып, найзасының ұшын жерге ат үстінен иіп тұрып, жанындағыларға біреуің түсіп алып беріңдерші, былтыр жорықта осы жерде сүйек мүжіп отырғанда келдігім ұмыт қалыпты, ешкім алып кете қойған жоқ шығар депті. Жанындағылардың біреуі түсіп қараса расында жүзі алмас ет басқан келдік сол бойы жатыр екен. Жидебайдың Қаракерей Қабанбай сыйлаған алма-жапы екі қызыл түлкі екенін жоғарыда айттық. Абылайхан «Жидебайдың сондай түлкілері бар» дегенді естіп жорықта жүргенде, өзіне жақын бір адамға аңдытады, жеке шатырда ұйықтап жатқанда сығалап қараса төсінің үстіне қойнынан шығып кішірек қызыл түлкі шоңқайып отырыпты, жүгіріп Абылайханға айтуға келеді, екеуі барса, тіпті бір емес, екі түлкі қойнынан кіріп жеңімен шығып жүр екен. «Енді тиме депті», – Абылайхан. Хан өз көзімен көрген соң, бұл бүкіл қосынға жайылып Жидебай батыр тіпті әруақтаныпты.

...Жорықтан тыс уақытта Арқадан елге келіп Жидебай өз ауылында бәйбішесінің үйінде жатады. Ол уақта «тоқал» деп атамайды екен, тағы бір, немесе бірнеше әйел алса, оларды «екіншілікке» алған деп атайды екен. Жидебай батыр жеті әйел алған. Ислам шариғаты төрт әйел алуға толық рұқсат етеді, бірақ алғашқы әйелдердің ризалығы болу керек, дейді. Оқушылар: «бұл жазушы Жидебай шешенді, діндар ғылым қойып еді, көп әйел алғаны шариғатқа қайшы емес

не? – деп. Төрт әйел алғанның үстіне соғыста қолға түскен есерейлер (тұтқындар) есебінен ондай әйел кәнизакқа жатады, ал кәнизакқа иесі қандай тұрғыда олжа ретінде қарайды. Бұл туралы ескішариғатта көп айтылған, нақтылы іздеген адам өзіне жауап алады. Жоғарыда бір жерде Қарашор, Ер-Тоғалақ Қожан батырдың 19 әйелі болғанын айтқамыз, ол да осындай тәртіпте бола алады, төртеуі некелі болса, қалғаны жорықта қолға түскен қалмақ қыздары, кәнизак есебінде. Бір айтатын Қожан үлкен батыр болған, әр жорықта қолға түскен қалмақтың мүлкін, мал-жанын, ол уақыттың түрпы бойынша сарбаздар бөліске салатын болған, сонда «мынау батырдың өз үлесі», деп қарамағындағылар сыйлаған. Әттең Қожан батыр туралы қазір деректер тым тапшы, бірақ қазақ халқының азаттығы үшін айқасқан өзіндік үлесі бар батыр екеніне дау жоқ.

Жидебай батырдың сол әйелдерінің бәрінен ұрпақ тараған. Әрине, қазір олар үлкен елге сіңіп кеткен. Біз Жидебай батырдың әрі би, әрі шешен болған адамның ерекше қасиеттері туралы бір жағы, кезінде үлкендерден естігенімізді, тағы басқа кейбір жазба деректерді пайдаланып сөз етіп отырмыз. Басында осы әңгіме Сеңкібай батыр әрі би, әрі шешен туралы басталып келе жатқанда Жидекең «киіп» кетті. Сеңкібай бабаға қазір ора-ламыз...

Жидекең Арқада демалып жатқандағы бір қызық оқиғаны тіліміз жетсе айтпақ болып отырмыз. Арқа дегенші, басқа өңірдің адамдарынан «Арқа» деген не, неге кейде «Сарыарқа атайды» - деген сұраққа тиянақ айта кетсек деп едік. Негізінен «қазақтың уақ шоқылы аймағы» деген жағырафиялық атауға жалпылама не болған, бірімен-бірі жапсарлас, араларын кіші-гірім жазықтармен қыраттар бөліп жататын Сарыарқа алқабын Қарқаралы, Кент, Кешубай, Беріккара, Қызыларай және Қарағаш таулары құрайды, сол

бұлардың арасы бір-екі күншілік жер, аралары сары-дала ... Кешубай тауы елеусіздеу болғанымен, бұрынғылар«Көзі жаман Кешубай» деп атапты, оның мәнін киіп үғасыздар, осы Кешубай Сарыарқаның берекелі су айрығы. Терістікке қарай осы таудан бастау алған Жирлы,Талды,Түндік өзендері ағады. Енді бір топ өзендер оңтүстік жаққа бет алады, олар: Ақтайлақ, Дәмбілаш, Сарыбай және Қаршығалы өзендері Кешубайдан бастау алып, әжептәуір жол жүріп Күсақ өзеніне жетіп, ал Күсақ болса Тоқыраумыға құяды. Бұл айтып отырғанымыз Сарыарқаның үлкен су күресінің бірсуі. Енді екінші табиғаттың Арқаға сыйлаған бір ғажап феномені бар. Ол Қайдаусыл- Шерубке деп аталатын жер. Осы жер Арқадағы ең жер биігі болуы тиіс. Осы әжептәуір жалық бол келген дөнес жерден көп бұлақтар бастау алады да, екі бағытта аға бастайды, батысқа қарай Шерубай- Нұра бастау алады да, шығысқа қарай Тоқырауын, кітабімнің басында-ақ айтқан сүйікті Тоқырауынға жатып, арна ашады. Әдетте дүниедегі өзендердің көбісі үлкен мұздықтаулардан бастау алады, үлкен мұздақтар еріп, өзенге бастау солар болады. Ал Арқа жеріндегі өзендер, суын жер астынан алады... Кей бұлақтар ағызарлай түрінен атылып ағып жатқанда жаратушы құдіреттің шеберлігіне тәнті боласың!Жоғарыда аталған үлкенді-кішілі өзендер жол бойы сансыз бұлақтардың суын өзіне қосып алып жосылады. Бәрінің барар жері үлкен теңіз. Тоқырауынның ең алғашқы бастау алатын жері сол Қайдаусыл-Шерубке, мына жағы Жалшыны деп аталатын қыстау-жайлау, жатқан екі кішірек тау, арасы қысаңдау сай, сайлы қалың, тығыз тал, қайың өскен, тіпті арасына кіріп бару да оңай емес, осы сайдың басынан жылай аққан кішкене сулар Тоқырауынның бастауы дегенге сенгің де келмейтін сияқты. Екі кішкене таудың бір жағын қаптаудай оңтүстікке, ойға түссеңіз, жаңағы екі тау арасындағы қысаңнан гүрілдей

ағып жатқан екпінді суға келдесетін, әлгі жұлқына аққан су үш-төрт шақырым ойға қарай шыға жан-жағынан «мені де ерте кет» дегендей кішкентай сүйкімді бұлақтарды қосып алып, енді қарасаңыз үлкен арнаға айналған. Төрт жүз шақырымдай жүріп Балқашқа құяды. Осы берекелі өлкеде жоғарыда біз әңгіме етіп келе жатқан батырлар өмір сүрді. Жидебай батыр Тоқыраудың бойында, қыстау- жайлауы да сонда болып, көшіп қонып жүрді. Қараменде би де түбі Дересінде болғанымен Тоқырауын бойынан алыс кетпеді. Көбінесе Тоқыраудың Балқашқа құяды. Осы берекелі өлкеде жоғарыда біз әңгіме етіп келе жатқан батырлар өмір сүрді. Көбінесе Тоқыраудың Балқашқа құяр сағасы -Саға деп аталады. Осы Сағада қыстау салды. Жалпы Жидебай, Сеңкібай батырлар бір-бірімен жер көрмейтін. Жарылған батыр болса кішкене бүйірлеу Ағадыр, Ақтағау жағында өмір сүріп жатты. Сеңкібай батыр өзінің сүйікті Қызыларайында Тоқыраудан сәл бүйірлеу таулы, ағашты, бұлақты, көкорай шалғыны бар, жапа неше түрлі өсімдіктің көз жауын алатына сондай, ол жайлауынды тапп алмайтындай тамаша өлке еді бұл. Сеңкібаймен Жидебай қазақ халқына қатысты ұлы оқиғалардың бірінде шет қалған емес. Бұларға Жарылған батыр қосылатын. Қараменде ауылға басты қалып көбіне Саңа биді, немесе Орманбетті қашырағын. Дересін Қаракесек елінің ыстығы күт мекен болды. Қаракесек көбіне ауыл шаруашылығына қарай алмағанмен оның кемтігін Саңа би толтыратын еді. Бұл кісі асқан жерінің, ауа райын дәл болжап отыратын адам еді. Сондай қасиеттерінің арқасында сәлем бере келіп бір жылы елдің жақсы жағдайына мерейленіп бірер ай думан-қуаны жалғасып кетті. Ел есін әбден жиған, айтысатын, жырлайтын ақындар көптен шыға бастаған...

## XIX- желі

Жоғарыда Сеңкібай батырдың бабасы Қожас батырды айтып келе жатқамыз. Қожас Орта жүздің ақылгөйі, батагөйі, әрі ғұлама оқымысты, әзі бір өнерді игерген Әнет баба Кішікұлымен жас болса да өте сыйлас болыпты. Қожас батырды жақсы көргеннен, әрі қызының текті батырға барғанын қолайлы, дұрыс көріп бір-бірін ұнатқан Қожас батырмен Тоқта сұлу деп аталған өзінің кіші қызының шаңырақ көтеруіне рұқсат еткен. Жоғарыда да айтқамыз, «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламада» Әнет бабаның бірде-бір қазақ баласы тістеп кетуге дәті жетпес...

Қожас батырмен Тоқта сұлудан Құлбас, Бектас есімді перзенттер дүниеге келеді. Бектас та ожет болып жасынан жорықтарға қатысып жүреді, бірақ, ол уақытта жазылып қалмай ол кісінің жаугершілік істері жөнінен көп айта алмайтынымыз рас. Бектастан Мойнақ, Бөргөз, Оразгүл есімді балалар туып, бәрі де өз заманының атақты адамдары болыды. Осылардың ішінен Бөргөз жасынан қолына қару ұстаған жекпе-жекке шығатын батыр болған. Мойнақ жас күнінен ақ сөз ұстаған. Ел ішінің дау –шарларын шешуге қатысқан. Мойнақ би атанған, өз заманында өңірге, әсіресе Қаракесек ішінен белгілі болған адам.

Сеңкібай батырдың асыл тегі туралы оқушыларымыз кеңірек білсін деген ниетпен,батырдың өзінен жоғары екі-үш атасын тарқатып отырмыз. Бектастың бір баласы Оразқұл дедік қой. Осы Оразқұл халық қадірлеп Ожаң деп атаған екен. Тіпті «Ожаң тұқымынан той» деген сөз біздің заманға да келіп жетті. Демек, жаман адам болмаған, үлкен дәулет иесі, құрмет иесі болып, көп жасап, жүз жасқа жақыннан барып дүние салған екен. Оразқұл да сол уақытта мұсылман тұрпамен біреуге әйел алған. Мысалы, үшінші

әйелі қарақалпақ қызы болған. Бұл Қаракесектің Жиделі-Байсындатұрған кездері болса керек. Әйтпесе Сарыарқаға қарақалпақ қызы қайдан келсін. Оразгүлдың бәйбішесінен- Сеңкібай, Аққісі, Желтау, Найза, Ақжол, Балта, Қылыш, Жолдыбай есімді сегіз ұл туғанын айту керек. Солардың ең үлкені төл басы- Сеңкібай. Екінші әйелі Үйсін елінің текті бір ағасының қызы Сырымбике деген кісі екен, одан: Шой, Қойсары, Тайсары, үшінші әйелінен Сасықбай, Далбатау деп аталатын Қаракесектің Қара бұтағынан тарайтын ұрпақтар туған. Өздеріңіз біліп отырғандай Далбатау, сол, Баяндағы Далбада туғанын әйгілейтін құжат іспеттес. Бұл кісілердің бәрін шежіре тарату мақсатында тізбелеп отырғанымыз жоқ. Бұлардың көпшілігі сол уақыттағы қазақ өміріне белсене қатысқан адамдар. Мысалы, Шой қазақтардың Ұлы Отан соғысында ағасы Сеңкібаймен тізе қоса соғысқан әйгілі, атаққа шыққан батыр болған. Тіпті белгілі болғаны соншай бұқар жырау өзінің жырларында бүкіл батырларды атамаған, тек белгілі бір үлкен ұрыстағы ерекше қайрат қылғандарды атаған:

Қалданменен ұрысып,
Жеті күндей сүрісіп,
Абылайдың қасында
Бастарын бәй тігісіп,
Сондай ауыр жорықта,
Қанды сонау соғыста
Бірге болған батырлар
Мыналар еді егесіп
Қаракерей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгенбай,
Беті қайтпас арыстар,
Шақшақ ұлы Жәнібек,
Серкекара Тілеуке

Қаракалпақ Құланбек,
Түбінен шыққан ертерек,
Шапырашты Наурызбай,
Құлменде Жібекбай жасында.
Бақ-дәулет басында
Сеңкібаймен Шойбек бар,
Қасқараулы Молдабай
Тапсыққожа Мамай бар,
Қатардан жақсы қалдырмай
Айнақұл, Бәти ішінде
Өңкей батырды жиысты,
Абылай салды жарлықты!

Деген Бұқар баба жырында жоғарыда айтқанымыздай сындулы есімдер аталса соның екеуі Сеңкібай, Шойбек ағайынды батырлар.

Қазақтың халық ғұрпында үлкенге жол беру, сыйлау бір жосын болатын. Сондықтан көп жағдайда Сеңкібай батырдың аты көп аталып, Шой іні көлеңкеде қалады. Сол кезде Шой үлкен кісілікті адам болған. Өзі жасаған көп батырлық, ерлік уақиғаларын жасы үлкен де Сеңкібай ағасына байлай берген. Әйтпесе, оның Бұқар бабаның ерекше мынаны біреуінің атын атайтын жырында тегін аталып тұрған жоқ. Шой батыр Шапырашты Наурызбаймен тос қағысқан дос болған. Бір жолы досына алыстан ат арытып барғанда үлкен, сый-құрмет көрген. Екеуі де ғылым, білімді жақсы көрген, көрегені де білікті адамдар болған. Екі батырдың ақылдасуымен қайтып келе жатқанда Түркістаннан ба, Қаршақ медресесінен атаулы қожаларды рисалынысымен оқу-білім, мұсылманшылықты тарату мақсатында Арқаға, оның ішінде өзі мекендеп отырған Қызылқарайға алып келіп, нұрайлы жер беріп, жағдай жасап, солардың ұрпақтары бүгінде берекелі ұрпақ болып, өсіп-өнген... Ұмытпай тұрып, айта кету керек, Шой бабаның

бейіті Қызыларайда, кейінгі ұрпақтары үкімет, республика дәрежесінде болмаса да басына тас қойып, бейітін жаңадан көтерген. «Өлі арыстаннан тірі тышқан артық» деген қайран бабалар, ұрпағына көл-көсір, астымен –үсті бірдей қазынаға толы жер әперіп кеткен Сеңкібай, Жарылғап, Жидебай, Қараменде сияқты бабалар емес пе? Оңтүстік өңірде Саңырық, мүйізді Өтеген, Сұраншы, Саурық, Наурызбай (Шапыраштты) бабалар да осындай тұғырда еді. Бодандықтың екі жүз жылында бұлардың бағасы төмендеді. «Қарнымның ашқанына ренжімеймін, қадірімнің қашқанына ренжимін», - деп сол бабалар және айтқан. Жеті жүз жыл соғысып, жеті нәубетті басынан өткерген қазақ халқын аллатағала көп сыннан өткізіп келген екен, сол сынның бәрінен қинала, қысыла өтіп, әйтеуір аллатағала жер бетіне қалдырды, жарылқады. Дүниеде мұндай сыннан өте алмай жойылып кеткен халықтар, ұлттар, ұлыстар қаншама?

Сеңкібай жоғарыда айтылған елге сыйлы дәулетті Оразгүлдан туады делік. Жас шағында ат жалын тартып міне бастағанда-ақ, күшімен, оңтайлылығымен, қақпа сөзге шеберлігімен Сеңкібайдың қабілеті айқындала бастады. Ол уақытта сол өңірдің биі Мойнақ би болатын. Тағы айта кетейік, Мойнақ би Сеңкібайдың әкесі Оразгүлмен бірге туысқан, одан үлкен. Бұлар қатты сыйласқан. Жас шағында Сеңкібайды Мойнақ би сіңілес қылып алып, өз жанына ертіп жүрген. Өз баласы Қарамырза да дауға, билікке араласқанымен шешендігі де, шешімділігі де басқа өнері де Сеңкібайдан кем соға береді. Адам баласы- пенде ғой... Басында Сеңкібайды қолдаштап жүрген Мойнақ ағасы, өз баласының кемшілігін көрмей бағыт алып бара жатқан Сеңкібайды қызғана бастайды. Бұл екі ортада бұған бірнеше оқиғалар, бұл қызғаныштың өрбуіне одан әрі жағдай жасайды. Дауға, басқа рулардың атап айтқанда Қуандық Алтайдан,

Сүйіндік Қаржастан да келін ара біздікке шақыман тұрады екен. Сеңкібай он бес жасында- ақ әкесінің алдына келіп түскен даукестердің дауын, байлөгелін тыңдап әлі-ақ шешіп жібере береді. Мұнысымен ол «Мойнақ атасының жұмысын жеңілдеттім», деп ойлайды. Сөйтсе атасы басқаша ойлапты... «Туған балам, Қарамыртқаға жол бермегені былай тұрсын, менің өзімнің алдыма шыға бастады, бұл әдепсіз шіркін»... деп кіжінген Мойнақ атасы Орагүл інісіне сәлем айтады, - мен десе, Сеңкібайды «шіріген жұмыртқа» деп сөзін бедірін, болмаса өбін тауып оққа байласын» - деген. Бұл сәлем Орагүлге қаншалаулық тисе де даланың қатал заңы, қазақы гүрыппен өскен адам. Сеңкібайды шақырып алып: - балам, үлкеннің алдына шығып, гүрметты бұздың, сенен үлкен үміт күтуші едім, амал жоқ, елден кет, кейінгісін көре жатырмын», - депті. Мойнақ атасының да, елінде көңілін аулау үшін, үйдегі мылтығына оқ салып «шақырып әкеліңдер Сеңкібайды, әдепсіз шіркінді, мына оқпен атайын» -деп кіжінеді. Сеңкібай әкесінің ойын түсініп қашқан болады, бес ұлы нағашылары Әнет бабан ауылы, Тобықты елі, Шыңғыстау. Ұлы нағашы жұртындағы үлкендер Қоқас батырды ұмытпапты, қатты қарсы алып бір айлай ерулеңі, бірақ бұл елден шыққа жетпесе маза болмағын болмалы, қашпа айтқанмен Қаракесектен Тобықты елдерінің арасы аса алыс емес, ат аяғы жететін жер, Мойнақ атасы әлі шала бүлінуғл екен. Аққісі, Жолтау, Найзалар жылқы қарауыл боп осы елге артынан келіп кетті. Ел ішімен, ағайын тыныштығын ойлап, Сеңкібай бауырларымен Шыңғыстауда қоштасып тұрып Сеңкібай өзінің еш бір жазығы жоқтан ойлады, бар жазығы сол өзіне жауыншылық ойлап отырған көне ғана туған әке баладай боп жүрген Мойнақ атасының бұзылып, бұл дегенді пікірінің жылдам теріске өзгеріп шыға келуі. Бауырлары да шыққанын білетін, әсіресе кішісі Жолтау:- «Ата, біз үшеуміз де енді сенімен бірге кетейік», -деп қалды.- «Айналай-

ын бауырларым, елге қайтыңдар, төртеуміз бірдей сыймсыз боламыз. Оның үстіне төртеумізге бірдей тамақ керек болар, сабау басты төрт жігіт тыныш жүре алмасыңыз, мұның аяғы, бүліншілікке соғар, сендер елге қайтыңдар»,-деді. Көмейлерге шы, мұңды өксік тығылды. Бауырлардың кимас сезімі оянды, інгі бауырлары ашық жылап та жіберді. Өзі де соңдай күйде тұрса да Сеңкібай оларға зекіген болды:-Жә, жас балаларға ұқсамай, маған кездескендеріңді елге айтпаңдар, тек әкеме ғана білдіріңдер,-деп танысып, Шаған өзенінің оңтүстік жарлауыт жағасында айырылысты....

Сеңкібай үдере тартып Ұлы жүз жеріне жетті. Екі жылдай сол елдің жігіт-желеңдеріне басшы болып жүрді. Жасырағын не бар, кейде ел ішінің де барымта-сарымтасы болады, көп болмаса да оған да қатысты. Арқа қазақтары біржола қалмақпен жауласса, бұлардың қалмақтан басқа да жауға тататын Қоқан деген қоқимасы бар екен. Ұлы жүз жағы біздің қарауымызда деп алым -салық төлеңдер деп, елді шулатып кетеді екен. Әр елге қойған қуыршақ бастықтары бар, оны датқа деп атайды. Датқаның ішінде де халқын сатпай, айламен Қоқандықтарды жаулыққа жібермей тұрғандары да бар. Сеңкібай тұрған ауылды шулатып он шақты Қоқан жасағы келді, бұларда мылтық бар, біздің қазақ жасақтарында көбіне садақ, қылыш, найза, шоқпар. Қоқандықтар болса, Қытаймен байланыс қылып осындай пілте мылтықтармен садақтың орнына қаруланған еді, бұлардың кеудесіне нан пісіп жүргендері осы мылтығы барлықтан ба, -деп ойлады, Сеңкібай. Қоқандықтардың камалында зеңбіректері де бар, ал пілте мылтықты өздері құйып жасауды әжептәуір игерген болатын. Пілтелі мылтықтар кітаптың басында айтылды, қазақ ұсталары да соғатын болды, бірақ соғудың, құйдамай емес, жұмысы өте көп. Сондықтан қазақ ұсталары әлі бірен -саран жасаудан ол кезде асқан жоқ еді.

Жасақ иттерді шулатып ауылға кірді, жүргүрсейші, бұл сүркиялар өздерін мұсылманбыз дейді, бірақ істейтін істері мұсылманға ұқсамайды. Зорлық-зомбылық, алым төлемеді деп жарлының жалғыз сиырын алып қою бұларға түк емес. Біреудің тәуір қызы болса, тығылып қалмаса бұлардан аман қала алмайсың. Өздерінің жетесін жабу үшін, үлкен бастықтарына апарып сыйлайды екен.

Айтқандай, ауыл шетіндегі үйден бажылдаған, әйел даусы естілді. Сенкібай сол ауылдың бір үйінде жатқан болатын, биыл екі жылға жақындады бұл жақта жүргеніне, енді туған Сарыарқаны, Қарқаралы, Қызыларайды сағынды. Сылдырап аққан бұлақ, жайқалып көк майса құрағы есіне түсіп, ауылдың біраз жігіттері сейілдеуге аттанып кеткен, бұл бармай қалып еді. Енді мынандай оқиғаның куәсі болды. Бұдан бұл жаққа келгеннен бері естігені болмаса, қоқандықтардың осындай жабайылығын бірінші өз көзімен көруі еді. Шеткі үйдегі жылап, барқырап жүрген кейуана екен, екі баласы бірдей қалмақтармен соғысқанда опат болған екен. Ауылда көп жігіттер болса бұлар да қаймығады, алым-салым дегенде, қолында тиыны да түгі жоқ, өздері шалап, құл есебінде жүрген пақырлар, алуға келгенде қайырымсыз, сондықтан бұларды қазақтар Қоқанның сарты деп атайтыны да осы қайырымсыздықтарынан еді. Сиырды біреуі жетектеп, біреуі айдап, ауыл шетінен аулақтау шығарып жатқандау қашарларға мінген, жандарына жинаған малды айдап, жүретіндерге тапсырды. Бұлар мұны ғана алып кетпейді, анығы, бұл ауылдың азаматтарының сейілден кеткенін сезіп келген сұмдар. Мойындарында мылтықтары қоқаң-қоқаң етеді. Сенкібайдың білуінше пілте мылтықты мойынға асып жүргенде ату қиын, атқан жерге жуық, оқтауы болғанмен пілтесін шырпыға тұрмастан, шақпақпен от беру керек. Қоянқол айқас жағдайында тіпті пайдасы жоқ, десе болады. Бірақ,

мылтық аты бар, осындайда халықты қорқытуға қолайлы. Осы ауылдағы үйлердің ішіндегі тәуірі Сеңкібай отырған үй еді, алты қанат ақ үй, Сеңкібай осы жаққа келгелі жолдас болып жүрген жігіттігі еді. Бұл өзі батыр жігіт, осы ел Шанырақты аталса мына жігіт Наурызбай деген жігіт. Жастары шамалас, екеуі өте сыйлас Сеңкібайдың өз елінен неғып жүргенін өз аузынан естіп білген. Тегінде, Наурызбай сияқты жас батырдың ауылына әрине білген адам жоламайды, мыналар да сондайларболды. Бетін қайтаруға болар, бірақ, бұл қоқандықтар шиебөрі сияқты, олар қой қораның бір шетінен барып бас салады ғой, бұлар да солай, мынау ауылдан қусаң, келесі ауылға барып, жуасты жүндейді. Кімге арыз айтып шағынасың, Ұлы жүздің ханы Әбілмәмбет өте жуас адам. Бұл өңір ия, құдая, берегор, Абылайды, ханды десіп отыр. Бұлардың да соғыстан көз ашқан кезі аз. Абылайдың кейінгі кезде үш жүзді біріктіре бастағанын бұлар, аңыз ретінде біледі, қалмақпен шайқастағы жеңістерін де естіп аңыз ғылып айтып отырады, ақындары дастанда шығарған. Жас Наурызбай – Бөгенбай батырдың көзіне түскелі екі жылдай болған. Бір-екі ұсақ соғыстарға қатынасқан. Ал, Сеңкібай болса, әкесінің нұсқауымен Бөгенбай батырды ел жақта жүргенде іздеп барған, ауылдағы жігіттермен, аударыспақ, садақ ату, қылыш сілтеу, найза сұғу және лақтырыс сияқты соғыс ойындарын үздік көрсетті. Сонда шау тартып қалған Бөгенбай:- Мына Қаракесек баласына риза болдым, өзі кім десек Қожас батырдың немересі болып шықты,- ал, ауыл балалары осы Сеңкібай құсап игеріңдер соғыс ойынын, қимылдайтын күн шида, мен айтты десеңдер, бір күндеріңдібос жібермеңдер, соғыс ойынына жаттығыңдар, ат зорыққанша емес, болдырғанша, енді бір ай жаттығу жасаңдар, мұны жас батыр Сеңкібайға жүктедім, мизам шыға жаттығу тоқталып, маңайындағы елдің жігіттеріде еліне барып тынықсын,

аттарын жарты айдай тойындырып, әр жағында жаратып ұстаңдар.- деп қарт батыр, Сеңкібайға батасын беріп еді... Шапыраштты Наурызбайды да Бөгенбай білген соң екеуі бауыр болып кеткендей еді.

Сеңкібай өзі шырғуда еді, қуаты бойынша сыймай, қалмақтармен үлкен соғысқа Наурызбай екеуі бірге аттанбақ.

Азаттың дегенің құр кең далада бетімен жүре беру емес екенін болашақ жас батыр жақсы түсінгендей болды.

Кең қазақтың даласында бәріне жортып жүрсең де құрылған тордан құтылып кете алмайды екенсің. Тағдырың бір алланың қолында болса да, өз еліңде, өз жеріңде басқа біреуге неге бас ұруың керек. Сеңкібайдың ойы тордан шыға алмай бұлқынған Қарқаралының ақ сіңіне ұқсады.

Өлкелердің бес-алтауы осы жаққа, ақ үйлі бетке алып келеді. Қоқанға қазақтар төлеп тұруға тиісті салықты сылтау етіп, әжептәуір олжаға түсіріп кетпек. Мына шеткі қарашы үйге келіп сиырын алып кеткендері болсаның бір түрі, «қалғандары қорқа берсін, сұрағанымызды беруге даяр тұрсын» дегендегі шолақ ойлары. Қоқандықтар зекет, ұшыр, құпшаш деп салықтың түрлерін тауып алған. Бірен-саран қазақтар болмаса, өз еркімен апарып беретін біреуі жоқ. Бұл өңірдің қазағының көбі «қоқандықтарға салық төлейтінін білмейді де, тек қолынан тартып әкеткенде ғана әттеген-ай » деп қала береді. Ұлы жүзде тегінде Арқадан гөрі қалың да тығыз. Қосылып кетсе Қоқан түгілі басқаға да сес көрсететіндей күш бар, бірақ бастары бірікпеген соң, одан не. Қоқандықтар соны біледі, мұсылманшылықты жамылып келетін құлығы бар, күміс пен алтын іздеп, малдың, аттың, қойдың семізін аламыз дейді. Кейде қарулы палуан жігіттерді Қоқан қорғанысына әскерге де алып кетеді. Адамға тұтынуға жарамды нәрсенің бәрін салыққа деп ала береді, биыл алып кетсе, енді жылы қайта айналып соғады, әйтеуір бітпейтін салық..

Үйге таман келе жатқанды көріп жас батыр жүрегі дүрсілдегендей болып есік алдына шықты. Сен .. кем келдің деп ұзын сарт мұны жықтырып алмақ боп, қамшысын көтеріп қалғанда Сеңкібай оң қолының қырымен өзіне түспе-гүе келіп қалған ұзын мойын омыртқа тұсынан қағып қалғанда мұрттай ұшты, басқалары жабылам дегенше, біреуін өзінің жас күнінен машықтанып келе жатқан әдеті бойынша аяқпен теуіп, жығып беріп бес-алтауын үйіп та-стады. Көтеріле берсе «ынқ» еткізіп тағы ұрады. Қолының қаттылығын бір қамшымен, ауылдағы бар адамдар, қатын-қалаш, қыз-қыршындар мына тамашаны көріп таңғалысты. Бәрі Сеңкібайға қызыға қарайды. Шеткері бұлар жиған әкеле жатқан малды бағып тұрғандар бір шырқтауы келіп ол да бұлардың жанына сұлады. «Теңкілеңдер, білгендеріңді істеңдер» -деп бұйырды жас батыр. Кешке дейін бұлғұнып ала шапқыншылардан қорқып келген ел маңайларына келе алма-ды, қылышпен кесіп, найзамен түйреген емес, жұдырықтан бітеу жара болған бұлардың бет пішіні бұзылып, түрлері өзгеріп тіпті «ака» деп бірін-бірі таный алмайтындай күйге келді.

Сеңкібай ауылда жүргенде бес алты жігітке «бәрің әлден ұстаңдар» дейтін. Олардың бірі қолынан, бірі аяғынан ұстап, сирағынан ұстап болғанда «болдыңдар ма?» – деп сұрайтын. «Болды» дейді олар. Сол кезде аяғына айнала силкіп тастағанда бес-алты жігіт тым-тырақай ұшып кетіп, құлап жататын. «Мына қожақылықтарды сабаймын деп кім ойлаған» деп қойды іштен Сеңкібай.

Шынында да осыларға мына ауылда қылғандарын да әлі көрмей ме? – деп ойлады Сеңкібай. Кешке қарай еркек-тер жиналды. Күндізгі оқиғаны көріп, кейбіреулері састы, шапқыншылар мұны тегін қоймас деп. Болар іс боп қалды. Осы оқиға Сеңкібайдың елге қайту туралы ойын біржола

бекітті. Наурызбай досымен акылдасып Төле бидің Шу жағындағы ауылына жүріп кетті. Төле би ауылына келсе, Төле бидің тәрбиесінде бірге болған жиені Қаракесек, тіпті Сеңкібаймен туыскандық жөнінен алыс емес Кинбай деген ширақ жігіт бар екен. Екеуі таныса келе оның шын аты Жиенбай екенін білді. Кинбай деп ширақтығына бола атап кетсе керек. Төле би өзінің сенімді бір-екі адамын бұларға қосып берді. Төле би Сеңкібай аузынан бар болған оқиғаны естіп білді, мұндай оқиға қазақ арасында жоқта ма. Мойнақ биді, Төле біледі екен, басын шайқап орындарына тиісті тапсырмаларын беріп, бұлар аттанып кетті. Қысқа айтқанмен Сеңкібайсыз өткен екі жыл Мойнақ ақсақалды да сабасына түсірген екен, ел шетіне жете бере бұлардың естігені жағымды хабар болды. Мойнақ атасы, ойласа тіпті бүлінген ештеңе де жоқ екен. Тек бидің өзі қалғыр маңынан тілдеп, дұшпандарының екеуінің арасына жік сала айтқан сөздеріне сеніп қалғанға ұқсайды, осы екі ортада қызғанып бас көтеріп, енді Сеңкібай елден кеткен. Барлығы Оразгүл әжесінің ауылына бармастан Мойнақ атасының ауылына келді. Би көмескілеп қарсы алды, құшақтап Сеңкібайдың маңдайынан өпті.

– Мойнақ би:- Қарамырза сендей ұқсата алмайды, сөзді түсінгенімен ұқсата алмай қалады, биліксе болсын, түбі бәрі өзіне қалады, балам! Шалға шуламба, көңіліңдегіні таста! - деді – О, қасиетті би ата, бәрі өз тәрбиеңіз, мықты болсын соны көбірек қабылдаған шығармын, - деп ұяла тіл қатты. Мойнақ атасы жиындағы Төле би жіберген екі тағулыстырушыға бір-бір бесті ат пен шапан жапқызып, бір кезде жақсы білісетін Төле биге сәлем айтып, бір айғыр үйірі жылқы, елшілерге қосылып ауылдан екі-үш епті жігіті Шуға қарай айдады. Бұл сый Төле биге жіберілгенімен Сеңкібай атасының оны енді қандай бағалайтынын ұққандай болды... Бұдан кейін өз ауы-

дына келіп ата-анасымен көрісті. Ожаң баяғыда «атуға» деп шын ниеті болмаса да оқтап қойған оқ Сеңкібайдың басынан асырыла атылды.

... Бұдан соң Нұра жағасындағы қиян-кескі соғыста Бөгенбайдың батасымен астындағы Көкдауыл тұлпарымен ойнақтатып Нови Корен дегенге Сеңкібай жекпе-жекке шығып жеңіп еді. Осыдан бастап басында батыр, кейіннен қалмақты әбден жеңгеннен кейін Би-Ата аталып өмір кешкен Абылайханның соғыстағы сенімді серіктерінің бірі болған, кейінгі ұрпаққа сөзімен де ісімен де өлмейтін із қалдырған Сеңкібай Оразғұлұлының даңқты дәуірі басталып еді.

## XX –желі

1730 жылдардан бастап қазақ қолының ішінде Қараменде, Сеңкібай, Жиделбай, Жарылған сынды Арқаның ерен батырлары жүрді. Сеңкібай жоғарыда айтқанымыздай Нови Коренге қарсы жекпе-жекке шығып жүргенде жиырма жаста еді. 1730 жылдың көктемінде «Арғанаты» тауында, Ұлытау өңірінде Абылай Үш жүздің атқа міне алатын баласына, қазақ баласына жиналуға үйден хабар таратты.

Бір жарым айдың ішінде Үш жүздің қырық мың адамдық қол жиналды. Абылайхан қалмақтарға шешуші соққы беруді ойлайды. - «Егер қалмаққа әліміз жетпей шегінсек, қалмақ бізді жер бетінде тірі қоймайды, екінің бірі, не басымызды жаудың жанғырығына салу, не атымызды ойнақтатып жеңіспен қайту. Қалмаққа әліміз қайтал жетеді, ұйымшылдығымыз жетпейді». – деген Абылайхан. Осы жолы «алла жолына» деп ақбоз ат шалып, ишандар, молдалар, елдің игі жақсылары, билері, батырлары, шешендері, нәпіл намаз оқып, артынан қазақ деген халықтың намысы үшін қасықтай қанын аямайтындықтарын әйгілеп дін адам-

дарына ант береді. Сондағы Бөгенбай батырдың анты мынау екен: «Мен баһадүр Бөгенбай, Алаштың ар-намысы үшін, қазақ халқының азаттығы үшін, ұл-қызын, жетімдерінің көз жасы үшін қарамағымдағы мыңдықтың және бүкіл осында жиналған Үш жүздің қару көтергендерінің атынан кек-тескен кесір жауды жеңу жолындамын, - деп, Алла атымен ант ұстадым». Сонда қатысқан шешендердің біреуі қағазға түсірген; оларды келесі ұрпаққа жетсін деген шығар, осы қағаз Бөгенбай ұрпақтарында сақталыпты.

«Бәріміз шаштық жоңғарға, алла жолымызды оңғарса» деген сөз сонда туған. «Ерлі намыс, қоянды қамыс өлтіреді» деген сияқты кейінге қалған ерлік туралы қанатты сөздермен, мақал-мәтелдер сонда туған.

Осы жолы жиналған жырық мың әскер жер қайыстыра, оңтүстік-шығысқа тартты, үдере тартып жол бойы, қалмақтардың ұсақ жасақтарын жойып, тұтқынға алып отырды. Ішларға жолшыбай тағы он бес мыңдай жасақ қосылып қалмақ алып қойып отырған қасиетті Түркістанды қор-шайды, қиян-кескі соғыс болады, екі жақтан да шығын көп. Аптаға таяу соғыстан кейін жау қаладан түнде ыай-даланып қашып шығады, артынан өкшелей отырып оларды Іле өзенінің Көк теңізге құяр сағасына тықсырады. Бұл уақытта күз түсіп, жер мен батпаққа, үздіксіз жауған жаңбырдың әсерінен айналған, әсіресе өзен маңайы ат аяғын алып жүре алмастай жағдайға келді. Рухтары риза болсын тарихи деректерге сүйеніп осы соғысқа қатысқан біраз батырларды атайықшы: Қаракерей Қабанбай, Қаңжығалы Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек, Шапырашты Наурызбай, ҚаракесекСеңкібай,Малайсары, Олжабай, Бағаналы Оразымбет. Уақ Баян батырлар осы соғыста бастан аяқ қатысады. Жиделбай батыр да қатысқан, ол кезде Керей Жарылған жас, соғысқа шамбегенкен.Сондай-ақ Табын Бөкенбай, Тарақты

Байгозы, Балтакерей Тұрсынбай, Мүйізді Өтеген батыр, Сырым Жалаңтөс батыр (Нұра соғысының қаһарманы), Көкжарлы Барақ батыр, Шотана батыр, Шапышқылы Бердіқожа батыр (Сонау Кішіжүзден Абылай қолына келіп қосылған), Олжабай батыр, Жасыбай батырлар қатысқан дейді. Тіпті сол кезде жасы ұлғайып қалса да бес жүз адамдық жасақпен біренне мың шақырымнан Тама Есет батыр да ат ойнатып келіпті. Осы соғыста Қазыбек, Қаражігіт, Қараменделер хан кеңесшілері болған.

-Сонымен қалмақтарды тықсырып әкеліп, Көк теңізге, Іле мен жанында Күркірек деген шағын өзен арасындағы алаңқайға хан ордасы тігіледі. Абылай үстіндегі сауытын шешіп, жай киіммен соғыс кеңесін ашады. Бұл өте қиын кезең еді, шынында да екі халықтың бірінің болып, бірінің болмауы деген мәселе күн тәртібінде тұрған болатын. Ақтабан шұбырындыдан кейінгі ең ауыр сәт еді. Бірақ онда қаптағанжау бейбіт отырған халықты жүндей түтіп жіберген. Қазақ қосындары жиналып үлгіре алмады. Арам жау, аңғырт халықты алып ұрған. Бұл жолы жағдай басқаша, Абылайдай кемеңгері бар, Қабанбай, Бөгенбай бастаған жүзден астам батырлары бар, тіпті осы әскердің әр біреуін батыр деуге болады, көбісі кешегі Түркістан үшін соғыста өздерін көрсетті. «Әрине, соғыстың аты соғыс, бірсыпыра сарбаздар, қала ішіне бекініп алған жау жебесі мен, құрулы піліте, әйтпесе жазайылдың оғынан көбі қаны кетті, жастығын ала кеткендер де көп, талай ана баласын іздеп аңырайды, талай жар суық төсекте соғыста өлген жарын жоқтар, бірақ азаттық бәрінен қымбат» - деп ойлады Абылайхан, олардың бәрі Құранда уәде етілгендей шәһит, яғни бірден жұмаққакіреді. Жоңғарларнүтқатабынады, сондықтан кәпір екені анық деп біледі қазақтар, олардың соғыстағы қатыгездігінің өзі-ақ олардың адами дінде емес екенін әйгілеп-ақ тұрған сияқты.

Абылай соғыс кеңесінде кеше қамыстың арасынан өзіне қарай біреудің ұшында қағазы бар жебені бауу атып жібергенін және қағазды алып оқығанда жаудың мақсаты соғыс қарбаласында өзінің басын жоюды жоспарлаған жағдайы айтылған екен. Бұған не дейсіңдер, билер мен батырлар деп сұрады Абылай. Біреулер соғысқа қатыспай ордамен бірге жасырына тұру керек десті, енді біреулері «хан иеге күшті мықтыларды күзетке қою керек» деп жатыр, Қазыбекке қатысып отырған, үндемеді, бұл үндемеген соң ірі билер үндемеді, билер үндемеген соң, батырлар да не дерін білмеді. Ал, Абылайхан, булар өзін аясын, деп емес, булардың осындайда ақыл-дәрежесін анықтап алатын әдеті де болатын. Сұрақты сол үшін қойып еді. Абылай жай кеңестерде де, соғыс кеңесінде де, Жәнібек, Қазыбектер жиі айтатын: «Қабарсыздан хан қойсаң - қасиеті болмайды, үлгісізден би қойсаң - өсиеті болмайды, пірсізден пір тұтсаң - қарекеті болмайды, Құдай бергеннің - әрекеті болмайды, Адам бергеннің -берекеті болмайды, - деген нақылды айтып қойғанды ұнатушы еді. Билер мен батырлары үндемесе да, дәл қазіргі сәтте булардың өзінсіз күні жоқ екенін түсінді, дәл қазір «қаша» деген адам болса, қашып кететін жағдай жоқ, өйткені булардың арты қалың қамыс, сол қамысты жебедей, көктей отырса сырттан Көкше теңізінің орта тұсындағы үлкен құрғақ даладан бірақ шығады, сол даламен жүре берсе, Бетпақтың шөлінен бірақ шығуға болады. Абылайхан көз астымен барлай қарап еді, булардың барлығының да өзіне сенетінін білді. Өзі хандық құрған он тоғыз жасынан бері Абылай ат үстінде еді. Аталарының жасап кете алмаған ірлікті бүкіл қазақтың басын біріктіру, мұның соған қолы жетіп келе жатқан сияқты. Әттең! Мына жоңғарлар болмаса үш жүзін басы қосылып-ақ қалатын уақытқа келіп еді. Бұл қазір орыс патшасының, қытай патшасын да ренжітпейтіндей сыпайы

мәмілегерлік ұстап отыр. Осы жоңғарларды естен кетпес ойсыратса, басқа жағалай оңала берер еді. Абылайхан соғыс кеңесінде бір сәт бұл ойға беріліп кетсе де жылдам ойын түзеп ала қойды. – Соғысатынымыз анық, кімнің қандай ойы бар? - деп сұрады. жағалай көз тастап. Ешкім үндемеді. Бұрындары соғыста атақты билер соғысқа араласпай, ақылшы, кеңесші ретінде болып, көшпелі Ордада отыратын. Билердің бәрі де бірауыздан «бүгінгі соғысқа қатысамыз» деді. Өйткені бұл соғыстың жеті жүз жыл тартысқан қазақ-қалмақ соғысындағы шешуші күн екенін екі жақ та білетін еді. Жау жағының Абылайды қайтсе де өлтірмек болуы да осыдан еді.

-Қазыбек би, туды сіз ұстаңыз», - деді Абылай.

Иншалла, тәпбай, хан! – деді Қазыбек. Билердің бірен-сараны болмаса, бәрі де жорыққа дайын келгені көрініп тұр. Абылай сауыт кигендерді түгендей қарап еді, Қазыбектің үстіндегі торкөз жеңсіз берендi көрді, әні жалт-жұлт етеді, шебер ұстаның ұзақ жұмысы болғаны көрініп-ақ тұр. – Шотана батыр менің жанымда боласыз, даусыңыз зор, пәрменді қайталайсыз, - деді. –Құп,деді Шотана. Әрине, хан қасында болған соң, оның оққағары болу да, өзінен-өзі түсінікті.

Хан мәжілісті көп созған жоқ. Бүгін кештен таң атқанша жаудың шабуылдап, киліккені бұлар үшін дұрыс болып саналды. Өйткені олар бірнеше күннен бері шеп жасап ордар қазып жатқанын жіберілген жансыздар айтып келді. Олардың құрулы торына барып түсу, жеңілістің басы болар еді. Сондықтан да бүгін таң ата шабуылға қазақ халқының ең басты күші, қарулы күші, осындағы алпыс мыңға таяу әскер шабуылға шықпақ, жеті жүз жылдық кеткен кегі бүгін алынбақ. Батырлардың жүрегі күшті болғанмен, бәрінің де жүректері орнында, көбісі, бір аллаға сиынып, қайта-қайта бесін намаздар оқуда. Соғыс кеңесінде Абылайхан қай мыңдық қай жерде болатынын, күшті сарқып алмай, тың

күштерден қамыс арасына жасырын ұстау, барлық соғысқа қатысты бүге-шігелер айтылды. Қиыба батырларға да серіктес-пеліктері көп туралы жақсылап айтылды. Бәрінің де санасына жеткен сияқты. Егер жау таңға дейін шабуыл салмаса таң жарылғанша бұлар шабуылға көшпек. Табиғаттың көмегі әйтеуір жайсаң жаңбыр тоқтады, самал жел көтерілді, бұл жақсы жерді кептіреді, ат тұяғы құрғақты қалайды, бұлар сияқты жау жағы да шиырылған.

Абылайхан ордаға Баян батыр бастаған мыңдықты шығып қалды және Сеңкібай батыр бастаған, дербес аз адамнан тұратын барлаушылар жасақталып қалды. Осы барлаушылардың арқасында жаудың күші толық анықталған. Жаудың адам саны бұлардан үш мың адамға көп екен. Оның есесіне бұлардың орналасқан жері қолайлы, Іле мен Күркіректің арасында. Жау екі жақтан, және артынан орап соға алмайды, тек маңдайдан ғана шабуылдай алады. Әрине, жоңғар қолдарында да ығай мен сығай батырлары көп. Бұл соғыста кімнің айласы мен бағы асқан жеңеді…

Түн ортасына дейін ешкім ұйықтаған жоқ, жатқан жерді білдірмес үшін от жағуға қосындарға рұқсат берілмеген. Бір уақытта «Аттан! Аттан, жау келіп қалды!» – деген айғай шықты. Абылай бұл дауысты бірден естіді, күбірлеп ия, алла жар бол! – деді. Дереу шатырдан есік алдына шыға бере Шотаманға қарап ақырып: Аттан! – деді. Шотаман күркіреген дауыспен – Аттан! – дегенде бейне бір күн күркірегендей болды. «Аттан» сөзі соғысқа аттану деген мағынаны білдіреді. Бұйрықпен айтылғанда аттан, аттаныңдар! Деген айқай мағына білдіреді. Енді бір сәт Абылайдың алдына көлденең ат тартылды, қарғып мініп: – Сеңкібай Ордаға ие бол, қауіпсіз жерге көшір! – деді, және Баян батыр, ерт мыңдығыңды мен алға қарай тебіне жөнелді. Астында бір жарата мініп келе жатқаны Жалынқұйрығы екен. «Жануар, екеуміз еңде

серт бүгін, не бүк, не шік болатын күніміз. Ия, жаббар ие, аллатағала, өзің жан қылып жаратқың, қазаққа хан қалдың, құдайсыз қурай сынбайды, бәрі өз әмірің, бұл пендеңді досқа күлкі, дұшпанға таба қылма» - дегенше, соғыс майданына келіп-ақ қалған екен, кенет Шоғаша алдың денесімен еңкейіп: - хан ие, сізге ары қарай баруға болмайды деп, Жалынқұйрықтың күміс қосып өрген тізгініне қол созды. Сол жерде кілт тұра қалды бұлар. Жалынқұйрық майдан жаққа қарап қос құлағын қайшылады.Абылай қайшылап тұрған өзінің көп атының ішіндегі жөні бөлекЖалынқұйрықты бүгін әдейі мініп еді. Қайшылаған қос құлағына көзі түсіп еді, құлақ түбінен екі үлкен тамшы тер көз алдында мөлдіреп атып шықты да, құлақ түбінен сағалдырыққа қарай домалай жөнелді...

Таң атып қалған, майдан қым-қиғут, ырс-ырс жеткен дыбыспен оқта-текте үстінен иесі құлағанда аттың кісінейтіні болады, сондай кісінеулер естіледі. Бұл жолы бұрынғыдай жекпе-жек жоқ, әрқайсысы, мыңдаған, он мыңдаған адамдар жекпе-жекте. Найзаның дүмпуі мен қылыштың шақыры айқын естіледі.

Сеңкібай осы қарбаласта түйеге комдалған Орданы майданнан бұра тартып ала жөнелді, беті Абылай кепе тасыдырған батыста болу керек биіктеу жер. Кенет қалың қамыс арасына кіріп кетіп, қалай барарларын аңдай алмай қалды, Сеңкібай сасайын деді, басқалар хан майданда арпалысып жатқанда мұның Орданы көшіріп, қоныра алмағаны ма? Ойына не түскенін кім білсін Сеңкібай Көкдауыл атынан қамыс ішінде түсе қалды да, батысқа қолын жайып жіберіп: ия, алла, бір өзіңе сыйындым, әулие-әмбиелер, қайып-ерен - қырықшілтен осындайда бер көмегіңді! -деп алды аллоһи жаббар деп бетін сипады. Кенет аспаннан өзіне қарай түйіліп келе жатқан қара бүркітті көрді, сойткенше болған жоқ, қара

бүркіт мұның маңдай тұсына екі құлаштай жақындап келіп қайта қанат серпе көтеріліп шаңқ етіп алға баяу самғады. Сеңкібай мұны түсіне алмағанша, ол қайта оралып келіп жаңағы деңгейге келіп тағы сол әрекетін қайталады, бір шаңқ етіп дәл айтқандай жаңағы бағытпен қалақтай ұшты, сол кезде батырдың көзі сәл қарауытып, самайы шым етті, бұл бүркіттің кеткен бағытымен көштің алдына түсті. Орданың көші-қонын бағдарлау Сеңкібайдың барлаушылары қамтамасыз етіп еді. Бұлардың бәрі сайдың тасындай, бір өзі онға тұрарлық жігіттер еді. Сеңкібайдың барлаушы және басқа да осындай атқаратын жауапты тапсырмаларын орындайтын қыран жігіттер еді. Бұлардың ішінде Қаракесектің Ортобет бұтағынан шыққан Балағазы батыр, Кіші жүзден Табын Бөкенбай батырлар бар еді. Орданың Көкшетауда тұрғанында Абылай хан өз еркімен жоңғармен соғысуға көмектесуге келген бес жүз қырғыз жігітін хан еркіндеу ұстайтын. Бұлар жоңғарлар жасырын, бұққантайлап келіп, Орданы шауып Абылайды не өлтіріп, не қолға түсірмекші болғанда ерекше қайрат көрсетіп, екі рет Орданы қауіптен алып қалған. Әсіресе Өтеген, Тойшыбай, Тінқара, Сарығасқа, Жаңғабыл деген қырғыз жігіттері «жоңғармен» соғысуға ел-жұрт, мал-мүліктерін тастап келген. (Осы аталған қырғыз жігіттері кейіннен біржола қалып қойды, Сеңкібай батырдың қолдауымен бұлар Қара руымен туыстас болып, сол кезден былай есептелінеді. Олар сол уақыттың ғұрпымен қолдырып кесіп, қан шығарып, кесеге туысқандық рәмізі ретінде сол шыққан қанды араластырған. Оларға Қызылжардан шұрайлы жерлер қонысқа беріліп, кейіннен мүлде сіңісіп кетті. Осы қырғыздардың бұрын да, қазір де белгілі азаматтар шыққанын айту ләзім. Авт).

Сеңкібай бүркіттің шаңқылына ілесіп біраз жүріп еді, алдынан тамаша құрғақ, қарауыт аланқай кездесті, осыған

дереу түйелерді шөгеріп жүкті түсіруге әмір етті, бірақ, ұрыс барысын аңдауға барлаушылар жіберілді. Кім біледі, майдан жайы қалай екенін…

Бұл соғыс 1748 жылы болып еді, осы ұрыста, шешуші ұрыста қазақ әскері, жоңғар әскерінің жігерін күм қылып еңсере жеңіп, жоңғарға қашқан қалдықтарын сонау Алатауға дейін қуып шабақтаумен болды. Бірақ соғыста күтпеген жағдайлар бола береді. Қазақ туын Қаз дауысты Қазыбектің өзі ұстап жүрді делік қой. Осы ұрыста Ақпантай деген батыр сүйсінерлік ерлік көрсетіп жүрген. Бір уақытта Қазыбек қазақ туын желбірете биік көтеріп тұрған, тудың екі-үш жерінен жебе тесіп өтіпті, жау мергендері атқан ғой. Бір уақытта: Ақпантай орға құлады! – деген ащы айқай шықты. Ошпақты сарбаздар Қазыбек туменшүскаған жаққа шауып барып Ақпантайды ордан шығарып алды, сөйтсе жаудың атқан оғы астындағы атына тиіп құлағанда үстіндегі Ақпантай дәл сол жердегі орға түсіп кеткен, түспей қармануға үстіндегі ауыр сауыт ырық бермеген сияқты. Дереу қыл шылбырды біріншісуін қатар тастап, демде шығарып алды. Сол ұрыс жөніндегі ақын өлеңінде:

> «Оқ дарытып орынып, бұрыннан алған есептеп
> Көздеген жерден оқ тиді, өлтірер жерден доп тиді,
> Ақпантай батыр зарланып,
> Шыға алмайтұр қарманып.
> Аты оққа ұшқан соң, түсіпті әлгі жарға анық.
> Төрт мүшесі сау екен, сақтаған екен алла анық.
> Тастады орға арқанды, қасына түсті дәл барып.
> Ажалдан аман құтылды, өмірі қайта жалғанып.

Сөйтіп қазақ жасағы Қазыбек сілтеген тудың бағытымен дереу Ақпантай батырды шығарып алып, астына жаңа ғана олжа болған қалмақ батырының зәу сары атын, жігіттер қаужаулап мінгізіп жібергенде сары ат үйдей ат екен Ақпантай

бұрылғысын да айбынданып кеткендей болды. Ол қолына ілінген қаруды алып айқасқа қайта араласып кете барды. Қазақ жасақтары бөлек қаптаған жауды желкеден соғып келеді. Бұл екі ортада Абылай, кешегі ұрыс алдындағы соғыс кеңесінде: - егер ұрыс біздің пайдамызға шешіле бастаса, Жәнібек тархан, Барақ батыр өксуінің екі мыңдықты ертіп шығып елеусіздеу Аягөзге қарай тартарсыңдар, былай шыға суыт жүріп, Күр-Бақанастың жарынан демалып жауды тосыңыздар. Олардың басқа барар жер, басар тауы жоқ, еріксіз Аягөзге қашады, біз желкеден соғып отырамыз, сонда сіздер, әлсіреген жауды, алдынан көп құрды қайрат қылсаңыздар болды жайпай бермек. Бұл жолы шама жетсе бұларды аман жібермейік, өйткені кім қазақты да емес, қалмақты да емес. Өздеріңіз білесіздер неше заман, осылармен дұрыс тұрайық деп сонау аталарымыз қыз беріп, қыз да алды. Жазығымыз жоқ болса да бізге тісуін қоймады, енді оңдаса осы жолы... деді де Абылай, ал, батырлар сәт! – деп де сөз бітті дегендей бұрылып кеткен. Абылайдың айтқан сөзі бәрінің де айқын еді. Айтқанындай болды, жаудың тоз-тозы шықты, есі шыққан Аягөзге жақындағанда Жәнібек пен Көкжарлы Барақ батырдың тосқауылына ұшырап, жаудың көбі Күр-Бақанасқа тоғытылды, жаудың жайрап өлгені, ат-тоған жерде жатты. Іле - Күркірек - Қауыр әулиеле қазақ жасақтары да көп шығынға ұшырады. Шаһид болған сарбаздарды жерлеуге бес мың адам қалдырылды, әрине олар жауды жерлейді, әйтпесе, олар сасып, бүлініп, ауру қаныққа тарап кетуі мүмкін. Жауды желкелей, өкшелей қуғанда башқұрт қосыны алға жіберілді. Ол шақтарында орыс патшасына қарсы ұлт-азаттық күресі басталғалы көп болып еді, көтеріліс орыс патшасы тарапынан аяусыз басылды. Есіл ерлердің бірсыпырасы, жоңғарға қарсы көмек берейік деп, Кіші жүз жеріне келіп, сол уақытта қартайыңқырап қалған Есет батырдың сілтеуімен және жалпы

берген сәлемін алып Абылай ордасын тапқан... Аттарымен, іштарының да қазақтан көп бөлектігі жоқ. Осы қосынның бастығы Оралбай деген башқұрт батыры. (Кейіннен бұлар да қазақ халқының құрамында қалып қойды. Авт.). Жоңғарды жеңуде үлкен ерлік қылды.

Қоңыр әулие соғысы және қазақ жасағының жеңісімен аяқталды. Үңгірде қалмақтар бекініс жасаған екен, ішіне көп мал-мүлік, тіпті алтын-күміске дейін жинапты. Әсіресе азық-түлік мол, ысталып кептірілген мол ет, қазақ қосынына жақсы олжа болды. Қазақ сарбаздарының мұндай үлкен жорықтағы тамағы жаз айында тұщы малта болады, бір қоржын малта бір-екі айға жарайды,малташыдын-ала даярланыпқойды, көбіне маңызды болуы үшін қой сүтінен, кейде түйе шұбатымен, қымыраннан да дайындалады. (Малтаның ішінде бәрі өзінде болады, майы, қазіргі тілмен айтқанда оқушыларымызға түсінікті болсыншы: каротин, әртүрлі витаминдер, өмір сүруге қажетті микроэлементтердің мол қоры бар. Авт.).Тегіндеқалмақтар да малтаны жақсы дайындаған сол Қоңыр әулие үңгірін бес күн қоршап қысымға алды. Қалмақтар берілмей қойған, соң, жас аршаның бүршіктерін тұтатып әр жердегі тас жарықтарынан түтін жіберілді. Осыдан кейін мыңнан астам адам қол көтеріп шықты. Абылайхан кеңес құрып, сардарларымен ақылдасқанда сөз екіге жарылды, бір тобы «бұлар-дың бізге істемегені бар ма, қырып тастайық» десе, екінші жағы «бұлар да адам баласы, ноянларға, қанқұмар Доржыға еріп адасқан ғой» десті. Ақырында Абылай бұлардың әрқайсысына өздері зорға көтеретін тасты бір сағат құшақтап тұруға бұйырды. Бұдан кейін бұларды сардарлармен сарбаздардың алдында, «енді қайтып қазаққа қарсы соғысқа шықпаймын» деген антын өздерініңқұттарына қарап бергізді. Бұларда қарсы тұратындай, сіресе қалар жағдай да жоқ еді, намысқой Доржы әскері

Аягөзде Барақ пен Жәнібекке ұшырасып тас-талқан болған соң, өзін-өзі өлтірмек болады, онысынан ештеңе өнбеген соң қызметшілеріне өзін өлтіруді бұйырады. Олардың дәті бармай тұрғанда, өздерінің бір батыры «рұқсат етіңіз, тақсыр» дейді, сол сәтте әлгінің қылышы жарқ ете қалып Доржының басы домалап түседі, ол батыр Доржының басын бірдеңеге орап алып шауып Абылайға әкеледі. Абылайға «мынау Доржының басы, мен қалмақтарға тұтқынға түс-кен қазақ қызынан туғанмын, анамның өсиеті нағашы еліңді сағын деп еді» сол өсиетін өзімше орындағаным дейді, - әнеукүні Жәбеге тігін хабар берген сен бе? – деп сұрайды Абылай, - Иә, деп басын иеген оны, Абылай құрметтеп өз жанында қалдырады, сол уақыттағы аңыздың айтуынша ол қазақ батырының атын алып, кейін хан қызметінде көзге түседі.

...Сөйтіп әлгі қалмақ әскері тұтқын болды, ант берген-нен кейін бұларды қойша айдап олардың елдерінің қарасы көрінген жерге дейін жеткізіп салу Ақпантай батырға тапсырады, өйткені ол Найманның Бура еліне қарай жүрмек болатын, ол Шағын өзенінің бойын мекендеуші еді.

Ақпантай сол жақта өзінің шағын жасағымен ел тыныштығын күзетпек. Кім білсін, жоңғармен қалмақты, дүрбіт, ойрат дейтіндері бар, бұлар кейде бетінің қайтқанына қарамай қайта айналып соққан кезі де аз емес. Әнеукүннен бері қан майданда қазақ елінің бостандығы мен тәуелсіздігі үшін ұрыста қаза тапқандардың бәрі бауырластар қабірстанына жерленіп, белгі-ескерткіш қойылды. Арғынның қоз таңбасы, Керейдің ашамай таңбасы, Найманның шөміш таңбасы зиратта жыпырлап кетті. Бұл соғыс, оңайға түскен жоқ, «ер етігімен су кешкен, ат ауыздығымен су ішкен» сәттер еді. Абылай хан Аягөзге дейін барып ондағы Жәнібек пен Барақтың соғыс салған жерлерін бірнеше жерде үйілген обаларды көріп, көңілі орнықпағандай болса да, адам ретінде

осы обалардың астында жатқан иісі мұсылман баласына жаны ашыды, қалмақтар да адам, олар туралы да ойланды.

Ол Жәнібек пен Барақты ертіп кейін Іле – Күркіреуікке қайтты, мақсаты шаһид болған өз сарбаздарының зиратын, әнеукүні қалдырып кеткен бес жүз адам жөнге келтіріп қалған екен, молаға кезек-кезек құран түсіртті. Қосындар елдеріне тарайтын болды, бірақ әр жерде өз батырларының қарамағында екені сарбаздарға түсіндірілді, жазатайым күтпеген жерден соғыс бола қалса, олар сол өңірді қорғайды, бұрын әр елдің батыр, сарбаздары көрші елді жау шауып жатса, барғысы келсе барып, барғысы келмесе, сол елмен арада араздық болса, тамағын қойып қарап отыратын жайлар болған, қалмақтардың бірнеше ғасыр бойы маза бермей, меңменсіп біздің жерге кіріп кете беруінің де себебі осы алауыздықты олар жақсы біліп, шебер пайдаланатын еді. Абылайханның енді і нәрмені бір жерде ондай оқиға бола қалса, көрші елдің батырымен сардары дереу көмекке баруға міндетті. Бұл міндет сол кезде Қаз дауысты Қазыбектің «Жеті жарғысы» деген заң жинағында көрініс тапқанын айту керек. Бұл жарғыда былай делінген: «Жау келіп қалып, бір ауылды шапса, шапқыншылап, не болмаса басқадай жағдаймен хабар естісе, дереу сол ауылға естіген сардар, сарбаз, батыр қару-жарағымен жетіп, өз аулын қорғағандай қорғауға міндетті болсын. Мұны істемеген аталған адамдар осыны істемегені анықталса, қазының, бидің алдында бұл жөнінде айқын, куәлік байқоғел болса, опасыз ретінде ең қатты жазаға, өлімге дейін бұйырылсын»... Осы жарғының бабы, сол уақытта халықты бүдан былай жау алдында ынтымақтасуда үлкен маңызы болғанын, жарғыдан баптың мазмұнынан-ақ білуге болады. Мұны әрине Абылай, Қазыбек, Төле, Әйтеке, Қаражігіттер ақылдасып бірауызға келіп істеген. Қазыбек, Төле, Әйтекелер ханмен ақылдаса келе жасаған

осы жеті жарғыға иежін болса, кейіндеу айналып соғармыз. Әрине әңгімеміздің жосығы қазақ-қалмақ соғысындағы қазақ қолының жеңіп шығуы, біздің халқымыз үшін ұлы оқиға болды. Абылай елін сағынғаны бар, басқа жағдаймен асыққаны бар, батырлармен жасақтарды таратып жібереді, олардың барлығына халық атынан, хан атынан рахмет айтады, сонымен бірге бұдан былай «батыр аңқау, ер көдек» болмай, сырттан жау келсе, қашанда дайын болу керек екенін санаға тоқтырып ескертеді. Абылай өзі шешен адам болған, сарбаз, сардарларға жеңістің мағынасын түсіндірді. - Әрбір ер адамның жау жарағы болсын, - деді ол, - егер бір ауылдағы азамат адам кедей болып, аты болмаса, әйтпесе аты соғыста жебе тиіп өлген болса, сол ауылдың дәулетті адамы оған ат сыйлауы тиіс, - деді, - егер әртүрлі сараңдықпен себеп айтып атты бермесе ол бай жазаға тартылады», - деді Абылайхан.

Қазақ қосындары осы жолы елдеріне мерейленіп тарасты. Сарбаздармен сардарлар бір-біріне риза болысты. Боқтық, айғай-шу, бетшіңді үрейлі айғай бұл жолға соғыста болмады десе болады. Бәрі осыған ерекше үйретіліп тастағандай, үнсіз айқасты, тек ырсылдаған, ыңқылдаған дыбыстар ғана соғыс қызуында естілетін еді...

Осы соғыста Ақпантайдың орға түсіп қалуы бір айта жүрерлік, көңіл серіктетін, күлкісін, әзілқой жігіттердің ауыз-екі әзіл қалжыңына мұрындық. Тағы бір қызыққа берілетін жайт мынандай болды: Қабанбай батыр жоңғардың бас батыры Арқұлыны осы соғыста жекпе-жекте құлатты, бұл қалмақтардың жүйкесін жасытуына себеп болған нәрсенің біреуі еді, осыдан бастап жаудың бағы қайта бастады. Жекпе-жекті қолындағы қазақ елінің қолдан тоқыған туын ұстап тұрған Қасымбек Арқұлының домбытей болып құлағанын көргенде - «а, құлайды» - деп айғай салғанда, қуанғаннан көпшілік жақ ұршып көтеді, дереу шартты түрде шабуылға

шығу белгісі туды жау жаққа қарай, биікке көтере үш рет сермегенде, сарбаздар жауға қарай лап қойды. Қазыбек өзі бірінші алдыға түсе шабады, ту ұстаған Қазыбекті қорғаушы оқжағарлардың басшысы Орақбай батыр еді, осылардың арасынан ытыры-лып шығып Қазыбек «Қабанбай, Қабанбай» - деп өзінің жабайы аталық қаздың даусындай әсем, әдемі, әуезді даусымен саңқылдады, хан майданның екінші басында тұр еді. Қапелімде алдыға түсе «шапқан» кім, деп сұрады. – Ол Қазыбек, деді, танып тұрғандар ханға. Хан да толқыды, «Қабанбай, Қабанбай» деген ұран даланы кернеп кетті, Қабанбайдың өзі де жаңа жау батырын жайратам деп қарап тұрмай, жауға бұлармен қоса өзінің атын ұрандаған елмен қоса шауып, ә, дегенше жау арасын бір бұзып өтті. Жеңіс осылай басталып, жаудың көбісі сол мезетте-ақ қаша бастаған. Қазақ қолының жеңісі сол күні-ақ айқындала бастағасын, соғыс аяғына қарай соғыс кеңесіне Абылайдың жанына бас батырлар мен билер, сардарлар жиналады. Сонда бағанағы оқиғаны көзбен көрір, көңілмен өшпен тұрған Абылай жұрт жиналғасын: «Бүгінгі күннің де, бұдан былайғы күндердің де бас батыры Қабанбай. Адамның шамасы келмес, дию болмаса деп күңінетін жоңғардың бас батырын жайратқан алып Қабанбай емей кім. Қабанбай саған алла да ризалық қылған шығар, саған мен риза, ел-жұртың, осындағы сарбаздардың бәрі риза, кім біледі сен Арқауылды жеңбегенде біздің халіміздің қандай болатынын, деді, және бұдан былай бағана Қазыбек бидің аузына періште салған шығар,хан ұраны Қабанбай болсын деді, деп тағы жалғастырды сөзін хан, жауға «Қабанбайлап» қаз даусындай қаңқылдатып шапқан Қасиетті Қазыбек би бұдан былай «Қаз дауысты Қазыбек» аталатын болсын деді. (Осы аттар күні бүгінге дейін жетті. Авт.). Абылайдың бір білгірлігі, ақылдылығы осы жерде көрініп тұрды, неге десеңіз хан атаулы Абылайға дейінгілері

менімен келетін. Егер Абылайдың орнында олардың біреуі болса «неге менің атымды атап шаппайсыңдар, қандарың емеспін бе», деуі де әбден мүмкін еді, ал Абылай қара қылықтан шыққан Қабанбайдың атын соғыстың басты ұраны қылып жариялады. Осы жерде Бұқар бабаның дәл осы оқиғаға байланысты мына жырын сіздерге ұсынбай тұра алмадық:

«Халқ ұраны Қабанбай,
Қазыбек үні самардай,
Ұранмен қызып денеміз,
Жауға ұмтылдық қамалмай,
Сасқалақтап жау қашты,
Тіресер ақыл таба алмай,
Топ-топ болып жау-жаулар,
Шыбын жанын бага алмай,
Кемеңгерім Абылай,
Ақылмен тұтқан ел ішін,
Барлық жасақ сарбазым,
Қыламын дұға сен үшін
Елім көрсін, жылы ма
Жеңістің жемісін.
Халқ ұраны Қабанбай,
Құтты болсын, жеңісің,
Қабанбайлап қалың ел,
Осылай шықсын тегіс үні
Дарабоздың Қабанбай,
Батыр туған ел үшін.
Жамсатқан жауды алыбым
Батырдың асқар белесін.....»

Қазақ тарихындағы батырлар өте көп, бірақ Қабанбайдай бағы болғаны жоқ. Қабанбай ерлігі де ерекше. Қабанбай көзсіз отқа қойып кететін батыр емес пе. Ерлікпен ақылдың бөлбеңін жатар ұстаған адам деп түсіну керек, шешендігі

де болған, бірақ «мен қайратымды жауға жұмсайын» деп, шешендікті басқа билерге, шешендерге қалдырған. Бұл кісінің шын аты Ерасыл басында айтқан болатынбыз. Бір біткен адамға кісілік мол тұлғалы болып бітеді ғой. Осы жолғы ұрыста Бөгенбай, Жәнібек, Ақпанбет, Барақ, Баймұрат, Тарақты Байгозы, Әлтобет Балағазы, Орақбай, Алтыбай, Райымбек, Шорек, Шой сияқты батырлармен бірге Қаракесектің Кәрсон деген берекелі бұтағынан шыққан Қараша батыр да, Қарапордың Шорынан шыққан Қожамберді батырлардың соғысқа ерекше күш салғанын айту керек. Жоғарыда айттық, Қабанбай-Дарабоз атаның хан ұранына айналса, Қазыбек қаз дауысты аталса, Сеңкібай өзін бастан өтырған бүркіт оқиғасын әрине, Абылайдан жасырған жоқ, ол қатты сүйсініп Орданы бір кемшіліксіз айтуға келмейтін тамаша жерге қондырып қойғаны үшін және бүркіт оқиғасын еске алып: - Сеңкібай батыр сілдене сені «Алтайдың ақ иық сұңқары» деп атайық деген. Мұны хан бүкіл сарлар сарбаздардың алдында мәлімдегенде Сеңкібайдың қарулас достары Өтеген батыр, Тойғанбай батыр, Таңқара батыр, Домай батырлар сүйсіне қарап тұрды, Домайдан басқасы қырғыз жігіттері болатын. Бұлармен Сеңкібай жанында Табын Бөкенбай бар еді. Абылай бұлармен сан жорықта бірге болған бұларға да мақтау сөздерін айтып риза қылды. – Батырлар,деді, Абылайхан, - әуелі алла бізді жақтады, онан кейін сендердің қайрат - күштерің бүгінгі жеңісті қамтамасыз етті, - деп лайықты баға берді. Осы үлкен соғысқа бірінші қатысқан Қараша мен Қожамберді батырларға да ілтипат білдірді. Бұл екеуінің осы соғысқа қатысуы кызық еді, тіпті кездейсоқ деуге болады. Кәрсон Қарашаны «қанды Қараша» деп өз маңайы атайды екен, өйткені Қараша жау қабақ, ұзын да қою қара қастары қосыла біткен алып денелі адам екен. Туғанда нәресте күнінде кіндігін кескенде қолына бір уыс қан уыстап туған

екен, соны байқаған әйелдер сөзге жайып жіберген. Өз аты жай Қараша атағанмен, бұл кісіге біреулер риза болмай қалса «қанды Қараша» деп атап, бара – бара бұл ат қосарлана айтылып, біржола «қанды Қарашаға» айналған. Бірақ қаныпезерлігі жоқ, момындау болып өсіңкіп көрерліктен тіпті артығырақ малы болды. Бірақ сол өңірдің байлары, содқар, тентектерге қосып барымтаға пайдаланауды көздеп, мұны баулады, ересен қарулы еді. Қалмақтармен барымтаға барып жүріп бірнеше қақтығысқан, бірақ қазақ ұлтының, елінің, жерінің бітіскен жауы деп кектеп соғысқан жері жоқ еді. Осы соғыстың алдында Қарашаның өмірінде өзгеріс кіргізген бір оқиға болып еді. Тұп-тура жанында қырық жігіт бар, еліндегі бір байдың жұмсауымен алыстан барымтаны жылқы әкелмек болып аттанып, елден екі күншілік жерде бұлардың қиялай өтіп бара жатқан жүргіншіні көрді, серіккен жігіттер, өздері қырық шақты, «тәуір болса, атының ауын алып қалайық» деп қарық жасаған болып, бір бес – алтауы әлгі жүргіншіге қарай тақымдарын қысып жіберіп, салдырта жөнелген. Жүргінші ен далада әрине, бұлардың әрекетін байқап келеді, бірақ, бұлардан сасып сыр бермегендей. Сол бұлікшіге жақын жүріспен жетіп барды. Бұлар жолдан жанына жетіп келіп, ішіндегі біреуі: - әй, аттан түс, әйтпесе сойыл жейсің, тіпті өліп кетуің мүмкін, сойыл қате тисе бейшара, - деді. Әлгі жолаушының астында есік пен төрдей жирен аты бар екен, ат үстіндегі жолаушы, бұлардың үркіткен сөзін естіп, атын басып тартып қарап: «не деген әдепсіз еліңдер, сәлем неге бермейсіңдер?» - деді. – Ойбай, мынаны қара, мә, саған сәлем - деп, біреуі шоқпарын көтере бергенде шоқпарымен қоса иығынан ұшып түсті, бәрі қаумалай барып еді, әлгі аттары ойнап шыға келді, Қараша бастаған қырықтың қолдары да жаманадан қолын атой беріпті, әлгі жалғыз жолаушы шамасы уақытта сойылымен бір-бір қаққаннан қалдырмай тағы

жеті – сегізін түсірді, қалғандары мұны көрген соң қашуға айналды. Осы кезде Қарашаның өзі ентелей келе сойылды салып кеп қалды, жирен атты сойылын тигізбей қағып жібергенде сойылы ұшып кетті. Қараша бүған ыза болды, осы уақытқа қанша адаммен қағысып, соғысса да сойылын ұшырған епкім болмап еді. Сойылы ұшып кеткен соң, анау мұны ұруға ұмтылған жоқ, бірақ Қарашақатты намыс қылып атын тебініп жақындай берді, анау мұныңойын түсініп, сойылын тақымына қыса сала, қарсы атын бұра берді, бір-бірін білегімен ұстай берді... Осы Қараша өзін жирен аттының сеңсерін бара жатқанын ұққанша, ол мұны сеңсерін әкелді де, қарсысерпіп жібергенде бұл топ ете түскенін бірақ білді. Жирен атты атына қарамаған күйі, бұрынғы бүлкілімен кете, тек мыналардың атын көрген соң ба, астындағы жирен жетіп бара жатқанда құлағын бір қамшылады да оқыранып қойды, «көрдіңдер ме, менің үстімдегі батырды» деп жылқы сезімімен мақтанып бара жатқандай.

Қараша өзін піріндей көріп жүрген қырық жігіттен қысылды, бұлар: - е, әншейін екенсің ғой... деп тұрғандай болды, не қылса да бір амал табу керек болды, жеңет атына міне сала жанындағыларға еңтеңе деместен, әлгінің соңынан қуа жөнелді, бүлкілімен алысқа ұзаған жоқ екен. Шауып қатарласа бере, «Батыр тым болмаса, атыңды айтып кетші» деді. «Көкжарлы Барақ» дегенді естуің бар ма еді? – деді жирен атты.

Қараша ыңғайға жығыла берді. – Батыр, мені мына жалде тастап кетпе не қылышыңмен бір шауып кет,әйтпесе түтқыныңқылып ала кет – деп өтінді Қараша. Сонда Барақ: - жарайды, батыр екеніңді байқадым, қайда жол тартып едіңдер?- деп сұрады. Бұл өзінің алыс жерге бара жатқанын, бірақ нақты мақсаты не екенін айта алмады. Ар жағындағы ойша Барақ батырға белгілі болып қалғанын білді.

-Батыр, шын менімен дос болғың келсе, әні осы қырық жігітіңмен менімен бірге жүр. Абылайды естуің бар ма? - деп сұрады.

-Бар, деді Қараша. – Көктемде сол Абылайхан бүкіл батырды жинап, Алатаудан бері, Іле – Күркіреуік жағасында қалмаққа қарсы үлкен соғыс салмақшы, менің алдымда бес жүз жігіт сонда аттанды, артымда тағы екі жүздей сарбаздар келе жатыр. Бәріміз сонда аттанып барамыз, осы жолы жауды қиратпасақ болмайды,-деді.

Қанды Қараша, қалмақпен соғыстың мәнін Барақ батырдан түсінді. Бұрын қалмақтан сан рет жылқы алған, бір рет олардың қолына да түсіп қала жаздаған. Ол бұрын қалмақтарды барымта жасайтын нысана ретінде қабылдайтын. Кейде бір жерлердегі ауылдарды шауып кетіпті дегенді еститін. Сөйтсе, бұл байыбына бара бермепті, оның қазақтың жауы екен. Сарыарқада кездескен екі батыр жылдам ұғысты. Қараша түсіндіргеннен кейін қырық жігіт түгел ерді. Бұлар Көкжал Барақ батырдың соңына ерді, жоғарыда Қараша батырдың аталуы осы сапардың соңына қарай болған еді...

Қанды Қараша осылай бүкіл халқының тәуелсіздігі жолында күрескендердің қатарында болды.

Жоғарыда осы Қараша және Қожамберді батырлар туралы айтып келе жатқанбыз. Қожамберді батырдың да соғысқа келуі қызық еді.

Бұл кездеАқтабан шұбырындыдан кейін Қаракесек ішіндегі Шорға жататын Шекшектің басты адамы Нұралы би, Түркістандағы елі жақ Бөкей сұлтанды көтеріп әкелгіпті деген аңыз бар. Қарқаралының Кент тауының төреге қоныс берген ел адамдары. «Төбесіз тау болмас, төресіз ел болмас» деген ұғымды қатты ұстанатын ел екен. Әрине, Бөкей есейіп, мұнан басқа да төрелер жиналып, және қоңсылары,

төлеңгіттері бар, біржуым қалың бола бастайды. Төрелерге дейін шұрайлы Көкт тауларын Шорлың Майлық бұтағы мекендеген, Шаптылар мекендеген. Төрелер кейін ықпалы күшейе келе жергіліктілерді ығыстыра бастайды. Төрелердің ықпалынан мезі болған қалың көршілес Қарғыгалы өзеніне қарай ығысады. Бәрі көшіп кеткенде, төрелермен тендесіп Қожамберді палуан көшпей қалыпты. Тіпті төренің жайлауына жақын келіп қоныс алыпты. Палуанның бір пәлені бастағалы жүргенін Бөкей төре де сезіп, еш қимыл қылмапты. Ол уақыттағы ғұрып кім жақынына көшіп келсе ерулік беретін болған Бөкей төре Қожамбердіні шақырып ерулік бере қоймапты. Ерулікті күте-күте Қожамбердінің де шыдамы кетіп, бір күні төрелердің жылқысына елеусіз уақытта жасау барып, бұғалақты салып жіберіп, семіз құла биені ұстап алыпты. Жаз айында құла биенің семіруіне себеп, ол қыста құлын тастап кеткен екен. Қожамберді батыр биені шиқылдатып мойнына өңгеріп алыпты, біразжүргеннен кейін, қанша айтқанмен бие ауыр емес пе, жерге түсіріп жетектеп отырып, енді әудем жер жүргеннен кейін тағы мойнына салып алыпты да, сөйтіп біресе жетектеп, біресе көтеріп үйіне әкелгеннен кейін семіз биені сойып алыпты да, терісін күнкөзіне жайып қойып, кебере бастағанда шала иі жағып, жаңа күн көзінде иі де жылдам тобырсығанда уқалап-уқалап керегенің басына тастай салыпты. Жылқышылар құла биенің жоғалғанын төреге жеткізеді, төре жылқышылармен бірге жаудың ізін шығарады, сонымен жүріп отырса жаудың ізіне жылқының ізі біресе бар, біресе жоқ, бұған таңқалған бұлар, осы ізбен Қожамбердінің үйін табады. Көп ұзамай бұлар, керегенің алдында жатқан құла биенің терісін де көреді. «Мынау менің биемнің терісі ғой» десе,- иә, сенікі ме екен ұстап көр,-деп, Қожамберді теріні уқалап-уқалап Бөкейге ұстата беріпті.

Сонда Бөкей уқалаудың мәнін түсіне қалып:- жарайды батыр, болар іс болды, тым болмаса қарнымыз ашып келеді, шөк іздейміз деп, өзімізді бір тойдыр депті. кейіннен төреден мәнісін сұрағандарға: -уқалап-уқалап бергені, биені даулап қоймасаң, міне төрдей уқалармын деген, кісі біздей, ерулік бермегенімді кек көрген екен батыр.- Енді бірақ текті батыр, маған қастық қылмайды, деп- Бөкей.

...Аңыздың айтуыншаҚожамберді бір үлкен қазақы аста Оңтүстік елінің Түйе балуанымен күресіпті. Үстінде көк шапаны бар екен. Екеуі де ерен балуандар бірін-бірі ала-алмай ырылдасып жүргенде,Қожамбердінің бітім-пішініне ерекше ұнатқан бір қыз:- Е құдая көк шапанға болса гөр, деп тілей берген екен, соның тілегі батырға дарымай шапанына дарыған екен деген аңыз бар. Өйткені шынында да батырдың кейінгі ұрпақтарында ондай тұлғалы адам тумапты деседі. Қожамберді палуан болып, күрескенің алып ұратын болған, тіпті маңайдағы жиын - тойларда бұған қарсы күресетін адам табылмауға айналған. Биені мойнына салып көтеріп кеткен адамның қайраты бірыз бар-ау! Сөйтіп жүргенде бұл қалмаққа қарсы қол жинаған Сеңкібай мен Жидебайға тап болады. Қожамберді батыр ақылдан кенде болмаса керек. Ел бастаған екі батырға еріпде -Күркіреуік – Қоңыр әулиедегі соғысқа қатысып қайратын көрсеткен, сол үшін Абылайхан да оған ілтипат көрсеткен екен.

Бағила Қазыбектің жасаған «Жеті Жарғысына» тоқтала бергенімізде Қаилы Қараша мен Қожамберді батырлар арасынан кеткен ел» әңгімеге, олар туралы естіп, білгенімізше, шама-шарқымызша айттық, рухы риза болсын, дейміз, кейінгі ұрпақтарына!

Қаз дауысты Қазыбек Жеті сағада Абылайдың жұптауымен, Төле, Әйтеке тағы басқа беделі, белгілі билермен ақылдасып жасаған. Тіпті қарғайын отырған Әнет

бабаңа дакөрсеткен екен, неге десеңіз Әнет баба сол заманда оқымысты адам болған, Қазыбек жастау кезінде ол кісіден ғылым, білім, ғибрат сөз үйренем деп жанында едәуір уақыт болған деген сөз бар. Бір айтатын нәрсе Жеті жарғыны Қазыбек пен Жәнібек өз қолдарымен жасаған дегенде ден қоюымыз керек. Өйткені сол уақытта айтылған:

Қаз дауысты Қазыбек,
Шақпақ ұлы Жәнібек.
Бірің балға, бірің төс.
Қалауынша пішіп, кес!

Осы сөздің өзі олардың осы Жарғыны қолданғанын бейнелейді. Естеріңізде ме, Барақ сұлтан Әбілқайырды өлтіргенде Қазыбектің оны билер сотына тартқаны! Тартқанымен қоймай менменсіген сұлтанды кінәсін мойындатып, билер алдында құлдықұрғызады, сонда осы «Жеті Жарғыны» қолданған. Қазыбектің«Жеті Жарғысы» туралы бұрындары бір жерлерде айтылып, жарияланғаны туралы мәліметіміз жоқ. Сондықтан біздің кітабімізді оқушылардың көңілін табу және ұлы баба Қазыбектің даналығын бейнелеу мақсатында осы «ЖетіЖарғыны» әңгімелеп келтіріп көрейік. Қазыбек сол заманның өзінде қазіргі тілмен айтқанда биік гуманистік – адамгершілік бағыт ұстанғанын осы Жарғы баптарынан көруге болады.

Жарғының алғашқы бабы – жер дауы, қыс қыстау, жаз жайлау, күзек, көктеу сияқты кезеңдерде ел мен ел арасында кезігетін жерге таласты, дұрыс бітім қылатын жағдайларды қамтыған. Жер дауының алғашқы бап болуының өзі қазақ халқының өміріндегі ең қасиетті, бабадан балаға мирас болып қалатын осы киелі жердің дауын дұрыс, әділ шешуге күш салғанын көрсетіп тұр. Имандылық, инабаттық, жанұядағы қарым қатынастар, әке мен баланың, ұлың, қыздың ара қатынастары, от басы, ошақ қасындағы болуы мүмкін әртүрлі

кикілжіңдерде би алдына апаратын жағдайлар болған. Ене мен келін арасындағы сыйластық, атасы мен келін арасындағы ізет, ізгілікті құрмет екінші баптың баймөгелі ретінде қарастырылған. Балаға, ұл мен қызға тәрбие, жылды өнерге, іске баулу тағысын тағылар, «қызға қырық үйден тыю» деген мәтел сол кезде шықты ма кім білсін!?

Ұрлық-қарлық, барымта, көшпелі дала жағдайында көп қолданылған дүние болатын. Бұл ұрлық пен барымта тіпті ішi пысқандардың ермегіне айналған кез де болған. Бірақ қандай жағдайда жасалса да ұрлықтың да барымтаның да қылмыс екенін ел-жұрт мойындаған. Кейде «нағашылық қылды», «жиендік жасады» деп жақаурататын жағдайлар, бұл қылмыстан жалтару ретінде бапта қарастырылған екен. Сол кезде ұрылар өздерінің қылмысты жуып-шаюы: «ноң жесем қақалам, ұрлық қылсам өледі екем, енді биекау, қайда барып күн көремін;»-деп мүләйімсігені тура бидің жеті жарғыны қолдана отырып, ұрыны жазаға тартудан құтқармаған. Өйткені кітабіміздің басында айтқанымыз: қазақ қоғамында қайыр сұрайтын халде кедейлер болмаған, ең кедейленген үйде бес-алты сиыр болған... Әрине, жылқы «айдаса жаудікі, ысқырса желдікі» деген асыруы оңай болғанмен жаугершілікке айдап кету мүмкіндігі көп болып, кей үйлер жылқы ұстай алмаған, бірақ бір аты жоқ үй болмаған. Қойды да ұстаған, әрине, бәрі бірдей мыңғырап баймаған. Өйткені ол өмірдің түсінікті заңы.

Ел мен ел арасының, халық пен халық, басқа ұлттармен араласу, олармен арада дау-дамай туындап қалса, төрелік ақтаулы тәсілдер қолданылып, күшшенбеу, біліктілікпен шешуді көздеген.

Бір айтатын нәрсе осы Жарғының баптарында қылмыс ауыр жасалса, бәрібір өлім жазасының қолданылмауы Қазыбектің биік ойшыл-гуманист екенін дәлелдеп тұр. Өлім

жазасы бұрын қолданылуға тиісті қылмыстар көбінісіне ауыр құн төлеуге, осы құнды төлегеннен кейін ғана «елден безетін» жазаға бұйырылу мүмкіндігі болған. Мұның үстіне кейбір ауыр қылмыс әдейі жасалған жағдайда «Жеті жарғы» құны құнықер кесілетін болғаң екен.

Бұрын Тәукенің «Жеті жарғысында» қатты айыпқа ұшырыған адамның мал-мүлкі алынып, шаңырағы ортаға түсірілетін болған. Айыпты болған адам:жеті айып: салынуы көп қылмысты құрықтауға ықпал еткен сияқты. Осы айып жазасы. бұрынғы: қанды мойын құнықер: дегенауыр ұғымдарды сейілте бастады. «Жеті айып» не, соны әңгімелейік.

Бірінші айып: «Қара қазан төлеу». Бұл айыпты болған адамның шаңырағы ортасына түсіп, азамат, жеке тұлға ретінде бар құқығының шектелгендігінің белгісі. Ол адамның үйі бұрынғысындай «пәленшенің үйі» деп аталмайды, оған белгілі бір мерзімге дейін шаңырақ көтеруге рұқсат етілмейді, әр босағада сығалап ғұмыр кешу еді.

Екінші айып «қара нар беру» деп аталады. Өлгінің қолына өлген адамды, оның туысқандарының қалағаң жеріне нармен, болмаса әйтеуір түйемен жеткізу, өліктің жерленуіне жұмсалатын барлық шығынды мойынға арту.

Үшінші айып түрі «садақ алу». Ол қылмыскердің қаруының барлығын тәрк ету, дулыға, сауыт, садақ, қылыш, шоқпар, найзаға дейін тәркіленіп алынады да, өзі жаяу елден кетуі керек. Бұл да адамдық жөнінен ауыр жаза еді. Өйткені жаяу кеткен адам,жеткен ауылына не дейді, кейде мұндайлар еңбір ауылға симай қаңғып, әйтеуір өлдім-талдым күй кешкен.

Айыптың төртінші түрі «қара бие жетектеу». Айыптыға «қара шолақ» бие жетектету, оның ырысының анық шайқалып, елге масқаралануы болған. Бидің жіберген қарулы жігіттері «қара шолақ» биені жетектетіп ұрымтал ауылдарды,

оның ішінде нағашы, қайын жұртының ауылдарына дейін шарып мазақралау түрі, осы кезде биенің үстінде ертоқым орнында ескі құрым киізден ілдалда апамай ерттелген. Бұл да қылмыскерді өлтіргенмен бірдей мазақ-айып өтеу болып саналған.

Енді бәрін біздей тізе бермейік, бірақ «жетім беру» ғұрпын айтуға болады, ол қылмыс істеген жақты «байқамай қалғандай болған» деп кешсе, онда айыпкер жағы күн даулаушыға көп сый-сияпатпен бірге жетім бала беретін болған. Сонымен арада кірбің жойылады деп саналған. Осы тәріздес «үйірімен үш тоғыз», немесе«жесір бастаған үш тоғыз» сол уақыттағы қазақ қоғамында айып өтеудің үлкен сыйы ретінде қабылданған. Ал «жетім бала» немесе «жесір әйел» сол уақыттағы қызметші ретінде, әлде құлы сұраусыз болып пайдаланатындығын сезіп отырсыздар. Сол уақыттағы қазақы даулардың ішіндегі ең қиыны жесір дауы болған. Бұл бір жағынан әйел намысын жоғары қойғанды көрсетеді. Екінші жағынан біткісі қиын осы дауға«Жеті жарғы» дұрыс шешім тауып сол уақытта, даудың бітуін едәуір жеңілдеткен.

## XXI – желі

Үлкен соғыс аяқталды. Батырлар, сарбаздар малданып, жүлделі елдеріне қайтты. Бәрі де елдеріне барып той жасамақ. Абылай өзінің кеңесші батырлары Бөгенбай, Жәнібек, Ақшатай, Барақ, Баймұрат сияқты кексе батырларына қоса, осы жолғы соғыста ақылымен, шешімділігімен, ержүректігімен көзге түскен Жарылған, Алтыбай, Оракбай, Ғайымбек, Шорың сияқты батырларды тағы кеңесші қылып тағайындады. Яғни, жанынан қалмайтын орын берді. Жошыбай бай ауылдарда қонақ бола отырып Абылай Көкшетауға Хан Ордасына тартты. Ең сүйікті батырлары билері қасында

Көкшетауға келген соң Абылай айта қаларлықтай той жасайды. Көкшенің көк майса құрағында алқа қотан отырып мадақ эн-жырлар тыңдайды, Бұқар жыраудың насихаттарынтыңдайды. Осы жердебір қызық оқиға болады. Әнеукүнгі керемет бір соғыста қоңтайшының көшпелі ордасына қазақ батырлары басып кіргенде Ордада көп әйелдер бар екен, өзінің өңі сынық, жабырқаңқы. Батырлар бұларды тұтқынға алып соғыс біткен соң ханға алып келеді. Хан тұтқын әйелдерді батырларға күңізак ретінде таратып береді де, әлгі сұлу қызды алып қалып, Көкшетауға дейін Есенбет батырға аманлығын жүктейді, және Көкшетауға келген соң, сол Есенбет батырдың жасағына күзеттіріп қояды. Абылайханға қыз қандай өтініш айтты, оны ешкім білмейді. Көкшетауда ұлан-асыр той болып жатқан сәтте Абылайхан батырларын жинап мына қызды алудың шартын айтыпты. Егер мен біреуіне сыйласам, басқаларың ренжисіңдер, батырларым, бәрің де мен үшін артық-кемдерің жоқ бірдейсіңдер. Сондықтан да мен сендерді ренжіткім келмейді, қызбен сөйлесін едім, керемет ақылды екен, кімге баруды менің өз еркіме беріңіз, мені алам деушілерге қояр шартым бар, соны орындаған адамға, алланың бұйрығы болса барайын дейді. Дереу қызды алдырып батырларды алдынан өткізеді, батырлардың бәрі де сауытпен, дулығамен, садақ, найзасымен сап құрып тұрады, бірақ қыз оларға көзсалмайды. – Тақсыр хан, дейді ол, батырларыңыздың бәрі де мықты екен, біреуін таңдау маған оңай емес. – Менің қояр үш шартым бар соны атқара алған батыр, мені алады-депті.

- Білемін, - депті қыз, - үш шартым да қиын, бірақ, батырлығы және ебі жетсе атқаруға болады. – Алғашқы шартым орындалса да сол батырға баруға бейілмін, егер алғашқы шартым орындалмаса, қалған екі шарттың біріншісін атармын –дейді қыз.

- Бірінші шартым, менің қасыма бір-екі адам қосыңыз, солармен барып, мына басымдағы орамалды, анау көрініп тұрған биік құз жартастың басына ағашқа байлап, тастың жарығына қадап қоямын, өзім тастың тасасында тұрамын, батырларыңыз жебелерін осы жерден зымыратсын, кім байлаулы орамалға тигізсе, мен сөз айтпай соған бара беремін, - дейді. Сүт пісірім уақытта жанына қосқан адамдармен қыз жартас басына желбіреген орамалды іліп қойды. Дәмелі батырлар бірінен соң бірі жебелерінсуылдатады, бірақ бір де біреуі орамалға жеткізе алмайды. Абылайхан өзі де осының тамашасын тұрып «әй, өжеттес-ау, ол таскай» деген. Осыдан кейін әлгі құз тастың биік жартас шыңы «Өжеттес» атанып кетті.

Бірінші шарт орындалмады, қыз жанындағылармен қайтып келді. Қыздың кейпі, ақсары келген, көкшіл аспан түстес тұңғиық терең сырлы көзі бар, сұлулық атаулының түрі көп, бірақ мына қыздың өңі де, түрі де өзгеше екен. Басында бұлар «кәпір» қызы ма деп қалса, алла атын айтқан соң «мұсылман» болар деп топшылаған. Қыз екінші шартын айтады, дәмелі жігіттерден қырық шақтысы бірін-бірі арқалап қайсысыменің қасыма бұрын жетсе соған барайын депті. Кейбір батырлардың көбісі бұған әрине қатыспапты, тіпті Есенбет де бұған қатыспай басын шайқап тұра беріпті. Қырық жігіт бірін - бірі арқалап сүйреп дәл жиегінде тұрғанымен біреуі емес, екеуі қатар келіпті. Сонымен бұл шарт та орындалмапты. Тіпті батырлардың ішінен «хан ие» біреуіміне сыйлай салыңыз, басқамыз дауласпаймыз деушілерде болды. БірақАбылайханыңша тұрып қызға: - Үшінші шартыңды айт, - деді. Сонда қыз: - Батырларыңыз айтарлықтай екен. - Енді шартым, батырларыңыздың ақылын сынайтын шарт болады, - дейді қыз. Шартымның мәнісі былай: - Ну ормандағы бір талдың бұтағына ұя салған бір кептер үш балапанын басып

жатыпты. Тосыннан кез болған бір қарақұс, ұядағы кептерді іліп алып барып, жерге тастап жеуге ыңғайланыпты. Мұны көріп, ұяда жатқан кептердің балапандары шырылдап қара құсқа: «Анамызды жемей қоя беріңіз, оның орнына бізді жеңіз» деп шулап, жалбарыныпты. Сонда мейірімсіз қара құс рақым етудің орнына: «Асықпаңдар, тоймасам сендерді де жеймін» - депті. Кептерді енді түтіп жеуге айналғанда,қара құсқанатын сермей сілкіп, жалп ете түсіпті. Сөйтсе, бір сұңқар самғап жүріп бұл оқиғаны көріп қалған екен, содан түйіле ұшып келе бере қуатты тұяғымен қара құсты желкесінен бүре түйгенде қара құстың мойын омыртқасы үзіліп кетіпті. Мұны көрген балапандар зар илеп:«Анамызды құтқарғаныңыздың ақысына бізді жеңіз» - деп өз разылықтарын білдіріпті. Сонда мәрт сұңқар үш балапанның біреуіне көз салып, балауса қанатына белгі салыпты. «Қазірше қауырсындарың қатайып, қанаттарың жетілсін»-депті. Сонымен сұңқар олардың біреуін «аманат» деп кетіпті. Сөйтіп, әлгі балапандар есейіп қалған кезде бір қырғидың тырнағына түсіп қалады. Оған балапан зар жылап: «Маған тиіспессіз екен. Менің сұңқарға берген уәдем бар еді. Алдымен сол уәдемді орындаймын. Оған жөнімді айтып, аманаттан құтылып қайтып келейін. Одан кейінгі ықтияр сізде болсын. Соған рұқсат етіңіз – деп жылап тұрып өтініпті. Сонда қырғи: «Уәде қиын шаруа, әрине, барып кел, мен осы арада тосайын»-деп мақұл болыпты. Балапан байғұс, әйтеуір әлгі сұңқарды іздеп түп қатып ұшыпты. Түңделетін қанатымен, қауырсынын әбден талып шаршап әзер ұшып келе жатса, бір жапалақ кетігін жармаса кетіпті. Балапан, шамасы бар ма, әлгі жапалаққа да жағдайын айтып, басынан кешкен оқиғалардыбаяндайды да, сұңқардың алдындағы уәдесін орындауға қырғидың да босатқанын айтып, жапалаққа жалыныпты. Жапалақ көп ойланып, барып: «Қой бұл бишара балапанды босатайын, азар болса тышқан

тауып жермін» - деп, - бара ғой – деп балапанды босатып жіберіпті. Тіпті біледі екен, сұңқардың мекеніне жеткізіп салыпты. Сұңқар жағдайды естіп, білім парасаты үшін жапалаққа рахмет айтып «Қиын сәт түсе, сені қанатымның астына алармын, рахмет жапеке» - деп шығарып салыпты. Балапан барлық басынан өткенді сұңқарға баяндап беріпті. Сұңқар басылмайқан: «Сен қырғиға уәде берген екенсің, қайтып келемін деп. Сені мұнда алып қалсам, қырғиға берген уәдеңе опасыздық жасаған боласың. Мен шарттасқан уәдені кештім, енді ұшып қырғиға бара ғой» – депті. Балапан талмай ұшып қырғидың мекенін тауып келсе қырғи шыдамдап да күтіп отыр екен. Балапан қырғидан кеткеннен кейінгі кездескен, көшкен уақиғаларды түгел баяндапты. Қырғи мұның әңгімесін естіп отырып, балапанның адамгершілігіне риза болғаннан көңілі босап солқылдап жылап жіберіпті. Содан кейін қырғи көз жасын, қанатының арасынан бір тал мамық алып сүртіпті де; «Мен саған кешпілік еттім, «қырғи» атым бар емес пе, жаман құс болмаймын ба? Бара ғой, өзің басында уәде берген сұңқармен ғұмыр кеш» - депті.«Сол балапан сұңқардың мекенін іздеп ұшып келе жатыр дейді»- деп қыз сөзін аяқтап, ендігі шешім де, кесім де өздеріңізде болсын, мені сол балапан деп біліңіздер»– дейді.

Бұл кезде Қабанбай, Қарамеңде, Сеңкібай, Жилебай тағы бір топ батырлар Есенбеттің жанында тұр еді. Есенбеттің тобы осы уақытқа дейін қыздың қауіпсіздігін қадағалаған. Бұл жерге әкелген соң да ойын шарттарына араласпай тұрған тек мына батырлар Есенбеттің салақтықтар қылығын орамалын көтеріп аққанда бастап шайқалғанын байқапты. Батырлар Есенбеттің ерен салақтығы екенін біліпті еді. Бәрі, Қабанбай бастап Есенбетке: «Сен неге қозғалмаспайсың, жастың біреуі емессің бе, тіпті Қабанбай жүр деп Есенбетті қолтығынан ала мына ойын болып жатқан жерге, қыздың жанына алып

келді. Жарайды, сіздер қолқаласаңыздар, осы ойынның біріншi және астары көп үшінші шартын шешуге қатысайын» - деді Есенбет батыр.

Ендеше, орамалды қыз өзі барып іліп, содан кейін өзі жартастың тасасында тұрмай төмен түссін – деді Есенбет. Солай істелді, қыз бағанағы орамалды алып ағаш бұтағына байлап бір жақ ұшын жалбыратыңқырап бағана Абылайхан «Өкжетпес-ау» деген тастың ұшар басындағы тастың жарықшағына шығарып орнатты, жанында еріп барғандар бұған көмектесіп, бұтақты тас жарығына шығарып қойды. Төменге жел жоқ болғанмен биік құз басында әжептәуір жел соғып ол жібек орамалды желбіретіп тұр. Қыз да, жанындағылар да жерге түсіп,садақ тартушының жанына келді. Есенбеттің садағы«жазайыл» атылатын, бөлекше пормыда жасалған қару еді, ағашының неден жасалғанын ешкім білмейді. Есенбет қорамсақтағы қаптаған жебенің бірсуін суырып алып садаққа сүйкей орнатып, оқыс бұрыла беріп«Өкжетпестегі» орамалға кезеп, тартып әкеліп жіберіп қалды, жұрт тына қалды. Жебе сорғалап барып орамалды тесіп, әрі жыртып өтті, жұрт шу ете қалды. Қыз сүйсіне қарап, Есенбетке тағзым етті. Сөйткенше болған жоқ, әлгі жалбырап тұрған орамал үйіліп жерге түсті, жастар жағы шу ете қалды. Сонда тұрған халықтың бәрі ризашылықтарын білдіріп жатыр. Жиналғандар көбі «енді қыздың жұмбағын шешіп бер» - десіп дуылдады. Есенбет садағының бір қырын жерге қойды да, екінші қолын дуылдаған халыққа қарап көтерді де: «Қыздың жұмбағын мен шешіп көрейін, тек тыңдап тұрыңыздар,дуылдап кетпей»- деді. Хан да, Қабанбай да Есенбетке сүйсіне қарап тұр.- Ал, қане десті. – Бұл қыз, - дейді Есенбет, қыздың қысыла қарап тұрған жүзіне бір көз тастап алып, бір үйып отырған халықтың ішіндегі бір сол елдің қадірлі адамының ұл баласының біреуі екен.Кенет

бұл қыздың аулын жау шауып, шаңырағын ортаға түсіріп, ойларына келгенін істемек болғанда, өз елінің бір батыры құтқарыпты, ол батырдың қызға бұрыннан да көңілі бар екен, бірақ білдіре алмай жүреді екен, кездейсоқ оқиға себеп болып, енді батырдың жолы оңынан соғып, осы тұрған қызбен қосылуға уәде қылысыпты. Сол жерде-ақ алып кетпекші болған екен, бірақ қыз аласапыран уақиғаның аяқталуын күтейік, елді жау шауып жатқанда мұнымыз дұрыс болмас депті. Біз садақпен атқан орамалды сол батыр сыйлаған екен. Сол екі ортада бишара қыз біздің адамдардың қолына түскен екен. Ал, қыздың уәдеге берік адам екенін өздеріңіз көрдіңіздер. Есенбек шешуін одан әрі созып әрлеп, орағытып отырып әңгіме желісін шешен тілмен әуезді қылып көпке түсіндіруде.

– Бұл қыз махаббат қадірін өмірінен жоғары бағалайды екен. Бағана батырлар орамалға кезек-кезек садақ тартқанда бұл қыз сол жартастың басында тұрғанын дейді де ғажап еді. Өйткені шарт бойынша батырлардың біреуі орамалды атып түсірсе бұл қыз соған бұйыруы керек еді ғой. Егер бір батырдың жебесі орамалға тисе-ақ, бұл қыз сол сәтте құздан құлап өлмек. Сенбесеңіздер өзінен сұраңыздар, менің осы айтқаныма күмәндарыңыз болса. Мұнан кейін жігіттер арқасына жүгіргенде бұл терең иірімнің дәл жиегінде тұрды, бұл жолы да қойған шартқа бір жігіт орындаса, шешінбей құлап иірімге суға кетпекші болды. Мен басында-ақ қыздың ойын сезіп жарысқа қатыспадым. Енді сендердің тілектеріңізбен қатынасып тұрмын, қызды жартас түбінен бері әкелдірсем де, сол қыз ойлағанын болдырмау еді. Батыр, би ағалар сіздер менің өтінішіме құлақ түріңіздер, қыздың айтқан жұмбағы бәріңізге түсінікті болар деймін. Бұл қыздың шартын орындап мен алуға тиіспін, сондықтан мен бұл асыл қыздың басына бостандық бердім, жан не де қарсы болмас. – деп Абылайханға қарап қойды. Абылай да басқа ба-

тырлармен билер сияқты Есенбеттің айтқан сөзіне масайраш қарап тұр екен, басын изеді. Есенбет одан әрі тағы біраз суырылды: «Қыздың жұмбағындағы жаналақ құрлы болайын мен, - деп күліп жіберді.

Сонда Абылайхан Есенбетке ризалықпен қарап: Енделе Есенбет батыр, бердік бостандық бұл қызға, таңдаулы сый-сияпатпен бұл қызды Ордадан әбден сыйлайық, астына таңдаулы ат мінгізіп, қыздың ел-жұрты Шағаннан әрі деп түрсыздар ғой, бұл қыздан да біздің де жұмбағымыз болып қалсын, - деді, және бұл қызды әкеттен Есенбет батыр өзіңіз Қабанбай батырдың Гауһар жеңгемізден туған қызы батыр Назымға апарып табыстаңыз, ол әрі қарай айшылық жер болса да шығарып салып еліне, сүйген жігітіне апарып табыстасын, - деді. Сосын көпке біздің бар батырларымыз Есенбеттей өнерлі болса, әрі шешен, әрі мерген, әрі жаны жомарт пэнсінің жетегіне ермеді. Есенбеттей болыңдар, жас батырлар! – деді. Сосын Есенбетке қарап: «Шағандағы Ақпантай батыр бұл тойға қатыспай кетті ғой, жұмысы болған шығар, қайтарыңызда менің атымнан ерте келіңіз, оған деген құрмет, сый-сияпат та бар» - деді.

Сонымен дереу қызды жолға дайындады, Ордадағы әйелдердің барлығы қызға неше түрлі сыйлықтар беруде. Қыз өте сыпайы екен, еш бір сыйлықты алғысы келмеді, жанында аттануға дайындалып тұрған Есенбет батыр қызға қарап: «Алыңыз, қарындасым, ханшалардың қолынан әркім сыйлық ала бермейді», - деген соң, біраз сыйлықтар алып, рахмет айтты.

Орда жанынан Есенбет біраз жігіттермен қызды атқа мінгізіп аттана берген шақта: «Хан жылдам шақырып жатыр» - деген хабар келді...

Бұл екі ортада мынандай оқиға болып қалған: Қазыбек би ханға және халыққа қарап: «Мен бір сөзді ойлап тұрмын

» деген.» Айтыңыз, айтыңыз деп тілек қылды халық, хан да айтуын сұрады, өйткені Қазыбек басқа сөйлемейді.

Қаз дауысты Қазыбек: «Бұрынғылардың қалған сөз бар еді, ол сөзде «ханның қайраны шексіз, ердің қайраты шексіз» - деп Қараменде би айта беруші еді, бүгін соның куәсі болдық. Біріншi өткен соғыста біздің ісімізді ақтаған аруақтарымызға ризалық білдірейік.

Екінші Абылайханға ризалық білдірейік. «Хан-еке - деді Қазыбек, сонау Қасқакөлдегі соғыстан бері қайраныңның шексіздігін көрсеттіңіз, осында тұрған бірде-бір халық бұл сөзімізді бекер дей алмас, бүкіл халық бұрыннан сізге ризалық білдіріп жүрген, алла сізді беріп, қазақтың көз жасын тиятын заманға жеттік. Еңкімнен меймандік қалап атақ-даңқты пендешілік қылып қызғанған жоқсыз, тіпті Қабанбайға екі рет атақ бердіңіз, Сеңкібайға «Ақиық» деген атақ бердіңіз, ешқайсы бәрін де қабылдаймыз. Ал біз сізге берген атақты да, халқым берген атақ деп қабылдаңыз, біз бүгін Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүзден қатысқан қысқа билер кеңесінде сізді Үш жүздің ханы ғана емес, «Ұлы хан» деп атақ бердік, сіз бүгіннен бастап «Ұлы хан» боласыз, мансабыңыз құтты болсын» - деді Қазыбек, қаз дауысы саңқылдап. Сол кезде даланы керніп «Аруақ, аруақ» деген дыбыс жер жарардай болды. Бұл ханға құрмет етіп тұрған өзінің сарбаздары батырлары еді. Қазыбек сөзін одан әрі сабақтап, жұрттың саласына жеткізе айтты.-Уа, халайық,ханымыздың бізге істеген еңбегі аз емес, ақылы, айласы бірдей, адамгершілігі биік. Өнеукүні өмірімізге қарсы келген жаудың қолға түскен мыңнан астам адамын, біреуін өлтірмей, жазаламай еліне қайтарды. Бүгін қолға қосып жасап тұрғаны мынау. Бұл хан қайранының шексіздігі емей, немене?!- деді. Қызға қызыққан жастардың да берекесін алмайтын әдіс таптыңыз. Елдің де, жұрттың да, әскердің де көңілін тауып, әр істің қиынын біліп басқарып

келесіз. Бұл да «хан қайраңының шексіздігі». Қабанбай батырды әскерді басқаруға қойғандығыңыз, бас қолбасшы деп тағайындағаныңыз да көрегендік болды. Иншалла, жаудың негізгі күшін жеңдік, енді көгерер халқымыз», - деді Қазыбек. Жиналған халық Қазыбектің сөзін дуылдай қоштады.

Еспенбет қызды шағын қосыммен шығарып сала кетті, ол уақытта әлі де болса жау кездесіп қалу қаупі бар еді. Өйткені қашқан жаудан бөлінген қосындар әр жерде ұшырасып қалушы еді. Әрине қашқан жауда береке болмайды, сонда да болса аты жау, кездесіп қалып, күші асса аямауы мүмкін. Еспенбет қызды алып суыт жүріп бес күннің мұғдарында Шағанға ілікті. Назым қызды іздеп еді, ол алыс сапарға, нағашыларының еліне кеткен екен. Қыздың аты Маржан еді. Көкшетаудағы жеңіс тойында батырлардың сауық-сайраны қанша қызық болса, мына Маржан қыздың уақиғасы тіпті елге аңыз болып кетті. Тіпті Сұртай ақын «Маржан қыз» деп аталатын, керемет әдемі әуезді болып шырқалатын әнді сөзімен бірге шығарып сол жердегі естіген халық түгел үйреніп алды десе де болады. Кейінгі заманға дейін анық жеткен сол ән мен өлеңнің сөзі мынадай еді:

«Жоғарыдан жүгіртіп Бөкен келді,
Ойнақтағып астында бөкен керді.
Тас ұшырған екпіні дауылдай боп.
Қиғаш қашқан құтқармас бөкендерді.
Қабекең мінген қубасты-ай
Қубастай жылқы тумасты-ай
Бұған жылқы жетпейді,
Екі аяқты бір басты-ай!
Көкшетаудың біз келдік бұлағына,
Ат аунады, шалғын мен құрағына,
Маржан аты естілсе құлағына,
Көкіректен кетеді, жыр ағыла!»

деп Сүртай ақын шығарған әні қазақ даласына тарап кетіп еді. Есенбет бұл уақытта Маржан қыз екеуі алыс жолда еді. Бұл әннің шыққанын олар естімеді, тек бірнеше айлардан кейін Бұқар жырау осындай бір кездесі қыз туралы елдеріне енді «Өжетпес» жиыны аяқталғаннан кейін көп ағытпен, әңгімені өз елдеріне жетіп бара жатқан жігіттерден осы оқиғаны естіп Байғозы әншімен Сүртай ақынға «осыны неге жырламайсыңдар» дегенде осы керемет әні дала қызының алымгерлігімен, уәдеге беріктігінің, сұлулығының бейнесін көз алдыңа әкелетіндей болып шыққан еді. Есенбет батыр негізінде Маржан қызды сол уәде берген жігітіне қосқан болып келе жатыр. Алыс-сапар үзеңгі қағысып жүргенде ілесі ғана әйдесеңді. Есенбет батыр болғанмен осы қыз алдында бір түрлі, ұялатындай ма, немесе, екі арадай жол жүріп келе жатқанда, шындығында қызға көз тоқтатып қарамады да. Далаға қонып келе жатыр, алыстан Алатаудың ақбас жоталары көрінді. Бұл Жетісу еліне келгенінің белгісі. Шілде айы болса да Алатау жақтан үн еткен желден мамық ызғар еседі. Ол тау басындағы мұздардан келген деп. Жер шалғын түрлене енген уақыт. Жетісу жері суы да мол. Аттаған сайын кішкене бір өзен. Жабайы жемістерге, әсіресе қарақатқа ұсақ толады. Бұлар көбіне ағашты сайлардан аулақтау жүрді, сілеусін, қабылан, жолбарыстың бар шағы. Қалмақтан қалып қойған жаншенгілер де жүруі мүмкін. Олардың жебесінен жазатайым кетсе өкініш кетпес. Енді баратын ауыл да жақындап қалғандай, қыздың айтуынша бір жарым күндік жол қалған сияқты. Алатауға жақындаған сайын ел жиі кездесе бастады. Тағы бір күн өтті. Есенбет жанындағы он шақты адам да ән айта берсін, үнсіз. Олар алдағы кезде дуылдасып әңгіме айтып, өткен соғысты сөз қылып келе жатқан, қанша айтқанмен алыс жол оларды да қажытқан сияқты. Ішінде ән айтатындары бар еді, бірақ Сүртай ақын шығарған «Маржан қыз» әнін

бұлар білмеуші еді, өйткені кейін қазақ-қалмақ соғысында Ұлы хан Абылайдың кемеңгерлігімен Қабанбай, Бөгенбай батырлардың ауыз болған ерлігімен бірге осы ән де даланы шарлап кетіп еді. Ол уақытта «Жар-жардың» жаңа шыққан кезі, келін түскенде айтылатын, түспесе де былайғы жерде «жар-жар» айтыла беретін, өйткені әні дауысқа үйлесімді болған соң ат үстінде көбінесе орындай беретін жағымды ән еді.

Есенбет жанындағы жігіт қыздың жайын естіген, бұлардан ештеңе жасырылған жоқ, бәрінің де тілегі қыздың жігіті тезірек табылып, соған бұлар қызды қосып, «Жар-жар» айтып тойдың ішінде болсаң, сонау жақтан келген еңбегіміз бар, тиісті сый-сияпаттан да құр қалдырмас деген талап-ниеттері болатын.

Күндегідей бұлар ерте тұрды, өйткені діттеген жерге бүгін жетіп қаламыз деген ойлары бар. Қыз еркекше киінген. Бірақ еркек киімі қанша білдірмей тұрған болса да қыздың аяулы жүзі, асыл мінезіне сәйкескендей, «арпа ішінде бір бидай» болып көзге бірден ұрылады. Есенбет «енді қайта көрмеспін» дегендей ұрлана көз тастап қыздың жаратылысының ерекшелігіне тәнті болды. Сөйлеген сөзі, сыңғырлай шығар дыбысы, сирек болса да жымиятын күлкісі бір жұмбақ дүние болып келеді. Міне бір ауыл кез болды, бұл ауылдан келесі ауылдың жөнін сұрады, бұлар.Келесі ауылдан өтті. Екінші күні кеш бата қыздың ауылына келді. Алатаудың етегіндегі көкпенкөк алқапқа қонған шағындау ауыл екен, бұларды ауылдың бала-шағасына дейін күткендей қуанышпен қарсы алды, қыздың әке-шешесі, екі бірдей бауыры Маржан қыздың келгеніне шашар-шашбасын білмеді. Қыздың Абылайханның жанында өз басының теңдігін жұмбақ шартпен жеңіп алғанын естіп, ауыл адамдары айналанып жүрді. Бұлардың келу сапарына тойға бергісіз

сауық жасады. Көңілі бір жігітке серт берген жағдайын әке-шеше, туғандары да, мынау отырған ел-жұрт жақсы біледі екен. Өкінішке орай сол батыр жігіт Алатаудың бір құзынан таутеке атып, соны алуға төмен түсерде оқыс тайғанап мерт болыпты. Жауға мықты қайрат көрсеткен ердің ері болып жүрген азамат қазасына жұрттың қабырғасы қайысыпты.

Тағдырдың салғанына кім көнбес. «Бишара» деген сөз «шарасыз, амалы жоқ» деген мағынаны білдірмей ме. Өйткені Алланың ғана шексіз құдіреті. Ол болады деген болады, болмайды деген болмайды. Бұл өңірдің адамдары тәубаны жақсы білуші еді. Өйткені ауылдарынан Түркістан, Қарнақтан оқып келген қожалары, молдалары халықты сауаттандыра бастаған.

Қыз жігіттің тағдырын естігенде есеңгіреп қалған күй кешті. Бірден жылаған жоқ, сүт пісірімдей уақыттан соң көзінен аққан жасқа ие бола алмады. Тек анасы құшақтап жұбатқанда тоқтады.

Есенбет батыр сұңғыла сезімтал болатын. Өзінше ән айтып, өлең шығаратыны да бар. Неге екенін кім білсін, жасында медреседе екі жыл оқығаны бар еді. Сонда ұстаздары айт күнінде, пайғамбар туған мәулетте айтып жүріңдер деп «Аушалдыр» жырын үйреткен. Дәп қазір сол есіне түсе қалды. Есенбет іштей күбірлеп жырды айтып отыр:

«Аушалдыр бір дейді,
Анса кілем кірлейді,
Ата-ана сыйлаған
Ақпалмашы бір дейді.
Аушалдыр екі-ді
Қорасан қамақ кекілді.
Жаста қылған тәубасы,
Тас жаудай бекіді.
Аушалдыр үш дейді.

Кешпен сарай үш дейді,
Сөз айтсаң да шадаңа
Салған жолға түсейді.
Аушалияр төрт дейді,
Алла бір деу серт дейді.
Өтірік айтсаң аузыңнан
Шығады тамұқ, орт дейді
Аушалияр бес дейді,
Бестен ойып ес дейді.
Ер жігіттен бақ тайса
Мал жиышуы кеш дейді.
Аушалияр алты-ды
Жақсылық жасау артығы.
Мейірім болса жүректе
Бейіште нұрың шалқыды.
Аушалияр жетінші,
Жетімді жетім жемеңіз,
Жетімнің ақын жемеңіз.
Жетімнің ақын жесеңіз,
Көтеріп көрге салғанда
Тек жатармын демеңіз.
Аушалияр сегіз-ді.
Су ашы теңіз
Ата-анаңды аяма,
Жақсылықты ең ізгі
Аушалияр тоғыз-да,
Ата-анасын бақпаған
Арам сүт емген доңызды.
Аушалияр он дейді,
Қыздыр киер тон дейді,
Құп жарасын қосылу,
Пайғамбар салған жол, дейді.

Аушадияр он бір-ді.
Ақ қағазға түсірді.
Ибраһим баласын
Құрбандыққа көндірді...

Есенбет «Аушадиярды» ішінен күбірлеп отырғанда: «Күн жарасын қосылу, Пайғамбар салған жол» дейді. Маржан қыз, есті қыз жылдам есін жинады, түйенің қомында, аттың жалында болған оқиға... ауылды шапқан жаудан құтқарған сол жігіттің... ретін тауып қызға тілек қылғаны, мұнан бас тарта алмағаны, сөйтіп уәде бергені... ақыр мынандай тағдыр...қызға тез ес жиғызды.

Бір апталай Маржан қыз ауылына еріп келген соң Есенбет батыр, Шапыраштты Наурызбай батырдың ауылын іздеп аттанбақ болды. Өйткені өткен сұрапыл соғыста Наурызбай батыр қалмақты қуып кеткен. Хан рұқсат еткен соң, амандық болса ел жағына кетпек-тін. Есенбет қайды қойсын досының ауылына жақын келіп тұрып соқпай кетуді жөн көрмеді.

Қыз ауылына еркін екен. Сондықтан ба, әнеукүнгіден бері Есенбет ерлеп бет-жүзін жасырған жоқ. Мүмкін екі апталай жолда бірге болғаннан шығар. Қыздың жүзінен ештеңенің мәнісін ұға алмайсың. Бұлар «ертең аттанамыз» деген күні қыздың жабырқаумен болғаны, [illegible] белгісі болды. Ақ жүзі алдан ұйықтамағаннан, әлде жылағаннан домбыққандай болып тұрды. Жол бойы ол Есенбет батырды «Алдақ аға» деп келген. «Алдақ» аты әнеукүні Көкшетауда Қаз-дауысты Қазыбек бидің ханға ұсынысымен, бұрынғы соғыстардағы ерлігі мен осы жолғы жігіттер сайысындағы үздік мергендігі үшін марапатталып берілген құрметті ат болатын. Жаратылысы өзгешелеу мінезді батыр Есенбет алғашқыда бұл атқа үйрене алмай, бірақ жол бойы қыздың әңгіме арасында «Алдақ» деп атағаны қандай жағымды болса да, мән бермеуге тырысып келіп еді. Дәл кетем деген күні Есенбет батыр да әнеукүннен бері көңілдің терең түкпірінде бұғып жатқан

неңде ой бас көтергендей. Өйткені қыздың уәде берген батыр жігітке тағдыр жетсе кім кінәлі. Байқаса Есенбет батырдың әнеукүнгіден бері бір оғаш қылығын қыз да байқаған емес. Тіпті «мұндай да ұстамды адам болады екен» деп келе жатқан қыз жайы бар еді. Бүгін жігіттер кісендеулі аттарын әкеліп, арқаларының қылшықтарын үрлей сипап ерттеу қамына кірісті. Маржан қыздың өзінің ертоқымы, атқа мінуге сай тігілген киімі бар екен. Бір қараса сұлу қаракөк атты алдырып, ерттетіп қойыпты. Есенбет осы жерде қысылғандай болды. Қазақ гүрпында әйел атпен еркекті шығарып салмайды. «Мынасы несі, ерке қыздың шолжаңы ма, жоқ әлде, шашы ұзын, ақылы қысқалықтың бір көрінісі ме? – деп ойлағанша болған жоқ, қыз отауынан киініп шыға келді, қолында бүктеп ұстаған ат соғары.

Есенбет батыр! – деді Маржан, көзінен от жалыны ұшқандай боп, сал ентіге сөйлеп, - менің үш шартым есіңізде шығар,тағдырдың жазуы болып қалды, сендеше сол шарт күшінде қалды, сезбей тұрған жоқ шығарсыз, мені менсінбей жүрмессеңіз. Ерлім соңыңыздың, ұстадым етегіңнен, ия алла екі рет жылатпа деп көзіне ыстық жасты ытқытып жібергенде Есенбет қызды өзінің сауыт киген төсіне қысып тұрғанын бір-ақ аңдады.

## XXII желі

Абылай заманы туралы кітап осы заманда жазылып отырғаны анық. Жазба деректердің өте аз қалуы, қалғандарының өзінің зерттеудегі қиындықтар бола тұрса да, Абылай туралы айтыла бермек, өйткені ол қазақ мемлекетін ығайтуға өлшеусіз еңбек қылды. Хан баба туралы біраз айтқымыз келді.

Орынбор губернаторы И. Рейсндорпқа мынандай мазмұнды хат жазыпты кезінде: «Менің қарауымда Ұлы

және Кіші ордалар да бар. Ұлы жүз қазақтары Ташкент уалаятында тұрады, оларға Түркістан қаласы тәуу. Ол уалаятта менімен жауласып жүрген қырғыздар да бар. Міне, солар біздің адамдарға әлсін-әлсін шабуылдап маза бермей, ауылдарын тонап, қатын-баласына дейін тартып әкетіп жүр. Мұндай озбырлықтан бізді қорғай көріңіз деп өз жасыммен өтінемін. Тентектерді тиып, бұзықтарды бұғауласын деп, қарауымдағы балаларым мен елдің ең жақсы адамдарын соларға аттандырдым. Олардың артынан ата-мекен қамы үшін өзім де аттанғалы отырмын» -деп жазыпты хан Абылай. Хатта ол өзінің аттанатынын да жазған...

Абылайхан батырларын таратып біраз дем алуда еді. Бірақ тыныштық болу қайда. Сырттан жау келмесе де қазақтың өз ішіндегі ырғылжыңы оңай болмас. Ойлап қараса Қытай патшасын мұның бағыныштылықтығы кейде екіұшты білдіргендей хаттары таңғалдырған сияқты. Хан Сұлтангерей екеуі Қытай Ежеханына жолдаған хаттарында «бағынамын» деп теемес, «бағынбаймын» деп теемес мазмұнды жазушы еді. Абылайханның сол кездегі дүниетанымының осы ақылды жігіт Сұлтангерейдің көп көмегі тиді. Сонымен бірге Карлсон деген швед жерлік далада қаңғып жүргенде жасақтар ұстап әкелген, басында түсіну қиын болғанымен кейіннен ол қазақша әжептәуір үйреніп ханға көмекші бола бастады. Сонау Швед деген елден екен. Ресей арқылы, одан Бұхара, Самарқанд бағытымен Үндістанға өтпек болғанда, бір жерде кезіксе қазақ хан жасағы бұлардың түйелерін барын тонапайық – деп ұстап хан ордасына әкелген.

Абылайхан енді келер заманның қарадүрсіндіктің заманы емес, оқу – білімнің заманы екенін ой де пайымдап жүруші еді. Карлсонның қолындағы сол уақытта дүниенің ашылған жерлерінің картасы болатын, бұлар Үндістанға осы картамен өтпекші еді. Абылайхан маңайында болғанына үш жыл, қазақшаны әжептәуір үйренген Карлсон дүние карта-

сып Абылайханға көрсете отырып үйрете бастады. Тегінде Карлсон оған телігеп жоқ. Абылайханның өтi ықылас қойған соң ол үйретуді бастады. Алғашқыда қиын болғанымен зирек жер ортасына қарай жасы ауса да картаны ықыласпен үйренді. Қазір ол Ресей жерін, Қытай жерін және қазақ жерін таба да біледі, көлемін де салыстырып қарайды. Кейде Карлсон жанында жоқ кезде Абылай картаны алып ұзақ қарайды, өзендерді, көлдерді қарайды, біраздан кейін картаны лақтырып тастап ұшып түрегеліп Ордадан шығып біраз ойланып жүреді. Картадан қазақ жерінің мол екенін білді, осы жерді ие болу, ұстап тұру ханды қатты мазалайтын еді. Оның үстіне Кіші жүзде Нұралы хан етіп бекітуді сұрап жаңа болған патшайым Екатеринаға үздіксіз хат жолдап жатқан Болай жеңгесінің әрекеті ызасын келтірді. Әбілқайыр өлгеннен кейін «тағдырдың бұйрығы» деп мойынсұнып, ағасы дәуірлеп тұрған Абылай – Әбілмансұрдың «хандық жолі» деудің орнына ақылы асып кетпейтін Нұралыны хан етпек. Ия, оны тіпті Абылай қылғанбас та еді. Бірақ Үш жүздің баласына бір-ақ хан болу керек, - деген мұның ұсынымы болатын. Сонда ғана жауға мықтысын, өзіңе-өзің мықтысын деп, - ойлайтын Абылай. Осыны ойлағанда атаққұмарлық емес, адалдық жеңе беретін.

...Жылдар өтті. Түркістан қаласы. Жаз айы. Сан құқайды көрген кәрі Түркістанда Қожа Ахмет кесенесі биікке ұмсына қарайды. Түркістанға бірнеше мыңдаған адамдар жиналған. Сарбаз киімін киген, дулығалы батырларда жүр, бірақ басым көпшілігі жай киінген адамдар.

Әбілмәмбет хан қайтыс болған. Әбілқайыр Кіші жүздің ханы болатын, ол өлгелі де көп жыл. Бірақ онда Нұралы хандықты атқарып жүр. Орыс патшайымы Нұралының хан екеніне ауызша келісім беріп, бірақ қолына жазылған грамота бермеген. Мөңке би бастаған біраз адамдар Петерборға барғанмен дәйекті жауапты патшайымнан ала алмапты.

Бүгін Түркістандағы Үш жүздің әйгілі адамдары бас қосып Абылайды бүкіл қазақтың ханы деп ақ киізге салып тағы хан көтерді. Бұдан бұрын 1741 жылы Ұлытауда Алашахан, Жошыхан мазары маңайында да Абылайды хан көтерген. Тіпті Жиделбай, Сеңкібай, Қарамендiлер Алашамен, Жошының басына барып құран оқып, алладан тілеп әруақтардың да ризалығын сұрағанда Алашамен Жошының қабірінен күңіренген үн шыққан. Бұлар мұны әруақтың қолдауы деп білген. Ал биылғы жылы осы оқиға Түркістанда болып жатыр. Бұл жылы Абылай шағы толысқан шағында, елу тоғыз жаста. Көп әйелдерінен туған сұлтан балалары әр елді билеуге бөлініп кеткен.

Абылай бүкіл қазақтың ханы боп сайланғанын орыс үкіметіне хабарлай қоюға асыққан жоқ. Өйткені бұл отжүректі, отаншыл билеуші еді, батырлығы мен батылдығының үстіне дәл қазір кемеңгерлігі де айқынды өріс тапқан. Байқаусыз от басудан, біреудің бықсыған шаласын үрлеуден де сақтанады. Нұралының бүкіл қазаққа бір хан боласың деп келісім беруге өресі жетпеді. Қайта жергіліктің билердің шылауына еріп әйтеуір Кіші жүздің бейресми болса да, ханы болуды көкседі. Абылай болса ел іргесін бекіткісі келеді, ішкі-сыртқы жағдайларды реттеп өз дүние картасынан әбден түйсінген дүниедегі мемлекеттердің кәдімгі қатарында болғысы келеді. Ол үшін биліктің орталықтандырылған жүйесін жетілдіріп, тәуелсіздігі бекіте түсу керек. Содан кейін барып орыс пен қытайға мені көрші ретінде таны дегенді жай ғана білдіру керек. Абылай 1771 жылы Түркістанда боз биенің сүтіне шомылып, ақ киізге көтеріліп хан болғанынан бері жеті жылдан асқан мұғдарға өз баласы Тоғым төрені басшы қылып, Уәли, Шыңғыс, Тұмар атты ұлдарын, Дат, Тәуекелбатырларды қосып, Мәмет, Рыскелді, Таңғыт сияқты ел адамдарын олардың жанына қосып, Орта жүздің Сеңкібай, Үкібай, Жидебай би әрі батыр Керней Жарылғапты қосып, бұларды

біразы Орынборға дейін барып, біразы ары қарай Петерборға патшайым Екатеринаның ризалығыналуға баратын болған.

Мұның ішінде Дат пен Тәуекел Кіші жүздің биі әрі батырлары, өздерінен жасы үлкен Мөңке би Нұралыны хан қояйық деген. Бұлар оған келіспей Абылайға келген. Абылай оларды елшілер қатарына қосқан. Мөңке биді бұл кітапта мол қамти алмасақ та, ол туралы білетін, білмейтін оқушыларымызға хабар бере кетейік. Біздің басты кейіпкеріміздің бірі Абылай десек, Абылайды жақтамай, Нұралыны хан қою қамында болды, - деп Мөңке бабаның рухын төмендетуге болмайды. Мөңке аса қасиетті би болған. Бірақ, біздің оқиғалар өтіп отырған жерлерден алыста, Кіші жүз өңірінде өмір сүрген. Мөңкені ұлы Мұхтар Әуезов «келесі заманның жұмбағын шешіп берген әулие» деп қатты бағалаған. Біз де Мұхаңның бағасын бөліп-жара алмаспыз. Өйткені Мөңке би:

«Түрлі-түрлі халық болады,
Күндіз-түні жарық болады...
Дүниенің жүзінде
Өрс мен темірден жол тартылады.
Адам ақысыз жұмыс істемейді,
Дүниені түрлеп кестелейді» , -

десе, осы айтқандары осы заманда келіп-ақ тұрған жоқпа? Әйтпесе, оның мына айтқаны қалай:

«Қу моладан үйің болады,
Қу баладан биің болады.
Кебір жерге теңеледі.
Әйел ерге теңеледі.
Сиыр өгізге теңеледі,
Көл теңізге теңеледі.
Ащыны ащы демейді.
Сағыпып тамақ жемейді.
Тапқанын олжа демейді.
Әлһам білгенін молда дейді,

Бір-біріне қарыз бермейді,
Шақырмаса, көрші көршіге кірмейді», -

дейді бұдан үш жүз жылдай бұрын жасаған қазақ халқының ұлы философтарының бірі Мөңке би. Тағы былай дейді:

«Құрмалы-қорғанды үйің болады,
Айшамалы, төбелі биің болады,
Халыққа бір тиын пайдасы жоқ,
Ай сайын басқан жиын болады.
Домалақ-домалақ түймедей дәрің болады,
Жастарға билігі жүрмес кәрің болады.
Алашұбар тілің болады,
Дүдамалдау дінің болады.
Әйелің базаршы болады,
Еркегің қазаншы болады,
Сарылып келіп тосасың,
Құны жоқ қағазды сүйрей шашасың» , -

дейді Мөңке данышпан. Оқушыларымызға Мөңке бидің бұл сөздерін түсіндіріп жатам деу артық болар. Бәрі де айқын болып тұрған жоқ па?

Мөңке Тілеуұлы сол заманның ғажайыбы. Бүгінгі тілмен айтқанда феномен. Алла тағала өзінің біршама ғасырлар бойы сынағында болып көп нәубеттен, тауқымет тартқан халыққа жіберген сыйы іспеттес деуге болар. Сол заманның Сарышолақ деген мықты ақыны:

«Тілеудің ұлы Мөңке елі,
Алты алашқа бас болған.
Қара мойын серке елі,
Ақыны зерек әуезе,
Қиянға көңіл сілтеді», -

деген. Ал Мөңкеден бұрын өткен, тіпті сонау Ноғайлы дәуірінің классигі Шалкиіз «Ор, ор қоян, ор қоян», - десе, Мөңке: Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек деп толғайды. Әйтпесе Мөңке бірде: «Қырға боран борасы, қырға боран борар ма,

десе, жүз жыл өткеннен кейін Махамбет: «Орай да борай қар жауса, қалыңға боран борар ма» дегені Мөңке дәстүрін көрсетіп-ақ тұр (Мұхтар Құлмұхаммед). Осы Мөңке би Нұралыны хан тағайындау жөнінде патшайым Екатеринаға ұсыныс-хат жазған екен. Елді Мөңке сияқты есі бар ер-данышпандардың ұстап тұрғанның бір белгісі осы емес пе. Мөңкенің өзі тәлім алған жоғарыда біз айтқан Ноғайлы заманындағы ұстазы Шалкиіз:

> «Сіз де өлерсіз, өлерміз біз өзіміз,
> Өлген соң жұмылар екі көзіміз.
> Біз өлген соң қалғандармен,
> Сөйлер біздің сөзіміз»,-

деп кеткен екен. Бірақ, жазу-сызуға олақтығымыздан ба, өзіміз мұны білмейміз, қазір Қап тауының ноғайлары сақтап қалған екен, Шалкиіздің біраз сөздерін. Біздің кітабіміздің өзегі Мөңке би емес еді, бірақ Мөңке халқымен енді табысып келе жатқанын еске алып, және біздің әңгімемізге дөкағысы боп қалған соң, әйтеуір ұрпақ санасына жете берсін дегеніміз ғой.

Біздің бастан-аяқ әңгімемізге ілікпей отырған тағы бір ғажап адам бар, сол заманды айтып отырмыз. Ол Қожаберген жырау, әрі батыр, әрі классикалық түрғыдағы ақын. Осы уақытқа дейін білмей келгеніміз өкінішті әрі ұят. Әйгілі «Елім-айдың» авторы. Ән болып айтылып жүрген «Елім-ай» ұзақ толғау-дастанның бір кішкене бөлігі. Қожаберген жыраудың «Елім-ай», «Баба тіл» деп аталатын екі ғажап дастаны бар. «Елім-ай» Ақтабан-шұбырынды, алқакөл сұламаны сөз етсе, халық басындағы қайғыны жеткізе айтса «Баба тіл» түп-тура тіл туралы бүгінгі мәселені тура үш жүз жылдайбұрын қозғап отыр. Қожаберген жыраудың әкесі Толыбай сыншы бүкіл қазаққа белгілі. Аталарының алла сүйген пендесі болып көп қасиеттер дарыған.

Қожаберген қазақ-қалмақ соғысында қан төккен ба-

тыр. Кейіннен соғыс биесіндей өлеңге ден қойды, өлеңі тап осы ламаның өлеңіндей көркем жазылған. Қожабергеннен бергі ұрпақ таңдай қақтырар жырын жазды Сегіз Сері. Бұларды еске түсіру үшін айттық, әр қайсысына бірнеше кітап жазса да артық болмас шамалы.

Қожаберген жырау туралы алғашқы мәліметтер өткен ғасырдың жетпісінші жылдарында пайда болды. «Елім-ай», «Баба тіл» дастандарының жоғарғы көркемдік дәрежеде жазылуы, халқымыздың әдеби ортасында да, былайғы халық арасында осындай ақынның болғанына сенімсіздік тудырғандай еді. Бұндай пікірлердің бір заңды жағы бар сияқты еді, өйткені Бұқар жыраумен қатар өмір сүрген Қожабергеннің жырлары жаңа әдебиеттің туындысы екені айқын көрініп тұрды да, оған қарама-қарсы Бұқар жырау поэзиясы ауыз әдебиеті дәрежесінде еді.

...Үш ғасырға жуық уақыт айтылмай, естілмей келіп, біздің халықты да, әдебиетті де таңқалдырған Қожаберген жырау туралы біздің тірнектегенімізді оқып көріңіз: Толыбайұлы Қожаберген-Керей, оның ішінде Абақ керейдің Шұбарайғыры. Бұл рудың ұраны «Қожаберген». Шұбарайғыр бұтағының ауылы екі «Бес шам» немесе «Бес там» деп, кейбір деректерде «Таутар» тайпасы деп те аталды.

Кейбір деректерде Таутар тайпасы Ашамайлы Керейден өрбіген деп те айтылатыны көрінеді.

1660-1770 жылдар аралығында біз кітабіміздің басында айтылған Тәуке ханнан батырлықтың белгісі ретінде «ақ ту» алған Қожаберген батыр осы кісі. Монгол жазушысы Д.Цембелдің «Әмірсана» романынан көрсетуінше, 1756 жылы Абылайхан үш мың әскермен Қарақшы тосқан соғысуға, оның серіктес батыры Қожаберген Ойраттың Әмірсанасымен одақтасып үш мың әскермен Далдаңға, Фу-делері тосқан соғысуға аттанады. Қожабергеннің өзі осы кезін былай дейді:

«Пайғамбар жасындай өмірім майданда өтті,
Орта жас, ол да мені тастап кетті
Ту ұстап тұлпар мінген қайран күнім,
Бір күнгідей болмай-ақ өтіп кетті»-дейді.

Бұл күндері Қожабергенді бір топ орта жастағы зерттеушілеріміз соңына түсе зерттеп жүр, олар көп нәрсені тапты да. Мен осы Қожаберген туралы әңгімемде Н.Әбуталиев, Қ.Бигожин, Г.Түрсынова сияқты зерттеушілерге сүйендім. Моңғол республикасында тұратын Р.Б.Үятхан деген жазушы дерегі де дәл қазір құнды болып тұр.

Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламадан кейін Қожаберген қайыншылап кеткен екен дейді (Р.Б.Үятхан). Қайыны қазақ елінің тым терiскейінде болған ба, немесе оңтүстікте ме, ол туралы айқын дерек жоқ. Бірақ Қожаберген осы сапардан алты жылға дейін отбасы, ошақ қасына орала алмаған. Мұның басты себебі шапқыншылық болар. Ол сол кезде қазақ-қалмақ соғыстарының бел ортасында жүрген болуы тиіс. Өйткені Тәукеден ақ ту алған, батырлығымен де, ерлікке үндеген өлеңдерімен де сол кездегі қазақ қоғамына белгілі болып қалған Қожабергеннің бір жердегі қайнына барып із-түзсіз алты жыл жатып алуы мүмкін емес қой. Алты жылдан кейін Қорғалжынға келіп паналап отырған негізгі ауылын іздеп тапқан соң, өзімен туысқан Шақшақтың қолында болған. Бұл кезде Қожабергеннің жасы ұлғайып қалған кез. Қызы Зейнеп, немересі Балқан, бәйбішесі Айша тірі, осы ауылда екен. Қожаберген өзі үш әйел алған. Кіші әйелі-Дүзікті туған ағасы Жәнібектің ауылына қоныстандырған (Шақшақ Жәнібек.М.Б.). Сол Дүзіктен туған балалары Жәнібекті ата дейді екен. Сондықтан да кейбір зерттеулерде Қожаберген Жәнібектің баласы деген жаңсақ ұғым дейді зерттеуші Р.Б.Үятхан. Жоңғар шапқыншылығынан есі шығып сасқалақтаған ауылдар бірімен-бірі хабарласа алмай да, қосыла алмай да қалған. Екі ауылдың беті екі

жаққа ауып кеткен. Қожабергеннің алты жыл осыларды іздеп азып-тозып жүргені рас екен. Ауыр қиыншылықтарды бастан кешіріп, бөлінген ауылын іздеп тапқанда ағасы Қарабас бидің балалары-Асқар, Дүйсен, Дәстеммен тірі көрісіп тәуба қылысқан. Көзі қарақты оқушы осы аттар аталғанда бір елең ете қалатыны шығар. Өйткені мұнда Дәстем аты айтылып отыр. Бұл кәдімгі қазақ даласында салдықтың неше түрлі сәнін келтіре білген, салдық дәстүрді тудырушы деуге болатын белгілі Дәстем сал. Айта берсе әңгіме көп. Осы Дәстемнен бері Баһрам, одан атақты сегіз сері өрбитінін оқушыларымыз біле берсінші. Қожаберген өзінің «Елім-ай» дастанымен, «Баба тілі» дастанымен-ақ қазақ тарихында терең із қалдырған адам. Сырдария өзені бойында «Бестам» деген жерде сол уақытта-ақ осы «Елім-айдан» үзік шумақтар жазылып қалғаны бүгінгі ұрпаққа қызықты болуы керек. Реті келіп тұрғанда ата қазақтың данасы Қожаберген туралы тағы біраз айтайық.

Дүниеден ертеде «елім» деп еңіреп өткен бабамыздың жанұя жағдайынан ой бүгінгі ұрпаққа керекті мәлімет бола берер. Келесі қызы Зейнеп, Балқан екеуі Шақшақтың отауында тұрыпты.. Қожабергеннің кіші әйелі Дүзектен Жандаулет, Кенжебай атты балалар туған. Бәйбішесі Айнасегіз ұл бір қыз туған екен. Ортаншы әйелі Байбура құрсақ көтермегендіктен Айнадан туған бір ұлды бауырына салған. Қожабергеннен он төрт ұл бір қыз болған деген ұғымның жайы осындай еді. Айнадан туған ұлдардың бәрі «Ақтабан шұбырындының» құрбаны болған, ержеткендерінің бәрі жаумен алысып, тегесіп өлген. Кіші әйелі Байбураның бауырына салып алған ұлының тағдыры мәлімсіз. Дүзектен туған ұлы Алтай асып кетіп аман қалыпты. Қожаберген көп іздеу мехнаттарын бастан өткеріп, осы ұлдарымен ұшырасады. Тағы ол қалмаққа қарсы үздік соғысқан, солардың қолынан өлген бауырларының кегін алып жүрген Кенжебай деген ұлымен бірге болады.

Осы жерде бір түсініксіздеу шаруа бар. Ойрат ханы Әмірсана Қожабергенге достығының куәсі ретінде өзінің ұлы Мұлтырды өкілдікке берген (Р.Б.Үятхан). Ойрат ханымен Қожаберген бір сәтте қалай достаса қалды, бұл бізге беймәлімдеу жағдай. Сірә, көп жылғы соғыстардан екі жағы да титықтаған болар, өмірде не болмайды. Қалай болса да Мұлтырды Қожаберген алып келіп той жасап, еншілес қылып Кенжебайға берген. Мұлтырге Қазақбай деген ат берген. Оқушылар «бұл нақты мәліметті қайдан алды»,- деп себеуі мүмкін. Бірақ, рас болған оқиға, өйткені сол Мұлтыр Қазақбайдан тараған отыз шаңырақтай ұрпақ қазір Баян-Өлгий аймағында өмір сүріп жатса және ата-тегін жақсы біліп отырса не дерсіз. Жалпы Қожаберген жырау әрі батырдың өмірі сол уақыттың пытырмаңына толы...

Абылай хан болғаннан кейін батырлық ақ туды Абылайдың қолынан алған Қожаберген батырдың қазақтың дәл қазіргі тарихында Қабанбай, Бөгенбайлармен бірге аталмауы да түсініксіздеу жағдай. Тіпті ол Тәуке ханнан тағы бір ту алған деген сөз бар. Сол батырлар көп шыққан заманда Тәукемен, Абылайдан екі ақ ту алған адам, қалайша біздің тарихымыздан шеттеп келеді?

Әлде бұл сол «Ақтабан шұбырынды» заманында керей елінің Алтай асып кеткенінен, содан көбісінің осы уақытқа дейін Монғол елінде тұрып келуі себеп болды ма екен?

Сол ақ тудың біреуінің күні бүгінге дейін Қожабергеннің Дүзектен туған ұлы Асанда сақталған, одан оның кенже баласы Кемиекке, одан оның ұлы Мұхтажыда болған. «Атадан қалған ақ туды бүгіндері сол Мұхтажыұлы Жұмаштың үйінде сақтаулы тұр», -деп куәлік етушілер бар. Қожабергеннің Дүзектен тараған алты ұлынан өрбіген ұрпақтарынан бес жүз түтін Баян-Өлгий аймағында тұрады екен.

«Қожаберген неге ұзақ уақыт жоқтаусыз жүрген»- деген жоғарыда айтылған сөзді тағы бір тірілтудің жөні келді, оның

жазған еңбектері үлкен ауылмен жалғасып, ағасы Қарабас биднің ұрпақтарының қолында қалғаны басты себептің бірі болуы мүмкін. Ал батырлық «ақ туы» кіші үйімен жалғасып, Алтай, Ховда бетіне өтіп кетуі, сөйтіп оның сөзімен, дүниенің арасы алшақтап қалуында үлкен себеп бар сияқты. Бұған бір кереғарлықты айқындайтын мысал: қазақстандықтар Қожабергенді жырау ретінде тани бастайды да, Монғолиядағы қазақтар батыр ретінде тануы, жоғарыда айтылған сөздің бір дәлелі болса керек.

Қожаберген жыраудың керемет жырлары болғаны жайлы деректер бірен-саранда «Қазақ әдебиеті», «Жұлдыз», жинымасам «Жалын» беттерінде көріне бастады. Бірақ Қожаберген шығармашылығының орасан мүмкіндіктерін біздің біршама белгілі әдебиетшілеріміз де «қолдан жасалған», - деп қарсы шыққаны да белгілі. Мұның басты себебі, Қожабергеннің атының бұрын мүлде естілмеуі еді, ал «Елим-ай» халық өлеңі делініп жүретін.

«Толыбай сыншы кенжесі ем Қожаберген,
Бата алған Әнет пенен әз Тәукеден.
Күйзелген ел жағдайын көзбен көріп,
Өсегім өрген соң айттым өлең», -

деген Қожаберген жырау, әрі батыр. Бүгінде Қожабергеннің ерлікті, батырлықты дәріптейтін «Ер Көкше», «Еңсегей бойлы Ер Есім», «Ер Сырым», «Қаска жолды Ер Қасым», «Қабанбай батыр», «Ер Жәнібек», «Орақ батыр», «Қорқыт баба» дастандары, «Сылаң сыр», «Балқан, Балқан, Балқан тау» сияқты шығармалары ел аузында жатталып қалған.

Тағы айтқаны:

«Шәкіртім Сүйіндікте Бұқар жырау,
Ол Бұқар өзі ақын, өзі сыншы.
Бұқаржан қарап жатпас, етпен салар,
Сөзіне оның халқым, құлақ түрші», - дейді.

Бұрындары Бұқар жыраудың ұстазы болған ба?- дегенге ой жүгіртпеншіз гой. Сойтсек Бұқардың ұстазы Қожаберген жырау екен. Қожабергеннің сол уақытта оқыған адам екені тіпті өлең үлгілерінен көрініп тұрады. Қожаберген дастандары өзінің көркемдік ерекшелігімен дараланса, екіншіден мүлтіксіз құралған өлең жолдары оның жазба әдебиеттің иесі екенін білдіреді.

«Тіліне араб-парсы болдым жетік,
Оны да қолданбадым өнер етіп.
Көрші елге еншілікке ылғи барып,
Мен жүрдім қазағыма қызмет етіп».

Оның күйшілігінің өзі жоғары дәрежеде болған. Жоғарыда келтірілген әндермен бірге «Құлдырмамай», «Шұбырынды», «Сұлама» күйлері, әрине, сол уақытта ел басына төнген апатты бейнелейді. Қожаберген жырау, әрі батырға аллатағала күллі жер бетіндегі өнерді дарытса керек. Өйткені Қабанбай батыр мен Жәнібектің сүйікті қарулары болғаны «Күлдірмамай» атты білтелі мылтықты, ерлердің қолына ұстап, үстіне киетін сауыт-сайман, қару-жарақты өз қолымен соққан шебер ұста да өзі екен. Қожаберген батыр кейінде қазақ халқының Отан соғысы кезінде өз руының ұранына айналған. Ақынның, батырдың мына бір толғанысы өзімге ұқсамайды, бұл халық үшін берген анты сияқты:

«Қолбасшы батыр болмасам,
Көбелі сауыт кимейін.
Ту ұстайтын болмасам,
Арабы ақбоз мінбейін.
Талапты жігіт болмасам,
Зергер болып жүрмейін,
Майданда жауды жеңбесем,
Қызық дәурен сүрмейін!»

Ал,«Елім-ай» дастанында өзінің берген антын қалай орындағанын бейнелей айтады:

«Қашықка қиын болды келген індет,
Ежелден жауға шабу ерге міндет.
Шығарып жау қоршауын күшпен бұзып,
Екі ұлым майданда өлді Наурыз, Бекет.
Көрген соң сұмдық істі шыдай алмай,
Ұраншы «Ойшыбайлап» салдым айғай.
Сілтедім оңды-солды көк найзаны,
Жығылды талай жендет салып ойбай.
Айырылды тұлпар атым тағасынан,
Тозыпты ақ кіреукем жағасынан.
Қайралған қайқы болат алдаспаным,
Боялды қызыл қанға сағасынан».

Қожаберген батыр ғажайып тұлға. Оның «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламаның» алапат күнінен бастап соғысқа араласқаны, халықпен бірге қасіретті күндерді басынан кешіргені әйгіленіп-ақ тұр. 1720 жылдардың аяғына қарай батыр бес шешінбей үнемі соғыстарда жүреді. Сол ғасырдың ортасына қарай жасы ұлғая бастаған батыр біраз уақыт көрінбей кетеді, мүмкін жоғарыда әңгімелегеніміздей, жанұясын түлеп тапқан кез ғой. Бірақ әйгілі 1745 жылғы соғыстарға жетпістен асқан батыр белсене қатысқаны, қол бастап, Қызылжар, Ертіс, Тобыл өңірін жаудан босатуға көп күш салады, және сол өңірге елін қоныстандырған. Бұл екі ортада оның мәмілегерлік қабілетімен талас болып тұрған Ойрат хандығының ісіне араласып тақты Әмірсанаға алып беруге күш жұмсаған. Неге олай деп ойласақ, ойраттар (кейде қуба қалмақ деп те атайды М.Б) қазақтардан ойсырай жеңілген соң, бастарынан билік кетуге айналған соң, қазақтарға еріксіз тәуелді бола бастайтыны белгілі шаруа. Жоғарыда айтып кеткен Мұтылардың достықтың куәсі ретінде Әмірсананың баласы Қожабергеннің өкіл баласы болуы осыдан еді. Ал бұл Әмірсана қай Әмірсана, ол тарихтағы Абылайдың жиені бо-

лып келетін Әмірсанама, жоқ басқа Әмірсана ма, оны анықтау керек болар?! (Д.Цембел.Әмірсана)

Қожаберген екі ел арасына татулық орнатуға күш салады, Баркен, Еренқабырға, Ярлық, Нұрашы деген жерлерге дейін әскер бастап келген. Жетпістен асқанда бірнеше қантөгіс майданда болған. Басқа батырлар сияқтыҚожаберген батыр өмірінде де қызықты оқиғалар көп кездескен. «Қожаберген жорық жолында бір жолы шаршап, ас піскенше ұйықтап кетіпті. Серіктері өздеріне тиесілі тамақтарын ішіп алып, үлкен қазанның түбіне ет, сорпа қалдырады, батырды ұйықтасын деп оятпапты. Сойтсе жау келіп қалыпты, олар дереу батырды оятады, алдына көмекшілері тарта берген атына қарғып мініп «әпер ана қазанды»деген, қазанды алдына өңгеріп келе жатып, ішіндегі етті жау шебіне жеткенше жеп тауысады, сол кезде қазаннан лықсып кетіп сорпа ат жалына төгіледі, жаумен араласып жүріп байқамапты. артынан дамылдағанда қараса әлі ыстық сорпа ат жалын жидітіп түсірген екен»-деген аңыз бар.

## Соңғы тарау немесе кітап соңы

Біздің әңгіме қылған кейіпкерлеріміздің ішінде ең жасы Жарылған батыр еді. Жоғарыда айтылған уақиғаларға қатысқан уақытта небары жиырма жасар кезі еді. Жиырма демекші, ол уақытта адамдар жылдам есейетін сияқты. «Он үште отау иесі» деп тегін айтылмағанда шығар.

Жарылған батыр бертінде шешендігімен де әділ билік айтуыменде халқының қажетіне жарап, сүйіспеншілігіне бөленеді. Сөз сайысынан Қаз дауысты Қазыбектің сынынан да өткен. Қасиетін сөз қылсақ, Жарылғаптың да бастап жүретін қара бүркіті болған. Бірақ бүркіт жай адамдарға көріне бермеген. Әсіресе ерекше қауіп болған жағдайда, не жамандыққа не жақсылыққа көрінетін болған. Жарылғаптың

бізермен қақтығыстары, сол тапқыштығы айтқыштығы «Жарылғап батыр» деген кітапта бар, сол кітапта жақсы жазылғандықтан біз ол сөздерді қайталауды жөн көрмедік.

Қараменде, Жидебай, Сеңкібай батырлар жорық басылғаннан кейін елдерін басқарды, билік құрды, теңінді, теңестегі жөнге салды. Халық бұларды құрметтеді. Бұлар халқын құрметтеді. Абылай хан кезінде он сегізінші ғасырдың екінші жартысында «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» заман болды.

Бұл төрт батырдың достығы тіпті де жалғаса берді. Тіпті кейде жайлауда өріс түйістіре отыратын еді. Үш батыр «жасымыз»деп Жарылғапты сыйлаушы еді. Жарылғап батыр «ағалар»деп оларды сыйлаушы еді. Бұлар бертінге дейін бір-біріне соғымға, күлдікке әлдері бір-біріне лайық деп тапқан семіз тай, жабағыны «сыбаға»деп жіберіп тұратын.

Сеңкібай батыр бір жылы өзі қатарлас Қараменденi «жайлауда іргелес отырайық» деп Қызыларайға шақырады. Шұрайлы Бөркітас деген таудың етегін жайлап отырғанда ұзатуға дайындап отырған Тобықты елінің ару қызы Аңлина деген қыз ажалға кез болады. Күні бүгінге дейін «Аңлина» бейіті Бөркітастың ағынында жеті-сегіз шақырымдай жерде тұр. Тоқырауынның өңірінде жаңа жер атаулары пайда болды. Тоқырауынның бір саласындағы айтулы бір бөлек ағыс «Қаракең ащарығы» деп аталады. «Қаракең бастауы» деген жерде бар, «Қаракең жайлауы», «Қаракең қыстауы» деген жерлер жағрафияны толықтырады.

Сеңкібай батыр бейбіт кезде еліне, халқына әділ билік құрып «Би ата» атанды. Өзімен жорықтас болған Табын Бөкенбай батырға шұрайлы Күшоқы тауы маңайынан қоныс берді. Өзімен бірге соғысқан жан аяспас қырғыздар Өтеген, Есенгелді, Тойғанбай, Таңқара деген батырлар Қызыларайда қалды. Тіпті бұлар соңғы еліне барып өз мандарына жылға таяу уақытқа дейін әкелді. Әрине олармен тағы біраз адамдар

ере келді. Бұлардың ішінде Есенкелді батыр Абылайханның кеңесшісі болып Ордада жүргенде қайтыс болып, сүйегі Әзірет Сұлтанға апарып қойылды.

Уақыт деген тұрмайды зырлап өте берді. Қазақ жерінде орыс дуандары құрыла бастады. Қарқаралы салынып үлкейе берді, алғашында бұл бір тамаша нәрсе болып көрінді, келе-келе орыс деген халықтың бұратана халықтарға білдірмей салатын тұзағының амалы екені кейіннен білінді.

Абылайхан 1781жылы қайтыс болды, сол уақытта алпыс тоғыз жаста екен. Бірақ өшпес із қалдырып кетті. Жарылған батыр да тұп-тура пайғамбар жасында Абылайханнан кейін бес жылдай уақыттан кейін қайтыс болды, тағдырдың жазуы солай.

Сеңкібай, Жидебай, Қарамеңделер жарасымды дос ғұмыр кешті. Тіпті үшеуі бірдей шағын қосынмен ұзақ жол жүріп қайтты. Себебі Жидебай батыр, әрі шешеннің үлкен атасы Дос қалмақ қапасында болғаны кітаптың басында жазылып еді ғой. Жасы келіп қалған адам, Қожаназарды босатамын дегенде үшеуі бірдей қашқан (қалмақ қызы бар) болатын. Жолда Досқа тағдыр жетіп қайтыс болған. Жергілікті халықтың көмегімен сол маңда бір әжептеуір төбешік, тіпті дәу деуге болатын қия беткейлі биікке жерленді. Міне осы жерге немересі Жидебай, Сеңкібай, Қарамеңде үшеуі зиярат етіп барып қайтты. Ұзақ жер екен, арқадан сонау Алакөлді айналды, әйтеуір тауып алды. Өйткені Дос батырдың моласын жергілікті халық жақсы біледі екен, тіпті «әулие» тұтып, жанына таяп өтетін жай да салып қойыпты. Бұларды бейбіт маңындағы халық керемет қарсы алып, күтіп сыйлады. Бұл батырлардың атағы ол жаққа да белгілі екен. Көп сый-құрмет көріп, әңгі-жырларды тыңдап, бір жасап қалғандай болып елге оралды.

Арқа елінің тарихы сахнасына осы кезде Сырым Шабанбай би көтерілді. Кітап басында Әлтеке -Сырым бірге туыса-

ды дегенбіз. Жидебай төңген Шабанбай інісін көп бауыраған жоқ, өзі де есті, ақылды адам болды. Елін емеуірінімен ұстайтын шынайы тұлға болды. Қазақ - қалмақ соғысына үлес қоймады, өйткені бұл ержетіп қалғанда, ұзаққа созылған екі жақты да титықтатқан бұл соғыс аяқталған. Шабанбайдың бар ісі жағымды болды.

Өз ат көтере алмайтын ащып тұлғалы адам. «Туса ту» - деп осындай адамдарды көргенде айтылған болған сірә. Қазақ-қалмақ соғысы кейінде болса керемет батыр болар еді деп жүретін жұрт. Бірақ оның есесіне ғажайып палуан еді. Жастау кезінде күрескеннің бәрін жықты. Үлкейе келе денесі өте ауырлап кеткен соң күресті қойды. Бірен-саран іздеп келген палуандар мұның тұлғасын көрген соң-ақ жуасып қалып алға «бұл кісіге сәлем беруге» келгенін айтып құтылатын. Бірде мынадай жағдай болыпты. Үлкендерден естіп едік жасымызда. Оңтүстік елінен жауырыны жерге тимеген Көкен деген «түйе балуан» атағы бар біреу Шабанбайдың атағын естіп күресем деп іздеп келе жатқанын естіген Шабекең аяла-еған атшылар жақындағанда айтыңдар деп балаларға қаратып қойыпты. Бұл жаз өтіп күз мезгілі болса керек, сол уақытта бұл ауыл күзеуде отырса керек. Ауыл маңындағы орманды терең сайдың табанынан жуандығы баланың жеңді білегіндей бір қайыңды суды жерден кесіп алыпты, ұзындағы бір-ақ құлаштай екен. Осыны үйге алып келіп босағаға сүйей салыпты, «әлгі палуан келді, түсіп жатыр» дегенде Шабанбай әлгі дайындаған қайыңды қатты күшпен босағаға ию ұстап тұрыпты. Қонақ палуан сәлем беріп кіріп келгенде «қонағым, сәлем алуға қол тимей тұрғанын көрмейсің бе, мынаны ию сәлім, керек болса, мен байлайтын қайыс әкелейін, босатып алмай ұстай тұршы» - деп қонаққа ыңғайлап ұстата салса, қонақ иілген ағашқа не боса алмай ол жалпысып кетіпті. Қайта ипі қайда?..

Шабанбай би сол заманның ерекше адамдарының бірі.

Ел-жұрт басқаруда өзінің саясаты болған. Бұл кісінің алдынан бітпей кететін шаруа болмаған. Сондықтан да ағасы Жидебай: «Сөйлемей шешен болған Шабаным, жауға шаппай батыр болған сабазым» - деген екен.

Қаз дауысты Қазыбек: «Замана өтпес болсайшы-ай, Жидекем өлмес болсайшы-ай», - деген ұлы бағадан асып енді Жидебай жайлы ештеңе айта алмаспыз.

Сол заманда көңілге түйген істерін орындап бұл ұлы қазақтарда дүниеден өтті:

«Қара Шорда Сеңкібай,
Әлтекеде Жидебай,
Сарымдағы Жалаңтөс,
Жангүтты мен Шабанбай
Керейдегі Жарылған
Кәрсондағы Арлыбай
Тобықтыда Қараменде
Шубыртпалы Ағыбай». -

деген халық жүрегінен шыққан ыңылас сөздері бүгінге жетті, енді әрі қарай да жалғаса береді.

Жидекең Қарамендені: «Тобықтының басы еді, Орта жүздің құты еді» - деген. Бұдан өткен мықты сөзді Жидебай шешеннен өзге ешкім айта алмас.

Жидебай, Сеңкібай, Қарамендетер бір-бірі туралы өте жоғары пікірде болған. Мұның бір дәлелі жоғарыда айтқан Жидебай шешеннің Қарамендеге берген бағасы.

Бірақ бір өкінішті жері бұл кісілердің арасында айтылған нақты, сөздер, қақтығыс – сөз сайысы жазылып қалмаған. Тек жұрттың бәріне дерлік белгілі мына бір қысқа әңгіме қалған. Кітап аяғына қарай біз де соны ұсынуды жөн көрдік.

...Екеуі де, яғни Қарамен де мен Жидебай қартайып қалған шақтарда бірін-бірі сағынып жүрген кез екен. Бірде Жидебай Қарамендеге сәлем айтып жібереді. Сәлемі былай екен: «Мұсылман жаудың қолында қалдым, бес атаның ма-

лын іздеп әуре болдым, алпыс ат үйір бермейді, жетпіс торғай шырылдайды, сексен балапан ұя басқан, тоқсан жұмыртқа қашан жарылары белгісіз», – деген бес ауыз сөзіме жауап берсін», – деп бір сөз білетін шешен адамнан Қарамендеге сәлем айтыпты.

Жігіт Қараекеңе барып сәлемді айтып, бағанағы сөздердің шып-шырғасын шығармай айтып жауабын тосыпты. Сонда Қараменде сәл ойланып: «Білдеңе, ұғып алып, айтқан бар», – депті, – мұсылман жаудың қолында қалдым дегені: Бірге жасаған жұбайы өліп келін баласының қолына қарап қалған екен ғой, екі елі аузына төрт елі қақпақ қойсын, балаңа сонда ғана сыйымды боласың деген. «Бес атаның малын іздедім» дегені қартайып көзі көрмей қалған екен, «бес ата» деп тұрғаны: мұсылқ, тесі, орамал, бөкі, қамшысы болар, қалтасын көбейтсін; жанына жан қалта, төсіне төс қалта салсын. Алпыс ат үйір бермейді дегені, және жетпіс, сексен, тоқсанға дейін тізбектегені өтіп бара жатқан өмір ғой, – депті. «Төрт нәрсеге үміт бар, – деп жұмбақтағаны: жас өсемін деп, жалғыз көбейем деп, жарлы байимын деп, ауру жазылам деп үмітті екені білген бұрын да айтылып келе жатыр, депті Қараменде.

Бір нәреседен үміт жоқ, ол кәрілік депті тағы. Оқушыға айтатын нәрсе бұл сөздің аз өзгерістермен бірнеше нұсқасы ел аузында да бар, және шешендік сөздер кітаптарында бар. Тіпті кейбір кітаптарда бұл сөздің басқа билерге теліп кеткен жерлері де бар.

Тағы да Жидебай шешеннен не жаман? – деп сұрағанда:

«Тіл алмайтын бала жаман.
Нақақ жабылған жала жаман.
Жанбай қалған шала жаман.
Көзі бітелген бұлақ жаман.
Сөз кірмейтін құлақ жаман.
Ұран салып шақырғанда,
Бірікпейтін бас жаман» – депті.

Жидебай батыр, әрі шешен туралы көп нәрсенің сол заманда жазылып қалмағаны өкінішті. Өйтпесе жүзге жақындап өлген шешеннен неше түрлі асыл сөздің шыққаны анық қой. Ол сөздер халық аузымен жететін де еді, егер 32-жылдың қырғыны, 37-нің зұлматы, бұдан кейінгі 1941-45-тегі соғыс, қазақ халқының бұрыннан қалған сөзді кейінгіге жеткізетін ұрпақты тазалап жойып жіберді. Қазір біздердің бұл кісілер туралы (Қараменде, Жидебай, Сеңкібай, Жарылғап т.б.) білетініміз теңіздегі тамшыдай ғана, сол заманнан қалған сөз білетін бірен-саран адамдардан қалған сөздер.

Жидебай батырдың қасиеті мол болғаны рас. Түлкінің кіріп жүргенін Абылайханның өзі де көріпті деген сөз бар. Күні бүгінге дейін мазары маңында «Түлкі жүреді» деген сөздер бар.

...Жауырынға қарап болжам жасау Қаракесектің Әлтеке бұтағына дарыған қасиет болған. Мұның түп-тамыры да сол Жидекеңнен басталатын сияқты. Өйткені ауылдасы, туысқаны Есей деген батыркеш адам екеуі қалмақ барымташылары алып кеткен жылқыны айырып алмақ боп қуады. Бір айтылған деректерде ауылда тігеріге түяк қалмай, бұлар жауды жаяу қуып еді деген бар. Бір деректерде атпен қуды, делінеді. Қалай қуылса да, жауды бұл екеуі қуғаны рас екен. Қуып келе жатып Есей батыр жауырынды қарай қойып отырады, жау тоқтамайды. Өйткені жауырынға қарап болжау қалмақтарда да болған. Өйткені олар бұлардың қуып келе жатқанын біліп отырған. Сол кезде Жидекең Есей батырға, «атты теріс ерттеңіз, дейді, өзі дереу атын теріс ерттейді де, ұлтарағын етіктің ішіне теріс ауыстырып салып, бөріктерін де маңдайын артына қаратып теріс киеді. – Енді қараңыз, жауырын, не дейді, депті Жидекең Есейге.

- Мына қызықты қара, панайын ба, нанбайын ба, дейді Есей батыр, мыналар жайласып ертоқымдарын жастап, жатуға кірісіпті, дейді. – Мә, сен көрші деп Жидебайға жауырынды

ұсынады, Жидекең қарап жіберіп оны құптайды да, себебін Есейге түсіндіреді, өйткені жау ішінде жауырыншы бар, ол біздің келе жатқанымызды біліп отырған, енді біз, теріс аударып ерттеген соң, бөрік пен ұлтарақты теріс айналдырған соң, ол жауырыншан жаңылды, өйткені оның құ жауырынына біз кейін қайтқан болып түстік, олардың алаңсыз жайғасуы сондықтан, дейді Жидекең.

- Асықпаңыз жайғаса түссін, деп бұлар қамданып барып, қамсыз жатқан жауға тиген, оларға «байтал түгіл, бас қайғы» болып, бұлар олар үрейленіп ес жиғанша, күллі малды, олардың аттарымен қосып айдап қайтқан.

Қараменде бидің де көп қасиеттері болған, соның бәрін елдің, жұрттың бірлігіне, татулығына жұмсаған. Сөйтіп, 18-ғасырдың басында Сыр бойында дүниеге келген Қараменде Шақаұлы жақсылық пен жамандылық таразы басына түскенде, жақсылықты жақтап, елдің ардақтысы болып, исі Орта жүздің бағзы Әнет бабаң текті адамы болды. Ел ішінде анау-мынау дау-дамайлар Қаракең алдына келмей-ақ ол кісінің сырттай айтқан сәлемімен-ақ орындала берді.

Әділдіктен ауған күні жоқ сияқты. Сана би, Орманбетте лайықты ізбасары бола білді. Жүзге жетер-жетпесте дүние салды, елі, жұрты, исі Орта жүз, өзі мекендеген Сарыарқа күңіренгендей еді. Артына ұққан жұрт болса көп ғибратты сөз тастады: «Малың кетсе де, береке-бірлік кетпесін» - деп отырар еді. «Жақсылық ұжымы бір ағайында, жамандық ұғымы жоқ ағайында» - деген.

Өйтпесе :

«Елі көшсе бел жетім,
Үйрек-қаз кетсе көл жетім,
Ері жоқ ел жетім,
Елі жоқ ер жетім,
Жоқтаусыз кетсе қыз жетім.

Жасы жеткен қарт жетім,
Парықсыз болса сөз жетім» -

деген толғауды да айтып отыратын болса керек. Оны Абылайхан, Қаз дауысты Қазыбектер қатты сыйлаған. Өлгенде Тоқырауынның ең ортаңғы арнасына түспа-түс өзі ұнататын «Қара жұмақ» деген жерге қойылған. Артындағы ұрпақтарының үлкен кесене тұрғызудан бастап жасап жатқан құрметтері шексіз деуге болады. Қармеңде би өзі бастап әкеліп сол өңірде қоныстанып қалған Дадан (Өмір) ұрпақтарына «иншалла өсіп, өрбіңдер» деп бата берген екен. Сол батасы қабыл болды. Заманның қандай нәубеті келсе де шыдап, неше түрлі бөлені бастан өткерсе де атасын да, оның батасын да қадірлеген берекелі ұрпақ туындап Қазақияның барлық жеріне дерлік тарады. Өнер дарыған ұрпақ болды. Бертін заманда арқыраған Нарманбет өтті. Шашубай, Кенпінбай керемет ақындар болды. Манарбек әнші мен ерекше дауыс дарыған Күләш, сол уақыттағы Кеңес Одағына бірден-бір әйгілі әншілер еді. Ал, халықтың ықыласы мен мақтанышы тіпті өзге еді. Нарманбет ақын «Сарыарқа» деген көлемді өлең жазды, әрине өлеңдері көп, бірақ «Сарыарқа» ол уақыттағы қазақ өлеңіндегі керемет құбылыс еді. Күйшілігімен, күйлерімен аспандата аққуды жерге түсірген Әшімтай күйші, оның немересі Мағауия Хамзин атасынан да өткен болды.

...Сеңкібай батыр, әрі батыр, би, шешен де мағыналы ғұмыр сүрді. Қара шордың баласын қалаулы жерлерге орналастырды. Карамеңде, Жидебай өздерінен біраз жасы кіші Жарылған батырмен келісімде, достықта өзара көмектесу жағдайында өмір сүрді. Сеңкібай батырдың қыстауы Қызыларайда болатын. Қызыларай, Үшқоңыр, Қараған деген таулар арқылы Қарқаралымен жалғасады. Батыр бұл кезде шау тартып «Би ата» атанып кейде іші пысқандай болып аң аулауға шығатын. Жапанда өз ағайындылары Желтау, Мойнақ, Найза,

Қылып, Аққісінің жас өрім балаларын ертіп шығатын. Тазы жүгіртіп көбінесе қырдың қызыл түлкісін ұстайтын, арқарды тазымен алу оңай емес, оған қақпан құрылады. Қақпан қандай жерлерге құрылады, оны білсе де өнер.

...Бүгін сонар еді, жастар жағы қуанысып жүр. Би аталарына келді, мақсаттары аталарын алдына сала аңға шығу. Аң аулайтын өңірге жеткенше бұлар би аталарының жанына ілесе, үзеңгілерін тебіне қатарласып отырады, өйткені аталары ақылды көп сөздер айтады, өткен соғыстар туралы, осы өңірден жауды қалай қуғандарын әңгімелейді. Бүгін де сондай қызық күн болды, құмай тазылар түске дейін оннан астам түлкі ұстады, оны барлығы да атасына әкеліп байлайды, бүгін тіпті қанжығаға байлайтын жер қалмағандай, тағы екі түлкі ұсталды, сол кезде аталары қанжығадағы бар түлкіні бәріне бірдей бөліп берді, әдеті солай, бірдей ұсталған түлкіні «пәленше, сен байла» демейді, әбден қос қанжыға толғанға дейін өстеді де, артынан бөліп береді, өзі де солармен тең алады. Қараса би атаның қылығында көп мән бар екен-ау. Бұл кісі таласқанды, тармасқанды ұнатпайды екен, ағайын балаларының бірі жақсы, бірі жаман демей тең болғанын қалайды еке. Ғибрат деген осы да.

Батыр ойындағы ісін тыңдырып, ұрпаққа үлагатты өсиет қалдырып өтті дүниеден. Сүйегі Нұра-Талды өзендерінің қос арнамен ағатын жеріне биік қыр басына қойылды. Ел жақсылары солай деп шешті. Егер Абылайхан тірі болса Әзірет-Сұлтанға апартар ма еді, кім біледі...

Сеңкібай батыр, әрі шешен, би ұрпақтары да атаға сай болды. Бүкіл Қаракесек ішінде, өзі шыққан Қара Шордың игі жақсылары Сеңкібай тұқымынан көп тарады. Ел бастаған серке де, әнші, күйші де, бай-бағылан да көп болды.

Батыр қайтыс болғанына жүз жылдай өткенде дүние өзгерді. Қазақ халқының басына орыс ағайындардан өрбіген төңкеріс деген құбылыс үлкен нәубет боп келді. Жаңа

қоғам жақсы атаулыға бүйідей тиді. Сеңкібайдың тікелей ұрпақтары болып келетін Қарқаралы өңіріндегі Қызыларай – Үш қоңырдың құты болып отырған Қосшыбай-Иса сияқты ел жақсыларына бас салды. Иса қажыны сонау Қызыларайдан ұстап әкеліп Қарқаралының қасиетті Үлкен көлдің жағасында атып тастады. Бірінші жазағы, Сеңкібай ұрпағы болғаны үшін, байлығы үшін, халқын бастаған серке болғаны үшін, артынша Қызыларайдағы Бөріктастан Жәнібек қажыны әкеліп аталған көл жағасына атып, суға батырып жіберген. Жарықтық Жәнібек қажы сексеннен асқан кезі екен, жеңгетер үйінен алып шығарда «ақиретін» беліне байлап шыққан екен. Оның беліндегі матаға кім қарасын, суға батырып жібергеннен кейін «ақирет белі» шешіліп, жалаңаш су бетіне жүзіп шығып Үлкен көлдің бетінде ақ шағыр болып жеткілдеп тұрыпты... осыны түйсінген бірен-саран аман қалған ел жақсылары «астағфируллаһ» депті, мына «өкіметтің өмірі ұзақ болмас» депті. Расында солай болды, жетпіс жыл қыруар ел мен халықты ала бүлік қылып, бір-ақ күнде құрып шықты. «Құм жиылып тас болмас, құл жиылып бас болмас» деген мақал айна-қатесіз болды. Орыстың да, қазақтың да құл тектілері елді де, үкіметті де, халықты ұстап тұра алмайды...

...Жарылған батыр жоғарыда айттық, пайғамбар жасына келіп бұл дүниеден аттанды. Үлкені Қырбас деген азамат еді. Бөгенбай батырдың қызын алған. Осыдан соң келе өз заманында қазақ еліне белгілі болған Байсейіт туады. Бөгенбай батыр осы жиені туғанда арнайы келген екен. Кішкентай сәбиді қолына ұстап көріп: – Маңдайына ел сиғандай екен, желкесіне жер сиғандай екен, аузына мал сиғандай екен., - депті. Байсейіт расында мыңды айдаған бай болған, ол нешен жүректі адам еді. Басы Нұрлан өзінен жомарттығы зейін түгін таққан адам болды, мұқтаждыққа қатты қарасты, бие сұрап келгенге бие, түйе сұрап келгенге түйе, қой, ешкі сұрап келгенге бірден емес, ол оны екеу-үшеуден айда-

тып жіберді екен. Себебі ұсақ жалғыз өзі өңгеріп алмаса айдағанға жүрмейді, өңгеріп алатын мұқтаж адамның аты бола ма? Бұлардың кезінде Абылай заманынан жүз жылдай өтіп еді. Абылай ұрпақтары Кенесары-Наурызбай тарих сахнасына келген, «Орыс патшасына бағынбаймыз, қазақ бөлек ел болады» деген талаппен күресуде еді. Олар әскер жинады, орыс әскеріне қарсы соғысып тіпті Арқа төңірегіндегі Ақтау, Ортау бекіністеріне шабуылдап жақсы жеңістерге де жетті. Бірақ, бас бірліктің болмауы, қазақ даласының кеңдігі, ақпарат таратудың қиыншылығы Кенесарыны бөгей берді. Арқадан қосылған бес жүздей жігітке әлді тұлпарлар керек еді. «Кешегі Абылай атамыздың оң тізесін басқан Жарылған батырдың ұрпағы еді, көмектессін», - деп шапқыншылар жіберді. Байсейіт баласы екеуі сол таңа ақылдаста да, шапқыншыларды сол бастап келген жігітке Кенесары сұраған бес жүз тұлпарды іріктеп айдатып жіберді.

Баяғы кітаптың басында баяндалған, Қаракесек ішіндегі Кәрсон елінің байы, өз заманына сай оқыған азамат Есберген Садырбайұлының сарыала тұқымдас жылқысы жеті мыңға жетіп жығылушы еді. Оқушының есінде шығар Қарамелде, Сеңкібай, Жарылған батырлар Садырбай байдың өздеріне ықыласын, сый-құрметін көрген соң қатты риза болған еді ғой. Сол жолы «алладан бұған ұл тілеп» бата беріскен. Сол бата қабыл болып Садырбайдан Есберген сынды ұл туған. Бұл да әкесі сияқты жетім-жесірге көмегін аямаған, өзі жомарт, өзі ақылды адам еді. Кенесары қозғалысына бұл да көп көмек жасады. Кенесары-Наурызбай соғысы біздің халқымыздың тарихындағы жарқын да, тұманды беттер бола берер, біз шағын кітабімізда бұған тоқтамақ емеспіз. Тек осы қозғалыс басылған соң Нұрлан мырза орыс патшасы тарапынан қатты қудаланады «көтеріліске қатты көмек берген» адам ретінде. Бірақ іс басына келе бастаған Мұса Шорман баласының көмегімен аман қалады...

Тағы жүз жылға таяу уақыт өтті. Кәрсон елі берекелі ел еді. Баяғы Садырбай бай, оның Стамбулда мұсылманша оқыған, Петерборда орысша оқып, кейіннен ауылында мектеп, медресе ашқан Есберген Арқа өңірінде атақты болды. Есберген болыстықты қолынан түсірмесе, бірге туған Нұрбай би болды. Бұлар ақылымен де, байлығымен де елді аузына қаратып тұрды. Оқырмандарымыз біле білмейтін шығар, Қарқаралы мешітін (1847) салуға рұқсат алуға күш салғандардың бірі дәл осы Есберген Садырбаев еді. Әйтеке-Сарым болысынан Жаңғұтты Ботантаев, Кәрсон -Керней болысы Есберген Садырбаев, Нұрбике-Шаншар болысынан атақты да дарынды күйші Тәттімбет Қазанғапов, Күшік Тобықты болысынан, Құнанбай Өскенбаев, барлығы он алты адам қол қойған екен.

Сөйтіп өз ісімен қазаққа белгілі болған Есберген өз інілері Сарбас пен Көнбайды да игілікке тәрбиелеген. Есберген біраз жылдар болыс болғанда халқына көп септігі тиген. Әсіресе Кенесары-Наурызбай қозғалысына патша өкіметіне білдірмей көп көмек жасап тұрған. Көтеріліс басылып қалғаннан кейін, көтеріліске қатысқан батырлар мен сарбаздарды орыс жазалаушыларынан себебін тауып жазаға ұшыратпай алып қалып отырған. Әсіресе Ағыбай батырға кешірім жасату үшін бар жігерін жұмсаған және кешірім жасалғаннан кейін ардақты батырға қалаған жерін бергізген осы Есберген болыс. Есберген кейіннен болысты туысқан Сарбасқа береді, ол да халықтың мұң-мұқтажына түсіністікпен қараған. Енді осы Сарбастың оқыған балалары Райымқұл мен Боранқұлдың заманы келді. Бұл екеуі де орысша оқыған адамдар еді. Райымқұл болыс болып жүрді. Ал Боранқұл болса, болыс сайлауында неше рет жеңіске жетсе де өзі патша сақсағына көнінкірегісі келмейді. Сөйте жүре Боранқұл кешегі Кенесары-Наурызбай қозғалысын жаңартқысы келеді. Тіпті қолына әжептәуір қарулы әскер тобын ұстайды. Атбасарлағы және

Қарқаралыдағы казактарға бірнеше рет барып тиісіп те жүреді. Әрине Боранқұл қозғалысы кең етек жайып кете алмады, оның себебі сол уақыттағы қоғамның ахуалының өзгергенінде еді. Соған қарамастан Боранқұл жер дауына, жесір дауына араласып, өз халқының ішінде әлдінің әлсізді талауына тиым қылып отырған. Содан «Боранқұл батыр» атанған. Боранқұлды қазақ даласының соңғы батыры деуге болады. Өзі аса мықты шынығып да батыр адам болған. Бір мықты палуан адам бір жиында батыр, палуандардың мықтылығы сөз болғанда: «Боранқұл бір ұрғанда құламадым» - деп мақтанған екен. Боранқұл шын мәнінде даланың «көкжалы», «рыцары» атанған. Патша өкіметінің жергілікті шенеуніктері Боранқұлмен қатынасты ушықтырмауға тырысқан. Тағы бір «Кенесарының» пайда болуына болуынан қорыққан. Боранқұл өзі мол дәулетті болып, жетім-жесірге де қарасып, мырзалығымен де аты шыққан. Боранқұлды кейінгі жас зерттеушілеріміз қолға алар деп ойлаймыз. Ол кезінде Мәди Бапиұлымен, Сапақтың Тәукесімен жолдас болып бірат серіктер құрады. Ел ішіндегі бай – бағыландарды аралап әнші, күйші, жыршыларды ертіп Сарыарқада сайран да құрады. Бірақ бұлардың қылығын ұнатпайтын кейбір патшаға жағымпаз байлар, болыстар астыртын, бұлар бірігіп «қарсы» әрекеттер жасауы мүмкін деген қауіптерін айтып хат жөнелткен соң, бұлар керек болған жағдайда қосыламыз десіп «қияметтік дос» болып айырылысады.

Қызылдар өкіметі келгенде Боранқұл ақтың да, қызылдың да қолға түскендерін жойып отырған көрінеді. Кейіндеу «Қазақ елі тәуелсіз болады» дегенге сеніп болыс сайлауына түсіп жеңіп шығады, біраздан кейін жаңа өкімет әуселесін көрген соң, тәуелсіздіктің жоқ екенін ұғады да, жаңа өкіметке қызмет жасаудан бас тартады. 1921 жылы Мәдиді «атып өлтірді» дегенді шалғайда жүріп естіген Боранқұл батыр елу жігітпен, біріншіні қайтып алғанын кім білсін, «жаноз

винтовкаларымен» қаруланған әскерін ертіп Мәди өлгеннен кейін бір айға өтпей Қарқаралыға келіп кіреді. Бірақ қалай естігенін кім білсін, уездік кеңес өкіметі, оның шенеуніктері «Боранқұл келе жатыр» дегенді естіп қойып, бұлар келгенде түгел тығылып қалады. Милиция тіпті түрмеге тығылады. Есіл ер не істесін, Мәдидің кегін кімнен алар? Қарқаралының көшелерінде олай жосылып, былай жосылып жүргенде Ақбай ұлы Жақыптың жіберген адамы Боранқұлға келіп жолығады. Боранқұл елу жігітін ертіп Қарқаралыдан алпыс шақырымдай Бүркітті қыстауында отырған Жақыптың ағасы, өзінің досы Ақбайдың Ыбырайының үйіне келіп екі күн жатып Шуға жол тартады. Өйткені Мәди өлтірілген соң кеңес жандайшаптары Боранқұлды жою туралы астыртын нұсқау алғанын уезд кеңесінде істейтін жанашырлар жеткізген екен. Ал Шуға кету сапары, сол жақта Ыбырайдың жан аямас досы бар екен, дүние бір жақта болғанша сонда бара тұруға Боранқұлды көндірген екен Ыбырай мен Жақып.

Боранқұл іштегі кегін сақтап тұра алмады. Оңтүстік және Жетісу өңірінде НКВД–мен сан шайқасты. Ақыры ашық соғыста ата алған олар, оған есебін тауып у беріп өлтірткен... Боранқұлдың қазасын естіген Арқа жұрты қатты қайғырған дейді. Сол уақытта Тәшен ақынның ағасы Райымқұлға Боранқұл батыр қазасын естірткен жыр сақталған:

«Абылайдай аты болған,
Дұшпандарына қаһары қатты болған,
Досына балдай тәтті болған.
Қазақ сиған ұясына,
Естіген жан риза болған,
Қырық жыл қылған жұмысына
Орыс-қазақ бас қоса,
Таразысы басқан,
Напарларды теңгерген»-
деген ұзақ жырды ел жаттап айтып жүреді екен.

Уақыт өте берді, қазақ даласы талай дүбірлі оқиғаның куәсі бола берді.

Жилебай батыр, әрі шешеннің ізін баса Шабанбай би еліне әділ де, лайықты жол көрсете білді. – «Өттең қазақ пен қалмақ соғысқан заманда тумаған, есіл Шабанбай», – дейді екен тұстас билер, – онда Шабанбай нағыз батыр болар еді».

Қазақ-қалмақ соғысынан кейін қажыса да қазақтай ер көңілі халықтың Жанғұтты сияқты ақылды ұлы Шабанбай шамынан бата алып елін басқарды. Сол уақытта Қарқаралы сыртқы округі аймағында екі – ақ адам өз халқынан жақсы деген атақ алған. Біреуі Сарым «жақсы Жанғұтты» екіншісі Қарқаралының дәл түбінде Кентте тұратын Жанғабылдың Оспаны деген кісі «жақсы Оспан» атанапты. Тегінде біздің халық сұрыптауға өте шебер, ол халықтың жақсы мінезін көрсетеді, «жақсы» деген атты оңайлықпен ешкімге бере қоймайды, ал «жаман» атану оңай. Бір рет жаман атанған адам, енді жақсы атанудан күдер үзе беруіне болады. Жанғабылдың Оспаны Мырзалиның Сыпатайы сияқты мыңды айдаған байларға өз сөзін өткізіп отырыпты, бірақ өзіне көп мал бітпеген, кедей болған.

Жақсы Жанғұтты – заманның аумалы-төкпелігіне қарамай елімен жеріне құт дарытқан аяулы Сарыарқаның Тоқырауын бойында туған. Бұрыннан бізге жеткен деректен түйсінетініміз, Жанғұтты өте сыйлы, қадірлі, халық «өтірік, бері жағынан» жақсы көрген емес, шын жағымды, мінезге бай, билерге тән құбылмалы мінезі жоқ, айтулы адам екен. Бұл кісінің адамгершілігіне бір дәлел өмір бойы дерлік «зұлым» атанған Шортанбаймен достығы. Екеуі қимастық дос болған, сондықтан Шортанбайдың көп мәнді өлеңдері Жанғұттыға арнап айтылады. Екеуі де бүкіл халықтың аузын тамсантқан ғажап адамдар болған. Қалай десек те Жанғұтты туралы Мәшһүр Жүсіп атамыздың арнайы дерек айтқан тарихты таптадық. Мәшекең айтады: «Бұл

Жаңгүтты Мұса-Секербай заманында ауызға ілініп, көзге түскен қазақ жақсыларының қасқа маңдайы болған».

Жаңгүтты әрі би, шешен сол кезде Ұлы жүз еліне бірнеше рет барған, бір жолы әулиелерге зиярат етемін деп, Алатау, Қаратауға барған. Бір жолы Үйсін Төле бидің басында отырып билік айтқан төбесін көремін деп барғанда сол елдің ең атақты адамы Санақұлы Иманберлі датқа деген кісі «Орта жүздің жақсысы кім? – деп Жаңгүттыдан сұраған екен. Сонда Жәкең: «Тобықты Құнанбай тың басынан шыққан қайнар бұлақ, Қыпшақ Ыбырай қажымас қара болат, Мұса Қабыршығы қолға тұрмас жылмағай қара балық, Шыңғыс төре мұсылманға суық, орысқа жуық», дегті және Құнанбай, Ыбырай, Мұса осы үшеуі қазақтың маңдайына қалай сыйып жүргеніне айран-асырмын» - деп керемет баға береді, өзі туралы бір ауыз сөз айтпаған. Жақсы Жаңгүтты жаңа келе жатқан Заманды болжай білген, Қарнақта туып, Қаратауда мұсылман оқуын, дін оқуын терең оқыған досы Шортанбай екеуі мешіт-медреселер ашқан еңбектері бір төбе.

Жаңгүтты туралы біздің заманның адамына айту оңай болмас.

Ұлы ақын, философ Шортанбай Қанайұлының өлер алдында айтқан көп өлеңінің бір шумағын келтірсек, біздің Жаңгүтты туралы көп айтқанымыздан оқушыға әрі түсінікті, әрі құнды болар дейміз.

«Жаралған Жәкем елің асыл зат қып,
Өзгеден бір кісідей ақылы артық.
Алладан ажал жақын келді білем,
Кетейін енді сізге арызласып!»

Жаңгүтты шешенің алла тілегін қабыл қылған, қажылыққа екі рет сапар шегіп, екінші жолы тағдыры нәсіп болып Мекке-Мәдинада қалған. Тағы бір жеріне жете айтқан бір сөзі бар: «Мекке-Мәдинада көрмеген адам, анадан тумадым, бұл өмірге келмедім» - десе болар деген. Жаңгүтты

сияқты адамдарымызға әлі толық ардақталған жоқ, бұл ұрпақтың алдында тұра берер бір міндет. Енді біз Жаңгүтты баба туралы сөзімізді елдің көбісі білетіні шығар, солай да болса Жаңгүтты мен Абайдың кездесу сәтін баяндап тоқтайық.

Жаңгүтты Құнанбай ауылына барып, сол үйде отырғанда жас Абай келіп сәлем береді, әрине Жәкең Абайдың айтулы болып келе жатқанын естіген, сонда баланы сынай Жәкең сұрақ қойыпты:-Шырағым, дүние неге сүйенеді?- деп сұраса Абай:- Үмітке сүйенеді,-деп жауап беріпті.

- Көздің көрмесі бола ма?
- Көз қабағын көрмейді.
- Шам жарығының түспесі бола ма?
- Шам жарығы түбіне түспейді.
- Болат пышақ нені кеспейді?
- Өз сабын өзі кеспейді.
- Тамағына тартпайтын мақлұқат бола ма?
- Тамағына тартпайтын мақлұқат болмайды.

Абай шырағым, екеуміздің осы әңгімеміз қосыраққа шыққан сияқты, әттең өлеңге айналдырса қалай болар еді, деп сынай қарапты.

Сонда Абай:

Сөз сұңқар самғап ұшқан қиялдағы,
Тасыған мен балапан ұядағы.
Өрнекті өлең сөзбен жауап берсем,
Дүниенің жалғыз үміт тиянағы.
Көз көруі жетпейді қабағына
Шам жарығы түспейді табанына.
Өз сабын өзі кеспес болат пышақ.
Мақлұқат тартпай қоймас тамағына-

өлеңге айналдырып айтып берсе, Жаңгүтты қатты риза болыпты.

Ет желініп, қымыз ішілгеннен кейін Абай:

- Аға сізге сұрақ қойсам деп едім... деп күмілжіпті.-Е, қарағым сұра, сұра-депті Жаңгүтты.

Сонда Абай:

Арзан не, қымбат не, дауасыз не?-деп сұрапты.

- Шырағым, айтайын, арзан-өтірік, қымбат-шындық, дауасыз-кәрілік емес пе депті де, ал қане, шырағым қолыңды жай батамды берейін депті. «Жанарың отты екен -ақылдылығың шығар, маңдайың жазық екен-ойлылығың шығар, халқыңның елеулі азаматы бол!-деп батасын беріпті. Бұл Жаңгүттының алғашқы қажыға барып келген сапарынан кейін болған уақиға екен.

Жаңгүттының батасы қабыл болды, Абай бүтін халықтың данышпаны болып, бүгінгі ұрпақпен бірге келе жатыр, қазақ халқының ақылды ұлдары таңертең шығып келе жатқан күнге қабағын көлегейлемей тіке қарайды, өйтетін жөні бар, адамзат тарихының сан сын сағаттарында жаудан қорқып қашқан жоқ. Дұрыс жүрсе де, adacca да өз әулетінен ажыраған емес, сондықтан да адамзат баласының алдында қазақ халқы ұялатын жағдай болған емес. Тек басқаларға жасаған жақсылығы алдынан шыққа болғаны!

Абылайдай, Қадлауысты Қазыбектей, Қабанбайдай, Богенбайдай, Сеңкібай, Жидебай, Қарамеңде, Жарылған сияқты батырларын ардақтайтын ұрпақ, ертеңгі күнге бұрын үмітпен қараушы еді, енді сеніммен қарайды. Өйткені олар тәуелсіз өркендеп, өсіп келе жатқан буырқанған ұлттан туған ұл мен қыздар!

## МАЗМҰНЫ

Тәуелсіздік аясында ........................................................3
Көш келдің, жаңа Заман – тәуелсіздік хабаршысы ...............13
Ескі болмай жаңа жоқ .....................................................31
Жаңа заманның адамдары.
Халел Мұқатайұлы Мақсұтов ..........................................35
Досыңа – достық қарыз іс ..............................................57
Толстой, Шәкәрім және Ислам ........................................73
Түрік туыстарымыз жайлы ............................................77
Той туралы ой .............................................................82
Тағы Толстой ..............................................................86
Ең данышпан кітап жөнінде ..........................................94
Жақсы туралы тағы бір сөз ..........................................107
Ауыл суреттері ...........................................................112
Тағы да түрік бауырларымыз туралы ............................115
Жақсыдан шарапат немесе түрік дүниесінің ғұлама ғалымы Ақжан Жақсыбекұлы Машанов ақсақалмен кездесулеріміз жайлы ...............................................129
Басқа да игі жақсыларымыз туралы ..............................146
Қарқаралы... Қазыбек одан кейінгілер ..........................151
Арқаның ең биік шоқысы – Қызыларай .........................169

Екінші кітап
Абылай заманы ...........................................................177
I - желі. Көш ..............................................................179
II - желі ....................................................................186
III - желі ...................................................................196
IV - желі ...................................................................198
V- желі .....................................................................205
VI- желі ....................................................................211
VII - желі ..................................................................217

VIII- желі....................................................221
IX – желі....................................................229
X – желі....................................................246
XI – желі....................................................255
XII – желі....................................................272
XIII – желі....................................................300
XIV – желі....................................................322
XV – желі....................................................327
XVI – желі....................................................353
XVII – желі....................................................363
XVIII-желі....................................................380
XIX- желі....................................................386
XX –желі....................................................397
XXI – желі....................................................422
XXII желі....................................................437
Соңғы тарау немесе кітап соңы ....................................451

**МҰХАМЕДҚАЛИ БАЙМҰХАНОВ**

# АДАМДЫ ӨЗ АТЫМЕН АТАЙТЫН ХАЛЫҚ

**Сыр- эсер, ой- толғам, ғибрат**

**Суретті түсірген Александр Кирьянов**

11.10.2011 ж. басуға қол қойылды.
Формат 60x84/16. Шартты баспа табақ 27,44.
Гарнитура «Times New Roman».
Офсетті қағаз. Офсетті басылым.
Таралымы 1000 дана. № 1205 тапсырылыс.
«Қарағанды полиграфиясы» АҚ басылды.
Қарағанды қаласы, Ермеков көшесі, 33. 2011 ж.



Қазақстанның
Құрметті журналисі,
Халықаралық Жазушылар
Одағының мүшесі,
«Әскери құрылыстың үздігі»,
Қазақстан Журналистер
Конгресінің лауреаты,
2003 жылы Сауд Арабиясы
Королінің арнайы
шақыруымен қажыға барған.
Араб графикасы бойынша
ориенталист.

Өзім туралы қысқаша.

1944 жылы Сарыарқаның биік шоқысы Қызыларай бөктерінде Әлихан Бөкейханов, Әлімхан Ермеков сынды қазақ елін жеке мемлекет етіп құрмақ болып, ол кезде бұл ойларын жүзеге асыра алмаған қайраткерлер ауылында тудым. Осы Қызыларайда бөлек дарын, биік әнші, өзін Абай шәкірті санаған, артына өлмес мұра қалдырған Әсет Найманбайұлы да дүниеге келіп, 1921 жылы Қытайда өлген. Одан бергісін айтсақ көптеген журналист, шығармашы ғалымдар шыққан құтты топырақ. Жасымнан арғы, бергі қазақ, әрісі Еуропа классиктерін тінтіп оқыдым. Бертінде түркология, арабистикаға ден қойдым. Өмірім драматизге толы болды. Жас кезімнен өлең жаза бастап едім, кезінде жағдай қиын болып, өлең, шығарма арқалап Алматыға бармағаным рас. Халқымыздың тілі, әні, күйі, әдебиеті, тарихы-менің өмірім арқауым, оның жақсылығын жарқырата көрсеткім келетіні және рас. Мынау дүние сол жолдағы алғашқы талаптың бірі.

Бұл кітап ешбір дерек, бұлақтарға тәуелді болмай еркін жазылған. Негізгі айтпақ ойы, матін салмағы Қазақ елінің шын мәнінде тәуелсіздікке ие болғанына қуаныш ағыл-тегіл сезім ретінде еркін баяндалған. Саналкердің ең басты қасиеті өз халқын шексіз болмысымен сүюі осы кітаптың арқауы болған. «Тілге жеңіл, жүрекке жылы» дегендей. Оқушыларымыз оқығанына өкінбейтін болар деймiз.